| | | ***Қ.Р. Әнұраны*** <br><br> ***«Алтын асық» тілек айту.*** <br> *Балалар қолдарындағы сақаны бір-біріне бере отырып жақсы тілектер айтады.* <br> ***Санамақ.*** <br> *Бір дегенім - бесік,* <br> *Шықтық содан өсіп.* <br> *Екі деген - елім,* <br> *Дала, туым, көлім.* <br> *Үш дегенім - үміт,* <br> *Үміт артар жігіт,* <br> *Төрт дегенім - төзім,* <br> *Төзе білем - өзім,* <br> *Бес дегенім - бақыт,* <br> *Бағалайтын уақыт.* | ***Күй күмбірі*** <br> ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру <br><br> **Үстел үсті ойыны.** <br> "Лото". <br> Мақсаты. <br> Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.Әрбір бала ортақ атаумен біріккен отбасы мүшелері киімдерінің *(ұлттық киімдер)* суреттерін жинайды.*Ойын барысында күйді таспадан тыңдату.* <br> **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **Фотосуреттерді қарастыру «Менің отбасым».** <br> Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу. <br> **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** <br><br> ***Қауіпсіздік сабағы*** <br> *«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»* <br> *Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.* | ***Күй күмбірі*** <br> ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** <br> балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру <br> **Дамытушы ойын: «Математикалық терминдер» (математика негіздері)** <br> Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. <br> «Сиқырлы қалта» дидактикалық ойыны <br> Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. <br> *(асықтарды санату)* |
| **Таңертенгі жаттығу** | Педагог балалардың назарын өзіне аударып: <br> - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы! <br> - «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. <br> 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; <br> 2 - бастапқы қалыпқа келу; <br> 3 - орамалмен айналып билеу; <br> 4 - бастапқы қалыпқа келу. <br> - «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. <br> 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;<br>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю;<br>2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.<br>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;<br>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;<br>2 - бастапқы қалыпқа келу;<br>3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;<br>4 - бастапқы қалыпқа келу<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап;<br>2 - жұптасып айналу;<br>3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>*(дене тәрбиесі)* | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы асқа дайындық<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Суды үнемдеуді үйрету* Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Арпа, бидай ас екен,<br>Алтын, күміс тас екен.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, көркем сөз)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | *Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | "Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою.<br>Суреттерді сипаттау.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыс"<br>**Міндеттері:** 1. Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру. | **Математика негіздері**<br>Қағаз бетінде бағдарлау<br>**Міндеттері:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, | **Математика негіздері**<br>Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау<br>**Міндеттері:** балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыс пен сөз"<br>**Міндеттері:** 1. Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2. Көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету.<br>3.Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>"Кеңістікті бағдарлау"<br>**Міндеттері:** сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету; қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа, сол бағытта. Берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**<br>«Жемістер»<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* заттарға қарап жемістер, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түрлі пішіндерді жасағанда есу, жалпайту, дөңгелектеу тісілдерін игерту; жемістердің пайдасын түсіндіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды макарондарды алма және алмұрт қимаүлгілерінің үстіне жапсыруға үйрету; құрастырудың | төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".<br>Балаларды амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; *үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдана білуге дағдыландыру;* ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажырата білуге бейімдеу; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа, достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Оқу - білім азығы"<br>Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Білім-бұлағың**<br>**Міндеттері:**<br>Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. | кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау, сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын белгілеу. Берілген бағытта қозғалу қабілетін қалыптастыру, оны дабыл бойынша өзгерту. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Балабақша ауласында<br>**Міндеттері**:<br>Балабақша ауласымен таныстыру. Сұраққа толық жауап беруге баулу.<br>Балабақшаға қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**«Не істегенімді тап» ойын-жаттығуы**<br>Педагог балаларға ым-ишарамен, қимылмен іс-әрекетті көрсетеді, ал балалар оның не екенін табады. 1. Гүлге су құйып жатқанын келтіреді. 2. Футбол ойнап жүгіргенді. 3. Секіріп баскетбол ойнағанды. 4. Ағаштарды түптеп жатқанын. Ойынды балалар жалғастырып, теннис, хоккей, шаңғы тепкенді қимылмен, ишарамен келтіреді. Педагог слайд немесе көркем суреттер ілу арқылы балабақша ауласын көрсетеді. Балалар суретке тақырып қойып, әңгіме құрайды.<br>1. Балабақша ауласынан не көріп тұрсың?<br>2. Спорт алаңы қай жерде орналасқан?<br>3. Спорт алаңында кімдер жүр?<br>4. Аулада нелер өсіп тұр? | ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.<br>2.Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.<br>І.Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Ағаш бұталары"<br>Балалар қалаулары бойынша іс- әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* балаларды елестету және заттарға қарап сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>Сурет салу кезінде қарындашты, қатты қыспай, дұрыс ұстауды, суреттерді қарындашпен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу; -ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; жұмысты ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түрлерімен, әртүрлі өнімдермен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіре отырып, макарон туралы білімдерін кеңейту; қағазды бұру арқылы шеңбер және сопақша пішіндерін қиып алу іскерліктерін дамыту;<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>"Допты тез лақтырамыз"<br>**Міндеттері:**<br>а) Допты алға, жоғары лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Заттарды аттап жүрген кезде дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдікті сақтап жүруді үйретуді жалғастыру.<br>ә) Жүгіру барысында қол мен аяқты үйлестіріп бір тізбекпен жүгіру және жүруге жаттықтыру. Бір орындарында бұрылып секіре білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, екі аяқтарымен серпіліп секіре білу дағдыларын дамыту.<br>б) Кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту. Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту және ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>**Балабақшадағы алғашқы күн**<br>**Б, п** дыбыстары туралы түсінік беру.Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>*Б, п дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:*<br>Б, п дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің шұғыл ашылуынан сыртқа шығу арқылы | Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін ұйымдастыру.<br>– Балалар, шеңберге тұрғанда бір-бірімізді көріп, қуанышқа бөленеміз. Сондықтан бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй мен жылулық сыйлайық.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық, достарым,<br>Арайлап атқан Күнге.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Бүгін қандай мереке? Тақтаға Білім күніне арналған суреттер ілінеді. Білім, оқу, оқушы, мектеп туралы әңгіме жүргізіледі.<br>– Балалар, өнер де, білім де тек оқудың арқасында болады. Келешекте мектепке барғанда оқу арқылы өнердің, білімнің қыр-сырымен танысасыңдар.<br>– Балалар, бүгін – ерекше күн. Білім күні (слайдтан Білім күніне арналған сурет көрсетіледі). Балалар мектепке, балабақшаға барады.<br>Балабақша – біздің екінші үйіміз. Сендер ақылды, тәрбиелі, ұқыпты, өнерлі, жақсы азамат болып өсулерің үшін балабақшада, мектепте көп нәрсе үйреніп, оқып, білім аласыңдар. Көптеген дос табасыңдар. Балабақша қызметкерлері сендерді өз баласындай мәпелеп, тәрбиелейді, көп нәрсеге үйретеді. – Бүгін біз ақын **Ақылбек Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың» атты өлеңімен танысамыз**.<br>Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді | 5. Ауладағы өсімдіктерді кім күтеді?<br>6. Аула тазалығына кім қарайды?<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Қай суреттегі заттар өз балабақшаңның ауласында бар? Белгіле. Педагог балалардан өз ауласында нелер бар екенін әңгімелеп беруді сұрайды. 14 2. Балабақша ауласында достарыңмен қандай қозғалыс ойындарын ойнайсыңдар? Балалар өздері ойнайтын ойын түрлері, ойын кезіндегі өзара сыйластық туралы әңгімелейді. Сосын оқу құралында берілген суретке қарап, балалардың қандай ойын түрін ойнап жатқанын айтады. Ол ойынның шартын естеріне түсіреді. Педагог балаларды мадақтайды, қорытынды жасайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Паровоз алдыға басып барады"<br>**Міндеттері:**<br>а) Орташа шапшаңдықпен жүгіруге және жүгіру барысында бірқалыпты тыныс алуға үйрету.<br>ә) Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. 2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру.<br>б) Бір бағытта лақтыра білу, лақтыру кезінде қолдарын ширақ түзете алу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Ептілік, шыдамдылық, төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. Мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | *бойынша*шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемдері әртүрлі жемістерді мүсіндеуге үйрету; қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру. Бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша*<br>балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.<br>*Екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию дағдыларын қалыптастыруҚұрастыру бойынша* бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Балаларға ағаш кескіні бойынша қағаздан үйді құрастыруды үйрету; үзік сызықтың бойымен қағазды бүктеп, жазық қағазды көлемді денеге өзгерте білу іскерліктерін дамыту;<br>**Музыка**<br>"Сағындым, әже, сағындым"<br>Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасалады. Педагог балаларға б, п дыбысынан басталатын сөздер айтқызады. Б дыбысы буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді: Ба-ба-ба – бала Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік Табыл – дабыл Бақа – бақбақ Педагог п дыбысы буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта Жа-па-лақ – жал-пақ Па-рақ – жа-пы-рақ Балалар буындар мен сөздерді дұрыс қайталайды. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау Педагог балаларға «б», «п» дыбыстары сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздер ойлауға тапсырма береді. Бала, бақа, бақбақ, клуб, штаб, жабдық, піл, пышақ, апта, доп, балабақша, бақа, қап, тап, аппақ, тақпақ, жабу, кебу, тебу, кептер, мектеп, кәсіп Б мен п – дауыссыз дыбыстар.<br>Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу.<br>***«Біздің балабақша қызмекерлері» тақырыбында****әңгімелесу, мнемокес телерге сүйеніп, әңгімені құрастыруды үйрету, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, логикасын, еске сақтау қабілеттерін дамыту;*<br>*Балабақша қызметкерлеріне қалай көмектесуге болда?*<br>*Біз көмектесе аламыз ба?*<br>*т.т сұрақтарды қоя отырыпбалаларды еңбексүйгіштікке, еңбектенуге, маман иелеріне құрметпен қарауға үйрету*<br>***Еңбек туралы мақал-мәтелдер айту, түсіндіру****.* | Сөздік жұмысы: қанатым талмайды – ерінбей білім алу қиялым самғайды – армандау<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Біл-біл-біл – білімді бол.<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады? Өлеңнің авторы кім?<br>– Өлең не туралы? Саған ұнады ма?<br>– Бүгін қандай мереке? Мерекеде кімді құттықтайсың? Білімді деп көп оқитын, көп ізденетін адамды айтады. «Білімің – бұлағың» өлеңінде білім туралы айтылған. Білімнің бастауын бізге ұстаз, тәрбиеші үйретеді. Ақын да, ғалым да – бәрі балабақшадан, мектептен білім алады. Сендер де балабақшадан көп нәрсені көріп, үйренесіңдер. Балалардың, яғни оқушылардың мектепке баратын күні – бірінші қыргүйек «Білім күні» деп аталады. Бұл күн бәрімізге мереке.<br>**Дидактикалық ойын: «Алтын сандық»**<br>(баланың зейінін дамыту).<br>Шарты: алтын сандықтың ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды атайды, ажыратып, бөлек жинайды.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретке қарап, өз ойыңды айт. Балаларды кім қарсы алып тұр? Балалардың көңіл күйі қандай?<br>2. Суреттегі заттардың жалпы және жеке атауын ата.<br>3. Сөмкеге не салу керек? Белгіле. | **Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері**<br>а) Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу.<br>ә) Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, *адамдардың еңбегі туралы білім беру*. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.<br>б) Топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу | туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық-ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіруді пысықтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>Бәрі де бар бақшада<br>**Міндеттері:**<br>Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру.<br>Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат.<br>Берекелі бүгіндей,<br>Бейбіт болсын болашақ.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Күз кезінде далада қандай өзгерістер болады?<br>– Бүгінгі ауа райы қандай? Ашық па? Бұлтты ма?<br>Педагог балабақша туралы суреттер бойынша әңгіме құрайды.<br>– Бүгін сүйікті балабақшамыз туралы әңгімелейміз.<br>Балабақша – әдемі атау.<br>Бақшада жас жеміс ағаштары өссе, балабақшада Отанымыздың жас ұландары, сендер өсіп, мейірімді, тату болуға, жақсылыққа, әдептілікке үйренесіңдер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 4. Мақалды жаттап ал.<br>Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады.<br>Педагогпен бірге мақалдың мазмұнын талдау арқылы білімді адамның мықты болатынын, ақылды болу үшін көп оқу, үйрену керектігін түсінеді.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау<br>*Ұстаздардың бала берген білімі, олардың еңбегі жайлы айту. Барлық адамдар – ақын, ғалым, ғарышкер, дәрігер, ұшқыштар балабақша мен мектептен білім алатыны туралы балаларға айтып беру.* | | – Біз бүгін **ақын Өтепберген Ақыпбековтың «Бәрі де бар бақшада» өлеңімен** танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, түсіндіреді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Өлең балабақша туралы. Балабақшаға тек қана балалар келетіндіктен, оны балабақша деп айтамыз. Балабақшада педагогтер, тәрбиешілер, дәрігер, музыка жетекшісі, аспаз жұмыс жасайды. Сендер балабақшада көп нәрсені үйренесіңдер. Үлкендердің көмегімен ән салып, би билеп, сурет саласыңдар. Табиғаттың сан алуан сырларымен танысасыңдар.<br>Сөздік жұмысы: мазалайды – ойлай беру кілең – тек қана, ылғи<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Бәрі де бар бақшада» өлеңін қайталап оқиды.<br>Балалар педагогтің жетелеуімен өлең мазмұнын айтады. 3-4 балаға өлеңнің мазмұнын мәнерлеп қайталап айтуды ұсынады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттен не көріп отырсың? Балалар не істеп отыр? Балабақшадағы бөлмелерді ата.<br>2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Белгіле.<br>3. Балабақшаға баратын жолды үзік сызықпен қос.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>**«Менің балабақшам» ойыны** (баланың қиялын, ойлауын дамыту).<br>Шарты: «Лото» үстел үсті ойыны арқылы педагогтің көмегімен құрастырғыштан балабақшаның бейнесін құрастырады. Есіңде сақта: Балабақша – базарлы үй.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.<br>*(өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру)* | | | | |
| **Серуен** | | **Күзгі орманды бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдысы қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажырата білуге үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.*<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты.<br>Жапырақтарды ажырата білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.** | **Ауа райын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдысы қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбе***к.**<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс жасауды үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**"Қияр, қияр".**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты.<br>Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, | **Торғайларды бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдысы қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: қызылшаны жинау***.**<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>**“Құстар мен мысық”, “Қарғалар” (мөлшері 2-3рет).**<br>**(дене тәрбиесі)** | **Қайың ағашын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдысы қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>*Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:*<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>**көгөністерді жинау.**<br>Мақсаты. Ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(дене тәрбиесі)**<br>"Секірейік".<br>Мақсаты.<br>Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты.<br>Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан, діңдерден секіруге машықтандыру. | лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | Мақсаты.<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**Мақсаты.Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | **ойындары.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>"Қояндар мен қасқыр".<br>Мақсаты.<br>Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*Өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру* | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, дене тәрбиесі, көркем сөз)* | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | ***Ақшамен таныстыру***<br>***(сыртқы түрі мен пайдаланылуы)***<br>*Мақсаты:*<br>• *<u>Ақшаның сыртқы түрімен таныстыру (қағаз және тиын түрлері).</u>*<br>• *Ақшаның «сатып алу үшін» қолданылатынын түсіндіру.*<br>• *Ең қарапайым санауға үйрету (1–5 шегінде).*<br>• *Дүкендегі қарапайым әдептілік сөздерін қолдануға баулу («сатып* | ***«Достық көмек»***<br>*Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.*<br>*Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.*<br>*Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін).* | **Вариативтік компонент – Жас зерттеуші**<br>**Үй жануарларының төлдері (күшік)**<br><br>***Ақшамен таныстыруды жалғастыру***<br>***(сыртқы түрі мен пайдаланылуы)***<br>*Мақсаты:*<br>• *<u>Ақшаның сыртқы түрімен таныстыру (қағаз және тиын</u>* | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br>**Дамытушы жаттығу.**<br>**"Тыныс алуды реттеу".**<br>Мақсаты. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуда жаттықтыру; балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *алайыншы», «рахмет»).*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Жол белгілері*<br>*а) Жол белгілері мен жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру.*<br>*ә) Жол белгілерін топтастырып, сақтандыру, көрсеткіш, тыйым салу белгілерін ажырата білуді үйрету.*<br>*б) Көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу; ұқыпты, мәдениетті болып өсуге баулу.*<br>**«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.<br>Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.<br>Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Таркатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Үй құрылысы".<br>Мақсаты. Балалардың ұй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, *жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу*.<br>Құралдар. | *Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.*<br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Сабақ: «Су – тіршілік көзі»*<br>*Мақсаты: судың маңызын түсіндіру, оны үнемдеуді үйрету.*<br>*Әдістері: тәжірибе, сурет көрсету, ойын.*<br>*Барысы: • Балаларға су қайда қолданылады (ішеміз, жуыну, өсімдіктерді суару).*<br>*• Егер суды ысырап етсек не болады? (суреттер, әңгіме).*<br>*• «Кранды жауып қой!» ойыны (тәрбиеші кран суретін көрсетіп, балалар «жабамыз» деп қимыл жасайды).*<br><br>**Шығармашылық жұмыс**<br>«Жемістер» тақырыбында балалар қалаулары бойынша ***(жапсыру, сурет салу, мүсіндеу)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* заттарға қарап жемістер, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түрлі пішіндерді жасағанда есу, жалпайту, дөңгелектеу тісілдерін игерту; жемістердің пайдасын түсіндіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* | *түрлері).*<br>*• Ақшаның «сатып алу үшін» қолданылатынын түсіндіру.*<br>*• Ең қарапайым санауға үйрету (1–5 шегінде).*<br>*• Дүкендегі қарапайым әдептілік сөздерін қолдануға баулу («сатып алайыншы», «рахмет»).*<br><br>**Әжемнің алашасы**<br>Міндеттері: балаларды асықтарды рет-ретімен «бүк» жағымен бірыңғай етіп тізіп қоюға дағдыландыру; қолдарының ұсақ моторикасын дамыту; қазақтың салт-дәстүріне, қолөнеріне деген қызығушылықтарын арттыру және еңбексүйгіштікке баулу.<br>*(ұлттық құндылық)*<br>**«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.<br>Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.<br>Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)**<br>***«Асықпен кел, ойнайық!»*** | тыныс алу жүрйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Педагог алғаншында жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>"Үйшік" ертегісі.<br>Мақсаты. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға алдын-ала "Үйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).<br>Шарты.<br>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.<br>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.<br>Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қию дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды макарондарды алма және алмұрт қимаүлгілерінің үстіне жапсыруға үйрету; құрастырудың түрлерімен, әртүрлі өнімдермен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіре отырып, макарон туралы білімдерін кеңейту; қағазды бұру арқылы шеңбер және сопақша пішіндерін қиып алу іскерліктерін дамыту;<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын.**<br>"Дәріхана".<br>Мақсаты. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, *жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу*.<br>Құралдар.<br>Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.<br>Балалар өзара дәріханашы мен профизор рөлдеріне қатысуды білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне | *Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу* | соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады.<br>Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.<br>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы талдау жасатады.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды тұтынушылар дәріханаға келіп, бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.** **(қазақ тілі)** Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру, сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту. | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсаты. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.** **(қазақ тілі)** Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым -а там, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде-бесеуміз. | ***«Асықпен кел, ойнайық!»*** *Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу* |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. *өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру* | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар, ауа райын бақылаулар. *(эколгиялық мәдениет дағдысы, еңбек әрекеті, ойын)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. *өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу .«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | | | | |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **08.09-12.09.2025** | | | | |
| | «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Жанұя қорғаным, ата-ана тірегім»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.<br>Балабақшада және үйде балаларды сауықтыру, шынықтыру әдістеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру жайлы әңгімелесу<br>Балалардың мінез-құлқы туралы әңгімелесу<br>*Өнегелі 15минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсаты. Балаларға өсімдіктердің коректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі* | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.* | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсаты. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br>***( еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".***<br>*(кітаптарды қалпына келтіру)*<br>*Мақсаты. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті* | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсаты. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(эколгиялық мәдениет дағдысы, еңбек іс-әрекеті)*** | *Суды үнемді тұтыну керектігін айту*<br>***(эколгиялық мәдениет дағдысы, еңбек іс-әрекеті)*** | | *сақтауға тәрбиелеу.*<br>***( еңбек іс-әрекеті)*** | *дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | Қ.Р. Әнұраны<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢТЕЛЕФОННӨМІРІ»*<br>*Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.*<br>https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index<br><br>**Тіл дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"«Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі"<br>Мақсаты: балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және *судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына өте қажет екендігін түсіндіру*.<br>.Суреттер бойынша өздік әңгіме құрастыру.<br>*Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:*<br>*- қажетсіз суды босқа ағызбау;*<br>*- кранды үнеме жауып жүру*<br>*(Эколгиялық мәдениет дағдысы)* | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*«Электр қуаты – шексіз емес»*<br>*Мақсаты: жарықты, электрді үнемді пайдалануға баулу. Әдістері: мультфильмнен үзінді, дидактикалық ойын.*<br>*Барысы: • Балаларға шамды, теледидарды, компьютерді пайдаланудың ережелерін түсіндіру.*<br>*• «Жарық сөнді!» ойыны (тәрбиеші «күндіз» десе – жарықты өшіру қимылын, «түн» десе – шамды жағу қимылын жасайды).*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**«Қайда қандай бұйым бар?»**<br>Педагог Ұлттық бұйымдарды *торсық, домбыра, қамшы, киіз үйді, коржынды* т.б ұлттық бұйымдарды еденге киялдағы шаршы алаңының бұрыштары мен бүйірлеріне және оның ортасына орналастырып қояды. Жетекші бала қолына шаршы ішінен кез келген затты алады және басқаларға өзінің артында, алдында, оң жағында және сол жағында қандай бұйым немесе заттардың орналасқанын атауға ұсыныс жасайды..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-** | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Ойын:***<br>***«Мен еңбекқор баламын».***<br>*Шарты: балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып,допты басқа балаға лақтырады.*<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі."<br>Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланыстырып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Ол қандай?".<br><br>**"Менің балаларым қайда?" музыкалық-дидактикалық ойын**<br>**(музыка)**<br>Ойын шарты: Музыка жетекшісі балаларға карточкада тауық, үйрек, | ***Ертегі: «Ақшаның сыры»***<br>*Баяғыда бір кішкентай ауылда Алтын тиын өмір сүріпті. Ол кішкентай болса да, бәріне көмектескісі келетін. Бір күні Балжан дүкенге барып:*<br>*– «Маған алма беріңізші!» – дейді.*<br>*Сатушы күлімсіреп:*<br>*– «Алманың құны – бір теңге» – дейді. Сонда Алтын тиын Балжанның қалтасынан секіріп шығып:*<br>*– «Міне, мен көмектесемін! Мені берсең, саған алманы береді» – депті. Балжан ақшаны береді, ал сатушы оған әдемі қызыл алма ұсынады. Балжан қуанып:*<br>*– «Рахмет саған, Ақша! Сен болмасаң, мен алма ала алмайтын едім» – дейді.*<br>*Алтын тиын күлін:*<br>*– «Менің міндетім – адамдарға керек заттарын сатып алуға көмектесу» – депті. Содан бері балалар біліпті: Ақша – зат сатып алу үшін қажет.*<br>**(көркем әдебиет)**<br><br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢТЕЛЕФОННӨМІРІ»*<br>*Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон* | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*«Электр қуаты – шексіз емес»*<br>*Мақсаты: жарықты, электрді үнемді пайдалануға баулу. Әдістері: мультфильмнен үзінді, дидактикалық ойын.*<br>*Барысы: • Балаларға шамды, теледидарды, компьютерді пайдаланудың ережелерін түсіндіру.*<br>*• «Жарық сөнді!» ойыны (тәрбиеші «күндіз» десе – жарықты өшіру қимылын, «түн» десе – шамды жағу қимылын жасайды).*<br><br>**Үстел үсті ойыны.**<br>"Лото".<br>"Үй жануарлары".<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br>Карточкаларды түсіне қарай іріктеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Күнтізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жаттығу.**<br>"Ауа райын болжаймыз"<br>Мақсаты: балаларға табиғаттағы ауа-райы жағдайын (қар, жаңбыр, тұман, бұршақ) бақылауды үйрету, олардың нәтижелерін түсіндіру; табиғаттағы ауа-райына қатысты халық болжамдарымен таныстыру.<br>Логикалық жаттығу "Жыл мезгілдерін ретімен салып шық". | күрке тауық, ит, мысық енелерін көрсетеді,<br>ал балалардың қолдарында кіші карточка (балалары)<br>музыка жетекшісі әндетіп балалардан сұрайды, балалар әуенді танып не туралы айтылғанын ұғып, керек карточканы көрсетеді. | *нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.*<br>*https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index* | тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)"<br>Мақсаты: балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнтізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жатыттықтыру.<br>Жаттау жаттығуы: "Қазақ халқының тәулік бөліктері". |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - басты оң жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - 4 - басты сол жаққа айналдыру, бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 2 - денені оң жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу<br>3 - 4 - сол жаққа бұру, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - оң аяққа еңкею.<br>2 - ортаға еңкею.<br>3 - сол аяққа еңкею.<br>4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>Бастапқы қалып: дене тік, аяқтың арасы сәл алшақ, қол белде.<br>1 - 4 - оң аяқпен секіру.<br>1 - 4 - сол аяқпен секіру.<br>1 - 4 - екі аяқпен секіру.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы асқа дайындық<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Суды үнемдеуді үйрету*<br>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу.<br>Астан соң беті-қолды жуу.<br>Екі қол.<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашып, қуанады)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұрып, екі алақанды, үйкейміз солға бұрып үйкейміз) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | М. Жаманбалиев<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.<br>**(экологиялық мәдени дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | Табиғат әлемі тақырыбында әңгімелесу.<br>**(экологиялық мәдени дағды қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу)** | ***«Достық көмек»***<br>*Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.*<br>*Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.*<br>*Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін).*<br>*Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады.*<br>*Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.*<br>*(адалдық әліппесі)* | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>**(экологиялық мәдени дағды қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі,танымдық іс-әрекеті)** | "Жәндікті ата" үстел үсті ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *Еңбек туралы мақал-мәтелдер айту*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттау.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *Күзгі еңбек суретіне қарап әңгімелесу.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **Ойын: Сөйлемді аяқта**<br>Күзде жапырақ сары, ал жазда...<br>Күзде адамдар көкөністерді жинайды, ал көктемде..<br>Күзде ағаштардан жапырақ түседі, ал көктемде...т.б сұрақтар<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыстар "<br>**Міндеттері:** 1. Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.<br>2. Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем).<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ; педагогтің үлгісі бойынша суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету; мақал-мәтелдерді айтуды үйрету.Буын, сөз, сөйлем туралы түсініктер қалыптастыр | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыстар<br>"**Міндеттері:** 1. Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.<br>2. Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту.<br>3.Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>1 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту; заттарды жіктеу, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын | **Математика негіздері**<br>2 саны және цифры "Тәулік бөліктерін қайталау"**Міндеттері:** 2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айтуға, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу, заттарды жіктеуге үйрету. 1 саны мен цифры туралы білімін бекіту. Танымдық әрекетке қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері".<br>Балалардың ұғымындағы күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту. Күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; [ү] дыбысының дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілері, | **Математика негіздері**<br>3 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>**(**балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру;<br>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбытар"**Міндеттері:** 1. Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.<br>2. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>3. Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Ана тілім"<br>Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Күзгі жапырақтар"<br>*Сурет салу бойынша* серуен кезіндегі бақылаудан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз күшті және ержүрекпіз<br>**Міндеттері:**<br>а) Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгертіп жүру дағдыларын жетілдіру. Заттар арасымен допты домалатып жүру барысында допты саусақ ұшымен жеңіл итеріп жүруге үйрету.<br>ә) Бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағдыларын қалыптастыру. Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдіктерін сақтап, орындық үстімен жүруді бекіту. Бұлшық ет корсеті мен омыртқаның иілімділігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау; стретчинг – омыртқаның қисаюының алдын алу.<br>б) Салауатты өмір салтын сақтауға баулу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>*Ауылдағы адам еңбегі*<br>*а)Ауыладамдардыңеңбегімен таныстыру,ауылдағыеңбек туралы жалпы білімдерін бекіту.*<br>*ә)Еңбектуралыжалпытүсініктерінбекітуарқылыбалалардың сөздік қорын байыту.*<br>*б)Адамеңбегінқұрметтеугетәрбиелеу,еңбексүйгіштіккебаулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу.* | дамыту. Белсенділік пен дербестікке тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>"Күз бояуы"<br>**Міндеттері:**<br>Синоним сөздермен таныстыру. Сөйлеу тілін дамыту.<br>Мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>*Күз мезгілі, күзгі еңбек туралы әңгімелесу*<br>**Бүгін ақын Қастек Баянбаевтың «Күз бояуы»** өлеңімен танысамыз. Өлеңді педагог мәнерлеп оқып береді.<br>Күз бояуы<br>Самал қозғап қалғанда<br>Үзіледі сары алма.<br>Шолып едім бақшаны,<br>Қауын біткен сап-сары.<br>Көрінеді шалғайдан<br>Бел-белестер сарғайған.<br>Сары жапырақ төгілген<br>Тоғайды да көрдім мен.<br>Таза жездей жинаған<br>Сары бояу айналам.<br>(Қ. Баянбаев<br>**Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»**<br>Шарты: бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табуы керек. – Балалар, күз мезгіліндегі ерекшеліктерді жақсы біледі екенсіңдер. Ал сендер сабантой дегеннің не екенін білесіңдер ме? – Сабантой – жиын-терін біткеннен кейін диқандар тойлайтын мереке.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>• Күз мезгіліне байланысты суреттерді сары түспен белгіле. Педагог қорытынды | уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; уақыт пен күн тәртібіне сәйкес іс-әрекеттері бар суреттерді таңдауда белгілі бір оқиға туралы қарапайым сөйлемдер құру, өздігінен жұмыс істей алу дағдыларын дамыту.<br>**Музыка**<br>"Табиғат көрінісі"<br>Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.<br>жазуға дағдыландыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тату доспыз бәріміз<br>**Міндеттері**:<br>Достық туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Достарымен тату болуға тәрбиелеу.<br>– Балалар, бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қол ұстасып, бір-бірімізбен достықты қолдайтынымызды білдірейік. Дос болу, тату болу – адам бойындағы жақсы қасиет. Дос деп қиналғанда қол ұшын беретін, алыста жүрсе сағынатын, қуанышымен бөлісіп, әрдайым жаныңнан табылатын адамды айтамыз.<br>Достар мейірімді, тату болады. Достар әрқашан бірбіріне көмектеседі. Достар бір-бірін түсінеді, бірге ойнайды.<br>– **Бүгін ақын Фариза Оңғарсынованың достық, татулық туралы «Тату доспыз бәріміз» өлеңімен танысамыз.**<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды | мүсіндеу, жапсыру, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**<br>Керуен (таза ауада)<br>**Міндеттері:**<br>а) Азия халықтарының ойындарын пайдалана отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру.<br>ә) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, қолайсыз жағдайларда (айғай-шу) назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту.<br>б) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлтттар арасындағы достыққа | алған әсерлерін суретте бейнелеу.<br>- күзгі жапырақтардың пішінін салуды үйрету; -«граттаж» техникасы арқылы сурет мазмұнын беруді үйрету;<br>-балауыз қарындаштарымен, гуашь, қылқаламмен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру;<br>-зейінді, табандылықты, қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі жапырақтарды бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге дағдыландыру.Маусымдық өзгерістер туралы білімдерін пысықтау; бақылаған заттардың бейнесін, түр- түсін бере білу, қалыптарды қолдану, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу, олардың бетіне бедерлер жасау арқылы жапырақты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* елестету бойынша жырту тәсілімен жапырақтарды жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Артық желімді алып тастау үшін майлықты пайдалану, қағаз бетіне дайындамаларды орналастыру және жапсыру іскерліктерін дамыту.<br>Құрастыру бойыншақалдық материалмен жұмыс істеу кезінде өз іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, мақсатты түрде жұмыс істей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті қорытындылай келе педагог балаларды **шығармашылық орталықтарына шақырады.** Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Мен ойнағанды жақсы көремін<br>**Міндеттері:**<br>а) Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету, гимнастикалық орындық үстінде білегі мен тізесіне таянып еңбектеуді жетілдіру, орындық үстіндегі қимыл-қозғалыс жасай білу дағдыларын дамыту.<br>ә) Басына қапшық қойып, арқан үстімен бір бүйірімен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру, дене бітімін дұрыс ұстау дағдыларын қалыптастыру.<br>б) Кеңістікте бағдарлай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту, қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту. | (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– Өлеңде достар туралы айтылған. Достар үнемі бірге жүреді. Тату достар ойыншық, кітаптарын таласпай бөліседі. Ренжіспейді, тату-тәтті ойнайды.<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Сенің досың бар ма? Досыңмен татусың ба?<br>– Тату дос дегенді қалай түсінесің?<br>– Дос сөзіне сөйлем құра.<br>Сөздік жұмысы: әркез – әрқашан, үнемі<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Достық шеңбері»**<br>(баланың есте сақтау қабілетін дамыту).<br>Шарты: балалар шеңбер болып тұрады. Әуен басталғанда қол ұстасып, билейді.<br>Әуен тоқтағанда балалар: «Тату доспыз бәріміз», – деп қайталайды.<br>Педагог өлеңді екінші қайтара оқиды. Балалар бірге қайталап, өлеңді жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқиды, балалар аяқтайды. 4-5 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсыну.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша әңгімеле.<br>Суретте балалар не істеп жатыр? Балалардың қолында қандай ойыншықтар бар? Сен досыңмен қалай ойнайсың?<br>2. Мақалдың мазмұнын түсініп ал. Адал дос алтыннан да қымбат.<br>3. Достардың көңіл күйі қандай? | тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жанды және жансыз табиғат<br>а) Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды үйрету.<br>ә) Табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле білу. Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру. б) Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Меніңатам<br>**Міндеттері:**<br>Отбасы туралы білімін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Е. Өтетілеуұлының «Бес саусақ»** өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы,<br>Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы,<br>Ортан терек – әкем, отау панасы,<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары,<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. | білу, дербестік пен шығармашылықты көрсету; балаларға қалдық материалдарды (әртүрлі пішіндегі жапырақтарды салуға қораптарды) әртүрлі заттарды жасай білуге үйрету, дайын пішінді және ұсақ бөлшектер үшін әртүрлі материалдарды шебер қолдануды жалғастыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**Көркем әдебиет**<br>Кішкентай бағбан<br>**Міндеттері:**<br>Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**«Сиқырлы қоржын» ойыны**<br>Қоржында әртүрлі жемістер бар. – Балалар, қоржында не бар деп ойлайсыңдар? Балалар қоржыннан бір-бірлеп жемістерді алады да, атын атайды.<br>– Осының бәрін бір ауыз сөзбен қалай атаймыз?<br>– Жемістер қайда өседі?<br>– **Бүгін Мәдіхат Төрежановтың «Кішкентай бағбан» әңгімесімен танысамыз**. Әңгіменің ерекшелігі – оқиғаны қысқа әңгімелейді. Әңгімені мәнерлеп оқу (мазмұнын соңындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ән салу**<br>**Б. Бейсенованың «Ана тілім» әні**<br>**(әні, сөзі: Б. Бейсенованікі).**<br>**(музыка)** | Олар немен айналысып жатыр?<br>4. Досыңа не сыйлайсың? Балаға сызып қос.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды жасайды. | Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені атаның беделі әкеден де жоғары. Атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі.<br>– Қазақ отбасында ата мен әженің орны ерекше. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөзді ата айтады. Әкелеріңнің өзі аталарыңның айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселесін шешіп, ақыл-кеңес беріп отырады<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суреттегі отбасы мүшелерін ата. Өз отбасың туралы әңгімеле. • Сөздерді шапалақпен буынға бөліп көрсет. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың есіне салады. – Балалар, «Сәлем – сөздің анасы» деген сөз бар.<br>Қазір сендерге ақын Мүбарак **Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең** жолдарын оқып берейін.<br>Көрші атам<br>Күнде үйдің қасынан<br>Көрші атамды көремін,<br>Оған сәлем беремін.<br>Қолымды ол Күліп кеп,<br>Иіліп тұрып алады.<br>– Міне, нағыз жігіт! – деп,<br>Сүйсініп бір қалады.<br>– Ұл балалар, сендер үлкендермен, аталармен, көкелермен қалай амандасасыңдар?<br>– Ассалаумағалейкүм деген сөздің мағынасы «Алланың нұры жаусын» дегенді | қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: қыбырлап – ерінбей еңбек ету бағбан – бау-бақшаны күтіп-баптайтын адам<br>Сұрақ-жауап:<br>– Әңгіме не туралы? Авторы кім?<br>– Садық бақта не істеді?<br>– Садықты кім ойнауға шақырды?<br>– Қалел досына не көрсетті? Садық неге бармады?<br>– Күз мезгілінде не өсті?<br>– Садық Қалелге әкесінің қай сөзін айтты? (Балалармен бірге қайталап оқу).<br>– «Кішкентай бағбан» деп кімді айтамыз?<br>– Садықтың еңбегін қалай бағалайсың?<br>– Сен Қалелдің орнында болсаң, не істер едің?<br>– Әңгіме қалай аяқталды? (Көп ойнай бермей, еңбек ету керек. Жер адамның еңбегін өтейді. Кім еңбектенсе, сол адам еңбектің жемісін жейді)<br>Педагог осы сөзді балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады.<br>Сергіту сәті<br>Балалармен бірге әңгімені қайталап оқу. Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады. 2-3 бала әңгіменің мазмұнын айтады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Балалар қайда жүр? Олар не істеп жатыр? Суреттегі жемістер мен көгөністерді ата.<br>2. Сәйкес суреттерді сызып қос. Қай сурет тақырыпқа сай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | білдіреді.<br>– Уағалейкүмассалам деген жауап «Өзіңе де соны тілеймін» дегенді білдіреді<br>. – Аталардың, әкелердің тәрбиесін көрген бала ешқашан қол беріп амандасуды, қол алуды ұмытпайды. Мұны естеріңнен шығармаңдар. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды | келеді? 3. Мақалды жаттап ал. Еңбекпенен тапқаның<br>– Шекер-балдан татқаның. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Әңгіме не туралы?<br>– Әңгіме неліктен «Кішкентай бағбан» деп аталады?<br>– Сендер ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер? Балаларды мадақтайды<br>**Миға шабуыл.(қазақ тілі)**<br>Педагог:<br>- Біздің Отанымыз қай мемлекет?<br>- Біздің Отанымыз - Қазақстан Республикасы.<br>- Біздің еліміздің мемлекеттік тілі қай тіл?<br>- Біздің еліміздің мемлекеттік тілі - қазақ тілі.<br>- Еліміздің бас қаласы қай қала?<br>- Еліміздің бас қаласы - Астана қаласы.<br>- Қазақстан Республикасының Президенті кім?<br>- Қазақстан Республикасының Президенті - Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. *(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруға үйрету.<br>*Ересек адамдармен бірге* | **Ауа райының жағдайын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>*Мақсаты.*<br>*Табиғи құбылыс - тұман туралы түсінік қалыптастыру*; маусымдық құбылыстарды бақылауға | **Қайыңды бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Жыл мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың | **Жыл құстарын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскен кезде құстардың тіршілігі; құстарға деген сүйіспеншілік пен | **Бақшадағы күзгі жұмысты бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>*Ересек адамдармен бірге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: күзгі жапырақтарды жинау.*<br>Мақсаты.<br>Жұмыс істеуге деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br>**Ақсүйек**<br>*Бұл ойынның негізгі атрибуты - "ақ сүйек" болады, ол дегеніміз түйреуіш немесе доп. Ойын шарттары: Қатысушылар қолдарында "ақ сүйек" ұстаған жүргізушіге қарап, қатарға тұрады. Сөйтіп жүргізуші "ақ сүйекті" қатысушылардың басынан жоғары: "Ақ сүйек, көк сүйек, бізден сізге кім керек» деп лақтырады. Ойынға қатысушылар сүйектің қайда түсетінін көрмейді. Жүргізушінің бұйрығымен олар негізгі атрибутты іздеп табуға тырысады. Ойында "сүйекті" жылдам тауып, жүргізушіге әкеліп берген адам жеңеді. Егер ойыншының қолындағы затты басқа қатысушы байқап, оған қолын тигізе алса, "сүйек" қайтарылып берілуі керек.*<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мені қуып жет".**<br>Мақсаты.<br>Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету | үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қоқыстарды жинау.*<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br>"Кім жылдам", "Батпырауық және тауық".<br>Мақсаты.<br>Жүгіру, көтерілу, секіру қабілеттерін жетілдіру; реакцияны дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>Мақсаты.<br>Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аумақты тазарту.*<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br>(дене тәрбиесі)<br><br>***Бес табан. (асық ойыны)***<br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.*<br>"Қайыңға қарай жүгір".<br>Мақсаты.<br>Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Өзенді кесіп өт".**<br>Мақсаты.<br>Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. | қамқорлықты тәрбиелеу.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаш тұқымдарын жинау.*<br>Мақсаты.<br>Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>***Асық ату (хан ату).***<br>*Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*<br>"Ит пен торғай".<br>Мақсаты: торғай мен итке тән қимылдары туралы білімді бекіту; олардың дауыстарына еліктеуге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты: допты бір-біріне төменнен лақтыру қабілетін бекіту. | *орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жүйекшелерді үгінділермен толтыру.*<br>Мақсаты.<br>Жұппен жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br>"Қай жерде жасырылғанын тап".<br>Мақсаты.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты.<br>Жүру және жүгіру техникасын жетілдіру. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай, көрпелерін жамылып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады)<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Ақылды тиындар»***<br>*Мақсаты • Балаларды ақша, еңбек, үнемдеу ұғымдарымен таныстыру;*<br>*• <u>Қарапайым қаржылық әдет қалыптастыру;</u>*<br>*• Білім күні мерекесін ойын түрінде атап өту.*<br>*Кіріспе (ертегі кейіпкерімен) • Тәрбиеші балаларға қуыршақ немесе ойыншық қоянды көрсетеді:*<br>*– «Бұл Қуаныш қоян. Ол дүкенге барғысы келеді, бірақ ақшаны қалай жұмсауды білмейді. Қоянға көмектесеміз бе?»*<br>*• Балалар: «Иә!»*<br>***Ойын «Не артық?»***<br>*• Суреттер таратылады: нан, сүт, ойыншық, кітап, алтын тәж.*<br>*• Сұрақ: «Қоян дүкенге барса, қайсысын сатып ала алады?» • Балалар қажеттісін таңдайды (нан, сүт, кітап).* ***3. Ойын «Дұрыс жұмсаймыз»***<br>*• Балаларға 5 ойыншық тиыннан береді.*<br>*• Дүкенде: дәптер – 2 теңге, қарындаш – 1 теңге, кәмпит – 2 теңге.*<br>*• Балалар есептеп, ақшасын жеткілікті жұмсап көреді. 4.* ***Қимылды ойын «Жинақ қорапқа салайық»*** | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Көшеде және жолда жүруіп тұру ережелер (мультфильмді көрсету, түсіндіру)*<br>https://youtu.be/UMVKB4sqULE<br><br>**Логикалық ойын.**<br>"Келешекте неге айналады?"<br>Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, адам мен жан-жануарлар тіршіліктеріндегі білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беру мүмкін.<br>Шарты. Педагог атаған жанды немесе жансыз объектіге, көрсеткен суретке қарап, объектінің немесе құбылыстың келешекте неге айналатынын атау керек.<br>Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіру мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс келешекте не болады?" | **Дидактикалық ойын.**<br>"Сөздер тізбегі".<br>**(қазақ тілі)**<br>Мақсаты. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы.<br>Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.<br>***«Ата-әже» қаржылық сауаттылық ойыны***<br>*Балаларға ата-әженің рөлі мен отбасындағы еңбегін түсіндіруге болады.*<br>*Мақсаты • Отбасындағы үлкендерді құрметтеу;*<br>*• Ата-әженің еңбегін бағалау; • Ақшаны, зейнетақыны дұрыс пайдалануды түсіндіру.*<br>*Ойын барысы*<br>*1. Сұрақ-жауап*<br>*• «Ата-әжеңіз немен айналысады?»*<br>*• «Ата-әжеңіз бала кездеріңізде* | **Вариативті компонент**<br>***Жас зерттеуші***<br>"Аквариумдағы балықтар"<br><br>***Ауылдағы адам еңбегі тақырыбында әңгімелесу***<br>*а) Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту. ә) Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту. б) Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке баулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу.*<br>*Педагог кез келген затты алып, қандай еңбекпен жасалғанын балаларға әңгімелеп береді.*<br>*Ауылды бейнелейтін суреттерді көрсетіп, ауылда адамдар ауылшаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысатынын айтады.*<br>*Түйін сөз: «Ауыл – қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы» (Ж. Әбдірашев). Бұл сөздің мағынасын балалар өздері шешіп, ауыл қаланың анасы сияқты деген шешімге келеді. Жоғарыда көрсетілген* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсаты. Балалардың белгілі құбылыстар салынған карточкаларды логикалық екі карточка жұптарына жинап, біріктіру; білімдерін жүйелей білу, есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылықтарды арттыру; ізденімпаздыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Түрлі табиғи құбылыстар салынған сурет-карточкалар.<br>Шарты.<br>Балалар табиғат құбылыстарын шартты белгілі суреттерге қосып, логикалық жұптарды құрастыру керек.<br>Логикалық жұптар тізбектері мына сияқты болуы мүмкін: тамшы - жаңбыр; тамшы - мұздардың шатырдан тамшылағаны; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - жапырақ - бұта; жапырақ - гүл; т.б.. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | • *Музыка ойнағанда балалар бөлмені айналып жүреді, музыка тоқтағанда – қолындағы тиынды жинақ қорапқа салады.*<br>• *Тәрбиеші түсіндіреді: «Артық ақшаны жинасақ, болашақта керек нәрсеге жұмсаймыз».*<br>*5. Қорытынды әңгіме*<br>• *Ақша – еңбекпен келеді;*<br>• *Дұрыс жұмсай білу керек;*<br>• *Артықты жинап қойған пайдалы.*<br>*Қорытынды тілек «Балалар, сендер бүгін ақшаны қалай табу, жұмсау және жинау керектігін үйрендіңдер. Енді сендер тек ақылды балалар емес, қаржылық сауатты балаларсыңдар!»*<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**<br>"Қанқыз" тақырыбында балалар қалаулары бойыншаіс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Шығармашылық іс-әрекеттерді орындау барысында жаймен *қазақтың күйлерін қойып, тыңдату*<br>**(музыка)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қанқыздың өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларынқалыптастыру.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қарапайым қатынастарды сақтай отырып қанқыз пішінін мүсіндеуге үйрету;<br>Жапсыру іс-әрекеті бойынша қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды | Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: жасыл жапырақ күзде; өзен қыста; бала өскенде; ұн; жауын қыста; балапан; бұзау; түн; күшік; іргетас; көшет; аяздың болуы; дән; жұмыртқа; қардың жауғаны; қар көктемде; желде сарғайған жапырақтар; кеш; көжек; көп еңбек; оқу оқу; адамдардың бір-біріне көмектесуі; сүт.<br>**(экологиялық мәдениет дағдылары, қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті,)**<br><br>***Асық ату (хан ату).***<br>*Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* | *сізге не үйретті?»* • *«Олар табатын зейнетақыны неге жұмсайды?» (дәрі-дәрмек, немере-сыйлық, күнделікті өмір).*<br>«Менің елім» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Ақ қағаз бетіне бастырылып шығарылған «менің елім тақырыьбындағы суретті боя (сурет салу)<br>туда бейнеленген қыран құсты мүсіндеуді үйрету; мүсіндеу іс-әрекеті кезінде домалату, басу, тегістеу, қырнауышпен тырнау әдістерін пайдалану іскерліктерін жетілдіру<br>(мүсіндеу)<br>"Бәйтерек" суреті салынған қағаз бетіне дақылдар: қарақұмық пен тарыны желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; сары түсті жылтырлақтармен безендіруде желімді пайдалану техникасын жетілдіру;<br>(жапсыру) **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Қатырма қағаздан ағаштың діңі мен ұшар басын қиып алуды; майлықтарды жырту, умаждау әдістерін пайдаланып, домалақ етіп ағаштың ұшар басына жапсыруға, желіммен ағаш бөліктерін бір-біріне жапсырып, "қайың" ағашын құрастыруды үйрету; дәстүрлі емес өнердің түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін дамыту;<br>(құрастыру) | *бейнелі көріністердегі еңбек арқылы ауыл адамдары қалаға шикізаттар дайындап береді. Ал қала сол шикізаттарды өңдеп, көптеген сүт өнімдерін, киім, ыдыс, жиһаз жасап, ауыл дүкендеріне жібереді.*<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>"Не өзгерді?"<br>Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге дейін жеткізуге болады.<br>Ойыншықтар сапта тұрған кезде, балалар олардың реттік санын айтуы мүмкін.<br>Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың қатардағы тұрғанын өзгертеді.<br>Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың қай орынға ауысқанын айтады. | ***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Театрға барамыз»***<br>Мақсаты: • Балаларды театр мәдениетімен таныстыру; Балалармен бірге театр орнының не екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын, ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарықты беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени мекемеде тәртіп ережелерін пысықтау;<br>• *Ақшаны санауды, билет сатып алуды, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақша үнемдеу, дұрыс жұмсау.*<br>**Құралдар:**<br>• Шартты ақша (қағаздан); • «Билет» карточкалары (бағасы жазылған: мысалы, 2–3 ақша); • Үстел – «касса»; • Балаларға арналған орындықтар – «зрительдер залы»; • Маска немесе қуыршақ (қойылым үшін).<br>——— **Рөлдер:**<br>• Кассир (1 бала) • Қызметкер (билет тексеруші) • Көрермендер (қалғандары) • Артистер (қуыршақ көрсететіндер, тақпақ айтатындар, шағын көрініс қоятындар)<br>——— **Ойын барысы:**<br>1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз театрға барамыз. Театрда спектакль көреміз. Бірақ ол үшін алдымен билет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды қағаздан құрастырудың түрлі әдістерін қолданып қаңқыз үлгісін жасауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Жәндіктерді құрастыр".<br>Сонымен қатар осы «Қанқыз» | | | | сатып алуымыз керек». ——— 2. Билет сатып алу: • Көрермен: «Сәлеметсіз бе! Маған бір билет беріңізші». • Кассир: «Билет – 2 ақша». • Көрермен: «Міне, екі ақша». • Кассир: «Рахмет! Міне, сіздің билетіңіз». (Егер бала 3 ақша берсе:) • Кассир: «Сіз 3 ақша бердіңіз, билет – 2 ақша. Міне, сізге 1 ақша қайтарым».<br>——— **3. Театр залына кіру:** • Қызметкер: «Билетіңізді көрсетіңізші». • Көрермен: «Міне, менің билетом». • Қызметкер: «Жақсы, өтіңіз. Орынға жайғасып отырыңыз».<br>——— **4. Қойылым басталады**:<br>• Балалар арасынан бірнешеуі артистер рөлін ойнайды (өлең оқиды, шағын ертегі үзіндісін сахналайды). • Қалғандары көрермен болып тамашалайды. ——— 5. Қорытынды (тәрбиеші): • «Балалар, театрға бару үшін біз не істедік?» • «Билетті қалай сатып алдық?» • «Ақша жетпесе не істер едік?» • «Ақшаны үнемдеп жұмсау дұрыс па?»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***«Қауіпсіз қала»***<br>***Ойынның мақсаты:***<br>*қалада дұрыс жүру мен көлік жүргізудің маңыздылығы туралы түсінік беру, қаланың шынайы әлемін қабылдау қабілетін дамыту, балалардың жол белгілері мен жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін бекіту.* | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі)**<br>"Туған елдің ұлымын" (Асқаржан Сәрсеков).<br>Аспанымдай мөлдірмін,<br>Жайлауымдай жазықпын,<br>Өзенімдей өршілмін,<br>Гүлдерімдей нәзікпін. | "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері)<br>Мақсаты.<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру.<br>Ойлау қабілетін дамыту. | Артикуляциялық жаттығулар. | Дидактикалық ойын.<br>"Жұмбақ сан".<br>Мақсаты.<br>Балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуат алған өзінен,<br>Туған елдің ұлымын.<br>Бақытты етіп өсірген<br>Отанымның гүлімін. | | | Сипаттама.<br>Мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюлерін қадағалау. *(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер.<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес. | Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайды балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру". | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйрету керек" ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Отбасының салауатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері» атты сұрақ-жауап. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **22.09-26.09.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Еңбек-жәй ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай Құнанбаев)* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың дене қызуын өлшеп, дене терісін және көңіл-күйін тексеріп қабылдау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен оқу құралдары және балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеттке қалай қатысатындары жайлы әңгімелесу.<br>***Ата-аналарға кеңес***<br>***• Балаңызбен бірге ұлттық ойындар ойнаңыз.***<br>*Бұл – ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтады. • Ойын кезінде баланы әділдікке, сыйластыққа баулыңыз. • Үйде де, далада да қарапайым ұлттық ойын түрлерін қолдануға болады. • Баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге ойын арқылы жол ашыңыз.*<br>«Тұмаудан сақтану жолдары» тақырыбында кеңес<br>*Өнегелі 15минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары* | *"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".*<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді* | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсаты.*<br>*Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына* | *"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).*<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны* | *"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".*<br>*Мақсаты.*<br>*Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету*<br>. ***(экологиялық мәдениет дағдылары,<br>еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдысы, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | ***Қ.Р.Әнұраын***<br><br>***«Мамандық» дидактикалық ойын***<br>***Мақсаты:*** *балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. <u>Балаларға еңбек пен ақша табудың өзара байланысын түсінуге көмектеседі,</u> **с**ондай-ақ еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулиды. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту.*<br>***Материал:*** *әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар.*<br>*Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата- аналары туралы айтады.*<br><br>***Асықтан көбелек құрастырайық.*** | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Қауіпсіздік сабаы***<br>*«Қандай белгі екенін тап?»*<br>*Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.*<br>*Қолданатын көрнекіліктер: Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.*<br>*Ойын барыс:*<br>*1-ші нұсқа: Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.*<br>*2-ші нұсқа: Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.* | ***Бағбаншының бағы***<br>*Балаларға гүлдің тұқымын отыргызуды үйрету.Күнделікті гүлдің өсуін бақылап отыру. Бөлме гүлдерінің негізгі бөліктерімен таныстырып, білімдерін нақтылау.Бөлме гүлдерін салыстыруға,сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға үйрету..*<br>*2.Балаларға бөлме гүлдерін күтіп, суаруға тәрбиелеу.Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөз қорын байыту.*<br>*3. Табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық танытуға, аялауға тәрбиелеу.*<br>*Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме? Қай уақытта гүлдерге су құйып, шаңдарың сүртесіңдер?*<br>**(экологиялық мәдениет дағдысы, еңбек әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Бала қауіпсіздігі басты назарда»*<br>*«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері»*<br>*(суретпен жұмыс, әңгімелеу)* | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br>**Ұлттық ойын**<br>***«Үй артында қол ағаш»***<br>*Ойынды топ бала болып ойнайды.*<br>*Ойын тәртібі: қатысушылар бірінің қолынан бірі ұстап дөңгелене тұрады. Ойын бастаушы не белбеу, не орамал алады да, дөңгеленіп тұрған топтың сыртын айнала жүгіріп былай дейді.*<br>*Үй артында қол ағаш*<br>*Желбау тартам , есік аш,- деп бірнеше қайталанады.*<br>*Дөңгелене тұрған балалар:*<br>*Үй артында қол ағаш*<br>*Жел кірмесін, ескі аш- деп бірігіп жауап қайтарады.*<br>*Тұрған балалар ұстасқан қолдарын ажыратпайды. Ол-есік ашпағанның белгісі.*<br>*Енді: Үй артында қол ағаш*<br>*Жел бау тартам есік аш- деп жүгіріп жүрген бала өзі артындағы баланы артына орамалмен бір соғып қалады да, орамалды сол балаға тастай сала:*<br>*Үй артында қол ағаш*<br>*Озам десең ала қаш- деп өзі сол* | ***«Құпия заттар»***<br>*Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.*<br>*Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.*<br>*(адалдық әліппеі)*<br><br>**Ойын «Қайда барасың? Не табасың?»**<br>Ойын басталмас бұрын педагог бөлменің әр тұсына ойыншықтарды жасырып қояды. Ойын барысы бойынша көзделген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қызыл асық, көк асық, Бұл не деген көп асық? Зейінімізді ашайық, Иіріп машық жасайық. (Ф. Омарбекова) Асықтан көбелектің денесін және қанаттарын құрастырайық. Алдымен көбелектің денесін қара түсті асықтармен, «шік» жатысына қаратып үлгідегідей тіземіз. Тізілген жасыл түсті асықтардан алдыңғы қанаттарын, «алшы» жатысынан сопақша пішінге ұқсатып тіземіз. Астыңғы қанаттарын дәл солай, бірақ кішірек көлемде алшысынан тұрғызып тізіп шығамыз. Соңында сары дөңгелек, қызыл төртбұрышпен қанаттарының 35 ортасын сәндеп шығамыз, тұмсығына екі ұзынша жасыл түсті таяқшаны үлгідегідей сары дөңгелекпен құрап әдемі* көбелектің бейнесін шығарамыз | *3-нұсқа: Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.* **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *«Жедел қызметтердің телефон нөмірлері»* (балаларға мағлұмат беру, жедел телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру) | *бетімен жүгіре береді. Осының боларын біліп, әзір тұрған бала да «Қол ағашты ала сала, әлгі балаға қарма-қарсы жүгіреді. Бұл кезде дөңгелене тұрған балалар: Үй артында қол ағаш, Қол ағаштан ала қаш Бұрын келген балаға Тездеп барда есік аш,-* деп барлық бала хормен айтады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | орналасу орнының оң жағына аюды, сол жағына шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені жасырады. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тыққан ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: – Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Нені тапқың келеді? Бала жүру бағытын атайды және жасырылған ойыншықты іздеуге кіріседі. Ойын бірнеше рет қайталанады. Педагог балалардың сөйлеу кезінде: «алға, оңға, солға, артқа, тура» сөздерін айтуын қамтамасыз етеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | 1."Секіртпені соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіпті қолмен ең шетінен ұстау.<br>1-секіртпені қолмен ең шетінен ұстап, қолды алға созу.<br>2-жоғары көтеру, 3- кеуде тұсына әкелу. 4- б.қ. келу.<br>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстап, қолды жоғары көтеру.<br>1-оңға еңкею.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>3-солға еңкею.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.<br>1-2- тізені алшақ, секіртпемен қолды жоғары көтере сәл отыру.<br>2-бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.<br>1-3-артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты өтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға,жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>5. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1-заттарды аттап жүру.<br>2-секіртпемен еркін секіру.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, дене тәрбиесі)* | | | | |
| **Таңғы ас** | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге  және жарықты үнемдеуге үйрету*<br>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру.<br>Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.<br>Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.<br>Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері жайлы әңгімелеседі.<br>"Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | "Күз" туралы жұмбақтар шешу.<br>"Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | "Күз" туралы тақпақтар жаттау. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | "Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау. Балалар суретке қарап сөйлемдер толық мәтінді құрастырады. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *Күз мезгілі туралы,еңбек тура мақал-мәтелдер айту* **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауысты дыбыстарды бекіту"<br>**Міндеттері:** 1. Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.<br>2. Дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.<br>3.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар".<br>Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Естілуіне | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстардың жасалуы"<br>**Міндеттері:** 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту.<br>2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру.<br>3. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері** | **Математика негіздері**<br>5 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Күз сыйлары"<br>Балаларды көкөністер туралы | **Математика негіздері**<br>Мен 5-ке дейін санаймын<br>**Міндеттері:** 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын | **Сауат ашу негіздері**<br>"Біз нені үйрендік?"**Міндеттері:** 1. Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.<br>2. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру.<br>3.Мұқияттылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Жаңбырлы күн"<br>Балаларға табиғи құбылыстар туралы білім беру; - шашырату әдісі арқылы суреттің сюжетін бере білуді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және айтылуына қарай дыбыстардың түрлерін ажыратуды үйрету; ертегі тыңдату, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; білуге деген құштарлықтарын арттыру; балаларды ұқыпты, таза, көркем<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бадминтон, футбол<br>**Міндеттері:**<br>а) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау,күнделікті қимыл қозғалыстың қажеттігін қалыптастыру. Балаларды бадминтон ойынымен таныстыру, қимыл-қозғалыс дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету, қимыл түзетуін күшейту.<br>ә) Алшақ, қысқа адымдап жүгіруге, жүгіріс кезінде қол мен аяқтарының қимылын үйлестіре білуге жаттығу. Кеңістікті бағдарлауды, төзімділікті, реакция шапшаңдығын, көзмөлшері мен спорттық жабдықтарды қолданғанда зейінін шоғырландыра білуді дамыту.<br>б) Спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық, мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.<br>*Ұлттық ойын*<br>*«Күш сынаспақ»* | 4 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты бөліп алу дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Еңбекке және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>" Қорыққанға қос көрінеді"<br>**Міндеттері:**<br>**Г, к** дыбыстарымен таныстыру.<br>Ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуға баулу.<br>Ертегіге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>– Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын.<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. (Күн)<br>Алуан түсті, аңқыған исті,<br>Қырларда олар жаңбырмен өсті. (гүл)<br>– Балалар, сендер айтқан жауаптардың басындағы дыбыстар<br>– бүгінгі жаңадан танысатын дыбыстарың.<br>– Балалар, Күн сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>Бәріміз бірге «Күн» деп айтайықшы<br>– Гүл сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>**Г, к дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:**<br>Ерін ашылып, тілдің ұшы | өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтінге сәйкес көгөністердің атауларын нақты дәйектілікпен айта отырып, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыра білуді, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; үлкендердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Көңілді ноталар"<br>Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттырып пысықтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>***Жемістер жыры***<br>**Міндеттері:**<br>Жемістер туралы түсінігін кеңейту.<br>Басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу.<br>Бақылағыштыққа тәрбиелеу<br><br>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балаларды шығармашылық орталаққа шақыру.<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Балалар қимылмен орындайды.<br>Берекесін сыйлауға (қолдарын алға қарай созады) | дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру<br>**Тіл дамыту**<br>Отбасының күзгі еңбегі<br>**Міндеттері:**<br>Күзгі бақшадағы еңбекпен таныстыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.<br>Мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?<br>– Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер?<br>– Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиін жаңғақ жинаса, кірпілер ініне саңырауқұлақ тасып алады.<br>– Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді? Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді.<br>Мысалы: егін жинайды, бау-бақшадағы жұмыс түрлерін атқарады т.б.<br>**Суретпен жұмыс**<br>**Педагог күз мезгілінің суреті бойынша балаларға әңгіме құратады. Отбасымен еңбек етіп жүрген отбасытуралы сұрақ-жауап.**<br>*Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу*<br>**Сергіту сәті**<br>Шөп үстімен жүреміз: сырт-сырт,<br>Тас үстімен жүреміз: тырс-тырс.<br>Шалшық сумен жүреміз: шолп-шолп,<br>Қара жолмен жүреміз: топ-топ.<br>Педагог жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындатады. – Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Тіл, ауыз, онсыз түсінісу өте қиын)<br>Педагог бір баланы тақтаға | үйрету, бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу); - жұмысты ұқыпты, таза орындауға тәрбиелеу<br>**(сурет салу)**<br>Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі заттарды бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге дағдыландыру. Қолшатырды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.<br>**(мүсіндеу)**<br>Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екігe бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды үйрету<br>**(жапсыру)**<br>Қалдық материалдардан (түрлі-түсті салфеткалардан) қолшатырдың дизайн жасауға үйрету; материалды орынды пайдалана білуге, дербестік пен шығармашылықты көрсететін қолөнер бұйымдарын жасауға дағдыландыру; шығармашылық ойлауы мен қиялын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу<br>**(құрастыру)**<br>***«Күй күмбірі»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>**(музыка )**<br>*Мақсаты:* Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.<br>*Көрнекіліктер:* Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.<br>*Шарты:* Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер<br>а) Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру.<br>ә) Жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру.<br>б) Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | астыңғы тістің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Ерін жоғары көтеріліп, дыбыс тіл мен таңдайдың арасынан шыққанда к дыбысы жасалады.<br>Дауыс шымылдығының дірілінен г дыбысы естіледі. Бұл екі дыбыс та – дауыссыз дыбыстар.<br>– Айна алып, г, к деп айтып көріңдер.<br>– Бұл екі дыбыс бір-біріне ұқсас, ағайынды дыбыстар.<br>– Г, к дыбыстарынан басталатын сөздерді айтыңдаршы.<br>Балалар г, к дыбыстарынан басталатын сөздер айтады.<br>Көк, кит, киім, киіз, гүл, гитара, гараж, галстук, гол, гимн, газ т.б.<br>Балалар, мына сөздерде г, к дыбыстары қай буында кездесіп тұр?<br>Гү-лім, кө-гім<br>Гү-ріл, жү-гір<br>Кө-лік, кө-лең-ке Ке-се, кес-те<br>Сөздегі г, к дыбыстарының орнын аныктау: гүл, көгілдір; кесте, екі, елек.<br>**Сергіту сәті**<br>Сергіту жаттығулары үнтаспадан қойылған әуен ырғағымен жасалады. – Балалар**, «Қорыққанға қос көрінеді» атты орыс халқының ертегісін оқып берейін**<br>Сқрақ-жауап арқылы ертегіні қорытындылау<br>*Батыр, қорқақ – антоним сөздер.*<br>*Оймақтай, кішкентай – синоним сөздер* | Өлкемізге күз келді. (қолдарын шапалақтайды)<br>Жемістерін жинауға (жемістерді көрсетеді)<br>Шақырады біздерді. (қолдарын жоғары көтеріп қуанады)<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай түскен.<br>Ол не? (Жеміс)<br>– Жемістің қандай түрлерін білесіңдер?<br>– Жемістер қайда өседі?<br>Алманың, өріктің дәмі қандай?<br>– Сен қай жеміс түрінің дәмін білесің?<br>– **Бүгін ақын Рза Қунақованың «Жемістер жыры» өлеңімен танысамыз**.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: нарттай – піскен қызыл өріктің түсі уылжыған – әбден піскен жеміс Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлеңде қандай жеміс туралы айтылған?<br>– Алманың, өріктің түсі, дәмі қандай? Пішіні неге ұқсайды?<br>– Саған қандай жеміс ұнайды?<br>– Неліктен жемістерді жақсы көресің?<br>– Алма қатты ма, жұмсақ па? Түсі қандай болады?<br>– Ал өрік қандай, үлкен бе, кіші ме, түсі қандай?<br>– Осы жемістерді күтіп-баптасақ, мол өнім аламыз. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деген мақал бар. Еңбектің арқасында мол өнім, жақсылық та, қуаныш та, байлық та – бәрі болады.<br>**Дидактикалық ойын: «Дәмін тат»**<br>(баланың ойлау қабілетін | шығарады, топтағы балаларға естіртпей оған тапсырма береді. Ол бала картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамның қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар оның не істегенін табады. Бұдан балалар сөзсіз, қимылмен түсіну қиындау екенін біледі, сөздің маңыздылығын түсінеді.<br>– Әңгіме айту үшін сөз керек. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бірбірімізбен қарым-қатынас жасаймыз.<br>**«Сөйлемей көрейікші» ойыны**<br>Үндемес ойыны ойналады. Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. – Міне, балалар, қимылмен шамалап келтіргенмен, толық еңбек қозғалысын ашып жеткізе алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Жемістер мен көгөністерді ата. Тек жемістерді боя.<br>2. Көгөністерді ұқсас пішіндермен сызып қос. *<br>Көгөністерді ата, буынға бөл, неше буын бар?<br>Кейбір сөз ұзақ дыбысталады, кейбіреуі қысқа дыбысталады. Қысқа сөзде дыбыс аз болады, ал көп дыбыс ұзақ сөзді құрайды.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br><br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>- Балалар, мұқият тыңдаймыз! Есімізге сақтап аламыз.<br>[а] дыбысы айтылғанда:<br>- ауыз кеңінен ашылады, дөңгеленеді;<br>- жуан айтылады; | *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Музыка**<br>"Көңілді ноталар"<br>Балаларды тіл туралы әнді қызыға айта білуге үйрету; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; өз ана тіліне сүйіспеншіліктерін арттырып пысықтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>Мақтақызбен мысық**Міндеттері:**<br>Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жанашырлыққа тәрбиелеу<br>**Педагог балаларға жұмбақ жасырады**.<br>Еріксе, құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)<br>– Мысық қалай дыбыстайды? Ол нені жақсы көреді?<br>– Бүгін мысықтың басынан өткен оқиға туралы «Мақтақыз бен мысық» атты қазақ халқының ертегісімен танысамыз.<br>Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегі ойдан, қиялдан құрастырылады.<br>Педагог ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді (мазмұнын соңындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Дидактикалық ойын:** **«Белгілі дыбысқа сөз таңда»** Шарты: ертегідегі кейіпкерлердің бірінші дыбысына сөз ойлап айтады. Мысалы: «Әже» сөзіндегі ә дыбысына – әтеш, әтір, Әсет, Әмина т.б. «Қоян» дегендегі қ дыбысына – қымыз, қалта, қияр, қара, қағаз т.б. «Тауық» және «тышқан» сөздеріндегі т дыбысына сөз ойлайды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Ертегі кейіпкерлерінің шелектерін тауып, сызып қос. • Өзіңе ұнаған кейіпкер туралы әңгімелеп бер. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды **Артикуляциялық жаттығу.** - Балалар, мұқият тыңдаймыз! Есімізге сақтап аламыз. [а] дыбысы айтылғанда: - ауыз кеңінен ашылады, дөңгеленеді; - жуан айтылады; - созылып айтылады. **(қазақ тілі)** <br><br> **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Күзгі орманда **Міндеттері:** а) Бөрене үстінде еңбектеу барысында қол мен аяқтарын үйлестіріп қозғауға үйрету; 2 метр арақашықтықта бір-біріне доп лақтыру шеберліктерін (машықтарын) бекіту, доптың ұшу бағытын бақылап, ұшып келе жатқан допты қолды бүгіп қағып алуға үйрету. Модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыруды | дамыту). Шарты: ойынға қатысушылардың көзін кезекпен байлап, кесілген дайын жемісті аузына салады. Бала қандай жемістің дәмі екенін айтады. Сергіту сәті **Тіл ұстарту жаттығуы:** Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Жемістер жыры» өлеңін екінші қайтара оқиды. Балалар бірге қайталап, өлеңді тыңдай отырып жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқиды, балалар аяқтайды. 4-5 балаға өлеңді қайталап айтуды ұсынады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суретте не бейнеленген? Үйдің ауласында қандай жемістер өсіп тұр? Сен қандай жеміс түрлерін білесің? Жемістердің пайдасы туралы айт. 2. Қыздың себетіне жемістерді сызып қос. 3. Жаңылтпашты жаңылыспай айт. Не деген таңғажайып бақша бұл – Төбеден алма қарша жауып тұр. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Жемістер қайда өседі? – Жемістер қай кезде піседі? Балаларды мадақтау. Жемістер бейнесін сурет *салу*, *мүсіндеу*, *жапсыру*, *құрастыру* іс-әрекеттерінде қалаған **шығармашылық орталықтарына** барып бейнелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін | - созылып айтылады. **(қазақ тілі)** <br><br> **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Ұлттық ойындар (таза ауада) **Міндеттері:** а) Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды лақтыруға үйрету. Бір аяқпен әртүрлі бағытта секірулерін, бүкіл табанмен жерге түспеу дағдыларын, табанның алдыңғы бөлігімен итеріп секіруді жетілдіру. ә) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру дағдыларын бекіту. Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, қолайсыз жағдайларда (айғай-шу) назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамыту. б) Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту, мейірімділік пен ұлтттар арасындағы достыққа тәрбиелеу. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Заттар әлеміне саяхат а) Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. ә) Олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. б) Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. | қосымшадан қараңыз). – Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Слайд көрсету) Ертегідегі мысық пен Мақтақыздың әрекеті туралы сурет. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап: – Ертегі не туралы? Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты не үшін жазалады? – Мысық қатық алу үшін қайда барды? – Жапырақ қайда өседі? – Мысық дәнді қайдан алды? Сөздік жұмысы: қатық – ұйыған сүттен дайындалатын тағам ін – тышқанның баспанасы жанының барында айт – қорқыту Сергіту сәті Балалар педагогпен бірге ертегі кейіпкерінің (мысықтың) қимылын, даусын, жүрісін бейнелейді. Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды. Мысық қатық іздегенде қай ретпен қайда барғанын айтайық. (Сиыр, ағаш, қыздар, дүкенші, тауық, тышқан) **«Суреттер сөйлейді» әдісі** Суреттерді пайдаланып, ертегі жүйесін сақтап баяндау. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Суреттер бойынша ертегінің жүйесін сақтап баянда. Мақтақыз неге ашуланды? Мысық не істеді? Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. 2. Жұмбақты шеш. Тонын киіп туған, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жалғастыру.<br>ә) Ептілік, көзбен мөлшерлей алу, ерекше заттармен (құралдармен) орындалатын жаттығуларда назарларын тек орындайтын іс-әрекетіне сала білу сияқты қабілеттерін дамытуды жалғастыру.<br>б) Қозғалыс мәнерлілігін, ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау | көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады. | | Жалап бетін жуған. (Мысық)<br>Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.<br>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Педагог сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды. – Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Мысық дәнді қайдан алды?<br>Балаларды мадақтайды |
| **Серуенге дайындық** | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Ойын алаңындағы, серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру, сюжетті суреттер көрсетеу*<br>Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.<br>*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | | |
| **Серуен** | **Қара жидекті бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Қара жидекпен танысуды жалғастыру.<br>Зерттеу.<br>Қара жидек жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарау.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы тазарту.*<br>Мақсаты.<br>Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету; топта жұмыс істеуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** | **Тастарды бақылау.**<br>**(***экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Тастар туралы, жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру.<br>Зерттеу.<br>Тасты үлкейткіш әйнек арқылы тексеру. Не көрінеді? (Жарықтар, өрнектер.)<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшадағы тастарды жинау және олардан композиция құрастыру.*<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге | **Желді бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Желдің күшін анықтауды үйренуді жалғастыру; балалардың жансыз табиғат туралы білімдерін кеңейту.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:ауланы бұтақтар мен тастардан тазарту.*<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеуге, істелген жұмыстан рахат алуға үйретуді жалғастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** | **Жапырақтың түсуін бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейту.<br>Зерттеу.<br>Бірден құлап түскен жапырақтарды табу; жан-жаққа тербеліп ақырын ұшатын жапырақтарды табу; бұтақтарға жабысып ұшатын жапырақтарды табу; түскен жапырақтардан асфальтқа өрнек салу.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балабақша алаңында жапырақты* | **Қарақатты бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты.<br>Қарақатпен таныстыруды жалғастыру.<br>Зерттеу.<br>Қарақат пен итмұрын арасындағы айырмашылықтарды табу.<br>*Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақшада өсетін бұталарға күтім жасауға ересектерге көмектесу.*<br>Мақсаты.<br>Бірлесіп жұмыс істеу қабілеті мен тілегін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ұлттық ойын*** <br> ***«Соқыр теке»*** <br> *Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.* <br> *Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ* <br> *Қайда кеткен құлыншақ* <br> *Соқыртеке бақ-бақ* <br> *Мені ізден тап-тап* <br> *Деп тақпақтайды.* <br> *Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алган баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады.Ойын осылайын жалгаса береді.* <br> **Өзіндік еркін** ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындары, қозғалыстарды дамыту. <br> Жалпы дамыту жаттығулары. <br> Мақсаты. <br> Жалпы дамытушы жаттығуларға деген қызығушылықты сақтау. | үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. <br> **Қимыл-қозғалыс ойындары.** <br> **(дене тәрбиесі)** <br> ***Ұлттық ойын*** <br> ***«Әуе таяқ»*** <br> *Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шыгады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырыгын бірдей жұмады.* <br> *Екінші ойыншы зат жасырылган қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таягын лақтырады да, қасындағы баланың таягын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.* <br> **Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. <br> Мақсаты. Допты нысанаға лақтыру қабілетін нығайту. | "Батпырауық пен тауық". <br> Мақсаты. <br> Педагогтің бұйрықтарын тыңдауды үйрету; зейінді дамыту. <br> **Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: доппен жаттығу. <br> Мақсаты. <br> Допты екі қолмен ұстап жерге лақтыруды жалғастыру. | *тазартуда сыпырушыға көмектесу.* <br> Мақсаты. <br> Мақсатқа бірлескен күш-жігермен жете отырып, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. <br> **Қимыл-қозғалыс ойындары.** <br> **(дене тәрбиесі)** <br> "Түлкі мен қоян". <br> Мақсаты. <br> Жануарлардың өмір салты мен әдеттері туралы түсінік қалыптастыру. <br> **Өзіндік** еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары.** <br> **(дене тәрбиесі)** <br> **Өзіндік еркін** ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар, қозғалыстарды дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. <br> Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <br> "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>"Алақай, күз келді"<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балабақшадасеруен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Дамытушы ойын.**<br>"Суретшінің қатесін тап".<br>Мақсаты. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін:<br>"Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес, ұзын болады",<br>"Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғардан төмен | ***«Үнемді тұтыну»***<br>***«Энергияны сақтаймыз»***<br>*Мақсаты: энергияны үнемдеуді үйрету.*<br>*Барысы: • Тәрбиеші: «Күн шықты – бөлме жарық» → балалар жарықты өшіру қимылын жасайды.*<br>*• «Түн болды – бөлме қараңғы» → шамды жағу қимылын жасайды.*<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**<br>"Астанаға саяхаттап барамыз" тақырыбында балалар қалаулары бойынша<br>іс -әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады.<br>***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»***<br>*Мақсаты: • Балаларды еңбекпен табыс табу ұғымымен таныстыру;*<br>*• Қызмет көрсету мен ақы төлеу арасындағы байланысты үйрету;*<br>***<u>• Ақшаны дұрыс санауды және төлем жасауды үйрену.</u>***<br>*Қажетті құралдар:*<br>*• Шаш қиюға арналған ойыншық құралдар (қайшы, тарақ, фен, орамал);*<br>*• Айна; • «Ақша» орнына қағаздан жасалған тиындар/қағаздар;* | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br>***«Кімнің еңбегі?» ойыны***<br>*(қаржылық сауаттылық)*<br>*Суреттер көрсетіледі:*<br>*• Тәрбиеші – балаларға сабақ өтеді;*<br>*• Аспаз – дәмді тамақ пісіреді;*<br>*• Тазалықшы – бөлмені таза ұстайды;*<br>*• Дәрігер – балаларды тексереді.*<br>*Сұрақ: – Бұл адамдар не істейді? – Олар еңбегі үшін не алады? Балалар: «Жалақы!»*<br>***«Жалақы қайда жұмсалады?»***<br>*Тәрбиеші: – Аспаз апай алған ақшасына не сатып алады? Балалар: «Тамақ, киім».*<br>*– Ал дәрігер апай ше? Балалар: «Үйіне керек зат». Қорытынды: Әр адам еңбегі үшін ақша табады.*<br>***Ақша – еңбектің жемісі.***<br>***Қимылды ойын «Ақша дұрыс жұмсалсын»***<br>*• Балаларға ойыншық тиын таратылады.*<br>*• «Дүкен» ойынында дұрыс тауарды таңдайды (нан, сүт, дәптер) және артықты алмайды (алтын тәж, 10 ойыншық т.б.). 5. Қорытынды – Балалар, балабақшада әр қызметкердің еңбегі бар. Олар біз үшін жұмыс істейді. Сондықтан олардың еңбегін сыйлау керек.*<br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай | ***Вариативтік компонент***<br>***Елімнің байлығы — тұз***<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br>***«Энергияны сақтаймыз»***<br>*Мақсаты: энергияны үнемдеуді үйрету.*<br>*Барысы: • Тәрбиеші: «Күн шықты – бөлме жарық» → балалар жарықты өшіру қимылын жасайды.*<br>*• «Түн болды – бөлме қараңғы» → шамды жағу қимылын жасайды.*<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>"Бау-бақшамыз - сәніміз!"<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Сурет салу бойынша балаларға қылқалам арқылы жемістерді бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту;<br>Мүсіндеу бойынша қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түрлі пішіндерді жасағанда есу, жалпайту, дөңгелектеу тісілдерін игерту; жемістердің пайдасын түсіндіру<br>Жапсыру бойынша гофрленген қағазды жырту, дөңгелектеу арқылы жемістерді трафаретінің үстіне жапсыруға үйрету;<br>Құрастыру бойынша макарондарды алма және алмұрт қима үлгілерінің үстіне жапсыруға үйрету;<br>құрастырудың түрлерімен, әртүрлі өнімдермен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіре отырып, | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Бала қауіпсіздігі басты назарда»*<br>*«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері» (суретпен жұмыс, әңгімелеу)*<br>*«Жедел қызметтердің телефон нөмірлері»*<br>(балаларға мағлұмат беру, жедел телефон нөмірлерімен таныстыруды жалғастыру)<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Мектеп".<br>Мақсаты. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Теңге ілу.***<br>*Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.*<br>*Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және т.б.. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлдік ойын. "Сән көрсету подиумы".** Мақсаты. Балалардың "сән көрсету" және "подиум жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель деген мамандық иесі жайында түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамға деген құрметке, төзімділікке, *еңбексүйгіштікке тәрбиелеу*. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | *• «Баға кестесі» (шаш қию – 5 теңге, өрім – 3 теңге, шаш жуу – 2 теңге).*<br>***Ойын барысы:***<br>*1. Рөлдерге бөлу*<br>*• Бір бала – шаштаразшы; • Бірнеше бала – клиенттер; • Бір бала – кассир (ақша қабылдайды). 2. Клиент келеді Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен шашымды қидырғым келеді.»*<br>*Шаштаразшы: «Қош келдіңіз! Қай үлгіде қылайық?»*<br>*3. Қызмет көрсету*<br>*• Шаштаразшы ойнаған түрде шаш қияды, тарайды немесе өрім жасайды.*<br>*• Клиент айнаға қарап риза болады.*<br>*4. Төлем жасау*<br>*• Кассир: «Шаш қию – 5 теңге. Төлеңіз.»*<br>*• Клиент ойыншық ақшасын береді. • Кассир ақша санап, қайтарымын қайтарады.*<br>*5. Қорытынды*<br>*Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:*<br>*• Шаштаразшы не істейді?*<br>*• Ол еңбегі үшін не алады? • Ақшаны қайда жұмсайды? Балалар: «Жалақы алады, оны тамаққа, киімге, үйге жұмсайды.»* | дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. **(экологиялық мәдениет дағдысы, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Сақина жасыру***<br>*Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінігң үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол* | макарон туралы білімдерін кеңейту; қағазды бұру арқылы шеңбер және сопақша пішіндерін қиып алу іскерліктерін дамыту; **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**<br><br>**Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".** Мақсаты. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**"Ырғақты қайтала" музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>**(музыка )**<br>*Мақсаты:* Аспапты тембірлік үнінен тануға үйрету.<br>*Көрнекіліктер:* Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.<br>*Шарты:* Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарында бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапта ойнайды, | *шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын  ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.* | екінші бала дәл сол аспапта ырғақты қайталайды. Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар шапалақтайды. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойындар.** "Геометриялық пішіндер". Мақсаты. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. | ***Қауіпсіздік сабағы*** *Жолда жүру ережелері, қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру* | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы. Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. | **Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.** "Күз" Мұқатай Жылқыайдарұлы.<br>Алма, өрікті қамбаларға<br>Толтырды әкеп алтын күз.<br>Шәкірт болып парталарға<br>Отырды кеп алтын күз.<br><br>Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарханда таба нанға<br>Айналыпты алтын күз. | ***Қауіпсіздік сабағы*** *Жолда жүру ережелері, қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру* |
| **Серуенге дайындық** | Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. *(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарды үйде еңбек іс-әрекетіне баулуға кеңес беру. | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | "Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру. |

Әдіскер Қалдыбек Ж
Саз жетекші Баратова Г
Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29.09-03.10.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан атың!»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.<br>Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.<br>"Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру.<br>Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.<br>***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бал денсаулығына пайдасы»***<br>***Денсаулыққа:*** *• ет тағамдары (бешбармақ, қазы, қарта) – күш-қуат береді, • сүт тағамдары (қымыз, шұбат, айран) – ас қорытуға пайдалы, дәрумендерге бай, •* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *нан тағамдары (бауырсақ, шелпек) – қуат береді.*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдылар,***<br>***еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".***<br>*(кітаптарды қалпына келтіру).*<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | ***Қ.Р.ӘНҰРАНЫ***<br><br>***Асық ату (хан ату).***<br>*Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*<br>**"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.**<br>Мақсаты: тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығын сезімін дамыту; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. | **Күй күмбірі**<br>**"Күй тыңдайық, балақай!"**<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.*<br>*Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.*<br>*Балалрды өрт қауіпсіздігі ережелерімен танытыру*<br><br>*«Жедел қызметтердің телефон нөмірлері»*<br>(балаларға мағлұмат беру, жедел телефон нөмірлерімен таныстыру)<br><br><br>**Үстел үсті ойыны "Лото -** | ***" Суреттен жұмбақты тап"***<br>*Балаларға қауіпті заттардың негізгі тобын есте сақтауға көмектесу, зейінін дамыту.*<br>***Жабдық:*** *қауіпті заттар бейнеленген суреттер.*<br>*Ересек адам жұмбақ жасайды, ал балалар болжап, сәйкес суретті табады. Ересек адам ойлануды және айтуды сұрайды, бұл заттар неге қауіпті? Балалар әр заттың қандай қауіп төндіретінін айтады.*<br>**Жұмбақтар**<br>Екі басы дөңгелек,<br>Екі ұшы сүйір,<br>Қиғанға үйір. (Қайшы)<br>Көгілдір түсі бар,<br>Тас балқытар күші бар. (Газ)<br>Тоққа тисе мұрты ұзын,<br>Табанымен жазық. | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br>**Саусақ жаттығуы "Топ, топ добым, домалақ".**<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>- Бір, екі, - деп, екі ұрдым, -<br>Шатырға сен секірдің<br>Үш, төрт, бес, - үлгердім<br>Ішіне ендің гүлдердің.<br>Алты, жеті, - дегенде,<br>Жеттің шоршып еденде.<br>Сегіз, тоғыз, он - дедім<br>Сайға сырғып жөнелдің<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>**"Кім көбірек біледі?" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>*Бағдарламалық мазмұн:* Музыкалық аспаптар | ***«Мақтау сөздер айту»***<br>*Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.*<br>*Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.*<br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>***Ұлттық ойын: «Тымпи»***<br>*Ойынға қатысушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Ойынды жүргізуші: «Ал ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» деп бұйырады. Бұдан кейін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>. ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»*<br>*Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.*<br>*https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index* | ***Жыл мезгілдері".***<br>Мақсаты.<br>Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | Киімдердің қыртысын,<br>Береді тез жазып. (Үтік)<br>Өткір жүзді келеді,<br>Өте қажет құрал ол.<br>Тұтас затты бөледі,<br>Ұсақтап та тұрар ол. (Пышақ)<br>Тоқпаққа тоямын,<br>Онсыз аян жүрмесім.<br>Біріктіріп қоямын<br>Екі заттың іргесін.(шеге)<br>Олар кесуді өте жақсы көреді,<br>Кесіңіз және кесіңіз.<br>(Қайшы)<br>Мен үндемегім келмейді –<br>Түртуге көп мүмкіндік беріңіз!<br>Және күн сайын қағып тұрады<br>Оның темір басы бар.<br>(Балға) | туралы білімді кеңейту және бекіту (сыртқы түрі, дыбысталуы, атауы).<br>*Ойын материалы:* балалар алдыңғы музыкалық сабақтармен бұрыннан таныс түрлі музыкалық аспаптардың суреттері бар карталар.<br>*Өткізу әдістемесі:* Жүргізуші (мұғалім де, бала да болуы мүмкін) карталарды араластырады және ойыншыларға бір-бірден көрсетіп: "Бұл не?". Онда не суреттелгенін бірінші болып дұрыс атаған адам өзіне карта алады. Ойын карталар аяқталғанша жалғасады. Көп карточкаларды жинаған адам жеңеді.<br>**(музыка)** | *бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Мұнда жүргізуші ғана сөйлеуге ерікті. Жүргізуші әзілкеш, күлдіргі болуы керек. Ол әзіл-қалжың сөздерді айтып немесе күлкілі іс-қимылмен қалай да біреуді күлдірудің амалын жасайды. Қалжың жыр да айтады. Бұл жерде тек қалжың өлеңге қатысушылардың атын қосып, шамдандырмау керек. Жаңылыстыру үшін неше түрлі сұрақтар қойып, көздеріне төнеді. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Айыпты өлең айтады, ән салады не би билейді.*<br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>**"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуге үйрету.<br>**(математика негіздері)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)**<br>1."Секіртпені соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіпті қолмен ең шетінен ұстау.<br>1-секіртпені қолмен ең шетінен ұстап, қолды алға созу.<br>2-жоғары көтеру, 3- кеуде тұсына әкелу. 4- б.қ. келу.<br>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстап, қолды жоғары көтеру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1-оңға еңкею.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>3-солға еңкею.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.<br>1-2- тізені алшақ, секіртпемен қолды жоғары көтере сәл отыру.<br>2-бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.<br>1-3-артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты өтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға,жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалыпқа келу.<br>5. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстап, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1-заттарды аттап жүру.<br>2-секіртпемен еркін секіру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге  және жарықты үнемдеуге үйрету*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету,  тіл дамыту, көркем сөзді қайталау)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер»***<br>*Ойынның мақсаты: адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу.*<br>*Педагог өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың* | "Күз" туралы жұмбақтар шешу.<br>*«Күз» зияткерлік картасын модельдеу негізіндегі сөздік жұмыс.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | "Күз" туралы тақпақтар жаттау.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру* | "Күз" тақырыбына байланысты мнемотехникамен жұмыс жасау.<br>Балалар суретке қарап сөйлемдер толық мәтінді құрастырады.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | Мозаика<br>Мақсаты.<br>Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**(математика негіздері, танымдық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады. (адалдық әліппесі)* | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері** "Біз нені үйрендің, нені білдік?" **Міндеттері:** 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру. 2. Тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Білімге деген қызығушылықтарын арттыруарқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі** "Менің Отаным - Қазақстан. [А], [Ә] дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".Балаларды "А-Ә" дыбыстарымен, "А а - Ә ә" әріптерімен таныстыру. "А-Ә" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. "А-Ә" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "А-Ә" дыбыстары кездесетін сөйлем | **Сауат ашу негіздері** "Дауыссыз дыбыстар"**Міндеттері:** 1. Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. 3.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** Мен 5-ке дейін санаймын (қайталау) **Міндеттері:** 1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; заттарды санау; 5 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу тілін, зейінін, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **Математика негіздері** 6 саны және цифры **Міндеттері:** 6 санымен және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Салауатты өмір салтына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Қазақ тілі** "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Балаларда "күз", "жапырақтың түсуі" ұғымдарын; "алтын күз" туралы түсініктерін одан әрі дамыту; "ғ" әрпімен және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғатқұбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың "күз" тақырыбында | **Математика негіздері** 6 саны және цифры **Міндеттері:** 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Еңбекқорлық пен танымдық іс- әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу **Тіл дамыту** Күзгі жапырақтар **Міндеттері:** Дауысты дыбыстардың ерекшелігін түсіндіру. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br><br>Күз мезгілі туралы сұрақ-жауап Ақын Қуандық Шаңғытбаев табиғат тақырыбына көптеген өлең жазған. Сол өлеңдерінің бірі – «Күзгі жапырақтар». – Өлең шумағын зейін салып тыңдасаңдар, күзгі бақтың қандай керемет екенін сезінесіңдер. Күзгі жапырақтар Алтын, сары, қызыл, көк – Алуан-алуан жапырақ. | **Сауат ашу негіздері** "Дауыссыз дыбыстар"**Міндеттері:** 1. Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. 2. Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. 3.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **Музыка** "Күз қазан" Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру. **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру** "Көкөністер" тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Заттардың пішіндеріне, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Денеқабілетін дамыту<br>**Міндеттері:** а) Беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдікті сақтауға үйрете түсу, дене бітімі ақауларының алдын алу. Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу.<br>ә) Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіруді бекіту.<br>б) Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер<br>а) Отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту.<br>ә) «Отбасылық мерекелер», «Отбасылық дәстүрлер» | Ұқыптылыққа тәрбиелеу, жол ережелерін сақтауға әдеттендіру<br>**Тіл дамыту**<br>Отбасының күзгі еңбегі<br>**Міндеттері:**<br>Күзгі бақшадағы еңбекпен таныстыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.<br>Мейірбандыққа тәрбиелеу.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?<br>– Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер?<br>– Күз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиін жаңғақ жинаса, кірпілер ініне саңырауқұлақ тасып алады. – Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді? Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді. Мысалы: егін жинайды, бау-бақшадағы жұмыс түрлерін атқарады т.б.<br>**Суретпен жұмыс**<br>**Педагог күз мезгілінің суреті бойынша балаларға әңгіме құратады. Отбасымен еңбек етіп жүрген отбасытуралы сұрақ-жауап.**<br>*Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу*<br>**Сергіту сәті**<br>Шөп үстімен жүреміз: сырт-сырт, Тас үстімен жүреміз: тырс-тырс. Шалшық сумен жүреміз: шолп-шолп,<br>Қара жолмен жүреміз: топ-топ.<br>Педагог жаттығуды қимыл-қозғалыс арқылы орындатады.<br>– Сөйлеу үшін бізге қандай мүшелер көмектеседі? (Тіл, ауыз, онсыз түсінісу өте қиын)<br>Педагог бір баланы тақтаға | интеллектуалды карта құра білуін дамыту, "күз" ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркем сөзді қолдануға бейімдеу.<br>**Музыка**<br>"Кел, ән тыңдайық!"<br>Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын пысықтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>Бір аптада<br>**Міндеттері:**<br>Ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру.<br>Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.<br>**«Ыстық лебіз» әдісі**<br>Балалар бір-біріне жақсы тілектер айтады.<br>– Бір аптада неше күн бар?<br>Балабақшаға неше күн келесің?<br>Неше күн демаламыз?<br>**– Бүгін ақын Әдібай Табылдының «Бір аптада» деген санамақ өлеңімен танысамыз**<br>(мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: қыратта – ауылдың сыртында клуб – | Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап. Күншуаққа маужырап<br>Жатыр еді атырап.<br>Ағаштардан жамырап<br>Ұшты кенет жапырақ.<br>Ой, алақай, тамаша,<br>Шашу шашты жапырақ.<br>Бақтың іші алаша,<br>Аунар ма еді жатып ап<br>**Сергіту сәті**<br>– Балалар, бүгін дауысты дыбыстардың ерекшеліктерімен танысамыз.<br>– Қазір есікті қағайық.<br>Не естідіңдер?<br>– Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады).<br>– Ненің дыбысын естідіңдер?<br>– Дыбыстар бірдей болып шықты ма?<br>– Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып, әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап, қысылып айтылады. «А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандай кедергісіз, ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: а, ә – дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады.<br>Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіреді<br>**Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?»** Шарты: әрбір жапырақты өзі өсетін ағашына апарып ілу.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суретке қарап, әңгіме құра.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында шығармашылық іс- | бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.<br>Көкөністердің суретін салу барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты бере білу;<br>Өз жұмысының нәтижелерін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**(сурет салу)**<br>Пішіндері әртүрлі таныс көкөністерді оларға тән ерекшеліктерді беру арқылы мүсіндеуге үйрету; қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.<br>Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіру және ойлау қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту; балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу<br>**(мүсіндеу)**<br>Балаларды қайшымен жұмыс жасау техникасын жетілдіру;<br>Қағаздан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.Қайшымен жұмыс жасау барысында қауіпсіздік техникасын сақтауға дағдыландыру; күз мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу іскерліктерін дамыту**.**<br>**(жапсыру)**<br>Құрастыру бойыншақалдық материалмен жұмыс істеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымымен таныстыру. Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын түсіндіру. б) Отбасылық дәстүрлерді қастерлеуге баулу. | шығарады, топтағы балаларға естіртпей оған тапсырма береді. Ол бала картоп қазып жатқан, алма теріп жатқан, қияр, қызанақ жинап жатқан адамның қимыл-қозғалысын келтіреді. Қалған балалар оның не істегенін табады. Бұдан балалар сөзсіз, қимылмен түсіну қиындау екенін біледі, сөздің маңыздылығын түсінеді.<br>– Әңгіме айту үшін сөз керек. Сөз дыбыстан құралады. Әңгімелесу арқылы бірбірімізбен қарым-қатынас жасаймыз.<br>**«Сөйлемей көрейікші» ойыны** Үндемес ойыны ойналады. Педагог: «Орындарыңнан тұрыңдар», – деп ымдайды. – Міне, балалар, қимылмен шамалап келтіргенмен, толық еңбек қозғалысын ашып жеткізе алмаймыз. Сондықтан да сөйлеу тілі өте маңызды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1. Жемістер мен көгөністерді ата. Тек жемістерді боя.<br>2. Көгөністерді ұқсас пішіндермен сызып қос. * Көгөністерді ата, буынға бөл, неше буын бар?<br>Кейбір сөз ұзақ дыбысталады, кейбіреуі қысқа дыбысталады. Қысқа сөзде дыбыс аз болады, ал көп дыбыс ұзақ сөзді құрайды. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Қалай спортшы болуға болады?<br>**Міндеттері:**<br>а) Екпінмен жүгіріп келіп, 25 | кино, мультфильм көретін орын Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Санамақ қалай аталады? Саған ұнады ма?<br>– Апта күндерін атайық. Аптаның әр күнінде немен айналысамыз?<br>– Демалыс күндерін қалай өткізесің?<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Бір аптада» санамағын эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды.<br>Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттерді қара. Бір аптада неше күн бар? Балалар аптаның әр күнінде не істегенін айт.<br>2. Әр дөңгелектегі алманы сана. Тиісті цифрмен сызып қос.<br>3. Жұмбақты шеш. Бір ұяда жеті жұмыртқа. (Апта күндері)<br>4. Құстарды санап, санын айт. Үзік сызықтарды бастырып сыз.<br>Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**Дидактикалық ойын: «Апта күндері»**<br>(баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: тақтаға апта күндерінің суреті ілінеді. Осылардың ішінен демалыс күндерін табады.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? | әрекет, бейнелеу іс-әрекетті кіріктіру.<br>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Күзгі жапырақтардың суретін түрлі әдістермен (дәстүрден тыс) салу, мүсіндеу,жапсыру.<br>Құрастыру іс-әрекетінде себетті құрастыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Менің сүйікті жануарларым<br>**Міндеттері:**<br>а) Өзін айнала бұрылып секіруге үйрету (аса жоғары емес). Аяқтарын бүгіп, екі аяқ ұшымен еденнен (жерден) итеріле білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>ә) Әртүрлі бағыт және қырқынмен қолды қадамдарымен үйлестіре қозғап жүгірулерін жетілдіру. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанның көмегімен төрттағандап еңбектеуге жаттықтыруды жалғастыру; талдап ойлау, қабылдау, үйлесімді қозғалу қабілеттері және жалпы шыдамдылық секілді дене сапаларын дамыту.<br>б) Экологиялық мәдениетке, ұйымшылдыққа, психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Оттыңпайдасымен зияны<br>а) Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру.<br>ә) Өз іс-әрекетін қорытындылау, | кезінде өз іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, мақсатты түрде жұмыс істей білу, дербестік пен шығармашылықты көрсету; балаларға қалдық материалдарды (әртүрлі пішіндегі жапрырақтарды салуға қораптарды) әртүрлі заттарды жасай білуге үйрету, дайын пішінді және ұсақ бөлшектер үшін әртүрлі материалдарды шебер қолдануды жалғастыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу<br>**(құрастыру)**<br>**Көркем әдебиет**<br>Меніңойыншықтарым<br>**Міндеттері:**<br>Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу. Сөздік қорын байыту.<br>Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Ойыншықпен ойнаймыз,<br>Шынығамыз, өсеміз.<br>Жылдан-жылға бәріміз<br>Үлкен болып келеміз.<br>– Балалар, балабақшада, үйде немен ойнайсыңдар?<br>– Тобымызда қандай ойыншықтар бар?<br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»**<br>(баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | см биіктікте ілінген затқа қолын жоғары көтеріп секіріп тигізуге үйрету; аяқтың итерілу күші мен қолды сермеу қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Үзіліссіз баяу жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>ә) Алақан мен тізеге таянып, гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді жетілдіру. Сапты бұзбай және бағыттарын сақтап, қайта сап түзеп жүруге жаттықтыру.<br>б) Ептілік, өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту; спортқа деген ынталарын, салауатты өмір сүруге деген жақсы әдеттерін тәрбиелеу. | Өлең қалай аталады?<br>– Сен апта күндерін қалай өткізесің? Қай күндері демаламыз?<br>Балаларды мадақтайды. | шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту.<br>б) Өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, ұқыпты болуға тәрбиелеу. | табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.<br>Слайд арқылы ойыншық түрлері көрсетіледі. Балалар ойыншықтарды ажыратып, атын атайды. Үлкен, кішілігін салыстырады.<br>– Бүгін біз ойыншық туралы әңгімелесеміз. Ол үшін ақын **Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» өлеңін тыңдап** көріңдер.<br>Педагог өлеңді оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: құлын – жылқының жас төлі құлыншақ – кішкентай құлын ұрыншақ – бір жерін жарақаттап алу Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең ұнады ма? Авторы кім?<br>– Өлеңде қандай ойыншықтар туралы сөз болады?<br>– Сенде қандай ойыншықтар бар?<br>– Саған қандай ойыншық ұнайды?<br>– Мынау – құлыншақ.<br>Ол жылқының төлі. Құлынды еркелетіп, құлыншақ деп атаған. Құлыншақтың түсі қандай?<br>– Сен құлыншақты қайдан көрдің? Құлыншақты сипаттап бер. «**Белсенді суреттер» ойыны**<br>Балаға бір ойыншықтың суреті көрсетіледі. Ол суреттегі ойыншықты ым-ишара, пантомима әдісімен бейнелейді. Қалған балалар жасырынған бейнені табады.<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Менің ойыншықтарым» өлеңін екінші қайтара оқиды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *Мнемокестедегі суреттерді атайды.*<br>– Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттаймыз. Балалармен қайталап, өлеңді бірге жаттайды. 2-3 балаға өлеңді жатқа айтуды ұсынады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Әр вагонда қандай ойыншықтар бар? Суреттегі өзіңе ұнаған ойыншықты сипатта.<br>2. Не артық? Белгіле. Балалар тапсырма бойынша артық зат – кітапты тауып, белгілейді.<br>3. Үлкен және кіші доптың суретін аяқтап сал. Боя.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Саған бүгін қандай ойыншық ұнады? Балаларды мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Бұлттарды бақылау**<br>*(экологиялық мәдениет дағдысы,*<br>*қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру.<br>***Экологиялық міндет:***жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа-райы қандай? | **Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады).**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>**Мақсаты:** балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену.<br>***Экологиялық міндет:***<br>экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не | **Бұлттарды бақылау (бұршақ қалай пайда болады)**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>**Мақсаты:** балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны | **Жаңбырды бақылау**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту<br>Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса -жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса- | **Суды бақылау**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: балалармен суды ұқыпты ұстау туралы есте сақтау.<br>**Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".**<br>Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз.<br>**Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Жұмбақ**<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт)<br>**"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, | болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>**Көркем сөз**<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br>**"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br>Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.<br>Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш | ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>***Экологиялық міндет:*** судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>**Көркем сөз**<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>**Қимылды ұлттық ойын: «Тышқан мен мысық»**<br>Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдықққа үйрету.<br>Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқан мен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді. К\құралдар: мысық, тышқан бетперделері.<br>***Еңбек: гүлзарларды суару.***<br>*Мақсаты: ересектергекөмек көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету.*<br>**"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы.** | тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жауыуы мүмкін –бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне көшер ме?<br>**Жұмбақтар:**<br>Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр)<br>Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай)<br>***Мақал-мәтел:***<br>*Жаңбыр жауса – жер ырысы.*<br>*Еңбек: қолөнерге арналған жағалаулардан қызықты малтатастарды жинау.*<br>Мақсаты: ортақ мақсат үшін саналу жұмыс істеуге үйрету.<br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа | қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты.<br>Қорытынды.<br>- Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез-келген түске оңай бояуға болады)<br>***Көркем сөз***<br>*Самал жел, бізді желдетші,*<br>*Күн нұры, бізді жарқырат.*<br>*Таза ауа, дем берші,*<br>*Мөлдір су, бізді салқындат.*<br>**Дидактикалық ойын "Батады-батпайды"**<br>Мақсаты:заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>**"Су қандай?" —** балалар суды сипаттайды.<br>Мақсаты:салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br>**"Сумен ойындар" -** үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, қуыршақтарды жуындырады және т.б.<br>**Еңбек: ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру.**<br>*Мақсаты: Суды үнемді пайдалануға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.*<br>**"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолдарын босатады, демалады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына карату керек.<br>Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды.<br>*Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.*<br>Мақсаты: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр".**<br>Мақсаты: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші "Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (мысалы, бөренелер, орындықтар, сатылар). Тәрбиеші "Күн шықты!" | рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.<br>***Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі.***<br>*Мақсаты: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.*<br>***Ұлттық ойын Ақсерек-көксерек.***<br>*Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.*<br>*1-ші топ. Ойынды бастайды*<br>*Ақсерек-ау ақ серек*<br>*Бізден сізге кім керек.*<br>*2-ші Ақсерек –ау ақ серек*<br>*Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек*<br>*Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.*<br>**Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:** жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, екі аяқпен, бағытты өзгертіп, секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіру жолы бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).<br>Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.<br>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады.<br>**"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>Мақсаты: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын | бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз.<br>**"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыс**та көрсете білу.**<br>**Еркін ойындар.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (мысалы, тек қана секіру, тек артпен жүгіру, т.б.)<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | | | тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар. | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау.<br>Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарам**ын қарымын.**<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу,<br>Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сә**ні бар.**<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>**Тыныс алу жаттығуы:** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тұр).**<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады. | Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>**Көркем сөз**:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады. | жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркем сөз**<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз. | үшін түзету жаттығулары.<br>**«Ұшақ» жаттығуы.**<br>Мақсаты: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын.<br>Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық! | сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>**Көркем сөз**<br>Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Ендіояндыңдар, төсектен тұрыңдар. |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Шығармашылық іс-әрекет**<br>"Себет толы көгөніс пен жеміс" тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Көкөніс пен жемістерді салу, мүсіндеу, көкөністер мен жемістердің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты бере білу;<br>Құрастыру іс-әрекетінде | **"Кім көбірек біледі?" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>*Бағдарламалық мазмұн:* Музыкалық аспаптар туралы білімді кеңейту және бекіту (сыртқы түрі, дыбысталуы, атауы).<br>*Ойын материалы:* балалар алдыңғы музыкалық сабақтармен бұрыннан таныс түрлі музыкалық аспаптардың суреттері бар карталар.<br>*Өткізу әдістемесі:* Жүргізуші (мұғалім де, бала да болуы мүмкін) карталарды | *Ертегі*<br>*«Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа»*<br>**Шығармашылық жұмыс:**<br>" Табиғат құбылыстары " тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын: «Кішкентай сатушы».**<br>*Мақсаты: балаларды сатушы* | **Вариативтік компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>**Алтын күз**<br><br>Шығармашылық іс-әрекет<br>«Мен өнерпаз балдырған»<br>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Көкөніс пен жемістерді салу, мүсіндеу, көкөністер мен жемістердің суретін салу, мүсіндеу, жапсыру барысында дөңгелек пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты бере білу; | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br><br>***Ойын:***<br>***«Мен еңбекқор баламын».***<br>*Шарты: балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып,допты басқа балаға лақтырады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | себетті құрастыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дүкен»***<br>*Мақсаты: • Балаларды ақшамен таныстыруды жалғастыру;*<br>***• Ақшаны еңбектің арқасында табылатынын түсіндіру;***<br>*• Сатып алу, төлеу, қайтарым алу дағдыларын үйрету;*<br>*• Дұрыс таңдау жасауға баулу.*<br>*Қажетті құралдар: • Ойыншық ақша (қағаз, тиын түрінде);*<br>*• Сөрелер (кітап, нан, жеміс-жидек, сүт, ойыншық, дәптер);*<br>*• «Баға кестесі» (мысалы: нан – 2 теңге, сүт – 3 теңге, ойыншық – 5 теңге).*<br>*Ойын барысы*<br>***1. Рөлдерге бөлу***<br>*• Сатушы; • Сатып алушылар; • Кассир (ақша қабылдайды).*<br>*2. Сатып алу процесі*<br>*• Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған нан беріңізші.»*<br>*• Сатушы: «Нан – 2 теңге.»*<br>*• Сатып алушы ойыншық ақшасын береді.*<br>*• Кассир ақша қабылдайды, қажет болса қайтарым береді. 3. Қателік табу Кейде* | араластырады және ойыншыларға бір-бірден көрсетіп: "Бұл не?". Онда не суреттелгенін бірінші болып дұрыс атаған адам өзіне карта алады. Ойын карталар аяқталғанша жалғасады. Көп карточкаларды жинаған адам жеңеді.<br>**(музыка)**<br>**Дамытушы ойын.**<br>"Сынық телефон".<br>Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады.<br>Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.<br>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.<br>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.<br>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.<br>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға | *ойынымен таныстыра отырып, қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың сапасын, көлемін қарау, көзben көріп ойлауды) қалыптастыру.*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсаты. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады.<br>Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б..<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,** | Құрастыру іс-әрекетінде себетті құрастыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжеттік ойын: «Автобус»***<br>*Мақсаты: • Балаларды қоғамдық көлікке міну ережесімен таныстыру; • <u>Билетке ақша төлеу арқылы қаржылық сауаттылықты дамыту.</u>Құралдар: орындықтар – «автобус», ойыншық ақша, «билет». Ойын барысы: • Балалар автобусқа мінеді. • Жүргізуші: «Автобус билеті – 1 ақша». • Балалар билет сатып алып, орындарына отырады. • Тәрбиеші сұрайды: «Барлық ақшаны бірден жұмсап қоюға бола ма? Басқа не үшін керек болуы мүмкін?»*<br><br>***Ұлттық ойын: «Сақина тастамақ»***<br>Ойын шарты: Балалар дөңгеленіп екі-екіден қатарласып отырады. Ойын бастаушы адам ортаға шығады, оның қолында сақинасы болуы тиіс. Ол сол сақинаны бір шеттен бастап қолдан-қолға жүгіртіп, отырғандардың біреуінің алақан ына салуы керек. Алақанына сақина түскен адам мұны жанындағы көршісіне білдірмейді. Осыдан кейін ойын бастаушы ортаға шығып, "бір, екі, үш, сақинам ұш" дейді. Сонда сақинасы бар адам жанындағы көршісіне сездірмей орнынан шапшаң ұшып тұруы керек. Егер ол кезінде тұра алмай, көршісіне өзін ұстатып қойса, айып тартады. Ал, керісінше көршісі оны ұстай | **Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>"Мектеп".<br>Мақсаты. Адамның білім алуына мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту; тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НӨМІРІ»*<br>*Мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету.*<br>*<u>https://www.youtube.com/watch?v=HBgZoMfOcIE&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index</u>* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *сатушы артық баға айтады немесе сатып алушы жеткіліксіз ақша береді. Балалар оны байқап, дұрысын айтады.*<br>***4. Жалақы түсінігі***<br>*Тәрбиеші: «Сатушының еңбегі үшін дүкен иесі жалақы төлейді. Ол жалақысын үйіне, отбасына, қажет заттарға жұмсайды.»*<br>***Қорытынды***<br>*– Ақша еңбектің арқасында келеді. – Ақшаны дұрыс санау керек. – Ақшаны қажет затқа ғана жұмсаған дұрыс.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | алмаса, өзі айыпты болады. Сол айыбы үшін көпшіліктің ұйғаруы бойынша ән, би, күй немесе басқа бір білетін өнерін орындап береді. Сонан кейін ол алғашқы ойын бастаған адамның орнына тұрып, ойынды қайта жалғастырады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дидактикалық ойындар.<br>"Геометриялық пішіндер".<br>Мақсаты.<br>Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. | Саусақ театры.<br>"Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау. | "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. | ***" Суреттен жұмбақты тап"***<br>*Балаларға қауіпті заттардың негізгі тобын есте сақтауға көмектесу, зейінін дамыту.*<br>***Жабдық:***<br>*қауіпті заттар бейнеленген суреттер.*<br>*Ересек адам жұмбақ жасайды, ал балалар болжап, сәйкес суретті табады. Ересек адам ойлануды және айтуды сұрайды, бұл заттар неге қауіпті? Балалар әр заттың қандай қауіп төндіретінін айтады.* | **Сөздік жаттығу.**<br>"Жаңа сөзді құрастырайық".<br>Мақсаты. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемокарточкалар, түсі ақ карточка.<br>Шарты.<br>Педагог ұсынған мнемокаточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып, атау керек.<br>- Жаңбыр - жаңбырлы.<br>- Шатыр - қолшатыр.<br>- Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.<br>- Аяқ - аяққкиім, аяқтау.<br>- Шаш - шашбау.<br>- Көз - көзілдірік, Аякөз.<br>- Қап - қолғап; қаптау.<br>- Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.<br>- Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Сереуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер.*(экологиялық мәдениет дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту. | Айына бір рет отбасы күнін өткізу. | "Қош келдің, Алтын күз" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру. |

**Әдіскер** Қалдыбек Ж

**Саз жетекші** Баратова Г

**Тәрбиеші** Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **06.10-10.10.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.<br>Әңгімелесу "Баланы еңбекке тәрбиелеу".<br>Психолог кеңесі. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»<br>***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бал денсаулығына  пайдасы»***<br>*Денсаулыққа: • ет тағамдары (бешбармақ, қазы, қарта) – күш-қуат береді, • сүт тағамдары (қымыз, шұбат, айран) – ас қорытуға пайдалы, дәрумендерге бай, • нан тағамдары (бауырсақ, шелпек) – қуат береді.*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Бөлме өсімдіктерін суғару".***<br>*Мақсаты.*<br>*Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдылары, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Орындықтарды жуу".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)***<br>*(Эколгиялық мәдениет дағдысы)* | ***"Ойыншықтардағы тәртіп".***<br>*Мақсаты.*<br>*Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | ***Қ.Р. Әнұраны***<br><br>**"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**"Фигура жаса" қимыл-қозғалым ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Ойын ережелері. Балалар барлық ойын алаңында жүгіреді. Сигнал берілген кезде олар тез орнында тұрып, қандай-да бір қалыпқа келу: шалқайып отыру, қолдарын көтеру | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру*<br>**"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты. | ***Үстел үсті ойыны.***<br>***"Менің елім Қазақстан".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.*<br>*Қиылған облыс, аймақ карталарынан Қазақстан Республикасынын картасын үлгіге қарап құрастыру*<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Көлеңкесін тап".<br>Мақсаты.<br>ЗейініН, ойлау қабілетін, ынтасын дамыту.<br>Балалар жануарлардың көлеңкесін тауып сәйкестендіреді. | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру ***"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.***<br>Мақсаты.<br>Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде келісімді сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына деген қызығушылықты тәрбиелеу. | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*"ҚАУІПТІ – ҚАУІПТІ ЕМЕС"*<br>*Мақсаты: балаларды өмірлік қауіпті және қауіпті емес жағдайларды ажырата білуге үйрету; жағдайдың ықтимал дамуының нәтижесін болжай білу; қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту; өзара көмек сезімін тәрбиелеу.*<br>*Жабдық: өмір мен денсаулыққа қауіпті және қауіпті емес жағдайларды бейнелейтін дидактикалық суреттер жиынтығы; ойын нұсқаларына байланысты әр түрлі түсті (қызыл, ақ және* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарын көтеру т.б.<br>Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді.<br>Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі - жұппен,<br>үш. Сонымен қатар, балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі:<br>тек тұру, төрт аяғымен тұру, отыру т.б.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ТӨТЕНШЕЖАҒДАЙКЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»*<br>*Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру.*<br>*Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету.*<br>*Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.* | Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**"Арқан тарту" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты:ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; күш-жігерін дамыту, шыдамдылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Үйдегі қауіпсіздік ережелері»*<br>*Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды жалғастыру:*<br>*Үшкір заттарды қолданбау, электр қуатын пайдаланбау, терезеден қарамау, су қолмен эктртоғын ұстамау т.б (суреттермен жұмыс, таныстыру, көрсету)* | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>**Саусақ жаттығуы .**<br>Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап)<br>Қайда болдың?<br>Мынау үлкен iнiммен (сұқ саусағын ашады)<br>Орманда болдым бүгiн мен.<br>Ал мына бiр iнiммен (ортаңғы саусағын ашады)<br>Ас пiсiрдiм бүгiн мен.<br>Одан кейiнгi iнiммен (аты жоқ саусағын ашады)<br>Ботқа жедiм мен ендi.<br>Ал мына iнiммен (шынашағын ашады)<br>Айттым ән мен өлеңдi.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді.<br>Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>**«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану.<br>**(музыка)** | *сары)*<br>*карточкалар. Суреттердің мазмұны: бала баспалдақпен көтеріледі, кітап оқиды, биіктіктен секіреді, ауа райына сай киінбейді, басқаларға жөтеледі және т.б.*<br>*Балалардан өмір мен денсаулыққа ұсынылатын (көрнекі немесе ауызша) жағдайдың қауіптілік дәрежесін анықтауды, қауіптілікке байланысты белгілі бір карточканы көтеруді, дидактикалық суреттерді дұрыс орналастыруды сұрайды.*<br>*Тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдағаннан кейін балалар қызыл қағаз көтереді, егер қауіп төнсе, сары қағаз — егер қауіп белгілі бір мінез—құлықпен туындауы мүмкін болса, ақ қағаз - егер қауіп болмаса. Балалар бір-біріне кедергі жасамауы керек, қажет болған жағдайда жолдастарының жауаптарын толықтыруы, кеңестерді ұсынбауы және пайдаланбауы керек.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) (дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы асқа дайындық<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>***«Судың тамшылары»***<br>*Мақсаты: суды бағалауды үйрету.*<br>*Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.*<br>*Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br>**Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.**Тұрманжанов**<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **Ойын-эстафетаға негізделген сөздік жұмыс.**<br>**«Көгөністер-жемістер».**<br>Мақсаты.Көгөністер мен жемістерді ажырату және жіктеу дағдыларын бекіту.<br>Балалар көгөністер мен жемістерді көрнекі түрде ажыратады, ал атаулар ұмытылуы мүмкін, сондықтан сөздікті белсенді ету маңызды.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | ***«Күй күмбірі»***<br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br><br>**«Көгөністер».**<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **Буындардан сөз құрау.**<br>**«Сөз ойла, тез ойла».**<br>Бұ - лақ,  ұ - шақ, құ - лақ, құр - дас, құ - шақ, құр - ба - қа, ү - кі, үй - рек.<br>Жұмбақтар жасыру, жаңылтпаштар айту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | ҚР Рәміздері туралы әңгімелесу.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дауыссыз дыбыстар"<br>**Міндеттері:** 1. Дауыссыз дыбыстарды басқа | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға | **Математика негіздері**<br>7 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен | **Математика негіздері**<br>8 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8- | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстар әлемі"<br>**Міндеттері:** 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | дыбыстардан ажыратуға үйрету.<br>2. Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>3.Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Жыл мезгілдері. Алтын күз. [О], [Ө] дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".Балаларды "О-Ө" дыбыстарымен, "О о - Ө ө" әріптерімен таныстыру. "О-Ө" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "О-Ө" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "О-Ө" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "О-Ө" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.<br>Мейірімділікке,үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күз қабілетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Табиғатты | жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.<br>2. Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>3.Ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>7 саны және цифры<br>**Міндеттері: 7** саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету, заттарды санаудағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Шаштараз<br>**Міндеттері:**<br>Түбірлес сөздердің мағынасын түсіндіру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>– Балалар, таза, ұқыпты деп қандай баланы айтамыз? – Енді ұқыпты бала дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы.<br>– Өзіңді қандай балаға жатқызар едің?<br>Педагог балаларға түбірлес сөздер туралы мағлұмат береді.<br>– Түбірлес сөздер деп түбірі бірдей сөздерді айтамыз.<br>Мысалы: талап – талапты, талапсыз; | сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру.<br>Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Еңбекқорлық пен танымдық іс-әрекетке деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Менің балапандарым қайда?"<br>Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білуге пысықтау.<br>**Қазақ тілі**<br>"Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."Балаларды [ұ], [ү] дыбыстары, Ұ ұ және Ү ү әріптерімен таныстыру. Ұ және Ү әріптерін ауада жазып көрсету, [ұ], [ү] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбыстарды естуді, бір-бірінен ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұ және Ү дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) табуды үйрету, [ұ], [ү] дыбыстары кездесетін сөйлемді ойлауды, сөзге мысал келтіруді, сол сөздерді | ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>«Ең тәтті нәрсе»<br>**Міндеттері:**<br>Дауыссыз дыбыстар жайлы түсінік беру.Сөздік қорын дамыту.<br>Жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Педагог өзі жинап әкелген күзгі жапырақтарды балалардың қолына бір-бірден таратады. – Жақсы сөз айтып, жапырақты мына құмыраға саласыңдар.<br>Балалар бір-біріне жақсы сөздер айтып, жапырақтарды құмыраға салады.<br>– Дыбыстар – дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып екіге бөлінеді.<br>Дауыссыз дыбыстарды атайық: в, п, с, т, ш, м.<br>Дауыссыз дыбыстар аузымыздан кедергіге ұшырап шығады. Осы айтылған дауыссыз дыбыстарды айнаға қарап, бірге қайталаңдар.<br>**Педагог ақын Қадыр Мырза Әлидің «Ең тәтті нәрсе» ертегісін** тыңдауды ұсынады.<br>Мәнерлеп оқып береді<br>**Сергіту сәті**<br>Педагог ертегіні тағы бір рет тыңдап, есте сақтап қалуды ұсынады.<br>– Кәне, кім ертегінің мазмұнын айтып береді? (3-4 баладан | ажыратуды үйретуді жалғастыру.<br>2. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру.<br>Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Бауырсақ"<br>Балаларды күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Бидай алқабы"<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді таңдау. Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту;<br>(сурет салу)<br>Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, тышқанның (бидай кемірген тышқан) мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды сәйкес таңдай білу және сәйкестендіріп қолдану қабілеттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Дене қабілетін дамыту<br>**Міндеттері:**<br>а) Беті сүргіленген бөрененің үстімен оң-сол жанына қарай қырындап жүріп өтуде тепе-теңдікті сақтауға үйрете түсу, дене бітімі ақауларының алдын алу. Бір-бірден тізбекпен жүгіру кезінде аяқтары мен қолдарының қимылын үйлестіруге жаттығу.<br>ә) Жүгіріп келіп, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп екпінмен биіктікке секіруді бекіту.<br>б) Кеңістікті бағдарлау, күштілікті дамыту. Спортқа құлшынысын жалғастыру. Ұйымшылдыққа, өз бетімен әрекет ете алуға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ең жақын адамдар<br>а) Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру.<br>ә) Балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. б) Жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру. | өсір – өсіру, өсірмеу;<br>өнер – өнерлі, өнерпаз;<br>кітап – кітапхана, кітапша;<br>ойын – ойыншы, ойыншық, ойна;<br>бала – балақай, балалық, балақан;<br>бота – ботақан, ботагөз. – Балалар, енді өздерің түбірлес сөздер құрастырып көріңдерші.<br>– Балалар, мен жұмбақ жасырамын, тапқан жауаптарыңа түбірлес сөздер құрастырып беріңдер.<br>***Жұмбақтар:***<br>Ертемен күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең,<br>Кетіп кір, ласың,<br>Тап-таза боласың.<br>Бұл не? (Сабын)<br>Шомылған баланы<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолын да,<br>Сүртеді жонын да. Бұл не? (Сүлгі)<br>– Балалар, мен ақын **Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз»** өлеңін оқып беремін. Өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар.<br>**Шаштараз**<br>Ұжымшарға жаңадан<br>Келген еді шаштараз.<br>Өзі сондай таза адам,<br>Өсіп кеткен шашқа араз.<br>Кім бөлмесе көңілін,<br>Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім,<br>Соны ұнатпас шаштараз.<br>Ал ұқыпты баланы<br>Өте жақсы көреді.<br>Шашын сәндеп алады,<br>Жұпар сеуіп береді.<br>*Шаштаразшының еңбегі туралы суреттер қарау, әңгімелеу* | қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, байланыстыра сөйлеуді үйрету, ойын тиянақты жеткізуге тәрбиелеу. Төзімділік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемі және таза жазуға дағдыландыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа<br>**Міндеттері:**<br>Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру.<br>Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету.<br>Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>*Педагог жұмбақ жасырады.*<br>Екі басы, жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай.<br>Ол не? (Құмырсқа)<br>– Құмырсқа кіп-кішкентай жәндік, үйір болып, бірігіп тіршілік етеді, тынбай жұмыс жасайды.<br>– Бүгін біз осы құмырсқа туралы **Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа» әңгімесімен танысамыз.**<br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: қауыз – бидай дәнінің босап қалған сырты илеу – құмырсқаның баспанасы<br>Сұрақ-жауап:<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Жалқау егінші егінді қайда егіпті? Содан кейін не істеп жүріпті?<br>– Еңбекқор құмырсқалар жерге түскен дәндерді қайда әкетті? | сұрау)<br>**Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да атын айт»**<br>Шарты: жануарлардың қиынды суреттері ішінен біреуін таңдап алып, атын айтады және оның жүрісін салып береді.<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс**<br>• Ертегі кейіпкерлері нені ұнатады? Сызып қос.<br>Жаңылтпашты жаңылмай айт. Педагог жаңылтпашты қайталату арқылы балалардың тілін жаттықтырады. Қай тай лақтай, Қай тай бармақтай?<br>– Балалар, дыбыс түрлерін білдіңдер, әркімге өзі ұнатқан нәрсесі тәтті екенін түсіндіңдер. Ал сендер үшін өмірде не тәтті? Педагог осындай сұрақтар қою арқылы іс әрекетті қорытындылайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз әртүрлініз<br>**Міндеттері:**<br>а) Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру. Бір қатарға қойылған заттар арасымен доптарды домалатып алып жүру дағдыларын бекіту.<br>ә) Саусақтарымен допты ширақ домалату шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Гимнастикалық орындық үстімен етпетінен жатып еңбектеуге жаттықтыруларын жалғастыру, қолдарын ширақ бүгіп, денесімен тартылу, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын және қол бұлшық еттерін дамыту.<br>б) Бір-бірімен жылы қарым- | қалыптастыру; баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту; жан-жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу. (мүсіндеу)<br>Балаларды қайшымен жұмыс жасау техникасын жетілдіру; Елестету бойынша бидайға арналған қапты қию және оларды жапсыру іскерліктерін дамыту.<br>.(жапсыру)<br>Балаларды "квиллинг" әдісімен таныстыру; қағаз жолақтарын орау техникасын үйрете отырып, дайын орамдарды ойдағыдай формаларға келтіре білу қабілетін қалыптастыру; ұжым болып қағазды орау арқылы бидай алқабын құрастыруды үйрету; жолақтарды шымшу, басу, пішінге келтіру арқылы қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру; (құрастыру)<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**Көркем әдебиет**<br>Шаруа мен аю<br>**Міндеттері:**<br>Сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Балпаң-балпаң басады,<br>Қыр-жотадан асады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Тазалық заттарын тауып, балаға сызып қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Доппен ойнап, көңіліңді көтер!<br>**Міндеттері:**<br>а) Допты жоғары лақтырып, еденге түсіп, қайтадан ыршыған допты екі қолмен қағып алуды үйретуді жалғастыру, саусақтарды ашып, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. 5 метр арақашықтыққа допты баспен итеріп, түзу бағытта еңбектеп жүруге жаттықтыруды жалғастыру, кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту.<br>ә) Қолды әртүрлі қалыпта қозғалтып секіруге жаттықтыруды жалғастыру. Қол мен аяқты үйлесімді қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, қол бұлшық еттерін, шыдамдылық пен ептіліктерін дамыту. Көздің көру қабілетінің бұзылуының алдын алу.<br>б) Өмірге деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, өзін қоғам мен балалар ұжымының маңызды бір бөлігі екенін сезіндіру. | – Жалқау егінші оларға не айтты?<br>**Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді»**<br>Тақтаға дақылдардың суреттері ілінеді. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Қай суреттің жоқ екенін табады.<br>Сергіту сәті<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды.<br>– Әңгіме қалай аяқталды? Жалқау егінші: «Жарайды, жинап алған екенсіңдер. Ендігі жылы тұқым керек болса, келіп алармын», – деп, атына мініп, шу деп жүріп кетіпті.<br>Балаларға 1-2 рет қайталатады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша әңгімеле. Торғай не істеді? Құмырсқалар не істеп жүр?<br>2. Ұйқасын тап. Бәрі бірдей жұмысқа Шығатындар ... . (құмырсқа)<br>3. Үзік сызық бойымен бастырып, суретті аяқта.<br>4. Мақалды жаттап ал. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды.<br>– Неге егіншіні еріншек, құмырсқаларды еңбекқор дейміз?<br>– Әңгімеден қандай әсер алдың?<br>Балаларды мадақтау. | қатынас жасай білуге тәрбиелеу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Дәрілік өсімдіктер<br>а) Өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру.<br>ә) Өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту. б) Өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру. | Паналайды үңгірді,<br>Іздемейді тасаны. (Аю)<br>– Балалар, мен сендерге аю туралы қызықты ертегі оқып берейін.<br>**Ертегі «Шаруа мен аю» деп аталады**.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Балаларға ертегіні толық оқып беру (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– Қызылша жер астында жатады, жапырағы жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады.<br>Сөздік жұмысы: шаруа – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам соқа – жер қазатын құрал орман маңы – орманға жақын жер Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?<br>– Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты?<br>– Олар қалай келісті? Шаруа не екті?<br>– Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті?<br>– Аю не нәрсені білмеді?<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте қай ертегі бейнеленген?<br>Шаруа аюға не айтып тұр? Ойыңды білдір. Ертегі арқылы қандай ой түйдің? Ертегі қалай аяқталады? Ертегідегі адам мен аюдың іс-әрекетін салыстыр.<br>2. Суреттегі заттарды ата. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шаруаның құралын қоршап сыз.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Тігіп алып көк шатыр,<br>Қызыл күрең доп жатыр.<br>(Қызылша)<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтайды. – Ертегінің қай кейіпкері ұнады?<br>Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау:**<br>**"Көгөністер - тірі дәрумендер".**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту (көгөністердің атаулары, олардың бөліктері), ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білуге үйрету (иісі, дәмі, сыртқы түрі мен жанасуы бойынша).<br>**Көркем сөз**<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көгөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>- Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны | **Бақылау:**<br>**"Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі".**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: көгөністер мен жемістердің аттарын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»); көгөніс өсірушілер мен бағбаншылардың жұмысының мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту, көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, машиналарды пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың білімдерін нақтылау.<br>Ересектердің көгөніс бақтарындағы, бақтардағы, саябақтардағы жұмысына, көгөністер мен жемістерді ауыл немесе қаланың көшелерімен | **Бақылау: "Азық-түлік дүкеніне саяхат".**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: көгөністер мен жемістер туралы ойларды қорыту, көгөніс дүкеніндегі сатушының жұмысы туралы балалардың ойларын кеңейту. - Біз бүгін витаминді салатқа көгөністер сатып алу үшін көгөніс дүкеніне экскурсияға барамыз.<br>- Балалар, қайсыларың дүкенге аналарыңмен бірге бардыңдар?<br>- Онда не істедіңдер?<br>(Балалардың жауаптары).<br>Педагог балалардан екі-екіден сап түзеуді сұрайды, содан кейін ол балаларға көшедегі жүріс-тұрыс ережелері, жол ережелері туралы еске салады. Педагог бірге балалар дүкенге барады, содан кейін көгөніс | **Көкөніс бақшасындағы жұмысты бақылау**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: арамшөптерден бұрын жас көшеттерді бақылау; бақтағы өсімдіктердің барлығы бірдей емес екендігіне назар аударту, оларды салыстыру, мәдени өсімдіктердің арамшөптері мен көшеттерінің арасындағы айырмашылықты көрсету.<br>- Арамшөп шөптері мәдени өсімдіктердің өсуіне жаман әсер етеді, қоректік заттарды, ылғалды алып, күн сәулесін жауып тастайды.<br>Арамшөптерді тамырымен жұлып, бақшадан алып тастау керек. Не үшін?<br>Арамшөптерді тап. Жердегі барлық өсімдіктер қажет, егер олар адамдарға қажет болмаса, | **Күннің, күн сәулесінің қозғалысын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: жансыз табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылыққа тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; жансыз табиғаттың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Жұмбақ**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай. (Күн)<br>Әсіресе күн жоғары болған кезде ыстық болады. Таңертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығуы мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баптап, көгөністер отырғызамыз. Көгөнісдердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға жаз бойы су құйып, баптайды. Әрбір көгөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып, өседі. Біздің күнделікті жеп жүрген тағамдарымыз - көгөністер сол бау-бақшаның өнімі. Көгөністердің адам ағзасына пайдасы мол.<br>**"Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру.<br>Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.<br>**Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау.**<br>Мақсаты: бақшадағы көгөністерді жинауға ат салысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мадақтау.<br>**"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады, | тасымалдау, оларды дүңгіршектер мен дүкендерде, көгөніс базарларында сату бойынша бақылау жүргізілді.<br>Сабаққа көгөністер мен жемістердің 5-6 түрі дайындалады, көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбек құралдары бейнеленген суреттер жиынтығы, сонымен қатар кейбір ауылшаруашылық машиналары (трактор, қызылша жинайтын комбайн, картоп отырғызушылар және т.б.) дайындалады, көгөністер мен жемістер туралы жұмбақтар.<br>Сабақтың басында педагог көгөністер мен жемістерді балалармен бірге тексереді, балаларды «көгөністер» мен «жемістерді» жалпылауды жіктеуге және түсінуге машықтандырады, олар туралы жұмбақтар ойлап табуға үйретеді.<br>Педагог балалардың көгөністер мен жемістер қайда өсетіндігі және оны кім өсіретіні туралы түсініктерін тиянақтайды: ауыл тұрғындары, көгөніс өсірушілер мен бағбандар оларды қандай өсіретінін анықтайды, мамандық атауы, жұмыс орны (көгөніс бағы, егістік, бақ) туралы білімдерін бекітеді. Көгөніс өсірушілер мен бағбандар үлкен өнім өсіруге тырысып жатқанын баса айтады, олар жақсы және тату жұмыс істейді. Олар өсірген көгөністер мен жемістер қалаға әкелінеді, адамдар оны дүкендерден және базардан сатып алады. Қалада тұратын ересектер мен балалар | бөліміне апарады.<br>- Балалар, біз дүкеннің азық-түлік бөліміне келдік.<br>- Мұқият қарап, дүкеннің осы бөлімінен не сатып алатынымызды айтыңдаршы?<br>Балалар дүкен терезесін мұқият қарап шығады, көгөністер мен жемістерді атайды<br>Дүкеннің осы бөлімінде көптеген түрлі көгөністер сатылады.<br>- Көптеген түрлі көгөністер сататын дүкеннің мұндай бөлімі қалай аталады?<br>- Дәл солай, көгөніс бөлімі.<br>Тәрбиеші: балаларға көгөністер мен жемістерді көрсетеді, балалар көгөністер мен жемістердің аттарын атайды және қысқаша сипаттама береді.<br>Тәрбиеші: - Балалар, дүкенде жұмыс жасайтын, тұтынушыларға қызмет көрсететін адамның кәсібінің атауын есте сақтаңыздар ма?<br>- Дұрыс, бұл мамандық сатушы деп аталады. Сатушы өте қажет жұмыс, қиын, өйткені сатушы әр өнімнің қанша тұратындығын, көгөніс базасынан қанша әкелінгенін білуі керек. Әр өнімді дұрыс өлшеу керек, чекті дұрыс тесіп, ақшаны санау керек. Дүкендер таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, онда әрдайым адамдар көп.<br>Сондықтан, сатушы жұмыс күні қатты шаршайды, ал егер балалар дүкенге анасымен бірге келгенде әлі де қыңырлығып, айқайлап жатса, онда сатушының басы ауырып, есептеу кезінде қате жіберуі | онда құстар, жәндіктер, жануарлар олардың тұқымымен қоректенеді. Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты, әр шөптің жүзі, табиғаттағы әр гүл кездейсоқ емес, бір нәрсе немесе біреу үшін өседі.<br>Қорытынды: арамшөптер отырғызылған өсімдіктердің қалыпты өсуіне кедергі келтіреді.<br>***Жұмбақтар***<br>1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс)<br>2. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз)<br>3. Әр желінің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр)<br>*Эксперименттік іс-әрекет: "Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда не болады?"*<br>Тәжірибенің мақсаты: болашақ егін үшін арамшөптердің рөлін эксперименталды түрде көрсету.<br>Эксперименттің барысы: Балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады.<br>Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек.<br>**"Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс** | бату уақыттарын бақылап отырыңыз. Күн бататын жерді белгілеңіз.<br>**Болжам**<br>-Күн көзі жаз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады.<br>- Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады.<br>- Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны.<br>**Тәжірибе: "Күн сәулесі".**<br>Мақсаты: заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатындығын мысалмен көрсету, яғни оны көрінбейтін жерде көру.<br>***Эксперименттің барысы:***<br>Күн шуақты күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқылаңыз (айнадағы жарық шағылысы). Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар мұғалімнің сөздерінің дұрыс екендігіне тәжірибе арқылы көз жеткізеді.<br>**Еңбек: ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау.**<br>Мақсаты: тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**"Заттарды жылжыту" қимылды ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: ептілікті дамыту.<br>Ойын барысы: жерге 8-10 метр қашықтықта 2-4 шеңбер (диаметрі 50 см) салынады. Бір шеңберге бірнеше түрлі заттар орналастырылған (түйреуіштер, текшелер, ойыншықтар), екіншісі бос қалады. Бала бос шеңберде тұрып, ересек адамның белгісі бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br>***Ұлттық қимылды ойын***<br>***Ат жарыс***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алга»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға аттың  кескін бетпердесі.*<br>**Еркін ойындар.** | дәмді көгөністер мен жемістерді жейді және ауыл тұрғындарына жұмыстары үшін алғыс айтады.<br>**"Бақшаға не отырғызылып жатыр?" дидактикалқы ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез ойлауды, есту зейінін дамыту.<br>Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады».<br>Тәрбиеші: сәбіз.<br>Балалар. Иә!<br>Тәрбиеші: қияр.<br>Балалар. Иә!<br>Тәрбиеші: қызылша.<br>Балалар. Иә!<br>Тәрбиеші: өрік.<br>Балалар. Жоқ!<br>**"Тым-тырақай" ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды.<br>Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, кәнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, санаңдар! | мүмкін. Балалар, мен мұны әрдайым есте ұстауыңызды сұраймын, өтінемін, дүкенде ешқашан шу шығармаңыз және сатушыны жұмысынан алшақтатпаңыз. Әрине, кез келген адам сыпайы және мұқият болған кезде риза болады. Сондықтан дүкеннен тауар таңдауға және сатып алуға көмектесетін адамдарға жылы сөздер айтуды ұмытпаңыз, олар өте риза болады.<br>Балалар сатушыға көрсеткен қызметі мен жағымды байланысы үшін, ал сатушы балаларға сатып алғаны үшін алғыс білдіреді.<br>Тәрбиеші:<br>- Осымен біздің азық-түлік дүкеніне саяхатымыз аяқталды. Біз салатқа қажетті көгөністер сатып алдық. Енді біз балабақшаға оралып, көгөністерімізді асханаға алып барып, кешкі асқа жаңа салат дайындай аламыз.<br>(Тәрбиеші жаяу жүргіншілер ережесін балалармен бірге қайталайды!)<br>***Ұлттық ойын***<br>***«Соқыр теке»***<br>*Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.*<br>*Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ*<br>*Қайда кеткен құлыншақ*<br>*Соқыртеке бақ-бақ*<br>*Мені ізден тап-тап*<br>*Деп тақпақтайды.*<br>*Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке* | **ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балалардың секіре білу қабілеттерін, күш-шигерін, шыдамдылығын дамыту.<br>Алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>**"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету.<br>Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда, қолында доп бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады.<br>***Еңбек: ағаштар түбін қопсыту.***<br>Мақсаты: ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу.<br>Еркін ойындар. | осындағы заттарды бір шеңберден екінші шеңберге бере бастайды. Екі команда бір уақытта ойнай алады.<br>**"Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету.<br>Жазда қар жауа ма ? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?<br>**"Өз бүршігіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>Мақсаты: гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу.<br>Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.<br>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады. | *ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» ролін атқарады.Ойын осылайын жалғаса береді.*<br>*Еркін ойындар.* | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қолды дұрыс жуу, жеңіңізді түру, қолды жуған кезде суды еденге төгілмеуін өздігінен қадағалау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.<br>*Суды үнемді пайдалануға үйрету*<br>**Көркем сөз**<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жердентарайды.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Гигиеналық өзін-өзі күту дағдылары, дұрыс отыруды, дастархан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.<br>**Көркем сөз**<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықтыұғайық.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту.<br>Қолды сабынмен мұқият жуу маңызды, денсаулыққа қажет екенін түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>Тазалап жүр тісіңді,<br>Кішкене де ыңғайлы,<br>Тіс щеткасын пайдалан.<br>Тазалауға болмайды,<br>Щеткасымен басқа адам.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, бет пен қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру.<br>Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілулиге қалыптастыру; жуар алдында, жеңдерің түру, бетті жу, суды шашпау.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *әрекеті)* |
| **Күндізгі ұйқы** | Тыныш ұйқы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.<br>Ұйқымнан тұрайын,<br>Бетімді жуайын,<br>Осылайыша сақтайын,<br>Тазалықты лайым. | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын.<br>Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>**Көркем сөз**<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын. | Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады.<br>Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды).<br>**Көркем сөз**<br>Қарсы ал ерте күн көзің,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Саусағыңды сормағын,<br>Салдыр салақ болмағын.<br>Әдеп қыл ісіңді,<br>Тазалап жүр тісіңді.<br>Қарағанда айнаға,<br>Ұқыпты болсын киімің. | Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту.<br>**Көркем сөз**<br>Ұйқымыздан тұрайық,<br>Көзімізді ашайық.<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық! | Төсек жапқышын ауыстыруға қатыстыру: таза жайма салу, таза жастық қапшықты ауыстыру.<br>**Көркем сөз**<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады. |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Тамақтану кезінде балаларға ескерту:<br>ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.<br><br>**Көркем сөз**<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау кезінде және гигиеналық рәсімдерді жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамызда қаламыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету<br>дағдыларын бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Балалардың назарын тағамға аудару;<br>тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br><br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.<br><br>**Көркем сөз**<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып **тұрамын!**<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *әрекеті)* | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Балаларға арналған негізгі ережелер:*<br>*1. Электр құралдарына қол тигізбеу (шам, розетка, тоқ өткізгіш сым).*<br>*2. Ыстық заттардан сақ болу (пеш, шәйнек, үтік).*<br>*3. Қайшы, ине, пышақ сияқты өткір заттарды ұстамау.*<br>*4. Дәрі-дәрмектерді өз бетімен ішпеу.*<br>*5. Терезеден еңкеймей, балконда ойнамай жүру.*<br>*6. Үйде бөгде адамға есік ашпау.*<br>*7. Қауіп төнсе – ата-анаға айту.*<br>"Бөлме гүлдері"<br>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Шығармашылық іс-әрекет барысында *күйді* жаймен қойып қою<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Не артық?"**<br>Мақсаты. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты. | **Саяхат-ойын**<br>**«Күзгі елге саяхат»**<br>Балалар сызба бойынша іс-әрекеттер жасайды.<br>Балалар Күз ханшайымының қызықты тапсырмалары бар аялдамаларда орналасқан картамен әрекет етеді.<br>Тапсырмаларды орындау барысңда күз белгілерін, күз айларын қайталайды.Табиғатпен өзара байланыс орнатады. Іс-әрекет барысында балалар серуендерде, бақылауда алған білімдерін көрсетеді<br>**(экологиялық мәдениет дағдылары)**<br><br>**«Ойыншықтар әлемі»**<br>балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды<br>Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды салуға, мүсіндеуге үйрету.<br>Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету, қуыршақ көйлегін безендіруді үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**«Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны.**<br>**(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)**<br>Ойын материалы: төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің | **Шығармашылық жұмыс.**<br>«Күз кереметтері» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балаларға серуенде, табиғат бұрышында бақылаған әртүрлі ағаштардан түскен жапырақтардың сұлбаларын салуды, мүсіндеуді, жапсыруды, құрастыруды үйрету;<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*"ҚАУІПТІ – ҚАУІПТІ ЕМЕС"*<br>*Мақсаты: балаларды өмірлік қауіпті және қауіпті емес жағдайларды ажырата білуге үйрету; жағдайдың ықтимал дамуының нәтижесін болжай білу; қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту; өзара көмек сезімін тәрбиелеу.*<br>*Жабдық: өмір мен денсаулыққа қауіпті және қауіпті емес жағдайларды бейнелейтін дидактикалық суреттер жиынтығы; ойын нұсқаларына байланысты әр түрлі түсті (қызыл, ақ және сары) карточкалар. Суреттердің мазмұны: бала баспалдақпен көтеріледі, кітап оқиды, биіктіктен секіреді, ауа райына сай киінбейді, басқаларға жөтеледі және т.б.*<br>*Балалардан өмір мен денсаулыққа ұсынылатын* | **Вариативтік компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>**Бау-бақшамыз — сәніміз!**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет соңында балаларды шығармашылық орталықтарына шақыру.<br>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып суретін салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету,<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>***Дидактикалық ойын: «Банкке саяхат»***<br>*Мақсаты: • Балаларды банк қызметімен таныстыру (ақша сақтау, ақша алу, жинақ шоты, несие);*<br>*• Ақшаны үнемдеу, жинақтау дағдысын қалыптастыру;*<br>*• Әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін дамыту.*<br>*——— Құралдар: • Жасанды ақша;*<br>*• «Банк картасы» немесе кішкене картон карточкалар;*<br>*• «Касса терезесі» (қорапша, үстел);*<br>*• Депозиттік кітапша / дәптер;*<br>*• Суреттер: банк ғимараты, банкомат.*<br>*——— Ойын барысы:*<br>*1. Кіріспе әңгіме:*<br>*Тәрбиеші: – «Балалар, адамдар ақшасын үйде ғана емес, банкте де сақтайды. Банк – ақшаны сақтайтын, қажет* | **Театрландырылған қойылым.**<br>"Шалқан" ертегісі.<br>Мақсаты. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>"Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, шалқанның нақпішіні.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің мазмұнын қайталатады.<br>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.<br>Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады.<br>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауларға ие болады.<br>Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады.<br>***Сюжеттік ойын:***<br>***«Мен банкке ақша саламын»***<br>*Мақсаты: • Ақшаны үнемдеу және қауіпсіз сақтау туралы алғашқы түсінік беру; •* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төрт болады.<br>**"Жемістер мен көкөністер" музыкалық-дидактикалық ойыны (музыка)**<br>*Мақсаты:* Жемістерді көкөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету.<br>*Көрнекіліктер:* Жемістер мен көкөністердің бет пердесі.<br>*Шарты:* Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** "Аспазхана".<br>Мақсаты. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. | суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.<br>Ойын барысы. Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Біз дүкендеміз»***<br>*Мақсаты: • Балаларды шартты ақшамен таныстыру, оны дұрыс пайдалануға үйрету; • Тауар сатып алу және сату әрекеттерін меңгерту; • Бағаны салыстыру, ақшаны санау, таңдау жасау дағдыларын дамыту. ———Құралдар: • Шартты ақша (қағаздан жасалған); • Ойыншық тауарлар немесе суреттер (нан, сүт, алма, ойыншық, кітап т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: нан – 50 тг, сүт – 100 тг, ойыншық – 200 тг); • Үстел («дүкен сөресі»); • Қорап немесе ойыншық касса. ———Рөлдер: • Дүкенші (1–2 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (бала немесе дүкеншінің өзі) ——— Ойын барысы:*<br>*1. Кіріспе: Тәрбиеші: – «Балалар, біз қазір дүкенге барамыз. Әркім қолындағы ақшасына тауар сатып алады. Ақша жетпесе, басқа тауарды таңдаймыз немесе үнемдейміз».*<br>*2. Сатып алу-сату: • «Сатып алушы» сөреден тауар таңдайды: «Маған нан беріңізші». • Дүкенші: «Нан – 50 теңге». • Сатып алушы: «Міне, 50 теңге». • Дүкенші* | *(көрнекі немесе ауызша) жағдайдың қауіптілік дәрежесін анықтауды, қауіптілікке байланысты белгілі бір карточканы көтеруді, дидактикалық суреттерді дұрыс орналастыруды сұрайды. Тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдағаннан кейін балалар қызыл қағаз көтереді, егер қауіп төнсе, сары қағаз — егер қауіп белгілі бір мінез—құлықпен туындауы мүмкін болса, ақ қағаз - егер қауіп болмаса. Балалар бір-біріне кедергі жасамауы керек, қажет болған жағдайда жолдастарының жауаптарын толықтыруы, кеңестерді ұсынбауы және пайдаланбауы керек.* | *кезде беретін арнайы орын».*<br>*2. Рөлдер бөлу: • Банк қызметкері • Кассир • Клиенттер (балалар)*<br>*3. Ойын әрекеттері: • Клиент банкке келеді, қолындағы ақшасын «шотқа салады». • Қызметкер арнайы дәптерге (депозиттік кітапша) жазып береді. • Кейін клиент қажетіне қарай ақшасын қайта алады. • Кейбір клиент «карта» арқылы банкоматтан ақша алады.*<br>*4. Қорытынды әңгіме: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: • «Неге ақшаны банкке саламыз?» • «Ақшаны жинақтаудың пайдасы бар ма?» • «Барлық ақшаны бірден жұмсасақ не болады?»*<br><br>***«Асықпен кел, ойнайық!»***<br>*Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу* | *«Жинақтау» ұғымын таныстыру; • Қарым-қатынас, рөлдік ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту. ——— Қатысушылардың рөлдері: • Банк қызметкері • Клиенттер (балалар) ——— Құралдар: • Үлкен қорапша немесе дорба («банк»); • Шағын қорапшалар («жинақ қорабы»); • Жасанды ақша (түсті қағаздан да жасауға болады). ——— Ойын барысы:*<br>***1. Тәрбиеші кіріспе жасайды****: «Балалар, адамдар ақшасын банкке салады. Банк ақшаны қауіпсіз сақтайды. Егер бізге керек болса, қайта алып шығамыз».*<br>***2. Рөлдер бөлу:*** *Бір бала – банк қызметкері, қалғандары – клиент.*<br>***3. Ойын әрекеті****: • Балалар қолындағы ақшасын жинақ қорапшаға немесе банкке салады. • Банк қызметкері ақшаны қабылдап: «Сіздің ақшаңыз қауіпсіз жерде сақталады» деп айтады. • Кейін балалар банкке келіп, ақшасын қайта алады. • Балалар алған ақшасына ойыншық немесе суреттегі затты «сатып алады».*<br>***4. Қорытынды әңгіме:***<br>*«Ақшаны банкке не үшін салдық?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсауға бола ма?» – «Жинақтаудың қандай пайдасы бар?»*<br>*Нәтиже: 4 жасар балалар: • Ақшаны сақтау керек екенін; • Банк – ақшаны сақтайтын жер екенін; • Жинақтаудың пайдалы екенін түсінеді.*<br>***Ұлттық ойын*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *ақшаны алып, тауарды береді: «Рахмет, келесі жолы да күтемін». (Егер бала артық ақша берсе, кассир қайтарым береді.)*<br>*3. Талдау: Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: • «Ақшаң жетпесе, не істеу керек?» • «Қай тауар қымбат, қайсысы арзан?» • «Барлық ақшаны бірден жұмсау дұрыс па?»* | | | ***Хан «алшы»***<br>*Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*<br>*Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Күз мезгіліне тән ерекшеліктер туралы әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу.<br>"Жаңбыр" (Рамазан Тышқанбаев)<br>Бұлттар,<br>Тұрмай ауа бер,<br>Жаңбыр бол да,<br>Жауа бер.<br><br>Жазыққа бар,<br>Тауға бар.<br>Бақшаға бар,<br>Бауға бар.<br>Белес-белес белге бар,<br>Сусап жатқан шөлге бар.<br><br>Әр тамшыңды үлессін,<br>Шалғын қаулап<br>Гүл өссін! | Дидактикалық ойын.<br>«Не артық?»<br>Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Артығын тауып, атауын дауыстап айтуды ұсынады. Жемістер мен көгөністерді ажыратады, мысалы, алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық, өйткені, орамжапырақ көгөніс, қалғаны жемістер. | Артикуляциялық жаттығу.<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр,<br>Р а- ра - ра - бал жинайды ара,<br>Мір - мір - мір - қап-қара көмір. | «Дәл осындай пішінді тап».<br>Мақсаты.<br>Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары.<br>Бала саны сәкес құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну.<br>Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Күзде" (Ескен Елубаев)<br>Қайтқан құсты көрдің бе,<br>Қаптай ұшқан әуелеп?<br>Күткен күзім келдің бе,<br>Сыңсып бағың мәуелеп?<br><br>Қамба толдық астыққа,<br>Алғыс саған, алтын күз!<br>Бір уыс дән шаштық та,<br>Арба қауын алдық біз! |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары: | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. *(экологиялық мәдениет дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу.<br>"Баланы еңбекке тәрбиелеу". | Ата-аналарға кеңес.<br>"Егер бала төбелесе беретін болса". | "Отбасы - тәрбиенің ұясы" атты тақырыпта әңгімелесу. | "Балаңызға ертегі оқисыз ба?" атты ата-аналарға сауалнама. | "Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.10-17.10.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Отанды сүю, отбасынан басталады!»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен баланың денсаулығы жайлы әңгімелесу.<br>Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.<br>Ата-аналармен *«Түрлі түсті қақпақтар»* тақырыбында жұмыс жүргізу. Яғни, қалдық заттардан пайдалы зат жасауға болатыны туралы әңгімелесу. Түрлі-түсті | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қақпақтарды балабақшаға алып келуге ұсыныс жасау және қалдық заттарда түрлі пайдалы заттар жасауға болатынын балаларға түсіндіруге кеңес беру<br>***Ата-анаға кеңес: «Ұлттық тағамның бала үшін әлеуметтік маңызы»***<br>*Әлеуметтік маңызы: • дастархан басында бала отбасылық әдет-ғұрыпты үйренеді, • бірлікке, сыйластыққа тәрбиелейді.*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдени дағдылар,***<br>***еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Біз топ бөлмесіндегі және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю* ***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)****.* | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсаты.*<br>*Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).***<br>*Мақсаты.*<br>*Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"***<br>*Мақсаты.*<br>*Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | ***Қ.Р.Әнұраны***<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Өрт қауіпсіздігі***<br>*Балаларға арналған негізгі ережелер:*<br>*1. Сіріңке, зажигалка – ойыншық емес! → Тек үлкендер ғана қолданады.*<br>*2. Пешке, газға, шамға жақындамау.*<br>*3. Электр құралдарын өз бетімен қоспау.*<br>*4. Шамды, пешті, плитаны бақылаусыз қалдырмау.*<br>*5. Үйде түтін шықса – бірден үлкендерге айту.*<br>*6. Егер өрт шықса: • «101» нөмірін ата-анасына айту, • Үлкендермен бірге үйден шығу*<br><br>**"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Балалармен бірге отырып күй тыңдау***<br>*Күй туралы түсінік беру*<br>***(музыка)***<br>***"ЕГЕР МЕН ОСЫЛАЙ ЖАСАСАМ"***<br>***Мақсаты****: балалардың назарын әр жағдайда екі жол болуы мүмкін екендігіне аудару: бірі денсаулыққа қауіпті, екіншісі қауіп төндірмейді; өзіне және басқа адамдарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу, айналасындағыларды қорғау, зиян тигізбеу; ойлау қабілетін, зеректігін дамыту.*<br>*Балаларға ұсынылған* | ***«Мақтау сөздер айту»***<br>*Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.*<br>*Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды*<br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>**"Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты.<br>Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>**Дидактикалық ойын «Біздің ел қандай?»**<br>Балаларды өз елдерімен тереңірек таныстыру<br>Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды, ал балалар жауап береді.<br>Мысалы:<br>Біздің Қазақстан қандай?<br>Біздің Қазақстанның адамдары қандай?<br>Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?<br>т.бсұрақтар қою, суреттер қарау<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас** | **"Түрлі түсті қақпақтар"**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.Түрлі-түсті қақпақтарды қоқысқа тастамай пайдалы зат жасауғ болатынын түсіндіру және көрсету.<br>**(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Хан «алшы»***<br>*Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: кеңістікті бағдарлау жаттығулары **(математика негіздері, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>. **"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>**«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану.<br>**(музыка)** | *жағдайдан шығудың екі жолын табу (өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін және қауіп төндірмейтін) немесе осы жағдайды дамытудың екі нұсқасын ұсыну тапсырмасы беріледі. Тәрбиешінің әңгімесін тыңдағаннан кейін балалар: "Егер мен жасасам, қауіп пайда болады...", немесе "Егер мен жасасам, ешқандай қауіп болмайды..." деген сөздерден кейін жалғастырады. Балалар қызыл карточканы көтереді, егер қауіп бар болса, сары — егер қауіп белгілі бір мінез—құлықпен туындауы мүмкін болса, ақ - егер қауіп болмаса. Балалар тыңдауы керек*<br>*жолдастың жауаптары, бір-бірінің сөзін бөлмеу, жауап беруге деген ықыласты қол көтеру арқылы білдіру. Толық жауаптар мен маңызды толықтырулар чиппен,* жұлдызшамен көтермеленеді | бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.<br>**(математика негіздері, танымдық іс-әрекеті)**<br>**Дамытушы ойын "Камера".**<br>Мақсаты.<br>Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту.<br>Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез-келген басқа суреттер.<br>Сипаттамасы.<br>Балаға 5 секунд ішінде карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақтар қойылады (қанша, қандай түсті және т. б..).<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>***«Асықпен кел, ойнайық!»***<br>*Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу* | *алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы асқа дайындық<br>***«Үнемді тұтыну»*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау.<br>Шеберлікті шыңдаңыз: майды нанға пышақпен жағу.<br>**Көркем сөз**<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу.**<br>Мақсаты.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық алдында нанның суретіне қарап сөйлемдер құру. Тыйым сөздер, мақал-мәтелдерді сөйлемге қосып айту.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br>*Мақал-мәтел*<br>*Нан астығын жинаймын,*<br>*Елге астық сыйлаймын* | **"Құймақты жай" дидактикалық ойыны**.<br>Мақсаты.<br>Пішінді, көлемді қабылдауды дамыту, балаларды өлшемді өсу (кему) ретімен көзбен анықтай білуге машықтандыру; көзді, визуалды қабылдауды дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар картада көрсетілген құймақтарды ретімен нөмірлейді (1-ден 10-ға дейін), ең кішісінен үлкеніне дейін және кері ретпен.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | ***Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.***<br>*1. Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан - дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да дастарханға алдымен нан қойылады.*<br>*2. Жерде жатқан нан болса алып, адам баспайтын жерге қою керек.*<br>*3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | ***Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.***<br>*1. Ас атасы — нан.*<br>*2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы.*<br>*3. Нан бар жерде ән бар.*<br><br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | **«Кім жылдам?» ойыны.**<br>Педагог:<br>- Балалар, қазір [-ы], [-і] дыбыстарынан басталатын сөздерді айтамын. Қазір [-ы] дыбысынан келетін сөзді естісеңдер, [-ы] дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер. Ал [-і] дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер, [-і] дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.<br>Сөздер: ілмек, сыпырғыш, білім, шынтақ, жастық, инелік.<br>**(қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>«Буын»<br>**Міндеттері**: 1. Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.<br>2.Сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту.<br>Ұқыптылыққа, білімпаздыққа | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру.<br>2. Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. | **Математика негіздері**<br>9 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; санау | **Математика негіздері**<br>9 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге, салыстыруға; геометриялық фигураларды атай білуге, тізбектерді орнатуға үйрету, санау дағдыларын жетілдіру. Логикалық | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынға бөлейік<br>**Міндеттері:** 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br>2. 2.Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаңойлауға дағдыландыру, сөздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>""Біз дән егеміз". Ұн өнімдері. Ыдыс."<br>Нан, ұн өнімдері туралы тұтас түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау мысалдарымен таныстыру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде еске сақтауға дағдыландыру; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін үйрету, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеуді, түбірлес сөздердің байланысын түсіну, жаңа мағыналарды есту арқылы ажырату, оларды түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Зейінді боламыз<br>**Міндеттері:**<br>а) Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру.<br>ә) Екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Допты бастан асыра ұстап, екі қолымен бір-біріне лақтыруға | 3.Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>8 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1- ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Әжесін кім жақсы көреді?<br>**Міндеттері:**<br>Зат есім, сын есімдермен таныстыру. Әңгіме мазмұнын айтуға үйрету.<br>Үлкен кісілерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Ғажайып жағдаят – Балалар, бүгін бізге дәрігер апай қонаққа келді. Кәне, балалар, орнымыздан тұрып, келген қонақты қарсы алайық. Қуыршақ дәрігер келеді.<br>Дәрігер: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін күн бұлтты екен, қолшатырымды ала шыққаным қандай жақсы болған. Бірден жаңбыр нөсерлете құйып кетті. Суға малынып қалам ба деп едім, қолшатырым көмектесті.<br>– Балалар, көріп отырғандай, қазір күн бірте-бірте суытып, жаңбыр да жиі жауатын болды. Мұндай күндері балалар ауырып қалуы мүмкін, мен сендердің денсаулықтарыңды тексеріп шығайын. Дәрігер балаларды тексереді.<br>– Балалар, денсаулықтарың жақсы екен, осылай күтініп | дағдыларын жетілдіру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."Балаларға [-ы], [-і] дыбыстары мен Ы ы, І і әріптерін таныстыру. [-ы], [-і] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету; буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ы], [-і] дыбыстарының сөздің кез келген жерінде (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуға жаттықтыру; [-ы], [-і] дыбыстарын сөздерде есту, мысал келтіру, сол сөздерді қатыстырып қарапайым сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі жазуға дағдыландыру.<br>**Музыка**<br>"Күй тыңдайық, балақай!" балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту | байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>"Үлгілі бала"<br>**Міндеттері**:<br>Сөздің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру. Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды ортаға, шаттық шеңберіне шақырады. Балалар педагогпен бірге өлең жолдарын қайталайды.<br>Мен үлгілі баламын,<br>Айтқан тілді аламын.<br>Жина десе, ойыншықты,<br>Өзім жинап қоямын.<br>Ініме де көмекке<br>Бірінші боп барамын.<br>Төсекті өзім жинаймын,<br>Үлкендерді сыйлаймын.<br>Айтқан тілді аламын,<br>Мен үлгілі баламын.<br>– Балалар, үлгілі деп қандай баланы айтамыз?<br>– Біздің арамызда үлгілі бала бар ма?<br>– Кімнің үлгілі бала болғысы келеді?<br>– Ол үшін не істеу керек? – Өздерің үлгі алатын аға, әпкелерің бар ма?<br>– Олардың қандай қасиетін үлгі тұтуға болады?<br>– Үлгілі бала жан-жақты болуы керек. Таза жүріп, ұқыпты болғанымен, ойыншығын жинамаса немесе анасына көмектеспесе, ол үлгілі балаға жатпайды. | қорларын толықтыру.<br>3.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>*"Күй тыңдайық, балақай!"* балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді айтуда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын пысықтау<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>Қазақ халқының заттары. Қазақ халқының заттарымен (қоржын, қазан,кілемше, тостаған ) таныстыру, аталған заттардан қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру, мүсіндеу, құрастыру.<br>Балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Сурет салу:<br>- қазақтың үй бұйымы<br>– қоржын туралы білім беру;<br>-қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана білуін дамыту;<br>- қоржынды нұсқау бойынша жапсырмалы моншақпен безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру; допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>б) Педагогтің түсіндірмесін зейін қойып тыңдай білу және жаттығуды көрсетуін мұқият қарап, еске сақтап алу қабілеттерін дамыту. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Өсімдіктердің көбеюі<br>а) Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру. Тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру. ә) Тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту.<br>б) Өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу. | жүрулерің керек. Мен енді басқа топтың балаларын қарап шығайын, – деп дәрігер шығып кетеді.<br>– Балалар, кімнің анасы немесе әкесі дәрігер?<br>– Егер сен ауырып қалсаң, анаң қалай емдейді?<br>– Балалар, дәрігерлерді «ақ халатты абзал жандар» деп айтады. Адам өміріне араша түсетін мамандар.<br>**Дәрігер туралы Мәдіхат Төрежанов ағаларың да әңгіме жазған. Қазір «Әжесін кім жақсы көреді?» әңгімесін мәнерлеп оқып беремін**<br>Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың әңгіме мазмұнын қалай түсінгенін анықтайды.<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата»**<br>Шарты: педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс болса, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Мамандарды арнайы көлік түрлерімен сәйкестендір.<br>• Болат пен Қанаттың үйіне қай көлік түрі келді?<br>Белгіле.<br>Мақал-мәтелді қайталау.<br>Анаға бала алтыннан да қымбат.<br>Ата – бәйтерек,<br>Бала – жапырақ.<br>**Тіл жаттықтыру**<br>Педагог жаңылтпашты қайталатады.<br>Шеше, шеше,<br>Неше кесе<br>Сынды кеше?<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. | қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын пысықтау.<br>**Көркем әдебиет**<br>Түлкі мен қоян<br>**Міндеттері:**<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу<br>**Ғажайып жағдаят**<br>– Балалар, бұл – сиқырлы қорапша. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік.<br>Педагог сиқырлы қорапшаның ішінен екі аңды алып көрсетеді.<br>– Бұларды қалай атаймыз? (Түлкі, қоян)<br>– Түлкі мен қоян туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>– Түлкі – қу, айлакер аң. Орманды, даланы кезіп жүреді.<br>– Түлкінің терісі жұмсақ, үлпілдек.<br>– Қоян керемет саққұлақ, сужүрек аң.<br>– **Балалар, бүгін «Түлкі мен қоян» ертегісімен танысамыз**.<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.<br>Ертегіде кейіпкердің мінезқұлқын салыстыра сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады.<br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: қу – зымиян, әккі айлакер – амал, айла тапқыш<br>Ертегінің мазмұны бойынша | Үлгілі баланың сабақ үлгерімі жақсы, ұқыпты, кішіпейіл, досына да көмек бере біледі. – **Мен сендерге «Нағыз дос» деп** аталатын әңгіме оқып беремін.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттерді қара. Өзіңе ұнаған суретті таңда. Ол туралы әңгіме құра. Балаларға ат қой. Қай баладан үлгі алуға болады?<br>– Бірінші суреттегі бала не істеп жатыр? Ол қандай бала?<br>– Гүлдің қандай пайдасы бар? Аулада қандай гүлдер өседі?<br>– Тағы қайда өсетін гүлдерді білесің?<br>– Атаға орын берген бала қандай іс жасады?<br>– Үшінші суретте қыз не істеп жатыр?<br>– Апалы-сіңлілі екі қыз жұмысты қалай істеді?<br>– Қыз не оқып отыр?<br>– Сендер суреттегідей кішілерге қамқор бола білесіңдер ме? .Мақалдардың мағынасын түсініп ал.<br>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.<br>Атадан жақсы ұл туса,<br>Елдің қамын жейді.<br>Атадан жаман ұл туса,<br>Елдің малын жейді.<br>Педагог мақалдың мағынасын сұрайды, түсіндіреді. Балаларға қайталата отырып жаттады.<br>**Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөзді айт»**<br>Шарты: педагог допты кез келген балаға лақтырып, бір сөз айтады. Допты қағып алған бала сол сөзге қарама-қарсы сөз айтып, допты кері лақтыруы керек.<br>Мысалы: Жина – шаш Ақылды – ақымақ Ұзын – қысқа Тәртіпті – | дамыту;<br>- ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыру арқылы көркемдік тәрбие беру, жұмысты орындау барысында ептілікке тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу:қазақ халқының тұрмыстық заты – қазанды мүсіндеуге үйрету; негізгі бөлікті тұтас бөліктен мүсіндей білу дағдысын жетілдіру. Сөздік қорын молайту, тілін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Ұлтжандылық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру.<br>Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Жапсрыу: Балаларға екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету;кілемшені безендіру.Балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру;шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.<br>Құрастыру:табиғи (жарма) және қалдық материалдардан (дәретхана қағазының жеңдерінен) дизайн жасауға үйрету; материалды орынды пайдалана білуге, дербестік пен шығармашылықты көрсететін қолөнер бұйымдарын жасауға дағдыландыру; шығармашылық ойлауы мен қиялын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу<br>***«Күй күмбірі»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бірінші бол!<br>**Міндеттері:**<br>а) Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.<br>ә) Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдікті сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру.<br>б) Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Көшбасшы болуға, өзін-өзі бағалай білуге тәрбиелеу. | сұрақ-жауап:<br>– Ертегі ұнады ма? Ертегі не туралы?<br>– Ертегі қалай аталады? Түлкі қоянды көргенде не істеді?<br>– Қоян түлкіге не деді? Түлкі қоянға не туралы айтты?<br>– Ертегі қалай аяқталды? Қашанда қояндай сақ болайық. «Қандай жануар» ойыны (баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: ойынға хатқалта дайындалады. Хатқалтаның ортасы дөңгеленіп қиылған. Ойықтан көрінген аңдардың дене мүшелері арқылы қандай жануар екенін табу.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Жұбыңмен кейіпкерлердің диалогін құр.<br>2. Жақсы көретін тағамдарымен сызып қос.<br>3. Ұйқасын тап. Кезіп жүріп өзекті, Ұстап алдым ... . (көжекті)<br>4. Суретті аяқтап сал. Боя.<br>Педагог қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлге бөлініп, сахналайды. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – | тәртіпсіз Ұқыпты – ұқыпсыз Пысық – жалқау Жаман – жақсы Ыстық – суық Жат – тұр Қатты – жұмсақ<br>Сергіту сәті<br>Сұрақ-жауап әдісі қорытындылау<br>**Ы дыбысының артикуляциялық қалпы. (қазақ тілі)**<br>«Ы» дыбысын айтқанда төменгі және жоғары тістердің арасында саңылау болады, тіл ұшы төмен, тіл үстінің орта бөлігі таңдай ортасына көтерілген, тілдің бүйірлері түпкі азуға тиеді. Жұмсақ таңдай көтеріліп, мұрын жолын жабады.<br>Қыс, сым сөздерінде қандай дыбысты естіп тұрмыз?<br>- Балалар, [-ы] дыбысын айтып көрейік. Дыбысты әндетіп айтамыз.<br>- Ы-ы-ы-ы. Тағы да айтайық. Ы-ы-ы-ы. Жарайсыңдар!<br>- [-і] - жіңішке дауысты дыбыс.<br>**Ұйымдастырылған оқу іс-әркетті қорытындылай келе педагог балаларды шығармашылық орталықтарына шақырады**.<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дыбыстарды есту қабілетін жетілдіру жаттығуы. «Кім жылдам?»**<br>**(қазақ тілі)**<br>Алдымен, педагог буындарды оқиды. Балалар [-ы] дыбысын естісе, қызыл шаршыны көрсетеді. Балалар [-і] дыбысын естісе, сары шаршыны көрсетеді.<br>- Шы, -ны, -сі, -тік, -лі, -міс, | *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**Көркем әдебиет**<br>Елордамыз – Астана<br>**Міндеттері:**<br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға бейнетаспадан Астананың көрікті жерлерін көрсетеді. – Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?<br>**– Бүгін біз Батырбай Сейбадуллаевтың «Астана» өлеңімен танысамыз.**<br>Астана – еліміздің бас қаласы. Біз Астана туралы жырлап, мақтан етеміз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп, ұйқас сөздермен жүрекке жеткізеді.<br>Педагог «Астана» өлеңін оқып береді (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: киелі – қастерлі бақ – бұл жерде: бақыт, береке, құт ынтымақ – бірлік, ауызбіршілік<br>Сұрақ-жауап:<br>– Өлең шумақтарында не жайында айтылған?<br>– Астана қандай қала? Бейнежазбадан не көрдің?<br>– Астананың негізгі белгісі (символы) қалай аталады?<br>– Астана қаласына бардың ба? Қандай көрікті жерлерін көрдің?<br>– Бәйтерек сөзіне сөйлем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қуыршақ театрынан қандай әсер алдың?<br>Балаларды мадақтау. | -бын, -лім, -дыс, -қы.<br>- Бы, -ғы, -сы, -лық, -лы, -мыс, -пін, -лым, -тіс, -кі.<br>Келесіде педагог сөздерді толық оқиды.<br>Ыстық - істік, қиық - киік, жық - жік, ыс - іс.<br>Ірімшік, білім, шыны, піл, қиық, сабын, жеміс, келін, тауық, кісі, торсық, іні, тыс.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бірінші бол!<br>**Міндеттері:**<br>а) Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту.<br>ә) Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жалғастыру. Биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдікті сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру.<br>б) Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Көшбасшы болуға, өзін-өзі бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады?<br>а) Заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>ә) Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы | құра.<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Астана» өлеңін мәнерлеп екінші қайтара оқып береді. Балалармен бірге символдар мен суреттерді талқылайды.<br>Мнемокестедегі суреттер арқылы тақпақты жаттатады. Өлеңді 2-3 рет жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Астана туралы не білесің? Астананың көрікті жерлерін ата.<br>2. Арман Астананың көрікті орындарына қалай жетеді? Сызып көрсет.<br>3. Есіңде сақта. Жері байдың – елі бай.<br>Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерді көрсетеді, бірінен кейін бірі келетін ретін анықтайды. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Өлең не туралы? Еліміздің елордасы қалай аталады?<br>– Астананың көрікті жерлерін ата. Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.<br>б) Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>**Мақсаты:** күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>**Көркем сөз**<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.**<br>Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>***Ұлттық ойын***<br>***Ақсүйек***<br>*Бұл ойынның негізгі атрибуты - "ақ сүйек" болады, ол дегеніміз түйреуіш немесе доп.*<br>*Ойын шарттары:*<br>*Қатысушылар қолдарында "ақ сүйек" ұстаған жүргізушіге қарап, қатарға тұрады.* | **Күннің биіктігін бақылау**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Таң мен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (Күн)<br>**Көркем сөз**<br>Кең аспан ғой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы.<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де,<br>Шуақ шашып қайда да.<br>Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады.<br>Аптап ыстықтан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды.<br>Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайда шығады, күн қайда кетеді?<br>***Зерттеу қызметі***<br>Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынатынын | **Ауаны бақылау**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру.<br>**Көркем сөз**<br>Жер шары дәу әсем.<br>Қоршаулы ауамен.<br>Ауасыз кім шыдар.<br>Ауасыз тұншығар.<br>**Жұмбақ**<br>Оңынан оқы, тіршілік нәрі.<br>Солынан оқы, тіршілік нәрі.<br>Онсыз адам, аң, құс та семер бір мезетте. (ауа)<br>**Әңгімелесу.** *Ауаның қандай қасиеттері бар?* (түссіз, мөлдір, иіссіз). Қалай ойлайсыңдар, ауа қайда жақсы - орманда ма, қалада ма? (Орман ауасы таза ғана емес, сонымен бірге емдік.<br>Қаланың ауасы мүлдем басқаша: бензин мен автомобильден шыққан газдардың иісі шығады, шаң мен күйе бөлшектерімен ластанған. Мұндай ауа адамға да, өсімдіктерге де зиянды ). | **Аула сыпырушының еңбегін бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: үлкендер еңбегімен таныстыруды жалғастыра отырып, аула сыпырушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>**Көркем сөз**<br>"Аула тазалықшысы" А. Меңдібай.<br>Балабақша ауласында,<br>Көмектесем мен де оған,<br>Таң атқаннан кешке дейін,<br>Жинап қоқыс, қағаздарды.<br>Тынбай еңбек ететін<br>Құметтеймін, қадірлеймін,<br>Бар тазалық сақшысы.<br>Еңбексүйгіш адал жанды.<br>Ауланы да тазалайды,<br>Ағашты да бұтайды.<br>Су себеді гүлдерге де,<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді?<br>- Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? | **Құстарды бақылау (жалғасы)**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсаты: құстарға деген сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа жануарлардан ажырата білуге үйрету; балаларды қауырсын құрылымымен және олардың құстар тіршілігіндегі маңызымен таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін балаларды өздерінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Сөйтіп жүргізуші "ақ сүйекті" қатысушылардың басынан жоғары: "Ақ сүйек, көк сүйек, бізден сізге кім керек» деп лақтырады. Ойынға қатысушылар сүйектің қайда түсетінін көрмейді. Жүргізушінің бұйрығымен олар негізгі атрибутты іздеп табуға тырысады. Ойында "сүйекті" жылдам тауып, жүргізушіге әкеліп берген адам жеңеді. Егер ойыншының қолындағы затты басқа қатысушы байқап, оған қолын тигізе алса, "сүйек" қайтарылып берілуі керек.*<br>**Жұмбақ.**<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>**Болжам.** Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br>**Еркін ойын: "Қу түлкі".**<br>**Мақсаты:** жүгіру қабілетін дамыту. | анықтаңыз.<br>Жауап беріңіз, қай заттар тез қызады: қара ма, әлде ақ па? Күнге ұзақ уақытқа қалай қарауға болады? (Қара көзілдірікпен)<br>**Еңбек: аула тазалаушыға алаңды тазартуға көмектесу.**<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>**"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>**"Күн және планета" қимыл-** | Ойлап көріңдерші, қаланың ауасы қай кезде таза бола бастайды? (жаңбырдан немесе қалың қар жауғаннан кейін, жаңбыр тамшылары мен қаршалар ауаны жуады, шаң мен күйені алады). Адамдар қала ауасын тазарту үшін не істеп жатыр? (адамдар қалада ағаш отырғызады, әсіресе терек ауаны жақсы тазартады).<br>**Еңбек: балалар алаңында жолдарды тегістеу.**<br>Мақсаты: балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету.<br>**Ұлттық ойын**<br>**Ақсүйек**<br>Бұл ойынның негізгі атрибуты - "ақ сүйек" болады, ол дегеніміз түйреуіш немесе доп. Ойын шарттары: Қатысушылар қолдарында "ақ сүйек" ұстаған жүргізушіге қарап, қатарға тұрады. Сөйтіп жүргізуші "ақ сүйекті" қатысушылардың басынан жоғары: "Ақ сүйек, көк сүйек, бізден сізге кім керек» деп лақтырады. Ойынға қатысушылар сүйектің қайда түсетінін көрмейді. Жүргізушінің бұйрығымен олар негізгі атрибутты іздеп табуға тырысады. Ойында "сүйекті" жылдам тауып, жүргізушіге әкеліп берген адам жеңеді. Егер ойыншының қолындағы затты басқа қатысушы байқап, оған қолын тигізе алса, "сүйек" қайтарылып берілуі керек.<br>**Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту.**<br>Мақсаты: қимылдарды | - Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады?<br>- Біздер ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>Аула сыпырушының да балабақшада өзіндік үлкен орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды.<br>**Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу.**<br>Мақсаты: үлкендер еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады. | бақылаулары туралы әңгімелесуге шақыру. Ерекше және қызықты нәрсені байқаған балаларға алғыс айту.<br>**Еңбек: қоқысты алаңнан жинау.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, ұжымда жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**"Құстың қауырсыны кімге барады?" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсаты: шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Қарлығашпын мен,<br>Адамның тұрағымын.<br>Мекен етіп тұрамын,<br>Тазалаймын үй - ішін.<br>Ел аузында мақтаулы,<br>Тазалықшымын төселген.<br>**Жұмбақтар**<br>Бұдыр-бұдыр балшықты,<br>Жинады да талшықты.<br>Ұқсатып қамытқа,<br>Үй салды жабыққа. (Қарлығаш)<br>Ұзақ тектес құс,<br>Шіркей жеп.<br>Ауыл маңынан<br>Ұзап кетпес құс. (Қараторғай)<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш)<br>**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қозғалыс ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсаты: күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту.<br>**Жеке жұмыс: ұзындыққа секіру.**<br>Мақсаты: секіру қабілетін, күші менептілігін дамыту.<br>Еркін ойындар. | орындау кезінде өзін-өзі бақылауға үйрету.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Жаттығу ойындары.**<br>**"Кедергілер арасынан жүгіру".**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: кедергілер арасынан, затты құлатпай ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін жетілдіру.<br>**Мақал-мәтелдер**<br>- Ердің атын еңбек шығарар.<br>- Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.<br>Еркін ойындар. | "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.<br>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br>**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау.<br>Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қаталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу,<br>Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>**Көркем сөз**<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>**Көркем сөз**<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз.<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: төсек жинау қабілетін жетілдіру.<br>Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу.<br>**Көркем сөз**<br>Кешкі ас келді,<br>Балалар үстелге жайғасты.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар,* | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>**Көркем сөз**<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: қолды жуу ережелерін бекіту.<br>Тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі.<br>**Көркем сөз**<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен, | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: әдептілік ережелерін бекіту.<br>Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару. | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсаты: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | Тазалықты тан**даймын!**<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | **Көркем сөз**<br>Нан – ардақты адал ас<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | *«Нан тағамдарының сөресі» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-*әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып суретін мүсіндеуге ,жапсыруға үйрету, Түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету;<br>*Шығармашылық іс-әрекетті орындау барысында күй тыңдату*<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Дүкендегі нан»***<br>*Мақсаты: • Балаларды нан өнімдерінің түрлерімен таныстыру;*<br>*<u>• Ақшаны дұрыс пайдалану, салыстыру, таңдау дағдыларын қалыптастыру;</u>*<br>*<u>•</u> Нанға құрметпен қарауға үйрету.*<br>*Құралдар:*<br>*• Нан, бөлке, бауырсақ, шелпек,* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру.*<br>*Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету. Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу жаттығуларын жүргізу.*<br>**Ұлттық ойын**<br>***Сақина жасыру***<br>*Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінігң үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.*<br>***Туған өлке туралы әңгімелесу***<br>*«Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған* | ***«Досыңды тауып ал»***<br>*Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.*<br>*Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады. (адалдық әліппесі*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Өрт сөндіруші»***<br>***(рөлдік ойын)***<br>*Құралдар: ойыншық шланг, каска, машина макеті.*<br>*Барысы: балалар өрт сөндірушілер рөлін ойнап, «отты» сөндіреді.*<br>**Шығармашылық жұмыс**<br>«Бір қап бидай»" тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балаларға суретке қарап | **Вариативтік компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>**Ас атасы – нан**<br><br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Дұрыс таңдау жаса»***<br>*<u>(қаржылық сауаттылық)</u>*<br>*Мақсаты: қажеттілік пен қалауды ажырата білу.*<br>*Құралдар: суреттер (азық-түлік, киім, тәтті, ойыншық, телефон).*<br>*Ойын барысы:*<br>*• Балаларға белгілі бір сома беріледі*<br>*• Олар ақшаға не сатып алатынын таңдайды.*<br>*• Тәрбиеші «алдымен не алу дұрыс?» деп сұрайды.*<br>*Нәтиже: Балалар басымдық қоюды үйренеді.*<br><br>***Экологиялық қабырға газетін ұйымдастыру***<br>***"Жер шарымызды бірге сақтайық!"***<br>*Қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауға және оны қорғауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.*<br>*Балаларды экологиялық тәртіп ережелерімен таныстыру.Табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу.*<br>*Қоршаған ортамен және табиғатпен таныстыру кезінде балалармен жұмыс* | ***«Менің Отаным» әңгімелеу***<br>*«Отан» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру.Отан туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Туған жерді құрметтеуге тәрбиелеӘңгімелеу*: Біздің Отанымыз - Қазақстан! Әлемде Қазақстан Республикасында дүниеге келген әрбір адам осы мемлекеттің азаматы болып саналады. Біздің еліміздің жері кең байтақ, пайдалы қазбаларға өте бай.<br>Әркімнің туып өскен жері - Отан деп аталады. Отан отбасынан басаталады. Біз Қазақстанда туып өстік. Ол біздің – Отанымыз! Ендеше, балалар «*Отаншыл болу отбасынан басталады*» деген Б. Момышұлының қанатты сөзін ұстана отырып, Ермек Өтетілеудің «Менің Отаным» атты өлеңімін танысамыз.<br>Отан деген - атамекен,<br>Отан деген- туған жер.<br>Отан – ана,<br>Отан – үлкен<br>Қазақстан – туған ел!<br>Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы бойынша ойын***<br>***«Машинамен саяхат»***<br>***Мақсаты:*** *Далада жүру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *печенье сияқты суреттер немесе ойыншық түрлері;*<br>*• Бағасы жазылған карточкалар Ойыншық ақша;*<br>*• Себет, касса. ——— Ойын барысы: 1. Кіріспе әңгіме: Тәрбиеші: – «Балалар, дүкенге барғанда біз не сатып аламыз? Нан не үшін керек? Ақша не үшін керек?»*<br>*2. Рөлдер бөлу:*<br>*• Бір бала – сатушы;*<br>*• Бір бала – кассир;*<br>*• Қалғандары – сатып алушылар. 3. Сатып алу кезеңі:*<br>*• Әр балаға ақша беріледі*<br>*• Олар дүкеннен нан өнімдерін таңдайды. • Ақшасын санап, төлем жасайды.*<br>*4. Талдау: • Ақшасы жетпеген бала арзан өнімді таңдайды.*<br>*• Ақшасы қалған бала үнемдеп, жинап қоюы мүмкін.*<br>*Тәрбиешінің қорытынды сұрақтары:*<br>*• «Барлық ақшаны бірден жұмсауға бола ма?»*<br>*• «Нан қымбат болса, не істейміз?»*<br>*• «Ақша жетпесе, арзанын таңдауға бола ма?»*<br>*• «Нанды неге үнемдеу керек?»*<br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Тергеушілер".<br>Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты алып, оған сипаттама | *өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету. Туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу*<br>Ертегі кейіпкері – Желаяқ арқылы туған өлкелерінің көрнекті жерлері, тарихи ескерткіштер жайлы әңгімелету, балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>Ө. Тұрманжановтың өлеңін оқиды.<br>Көгінде күн нұрын төккен, Алтын дәнді даласы бар, Жерінде гүл жұпар сепкен,<br>Ақ күмістей қаласы бар, Неткен сұлу, неткен көркем, Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем!<br>Осы менің туған өлкем! *«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өлеңнің мазмұны ашу* | салуды және елестете отырып суретін<br>мүсіндеуге ,жапсыруға үйрету,<br>Түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету;<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша және қандай айырмашылықтары бар?"<br>Мақсаты. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Жұпты суреттер (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады).<br>Шарты.<br>Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда, ненің өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | *жасаудағы ең маңызды мақсат - балаларды туған табиғатының сұлулығын көруге және түсінуге, барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.*<br>*Экологиялық тәрбиес - біздің заманымыздың* қажеттілігі: балаларға адамның табиғатпен байланысын, оған тәуелділігін көрсету, табиғи процестердің мәнін, табиғат заңдылықтарын, үйлесімділік пен сұлулықты ашу қажет.<br>Табиғаттың құндылығын жеткізу үшін ұжымдық жұмыс жасау. "Жершарымызды бірге сақтайық!".<br>Бұрын мен ватман қағазының парағына бір жағынан тірі және әдемі, екінші жағынан қираған және сұр түсті табиғаттың символы ретінде ағаш салдым. Сондай-ақ дұрыс және бұрыс экологиялық мінез-құлықты сипаттайтын шағын суреттер және бұл қабырға газетінің негізіне айналды.<br>Содан кейін сабақта балалар мен мен табиғат (планета) үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін, адамдардың қандай әрекеттері табиғатты құртып, қайсысы сақтайтынын еске түсірдік. Осыдан кейін балалар суреттерді жапсырып, үлестірді<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | *ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.*<br>***Қолданатын көрнекіліктер:*** *Ойын алаңы, фишкалар.*<br>***Ойын барысы:*** *Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.*<br><br>***Сюжеттік ойын: «Тәрбиеші»***Мақсаты: • Балаларды қаржылық сауаттылық элементтерімен таныстыру (ақшаны үнемдеу, еңбек пен еңбекақыны түсіну).*<br>*• «Тәрбиеші» мамандығы арқылы еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету.*<br>*• Балалардың шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.*<br>*Қатысушылардың рөлдері:*<br>*• Тәрбиеші*<br>*• Балалар (ойыншық балалар)*<br>*• Ата-ана (рөлдік ойыншы)*<br>*• Директор / бухгалтер*<br>*Қажетті құралдар:*<br>*• Жасанды ақша.*<br>*• «Жалақы» конверттері.*<br>*• Балабақшадағы түрлі оқу құралдары (кітап, ойыншық, дәптер, сурет).*<br>*• Үстел, тақта, ойыншық «топ бөлмесі».*<br>***Ойын барысы:***<br>***1. Кіріспе*** *(тәрбиеші түсіндіреді):*<br>*– «Балабақшада тәрбиеші балаларға білім береді, оларға қамқор болады. Өз еңбегіне ай соңында жалақы алады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы бойынша ойын***<br>*«Машинамен саяхат»*<br>***Мақсаты:*** *Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.*<br>***Қолданатын көрнекіліктер:*** *Ойын алаңы, фишкалар.*<br>***Ойын барысы:*** *Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.* | | | | *Жалақыны біз еңбек еткеніміз үшін мемлекет немесе мекеме береді».*<br>***2. Рөлдерді бөлу:***<br>*• Бір бала – тәрбиеші.*<br>*• Бірнеше бала – «топтағы балалар».*<br>*• Біреу – ата-ана (баласын әкеледі, алғысын айтады).*<br>*• Біреу – бухгалтер (ай соңында жалақы береді).*<br>***3. Ойын барысы: • «Тәрбиеші»*** *балалармен ойнайды, сабақ өткізеді.*<br>*• «Ата-ана» келіп, тәрбиешіге «баламды оқытып, тәрбиелегеніңізге рахмет» дейді.*<br>*• «Бухгалтер» айдың соңында тәрбиешіге «жалақы» конвертін береді.*<br>*• Тәрбиеші алған жалақысын есептеп, қажетті заттарға жұмсайды (мысалы: азық-түлік, кітап, ойыншық алу).*<br>***4. Талдау кезеңі:*** *Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:*<br>*• «Тәрбиеші не істейді?»*<br>*• «Ол еңбегі үшін не алады?»*<br>*• «Ақшаны қалай дұрыс жұмсауға болады?»*<br>*• «Жалақыны түгел жұмсау керек пе, әлде жинаған дұрыс па?»*<br>*Қорытынды: Бұл ойын арқылы балалар:*<br>*• Ақша – еңбектің нәтижесі екенін түсінеді.*<br>*• Жалақыны дұрыс пайдалануды үйренеді.*<br>*• «Тәрбиеші» мамандығына құрметпен қарайды.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Күз мезгілінде табиғат құбылысында болатын ерекшеліктері туралы | Тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық | "Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. | *"Табиғатқа пайдалы және зиянды заттар" дидактикалық ойыны.* | "Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Жауын" (Төленді Нұрмұхамедов)<br>Қызыл отты қамшысы<br>Көкке жарқыл шашады,<br>Еркебұлан тамшысы<br>Домаланып қашады.<br><br>Жаңбыр жауып өтеді:<br>Қуанады сарғалдақ.<br>Дала жайнап кетеді,<br>Бір шомылып алғанда-ақ! | жауап берулерін талап ету. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.<br>"Таңертең" (Қастек Баянбаев)<br>Ерте тұрғым келмейді,<br>Бірақ тағы тұрамын.<br>Көзім түк те көрмейді,<br>Естімейді құлағым.<br>Суды ағызып ақырын,<br>Жуған болам бетімді.<br>Кешегі көп ақылым<br>Кеміп қалған секілді.<br>Бала баққа бүгін де<br>Барғым келе қоймайды.<br>Жақсы көрем үйімде<br>Кейде жеке болғанды.<br>Бірақ үйден шығамын<br>Қол ұстасып көкеммен.<br>Ашылып көз-құлағым,<br>Бала баққа жетем мен. | Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Барысы.<br>Балалар тек ұннан жасалатын тағамдарды атайды. | *Барысы.*<br>*Педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды* | Танымдық қызығушылықты, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту.<br>Барысы.<br>Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды; осындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады. |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Ас атасы - нан" тақырыбында жеке әңгімелесулер.<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Кеңес.<br>"Баланың бос уақытын тиімді пайдалану". | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Ата-аналарға арналған жеке әңгімелер.<br>Көзге арналған түзету гимнастикасы. | Ата-аналарға арналған ұсыныс.<br>"Егер балаңыз сырқаттанып қалса ..." |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі<br>ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **20.10-24.10.2024** | | | | |
| | «Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| **Күн тәртібі** | *Апта дәйексөзі: «Отанды сүю, отбасынан басталады!»* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **( тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға баланы ауа райына байланысты киіндірулерін айту.<br>"Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының түрлері" әңгімелесу.<br>Кеңес. "Баланың бос уақытын тиімді пайдалану".<br>***Ата-аналармен әңгімелесу***<br>***Неге ұлттық тәрбие маңызды?***<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Еңбек: алаңды тазалау ұжымдық жұмысы.**<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, ұжымдық еңбектің құндылығын көрсете білуге. "Көп еңбегі көңілді" екенін түсіндіру.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>**(экологиялық мәдениет дағдылары, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.<br>**(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағд, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | ***Қ.Р. Әнұраны***<br><br>***Ұлттық ойын. Хан «алшы»***<br>*Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»*<br>***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>***Материал:***<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br>***Ойын барысы:***<br>*Бірнеше суреттер суретті* | *Астана қаласының суретіне қарап әңгімелесу.*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ТӨТЕНШЕЖАҒДАЙКЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚОҢЫРАУ СОҒУ СКРИПТЕРІ»*<br>*Балаларды жедел қызмет нөмірлерімен (полиция, өрт сөндіру, жедел жәрдем, газ қызметі) таныстыру. Төтенше жағдай кезінде телефон соғу нұсқауларының негізгі элементтерін көрсету. Әртүрлі төтенше жағдайларда телефон соғу скриптерін әзірлеуге және есте сақтауға үйрету, жедел қызметтерге телефон соғу* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>**Дамытушылық ойын. «Кім зейінді?»**<br>Мақсат-міндеттер. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.<br>Көрнекілік. Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.<br>Барысы. Тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерді алып, олардан бейнені құрайды.<br>Жылдам болған бала мадақталады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *«Достық» шеңбері.*<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу.<br>*(адалдық әліппесі)*<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру , тіл дамыту, қазақ тілі)**<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.<br><br>Дидактикалық ойын: «Менің табысым»<br>Мақсаты: <u>еңбек пен ақша арасындағы байланысты көрсету.</u><br>Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, ән айту, жұмбақ шешу). Ойын барысы:<br>• Әр бала тапсырма орындаса, «жалақы» ретінде ақша алады.<br>• Соңында ақшасын қалаған затына жұмсайды (кітап, ойыншық, тәтті).<br>Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын ұғынады.</td>
<td>төмен қаратып үстелде жатыр. Бала кез-келгенін таңдайды, қарастырады және айтады: онда не бейнеленген, неге бұл балаға қатысты болды, ол не істеді, енді балаға не істеу керек.</td>
<td>жаттығуларын жүргізу.<br><br>«Асықпен кел, ойнайық!»<br>Ата-бабаларымыздың асықты ойын ойнау үшін пайдаланғанын түсіндіру. Асықты жан-жақты түрлендіріп, оларды тізіп, түрлі ойыншықтар құрастыруды үйрету, жұмыс істегенде қолдарының ұсақ моторикасын, зейінін дамыту. Қазақ халқының мәдениетіне қызығушылыққа тәрбиелеу</td>
<td></td>
<td>пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</td>
</tr>
<tr>
<td>Таңертенгі жаттығу</td>
<td colspan="5">Таңғы асқа дайындық<br>«Үнемді тұтыну»<br>Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету<br>«Судың тамшылары»<br>Мақсаты: суды бағалауды үйрету.<br>Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.<br>Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».<br>11. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 - "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 - "Қарлығаштай қанат артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру;<br>4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br><br>2. "Сағат тіліндей қозғалайық".<br>Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею, "Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br><br>3."Билетейік аяқты" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. ""Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>(дене тәрбиесі)</td>
</tr>
<tr>
<td>Таңғы ас</td>
<td colspan="5">Гигиеналық дағдылар</td>
</tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.<br>Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>**Көркем сөз**<br>Біздерде бар қасықтар,<br>Ас ішерде асықпа!<br>Міне-табақ, міне-тамақ.<br>Бұл недеген сиқыр ғажап.<br>Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі.Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға отыруын бақылайды.<br>Егер бала үстелдегі дұрыс отыру қалпын сақтамаса, педагог оған барып, дұрыс отыруға кеңес бере алады.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | *Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу.*<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)** | *Бір тал кессең, он тал ек! Ағаштың қоршаған ортаға пайдасы туралы айту. Балаларға базарлық*<br>***«Табиғатты аялап жүрсің бе?»***<br>*https://youtu.be/sdMwvuy03tQ* | *- Сәлем, саған, ыстық жерім!<br>Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!*<br><br>*Бір-біріне жылулық сыйлап, еліміз туралы, достық туралы, әңгімелесу.*<br>**(тіл дамыту, қазақ тілі** | **"Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>Ойынның мақсаты: Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуға көмектеседі. Ойынның шарты: Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің балалар табу қажет.<br>**(музыка)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Ойнай отырып оқимыз<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.<br>2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.<br>3.Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Жыл құстары.<br>Ханс Кристиан Андерсеннің "Ұсқынсыз үйрек" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары."Балалардың | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."**Міндеттері:** 1. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.<br>2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды сәйкес қызыл, көк түстермен белгілей алу қабілеттерін дамыту.<br>Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>0 саны және цифры<br>**Міндеттері:** 0 саны және | **Математика негіздері**<br>0 саны және цифры (қайталау)<br>**Міндеттері:** 0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі** | **Математика негіздері**<br>10 саны<br>**Міндеттері:** 10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға, реттік санын айтуға дағдыландыру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."<br>**Міндеттері:** 1. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>2.Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.<br>Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымындағы жыл құстары және үй құсы туралы білімдерін кеңейту; «жабайы» және «үй құстары» жайлы түсініктерін дамыту. Г. К. Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; құстардың жылы жаққа кетуі, құстардың дыбыс шығаруының ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту; құстардың дыбыстарының ерекшеліктерін көрсететін сөздерді айту, етістіктерді алмастыру дағдыларын, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; мұқият болуға, мейірімділік пен қайырымдылыққа, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында шығармашылықт іс-әрекет ұйымдастыру.**<br>Балалар қалаулары бойынша іс- әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу мүсіндеу техникасымен таныстыру;<br>Балаларды көк түсті тіктөртбұрыштың жоғарғы жағын дөңгелектеп кесіп,тоғанды жапсыруға, сары және қызғылт сары түсті тіктөртбұрыштарды бұру арқылы сопақша етіп кесіп, ағаштың ұшар басын қағаз бетіне жапсыруға, қоңыр түсті тіктөртбұрыштан ағаштың діңін кесіп, ағаштың ұшар басының астына жапсыруға, үйрек қимаүлгісін кесіп алып, тоғанның бетіне жапсыруға | цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету; логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Ерекше сабақтар<br>**Міндеттері:**<br>а) Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту.<br>ә) Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>б) Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту.<br>**Тіл дамыту**<br>Кітап – білім бұлағы<br>**Міндеттері**:<br>Кітап туралы түсінігін кеңейту. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітапты сүюге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға жұмбақ | "Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар."Балалардың ұғымындағы сөз туралы түсініктерін қалыптастыру; сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуді үйрету; дауыссыз дыбыстардың түрлерімен танысу, сөзге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Жұп құрауға қабілетті дауыссыз дыбыстармен таныстыру. Фонематикалық естуді дамыту, парақша мен дәптерде жұмыс істеу барысында ұқыптылыққа үйрету. Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Көкек".<br>Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Отан<br>**Міндеттері:**<br>Өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету. Сұраққа толық жауап беруге жетелеу. Отанын сүюге, мақтан етуге тәрбиелеу<br>Біздің Отанымыз қалай аталады? Біз қай елде тұрамыз?<br>– Біздің ұлтымыз қалай аталады? Біз қай тілде сөйлейміз?<br>– Біздің туған еліміз, | **Тіл дамыту**<br>Мен білімді баламын<br>**Міндеттері**:<br>Білім туралы түсінігін кеңейту. Хабарлау сипатындағы әңгіме құрауға баулу. Дербестікке тәрбиелеу.<br>Суретпен жұмыс Балалардың назарын суретке аударады.<br>– Мектепте оқитын балаларды кім дейміз?<br>Олар не істейді?<br>**Тіл ұстарту жаттығулары (л, р)**<br>Ла -ла -ла – ол білімді бала<br>Ла -ла -ла – салынып жатыр қала Ла -ла -ла – жайнап тұр ғой дала Рет -рет -рет – бала салды сурет Тер -тер -тер – алып келдім дәптер<br>Дар -дар -дар – келді біздің қыздар<br>Тыр -тыр -тыр – біздің Қайсар батыр<br>**«Р»-ға тілің келе ме?**<br>Қаламқасқа тұр деші,<br>Қарындашқа жүр деші.<br>Қара қарындашты<br>Қаламқас алып тұр деші,<br>Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р» деші.<br>Сергіту сәті<br>Педагог балалардан оқу үшін қандай оқу құралдары қажет екенін сұрайды. Балалардың жауабын тыңдағаннан кейін оқу құралдары туралы әңгіме айтып береді.<br>Сөздік жұмысы: оқу құралы.<br>Педагог әңгіме желісін тоқтатып, ықылас білдірген балаларға оқу құралдарының атрибуттарын кигізеді. Оқу құралдарының әрқайсысы өзін қалай таныстыруы мүмкін? Диалогті сұрақ-жауап арқылы | Менің сүйікті ертегім.<br>Балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Сурет салу: - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; - балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету;<br>- қарындашпен және қылқаламмен жұмыс істеу дандыларын бекіту;<br>- бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып) қолдану.<br>Мүсіндеу: жеке бөлшектерді біріктіре отырып үйректі бейнелеуді үйрету, балалардың «үлкен – кіші, көп – аз» ұғымдарын, дөңгелек және сопақша пішіндер туралы білімдерін бекіту; көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ қимылдарын дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Жапсрыу:Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию.Қол, саусақ қимылдарын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету;(жапсыру)Балаларды шеңберді екі жақтан бүктеп, тіктөртбұрыштардың бұрыштарын қиып, сопақша пішін шығару; шаршыдан шеңбер шығару іскерліктерін жетілдіре отырып үйректі құрастыруды үйрету; (құрастыру)<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Командалық эстафеталар (таза ауада)<br>**Міндеттері:**<br>а) Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді бекіту.<br>ә) Жерден екі аяқпен итеріліп секіре алу дағдыларын және ептіліктерін дамыту.<br>б) Спортпен шұғылдану арқылы денсаулықты сақтауға болатындығын түсіндіру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің туған өлкем<br>а) «Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету.<br>ә) Ертегі кейіпкері – Желаяқ арқылы туған өлкелерінің көрнекті жерлері, тарихи ескерткіштер жайлы әңгімелету, балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту. | жасырады. Көп әңгімем, өлеңім, Күнде ақыл беремін. Жақсы көрсе мені кім, Мен де оны жақсы көремін. (Кітап) – Балалар, «Кітап» деген не? Ол туралы не білесіңдер? – Кітап – біздің ең жақын досымыз. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітаптан білмегенді білесің, көрмегенді көресің, күлесің, қуанасың. Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Кітап біздің досымыз, ақылшымыз, одан көп нәрсе үйренеміз. – Бүгін біз ақын Жеңіс **Қашқыновтың «Кітап – білім бұлағы» өлеңімен танысамыз**. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Педагог өлеңді оқып береді<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Кітап – білім бұлағы» өлеңін екінші қайтара оқиды. Балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады. – Жұмбақ шешейік. Сансыз ойлар бетімде Сайрап жатыр бар тілде. Керекпін мен әр күнде, Өшпейді бір әрпім де.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сен кітапханада болып көрдің бе?<br>Ата-анаң саған қандай кітап оқып берді?<br>2. Кім не туралы оқып отыр? Тауып, сызып қос | Отанымыз – кең-байтақ Қазақстан. Отан дегеніміз – туған жеріміз, Отан өз отбасыңнан басталады.<br>Сен алысқа кетсең, үйіңді сағынасың. Туған жердің топырағы, гүлдері, ойнаған жерлерің есіңе түседі.<br>Туған жерсіз адамның күні жоқ. – Қазақстанның жері кең, табиғаты бай, ормандары, таулары мен көлдері, шексіз даласы, қалалары – біздің мақтанышымыз.<br>25 қазан – Қазақстан Республикасының құрылған күні. Бұл – біз үшін үлкен мереке, қуанышты күн!<br>Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді. – Бүгін ақын Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: Отан – туып-өскен жеріміз тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, егемендік<br>Сұрақ-жауап: – Өлең қалай аталады? Саған ұнады ма?<br>– Авторы кім? Өлең не туралы?<br>– Біздің мемлекетіміз қалай аталады?<br>– Біз тұратын қала немесе ауыл қалай аталады?<br>– Сен қай елдің азаматысың?<br>Отан сөзіне сөйлем құра.<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Кім жалғастырады?»**<br>(баланың ойлау қабілетін дамыту).<br>Шарты: педагог мақалдың | сахналап жалғастыруды сұрайды. Балалар кітап, дәптер, қарындаш, қаламсап ретінде сөйлеп, өздерін таныстырады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша әңгімеле. Суреттегі қай баланың істегенін жасай аласың?<br>2. Артық затты қорша. Неге артық екенін айт.<br>3. Мақалдардың мағынасын түсініп ал.<br>Оқусыз білім жоқ,<br>Білімсіз күнің жоқ.<br>Күш – білімде,<br>Білім – кітапта.<br>Педагог балалармен бірге мақалдардың мағына<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Ерекше сабақтар<br>**Міндеттері:**<br>а) Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту.<br>ә) Зал кеңістігін бағдарлап, сапқа және сапқа қайта тұруға жаттықтыруды жетілдіру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br>б) Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді | дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету; Құрастыру:балаларды табиғи материалдармен құрастыра білуге үйрету, табиғи материалды жасайтын бейнеге сәйкес таңдай білу, табиғи материалды орынды пайдалана білу дағдысын қалыптастыру; нақты іс-әрекет схемасы негізінде табиғи материалдан жәндіктерді жасауды үйрету; бөлшектерді бекіту, байланыстыру, қосымша бөлшектерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; табиғатқа құрметпен қарауға, жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Музыка**<br>"Ән салайық"<br>Балалардың халық әнін тыңдауға ықыласын арттыру; әннің сыр-сипатын түсіну және эмоциямен көрсетуге дағдыландыру; әуеннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | б) Туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу. | **«Сөз айт, тез айт» ойыны**<br>Шарты: сөйлемнің басын педагог айтады, балалар аяқтайды.<br>Өлең жазатын адам ... (ақын)<br>Байды алдайтын кейіпкер ... (Алдаркөсе)<br>Бәйгеде шабатын ... (ат)<br>Ең сұлу құс ... (аққу)<br>Қонжықтың енесі ... (аю)<br>5-тен кейінгі сан ... (6)<br>Аң патшасы ... (арыстан)<br>Ұлттық ойын түрі ... (асық, алтыбақан, ақсүйек)<br>Жеміс түрі ... (алма, алмұрт)<br>Қасқыр, түлкі, қоян ... (аң)<br>Әкемнің әкесі ... (ата)<br>Көлік күтетін жер ... (аялдама)<br>Ас атасы ... (нан)<br>Анамның туыстары ... (нағашы)<br>Бір өркешті жануар ... (нар)<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | басын айтады, балалар жалғастырады.<br>Отан – оттан да ... . (ыстық)<br>Туған жер – алтын ... . (бесік)<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Балаға ат қой. Ол бізге нені көрсетіп, мақтаныш етіп тұр?<br>3. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Отан көркі жерімен, Елдің көркі ерімен.<br>3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні қай уақытта шырқалады? Оны орындағанда қандай ережені сақтау керек?<br>4. Суреттегі үзік сызықтарды қос. Боя.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Әңгіме саған ұнады ма? Балаларды мадақтау. | дене сапаларын дамыту.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің Отаным- Қазақстан<br>а) Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>ә) Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту.<br>б) Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. | ауыспалы сипатын беруге және табиғат құбылысын музыкамен байланыстыруды үйрету; дикцияның тазалығы мен әнді анық айту дағдыларын жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау дағдыларын пысықтау.<br><br>**Көркем әдебиет АрыстанментышқанМіндеттері:** Сахналық қойылымға қатысуға жетелеу. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Жануарларғақамқорлықсезімінтәрбиелеу |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау (жалғасы) (экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: біздің ауданда кездесетін құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстарды сыртқы түрінен тану қабілетін, құстарды бақылауға деген құштарлығын дамыту. | **Саябақтағы құстарды бақылау. (экологиялық мәдениет қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: құстарды адамның достары ретінде қабылдай білу дағдыларына машықтану. | **Құстарды бақылау (экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>**Зерттеу: "Жазда құстар қалада не жейді?"**<br>Мақсаты: балалардың құстардың сыртқы келбеті, тіршілік көріністері, мінез- | **Құстарды бақылау: "Орман құстары". (экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсаты: балалардың құстардың тіршілік ету ортасына бейімделуі туралы, жазда құстардың мінез-құлқы | **Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылау.**<br>*(экологиялық мадени дағд, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br>Мақсат-міндеттер. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әңгімелесу: жазда құстар көп болатынына назар аударыңыз, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет. Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, желеулер мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын қадағалау, балалардың назарын қарлығаштар мен шымшықтың қаншалықты жылдам ұшатынына, жәндіктерді аулайтындығына аудару маңызды. Қарлығаштардың ұясын көрсету, олардың ұяға балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін ескерт. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіріңіз, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектесіңіз.<br>**Көркем сөз**<br>Жыл құстары келді деп,<br>Балдырғандар мәз болды.<br>Қос қанатты желпілдеп,<br>Көлге үйрек – қаз қонды.<br>**Дидактикалық ойын (А) және жаттығу (Б)**<br>**А.** «Сипаттама бойынша тап» **-** тәрбиеші құстарды сипаттайды, балалар болжайды.<br>Мақсаты: сипаттамалық әңгіме, зейін, үйлесімді сөйлем құрастыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын таба білу қабілетін дамыту.<br>**Б.** «Дауысын сал» — тәрбиеші құстарды атайды, балалар құстардың дауысын салады<br>Мақсаты: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту. | Аулаларында немесе жақын маңдағы саябақта құстарды бақылауды ұсыну.<br>Құстар адамдарды көрсе - жасырынып қалатына немесе ұшып кететінін бақылау. Құстардың адамның мекеніне жақын қоныстайтынана да көңіл аудару. Құстардың жылдың әр мезгілінде тіршіліктерін салыстыру, зерттеу.<br>Құстардың қауырсындарын қарастыру.<br>Әңгімелесу:<br>**-** Сіз жақын жерде тұратын құстар туралы нені көп білдіңіз? Олар немен, қалай қоректенеді? Қайда ұшады және қайда ұя салғанды ұнатады? Бұл сізді әуесқой зерттеуші етеді!<br>**Еңбек: алаңға, жолдарға су шашу.**<br>Мақсаты: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануға үйрету.<br>**"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір- | құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кеңейту; құстарға деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.<br>***Зерттеу барысы.***<br>- Құстар не жегенді ұнатады?<br>- Тамақты қайдан табады?<br>- Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік?<br>Тапсырма: құстарды бақылау. Білу керек: жазда құстар не жейді, қаладан қоректі қайдан табады. Тапсырма түсінікті ме?<br>— Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте қорғаншақ, сондықтан өзімізді тыныш ұстауымыз керек және шу шығармау керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе тамақтануына кедергі жасайсыңдар<br>Құстарға тас немесе таяқ тастауға болмайды, олар тірі, ауырсынады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әр түрлі тамақ жейді; көптеген құстар жазда жәндіктерді аулайды.<br>**Еңбек: алаңнан малтатастарды жинату.**<br>Мақсаты: еңбекке деген ұмтылысты тәрбиелеу<br>**"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір | туралы білімдерін кеңейту. Құстарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Әңгімелесу.<br>**-** Айналаға мұқият қараңдар, қандай құстарды көресіңдер? (балалардың жауаптары)<br>- Ал құстар қай жерде көбірек өмір сүреді, қалада ма, орманда ма?<br>- Орман құстарының қандай түрін білесіңдер?<br>- Жаз мезгілінде құстарды мазалайтын мәселе неде?<br>**-** Барлық құстар жазда маңызды істермен айналысады. Олар балапандарын тамақтандырады. Таңертеңнен кешке дейін ересек құстар жәндіктерді аулайды, балапандарды тамақтандырады. Әр жұп құстың бір балапаны емес, бірнеше балапаны бар, оларды тамақтандыру керек. Балапандар көп жейді және тез өседі. Тіпті бір ай өткен жоқ, бірақ балапандар өсті. Енді құстар балапандарды ұшуға, өздеріне тамақ табуға, жауларынан жасырынуға үйретеді. Егер балапандар мұны білмесе, онда олар қыста өледі.<br>**-** Құстардың қандай пайдасы бар?<br>- "Орман дәрігерін" кім біледі?<br>- Орман құстарын ренжітпеу үшін біз өзімізді орманда қалай ұстауымыз керек?<br>**-** Орманда шу шығармаңыз! Неліктен? - Қатты айқай-шу құстарды қорқытады, олар ұяларын тастап кетуі мүмкін. Сіендерге орманның сиқырлы дыбыстарын тыңдай білу керек.<br>- Құстардың ұяларын бұзбаңыз! | келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; зейін мен жадын белсендіру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.**<br>**"Жалауша". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруге үйрету.<br>***Ұлттық ойын***<br>***«Ат жарыс»***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға аттың  кескін бетпердесі.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, жылдамдыққа дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Барлық ойншылар құстар, бір бала - үкі.<br>"Күн" белгісі бойынша құстар алаңда ұшып жүреді, қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды.<br>"Түн" деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрады. Үкі ұшып келеді, қозғалатындарға қарап, оларды ұясына апарады.<br>Содан кейін қайтадан "күн" белгісі беріледі, үкі ұясына тығылады, балалар – алаңда ұшып жүреді.<br>Ойын осылай бірнеше рет қайталанады.<br>**"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br>**Аз қимылды ойын: "Суық-ыстық".**<br>Мақсаты: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту.<br>Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады.<br>Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді.<br>Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі.<br>Еркін ойындар. | орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үлестіре, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.<br>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде де жасырынып отырады.<br>Жүргізуші (сондай-ақ балалардың бірі): "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - деп, ойынның басталуын жариялап, осы кезде ойыншылар ойын алаңына жүгіріп шығып, бір-біріне соғылмай, жүгіріп, белгілі қимылдарды жасап жүреді.<br>"Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - деген белгі сөздер айтылған кезде, ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, күліп қойса, соны "жапалақ ұстап, ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br>Екінші нұсқасы. Ойын динамикасын жетілдіру мақсатында екі "жапалақты" да тағайындауға болады; екінші белгі бойынша ойыншылар "жапалақтарға" ұсталынбай құтылып, өз ұяларына қайту керек.<br>**Дидактикалық ойын: "Құстарды сана".**<br>Мақсаты: сан есімдерді зат | Неліктен? - құстардың жұмыртқалары мен балапандарына қол тисе, құстар басқа біреудің иісін сезеді және ұядан бас тартуы мүмкін.<br>- Ормандағы құстарды алып кетуге болмайды! Неліктен? - Орманнан құстарды алып кету олардың өміріне қауіпті. Орман - олардың үйі. Олар өз тамақтарын өздері қалай табу керектігін ұмытып, тұтқында өлуі мүмкін.<br>Орманда от жағуға болмайды! Неліктен? - Ағаш өте жақсы күйеді. Өрттен шыққан ұшқындар ағаштарға тиеді, бүкіл орман өртенеді, өсімдіктер, жануарлар, құстар және адамдар өледі<br>Қорытынды. Құстар әртүрлі, көптеген құстар зиянды жәндіктерді жояды<br>**Еңбек: бақшаны суару.**<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>***Ұлттық ойын***<br>***Әуе таяқ***<br>*Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | есіммен үйлестіру жаттығулары. (бір торғай, екі торғай және т.б.)<br>**Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.**<br>Мақсаты: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып түру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындары. | *ұпай әкеледі.* | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды өз бетінше киінуге, аяқ киім киюге үйрету, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту; балаларда шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды, бала, жуып жүр.<br>Ас ішуді "рақметпен"<br>Аяқтау туралы біліп жүр.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Құстарға қамқорлық»***<br>***Экологиялық квест ойын***<br>*1 тапсырма «Ой сергіту».*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады. Балалар дұрыс жауап берсе жол ашылады.*<br>*Жұмбақтар жасыру.*<br>*2 тапсырма «Суреттер сөйлейді»*<br>*Пазл әдісі арқылы суреттерді құрастыру, құрастырылған сурет бойынша табиғатты ластайтын обьектілерді атайды.*<br>*3тапсырама. «Жанды және жансыз табиғат»*<br>*Балалар карточкалардан жанды және жансыз табиғаттарды екіге бөледі*<br>*4 тапсырма «Ғажайып нүктелер»*<br>*«Ғажайып нүктелер» арқылы құстың суретін салады немес нүктелер үстімен құсты қиып, жапсырады, салынған бейнеге табиғи материалдарды қойып құрастырады.*<br>*Балалар барлық кедергілерден өтіп, сандыққа келеді.*<br>*Сандықты кілтпен ашып, ішінен жемсалғышты алады.*<br>*Тәрбиеші балаларға жемсалғышты балабақша ауласындағы ағашқа орналастырайық.*<br>**«Bells» музыкалық-дидактикалық ойын.** | ***«Дос болайық бәріміз»***<br>*Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.*<br>*Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br>*- үстелдің астынан өту;*<br>*- «көлді» айналып өту»;*<br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.*<br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>**«Құстарға ұя жасаймыз»**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Алақан соқпақ***<br>*Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да, дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал) беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –* | "Ғажайып нүктелер".<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы қарлығаштың суретін салады, мүсіндейді, нүктелер үстімен қиып, жапсырады, салынған бейнеге табиғи материалдарды қойып құрастырады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.<br>Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***Сюжеттік ойын: «Дәрігер қабылдауында»***<br>*Мақсаты: • Балаларды дәрігер еңбегімен таныстыру, еңбектің нәтижесі ретінде жалақы алатынын түсіндіру;*<br>*• Ақшаны дұрыс жұмсау* | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>**«Жыл құстары»**<br>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті қорытындылай келе педагог балаларды шығармашылық орталықтарына шақырады.<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды<br>Сурет салу іс-әрекеті бойынша балаларды тірек сызық бойына толық бейнені салу техникасымен таныстыру; қағаздың толық бетіне жылы жаққа ұшып бара жатқан құстар үйірімін салуды үйрету; қарындаш пен қылқалам құралдарын сурет салудың белгілі кезеңінде еркін пайдалана білу іскерлігін ұштау;<br>Мүсіндеу бойынша балаларға ермексаздан кесекті үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету; бөлшектерді біріктіру іскерліктерін дамыту; қырнауыштың көмегімен тырнау арқылы аққудың қауырсындарын жасауға үйрету.<br>Жапсыру іс-әрекеті бойынша бірнеше бөліктерге қиып, қағаз бетіне жапсыруға үйрету; бөліктерді үйлесімді қолдана | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»*<br>***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>***Материал:***<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br><br>***Дидактикалық ойын: «Жинақ қорапшасы»***<br>*Мақсаты: ақшаны жинаудың маңызын түсіндіру.*<br>*Құралдар: шағын қорап немесе банкі, ойыншық ақша.*<br>*Ойын барысы: • Балалар әр тапсырма орындаған сайын ақша «табыс» алады.*<br>*• Оны бірден жұмсай ма, әлде қорапқа жинай ма – өздері шешеді.*<br>*• Соңында кімнің жинағы көп болғанын көреді.*<br>*Нәтиже: Жинақтау* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетін дамыту.<br>Ойын шарты: әуеннің сипатына қарай қоңырауларды пайдалану.<br>**(музыка)** | *Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп -Сүлгі қайда?- деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі қайда?- деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,)** | *(емделу, дәрі-дәрмекке қаражат бөлу) дағдыларын қалыптастыру;*<br>*• Денсаулыққа қамқорлықтың қаржылық құндылығын түсіндіру. Қатысушылардың рөлдері:*<br>*• Дәрігер*<br>*• Науқас бала*<br>*• Ата-ана*<br>*• Фармацевт (дәріхана сатушысы)*<br>*• Бухгалтер (жалақы береді)*<br>*Құралдар: • Дәрігердің ойыншық құралдары (стетоскоп, шприц, термометр);*<br>*• Дәрі-дәрмек суреттері немесе қорапшалары;*<br>*• Жасанды ақша, «жалақы» конверті;*<br>*• Үстел, орындық, дәріхана сөресі. Ойын барысы:*<br>***1. Кіріспе:** Тәрбиеші: «Дәрігер адамдарды емдейді. Оның еңбегі үшін ай сайын жалақы төленеді. Ақшаға ол өз қажеттіліктерін алады».*<br>***2. Рөлдер бөлу:** • Бір бала – дәрігер,*<br>*• Бір бала – науқас,*<br>*• Бір бала – ата-ана,*<br>*• Бір бала – дәріхана сатушысы,*<br>*• Бір бала – бухгалтер.*<br>***3. Ойын әрекеттері:***<br>*• «Науқас» дәрігерге келеді, «ата-ана» баласын алып келгендей сөйлеседі.*<br>*• Дәрігер қарап, дәрі жазып береді*<br>*. • «Ата-ана» дәріханаға барып, дәрі-дәрмек сатып алады (ақша төлейді).*<br>*• Ойын соңында «бухгалтер» дәрігерге «жалақы» береді.*<br>*• Дәрігер жалақысына тамақ, кітап, киім сияқты* | білуін жетілдіру;**.**<br>Құрастыру іс-әрекеті бойынша шеңберді екі жақтан бүктеп, тіктөртбұрыштардың бұрыштарын қиып, сопақша пішін шығару; шаршыдан шеңбер шығару іскерліктерін жетілдіре отырып үкіні құрастыруды үйрету;<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: есту зейінін дамыту. Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | *дағдысы қалыптасады.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер дүкені»***<br>Мақсаты: • Жемістер мен көкөністердің атауын, пайдасын үйрету;<br>• *Ақшаны санауды, сатып алу-сатуды ойнақы түрде меңгерту; • Үнемдеу, таңдау жасау түсініктерін қалыптастыру.*<br>──── Құралдар: • Шартты ақша (қағаздан жасалған); • Жемістер мен көкөністердің ойыншықтары немесе суреттері (алма, алмұрт, сәбіз, қияр, картоп т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: алма – 1 ақша, сәбіз – 2 ақша, қияр – 1 ақша, қарбыз – 3 ақша); • Үстел – «касса» немесе «дүкен сөресі»; • Қорапша немесе пакет – «себет».<br>──── Рөлдер: • Дүкенші (1–2 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (дүкенші де бола алады) ──── Ойын барысы: 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз қазір жемістер мен көкөністер дүкеніне барамыз. Әркім қолындағы ақшасына өзіне ұнаған жеміс немесе көкөністі сатып алады. Ал, дүкенге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *қажеттіліктерін алады.*<br>***4. Қорытынды әңгіме:*** *• «Дәрігер не үшін еңбек етеді?»*<br>*• «Ол еңбегі үшін не алады?»*<br>*• «Ақшаны неге бірінші қажеттілікке жұмсау керек?»*<br>*• «Ауруды болдырмау үшін денсаулыққа қамқор болған дұрыс па?»*<br>*Нәтиже: Балалар:*<br>*• Еңбек пен табыстың байланысын түсінеді;*<br>*• Ақшаны дәрі-дәрмек пен қажетті заттарға жұмсаудың маңызын ұғынады;*<br>*• «Денсаулық – ең қымбат байлық» екенін сезінеді.* | | кірейік!»<br>——— 2. Сатып алу-сату: • Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған бір алма беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Дүкенші: «Алма – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, бір ақша». • Дүкенші: «Рахмет, міне сіздің алмаңыз». (Егер сатып алушы артық ақша берсе:) • Дүкенші: «Сәбіз – 2 ақша. Сіз 3 ақша бердіңіз. Міне, 1 ақша қайтарымыңыз». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, сен не сатып алдың?» – «Ақшаң жетті ме?» – «Қай жеміс пайдалы? Қай көкөніс пайдалы?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсау дұрыс па?»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Жаңылтпаштар айтқызу.<br>Атам бақ аралады,<br>Ағам тал аралады.<br>Асап көл жағалады,<br>Асыл ат тағалады.<br><br>Шырағым шұбат іш,<br>Шұбатты сұрап іш.<br>Шұбатты ішпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>**(қазақ тілі)** | "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,)** | Бала тілін дамыту.<br>"Сауысқан" (ел аузынан).<br>Ала қанат сауысқан,<br>Жауыр атқа жабысқан.<br>Ойда жауыр көрінсе,<br>Ойбайлатқан сауысқан.<br>Қырда жауыр көрінсе,<br>Қиқаңдатқан сауысқан.<br>**(қазақ тілі)** | "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты.<br>Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету.<br>Барысы.<br>Үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі, пішініне қарай сәйкес келетін гүл | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.**<br>"Жомарт Күз" (суретті қарастыру).<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жыл құстары" тақырыбында жеке әңгімелесулер.<br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен жұмыс<br>Мақсаты.<br>Балабақшада және үйде балаларды сауықтыру, шынықтыру әдістеріне бірыңғай көзқарасты қалыптастыру. | Әңгіме жүргізу.<br>«Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Ата-аналар мен балалардың бірлескен демалысының түрлері" әңгімелесу. | |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **28.10-31.10.2025** | | | | |
| | «Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Отаным-алтын бесігім!»* | | | | |

| Күн тәртібі | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналарды балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.<br>***Ата-аналарға кеңес: • Балаларыңызға ұлттық тағамдардың шығу тарихын әңгімелеп беріңіз.***<br>*• Мүмкіндік болса, бірге бауырсақ пісіріп, жент жасап көріңіз.*<br>*• Баланы ұлттық асқа қызықтырып, оны құрметтеуге үйретіңіз.*<br>*• Ұлттық тағамдарды тек мерекеде емес, күнделікті тұрмыста да қолдануға тырысыңыз.*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | ***"Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолеттен су бүрку".***<br>*Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.*<br>***(экологиялық мәдениет дағд, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".***<br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті байқауға, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«Біл және көшеде жүру ережесін орында»*<br>*Мақсаты: Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.*<br>Қолданылатын көрнекіліктер: Қала көшелері сапатталған суреттер.<br>Ойын барысы: Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол | ***Ұлттық ойын «Хан талапай».***<br>*Ойынды үлкендердің басшылығымен жас балалар ойнайды. Ойынға қатынасушы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хан талапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі. Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв* | ***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br>**Үстел үсті ойыны.**<br>«Төртінші не артық?».<br>Балаларға 4 сурет беріледі, бала артық суреттің атауын атайды.<br>Мысалы: етік, күртеше, малақай, гитара.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>**"Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын.** | ***«Дос болайық бәріміз»***<br>*Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br>*- үстелдің астынан өту;*<br>*- «көлді» айналып өту»;*<br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | суреттерге қарап, кез-келгенін тандап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді.<br><br>**Саусақ жаттығуы**<br>М. Әлімбаев<br>"Он саусақ".<br>Жалғыз саусақ тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орамды<br>Жүгіртеді қаламды ...<br>Өнерлі екен он саусақ!<br>Қала салсақ, жол салсақ ...<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.*<br><br>***Күй күмбірі***<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру | Ойынның мақсаты: Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуға көмектеседі.<br>Ойынның шарты: Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің балалар табу қажет.<br>**(музыка)** | *керек.*<br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>***«Кімнің еңбегі?» ойыны***<br>*Суреттер көрсетіледі:*<br>*• Тәрбиеші – балаларға сабақ өтеді;*<br>*• Аспаз – дәмді тамақ пісіреді;*<br>*• Тазалықшы – бөлмені таза ұстайды;*<br>*• Дәрігер – балаларды тексереді.*<br>*Сұрақ: – Бұл адамдар не істейді?*<br>*– Олар еңбегі үшін не алады?*<br>*Балалар: «Жалақы!»*<br>*3. <u>«Жалақы қайда жұмсалады?»</u>*<br>*Тәрбиеші: – Аспаз апай алған ақшасына не сатып алады?*<br>*Балалар: «Тамақ, киім». – Ал дәрігер апай ше?*<br>*Балалар: «Үйіне керек зат».*<br>*Қорытынды: Әр адам еңбегі үшін ақша табады. Ақша – еңбектің жемісі.*<br>*4. Қимылды ойын «Ақша дұрыс жұмсалсын»*<br>*• Балаларға ойыншық тиын таратылады.*<br>*• «Дүкен» ойынында дұрыс тауарды таңдайды (нан, сүт, дәптер) және артықты алмайды (алтын тәж, 10 ойыншық т.б.).*<br>*5. Қорытынды – Балалар, балабақшада әр қызметкердің еңбегі бар. Олар біз үшін жұмыс істейді. Сондықтан олардың еңбегін сыйлау керек.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | 1. "Қанат қағып қарлығаштай" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады.<br>1 - "Қолымызды созайық" деп қолдарын асықпай алдыға созып айқастыру;<br>2 - "Қарлығаштай қанат артқа қағайық" деп артына созып айқастыру;<br>3 - "Биікке қанат қағайық" деп жоғары көтеріп айқастыру; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4 - "Ақырын жерге қонайық" деп алдыға еңкейіп, қолдың білезігін сілкілеу (3 рет).<br>2. "Сағат тіліндей қозғалайық".<br>Б.қ.- аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. "Қозғалып сағат тіліндей" деп төмен еңкею,<br>"Қанат қағайық оң жаққа" сөзімен денені оң жаққа, "Қанат қағайық сол жаққа" деп сол жаққа, содан кейін "Қанат қағайық тоқтамай" деп денені кезек-кезек үздіксіз қозғау. Әр жаққа 2 реттен қозғап, жаттығуды орындау.<br>3."Билетейік аяқты" жаттығуы.<br>Б.қ. - аяқты сәл алшақ қойып, қолдарын төмен түсіріп тұрады. ""Билетейік аяқты" сөзімен екі аяқты кезек алға қою. Әр жаққа 2 реттен жаттығуды орындау.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br>**Көркем сөз**<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | *Туған ел, Отан туралы мақал-мәтел жаттау.*<br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *"Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында әңгімелесу.*<br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *Отан туралы өлең жаттау*<br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті)***<br>**«Жұбын тап».**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары. Жемістер мен көгөністерге байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы. Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойынды бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын | **Үстел ойыны.**<br>*«Сурет бойынша жинастыр». Мақсат-міндеттер. Танымдық қабілеттерін дамыту.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бітсе, сол жеңеді.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау." **Міндеттері:**<br>1. Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br>2. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>3.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>10 саны<br>**Міндеттері:** 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.<br>Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың<br>ұсақ моторикасын дамыту.<br>Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Тепе-теңдік: гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен тұру **Міндеттері:**<br>а) Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктеін дамыту. Белгіленген жерден шұңқырға секіруге үйрету. Табандарын белсенді түрде июге үйрету, көзімен мөлшерлей білу қабілеттерін дамыту. | **Математика негіздері**<br>Қанша? Реті бойынша нешінші?<br>**Міндеттері:** «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарына жауап беру, реттік санын айтуды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруді, тура және кері санауды бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір-біріне деген достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу<br>**Қазақ тілі**<br>Үй жануарлары және төлдері. "Жеті лақ" ертегісін әңгімелеу.Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісінің мазмұнымен таныстыру; үй жануарларының төлдерінің атауларын бекіту; үй жануарларының дыбыс шығару және қозғалу ерекшеліктерін еске түсіру; үй жануарларының пайдасы туралы түсініктерін дамыту; көрнекі сызбаларды қолданбай, ертегінің мазмұны бойынша диалог құрып, мұқият болуды, қарапайым сөйлемдер құрастырып сөйлеуді үйрету; ертегілердегі жануарлардың мінез-құлқын адамдардың мінез-құлқымен салыстыруды, қарапайым қорытынды жасауға дағдыландыру; балаларды үй жануарларына қамқор болуға, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>Қанша? Реті бойынша нешінші?<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Отбасым – бақыт мекенім<br>**Міндеттері**:<br>Ауыспалы мағынадағы сөздермен таныстыру. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға баулу. Отбасындағы сыйластыққа тәрбиелеу<br>Педагог өлең оқиды.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар, Бір туған апам бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін еремін.<br>– Өлең не туралы?<br>Отбасы деген не?<br>– Әр адамның өз отбасы болады. Олар кез келген істі бірігіп атқарады, бір-біріне көмектеседі. Отбасында біз үлкендерді сыйлауға, кішілерге көмек көрсетуге, оларға қамқор болуға үйренеміз.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте кімдер бейнеленген? | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."<br>**Міндеттері:** 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>2.Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>3.Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Ұшағым"<br>Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>Менің сүйікті ертегім.<br>Балалар қалаулары бойынша ***(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру)*** іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Сурет салу: - балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; - балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br><br>2. Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.<br>3.Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).<br><br>К-Г дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Балаларды [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру; [-к], [-г] әрпін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, дыбысты есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, | **Міндеттері:** 1. Дауыссыз дыбыстарды айтылу барысында ажыратуды жетілдіру.<br><br>2. Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.<br>3. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br><br>**Міндеттері:** геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру. Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>"Нағыз дос»<br><br>**Міндеттері**: | тіктөртбұрыш, үшбұрыш<br>**Міндеттері:** геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>"Өн салған кім?"<br><br>Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге пысықтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>Көлік түрлері. Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі | **Міндеттері:** геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>**Біздің қанатты достарымыз**<br><br>**Міндеттері**:<br><br>Құстар туралы түсінігін кеңейту.<br><br>Тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу. Құстарды қорғауға тәрбиелеу.<br><br>Педагог өлең оқып береді. Күлімде, Күн, күлімде,<br><br>Жер жасарып, көгерсін. Бұрынғыдай бүгін де Қанат қақсын көгершін.<br><br>– Өлең не туралы?<br><br>– Құстар қандай болады?<br><br>– Құстардың табиғатқа, адамға тигізетін қандай пайдасы бар?<br><br>– Қандай құс түрлерін білесіңдер? | "Дыбыстық талдау."<br><br>**Міндеттері:** 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br><br>2. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>3.Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br><br>**Музыка**<br><br>"Құлан"<br><br>Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемі, таза жазуға дағдыландыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Ақылдылар<br><br>**Міндеттері:**<br><br>а) Эстафета элементтерін пайдаланып, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызығушылықтарын команда қызығушылықтарына бағындыру.<br><br>ә) Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүруге жаттықтыру, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін жетілдіру. Сапқа, тізбекке, шеңберге (оңға, солға, алға, арты) қайта тұруға жаттықтыру.<br><br>б) Заттардың арасымен фитболды саусақпен жеңіл қозғалту шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Ұжымшылдыққа, қыздарды сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | Әңгімені өз ойымен аяқтай білуге жетелеу. Сөйлеу екпінін реттеуге баулу.<br><br>Құрдастарымен достық қатынаста болуға тәрбиелеу<br><br>Педагог: Балалар, сендерге жалғыз ойнаған немесе серуендеген ұнай ма? Балалар өз ойларын ортаға салады, пікір алмасады. Жалғыз ойнасақ, жалғыз серуендесек, жалғыз тамақтансақ, көңілсіз екен. Сондықтан біз жалғыз қалмас үшін бізге дос, жолдас керек. Досың қайда тұрады?<br><br>Оның жасы нешеде?<br><br>Неліктен сен оны жақын досым деп санайсың?<br><br>**Ойын-жаттығу: «Сөйлемді аяқта»**<br><br>Мен өз досымды адал деп санаймын, өйткені ...<br><br>Мен өз досыммын ... бөлісемін. Мен өз досыма көмектесемін және ...<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>• Досыңмен бос уақытыңды қалай өткізесің? Сызба бойынша әңгімеле. Педагог балалармен бірге шартты белгілерді | Балалардың көлік түрлері, олардың<br>қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; *қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру;* қала мен ауылдың көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және<br>«көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін<br>үшке (жерүсті, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, үлкендерге қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Бәрі де риза<br><br>**Міндеттері**:<br><br>Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br><br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>Педагог тақтадан мамандардың суретін көрсетіп, әңгімелейді. – Кімдердің суреттерін көріп тұрсыңдар? | – Сендер құстарға қандай қамқорлық көрсете аласыңдар? Педагог әңгіме айтып береді. Әсем бақта қыдырып жүрді. Бақ ішінен құстардың әсем дауыстары естіліп жатты. Кенет бір мысық торғайдың балапанын бас салып, ұстап алды. Әсем дереу көмекке келіп, торғайдың балапанын құтқарып қалды. Үйіне әкеліп, жем, суын беріп күтті.<br><br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br><br>Ұс-ұс-ұс – аққу киелі құс.<br><br>Ұс-ұс-ұс – ауыл осы тұс.<br><br>Ос-ос-ос – қарлығаш адамға дос.<br>Аш-аш-аш – құстарға жем шаш.<br>Ма-ма-ма – құс шоқиды алма,<br>Ме-ме-ме – балам, оған тиме,<br>Ма-ма-ма – қасына да барма,<br>Дай-дай-дай – құстарға сеп бидай.<br><br>Сергіту сәті<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Суреттерді қара. Сурет бойынша әңгіме құра.<br><br>2. Құстарды ата. Олар қандай қазақ ертегісінде кездеседі? Ата. Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды, іс-әрекетіндегі қызықты болған жерлерді атауын сұрайды. | қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауды жаттықтыру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру** "Көліктер" тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап,шығармашылық орталықтарға барып жұмыс жасайды.Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.<br><br>Сурет салу:<br><br>- балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;<br><br>- заттың пішінін мәнерлі жеткізуге дағдыландыру, қағаздың фонына сәйкес түсті таңдай білуге тәрбиелеу; - суретті қарапайым қаламның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаш,бұтажәне өсімдіктер<br>а) Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету.<br>Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру.<br>ә) Табиғат туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру.<br>б) Туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Дидактикалық ойындар***<br>*1. «Қауіпсіз бе, қауіпті ме?»*<br>*• Суреттер көрсетіледі:*<br>*• Бала шамды жағып жатыр*<br>*• Анасы ас дайындап тұр*<br>*• Бала өрт сөндірушіге қоңырау шалды*<br>*• Бала сіріңкемен ойнап отыр*<br>*• Балалар әр суретке: «Қауіпсіз» немесе «Қауіпті» деп жауап береді*. | талқылайды. Мақалды қайталату арқылы жаттатып, мағынасын балалармен болжамдайды.<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>Дос бәрінен де қымбат.<br>Сергіту сәті<br>**Тіл ұстарту жаттығулары**<br>Ша-ша-ша – пісіп тұр алша.<br>Ос-ос-ос – бәрі бірге дос.<br>. **Дидактикалық ойын: «Досыңды тап»**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балалары көздерін таңып, өз достарын табуы керек. Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін қолмен ұстап, сипау арқылы табады. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Бізбен бірге және бізден артық орында<br>**Міндеттері:**<br>а) Баланың қимыл-қозғалыс жүйесінің дамуына жағдай жасау. Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, | – Сендер өскенде кім болғыларың келеді?<br>– Қандай мамандарды білесіңдер?<br>– Мамандық дегеніміз адамның еңбек қызметінің түрі, маман болу көп оқуды, дайындықты, жауапкершілікті талап етеді. Мамандықтың түрі өте көп.<br>– Балалар, сендер күнде келіп жүрген балабақшаны салатын адамды кім дейміз?<br>– Ауырған адамды кім емдейді?<br>– Киімдерді тігіп беретін адамды кім дейміз?<br>– Шашымызды әдемілеп қиып беретін адамды кім дейміз?<br>– Бүгін осы мамандықтар туралы жазушы **Мәдіхат Төрежановтың «Бәрі де риза» әңгімесімен танысамыз.**<br>Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: дәрігер – адамдарды емдейді агроном – егіншілік саласының маманы инженер – технология маманы<br>Сұрақ-жауап: | – Қыстап қалатын құстарға біз қыс түсіп, күн суытқанда жем шашып, көмектесуіміз керек.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Біз – болашақ әскерміз!<br>**Міндеттері:**<br>а) Әртүрлі қимылдар тізбегін орындау дағдыларын дамыту. Бір- бірден қозғалыс кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіріп, тізбекпен жүру, жүгіруді жалғастыру.<br>ә) Жерден екі аяқпен бірдей итерілуге жаттыға түсу, ұзындыққа секіруді бекіту. Кеңістікті бағдарлау дағдыларын, өз денсаулығын сақтау құндылығын арттырып, спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру.<br>б) Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, отансүйгіштікке, азаматтыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>*Көшедегі қауіпсіздік*<br>*а) Көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне* | көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу; -бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу; -достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>Мүсіндеу:қайық бейнесін мүсіндей білуді үйрету, ұсақ қол қимылдарын, ерекшеліктерін қалыптастыру; су көлігіне деген қызығушылықтарын арттыру; балардың есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жапсыру:Қағаздардан тікбұрышты пішіндер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып және жартылай отырып жүру, 4<br><br>метр қашықтыққа артпен жүру), ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br><br>ә) Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру. б) Күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. Ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындауға және мейірімділік пен тәртіптілікке тәрбиелеу. | – Әңгіме не туралы? Авторы кім? Әңгіме қалай аталады?<br><br>– Бейсен неше жаста еді?<br><br>– Қонақ баладан не сұрады? Ойыңды ортаға сал<br><br>. – Өскенде кім болғың келеді?<br><br>**Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»**<br><br>(баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: әр мамандық иесіне керекті заттарын тауып атайды.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Балалар қимылмен орындайды. Педагог әңгімені қайталап оқиды. Әңгімені сюжет бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады.<br><br>Педагог балалардың әңгімелеуін бағалайды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Сурет бойынша әңгімеле. Мұғалім не істейді? Дәрігер не істейді? Аспаз не істейді? Егінші немен айналысады? Өзің өскенде кім болғың келеді?<br><br>2. Жұмбақты шеш. Сауықтырар сырқатты, Жылы | *үйретуді жалғастыру.*<br><br>*Қоғамдық және жеке көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту.*<br><br>*ә) Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, жаяужол, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол).*<br><br>*б) Жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке баулу.* | шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелекдерді қиып алу.Қиылған пішіндерден көлік бейнесін құрастырып жапсыру<br><br>Құрастыру:балаларды парақты екіге бүктеуге және қосымша бөлшектерді пайдалану арқылы автобусты құрастыруға үйрету; балаларды көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру; балаларды парақты екіге бүктеуге үйретуді жалғастыру; «автобустарды» құрастыруда терезелерін, дөңгелектерін қиып жапсыру; көз мөлшерін, пішін мен композиция сезімін дамыту; дербестікке, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>3. Суретке тақырып ойла. Әңгіме құра. Ғарышкер деген кім? Ғарышқа ұшқан кімдерді білесің? Сенің Айға ұшқың келе ме? Не үшін?<br>4. Мұғалім мен аспазға қажетті құралдарды сызып қос.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін қандай мамандықтар туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтау. | | ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>Ақымақ қасқыр<br>**Міндеттері:**<br>Сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру. Тіл байлығын арттыру.<br>Кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Ойын жағдаяты**<br>– Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, ертегілер әлеміне саяхат жасайықшы. Қиялдап, көз алдымызға елестетейік. Енді көздеріңді ашыңдар.<br>– Қандай ертегілерді көз алдымызға елестеттік? Слайдтан ертегілердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | суреттері көрсетіледі. Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br><br>Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. (Қасқыр)<br><br>– Қасқыр қандай аң? Қасқыр туралы қандай ертегі білесіңдер?<br><br>– Балалар, бүгін біз «**Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз.** Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: өріс – мал жайылатын шөбі қалың жер ши – су жағасында тұтасып өсетін қамыс тектес өсімдік Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br><br>– Ертегі қалай аталады? Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды?<br><br>– Қасқырға тағы не жолығады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды?<br><br>– Қой қандай жануар? Ал қасқыр қандай аң?<br><br>– Ертегі кейіпкерін сипаттайық. Ертегі қалай аяқталды?<br><br>**Тіл ұстарту жаттығуы:** Ыр-ыр-ыр – ырылдайды қасқыр.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Педагог ертегіні қайталап оқып береді. Әр жолын балаларға сұрақтар қоя отырып қайталатады. Педагогтің жетелеуімен 2-3 бала ертегіні жалғастырып айтады.<br><br>**Үлестірмелі материалмен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **жұмыс**<br><br>1. Ертегінің жүйесін сурет бойынша айтып бер. Үй жануарларын ата. Үй жануарлары туралы не білесің? Қой қасқырды қалай алдады? Ешкі қасқырдан қалай құтылды? 2. Қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айт. Педагог балаларға қойдың, ешкінің, қасқырдың сөздерін әртүрлі екпінде айтқызып, қайталатады.<br><br>3. Ұйқасын тап:<br><br>Моп-момақан өзі, Сүп-сүйкімді ... . (қозы)<br><br>Педагог ұйқасын табуға балаларға көмектеседі, жеке жұмыс жүргізеді. **Дидактикалық ойын: «Жануардың дыбысын сал»**<br><br>Қасқырдың дауысын сал – у-у- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.<br><br>4 Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.<br><br>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады.<br><br>Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br><br>Педагог қорытынды жасайды.<br><br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Бүгін қандай ертегі қойылымын тамашаладық? Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды.<br><br>Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br><br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).<br><br>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.<br><br>*(өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Итті бақылау.**<br><br>*(экологиялық дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне деген қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге деген ықыласты тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстан тазалау.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>***Ұлттық ойын*** | **Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылау.**<br><br>**(***экологиялық дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар).<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** спорт алаңын жинау.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br><br>**Ұлттық ойын**<br><br>***Ақсерек-көксерек.***<br><br>*Бұл ойынды ойнау үшін балалар* | **Тікұшақты бақылау.**<br>*(экологиялық дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Әуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*Қимылды ойын*<br><br>*«Сөндір өртті» • Қызыл* | **Аула сыпырушының жұмысын бақылау.**<br><br>**(***экологиялық дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (белгілі жерге қоқыс жинау.)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қоқысты белгілі бір жерде жинау | **Сауысқанды бақылау.**<br>*(экологиялық дағды, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қара құлақ***<br><br>*Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі. Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ  қой!- деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай*  жалғасады.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; физикалық жаттығуларға оң көзқарас қалыптастыру. | *екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.<br>1-ші топ. Ойынды бастайды<br>Ақсерек-ау ақ серек<br>Бізден сізге кім керек.<br>2-ші      Ақсерек –ау ақ серек<br>Жаман-жаман бала аты<br>(бала аты) керек<br>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.*<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қуып жет".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** ұзындыққа секіру.<br><br>Мақсат-міндеттер. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту. | *шарлар немесе қағаздар жерге қойылады («от»). • Балалар қолдарындағы көк дөңгелектерді («су») алып, «оттың үстіне» тастайды. • Барлық «от» өшкенде ойын аяқталады.*<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Ұшақтар".**<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** "Өзенді жүзіп өт".<br><br>Мақсат-міндеттер. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. | дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Құстар мен жаңбыр".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кеңістікте бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту. | (күзгі жапырақтарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қарға мен ит", "Допты ұста".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта тұрып, қолды белге қойып тік тұруға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br><br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br><br>Көркем сөз<br><br>Нан – ардақты адал ас,<br><br>Кәрі, жас одан аттамас.<br><br>Ақ дастархан үстінде,<br><br>Қол жумай оны ұстамас.<br><br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br><br>Жерде жатса баспаңдар,<br><br>Теріп алып, қастерлеп,<br><br>Торғайларға тастаңдар.<br><br>Ө.Тұрманжанов<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, көркем сөз)* |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.<br><br>***«Күй күмбірі»***<br><br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ұйқыдан ояту.**<br><br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. |

| | |
|---|---|
| | «Ұшақ» жаттығуы.<br><br>Мақсат-міндеттер: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br><br>Көркем сөз<br><br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br><br>Уақыт болды тұратын.<br><br>Жаттығуды жасайық,<br><br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Бізді күтіп тұрмайды,<br><br>Жылдам алға басайық!<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,дене тәрбиесі* ) |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.<br><br>Көркем сөз<br><br>Нан – ардақты адал ас,<br><br>Кәрі, жас одан аттамас.<br><br>Ақ дастархан үстінде,<br><br>Қол жумай оны ұстамас.<br><br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br><br>Жерде жатса баспаңдар,<br><br>Теріп алып, қастерлеп,<br><br>Торғайларға тастаңдар.<br><br>Ө.Тұрманжанов |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Жинақ қорабы мен банк» салыстыру:***<br><br>*Балаларды банк қызметімен таныстыруды жалғастыру (ақша сақтау, ақша алу, жинақ шоты, несие);*<br><br>*• Ақшаны үнемдеу, жинақтау дағдысын қалыптастыру;*<br><br>*• Әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін дамы*<br><br>***Балаларға үйдегі жинақ қорабы мен банк арасындағы айырмашылық түсіндіріледі**. • Жинақ қорабы – ақшаны үйде сақтаймыз.*<br><br>*• Банк – ақшаны қауіпсіз сақтайды, кейде үстінен «пайыз» қосып береді.*<br><br>**«Әуе көліктері»** тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Көлік құралдары, адамдардың тұлғасы сияқты күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуі.<br><br>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып суретін салуға үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті | ***Ертегі***<br><br>***«Әділ және адал шаруа»*** *Дерек көзі: https://erketai.kz/ertegiler-alemi/adil-zhane-adal-sharua/*<br><br>**Қауіпсіздік сабағы**<br><br>*Сюжеттік-рөлдік ойын: «Өрт сөндірушілерге көмек»Мақсаты: Балаларды өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру, төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету, батылдыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар:*<br><br>*• Өрт сөндіруші каска, күрте (қағаз, картоннан жасауға болады)*<br><br>*• «Телефон» (ойыншық немесе макет)*<br><br>*• «101» деген үлкен жазу*<br><br>*• Қызыл қағаз (өртті бейнелеу үшін)*<br><br>*• Көк қағаз немесе доп (суды бейнелеу үшін) Ойын барысы:*<br><br>*1. Тәрбиеші: «Балалар, үйде өрт шықты! Не істеу* | ***«Түрлі - түсті гүлдер»***<br><br>*Ойынның мақсаты: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.*<br><br>*Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.*<br><br>*Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.*<br><br>*Ойынның бірінші нұсқасы:*<br><br>*Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.*<br><br>*Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын,* | **Вариативтік компонент**<br><br>**Жас зерттеуші**<br><br>**Саңырауқұлақ құпиясы**<br><br>***Марат Оралғазин – Қошақанның жауапкершілігі.***<br><br>*Теледидардан мультфильмді қарау,әңгімелесу.*<br><br>***https://youtu.be/KB40n1_41es?si=pEQRxg8qErmQVjYP***<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Кемемен саяхат".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, | ***«Дос болайық бәріміз»***<br><br>*Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.*<br><br>*Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br><br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br><br>*- үстелдің астынан өту;*<br><br>*- «көлді» айналып өту»;*<br><br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br><br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br><br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.*<br><br>*(адалдық әліппесі)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араластыру)<br>(сурет салу)<br><br>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеуге үйрету.<br><br>(мүсіндеу)<br><br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.(жапсыру) Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру (құрастыру)<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктір".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың (құбылыстар, жан-жануарлар, адамдар, ұғымдар) ортақ қасиеттерін байқап, оларды | *керек?» – деп сұрайды.*<br><br>*2. Бір бала өртті көріп, «101» нөміріне телефон соғады.*<br><br>*3. Басқа балалар өрт сөндірушілер рөлінде арнайы киімдерін киіп, «өрт шыққан жерге» асығады.*<br><br>*4. Балалар «сумен» (көк қағаз, доп) қызыл қағаздарды жауып, «отты сөндіреді». 5. Соңында бәрі: «Өртті сөндірдік! Қауіпсіздік – өз қолымызда!» деп ұран айтады. Тәрбиеші қорытындылайды:*<br><br>*• Өрт шықса, жасырынбай, үлкендерге айту керек.*<br><br>*• Телефон арқылы «101» нөміріне хабарласуды білу қажет.*<br><br>*• Сіріңке, от – ойыншық емес.*<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық*** **іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | *оның не себепті ұнағанын талқылауға болады.*<br><br>*(адалдық әліппесі)*<br><br>**«Автобус»** тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуға үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету. *Қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту*<br><br>(сурет салу)<br><br>Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.(мүсіндеу)<br><br>Балаларды автобус трафаретін қатырма қағаз бетіне жапсырып, түрлі түсті қағаздарды ұсақтап жырту арқылы автобусты жапсыруды үйрету;(жапсыру)<br><br>Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті | сыпайылыққа тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **Дамытушы ойын.**<br><br>**"Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br><br>Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.<br><br>Шарты.<br><br>Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту.<br><br>Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар).<br><br>Педагог өзінің қалауынша көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді.<br><br>Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. (құрастыру)<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>*Көлік түтінінің табиғатқа зияны туралы және табиғатқа адамзат қалай көмектесе алады әңгімелеу.*<br><br>*(экологиялық мәдениет дағдылары)* | | **әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Көлік жөндеу шеберханасы".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, *жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа* тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Топтағы мінез-құлық ережелері туралы түсінік беру, әңгімелесу***<br><br>*Балаларды тәрбие* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *процесі кезінде мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру.*<br><br>*Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіріңіз.*<br><br>*Рольдік ойындар арқылы мінез-құлық ережелерін бекіту. Материалдар мен ресурстар:*<br><br>*Мінез-құлық ережелерінің иллюстрациясы бар суреттер немесе карталар.*<br><br>*Марапаттау стикерлері немесе шағын сыйлықтар.*<br><br>*Сюжетті-рольдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Қазынасы бар сандық".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.<br><br>Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**«Шектес сандарды ата».**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. | **Балалармен "Көлік" тақырыбында әңгімелесу.**<br><br>Сюжетті-суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. | **"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.<br><br>"Машина" (Оразақын Асқар) | ***Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту.*<br><br>*"Светофор" (Зайда Елгондинова)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)** | Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | **(қарым-қатынас іс-әрекет)** | - Машина істе-серігің,<br>Жолға шықсаң-көлігің.<br>Айта қойшы, сен, інім,<br>Шығаратын оны кім?<br><br>Тас қорытып домнада<br>Металл құйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *Көшеде ол тұрады,*<br>*Көрмей қалма сен оны.*<br>*Жанса қызыл шырағы:*<br>*"Тоқта, жолдас!"- дегені.*<br><br>*Көшеде ол тұрады,*<br>*Көрмей қалма сен оны.*<br>*Жанса сары шырағы:*<br>*"Ал, дайындал!"- дегені.*<br><br>*Көшеде ол тұрады,*<br>*Көрмей қалма сен оны.*<br>*Жанса жасыл шырағы:*<br>*"Ал, өте бер!"- дегені.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып орнына қояды, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Итті бақылауды жалғастыру.**<br>*(экологиялық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-* | **Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылауды жалғастыру.**<br>*(экологиялық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-* | **Тікұшақты бақылауды жалғастыру.**<br>**(***экологиялық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-* | **Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру.**<br>**(***экологиялық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)* | **Сауысқанды бақылауды жалғастыру.**<br>*(экологиялық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне деген қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге деген ықыласты тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстан тазалау.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Біз көңілді балалармыз".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ойында мәтінді анық айтуға үйрету, ойын ережелерін сақтау.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, | *әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар).<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** спорт алаңын жинау.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қуып жет".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** ұзындыққа секіру.<br><br>Мақсат-міндеттер. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту. | *әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Әуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Ұшақтар".**<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** "Өзенді жүзіп өт".<br><br>Мақсат-міндеттер. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары. | Мақсат-міндеттер. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (белгілі жерге қоқыс жинау.)<br><br>Мақсат-міндеттер. Қоқысты белгілі бір жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Құстар мен жаңбыр".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** | *танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (күзгі жапырақтарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қарға мен ит", "Допты ұста".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; физикалық жаттығуларға оң көзқарас қалыптастыру. | | | Мақсат-міндеттер. Кеңістікте бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту. | Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта тұрып, қолды белге қойып тік тұруға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | «Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгіме. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **10.11 - 14.11.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАКЕРШІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.<br>"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.<br>Ата-аналарға кеңес.<br>"Егер бала төбелесе беретін болса". *Ата-анамен консультация* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды* | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Еңбек дағдыларын дамытуды* | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".***<br>***(кітаптарды қалпына келтіру).*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балалардың өз төсегіне* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | *топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br><br>***(экологиялық дағды, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | *күтім жасай алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р Әнұраны**<br><br>***Ұлттық ойын: «Орамал»***<br><br>*Қазақ халқында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар да болған.*<br><br>**Ойынның ережесі:** Қатысушылардың біріне түйін болып байланған орамалды жүргізушіге беретін адамды таңдайды. Ойыншылар шеңбер жасап тұрады, ал жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Қатысушылар жүргізушіні айнала бастайды. Ал жүргізуші " Тоқта!" дегенде, ойыншылар шашырап кетеді. Осылайша жүргізуші орамалы бар қатысушыны ұстауға тырысады. Ал орамалы бар | ***Күй күмбірі***<br><br>*"Күй тыңдайық, балақай!"*<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қауіпсіз серуен»*<br><br>*Мақсаты: Балаларды табиғатта, ойын алаңында өзін дұрыс ұстауға үйрету, қауіпсіздік ережесін меңгерту. Қажетті құралдар:*<br><br>*• Суреттер: ағаш, гүл, жол, әткеншек, сырғанақ, доп*<br><br>*• Жалаушалар (қауіпті жерді белгілеу үшін)* | **Күй күмбірі**<br><br>"Күй тыңдайық, балақай!"<br><br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Бес табан.***<br><br>***(асық ойыны)***<br><br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты* | ***«Үнемді тұтыну»***<br><br>***«Жарық керек пе?»***<br><br>*Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен).*<br><br>*Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.*<br><br>*• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.*<br><br>***"Этикет ережелері".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін* | **Күй күмбірі**<br><br>"Күй тыңдайық, балақай!"<br><br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру<br><br>***Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыруды жалғастыру:***<br><br>**1-** ***ереже.*** *Тәрбиешіні және басқа балаларды тыңда.*<br><br>*Түсіндіру: «Біреу сөйлегенде, біз мұқият тыңдап, түсінуге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы оны басқа қатысушыға бере алады. Орамалмен ұсталған қатысушы ән немесе айту айтуы керек.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*Қимылды ойын*<br><br>*«Дұрыс – бұрыс»*<br><br>*• Тәрбиеші ереже айтады, балалар қимыл арқылы жауап береді:*<br><br>*• «Әткеншек тербеліп тұрғанда жанында ойнау» → балалар «жоқ» деп қолдарын айқастырады.*<br><br>*• «Сырғанақтан кезекпен түсу» → балалар қол шапалақтайды.*<br><br>*• «Жолдан жүгіріп өту» → «жоқ» • «Жолдан тәрбиешімен өту» → «иә»*<br><br>**Үстел үсті ойыны.**<br><br>**"Лото".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу.<br><br>**(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *• Рөлдік белгілер: «тәрбиеші», «балалар», «дәрігер»*<br><br>*Ойын барысы:*<br><br>*1. Тәрбиеші: «Балалар, біз табиғатқа серуенге шығамыз. Бірақ әр жерде қауіп болуы мүмкін» дейді.*<br><br>*2. Балалар серуендеп жүріп, түрлі жағдайға тап болады:*<br><br>*• Бір бала гүлді жұлуға тырысады (тәрбиеші: «Табиғатты қорғау керек!»)*<br><br>*• Бір бала жолға жүгірмек болады (балалар: «Жолдан абайлап өту керек!»)*<br><br>*• Бір бала әткеншектің алдына тұрып қалады (балалар: «Қауіпті, шетте күту керек!») 3. «Дәрігер» рөліндегі бала қауіп болғанда көмекке келеді. 4. Соңында бәрі: «Қауіпсіздік – өз қолымызда!» деп ұрандайды.* | *атып шеңберден шығарса сол ұтады.*<br><br>**Санамақ**<br><br>Санайық жаңаша<br><br>Бір, екі, үш!<br><br>Желбіре жалауша,<br><br>Достықта біздің күш.<br><br>Оң қолымда бес саусақ,<br><br>Сол қолымда бес саусақ.<br><br>Оларды атап шақырар,<br><br>Әрқайсының аты бар.<br><br>Бас бармақ,<br><br>Балаң үйрек,<br><br>Ортаң терек,<br><br>Шылдыр шүмек,<br><br>Кішкене бөбек.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.*<br><br>**(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Дамытушы лото.**<br><br>**"Геометриялық фигуралар".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады.<br><br>**(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *кедергі жасамауымыз керек».*<br><br>**2- *ереже.*** *Барлық адаммен сыпайы сөйлес.*<br><br>*Түсіндіру: «Сөйлегенде сиқырлы сөздерді қолданамыз: «өтінемін, рақмет, кешіріңіз».*<br><br>**3- *ереже.*** *Ойыншықтар мен заттарға ұқыпты бол.*<br><br>*Түсіндіру: «Ойыншықтар мен заттар жалпыға ортақ, сондықтан біз барлығына жеткілікті болуы үшін ұқыпты қарауымыз керек».*<br><br>**4- *ереже.*** *Ұрыспа және ешкімді итерме.*<br><br>*Түсіндіру: «Бір-бірімізге мейірімді боламыз және бір-бірімізді ренжітпейміз».*<br><br>**5- *ереже.*** *Бөліс және бірге ойна.*<br><br>*Түсіндіру: «Бірге ойнау да қызық, ойыншықтармен* бөлісу де қызық». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Үстел үсті ойыны.**<br>**"Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық іс-әрекеті)**<br>***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашуды жалғастыру***<br>*Әділдік бар жерде, татулық та бар.*<br>*Татулық бар жерде, бақыт та бар.*<br>*Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)**<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру; | | | | |

| | |
|---|---|
| | 3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)* |
| **Таңғы ас** | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге, жарықты үнемдеуге  үйрету*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз<br><br>Дос бол сабын, сумен сен,<br><br>Жиі-жиі жуын сен,<br><br>Таңертен де кешке де,<br><br>Жуын күндіз-кешке де,<br><br>Жуын күндіз-түсте де,<br><br>Жуын тамақ алдында,<br><br>Жуын тамақ соңында,<br><br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br><br>Жуын тұрған мезгілде.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,*көркем сөз) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Санамақтар айтқызу.**<br><br>Қасқыр қақты қақпаны.<br><br>- Ашыңдар, тез! - айтқаны.<br><br>Сол-ақ екен лақтар,<br><br>Титтей-титтей шұнақтар<br><br>Жан-жағына жүгірді,<br><br>Жасырынып үлгерді.<br><br>Бірі - төсек астына,<br><br>Бірі - пештің қасына,<br><br>Бірі - сәкі астына,<br><br>Бір - астына керует, | ***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашу***<br><br>*Әділдік бар жерде, татулық та бар.*<br><br>*Татулық бар жерде, бақыт та бар.*<br><br>*Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.* | **"Қажетті киімді ал".**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br><br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br><br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br><br>Дидактикалық материал.<br><br>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. | ***Әділдік туралы мақал-мәтел жаттау, мағынасын ашуды жалғастыру***<br><br>*Әділдік бар жерде, татулық та бар.*<br><br>*Татулық бар жерде, бақыт та бар.*<br><br>*Бақыт бар жерде, керемет өмір бар.* | ***«Біл және көшеде жүру ережесін орында»***<br><br>***Мақсаты:*** *Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.*<br><br>***Қолданылатын көрнекіліктер:***<br><br>*Қала көшелері сапатталған суреттер.*<br><br>***Ойын барысы:*** *Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол суреттерге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірі - тапқыр керемет,<br>Отыр бөшке түбінде,<br>Қанша лақ бар бұл үйде?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**«Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>**(музыка)** | | Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.<br>**(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | *қарап, кез-келгенін тандап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді* |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."**Міндеттері:** 1. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.<br>2. Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру. 3.Тапсырмаларды орындату арқылы талаптану, іздену секілді қасиеттерін тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).Балаларды "Қ-Ғ" дыбыстарымен, "Қ қ-Ғ ғ" әріптерімен таныстыру. "Қ-Ғ" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Қ-Ғ" дыбыстарының | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."<br>**Міндеттері:** 1. Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту арқылы сөз құрап, сол сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту. 3.Ұсақ қол моторикасына арналған тапсырмаларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Дөңгелек және сопақша<br>**Міндеттері:** геометриялық фигура – сопақшаны тануға және атауға, сопақша мен шеңбердің, сопақша мен | **Математика негіздері**<br>Бүтін және фигуралардың бөліктері<br>**Міндеттері:** пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру туралы ұғымдарды қалыптастыру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>Орман жануарлары<br>Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және | **Математика негіздері**<br>Бүтін және фигуралардың бөліктері (қайталау)<br>**Міндеттері:** пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі; қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру туралы ұғымдарды қалыптастыру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұйымшылдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>**Алматы – әсем қала**<br>**Міндеттері**:<br>Алматы қаласы туралы білімін кеңейту. Сипаттауға қажетті | **Сауат ашу негіздері**<br>"Дыбыстық талдау."<br>**Міндеттері:** 1. Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту.<br>2. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту. Шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу**.**<br>**Тіл ұстарту жаттығулары.**<br>**(қазақ тілі)**<br>Та – та – т. Сары екен жота.<br>Ты – ты – ты. Атам менің мықты. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Қ-Ғ" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуға үйретіп, есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.<br><br>.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Біздің стадион<br><br>**Міндеттері:**<br><br>а) Әртүрлі жүру түрлерімен жүруге үйретуді жалғастыру (аяқты айқастырып жүру, отырып және жартылай отырып жүру, артпен жүру – 4 метр), қолдарының үйлесімді ырғақпен қозғалу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.<br><br>ә) Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра | тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша ажырата білу; заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру (2-3 белгі бойынша заттар тобынан затты бөлу) қабілетін бекіту. Геометриялық фигуралар мен олардың бөліктерін модельдеуге жаттығу. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Судың да сұрауы бар<br><br>**Міндеттері**:<br><br>Фонематикалық естуді дамыту. Сөздік қорын кеңейту.<br><br>Табиғатты сүюге тәрбиелеу.<br><br>Педагог:<br><br>– Балалар, мына әртүрлі ғажайып дыбыстарды мұқият тыңдаңдар. Ненің дыбысын естігеніңді айтып бер. Аудиотаспадан сылдырлаған бұлақтың, теңіздің дыбыстарын қою.<br><br>– Дыбыстарды естігенде, қайда жүргендей болдың?<br><br>– Ненің дыбысын естідің? | тамақтануы туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың атауларымен таныстыру; төлдерінің аттарын бекіту; «Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» мақалының негізінде жабайы табиғат туралы түсінігін дамыту; зияткерлік карталарды модельдеу және қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың тіршілік етуі туралы қазақ тілінде еркін әңгімелеуді үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br><br>"Музыкалық сағат"Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауды пысықтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Жұлдызды сәт**<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Көркем сөзге қызығушылығын | сөздерді қолдануға жетелеу.<br><br>Туған жерге сүйіспеншілігін арттыру.<br><br>Алматы қаласы туралы әңгімелесу, суреттер қарау.<br><br>**Ақын С. Оспановтың «Алматы қаласы» өлеңін** тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Алматы қаласы<br><br>Жап-жасыл ағашы,<br><br>Қып-қызыл алмасы.<br><br>Ақ басты тауы бар<br><br>Алматы қаласы.<br><br>Ақындар ағасы<br><br>Тұр Абай данасы.<br><br>Көшесі көрікті Алматы қаласы. (С. Оспанов)<br><br>– Алматы қаласындағы ағаштар қандай?<br><br>– Алманың түсі қандай? – Қандай тауы бар?<br><br>Сергіту сәті<br><br>**«Бағдаршам» ойыны**<br><br>Педагог балаларға бағдаршамның үш түсін көрсету арқылы қимыл-қозғалыстар жасатады. Қызыл түсті көрсеткенде, балалар тоқтайды. Сары түсті | Ту – ту – ту. Ағайынды тату.<br>Та – та – та. Ата, берші бата.<br>Да – да – да. Ойын екен дода.<br>Ду – ду – ду. Ысқырамын ду-ду.<br>Дық – дық. Кішкене қодық.<br>Доп деп, доп теп.<br>Дір – дір – дір. Су қандай мөлдір.<br><br>**Музыка**<br><br>"Ертегілер әлемі"Балалардың көңілді музыкаға деген қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге  үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыруды пысықтау.<br><br>**Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру** "Ертегілер әлемі" тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап,шығармашылық орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Сурет салу:Қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді бекіту. Гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеуді жаттықтыруды жалғастыру.<br>б) Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту және кез келген іс- әрекетті ақылға салып, талдап шеше білулерін дамыту. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, азаматтық қасиеттерін тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ауаның қасиеттері<br>а) Балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу.<br>ә) Ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру. б) Қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу. | **Педагог «Теңіздегі тіршілік иелері» атты бейнежазба көрсетеді**.<br>– Қандай тіршілік иесін таныдың?<br>– Теңіздегі тіршілік иелеріне нелер жатады?<br>– Қалай ойлайсыңдар, су кімге және не үшін керек? – Жаңылтпашты жаңылмай айтайық.<br>Бұл балық,<br>Ақ балық.<br>Ақ балық,<br>Қылтаны көп балық.<br>**«Сөзді жалғастыр» ойыны**<br>Мен қармақпен балық ... .<br>Теңіз жағасынан шағаланы ... . Бұлақ сылдырлап ... .<br>Жылқылар су ... .<br>Жаңбыр жауып, өзен суы ... . Аққулар жағаға жақын ... . Балалар суға ... .<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттен суда мекендейтіндерді ата. Оларды судың суретімен қос.<br>2. Суреттерді ата. У | арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу.<br>Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**«Жұлдызды сәт» интеллектуалдық ойыны** Интеллектуалдық ойын барысында берілген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысу.<br>Екі топқа бөліну.<br>Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады.<br>Әр дұрыс жауап бір жұлдызбен бағаланады. Ойын бес бөлімнен тұрады:<br>1. Кім білгір?<br>2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта.<br>3. Ойлан, тап.<br>4. Өнерлі бала өрге жүзер.<br>5. Көңілді сәт.<br>**Бірінші: «Кім білгір?»** жарысында сұрақтарға жауап беру.<br>**Екінші: Мақалды аяқта** – өткен іс-әрекетіміздегі мақалдарды есімізге түсіріп, жауап беру.<br>**Үшінші: «Ойлан, тап»** | көрсеткенде, қол шапалақтап, билейді. Жасыл жанғанда, әрі-бері жүреді.<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Қа-қа-қа – қала<br>Ға-ға-ға – жаға<br>Ге-ге-ге – шеге<br>Ке-ке-ке – кеме<br>Ла-ла-ла – қандай әсем қала<br>Ла-ла-ла – қандай кең дала<br>Ла-ла-ла – Алматы – үлкен қала Ла-ла-ла – қардан үй қала<br>Ла-ла-ла – жаппа маған жала Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>• Алматы қаласының аты қай жеміске байланысты қойылған? Белгіле. Ол жеміс туралы не білесің? Сипатта. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Менің үйім<br>**Міндеттері:**<br>а) Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға жаттықтыруды жалғастыру, допты алдыға, жоғары лақтыра | халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып (жануарлардың, адамдардың) суретін салуға үйрету, күрделі емес қимылдарды бере білу, бейненің айқындылығына, қимыл барысында қолдың, аяқтың қалыптарының өзгеруіне қол жеткізу. Бояумен жұмысты жетілдіру (бояудың қажетті қоюлығын алу үшін, акварель бояуын сумен араластыру).<br>Мүсіндеу:мүсіндеудің өздері білетін әдістәсілдерін қолдана отырып жүйрік атты мүсіндеуге үйрету, сөздік қорын молайту, тілін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің дамыту, бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Жапсыру:Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбысының орнын анықта. Егер дыбыс сөздің басында болса, бірінші шаршыны, ортасында болса, ортаңғы шаршыны, аяғында болса, үшінші шаршыны боя. Сергіту сәті<br><br>**Логикалық ойын: «Тура мағынасын айт»**<br><br>Педагог балаларға ауыспалы мағынадағы сөздер айтады, балалар тура мағынасын айтуға тырысады.<br><br>Мысалы: Жылы сөз – жылы күн Алтын бала – алтын сырға<br><br>Қара шаңырақ, қара ниет – қара шалбар<br><br>Ақ жол, ақ ниет – ақ орамал Жұмыстың аяғы – баланың аяғы Бұлақтың көзі – адамның көзі Суық хабар – суық жел – Мақалдарды жаттап алайық. Судың да сұрауы бар.<br><br>Бұлаққа бұлақ қосылса, егізбіз дейді. Көлге көл қосылса, теңізбіз дейді.<br><br>Педагог балалармен бірге мақалдардың мағынасын талқылайды.<br><br>Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br><br>**«Кеме»** тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс- | ойынында суреттің жалғасын тауып, атын атау.<br><br>**Төртінші: «Өнерлі бала өрге жүзер» – суретте берілген** ертегіден үзінді көру.<br><br>**Бесінші: «Көңілді сәт»** – әр топ өздері өнер көрсету. Сөздік жұмысы: алғыр – үнемі жарыста алда жүру тапқыр – кез келген нәрсенің тез шешімін табу<br><br>Екі топ сәлемдесіп алайық. «Алғырлар» тобы: Алғырлар, алға, Батылдыққа баста, Ойыннан қашпа!<br><br>«Тапқырлар» тобы: Біз тапқыр баламыз, Ойланамыз, табамыз, Жеңіске біз барамыз!<br><br>1. Кім білгір?<br><br>Қазақстанның бас қаласын ата. Біздің Отанымыз қалай аталады?<br><br>Қазір жылдың қай мезгілі? Неліктен күзді жомарт дейміз? Астықты қай кезде жинайды? Бір аптада неше күн бар? Балабақшада кімдер жұмыс істейді?<br><br>Қандай ертегілерді білесің?<br><br>**2. Ұшқыр ой. Мақалды аяқта.**<br><br>Дос болсаң ... . (берік бол) | білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Әртүрлі жүгіру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Залдың ортасы арқылы сапқа қайта тұру дағдыларын жетілдіру. | құрылымын, пропорцияларын беру, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу.<br><br>Құрастыру: балаларға қағаздан мүсіндеу техникасын үйрету, шеңберді, жартылай шеңберді конусқа айналдыру әдістерін қолдана отырып, қағазды құрастыру техникасын бекіту, бүктеу, ойық салу; балаларға қағаздан мүсін жасау техникасын үйрету; балаларды келесі әдістермен таныстыру: шеңберден конус жасау, жартылай шеңберді конусқа бұру, балалардың қиялын белсендіру; ертегі кейіпкерлерін сомдау үшін қосымша материалдарды пайдалана білуді дамыту; өз жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Әдептілік әлемі<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.<br><br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | әрекеттерді таңдап,**шығармашылық орталықтарға барып жұмыс жасайды.**<br><br>Балаларды қағаздың толық бетіне кемені салуға үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету.<br><br>(сурет салу)<br><br>Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып мүсіндеу. (мүсіндеу)<br><br>Балаларды  кеме трафаретін қатырма қағаз бетіне жапсырып, түрлі түсті қағаздарды ұсақтап жырту арқылы кемені жапсыруды үйрету;(жапсыру)<br><br>Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. (құрастыру)<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Артикуляциялық жаттығулар.** | Еңбектің наны ... . (тәтті)<br><br>Отан көркі ... . (жерімен)<br><br>Жері байдың ... . (елі бай) Сергіту сәті<br><br>3. Ойлан, тап. Суреттің атын тауып, жалғастырып сал, боя.<br><br>4. Өнерлі бала өрге жүзер. Педагогтің жетелеуімен орындайды. «Алғырлар» тобы: «Мақтақыз бен мысық» ертегісінен үзінді сахналау. «Тапқырлар» тобы: «Арыстан мен тышқан» ертегісінен үзінді сахналау.<br><br>**5. Көңілді сәт**.<br><br>Әр топ өз өнерін көрсетеді. Үлестірмелі материалмен жұмыс<br><br>1. Сөйлемдердің жалғасын анықта.<br><br>2. Суретті ата. Жалғастырып салып, боя.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Жұлдыздарымызды санайық. Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау. | | Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br><br>Балаларға көңілді амандасуды ұсынады.<br><br>– Әдемі күліп, әркім өзінің атын айтып амандасыңдар. Өзін таныстырған бала ерекше амандасып, әртістерше басын иеді. Балалар қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді.<br><br>– Балалар, амандасудың өзі де әдептілікке жататынын ұмытпайық. – «Әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br><br>– «Әдептілік» деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.<br><br>**– Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.**<br><br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br><br>Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін оқып береді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қазақ тілі)**<br>[-т], [-д] дыбысының артикуляциясы<br>Тіл тіске тиіп тұрады. Тіл арқасы түсіңкі. Ауа тістен екпінмен ажырайды.<br>Тіл тіске тиіп тұрады. Тіл арқасы түсіңкі. Дауыс желбезегі жұмыс істейді.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Менің отбасым<br><br>**Міндеттері:**<br><br>а) Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету, күш секілді дене сапасын дамыту. Әртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапқа қайта тұруды уақытқа мөлшерлеп тұру дағдыларын жетілдіру.<br><br>ә) Биік заттар үстінде заттарды аттап жүру барысында дене бітімін түзу ұстап және тепе-теңдікті сақтап жүру шеберліктерін (машықтарын) бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан қамшылар арқылы екі аяқпен секіруге жаттықтыру.<br><br>б) Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу. Бойларындағы қасиеттерін | | ә) Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру дағдыларын бекіту. Бір-бірінен 50 см арақашықтықта жатқан таяқтардан бір бүйірмен секіруге жаттықтыру, санақ бойынша табандарын шиірақ иіп, серпілу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>б) Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдыландыру. Ұйымшыл және жинақы болуға тәрбиелеу. Отбасына, өзіне деген жылы қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Қазақстанда өсетін өсімдіктер а) Өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, бау- бақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру. ә) Аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>б) Өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.<br><br>Ұйымдастырылған оқу іс- | (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>Сөздік жұмысы: аяқ-табақ – тамақ ішетін ыдыс<br><br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br><br>**Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»**<br><br>Шарты: сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу. – Үлкен кісіні ... керек. Үлкендердің ... алу керек. – Кішілерге ... керек. Ойыншықтарды ... керек.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін екінші қайтара оқып, мнемокесте бойынша жаттатады. Мнемокестедегі суреттерді атайды. Балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Суреттерге қарап, әдепті бала туралы әңгіме құра.<br><br>2. Мақалды жаттап ал. Әдепті адам – көрікті.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | өздері жетілдіруге деген талпыныстарын дамыту. | | әрекетті қорытындылай келе педагог балаларды шығармашылық орталықтарына шақырады.<br><br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды<br><br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге дайындық.<br><br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br><br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br><br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br><br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Шыршаларды бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдлары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың | **Қарғаны бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Қарға | **Құстарды бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>*Мақсат-міндеттері.* | **Шетенді бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Шетеннің | **Қайың мен шетенді бақылау.** *(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Бос орын".**<br><br>Мақсат-міндеттері.<br><br>Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жалаушаға тезірек жет".<br><br>Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. | туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.<br><br>***Ұлттық ойын***<br><br>***«Ат жарыс»***<br><br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br><br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br><br>*К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.*<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қақпандар", "Лақтыру - ұстау".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Ашық ойындарды ұйымдастыруда | *Құстарды* іздері арқылы ажыратуға үйрету.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту).<br><br>Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**"Лақтыр да, ұстап ал".**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту. | суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.)<br><br>Мақсат-міндеттері. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*Қимылды ойын*<br><br>*«Дұрыс – бұрыс»*<br><br>• *Тәрбиеші ереже айтады, балалар қимыл арқылы жауап береді:*<br><br>• *«Әткеншек тербеліп тұрғанда жанында ойнау» → балалар «жоқ» деп қолдарын айқастырады.*<br><br>• *«Сырғанақтан кезекпен түсу» → балалар қол шапалақтайды.*<br><br>• *«Жолдан жүгіріп өту» → «жоқ»* • *«Жолдан тәрбиешімен өту» → «иә»*<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің | Мақсат-міндеттер. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br><br>***«Ат жарыс»***<br><br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br><br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәуелсіздікті дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** аяқтың ұшымен жүру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту. | | белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруге үйрету, достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Себетке дәл түсір".<br><br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту. | *шауып жету.*<br><br>*К\Құралдар: Екі командаға* аттың кескін бетпердесі.<br><br>**"Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене тәрбиесі)**<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br><br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br><br>Көркем сөз<br><br>Дос бол сабын, сумен сен,<br><br>Жиі-жиі жуын сен,<br><br>Таңертен де кешке де, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жуын күндіз-кешке де,<br><br>Жуын күндіз-түсте де,<br><br>Жуын тамақ алдында,<br><br>Жуын тамақ соңында,<br><br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br><br>Жуын тұрған мезгілде.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,көркем сөз)* |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау. |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br><br>Аяқ массажы.<br><br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br><br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі )* |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br><br>Көркем сөз<br><br>Дос бол сабын, сумен сен,<br><br>Жиі-жиі жуын сен,<br><br>Таңертен де кешке де,<br><br>Жуын күндіз-кешке де,<br><br>Жуын күндіз-түсте де, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуын тамақ алдында,<br><br>Жуын тамақ соңында,<br><br>Жуын ұйықтар кезіңде,<br><br>Жуын тұрған мезгілде.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті,көркем сөз)* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Күй күмбірі»***<br><br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br><br>*Адамның қоршаған ортаның тазалығын сақтаудағы жауапкершілігі.*<br><br>***Өсімдіктер мен жануарларды қорғау.***<br><br>Мақсаты. *Адамның қоршаған ортамен толық байланысы, адамның табиғат жағдайына жауапкершілігі туралы түсінік беру.* Балаларға Жер – біздің үйіміз, үйді – денсаулығымызды қорғаймыздегентүсінік қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту; логикалық ойлау қабілетін дамыту;<br><br>қоршаған ортамен бірлік сезімін, экологиялық | ***Дидактикалық ойын:***<br><br>***«Артық ақша»***<br><br>*Мақсаты: Ақшаны санау, айырманы табу дағдыларын қалыптастыру. Құралдар: ойыншық ақша, бағасы жазылған зат суреттері. Ойын барысы: • Тәрбиеші бір зат көрсетеді (мысалы, кітап – 150 тг). • Балалар 200 тг төлеп, сатушыдан артық қайтарым алады. Нәтиже: Балалар артық ақшаны есептеуді үйренеді.*<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Киімдер дүкені»***<br><br>*Мақсаты: • Балаларды киім түрлерімен таныстыру; • Ақшаны пайдалану арқылы сатып алу дағдысын қалыптастыру; • Қаржылық сауаттылықты: таңдау* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*"Бала қауіпсіздігі басты назарда"*<br><br>*Тапсырмалар: өмірге қауіпті және қауіпті емес жағдайларды ажырата білуге үйрету; зейінді дамыту; қауіпсіздік ережелерін сақтауға деген ұмтылысты тәрбиелеу.*<br><br>*Материал:*<br><br>* 2 карточка — қызыл және жасыл шеңбермен,<br><br>* балалардың қауіпті және қауіпсіз әрекеттерін бейнелейтін суреттер.<br><br>*Ережелер:* қызыл карточканың (шеңбердің) астына баланың өміріне қауіп төндіретін іс—әрекеттері бейнеленген суреттерді, жасыл астына қауіпті емес (рұқсат етілген) суреттерді салыңыз.<br><br>*Суреттердің шамамен мазмұны:* | **Вариативтік компонент**<br><br>**Жас зерттеуші**<br><br>**Желдің күші**<br><br>***Бес табан.***<br><br>***(асық ойыны)***<br><br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.*<br><br>**Дидактикалық ойын.** | **Театрландырылған қойылым.**<br><br>**"Шегіртке мен құмырсқа" мысалы.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжеттік ойын:***<br><br>***«Мен банкке ақша саламын»***<br><br>*Мақсаты: • Ақшаны үнемдеу және қауіпсіз сақтау туралы алғашқы түсінік беру; • «Жинақтау» ұғымын таныстыру; • Қарым-қатынас, рөлдік ойын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәдениетті, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>*(экологиялық мәдени дағдыларды қалыптастыру, тіл дамыту, танымдық дағдылар)*<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Табиғи қорық".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, *жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>"Аңдар неге ұйқыға кетеді"<br><br>Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып | *жасау, ақша санау, қайтарым алу түсініктерін дамыту.*<br><br>*——— Құралдар: • Ойыншық ақша (түсті қағаздан); • Балалардың киімдерінің суреттері немесе ойыншық киімдер (көйлек, шалбар, аяқ киім, бас киім); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: бас киім – 1 ақша, көйлек – 2 ақша, аяқ киім – 3 ақша); • Үстел – «касса», сөре – «дүкен». ——— Рөлдер: • Дүкенші (1 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (дүкенші де бола алады) ——— Ойын барысы: 1. Кіріспе: Тәрбиеші: – «Балалар, біз киімдер дүкеніне келдік. Әркім қолындағы ақшасына өзіне ұнаған киімді сатып алады». 2. Сатып алу-сату: • Сатып алушы: «Маған бас киім керек. Қанша тұрады?» • Дүкенші: «Бас киім – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, бір ақша». • Дүкенші: «Рахмет! Міне, сіздің бас киіміңіз». (Егер бала көп ақша берсе:) • Дүкенші: «Көйлек – 2 ақша. Сіз 3 ақша бердіңіз. Міне, 1 ақша қайтарымыңыз». 3. Қорытынды: Тәрбиеші балалардан сұрайды: • «Сен не сатып алдың?» • «Ақшаң жетті ме?» • «Барлық ақшаны бірден жұмсау дұрыс па, әлде сақтап қойған жақсы ма?»* | бала отырады, кітап оқиды, теледидар көреді, сіріңкемен ойнайды, терезе үстінде тұрады, шаңсорғышты тазалайды, теледидарды розеткаға қосады, шкафтың үстіңгі сөресінен ойыншықты шығарады, дымқыл еденде жүгіреді, балконда ойнайды және т.б. қауіпті жағдайлардың барлық түрлері үшін.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br><br>«Мен өнерпаз балдырған» тақырыбында<br><br>балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды<br><br>Балаларға суретке қарап салуды және елестете отырып жануарлардың суретін салуға, мүсіндеуге  үйрету, күрделі емес қимылдарды бере білу, бейненің айқындылығына, қимыл барысында қолдың, аяқтың қалыптарының өзгеруіне қол жеткізу.<br><br>Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) құрастырып, жапсыру | **"Не, қайда мекендейді?"**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту.<br><br>Құралдар.<br><br>Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер.<br><br>Ойынның бірнеше нұсқасы бар.<br><br>1-нұсқа.<br><br>Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу.<br><br>Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру.<br><br>2-нұсқа.<br><br>Өздік ойын түрінде өткізу.<br><br>Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануарды естіп, мекендейтін орнын атау.<br><br>Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет. | *арқылы сөйлеу тілін дамыту. ——— Қатысушылардың рөлдері: • Банк қызметкері • Клиенттер (балалар) ——— Құралдар: • Үлкен қорапша немесе дорба («банк»); • Шағын қорапшалар («жинақ қорабы»); • Жасанды ақша (түсті қағаздан да жасауға болады). ——— Ойын барысы:*<br><br>***1. Тәрбиеші кіріспе жасайды**:  «Балалар, адамдар ақшасын банкке салады. Банк ақшаны қауіпсіз сақтайды. Егер бізге керек болса, қайта алып шығамыз».*<br><br>***2. Рөлдер бөлу:** Бір бала – банк қызметкері, қалғандары – клиент.*<br><br>***3. Ойын әрекеті**: • Балалар қолындағы ақшасын жинақ қорапшаға немесе банкке салады. • Банк қызметкері ақшаны қабылдап: «Сіздің ақшаңыз қауіпсіз жерде сақталады» деп айтады. • Кейін балалар банкке келіп, ақшасын қайта алады. • Балалар алған ақшасына ойыншық немесе суреттегі затты* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануарлардың суретін салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастырға үйрету<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br><br>**(музыка)** | *«сатып алады».*<br><br>***4. Қорытынды әңгіме:*** *«Ақшаны банкке не үшін салдық?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсауға бола ма?» – «Жинақтаудың қандай пайдасы бар?»*<br><br>*Нәтиже: 4 жасар балалар: • Ақшаны сақтау керек екенін; • Банк – ақшаны сақтайтын жер екенін; • Жинақтаудың пайдалы екенін түсінеді.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Үстел үсті ойындары.**<br><br>**"Бұл қай кезде болады?"**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; үйлесімді сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | ***«Біл және көшеде жүру ережесін орында»***<br><br>***Мақсаты:*** *Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.*<br><br>***Қолданылатын көрнекіліктер:***<br><br>*Қала көшелері сапатталған суреттер.*<br><br>***Ойын барысы:*** *Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады.* | **«Суреттерді орналастыр».**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттер.<br><br>Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.<br><br>Ойынның мазмұны.<br><br>Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. | **Көркем сөздер айтқызу.**<br><br>"Кірпіжан" (Д.Ахметова)<br><br>- Кірпіжан, кірпіжан,<br><br>Қайда жортып барасың?<br><br>Орманнан, орманнан<br><br>Нені іздеп аларсың?<br><br><br>- Жолым көп, жолым көп,<br><br>Қоректі іздеймін.<br><br>Қорек көп, қорек көп | **Көркем сөздер айтқызу.**<br><br>"Қасқыр" (Жүсіп Қыдыров)<br><br>Көрдіңіз бе, әне, аға,<br><br>Атам қуған арланды!<br><br>Түнде шауып қораға<br><br>Дүркіреткен бар малды.<br><br><br>Қолға түсіп қалыпты,<br><br>Сыбағасын алыпты.<br><br>**(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Балалар сол суреттерге қарап, кез-келгенін таңдап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді.* | **(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Тауып алып, жеймін.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | **Шыршаларды бақылауды жалғастыру.**<br><br>*(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)** | **Қарғаны бақылауды жалғастыру.**<br><br>*(экологиялық мәдениет дағдлары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Қақпандар", "Лақтыру - ұстау".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Ашық | **Құстарды бақылауды жалғастыру.**<br><br>*(экологиялық мәдениет дағдлары ,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Құстарды іздері арқылы ажыратуға үйрету.<br><br>*Құматрға қамқорлық жайлы әңгімелесу*<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту).<br><br>Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары.**<br><br>**"Лақтыр да, ұстап ал".**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттері. Допты екі | **Шетенді бақылауды жалғастыру.**<br><br>*(экологиялық мәдениет дағдлары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.)<br><br>Мақсат-міндеттері. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі)**<br><br>**"Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды | **Қайың мен шетенді бақылауды жалғастыру.**<br><br>**(экологиялық мәдениет** *дағдлары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Мақсат-міндеттер. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту.<br><br>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау).<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Бос орын".**<br><br>Мақсат-міндеттері.<br><br>Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Жалаушаға тезірек жет".<br><br>Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары. | ойындарды ұйымдастыруда тәуелсіздікті дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** аяқтың ұшымен жүру.<br><br>Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту. | қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту. | тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруге үйрету, достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Себетке дәл түсір".<br><br>Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту. | **ойындары.**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>**"Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады).**<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br><br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br><br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br><br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br><br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br><br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br><br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?" | Ата-аналарға кеңес.<br><br>"Отбасындағы сауықтыру шаралары". | Балалардың жетістігі жайлы ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңесу. | Балалардың жетістігі жайлы ата-аналармен әңгімелесу; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| | жасанды маталар (вискоза, плащ матасы).<br><br>Педагог қанша маталарды зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Киімдер" дүкені.**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*Жануарлармен қауіпсіздік ережелері*<br><br>*1. Бөтен жануарға жақындама • Көшеде көрген итке немесе мысыққа* | мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту (мүсіндеу)<br><br>Балаларды үшбұрыштарды бірнеше қайтара бүктеп, шыршаның қылқан жапырақтарын жасауға, қағаз бетіне шыршаны құрастырып желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; "шашырату" әдісі бойынша ақ түсті гуашьті шыршаның бетіне шашырату іскерліктерін жетілдіру; жасаған жұмыстарын безендіруге ынталандыру; шығармашылық қабілеттерін, қол саусақ моторикаларын дамыту; сөздік қорларын молайту. (жапсыру)<br><br>**LEGO-құрастырмалар.Үлгі бойнша құрастру дағдыларыын дамыту (құрастыру)**<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br><br>**"Не жоқ?"**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br><br>Құралдар.<br><br>Түрлі заттар мен ойыншықтар.<br><br>Шарты.<br><br>Педагог балалардың алдына | дыбыстық құрамдары кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын "Супермаркет".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу• Балаларды дүкенде сатып алу мәдениетімен таныстыру; • *Ақша санауды, төлеуді, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақшаны дұрыс жұмсау, таңдау жасау***Құралдар:** • Шартты ақша (қағаздан); • Ойыншық тағамдар (жеміс-жидек, сүт, нан, шырын және т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: алма – 1 ақша, сүт – 2 ақша, нан – 1 ақша, шырын – 3 ақша); • Үстел – «касса», ойыншық касса (болса жақсы). **——— Рөлдер:** • Сатушы (1–2 бала) • Сатып | *Зоопаркте ешқашан жалғыз жүрмеу керек.*<br><br>*2. Жануарларға қол созбау – Қоршаудан асуға, торға қол тигізуге болмайды.*<br><br>*3. Жануарларға тамақ бермеу – Әр жануардың өз тамағы бар, бөтен тамақ олардың денсаулығына зиян.*<br><br>*4. Айқайламау, жануарды қорқытпау – Жануарға тас, зат лақтыруға, қатты дауыс шығаруға болмайды.*<br><br>*5. Қоршаудан аспау – Жануарлар қауіпті болуы мүмкін.*<br><br>*6. Тазалық сақтау – Қоқысты арнайы жәшікке салу керек.*<br><br>*7. Адасып қалсаң – Тәрбиешіні немесе күзетші, қызметкерді тауып айту керек.*<br><br>***«Кімнің еңбегі?» ойыны***<br><br>*Суреттер көрсетіледі:*<br><br>*• Тәрбиеші – балаларға сабақ өтеді;*<br><br>*• Аспаз – дәмді тамақ пісіреді;*<br><br>*• Тазалықшы – бөлмені таза ұстайды;*<br><br>*• Дәрігер – балаларды* | *жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br><br>***Ойын барысы:***<br><br>Бірнеше суреттер суретті төмен қаратып үстелде жатыр. Бала кез-келгенін таңдайды, қарастырады және айтады: онда не бейнеленген, неге бұл балаға қатысты болды, ол не істеді, енді балаға не істеу керек.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Кітапхана".**<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br><br>Құралдар.<br><br>Кітаптарға сөрелер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *рұқсатсыз баруға болмайды.*<br><br>*2. Жануарды қорқытпа • Айқайлама, тасты лақтырма, құйрығынан, құлағынан тартпа.*<br><br>*3. Жануар тамақ ішіп жатқанда мазалама*<br><br>*• Ол ашуланып, тістеп алуы мүмкін.*<br><br>*4. Жануарға қамқор бол • Тамақ, су беруге болады, бірақ үлкендердің қасында ғана.*<br><br>*5. Жануарды ұйықтап жатқанда оятпа • Шошып кетуі мүмкін.*<br><br>*6. Жануармен ойнағанда абай бол • Итпен ойнасаң, арқанға байланған, үйренген ит қана болуы тиіс.*<br><br>*7. Үй жануарын қолыңа алғанда • Қолыңды жууды ұмытпа*<br><br>*. 8. Қауіп төнсе • Ит қуып келсе, қашпай, тыныш тұрып қал. Айқайлама. Жақын жердегі үлкендерге айғайлап көмек шақыр.* | таныс ойыншықтарды немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге де жеткізуге болады.<br><br>Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды.<br><br>Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін айтады<br><br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | алушылар (қалғандары) • Кассир (сатушының өзі немесе бөлек бала)<br><br>——— **Ойын барысы:** 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз бүгін супермаркетке келдік. Мұнда әртүрлі азық-түліктер бар. Бірақ оларды алу үшін біз ақша төлеуіміз керек». ——— 2. Сатып алу: • Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған бір нан беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Сатушы: «Нан – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, 1 ақша». • Сатушы: «Рахмет! Міне, наныңыз». (Егер артық ақша берсе:) • Сатып алушы: «Маған сүт беріңізші. Міне, 3 ақша». • Сатушы: «Сүт – 2 ақша. Сізге 1 ақша қайтарым». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, дүкенде не істедік?» – «Ақшаны қалай санадық?» – «Ақша жетпесе, қалаған затыңды ала аласың ба?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсап қоюға бола ма?»<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | *тексереді.*<br><br>*Сұрақ: – Бұл адамдар не істейді?*<br><br>*– Олар еңбегі үшін не алады?*<br><br>*Балалар: «Жалақы!»*<br><br>*3. «Жалақы қайда жұмсалады?»*<br><br>*Тәрбиеші: – Аспаз апай алған ақшасына не сатып алады?*<br><br>*Балалар: «Тамақ, киім». – Ал дәрігер апай ше?*<br><br>*Балалар: «Үйіне керек зат».*<br><br>*Қорытынды: Әр адам еңбегі үшін ақша табады. Ақша – еңбектің жемісі.*<br><br>*4. Қимылды ойын «Ақша дұрыс жұмсалсын»*<br><br>*• Балаларға ойыншық тиын таратылады.*<br><br>*• «Дүкен» ойынында дұрыс тауарды таңдайды (нан, сүт, дәптер) және артықты алмайды (алтын тәж, 10 ойыншық т.б.).*<br><br>*5. Қорытынды – Балалар, балабақшада әр қызметкердің еңбегі бар. Олар біз үшін жұмыс істейді. Сондықтан олардың еңбегін сыйлау керек.* | түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br><br>Шарты.<br><br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні туралы суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазба, фотосурет тамашалайды.<br><br>Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс.<br><br>Балалардың арасынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Сюжетті-рөлдік ойын**.<br><br>"Аурухана".<br><br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; *Дәрігерлердің жауакершілігі туралы әңгімелеу*<br><br>еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br><br>**анықтайды.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зертте**у іс-әрекеті) | кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады.<br><br>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br><br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін, кітапханаға қайтару.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.**<br><br>Мақсат-міндеттері: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттері: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **Жыл мезгілі туралы әңгіме.**<br><br>Мақсат-міндеттері: қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | **Бала тілін дамыту. Тақпақтар жаттау.**<br><br>Төлеу Шаханов тақпақтары.<br><br>"Тиін"<br><br>- Аңдып тұрған жау жоқ па?-<br><br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br><br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br><br>Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та.<br><br>"Бақа"<br><br>Келсем көлге жақындап,<br><br>Жағың тынбас бақылдап.<br><br>Ауырмай ма таңдайың,<br><br>Күні бойы тақылдап?<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Шығармашылық уақыты: "Ғажайыптар қалашығы".**<br><br>Мақсат-міндеттері: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. *(экологиялық мәдениет дағдылары, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)* | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br><br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br><br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>"Балаларды суықтан қалай қорғауға болады?" | Ата-аналарға тапсырма беру. | Жоба ұйымдастыру.<br>"Жаңа жылдық көрме".<br>Жаңа жылдық көрмеге шырша жасау. | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| **ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ** | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **01.12 - 05.12.2025**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Тәуелсіз - Қазақстан» салтанатты іс-шараға байланысты тақпақ беру, ата-аналармен салтанатты іс-шараға байланысты әңгімелесу.<br>"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа** | ***"Жабық өсімдіктерге бүріккіш пистолеттен су бүрку".***<br>***(экологиялық мәдениет дағдылары, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз* | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".***<br>***(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)***<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)****Мақсат-* | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият* | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>***(экологиялық мәдениет дағдылары, еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеттер)** | *Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* | *бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою, тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттенін еңбектенуге тәрбиелеу.* | *міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті байқауға, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.* | *орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу.* | ***әрекеті)***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.* |
| | ***Қ.Р.Әнұраны***<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*«ҮЙДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫН, АТА-АНАЛАРДЫҢ НӨМІРЛЕРІН ЖАТҚА БІЛЕМІЗ»*<br><br>***Міндеттері:***<br><br>*-Балаларға үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін білудің маңыздылығын түсіндіру.*<br><br>*-Балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету.*<br><br>*-Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы* | ***«Ата-анамның еңбегі – менің бақытым»***<br><br>*Мақсаты: • Балаларға түрлі мамандықтарды таныстыру;*<br><br>*• Ақша еңбектің арқасында келетінін түсіндіру;*<br><br>***• Қаржылық сауаттылыққа алғашқы қадам жасау;***<br><br>*• Ата-ананың еңбегін құрметтеуді қалыптастыру. Ойын барысы:*<br><br>*1. Дайындық: • Карточкаларға әртүрлі мамандықтарды жазып қойыңыз (дәрігер, мұғалім, құрылысшы, жүргізуші, сатушы, банк қызметкері, т.б.).*<br><br>*• Балалар өз ата-анасының* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***Қауіптің көздері***<br><br>***Мақсаты:*** *қауіпті объектілер болуы мүмкін объектілер туралы білімдерін бекіту, сипатталған жағдайға сәйкес объектілердің суреттерін таңдау қабілетін қалыптастыру, жолдастық сезімін тәрбиелеу*<br><br>***Ереже:*** *итермеңіз, заттарды бір-бірінен алмаңыз.*<br><br>***Материал:*** *тұрмыстық заттармен, сыйлықтармен (чиптермен немесе суреттермен) макет немесе ойын бұрышы* | ***Күй күмбірі***<br><br>*"Күй тыңдайық, балақай!"*<br><br>***«Ырыс алды-ынтымақ» ертегісі***<br><br>[***https://youtu.be/A7dhkYaI_EA***](https://youtu.be/A7dhkYaI_EA)<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**«Көлеңкесін тап».**<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)***<br><br>Мақсат-міндеттері: балаларды әр аңның көлеңкесін тауып | ***Асық ату (хан ату).***<br><br>*Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*<br><br>**Үшінші артық**<br><br>**(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *балалардың білімдерін бекіту.*<br><br>**Дидактикалық ойын «Ненің ізі?»**<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, қазақ тілі)***<br><br>Мақсат-міндеттер: Коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету<br><br>Байқампаздыққа, ұқыптылыққа үйрету. | *мамандығын да алдын ала айтып дайындалады.*<br><br>***2. Бірінші кезең «Кімнің ата-анасы?»***<br><br>*• Әр бала кезекпен: «Менің анам (немесе әкем) – … болып жұмыс істейді» дейді.*<br><br>*• Басқалары сұрақ қояды:*<br><br>*«Ол не істейді?»,*<br><br>*«Адамдарға қалай көмектеседі?» • Балалар қысқаша түсіндіреді.* ***3. Екінші кезең «Еңбектен – табыс»***<br><br>*• Жүргізуші сұрайды: «Бұл жұмыста адам еңбегі үшін не алады?»*<br><br>*• Балалар: «Жалақы» деп жауап береді.*<br><br>*• Түсіндіру: жалақыны текке емес, еңбегі үшін алады.*<br><br>***4. Үшінші кезең «Ақшаны қалай жұмсаймыз?»***<br><br>*• Әр бала ата-анасы тапқан ақшаны отбасы неге жұмсайтынын айтады (үй, киім, тамақ, мектеп, ойыншық, саяхат т.б.).*<br><br>*• Жүргізуші ақшаны дұрыс пайдалану керектігін айтып толықтырады: үнемдеу,* | ***Ойын барысы:*** *мұғалім басқа жаққа қарайды, ал балалар осы уақыт ішінде макетте немесе ойын бұрышында қауіпті болуы мүмкін деп санайтын заттарды алып кетуі керек. Содан кейін әркім өз таңдауын түсіндіреді. Жауаптар сыйлықтармен марапатталады.*<br><br>**"Бұл не?" дидактикалық ойыны.**<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)***<br><br>Мақсат-міндеттер. Логикалық ойлауды, есте сақтауды, тапқырлықты дамыту. Балаларға тірі және жансыз табиғат нысанын сипаттауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту, ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>Ойын барысы. Тәрбиеші тірі немесе жансыз табиғат нысанын ойлап, оның белгілерін атай бастайды, ал балалар жалғастырады. Мысалы: Жұмыртқа - сопақ, ақ, үлкен, үсті қатты, | орналастыруға үйрету.<br><br>Тілдерін дамыту. Аңдардың<br><br>атауын атап, сипаттауға үйрету.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*«ҮЙДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫН, АТА-АНАЛАРДЫҢ НӨМІРЛЕРІН ЖАТҚА БІЛЕМІЗ»*<br><br>***Міндеттері:***<br><br>*-Балаларға үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін білудің маңыздылығын түсіндіру.*<br><br>*-Балаларды үй мекенжайы мен ата-анасының телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету.*<br><br>*-Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балалардың білімдерін бекіту.* | ***әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қазақ тілі)***<br><br>Дидактикалық материал: үй және жабайы жануарлары бейнеленген карталар.<br><br>Ойын барысы.<br><br>Балаларға жануарлар бейнеленген карточкалар таратылады. Балалар қай жануардың артық екенін анықтауы керек.<br><br>- Қой, сиыр - үй жануарлары. Олар адамның жанында тұрады. Түлкі - жабайы жануар, ол орманда тұрады. Түлкі - бұл орман жануары, жабайы аң және т. б.<br><br>**«Заттарды салыстыру».**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *қажет нәрсеге жұмсау, артық шығын жасамау.*<br>*Қорытынды Жүргізуші балаларға сұрақ қояды:*<br>• *Ақша қайдан келеді?*<br>• *Оны қалай дұрыс жұмсау керек?*<br>• *Ата-ананың еңбегін неге құрметтеуіміз керек? Балалар жауап береді. Соңында тәтті сыйлық немесе смайлик-стикер беруге болады.* | қоректік, дүкеннен табуға болады, жеуге жарамды, одан балапандар шығады. | | танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар.<br>Ойынның барысы: балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады.<br>Жуан - жіңішке<br>Кең - тар<br>Биік - аласа<br>Үлкен -кішкентай<br>Ұзын -қысқа<br>Ұғымдарын үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу**<br>***(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)*** | | | | |

| | |
|---|---|
| | 1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді;<br>1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын құшитпау);<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою;<br>1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу;<br>2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.<br>1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;<br>2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау. |
| **Таңғы ас** | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.**Көркем сөз**<br><br>Ірімшікті кеміріп,<br><br>Тышқан отыр керіліп.<br><br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br><br>Бет жұмайды ерініп.<br><br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br><br>Қазір жасап беремін.<br><br>Сүт ботқасын көп жесең,<br><br>Жылдам өсіп кетесің. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, көркем сөз)* | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері.**<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті***<br><br>Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. | «Тәуелсіз - елім менің Қазақстан!»<br><br>***(қазақ тілі)***<br><br>Мақсат-міндеттер: Тілдік дамытушы ортада туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер көрсету, әңгімелесу арқылы ауызекі сөйлеуін дамыту. | *Мақал-мәтелдер*<br><br>*Ырыс алды — ынтымақ.*<br><br>*Бірлік болмай — тірлік болмас*<br><br>Мақал-мәтелдердің мағынасын ашу, жаттау. | **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.**<br><br>***(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)***<br><br>Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту. | *Мақал-мәтелдер*<br><br>*Ырыс алды — ынтымақ.*<br><br>*Бірлік болмай — тірлік болмас*<br><br>Мақал-мәтелдердің мағынасын ашу, жаттау. |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыстық талдау**Міндеттері:** 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br><br>2. Сөзді буынға бөле алу | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыстық талдау<br><br>**Міндеттері:** 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br><br>2. Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа | **Математика негіздері**<br><br>Шар. Текше. Цилиндр<br><br>**Міндеттері:** геометриялық денелерді текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, | **Математика негіздері**<br><br>Жазық фигура және көлемді фигура<br><br>**Міндеттері:** жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету. Санау, санды цифрмен | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыстық талдау<br><br>**Міндеттері:** 1. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын бекіту.<br>3.Дербес жұмыс істеу алуға және әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері).<br><br>Балаларды [-с], [-з] дыбыстары және С с, З з әріптерімен таныстыру, әріптерді жазуды көрсету; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) табуды үйрету; [-с], [-з] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздермен сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілі туралы өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. | толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.<br>3.Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>Шар. Текше. Цилиндр<br><br>**Міндеттері:** геометриялық денелер – текше, шар, цилиндрді тануға және атауға үйрету. Санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Алғашқы қар<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін түсіндіру. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға баулу.<br><br>Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>Педагог:<br><br>Балалар, табиғатты сүю – парыз. Сүю үшін қорғау – парыз. Адамдардың табиғатсыз | қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>Қазақстанның қазба байлықтары.<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Қазақстан және оның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту; ауыз су, көмір, бидай, мұнай, кен, газ, көл, теңіз, дала, тау, орман сөздерінің мағынасын түсіндіру; онға дейін санау және кері санауға жаттықтыру; туған жердің құндылығы туралы түсініктерін дамыту; балаларға қарапайым сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруды, Қазақстанның байлығы туралы қазақ тіліндегі ақпаратты тыңдауды, түсінуді және осы тілде сөйлеуді үйрету; Қазақстанның байлығы туралы жалпы әңгіме құрастыру барысында коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту, кеңістіктік қиял, есте сақтау, ойлау негіздерін дамыту; патриоттық сезімге, туған жердің табиғи байлықтарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | сәйкестендіру, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру. Қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту. Еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>"Менің Отаным"<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Отан туралы түсінігін тереңдету.<br><br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауға үйрету. Отанын сүюге тәрбиелеу.<br><br>– Балалар, біз бір-бірімізді түсіну үшін не істейміз?<br><br>Әрине, сөйлесеміз, тілдесеміз. Сөйлемдердің үш түрі болады. Біріншісі – хабарлы сөйлем, бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады.<br><br>Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан.<br><br>Нүкте Нүкте деген білгенге Жай ғана бір ноқат па?! Жоқ онсыз сөйлем де, Жоқ өлең де, жоқ хат та!.. Жазып жатқан кездерде Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де, Сол нүктемен бітеді. (Қ. Мырза Әли) | жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br><br>2. Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту.<br>3.Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>***<u>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</u>***<br><br>«Шапан» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Мақсат-міндеттер:<br><br>Шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылықтары н ояту. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімі шапанмен таныстыру.<br><br>*Сурет салу:*<br><br>- қазақ халқының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Отбасымызбен бірге жаттығамыз<br><br>**Міндеттері:**<br><br>а) Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру.<br><br>ә) Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алуға жаттықтыру. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту.<br><br>б) Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. Отбасы мүшелерімен бірге салауатты өмір салтына баулу.<br><br>**"Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын**<br><br>**(музыка)**<br>Ойын шарты: Педагогтің сөздерді айтуы бойынша | күні жоқ, Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.<br><br>– Балалар, қыс мезгіліне арнап көптеген ақын, жазушы өлеңдер, әңгімелер жазған. **Ақын Мүбарак Жаманбалиновтың да «Суретші», «Алғашқы қар» деген өлеңдері бар. Қазір біз ақынның «Алғашқы қар»** өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.<br><br>Педагог балаларға өлең мазмұны бойынша сұрақтар қояды<br><br>Сергіту сәті<br><br>Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардың айтылу ерекшеліктерін түсіндіреді. Дауыссыз дыбыстар: к, қ, п, т, с, ф, х, ц, ч, ш, щ, б, в, г, ғ, д, ж, з, һ, р, л, и, у, м, н, ң.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды әндетіп айтайық»** А-а-а, ә-ә-ә, о-о-о, ы-ы-ы-ы, у-у-у-у, і-і-і-і-і, е-е-е-е, и-и-и-и 55 **Үлестірмелі материалмен жұмыс** • Қар қиыршықтарының суретін сал.<br><br>Сурет бойынша әңгімеле. Педагогтің көмегімен балалар суретте қандай сөздер дауыссыз дыбыстан басталып тұрғанын айтады. Педагог қорытынды жасайды, | **Музыка**<br><br>"Көк тудың желбірегені"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың ән арқылы туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Жантөре мен аққоян<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Әңгімені жалғастырып айтуға жетелеу. Сөздік қорын байыту.<br><br>Қоршаған ортаны сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>Педагог жұмбақ жасырады.<br><br>Өзі ақ,  Өзі қорқақ. Ол не? (Қоян)<br><br>– Балалар, қыс мезгілінде қоянның түсі қардың түсі сияқты ақ болады.<br><br>Бүгін біз осы ақ қоян туралы **Бағдат Мәжитовтың «Жантөре мен ақ қоян» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.**<br><br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы | – Ал енді сендер хабарлы сөйлемге мысал келтіріңдер.<br><br>– Сөйлем соңына не қойылады?<br><br>– Сөйлемнің екінші түрі<br><br>– лепті сөйлем.<br><br>Ол адамның түрлі көңіл күйін – қуану, ренжу, өкіну, таңдану т.б. білдіреді.<br><br>Мысалы: Жасай бер, Қазақстан! Желбіре, желбіре, көк туым! Лепті сөйлем көтеріңкі сезіммен айтылады.<br><br>– Ал енді лепті сөйлемге мысал келтіріңдер.<br><br>– Сөйлемнің үшінші түрі – сұраулы сөйлем. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап тұрғанын білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Мысалы: Сен Алматыға бардың ба?<br><br>Рәміздерді білесің бе?<br><br>– Ал енді сұраулы сөйлемге мысал келтіріңдер. Сөздік жұмысы: хабарлы, лепті, сұраулы.<br><br>– Балалар, мен өлең жолдарын оқимын. Өлең жолдары арасынан сөйлемнің қандай түрін естігеніңді табасыңдар. Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін,<br><br>Аққала жасап ойнайтын<br><br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (А. | ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту;<br><br>- сұлбаға сәйкес ою-өрнектерді дұрыс орналастыру тәсілдерін үйрету;<br><br>- түрлі пішінде симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге және жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу<br><br>*Мүсіндеу:*Пластилинография. Дайын суреттің үстін ермексазбенбезедіреге үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; есілген ермексазбен ою бейнесін жасап, безендіру дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа, үлкенді құрметтеуге, халықтық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>*Жапсыру бойынша* балаларға екі бүктелген парақтан күрделі емес ұлттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар даңғара аспабында ойнайды.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Мен кезекшімін<br><br>а) Балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br><br>ә) Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға үйрету.<br><br>б) Еңбекке құрметпен қарауға баулу<br><br>. ***Ұлттық ойын***<br><br>***Хан «алшы»***<br><br>*Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*<br><br>Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.<br><br>Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе | балаларды мадақтайды.<br><br>**[-с], [-з] дыбыстарының артикуляциялық мінездемесі.** Ұқсастығы: езу тартып тұрады; тістердің арасы жақын; тілдің ұшы төменгі тістерге тіреледі; тілдің екі жағы жоғарғы тістерге тиеді, тілдің ортасымен сыртқа қарай суық ауа шығады; пішіні кесені еске түсіреді.<br><br>(қазақ тілі)<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Отбасылық альбом<br><br>**Міндеттері:**<br><br>а) Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту.<br><br>ә) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту. б) Жиырылған бұлшық еттерін босаңсыту мен психологиялық көңіл күйлерін көтере білу қабілеттерін дамыту. | қосымшадан қараңыз).<br><br>Сөздік жұмысы: қап, бәлем – бір нәрсеге қатты өкінгенде айтылатын сөз<br><br>Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Жантөре қардан не жасағысы келді?<br><br>– Жантөре досы екеуі нені көрді? Жантөре досына не айтты?<br><br>– Қардың арасынан ақ қоянды көргенде Жантөре не деді?<br><br>– Қоянды не үшін жібере салды?<br><br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br><br>Ян-ян – балалардан қашты қоян. Ян-ян-ян – жүгіріп жүр ақ қоян.<br><br>Сергіту сәті<br><br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды.<br><br>– Әңгіме қалай басталды? **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Оқиғаның жүйесін сурет бойынша баянда. Жантөре досымен не жасағысы келді?<br><br>2. Жұмбақты шеш:<br><br>Шелек қалпақ басында, | Меңжанова)<br><br>Менің Отаным<br><br>Әйнегі – Күн,<br><br>Шатыры – аспан,<br><br>Кең далам асқақ.<br><br>Төсі толған егін,<br><br>Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің! Сергіту сәті<br><br>Педагог балалардың туған өлкем тақырыбында әңгіме құрауын сұрайды. **Дидактикалық ойын: «Қажетті тыныс белгілерін қой»**<br><br>Шарты: берілген суреттің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемнің тыныс белгісін қою.<br><br>Педагог балаларға әртүрлі суреттер таратып береді. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>• Сұрақтарға жауап бер. Отанымыздың табиғаты қандай? Еліміздің халқы туралы әңгімеле. Еліміздің бас қаласын ата.<br><br>– Балалар, бүгін қай сөйлем түрлерімен таныстық?<br><br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды<br><br>«Туған жерім Қазақстан» тақырыбында **шығармашылық іс-әрекет**, **бейнелеу** іс-әрекеті | ою-өрнектерді симметриялы қиюды үйрету;кілемшені безендіру.Балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру;шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру<br><br>*Құрастыру бойынша*қазақтың ұлттық шапанын ою-өрнекпен безендіруге үйрету; қағазды жобалау әдістерін қолдана отырып, тегіс материалды көлемді пішіндерге айналдыру, дайын үлгі бойынша жұмыс істеу, қарапайым сызба, контур бойымен кесу және кесу үшін қайшыны қолдану дағдыларын бекіту; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады | Еңбекқорлыққа, жинақы, тәртіпті болуға және алға ұмтылуға тәрбиелеу. | Сәбіз екен танауы.<br><br>Қыста қардан туады,<br><br>Тауып көрші сен оны.<br><br>(Аққала) Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br><br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Қыста қоянның түсі қандай болады?<br><br>Балаларды мадақтау.<br><br>**"Дракон" музыкалық-дидактикалық ойын (музыка)** *Ойынның мақсаты:* музыканың негізгі жанрлары туралы түсініктерін дамыту, ән, марш, би және бесік жырын ажырата білу.<br>*Ойынның шарты:* Дракон қимыл іс әрекетін музыканы жанрына байланысты не істеп жатқандығын айтады. | Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>*Сурет салу бойынша* балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, үлгіге қарап қазақ халқының кілем немесе алаша бейнесін қағазға бейнелеуге қызығушылықтарын арттырып ұлттық мәдениетке баулу.<br><br>*Мүсіндеу бойынша* дайын кілемше бейнесін бақылып, ою-өрнектерді әртүрлі қалыптарда мүсіндеп, кілемшені әсемдеу. *Жапсыру бойынша* жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану арқылы, алаша немесе кілемшені безендіру.<br><br>*Құрастыру бойынша* қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>**Тақырыбы:** Хоккей ойнап үйренеміз! (таза ауада)<br><br>**Міндеттері:** | **Музыка**<br><br>**"Келді, міне жаңа жыл!"**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Тәуелсіздік<br><br>**Міндеттері**:<br><br>Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту.<br><br>Тілдік ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Туған жерін сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу<br><br>Отан деген – атамекен,<br><br>Отан деген – туған жер.<br><br>Отан – ана, Отан – үлкен,<br><br>Отан біздің туған ел!<br><br>– Қазақстан Республикасының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | а) Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету.<br><br>ә) Жұппен қозғалу, қозғалыс кезінде аяқ-қолдың қимылдарын үйлестіруге, жұмсалатын күш-қуатты дұрыс мөлшерлеу, бөлуді үйрету. Қозғалыстағы тапқырлық, көзмөлшері, спорттық жабдықтарды қолдануда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруды дамыта түсу.<br><br>б) Интеллектуалдық және математикалық мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасау. Спортқа қызығушылығын қалыптастыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Байланыс құралдары<br><br>а) Байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.<br><br>ә) Байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту. | бас қаласын ата.<br><br>– Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?<br><br>– Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері<br><br>– Туы, Елтаңбасы, Гимні бар.<br><br>Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз<br><br>. – **Біз бүгін ақын Иран-Ғайыптың «Тәуелсіздік» атты өлеңімен танысамыз.**<br><br>Өлең – айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br><br>Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп оқиды (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>Сөздік жұмысы: тәуелсіздік – еркіндік, теңдік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | б) Компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін<br><br>қатаң сақтауға дағдыландыру | егемендік<br><br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br><br>– Өлең қалай аталады?<br><br>Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br><br>– Еліміздің қандай рәміздері бар? «Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің?<br><br>Сергіту сәті<br><br>**Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап»**<br><br>(баланың ойлау қабілетін дамыту)<br><br>Шарты: педагог сөздің басын айтады, балалар жалғастырады. Менің елім ... .<br><br>Менің туған жерім ... .<br><br>Менің Отаным ... . т.б.<br><br>Педагог «Тәуелсіздік» өлеңін мәнерлеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қайталап оқиды. – Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br><br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын әдісті пайдаланады.<br><br>Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызып қайталатады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін ата.<br><br>2. Суретте не бейнеленген? Сен Астана қаласында болдың ба?<br><br>3. Сурет бойынша саяхат жасайық.<br><br>4. Сөйлемнің мағынасын түсініп ал. Туған жерге туыңды тік. Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуыын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | талқылайды.<br><br>Мақалдың мазмұны: туған жеріңе лайық бол, әрқашан биіктен көрінуге талпын.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Не туралы әңгімеледік? Еліміздің рәміздеріне не жатады? – Гимнді қай уақытта айтамыз? Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштардағы қырауларды бақылау.**<br><br>*(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Бақылау: қыраудың пайда болуы туралы түсінік беру. Балалардың назарын қар еріген кезде, күрт суық | **Бұрқасынды бақылау.**<br>(экологиялық мәдени дағдылар қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br><br>Мақал.<br><br>Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.<br><br>**Ырым.** | **Қар басуын бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Жұмбақ.<br><br>Ұстай қалсаң еріп кетер,<br><br>Әуре болма теріп бекер. (қар) | **Күннің көзін бақылау.**<br>*(экологиялық мәдени дағдылар қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Жұмбақ.<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br><br>Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) | **Аспанды бақылау.**<br><br>**(***экологиялық мәдени дағдылар қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)*<br><br>Жұмбақ.<br><br>Дүниеде бір қарбыз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түскенде және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқанын, ағаштарда, орындықтарда және басқа заттарға қарап бақылауды ұсыну. Қырау – бұл қатты шық. Түнде жердің үстіндегі ауа салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатырады, сөйтіп және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көріп бақылау, қысқы қардың сұлулығына таңдануға балаларды үйрету.<br><br>**Қимылды ойындар: «Бірінші бол».**<br><br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру), қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.<br><br>**Еңбек:** мұзды жол әзірлеу. Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбыларының әрекеттерін келістіре еңбектену. | Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-шашын болады.<br><br>**Бақылау:** бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады. Егер қар үрлеп құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын деп аталады.<br><br>**Қимылды ойын. «Әткеншек».**<br><br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Еңбек:** балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Өз бетімен ойындар:** Ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып таңдап алуға,ойыншықтармен бөлісіп тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**"Қандай ырғақ?" музыкалық-дидактикалық ойын** | Болжау.<br><br>Қар түссе - күн жылынады<br><br>**Бақылау:** балаларға қардың жауғаны жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлттанса қар жауатына туралы айту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды.<br><br>**Қимылды ойын: «Қармен ойнау».**<br><br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды атып, дәлдеп лақтыруға жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға дағдыландыру.<br><br>**Еңбек:** күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды жеңе білу.<br><br>**Өз бетімен ойындар:** тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және бастамашылдығын көтермелеу. | **Бақылау:** қыс мезгілінде күннің көзін бақылауды жалғастыру.<br><br>Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.<br><br>***Ұлттық ойын Аударыспақ***<br><br>*Қазақтың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны. Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қиындығы жоқ. Екі жақ басы берік* тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантимертдей бір –біріне қапталдас орыналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті. Оларға мінген «шабантоз» балалар бір-біріне қарама қарсы отырып қол ұсасады. Төрешінің белгісімен бірі-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын «ағаш аттан» аударып түсуі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Ойын шарты бұзылады. Ағаш аттан құлағанда айналасына құм немесе ағаш үгінділері төселу керек.<br><br>**Еңбек:** құстарды тамақтандыру. | бар солмайтұғын,<br><br>Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.<br><br>Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,<br><br>Іші кең, бәрін салса толмайтұғын. (аспан)<br><br>**Бақылау:**<br><br>балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту. Аспан қыс басында ашық бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында аспан көкпеңбек, өте әдемі, таза болады.<br><br>**Қимылды ойын: «Ұйымдастырушылар».**<br><br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталы болуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өз бетімен ойындар:** балаларға ойын тақырыбы мен мазмұнын түрлендіру; өз пікірін айту дағдыларын жетілдіру, өз құрбыларының пікірлерімен келісу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру. | Ойын шарты: Педагогтің сөздерді айтуы бойынша балалар даңғара аспабында ойнайды.**(музыка)** | | Қыстап қалған құстарды қоректендіруге көңілін бөлу. Құстарды тамақтандыруға арналған жәшіктер әзірлеу, оларды ағаш басына ата-аналармен бірге ілу.<br><br>**Өз бетімен ойындар:** бір-бірімен тіл табысып, тату ойнауға тәрбиелеу. | тәрбиелеу.<br><br>**Еңбек:** ағаштардың жиектерін қармен жабу. Өсімдіктерге құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбектің мәнін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін). Еңбек ету дағдыларын дамыту.<br><br>**Өз бетімен ойындар:** табиғат жағдайын есепке ала, іс әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды тәртіпті қалыптастыру. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br><br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.<br><br>*(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті)* | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Тағамның қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру: тәтті, тұзды; тағамдардың аттарын бекіту.<br><br>**Көркем сөз**<br><br>Ірімшікті кеміріп,<br><br>Тышқан отыр keріліп. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Мысық сүтті ішіп -ап,<br><br>Бет жұмайды ерініп.<br><br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br><br>Қазір жасап беремін.<br><br>Сүт ботқасын көп жесең,<br><br>Жылдам өсіп кетесің. *(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне қызмет ету, еңбек әрекеті, көркем сөз)* |
| | **Дамытушы лото.**<br>"Геометриялық фигуралар".<br>Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>***"Этикет ережелері".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.*<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*Күйдің ырғағына ілесе отырып қаламдармен (қаламдарды бір-біріне соға отырып)*<br>*оркестр ұйымдастыру.*<br>***Халық күйі «Келіншек» күй***<br><br>***Қоянға арналған мойынорағыш***<br>*Жүнмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Көркемдік және шығармашылық қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.*<br><br>**"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)**<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | | ***"Терезеден аулақ бол"***<br>*Материал туралы қысқаша түсінік*<br>*Мақсаты: Балаларға терезелердің жанында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Балаларға ашық терезелер қандай қауіп төндіретіні туралы түсіндіру. Балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін бекіту.*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*Күйдің ырғағына ілесе отырып қаламдармен (қаламдарды бір-біріне соға отырып)*<br>*оркестр ұйымдастыру.*<br>***Халық күйі «Келіншек» күй***<br><br>**"Құрылыс ойындары "Робот".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**(құрастыру, шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын.**<br>Дидактикалық тапсырма: балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. | *Мәнерлеп оқу.*<br>*Мен тәртіпті баламын,*<br>*Айтқан тілді аламын.*<br>*Анам нанға кеткенде,*<br>*Үйде ойнап қаламын.*<br>*Шкафтарды ашпаймын,*<br>*Кітаптарды шашпаймын.*<br>*Текшелерден үй жасап,*<br>*Қызық ойын бастаймын.*<br>*Ой қозғау: Тәртіптілік деген не?*<br>*Тәртіптілік – адамгершілік туралы әңгімелей отырып, балаларға мынадай сұрақтар қою.*<br>*Тәртіпті бала қандай болу керек?*<br>*Тәртіпсіз бала қандай бала?*<br>*(балаларды сөйлете отырып сұрақтарға жауап алу)*<br><br>**«Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.<br>**(құрастыру, танымдық іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері.<br>Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген. Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі,<br>танымдық іс-әрекет)** | **әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.<br>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.<br>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.<br>«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.<br>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.<br>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.<br>1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі )** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Таңғы асқа дайындық***<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>***«Судың тамшылары»***<br>*Мақсаты: суды бағалауды үйрету.*<br>*Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.*<br>*Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Дос болайық бәріміз»**<br>*Ойынның мақсаты:* ұжымда бірлікті қалыптастыру.<br>Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:<br>- орындыққа көтерілу және түсу;<br>- үстелдің астынан өту;<br>- «көлді» айналып өту»;<br>- «ну орман» арқылы өту»;<br>- «жабайы жануарлардан» жасырыну.<br>Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.<br>**(адалдық әліппесі)** | **«Қылқалам ханшасы»**<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану.<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ*<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** | | **«Сиқырлы дүрбі»**<br>*Ойынның мақсаты:* топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.<br>Тәрбиеші балаларға «сиқырлы дүрбіні» көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен тәрбиеші дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>**(адалдық әліппесі)** | **"Қажетті киімді ал".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету.<br>Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал.<br>Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері.<br>Ойын барысы.<br>Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді.<br>Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек.<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ*<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері:** 1. Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>2. Сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері: 1.** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>2. Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін, есте сақтауларын дамыту. | | **Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөздің дыбыстық сызбасы<br>Міндеттері: 1. Қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстарға сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.<br>2. Сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.Салт дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Қар жауыны. Туынды сөздер."<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; «қар», «қар ұшқыны» мысалдары, «ақшақар», «аққала» біріккен сөздер, яғни, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер туралы білімдерін бекіту; судың көрінісі ретінде қардың еруі, мұздың қасиеттері туралы түсінік беру; мақалдың мысалында қардың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауды, байқауды, «қар» сөзімен түбірлес сөздерді атауды үйрету; мнемокестелерге сүйене отырып, құрамында төрт және бес сөзге дейін сөйлемдер құрай білу дағдыларын дамыту; «қар» тақырыбына арналған өлеңдердегі сөздерді айтуға машықтандыру; «Ақшақар» ертегісіндегі мысалдар мен су туралы ақылды карта сызбасына сүйене отырып, қардың қасиеті туралы қорытынды жасауды үйрету; логикалық ойлауды дамыту. Байқағыштыққа, қызығушылыққа, достыққа, қоршаған әлемге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Ержүрек құмырсқалар<br>**Міндеттері:**<br>а) Нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>ә) Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеу. Бір орында тұрып 30 см биіктікке түрлі тәсілдермен | 3.Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін үйрету, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну. Кері тәртіппен санау, жетіспейтін сандарды табу, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жаттықтыру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Мультфильмдер әлемі<br>**Міндеттері:**<br>а) Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).<br>ә) Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. Шұңқырға секіру: 30 см биік заттың үстінен белгіленген жерге дәл секіріп түсулерін бекіту. Зейіндерін, ақыл-ойларын және тапсырманы өз бетімен орындай алу қабілеттерін дамыту.<br>б) Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>**Л, р** дыбыстарымен таныстыру. Тілдік қорын байыту.<br>Халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ояту. | | жиыннан кіші екенін түсіну, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту. Санды цифрмен сәйкестендіруге, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Күшік пен мысық<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлуге үйрету. Мәнерлі сөйлеу құралдарын қолдануға баулу. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**«Мысық пен тышқан» ойыны**<br>Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Педагог балаларды қол ұстасып, шеңбер құруға шақырады. Бір ұл мысық болып ортаға шығады. Күшік пен мысық атрибуттары кигізіледі. Мысық тышқандарды (балаларды) ептілігімен ұстауға тырысады. Педагог тақтаға күшік пен мысықтың суреттерін іліп қояды (немесе ойыншықтарды көрсетеді).<br>– Балалар, ненің суретін көріп отырсыңдар?<br>– Күшіктің енесін қалай атаймыз?<br>– «Ит» сөзі неше буыннан | есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Кез келген тапсырманы ұқыпты орындауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Қысқы ойындар<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіруге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау қабілеттерін, музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>Аққала соққан бала<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу :*Аққаланы суретін салу үшін суық түстерді – көгілдір, қара көкті бояуды араластыру арқылы шығару. Қылқаламды әртүрлі қатты, ақырын басып, жуан , жіңішке із түсіру , дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру, көбен мөлшерлеуін дамыту.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау арқылы, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып бейнені мүсіндеуге үйрету; есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | секіруге үйрету. Гимнастикалық қабырғада әртүрлі тәсілмен өрмелеуге жаттықтыру. Заттар арасымен (томаршалар) және заттарды аттап жүру және жүгіруді жалғастыру, жерде созылып жатқан арқан үстімен басқа зат қойып, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттықтыру.<br>б) Бір-біріне көмекке келуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**"Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын (музыка)**<br>Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажырату қабілетін дамыту.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Әдептілік-әдемілік<br>а) Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру.<br>ә) Күнделіктегі өмірде түрлі жағдаяттарда өздерін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>б) Сыпайы сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге баулу.<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***«Ат жарыс»***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға* аттың кескін бетпердесі. | **Қолданылатын көрнекі құралдар:** жылқы тектес жануарлардың суреті, айна, үлестірмелі материалдар.<br>Педагог жылқы тектес жануарлардың суретін іледі (жылқы, құлан). Әр суретке тоқталып, түсініктеме береді.<br>– Құлан – жылқы сияқты жалы бар, аласа бойлы, тұяқты, жабайы жануар. Құлан Қызыл кітаптың қызыл парағынан орын алған. Құлан жылқы сияқты жүйрік, есекше ақырып, жылқыша пысқырынады. Құландар суда да жақсы жүзеді, кейде ені жалпақ өзеннен қиналмай-ақ жүзіп өте шығады. Олардың көргіштігі мен иісшілдігі өте сақ жануар екендігін аңғартады.<br>Құландар ұшы-қиырсыз жазық далада үйір-үйірімен жүреді. Жаздағы қатты жел мен қыстың бораны құландар үшін өте қолайсыз. Құландар ауа райының құбылатындығын алдын ала сезеді. Жел, боран соғардан бұрын бұтаны, сай-саланы сағалап, ықтасынға тасаланады.<br>– Мен сендерге «Ақсақ құлан» аңызын оқып берейін. Аңыз деген – ерте кезде өмірде болған оқиға. Ауыздан-ауызға ұмытылмай жетіп, аңызға айналған.<br>*Ақсақ құлан аңызын оқып беру*<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қорғасын* – көкшіл сұр түсті металл<br>-«Ақсақ құлан» аңызы ұнады ма?<br>-Аңызда не туралы айтылған?<br>**Сергіту сәті**<br>**Арғымақ**<br><br>Мініп алып сабауға, Асыр салып жүр інім. Достары тұр маңайда, Қызық көріп қылығын. Жақын келген баланы Қағып-соғып кетеді.<br>Арықтардан алдағы Қарғып-қарғып өтеді.<br>*(Қ. Баянбаев)*<br>Педагог балаларды жаңа | | тұрады?<br>– Естеріңде болсын, дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды: а - на.<br>– Мысықтың төлін қалай айтамыз?<br>– Марғау сөзі неше буыннан тұрады? (Мар - ғау)<br>– Осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы. (Ақтөс, Мамық) – «Ақтөс», «Мамық» сөздері неше буыннан тұрады? (Ақ - төс, Ма - мық)<br>Сөздік жұмысы: марғау – кішкентай мысық. – Балалар, енді **«Күшік пен мысық» әңгімесін оқып берейін.**<br>Мұқият тыңдаңдар<br>Педагог сұрақ қою арқылы әңгіменің мазмұнын сұрайды<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлердің жүрісін сал»**<br>Балалар мысық пен күшіктің жүрісін салады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Жануарларды ата. • Сөздерді буынға бөл. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Біздің айналамыздағы әлем**Міндеттері:**<br>а) Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен және бірқалыпты ырғақпен жүгіру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру. Еркін | арқылы бала қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасы арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>Жапсыру:Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>Балаларды дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы аққала бейнесін құрастырып, ағаш бұтағы, қолғап, аққала бет әлпеті бейнеленген дайындамалардан аққаланы жапсыруға үйрету<br>Құрастыру:дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Қоянның үйшігі<br>**Міндеттері**:Ертегінің аяғын құрастыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Кейіпкерге жанашырлығын танытуға тәрбиелеу.<br>***Ғажайып жағдаят***<br>– Балалар, мен топқа келе жатып, сиқырлы дорба тауып алдым. Ішінде бір нәрсе бар сияқты. Сипап сезу арқылы дорбада не бар екенін табайық.<br>Педагог сиқырлы дорбаның ішінен екі түрлі үйшік және екі аңды алып, көрсетеді.<br>– Бұларды қалай атаймыз?<br>*(Түлкі, қоян)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дыбыстармен таныстырады.<br>***Р, л дыбыстарының дұрыс артикуляциясы***:<br>ерін, тіл сәл ашылып, тілдің ұшы үстіңгі тістің түбіне тиеді.<br>**Л** дыбысын айтқанда тілдің ұшы жоғары көтеріліп, тістің түбіне тиеді. Ал тілдің артқы жағы көтеріңкі, ортасы ашық болып, екі жағы тіске тимей, дем осы тілдің ортасынан шығады.<br>Бірге қайталап айтайық.<br>**Л, р** – дауыссыз дыбыстар.<br>***Дидактикалық ойын: «Л, р дыбыстарының орнын анықта»***<br><br>Лақ, құлан, құлақ, бал, Райхан, айран, қырық, қыр, жыр<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1.Суретке қара. Құлан туралы не білесің? Ол қандай жануар? Сөзді буынға бөл.<br>2. Суретті бастырып сыз. Домбыраны боя.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | | бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.<br>ә) Тартылып қойылған 5 жіп арқылы кезекпен секірулерін бекіту: екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп, содан соң толық табанмен түзу тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>б) Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Су – тіршілік көзі<br>а) Судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерін естеріне түсіру және судың қасиеттерімен таныстыру.<br>ә) Танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын арттыру.<br>б) Суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.<br>***Ұлттық ойын Қарамырза***<br>*Ойын басталмас бұрын, оның ережесі түсіндіріледі. Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларға «ойнаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне:*<br>«Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді. Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам, бірінші қарамырза» -деп жуап | – Түлкі мен қоян қай ертегіде кездеседі?<br>– Түлкі – қу, айлакер аң. Қоян саққұлақ, сужүрек, қорқақ аң.<br>– Бүгін «Қоянның үйшігі» ертегісімен танысамыз.<br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*ытқып шықсам* – атып шықсам<br>*шалғы* – шөп шабатын құрал<br>Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Ертегі ұнады ма? Ертегі қалай аталады?<br>– Түлкі қоянның үйіне неге келді? Ол қоянға не істеді?<br>– Қоянға не көмектеспек болды? Түлкі итке не айтты?<br>– Қоянға тағы не көмектеспек болды? Түлкі қонжыққа не айтты?<br>– Әтеш түлкіні қалай қуып шықты?<br>– Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағала, салыстыр.<br>***Дидактикалық ойын: «Не қайда өмір сүреді?»*** (есте сақтау қабілетін дамыту)<br>Шарты: әртүрлі аңдар мен үй жануарларының суреттері көрсетіледі.<br>Балалар олардың қайда өмір сүретінін айтады. Ұйқасын тап.<br>Кезіп жүріп өзекті,<br>Ұстап алдым ... .<br>*(көжекті)*<br>*Сергіту сәті*<br>Педагог ертегіні екінші рет оқиды. Ертегіні модельдеу. Тақтаға төрт дөңгелегі бар ақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | беруі керек, егер «уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп, аздан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген» жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді | қағаз іледі.<br>– Ертегіде неше кейіпкер бар? Оларды атайық.<br>– Ертегі кейіпкерлері туралы жұмбақты шеш.<br>Адамға серік,<br>Күзетке берік. *(Ит)*<br>Үңгірді панапап,<br>Жүреді маймаңдап. *(Аю)*<br>Басында айдары бар,<br>Иегінде сақалы бар.<br>*(Әтеш)*<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегі кейіпкерлерін ата. Ертегі кейіпкерлерінің үйшіктері неден жасалған?<br>2. Қоянға нелер кездесті? Ретімен атап, сипатта.<br>3. Ертегі кейіпкерлерін аяқтап сал.<br>4. Қайсысы артық? Белгіле<br>Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.<br>Сиқырлы дорбадан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлдерге бөлініп, сахналайды. Қалған балалар көрермен болады.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақ қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>Қуыршақ театрынан қандай әсер алдың? Кімнің ойнаған рөлі ұнады? Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштар мен бұталарды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. **Зерттеу.** Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол бермей, суықтан қорғайды деген тұжырымға жетелеу. **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштарға қар күреу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту. | **Қар ұлпаларын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Ұлпақарлардың пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту. **Зерттеу.** Қардың қайда тезірек еритінін байқау. Қолғапта ма, қолда ма? Неліктен? Қардан не пайда болады? **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** қардан лабиринт құрастыру. **(еңбек іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Істі соңына дейін жеткізуге үйрету; бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша зейінін және әрекет ету қабілетін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Мұқият өт". Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан "жылан" секілді өту. | | **Қар тазартқышты бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **Зерттеу.** Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)** **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы,ептілік пен батылдықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Көпірден өт".** Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығу жасау. | **Қардың түсуін бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Зерттеу.** Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ағаштардың тамырларын қармен жабу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аққала ойыны". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:** қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруды үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>Музыка әуенімен балаларды ұйықтату<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру*<br>**(музыка)**<br>Ертегілер оқу<br>**(көркем әдебиет)** | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Бөлме гүлдері»<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*<br>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*<br>балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын | ***Кітап бұрышындағы тәртіп***<br>*Кітаптарды жыртуға, лақтыруға және ластауға БОЛМАЙДЫ;*<br>*Кітаптарға сурет салуға және жазуға болмайды;*<br>*Кітаптардың беттерін бүгуге және бүктеуге болмайды;*<br>*Парақтарды жұлып алуға болмайды;*<br>*Кітаптардан суреттерді қиыпалуға болмайды.*<br><br>**"Ақ қоян" тақырыбында** балалар | | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>**Ақ ұлпа қар**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Шатырдағы мұздар»***<br>***Қауыпсіздік ережесі:***<br>*1. Мұздан сақ болу керек. Мұзды лақтырсақ қатты тиеді.*<br>*2. Мұзды ауызға салып жеуге немесе соруға болмайды. Ол кір әрі суық.* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>Күйдің сазымен қимылдар жасау.<br>**Құрманғазы Сағырбайұлы "Айжан қыз" күй**<br><br>***Асық ату (хан ату).***<br>*Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту;<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* , трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені<br>кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".***<br>*Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту.*<br>*Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын* | қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу бойынша бейнелеу* әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.<br>*Мүсіндеу бойынша* жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>*Жапсыру бойынша* жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>*Құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>**(музыка)**<br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>***Бес табан.***<br>***(асық ойыны)***<br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес* | | *3. Мұзды жермен ақырын жүру керек.*<br>Т.б сюжетті суреттер көррсету<br>«Шатырдағы мұздар»<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ширату әдістері арқылы мұздарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу.<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* мұздардың пішінін қию және ол<br>заттарды қағаз бетіндегі үйдің шатырына орналастыру дағдыларын қалыптастыру<br>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(сурет салу)**<br>Қағаздан мұздықтар құрастыру<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**«Банк» сюжетті-дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету**.**<br>**Материал:** ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар.<br>Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды | *белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…*<br><br>**Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: доп.<br>Шарты.<br>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).<br>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.<br>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады.<br>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br><br>***«Ақшаларды жинаймыз»***<br>*Балаға ұқсақ монеталарды* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.* .**Дидактикалық ойын.** "Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу орны) Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** | *табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Саққа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады* | | ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері өз орындарына отырады. Қалған балалар-клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны және терезедегі ақшаны алады. Сондай-ақ, банкте басқарушы бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, оларды жұмыс істеуге ынталандырады. Ойын барысында әртүрлі жағдяттар ойналады. ***(қаржылық сауаттылық)*** | *жинап, банкаларға (қораптарға) салуды тапсыру. Баламен бірге апта ішінде жинаған ақшасын санау. Осы сомаға не сатып алуға болатынын айту. Балаға еңбегі үшін төленген ақша туралы және оларға құрметпен қарау керек екені туралы әңгімелеу.* ***(қаржылық сауаттылық)*** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жаңылтпаштар айтқызу.** Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ. **(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекет)** | **"Сәйкесін тап"ойыны.** Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(танымдық дағдылар)** | | **Дайын суретті бояу тапсырмасы.** Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. **(сурет салу)** | **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | | Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы». | Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.01-16.01.2026ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>*ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Тәртіп - тәрбие бастауы»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кеңес беру.<br>Кеңес. "Саусақ жаттығулары".<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.<br>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу,<br>қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.<br>Психолог кеңесі.<br>**Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»**<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдылары, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".*** *(кітаптарды қалпына келтіру)*<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қ.Р Әнұраны**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Бөрік жасырмақ***<br>*Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір- бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек. Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады. Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды. Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойнаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.*<br>**«Үй жануарын жабайы жануардан ажырат» – ойын шарты:**<br>Бала үй жануарын дала жануарынан ажырату керек.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>**"Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын. (музыка)** | *Лото*<br>***"Үйді ретке келтірейік"***<br>*Балаға үйдің бөлмелерін тазалау үшін қолданылатын заттарды таңдау ұсынылады. Бала суретті таңдап, осы затты қалай пайдалануға болатындығын және үйді ретке келтіруге болатындығын түсіндіреді. Мысалға: шаңсорғыш бөлмелердегі кілемдер мен төсеніштерді тазалау үшін қажет. Баланың алдына қателіктермен толтырылған карточкалар қойылады. Бала қателіктерін түзетіп, карточкаларын дұрыс орналастыруы керек. Баладан тағы қандай тұрмыстық заттарды білетінін және олардың қалай қолданылатынын сұрау. Үйде тәртіп пен тазалықты сақтау, үлкендерге көмектесу қаншалықты маңызды екендігі туралы сұрау, сюжетті суреттер қарау. Ойын үйдегі жайлылыққа, үйдегі тәртіп пен тазалыққа қамқорлық жасауға үйретеді.*<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>***Халық күйі «Кеңес»***<br><br>***Ұлттық ойын «Шыр» ойыны***<br>*(асықпен ойналады)*<br>*"Шыр" ойыны асықтарды шерту арқылы ойналады. Балалар шертіп отыру арқылы, өздеріне асықтар жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңіске жетеді.*<br>**https://www.instagram.com/reel/DBJUrWKNHYi/?igsh=MWJnZWwxZDJ5YXViMg==**<br><br>**Саусақ жаттығуын айтқызу.**<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету),<br>Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату).<br>Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау),<br>Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау),<br>Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру,)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Ашық терезе қауіпті!»***<br>*Балалар қауіпсіздігін басты назарға қою. Сюжетті суреттер көрсету**.** Балаларға терезелердің жанында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Балаларға ашық терезелер қандай қауіп төндіретіні туралы түсіндіру. Балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін бекіту.*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>***Халық күйі «Кеңес»***<br><br>**"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.<br>**(тіл дамыту, дене тәрбиесі)** | **Дамытушы ойын.**<br>**"Құстардың көлеңкесі".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету.<br>**(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>***«Ашық терезе қауіпті!»***<br>*Балалар қауіпсіздігін басты назарға қою. Сюжетті суреттер көрсету**.** Балаларға терезелердің жанында қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. Балаларға ашық терезелер қандай қауіп төндіретіні туралы түсіндіру. Балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін бекіту.*<br><br>**Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>**(шығармашылық іс-әрекеті)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Ойынның мақсаты:* Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуға көмектеседі.<br>*Ойынның шарты:* Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің балалар табу қажет. | Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді;<br>1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын қушитпау);<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою;<br>1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу;<br>2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.<br>1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;<br>2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Жабайы аңдар».<br>Елімізде мекен ететін аңдар жайлы әңгімелеу.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.<br>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(адалдық әліппесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**«Құрметтеуді үйренеміз»**<br>*Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.<br>Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.<br><br>**(адалдық әліппесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>*Ойынның мақсаты:* сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br>**(адалдық әліппесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>**«Қамқорлық гүлі»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады.<br>Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады<br>**(адалдық әліппесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>Міндеттері: 1. Сызба бойынша сөйлем құрауларын жетілдіру, сөзді дыбыстық сызбасымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру. | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері:** 1. Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.<br>3.Үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы эстетикалық талғамдарын және бастаған істі аяқтай білуге | **Математика негіздері**<br>Артық, кем, тең<br>**Міндеттері:** жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте | **Математика негіздері**<br>Артық, кем, тең<br>**Міндеттері:** жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру; нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар | **Сауат ашу негіздері**<br>Ойнай отырып оқимыз.**Міндеттері:** 1. Сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру.<br>2.Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>3.Ұжым болып тапсырмаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3.Штрихтау, үзік сызықтарды үзбей бастыру арқылы шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Һ дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау)."<br>Мақсат-міндеттер. [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып Һ һ әрпін параққа бастырып жазуды көрсету; Һ дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жаңылтпаш айту арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:Шаңғымен жүру (таза ауада)**<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Дене қимыл жаттығуларын | тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Артық, кем, тең<br>**Міндеттері:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарымен таныстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіруге жаттықтыру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Біздіңайналамыздағы ьәлем<br>**Міндеттері:**<br>а) Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру. Шынтақтарын бүгіп, қысқа адыммен жәнебірқалыптыырғақпенжүгірушеберліктерін(машықтарын) жетілдіру. Еркін бағытта фитболдарды (доптарды) домалатуға жаттықтыру.<br>ә) Тартылып қойылған 5 жіп арқылы кезекпен секірулерін бекіту: екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп, содан соңтолықтабанментүзутұрабілу шеберліктерін(машықтарын) қалыптастыру.<br>б) Қимыл-қозғалыс қабілеттерін, | сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балаларл қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағазғабастырылып шығарылған көп құстардың ішінен қыстап қалатын құстарды тауып, бояйды. Боялған құстардың санын зерттеп, салыстыру жұмыстарын жүргізеді<br>*Мүсіндеу іс –әрекеті бойынша* балалар тоғыз саны көлемінде қыстап қалатын құстарға жемдер мүсіндейді.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* балалар қағаз бетіне тоғыз саны көлемінде құстарды желіммен желімдейді.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балалар құстарға арнайы ұя құрастырады.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Қазақ тілі**<br>"Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктерін қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы; құстар мен жануарлардың жаз, қыс мезгіліндегі тіршілігі; адам өмірінің ерекшеліктері туралы идеяларын дамыту; еңбек | жасау, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту. Білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Кім ақылды?<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.<br>– Балалар, сендердің достарың бар ма?<br>– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>– Достық – адамдардың бір-бірімен жақсы ниетпен араласуы, бірге ойнауы. Достар – бір-біріне жақын, тату адамдар.<br>– Балалар, бүгін біз **Мәдіхат Төрежановтың «Кім ақылды?» әңгімесімен** танысамыз. Әңгімені оқып береді<br>Педагог әңгіменің мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды<br>Шарты: педагог бірінші буынды айтады, балалар жалғастырады. Мысалы: Ал – ... (ма). Кір – ... (ме).<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суреттерді қара. Қай баланың іс-әрекеті дұрыс? Белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Африкаға саяхат<br>**Міндеттері:**<br>а) Отырған күйде допты екі | орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Ақ тиін"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>.Қаршақыздың сүйікті достары: қоян, күшік<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу :*<br>- балалардың достық туралы білімдерін арттыру жануарлардың суретін салуға үйрету; - қағаз бетінде жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, қылқаламның қасиетіне байланысты қолдану дағдыларын нығайту; - жануарларға қамқорлық көрсетуге және қайырымдылық пен достық таныта білуге тәрбиелеу<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* мүсіндеудің құрылымдық әдісін (жеке бөліктерден) қолдану арқылы қоян, итті мүсіндеуге үйрету; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын, тілін дамыту және сөздік қорын молайту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу<br>Жапсыру:Үлгі бойынша күшік бейнесін қайшымен қиюды, жапсырмалауды үйрету. Желіммен тиянақты, таза жұмыс жасауды, үлгі бойынша ақ қағаз бетіне дұрыс орналастырып, желімдеуді игерту. Қиылған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>ә) Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру, қойған мақсатына жете білу мен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>б) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Өнеркәсіптегі адам еңбегі<br>а) Өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру.<br>ә) Өнеркәсіптегі еңбек адамдарының мамандықтары жайлы түсінік беру, өндіріс, өнім туралы жалпы білімдерін дамыту. б) Еңбексүйгіштікке баулу. | жалпы шыдамдылықтарын, дұрыс тыныс ала білулерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Кеме.<br>**Міндеттері:**<br>Көлік түрлері туралы түсінік беру. Танымдық қабілетін дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Педагог жұмбақ жасырады.**<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ,<br>Май жейді,<br>Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? (Мәшине)<br>Аспанда жүзеді,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды. (Ұшақ)<br>Үтікке міндім,<br>Мұхитта жүздім. (Кеме)<br>Бір біріне қара үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз)<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр. (Автобус)<br>Педагог әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді.<br>– Бұл заттарды бір сөзбен «көлік» деп атаймыз.<br>– Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді. Тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда жүзеді. Педагог жүк мәшинесін көрсетіп, әңгімелеседі.<br>– Мынау қандай мәшине? (Жүк мәшинесі)<br>– Жүк мәшинесі не тасиды? (Әртүрлі жүктерді тасиды) – Мәшиненің қорабы, кабинасы, | қажеттілігі және жақсы мінездің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділікке, еңбекқорлыққа, жомарттыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Қысқы ойындар" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларды әннің сөздік мазмұнын түсініп, шырқауда дауысымен эмоционалды жеткізуге ынталандыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Бексұлтанның Айға саяхаты<br>**Міндеттері:**<br>Сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Құрама темір,<br>Қолғабысы көп ғұлама темір. (Робот)<br>– Робот қандай болады? Қимылын көрсетейік.<br>– Түнгі аспанда не болады? –<br>**Бүгін біз Бағдат Мәжитовтың «Бексұлтанның Айға саяхаты» деген қызықты әңгімесімен** танысамыз. Педагог әңгімені мәнерлеп оқып береді (соңындағы қосымшаны қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: ғарыш – аспан әлемі ғарышкеме – ғарыш көлігі скафандр – ғарышкердің киімі Сұрақ-жауап:<br>– Әңгіме қалай аталады? | қолымен бастан асыра лақтыруға үйрету. Доп ұстаған қолды бастан асыра артқа жіберіп, доптың траекториясы алдыға, жоғары дұрыс ұшу үшін, бүгілген қолды түзу ұстап, допты лақтыру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>ә) Арақашықтықтары бір-бірінен 80 см болатын кегельдер арасымен іші толтырылған доптарды домалатып алып жүруге жаттықтыру. Саусақтармен допты жеңіл қозғап алып жүру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Допты саусақтарымен (төменнен-жоғарыға) итеру шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, ұсақ-қол моторикасын дамыту. Білек пен тізелерімен таянып еңбектеу шеберліктерін (машықтарын) бекіту, қол мен аяқ қозғалысын үйлесімді қозғау қабілеттерін жетілдіру.<br>б) Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту. Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>*Жол белгілері*<br>*а) Жол белгілері мен жаяу* | дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету.<br>Құрастыру:қағаздан құрастыру – тіктөртбұрышты цилиндрге айналдыру әдістерін қолдана отырып, жалпақ материалды көлемді пішінге айналдыру дағдысын қалыптастыру, қағаз цилиндрлерден оларды қосу арқылы жануарларды жасай білуге үйрету; балаларды қағаздан мүсін жасау техникасымен таныстыруды жалғастыру; тіктөртбұрышты цилиндрге айналдыру тәсілдерімен таныстыру; балалардың бір бөлшектерді әртүрлі тәсілдермен орналастыру, қосымша материалдарды пайдалана отырып, әртүрлі қағазбен жұмыс жасау қабілетін дамыту; үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>Алтын балта<br>**Міндеттері**:<br>Кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету. Сөздік қорын жетілдіру.<br>Әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Ғажайып жағдаят**<br>– Балалар, мен сиқырлы сандық алып келдім. Оның ішінде не бар екен, көрейік. Педагог қорапшаның ішінен балтаның суретін алып шығады.<br>– Суреттен нені көріп тұрсыңдар? (Балта)<br>– Ол не үшін керек? Мұндай затты көргендерің бар ма?<br>**– Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дөңгелегі, моторы бар.<br>– Мәшинені кім жүргізеді? (Жүргізуші)<br>– Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? (Кеме, қайық)<br>– Кемеде матростар жұмыс істейді, кемені капитан басқарады. Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді.<br>– Кеме жүзуі үшін не керек? Кеме тез жүзуі үшін үрлеп, толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық.<br>Бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Кеме» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді.<br>Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды<br>Сергіту сәті<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс • Көліктерді жолымен сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. – Көліктер адамға не үшін қажет?<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Шаңғымен жүру (таза ауада)<br>**Міндеттері:**<br>а) Балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету. Дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру.<br>ә) Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру, қойған мақсатына жете білу мен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>б) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, | Апасы Бексұлтанға қандай ойыншық сыйлады?<br>– Бексұлтан досы екеуі сиқырлы роботпен қайда барды? Бастарына не киді?<br>– Ғарышта ауа райы қандай болады? Олар Айда кімнің ізін көрді?<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>Ға-ға-ға – біз ұштық Айға.<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан»**<br>(баланың сыни ойлауын дамыту) Шарты: аспан әлемінің денелерін атау. (Ай, Күн, жұлдыздар) Педагог әңгімені суреттер бойынша екінші рет қайталап айтады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Оқиғаның жүйесін сурет бойынша әңгімеле. Бексұлтан неге таңғалды?<br>2. Есіңде сақта. Ай жарығы бүкіл әлемге көрінеді.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Сенің робот ойыншығың бар ма? Онымен қалай ойнайсың?<br>Балаларды мадақтау. | *жүргіншілер ережесімен таныстыру. ә) Жол белгілерін топтастырып, сақтандыру, көрсеткіш, тыйым салу белгілерін ажырата білуді үйрету.*<br>*б) Көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу; ұқыпты, мәдениетті болып өсуге баулу.* | **танысамыз.** Ертегіні оқып, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: диірмен – дәнді дақылдарды ұнға айналдыратын орын балта – ағаш кесетін құрал<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Балта не үшін қажет?<br>– Кедей қайда барды? Балта қайда түсіп кетті?<br>– Судан балтаны алуға кім көмектесті? Диірменші қандай балталар ұсынды?<br>– Диірменші неліктен кедейге алтын балтаны берді? Бай не істеді?<br>– Ертегі қалай аяқталды?<br>Балта сөзіне сөйлем құра. Сергіту сәті<br>Педагог ертегінің әр жолын балаларға қайталата отырып оқиды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегінің жүйесін сурет бойынша әңгімеле. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.<br>2. Жұмбақты шеш.<br>Ә дегеннен тап береді, Тап бергеннен қақ бөледі. (Балта)<br>Ескегі бар – жүзбейді, Ұшудан үміт үзбейді. (Желдиірмен)<br>3. Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя.<br>4. Не артық? Белгіле. Тапсырма бойынша ертегіге қатысы жоқ суретті белгілетеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақ қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Ертегіде не туралы айтылды? Балтаның қандай түрлері болды? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | салауатты өмір салтында қимыл-қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру. | | | Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қар ұлпаларын бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Келесі кім?" **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | **Сыпырушының жұмысын бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмекке келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға ықпал ету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолдағы қарды тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Шыршада". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ету; балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін арттыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру, | **Суықторғайларды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жолды сыпырғышпен сыпыру. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). **(дене тәрбиесі)** | **Қардың түсуін бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** участкедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жылқылар", "Бақалар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)** | **Қарғаны бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** участкедегі жолдарды қар мен қоқыстан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>***Кранды жабу ойыны***<br>*Мақсаты: Су ресурстарын үнемдеуге үйрету. Материалдар: Кран макеті немесе сурет. Ойын барысы: Балалар кранды дұрыс жабуды үйренеді. Үйрететін дағды: Жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау.*<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі )** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.<br>Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау; табанды төсек үстіне үйкеу).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.<br>Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".<br>Сылдырлайды сылдыр су.<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің маңдайың.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенің осы.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Балалардың дербес** | "Қысқы ұйқыдағы аю»" | "Қыстайтын құстар" | ***"Менің бөлмемдегі тәртіп"*** | **Вариативті компонент.** | ***Қауіпсіздік сабағы*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып) қолдану<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* аңның сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, пропорциясын сақтап, құрылымдық тәсілмен бөлшектерді біріктіру арқылы қонжықты мүсіндеуді үйрету<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды геометриялық пішіндерді пайдаланып, қағаз бетіне аюды құрастыруға үйрету **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.<br>Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл | тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*балаларға құстарды бейн елеп салуды, жануарлардың бірне шеуін қатар салып,сюжетті композиция құрастыра білуді үйре ту<br>*Мүсіндеу бойынша* балаларға ермексазды пайдаланып,құстардың бірнеше бөліктен мүсіндей білуге үйрету. Олардың дене бөліктерін дұрыс орналастыру,таяқшаларды пайдалана отырып өзіндік сипатын ерекшелеп мүсіндеу дағдысын қалыптастыру,дамыту.<br>*Жапсыру, құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану, геометриялық пішіндерден құс бейнесін, ұясын құрастыру, құрастырылған бейнені ақ қағазға желімдеу **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. ***Қаржылық сауаттылықтыңалғашқы*** *дағдыларын меңгерту. Ақшаны санауды және билет сатып алуды үйрету*<br>Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік | *-Балалар айтыңдар, сендер өз бөлмелеріңді ретке келтіресіңдер ме?*<br>*-Айтыңызшы, жуынғаннан кейін таза заттарды қайда қою керек?*<br>*-Көшедегі заттарды төсекке қоюға бола ма? Олар қайда болуы керек?*<br>*-Ұйықтар алдында ойыншықтарды қайда қоясыз?*<br>*-Сіз мұны үнемі жасайсыз ба?*<br>*-Бөлмеде тәртіпті ұзақ уақыт сақтау үшін үнемі не істеуге болады?*<br>*-Сонымен балалар, көшеден кейін күртешені дәлізге іліп қоямыз, аяқ киімді аяқ киім сөресіне қоямыз. Біз таза заттарды мұқият бүктеп, шкафқа сөрелерге қоямыз немесе ілгіштерге іліп қоямыз*<br>*-Бөлмеде тәртіпті сақтау үшін ойыншықтарды ойнағаннан кейін орнына қою керек*<br>**(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>**"Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.<br>Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып | **Жас зерттеуші**<br>**Жабайы аңдар**<br>"Құстардың қыстағы қоректену ерекшеліктері"<br>Шығармашылық орталықтарында балалар құстарға ұя, жемсауыт жасайды **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады.<br>***Зообақтағы тәртіп*** *өзін-өзі ұстау ережелерімен, хайуанаттар бағындағы тәртіппен таныстыру, сұрақ-жауап әдісі арқылы* | ***«От – дос па, жау ма?»***<br>*Мақсаты: Оттың қауіпті екенін түсіндіру.*<br>*Әрекет: От суретін көрсетіп: "От – күйдіреді, абай бол!"*<br>*1. Отпен ойнауға болмайды.*<br>*2. Сіріңкені ұстама.*<br>*3. Пеш пен шамға жақындама.*<br>*4. Үлкендерге айтпай от жақпау.*<br>*5. Өрт болса — дереу үлкенге айт.*<br>*Қимылды ойын: «Оттан қаш!» • Тәрбиеші «От!» дегенде балалар қауіпсіз жаққа жүгіреді. • «Қауіпсіз жер!» дегенде тоқтап, тізерлеп отырады. • Ойын 2–3 рет қайталанады.*<br><br>***Ұлттық ойын «Шыр» ойыны***<br>*(асықпен ойналады)*<br>*"Шыр" ойыны асықтарды шерту арқылы ойналады. Балалар шертіп отыру арқылы, өздеріне асықтар жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңіске жетеді.*<br>**https://www.instagram.com/reel/DBJUrWKNHYi/?igsh=MWJnZWwxZDJ5YXViMg==**<br><br>**"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету. Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шиқылдайды.<br>**(тіл дамыту, қоршағанәлеммен таныстыру)** | қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады. Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі.<br>***(қаржылық сауаттылық, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)***<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Түйілген орамал***<br>*Ойын мақсаты: ойын балаларды шапшандық пен ұйымшылдық қасиетіне баулиды.*<br>*Ойын шарты: Кез-келген орамалды алып, оны түйеміз. Ортаға бірінші ойыншы шығады. Ойын басталғанда басқа балалар орамалды жерге түсірмей бір-біріне лақтырады. Ең бастысы ортадағы ойыншы орамалды ұстап алмауы тиіс. Кім орамалды алдырып қойса, сол ортадағы ойыншының орнын басады.* | отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.<br>**(тіл дамыту, дене тәрбиесі)** | *диалог құру, қорытындылау*<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру )**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Сақина жасыру***<br>*Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерініғң үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.*<br>**"Ән салу. Ә. Бейсеуовтің «Ақ тиін жыры» әні.<br>. (музыка)**<br>Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды. | Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Киімдер дүкені»***<br>*Мақсаты: • Балаларды киім түрлерімен таныстыру; • Ақшаны пайдалану арқылы сатып алу дағдысын қалыптастыру; • Қаржылық сауаттылықты: таңдау жасау, ақша санау, қайтарым алу түсініктерін дамыту. ——— Құралдар: • Ойыншық ақша (түсті қағаздан); • Балалардың киімдерінің суреттері немесе ойыншық киімдер (көйлек, шалбар, аяқ киім, бас киім); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: бас киім – 1 ақша, көйлек – 2 ақша, аяқ киім – 3 ақша); • Үстел – «касса», сөре – «дүкен». ——— Рөлдер: • Дүкенші (1 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (дүкенші де бола алады) ——— Ойын барысы: 1. Кіріспе: Тәрбиеші: – «Балалар, біз киімдер дүкеніне келдік. Әркім қолындағы ақшасына өзіне ұнаған киімді сатып алады». 2. Сатып алу-сату: • Сатып алушы: «Маған бас киім керек. Қанша тұрады?» • Дүкенші: «Бас киім – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, бір ақша». • Дүкенші: «Рахмет! Міне, сіздің бас киіміңіз». (Егер бала көп ақша берсе:) • Дүкенші: «Көйлек – 2 ақша. Сіз 3 ақша бердіңіз.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *Міне, 1 ақша қайтарымыңыз». 3. Қорытынды: Тәрбиеші балалардан сұрайды: • «Сен не сатып алдың?» • «Ақшаң жетті ме?» • «Барлық ақшаны бірден жұмсау дұрыс па, әлде сақтап қойған жақсы ма?»* **(қаржылық сауаттылық, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br><br>**Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".** Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылса, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. **(дене тәрбиесі)** | **"Артығын тап" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Әрбір балаға карточкалар ұсынады. Карточкадағы суреттен артық суретті тауып, мағынасын түсіндіруін сұрайды. Карточкада не бейнеленгенін айтып, артығын қарандашпен сызады: мысалы, мұнда қар артық, өйткені, қар қыста болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".** Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз. **(танымдық іс-әрекет)** | **"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | **"Лабиринт" дидактикалық ойыны.** Ойынның мақсат-міндеттері. Балаларды тез қимылдауға үйрету. Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады. **(дене тәрбиесі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдениет дағдылары,қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың музыкалық қабілеттері туралы әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | Үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымы** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.01-23.01.2026ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>*ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі:«Әділ заң - аспан тірегі»/* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Тұмаудың алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбында кеңестер беру, ата-аналармен пікір алмасу.<br>«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес.<br>Ата-аналарға кеңес.«Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».<br>"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".***<br>*(кітаптарды қалпына келтіру) Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қ.Р. Әнұраны**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Хан «алшы»***<br>*Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*<br>*Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады.*<br>*Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен ба*<br><br>**Үстел үсті ойыны «Мозаика».**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға берілген суреттердің басқа бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | *Күй күмбірі қандайды*<br>*Барша сәби тыңдайды*<br>*Саусақтарым бірігін*<br>*Домбырада ойнайды*<br>*Балабақша өз үйі*<br>*Тәрбиеге жалғайды*<br>*Ата-баба дәстүрі*<br>*Ұмыт болып қалмайды*<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*Балалармен күй тыңдау*<br>***Құрманғазы «Адай» күйі***<br><br>**"Кім көп біледі?" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті. Балалардың есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойын ережесі. Заттың қалай пайдаланылатынын айту. Ойын әрекеттері. Жарыс, затты пайдаланудың түрлерін көп айту керек.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br><br>**«Қателеспе» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** балалардың азық-түлік өнімдерін сатып алу реті туралы білімдерін кеңейту; бір сюжетпен байланысты әрекеттердің заңды тізбегін анықтай білуін қалыптастыру.<br>**Материал:** сюжетті суреттер.<br>Барысы: балаға сюжеттік суреттер ұсынылады, соған сәйкес реттілікті сақтай отырып, әңгіме құрастыру қажет. | ***Мен тәртіпті баламын***<br>*Мәнерлеп оқу.*<br>*Мен тәртіпті баламын,*<br>*Айтқан тілді аламын.*<br>*Анам нанға кеткенде,*<br>*Үйде ойнап қаламын.*<br>*Шкафтарды ашпаймын,*<br>*Кітаптарды шашпаймын.*<br>*Текшелерден үй жасап,*<br>*Қызық ойын бастаймын.*<br>*Ой қозғау: Тәртіптілік деген не?*<br>*Тәртіптілік – адамгершілік туралы әңгімелей отырып, балаларға мынадай сұрақтар қою.*<br>*Тәртіпті бала қандай болу керек?*<br>*Тәртіпсіз бала қандай бала?*<br>*(балаларды сөйлете отырып сұрақтарға жауап алу)*<br><br>**"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорын жетілдіру: ұқсас, ә түрлі, бірдей.<br>Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *Күй күмбірі қандайды*<br>*Барша сәби тыңдайды*<br>*Саусақтарым бірігін*<br>*Домбырада ойнайды*<br>*Балабақша өз үйі*<br>*Тәрбиеге жалғайды*<br>*Ата-баба дәстүрі*<br>*Ұмыт болып қалмайды*<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*Балалармен күй тыңдау*<br>***Құрманғазы «Адай» күйі***<br>**Ұлттық ойын**<br>**Хан «алшы»**<br>*Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*<br>*Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көзден құлатады.*<br>*Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.<br>**"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті. Есту анализаторын жаттықтыру, балалардың өз құрбы-құрдастарына достық қатынастарын, зейінін, есін, бірігіп ойнау тілектерін тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі. Балаларға | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Бала қауіпсіздігі басты назарда***<br>*Өрт қауіпсіздігі*<br>*«101»-ге телефон шалуға үйрету.*<br>*«101» өрт сөндіру орталығы екенін түсіндіру*<br>[https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z](https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z)<br><br>**"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы.<br>Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп өсіруге болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>***Лото***<br>***"Үйді ретке келтірейік"***<br>*Балаға үйдің бөлмелерін тазалау үшін қолданылатын заттарды таңдау ұсынылады. Бала суретті таңдап, осы затты қалай пайдалануға болатындығын және үйді ретке келтіруге болатындығын түсіндіреді. Мысалға: шаңсорғыш бөлмелердегі кілемдер мен төсеніштерді тазалау үшін қажет.*<br>*Баланың алдына қателіктермен толтырылған карточкалар қойылады. Бала қателіктерін түзетіп, карточкаларын дұрыс орналастыруы керек. Баладан тағы қандай тұрмыстық заттарды білетінін және* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(қаржылық сауаттылық)** | | қарамай, кім шақырғанын тек дауысты есітіп қана табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** | *олардың қалай қолданылатынын сұрау. Үйде тәртіп пен тазалықты сақтау, үлкендерге көмектесу қаншалықты маңызды екендігі туралы сұрау, сюжетті суреттер қарау. Ойын үйдегі жайлылыққа, үйдегі тәртіп пен тазалыққа қамқорлық жасауға үйретеді* |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде<br>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;<br>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде<br>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;<br>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді;<br>1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын құшитпау);<br>2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою;<br>1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу;<br>2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.<br>1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;<br>2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.<br>1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Қауырсынды тауып ал!" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды | **"Алыста ма, жақында ма?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Затқа дейінгі | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттарды | **"Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық ойын. (музыка)** | **"Жұбын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызыл, жасыл, сары түстерді дұрыс атауға және ажыратуға үйрету, жай және құрмалас сөйлемдерді қайталауға баулу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | аралықты өлшеу. Жақын ба, алыс па? Қажет сөздерді қолдана білу.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | *Ойынның мақсаты:* Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуға көмектеседі.<br>*Ойынның шарты:* Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің балалар табу қажет. | Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері:** 1. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.<br>2. Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардың анықтату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>3Әрқашан ақжарқын жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Щ әріпі (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу, атау негіздері)."<br>Мақсат-міндеттер. [-щ] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, Щ щ әрпін бастырып жаздыруды үйрету; [щ] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттауын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрай білулерін, сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.<br>2. Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы және де дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлауларын дамыту.<br>3.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Заттар тобын санау және салыстыру<br>**Міндеттері:** топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, «артық», «кем», «тең», саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіру, 10-ға дейін санауды, заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыру дағдыларын жетілдіруТалдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу | **Математика негіздері**<br>10-ға дейін санау<br>**Міндеттері:** көрнекілік арқылы 10-ға дейін сандардың пайда болуымен таныстыру. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Оқиғалардың тізбегін дұрыс ретімен атау, талдау, қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін бекіту. Зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты штрихтауды дамыту. Білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>Қыстайтын құстар<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың ұғымындағы қыстайтын құстар туралы түсініктерін, оларға қамқорлық көрсету тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстардың дыбыстарының ерекшеліктері туралы түсіндіру; «қыс» сөзімен түбірлес «қыстау, қыстайтын» сөздері туралы білімдерін бекіту; | **Математика негіздері**<br>10-ға дейін санау<br>**Міндеттері:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға, әрбір келесі сан 1-ге артық, алдыңғы сан 1-ге кем екенін, қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру. Зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту. Дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Өскенде кім боламын?<br>**Міндеттері**:<br>Адамдардың еңбекке қатынасы туралы түсіндіру.<br>Сөйлеу мәнерін дамыту.<br>Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бәрі бірге қосылып айтады.<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>Балалардың назарын тақтаға аударады.<br>– Кімдердің суреттерін көріп тұрсыңдар? Балалар әр мамандықтың не істейтіні туралы өз ойын әңгімелеп | **Сауат ашу негіздері**<br>Бізнені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту.<br>3.Достыққа тәрбиелеу, өнерге баулу.<br>**Музыка**<br>"Сауысқан"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Ақ аю"<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* - балаларға ақ аю туралы түсінік беру; -жіптерді желімдеу арқылы суреті безендіруді үйрету;<br>-балалардың сурет салу арқылы көңіл-күйді бере білуін және шығармашылық қиялын дамыту;<br>-жабайы жануарларға деген сүйіспеншілікке баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және жинақтау дағдыларын дамыту; жұмбақ шешу, тақпақты жаттау арқылы тіл байлықтарын арттыру; күн тәртібі, аңдардың тіршілігі жайында білімді пысықтау, кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Құрлықтар бойынша саяхат<br>**Міндеттері:**<br>а) Іші толтырылған допты алысқа бір қолмен лақтыруға үйрету: қолды алдыға, жоғары созып, ширақ сермеп, доптың ұшу траекториясын дұрыс беру және бастапқы қалыпқа қайтадан тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>ә) Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өту, өрмелеуді бекіту. Ойын жаттығулары арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, шыдамдылық, ептілік секілді дене сапаларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілеттерін дамыту.<br>б) Өмірге, қоршаған ортаға деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру, айналаға және өзін қоршаған адамдарға қайырымды болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Суық өлкедегі тіршілік | **Тіл дамыту**<br>Мамандықты бәрі жақсы<br>**Міндеттері:**<br>Мамандық түрлерімен таныстыру. Сөздік қорын толықтыру.<br>Мамандық иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Балалар, мен қазір сендерге жұмбақ жасырамын. Сендер жауабын тауып, барлық жауаптың ортақ атауын айтыңдар.<br>Ауырған адамның қасында Емделудің жөнін айтар.<br>Жазылған адамдар расында Риза болып, рақмет айтар.<br>(Дәрігер)<br>Тәп-тәтті тамағы,<br>Астың маманы. (Аспаз)<br>Қолдағы жұмыс жарағы:<br>Қайшы мен тарағы. (Шаштараз)<br>Ертеден ерте тұрады<br>Қолына рульді алады.<br>Олай-былай айналдырар, Жолға қарап отырар. (Жүргізуші)<br>Суретпен жұмыс Мамандық түрлері туралы фотосуреттер көрсетеді.<br>– Қандай мамандық иелері бейнеленген? Суретте суретші, дәрігер, мұғалім, сатушы бейнеленген. Балалар мамандық иелерін атайды.<br>Балалар жауаптардың ортақ атауы – мамандық екенін табуы керек.<br>– Қалай ойлайсыңдар, кім қайда жұмыс істейді?<br>– Суретші шеберханада сурет салады. Дәрігер ауруханада адамдарды емдейді. Мұғалім мектепте балаларға білім береді.<br>– Ал сендердің ата-аналарың қайда жұмыс істейді? Балалар | шыдамдылық сезімі, жақсы мінез-құлық ережелері туралы түсінік қалыптастыру; өлең, дәйексөз мысалдарын қолдана отырып, өлеңнің мазмұны бойынша диалог құруды үйрету; еске сақтау, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту; қыстайтын құстарға ұқыпты қарауға, шыдамдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Жануарлар туралы әндер"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Бір уыс мақта<br>**Міндеттері:**<br>Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту.<br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.Үлкеннің ақылын тыңдай білуге тәрбиелеу<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Қардай аппақ,<br>Мамықтай жұмсақ.<br>Ол не? (Мақта)<br>– Мақта жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды.<br>– Бүгін біз мақта туралы **Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» әңгімесімен танысамыз.**<br>Әңгіме болған оқиғаның желісі бойынша жазылады.<br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді | айтады.<br>– Ал, балалар, сендер ойландыңдар ма, өскенде кім болғыларың келеді? Балалар қалаған мамандықтарын айтады және не үшін таңдағанын түсіндіреді. Ойын жағдаяты Педагог:<br>– Балалар, құрылысшы, дәрігер, аспаз кездесіп қалды. Олар не туралы әңгімелесуі мүмкін? Ортаға шығып, көрініс ойнап көрсетейік. Кәне, кім дәрігер болам дейді, кімнің құрылысшы, аспаз болғысы келеді? Педагог ниет білдірген балаларды ортаға шығарып, құрылысшы, дәрігер, аспаздың атрибуттарын кигізіп, рөлдерді ойнауды, диалогпен сөйлеуді үйретеді.<br>**Дидактикалық ойын: «Сұхбат»**<br>Шарты: Педагог «Мен тілші ретінде сендерден сұхбат аламын», – деп, балаларға микрофон ұсынады да, бір мамандықты атайды. Балалар мамандық иесі не істейтінін өз атынан айтады. Мысалы:<br>Сіз әншісіз – ән айтамын, сахнада өнер көрсетемін.<br>Сіз дәрігерсіз – балаларды, адамдарды емдеймін.<br>Сіз ғарышкерсіз – ғарышқа ұшамын.<br>Сіз мұғалімсіз – балаларды оқытамын.<br>Сіз құрылысшысыз – үйлерді, ғимараттарды саламын.<br>Сіз суретшісіз – сурет саламын.<br>Сіз тігіншісіз – киім тігемін.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Сен кім болғың келеді? Өзіңе ұнайтын мамандық иесінің | *Мүсіндеу іс –әрекеті бойынша*дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию.Қол, саусақ қимылдарын дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>балаларды жануарды реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету;<br>Құрастыру бойынша балаларды қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту, дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, қағазды бірнеше қабаттап бүктеу арқылы ақ аюды жасай білуге үйрету; пішін сезімін, қолдың ұсақ моторикасын, шығармашылық қиялын, сөздік қорын дамыту; жануарларды құрметтеуге, қауіпсіздік ережелерін сақтауғатәрбиелеу.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | а) Балалардың суық аймақтағы тіршілік жайлы білімдерін қалыптастыру.<br>ә) Жабайы аңдар және олардың қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктері туралы түсініктерін жетілдіру; қиялын, шығармашылығын, сөйлеуін дамыту.<br>б) Қызығушылыққа, мейірімділікке, жауапкершілікке, топпен жұмыс жасай білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. | ата-аналарының қайда жұмыс істейтінін, қандай мамандық иелері екенін айтады.<br>– Балалар, сендер үлкен болып өскенде әрқайсысың мамандық таңдайсыңдар. Сен өзіңнің болашағыңды қалай қиялдайсың? Сенің қиялыңдағы болашаққа қандай мамандықтар керек? Балалар өздерінің кім болғысы келетіндігі туралы әңгімелеп, қиялындағы әлемде ол таңдаған мамандықтың қалай өзгеретіндігі туралы ойын ортаға салады. Педагог ақын **Мәриям Хакімжанованың «Кім немен ойнайды?» өлеңін мәнерлеп оқып береді.**<br>Педагог өлеңді екінші рет оқығанда, балаларға өлең жолдарында кездесетін мамандықтарды саусақпен санап отыруды тапсырады<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>• Суреттерді ата. Әртүрлі мамандық иесіне қандай құрал қажет? Сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Байқоңыр<br>**Міндеттері:**<br>а) Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл-қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br>ә) Гимнастикалық қабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге | (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: күн өтпей жатып – бір күннің ішінде қиқым – бұл жерде: мақтаның қалдығы<br>Сұрақ-жауап:<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Кішкентай қыз не істеп отырды? Анасы қызына қандай ақыл айтты?<br>– Қыз мақтаның қиқымын қайда лақтырды? Оны не алып кетті? Анасы не деді?<br>– Мақта сөзіне сөйлем құра.<br>Сергіту сәті<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. Балаларға мақтаны қолдарына ұстатып көрсетеді.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Оқиғаның жүйесін сурет бойынша әңгімеле. Анасы мен қызы не істеп отырды? Олар терезеден нені көрді? Торғайдың аузындағы не нәрсе? Сен қыздың орнында болсаң, не істер едің?<br>2. Мақтадан не жасалады? Сызып қос.<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Тау-тау ақ қар,<br>Ерімейді ыстықта. (Мақта)<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>Балаларды мадақтау. | суретін белгіле.<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Төртінші артық»**<br>Логикалық ойлау қабілетін дамыту мен заттардың жалпылама түрін білуге үйрету. Суреттердің біреуі артық, ал үшеуінің мағынасы бірдей. Сол үш затты жалпылама сөзбен айт немесе қай мамандыққа қажет екенін айт.<br>Мысалы: Қасық, қазан, етік, кесе: етік артық, қасық, қазан, кесе – ыдыстар, аспазға қажет. Балта, балға, ау, шеге. Ине, жіп, қайшы, қасық. Қайық, ау, қармақ, қалам. Нан, торт, бәліш, балта.<br>– Жаңылтпашты жаңылмай айтайық.<br>Ас аспай Бас аспаз.<br>Ас асты Жас аспаз<br>Іске іскер,<br>Істі Іскер істер.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Балаларды мадақтайды<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Ғарышқа саяхат<br>**Міндеттері:**<br>а) Сапты бұзбай бірінші-екінші деп санауға үйрету. Бір қолымен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру.<br>ә) Жүріп келе жатып биіктігі 20 см әртүрлі 6 заттан рет-ретімен секіріп өтуді, шапшаң сермеп лақтыру, секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту. Модульдерден асып | Жақсы мен жаман<br>**Міндеттері:**<br>Жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру. Бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу.<br>Жақсылық жасауға тәрбиелеу.<br>– Біз бүгін адам бойындағы жақсы, жаман әдеттер туралы әңгімелесеміз.<br>***«Мен қандаймын» ойыны***<br>*Педагог допты лақтырады. Допты қағып алған балаға сұрақ қояды.*<br>*– Сен қандай баласың? (Мен әдепті баламын, жақсы баламын) т.б.*<br>*– Кейбір балаларда нашар әдеттер де кездеседі. Тақтадағы, слайдтағы суреттерге назар аударайық.*<br>*– Суреттен кімді көріп тұрсың? Балаға ат қояйықшы. (Арман)*<br>*– Ал мына суреттегі баланың аты кім? (Самат)*<br>*– Олар не істеді? Салыстырайық, кімнің істегені дұрыс?*<br>*– Иә, Саматқа қамқорлық жасау әдеті жетіспей тұр екен. Біз Самат сияқты балаларға көмектесіп, қамқор болып, жақсы істерді үйретіп жүрейік.*<br>– **Бүгін біз автор Рахым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.**<br>Жақсы бала – тілалғыш, тәртіпті, ойыншықты сындырмай, күтіп ұстайды, ақылды, таза жүреді. Тіл алмайтын, ойыншықтарды сындыратын, өзінен кішіні, құрдастарын ренжітетін баланы жаман әдеті бар дейміз.<br>Педагог өлеңді оқып беріп, жаттатады (соңындағы қосымшадан қараңыз). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жаттықтыруды жалғастыру.<br>Гимнастикалық орындық үстінде бір аяқпен отырып, ал екінші аяқты орындықтың бір қырымен алып жүру шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>б) Шапшаңдық, ептілік сияқты дене сапаларын, зейіндерін дамыту. Өз күшіне сенімділіктерін, тәртіптіліктерін тәрбиелеу | | шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу.<br>Балалардың байқағыштығын, қиялын, үйлесімді қимылдау қабілеттерін, жалпы төзімділігі мен икемділігін, буындарының майысқақтығын дамыту.<br>б) Өзіне, өзгелерге, қоршаған ортаға деген қамқорлық, батылдық пен тәртіптілік туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Біздің табиғаттағы достарымыз<br>а) Жануарларды топтары (аңдар, құстар, жәндіктер, қосмекенділер) және әр топқа тән ерекшеліктері туралы түсіндіру.<br>ә) Балалардың жануарлар туралы білімін кеңейту арқылы сөздік қорларын арттыру, шығармашылық қиялдарын дамыту.<br>б) Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>"«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісі<br>Балалар өздері қалаған орталықтарды таңдап іс-әрекеттер жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып) қолдану.<br>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде)<br>*Мүсіндеу бойынша* балаларға ермексазды пайдаланып,құстардың бірнеше бөліктен  мүсіндей білуге үйрету.<br>Олардың дене бөліктерін дұрыс | Сөздік жұмысы: жақсы бала – ақылды, таза, ұқыпты бала<br>шалалық – бастаған жұмысын аяқтамау, қате іс жасау<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Жақсы деп қандай баланы айтамыз? Жаман әдет деп нені айтамыз?<br>**Дидактикалық ойын: «Жақсы мен жаман»**<br>(ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: үстелдің үстінде бірнеше сурет жатыр. Бала бір суретті алып, суреттегіісәрекеттің не туралы екенін ажыратып, жақсы әрекетті жасыл жолаққа, ал жаман әрекетті қызыл жолаққа орналастырады.<br>Сергіту сәті<br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Қай баланың ісі дұрыс? Қай баланың ісі дұрыс емес? Дұрысын – жасыл, дұрыс емесін қызыл түспен белгіле.<br>2. Есіңде сақта. Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан. Педагог балалармен бірге суреттердің мазмұнын талқылайды. Балалардың дұрыс, дұрыс емес әрекеттерін анықтайды.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орналастыру,таяқшаларды пайдалана отырып өзіндік сипатын ерекшелеп мүсіндеу дағдысын қалыптастыру,дамыту. *Жапсыру, құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану, геометриялық пішіндерден ертегі желісіндегі қалаған кейіпкерін құрастыру, құрастырылған бейнені ақ қағазға желімдеу **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Саған не ұнады? Не туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Көкшымшықты бақылау. (экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балалардың көкшымшықтың пайда болуы, оның әдеттері, тіршілік ету ортасы туралы түсініктерін кеңейту; қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Ұшақ". (дене** | **Шыршаларды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Шыршаның құрылымы туралы білімдерін толықтыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ұжыммен қар тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін жетілдіру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қоймадағы тышқандар".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету. **Өзіндік еркін ойын** | **Қыстайтын құстарды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін кеңейту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ағаштың айналасындағы қарды тазалау) Мақсат-міндеттер. Жұмыс істеуге дағдыландыру, ересектерге көмектесу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды | **Сауысқанды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қоршаған әлемге қызығушылықты ояту; құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды тамақтандыруға ынталандыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары. "Сауысқандар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіру, әртүрлі бағытта жүгіру дағдыларын дамыту. **Өзіндік еркін ойын** | **Қайың мен шетенді бақылау. (экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құрылысқа қар жинау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Тапсырманы бірлесіп жүзеге асыра отырып, жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары "Кегльдерді құлат". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруге, лақтыру қабілеттерін жетілдіру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** екі аяқпен орнында тұрып 20 рет секіру. 2-3 рет шеңбер бойымен айналып жүру. Қайтадан 20 рет секіру.<br>**(дене тәрбиесі)** | **әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, алға жылжи отырып, екі аяқпен секіруге жаттықтыру. **(дене тәрбиесі)** | үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту, қарды алысқа лақтыруды үйрету. **(дене тәрбиесі)** | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Қатарға қойылған заттарды айналып жүгіруге машықтандыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.<br>- Тамағымыз ауырмау үшін, тамағымызды қолмен жоғары - төмен уқалау.<br>- Түшкіріп, тұмауратпау үшін, сұқ саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу.<br>- Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау.<br>- Құлағымыз ауырмау үшін, сұқ және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Бала қауіпсіздігі басты назарда***<br>*Өрт қауіпсіздігі*<br>*«101»-ге телефон шалуға үйрету.*<br>*«101» өрт сөндіру орталығы екенін түсіндіру*<br>**https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z**<br>«Торғайлар»<br>Балалар өздері қалаған орталықтарды таңдап іс-әрекеттер жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті* балалардың қылқаламмен торғай бейнесін салуға үйрету; құсты салу барысында басы, денесі, қанаты, құйрығы сияқты дене бөлшектерін үйлесімділікте салу техникасына машықтау<br>*Мүсіндеу бойынша* балаларға ермексазды пайдаланып,құстардың бірнеше бөліктен мүсіндей білуге үйрету.<br>Олардың дене бөліктерін дұрыс орналастыру,таяқшаларды пайдалана отырып өзіндік сипатын ерекшелеп мүсіндеу дағдысын қалыптастыру,дамыту.<br>*Жапсыру, құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану, геометриялық пішіндерден құс бейнесін, ұясын құрастыру, құрастырылған бейнені ақ қағазға желімдеу | **Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>«Құстарға қамқорлық»<br>***(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)***<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған түрлі жемшардағы құстарды бояйды<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* арнайы алдын ала дайындалған жемшарға құстардың бейнесін мүсіндеу.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* геометриялық пішіндерден құс бейнесін құрастырып ақ қағаз бетіндегі жемшарға желімдеу.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша*балаларға қағазды умаждау арқылы құстың бейнесін жасай білуге, умаждалған қағазды белгіленген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету<br>**«Мейірімділік туралы ойлайық»**<br>*Ойынның мақсаты:* ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Бала қауіпсіздігі басты назарда***<br>*Өрт қауіпсіздігі*<br>*«101»-ге телефон шалуға үйрету.*<br>*«101» өрт сөндіру орталығы екенін түсіндіру*<br>**https://youtu.be/EfLEBCfEy5g?si=xgl_lWqdNB9gUo9z**<br>Аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында балалар өздері қалаған орталықтарды таңдап іс-әрекеттер жасайды.<br>сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Жоғарғы және төменгі дыбысты тап"музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>*Ойынның мақсаты:* балаларды музыкалық дыбыстардың төмен және жоғарылығын ажырата білуге үйрету.<br>*Ойынның көрнекілігі:* әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.<br>*Ойынның барысы:* балалар музыкалық дыбыстардың төмен және жоғарылығын ажырату кезінде әрбір карточкамен жеке жұмыс жасауы тиіс.<br>(музыка)<br>***Ұлтттық ойын «Омпа»***<br>*Асық ойынының бір түрін «Омпа» деп атайды. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады.* | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br><br>**Рөлдік ойын: «Аурухана» + қаржылық сауаттылық**<br>Мақсаты: • Ақ халатты абзалжандардың қамқорлығы мен мейірімділігін таныстыру • Балаларды кішіпейілдікке, достарына көмектесуге тәрбиелеу<br>• Балаларды ұжымдық ойнауға және сөйлеуге үйрету • Қаржылық сауаттылықтың алғашқы ұғымдарын енгізу: ақша, зат алмасу, еңбек нәтижесін бағалау<br>Құралдар: • Ақ халат, стетоскоп, ойыншық дәрі-дәрмек • Ойыншық ақша, чек немесе билет • Төсек немесе орындықтар (емхана бөлмесі ретінде) • Қағаздан жасалған рецептер, ақшаға баламалы «емхана қызметтері» Ойын барысы<br>1 Ұйымдастыру кезеңі • Балаларды шеңберге жинау. • Тәрбиеші қысқаша түсіндіреді: — Бүгін біз ауруханамызда дәрігер, медбике, науқас рөлдерін ойнаймыз. — Дәрігер балаларға көмектеседі, медбике рецепт береді. Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі:<br>— Науқас «ем қабылдау» үшін ойынды «ақша» немесе «токен» арқылы төлейді.<br>— Бұл арқылы балалар ақша мен қызмет арасындағы байланысты көріп, түсінеді.<br>2. Негізгі бөлім (рөлдерді бөлу)<br>• Дәрігер: балаларға тексеру жасайды, стетоскоппен «құлақ | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.*Ақшаға билет сатып алуды, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты: ақшаны үнемдеп жұмсау, таңдау жасау дағдыларын қалыптастыру.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Цирктегі тәртіп***<br>*өзін-өзі ұстау ережелерімен, цирктегі тәртіппен таныстыру, сұрақ-жауап әдісі арқылы диалог құру, қорытындылау*<br><br>***Ұлттық ойын «Тас қала»***<br>*Асық ойынының ендігі бір түрі —«Тас қала» деп аталады. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Олар тегіс жерді таңдап алып шеңбер сызады да, дәл ортасына асықтарды бірінің үстіне бірін пирамида етіп жияды.* Сонан соң асық тігілген жерден ойынға қатынасушылардың жас ерекшелігіне орай көн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br>**«Адалдық шеңбері»**<br>*Ойынның мақсаты:* балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі.<br>Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады.<br>Музыка тоқтағанда «адалдық шеңберін» құрып тұрған балалар қолдарын төмен түсіреді. Шеңбердің ішінде қалып қойған қатысушылар өздерінің адал әрекеттері туралы кезекпен айтып береді. Содан кейін командалар орындарымен алмасады, ойын қайта басталады.<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>**Театрландырылған қойылым.**<br>**"Түлкі мен тырна" ертегісі.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық | ұсынады.<br>Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***«Тақия тастамақ»***<br>*Ойын мақсаты: балаларды шапшандыққа , ептілікке ойын арқылы баулу.*<br>*Ойын шарты:Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші шеңберді айнала жүріп, өзі таңдаған бір ойыншының артына тақиясын тастап*<br>*кетеді де, қаша жөнеледі. Арқасына тақия тасталған ойыншы оны қуалайды. Ойын жүргізуші шеңберді айнала келіп*<br>*өзін қуалаған баланың орнына келіп*<br>*отыруы қажет. Егер үлгере алмаса ән*<br>*немесе би орын дап береді*<br>**"Ненің әуені" музыкалық-дидактикалық**<br>**ойын. (музыка)**<br>*Ойынның мақсаты:* Ойын есту қабілеті мен музыкалық жадыны дамытуға көмектеседі.<br>*Ойынның шарты:* Педагог интербелсенді тақтадан орман тұрғындарын көрсетіп және олардың әуендерін қосады, сол әуен қай аңға қатысты екенің | *Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты — асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпаға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.*<br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(танымдық іс-әрекет,** | тыңдайды», «температура өлшейді».<br>• Медбике: рецепт береді, қандай ем қажет екенін көрсетеді.<br>• Науқас: «шипалы болғым келеді», қызмет үшін ойша «ақша» немесе «токен» береді. • Қабылдау бөлімі: науқастар келіп тіркеледі, «көмек алу үшін» ақша береді.<br>***Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі:***<br>• Балалар «ақшаны» қалай есептеуге, бөлуге, төлеуге үйренеді<br>. • Ақша немесе токен – ойын ресурсы ретінде, қызмет алудың қажеттілігін көрсетеді.<br>3 Ойын барысы (құралдармен)<br>1. Науқас ойыншық ақша немесе токенді береді.<br>2. Дәрігер тексеру жүргізеді, медбике рецепті береді.<br>3. Науқас «емделгеннен кейін» өз ойын айтып, ризашылығын білдіреді.<br>4. Балалар кезекпен рөлдерге ауысады.<br>Қаржылық сауаттылық кіріктірілуі: • Рөлді ауыстыру кезінде балалар «ақшаны жинау, бөлу, дұрыс пайдалану» әрекетін тәжірибелейді.<br>• Мысалы, медбике әрбір қызмет үшін «токен алады» → кейін оны «шоколадқа немесе ойыншыққа» айырбастауға болады.<br>4. Сергіту немесе қимылды сәт<br>• Дәрігерлер мен науқастар «жылы жүру» немесе «сергіту жаттығуы» жасайды: қолды көтеру, орындықтан тұрып | белгіленеді. Оның қашықтығы 7—8 метрден кем болмайды.<br>Ойынды бірінші болып бастайтын ойыншыны анықтау үшін сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бұрын алшы түссе ойынды сол бастап, қалғандары да осы тәртіппен өз кезектерін алады. Алшы бірінші, тәйке екінші, бүге үшінші, шіге төртінші.<br>Егер ойыншының асығы омпа түссе, онда ол алшыдан жоғары болып есептеледі де, бірінші орынды сол алады. Егер де екі не үш адамның асығы бірдей не алшы не бүк, не шік, не тәйке түссе, онда саңалар қайта иіріледі.<br>Атушы «Тас қалаға» саңасын дәл тигізіп, бір асықты шеңберден шығарса, ойынды жалғастырып, саңасы түскен жерден қайта атады.<br>Шеңберден атып шығарған асықтарын ала береді. Егер бірінші атушы тигізе алмаса, онда екінші ойыншы атады.<br>Егер атқан ойыншы «Тас қаланы» бұзып, бірақ асықты шеңберден шығара алмаса, онда айыбын қосып «Тас қаланы» қайта тұрғызады. Егер атушы тас қаланы бұзып бір асықты шеңберден шығарса, онда қалған асықтарды шеңберден шығара алмағанға дейін ата береді. Қалған ойыншыларды бұзылған «Тас қаланың» бытырап жатқан қалдықтарын атып алады.<br>Көнде жатқан асықтар түгелдей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту. | балалар табу қажет. | **зерттеу іс-әрекеті)** | жүру.<br>• Балалар қозғалыс арқылы энергияларын шығарып, ойынға қайта оралады.<br>5. Қорытынды • Балалар бір-бірімен сенімді қарым-қатынас жасап, қызметке «ақша» төлей отырып» қаржылық ұғымдармен танысады. • Тәрбиеші қысқаша сұрақтар қояды:<br>— Дәрігерге қалай көмектестік?<br>— Ақшаны қалай пайдаландым?<br>— Кімге көмектестік?<br>Күтілетін нәтиже: • Балалар ақ халатты абзалжандардың қамқорлығын түсінеді.<br>• Мейірімділік пен кішіпейілділік дамиды.<br>• Ұжымдық ойнауға, сөйлеуге үйренеді. • Ақша мен қызмет арасындағы қарапайым байланыс көрініс табады.<br>**(қаржыдлық сауаттылық, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі, қаржылық сауаттылық)** | біткен соң, ойын қайта басталады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Лабиринт" дидактикалық ойыны.**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Балаларды тез қимылдауға үйрету.<br>Ойынның барысы. Балаларға дайын лабиринт (гүл мен шелек) беріледі, балалар тез-тез орындап шығады.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br>«Ақсақ құлан» қазақ халық әуеніне жазылған бейнебаянды көрсету және балалар күйді қабылдағанша тыңдату<br>**(музыка)** | ***Жапсырудан ойын-жаттығу***<br>"Бұзауым-ау, бұзауым!"<br>Мақсат-міндеттер: бір реттік қағаздан жасалған тәрелкені жазық қағаз бетіне жапсырып, қағаздан бұзау дайындамаларын тәрелкеге тиістіріп жапсыруға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Бұл қашан болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға жыл мезгілдерін толық ажырата білуге, жыл мезгілдеріндегі әртүрлі өзгерістерді табуға, суреттер бойынша жұмыс жасай білуге үйрету. Сөздік қорын байыту.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br>"Тиіннің қысқа дайындығы"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалату, созу, қайшының көмегімен ойық жасау арқылы тиінге арналған жаңғақ жасауға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу.**<br>"Суреттерді салыстырамыз".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдениет дағдыларын,қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Балаларда шығармашылықтың дамуы» тақырыбындағы кеңес. | «Бала құқығын қорғау парызымыз» ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Кеңес: «Балалар жарақаттарының алдын алу шаралары». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.01-30.01.2026 ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>*ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.<br>**Ата-аналарға кеңес: «Ашық терезе балалар үшін қауіпті»**<br>Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы».<br>Психолог кеңесі.<br>Мысалы: **«Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»**<br>Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, олардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдылар, еңбек дағдылары)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету* | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балаларға кезекші міндеттерін ниетпен, адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтау, тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін,* | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұйымдасып* | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Үлкендерге көмектесуге, ниетпен еңбектенуге үйрету.*<br>***(еңбек дағдылары)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *(топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдениет дағдылар, еңбек дағдылары)*** | *ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.* ***(еңбек дағдылары)*** | *тату-тәтті еңбек етуге үйрету.* ***(еңбек дағдылары)*** | |
| | **Қ.Р Әнұраны**<br><br>***Ұлттық ойын Арқан тарту.***<br>*Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады.*<br>*Қай топ арқанды өз жағына тартып алып, кетсе сол топ жеңіске жетеді.*<br>*Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса , құламаған бала жеңіске жетеді.*<br><br>**Үстел үсті ойын. "Ботаникалық лото"**<br>Мақсат-міндеттер. Дала гүлдері, сирек кездесетін гүлдер жайлы балалардың білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атап айтқызу.<br>Ойын шарты. Гүлдерді гүлзарларға орналастыру.<br>Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау және гүлзар бейнеленген. Көлемі 8×8см. Көкөністер, жемістер және гүлдер бейнеленген 10-15 дана карточка. Көлемі 5×5см.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>*«Домбыра»*<br>Ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері, оның қызметі туралы түсінік беру; әртүрлі тәсілді қолдана отырып құрастыруға үйретуді жалғастыру; эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; *асықтарды орналасуына қарай сәйкестендіру, тілін дамыту,* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, әдемілікке, еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**(музыка, құрастыру)**<br><br>**Үстел үсті ойыны. "Лото. Туған жер".**<br>Мақсат-міндеттер. Суреттерді есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту.<br>Аң мен құсты ормандағы өз орнына орналастыру.<br>**(таным іс-әрекеті)** | ***Ұлттық ойын «Шертпек»***<br>*Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ*<br><br>**"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. "Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>*«Домбыра»*<br>Ұлттық музыкалық аспаптардың түрлері, оның қызметі туралы түсінік беру; әртүрлі тәсілді қолдана отырып құрастыруға үйретуді жалғастыру; эстетикалық талғамдарын қалыптастыру; *асықтарды орналасуына қарай сәйкестендіру, тілін дамыту,* саусақтың ұсақ бұлшық етінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс істеуге, әдемілікке, еңбекті бағалауға тәрбиелеу.<br>**(музыка, құрастыру)**<br>**Артикуляциялық жаттығу. «Торғайдың әні».**<br>Мақсат-міндеттер. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Педагог:<br>- Балалар, торғай қалай ән салады? Тыңдаңдаршы.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>«Шіп-шіп» десіп отырар. | ***Қауіпсіздік сабағы «Бала қауіпсіздігі-басты назарда»***<br>***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>***Материал:***<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br><br>**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу.<br>Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?". Ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (халық ауыз әдебиетінен)<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар.<br>Ағаштарды қорғайды.<br>(Ж. Сымақов)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)**<br>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау<br>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде<br>1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,<br>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Таңғы асқа дайындық***<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>***«Судың тамшылары»***<br>*Мақсаты: суды бағалауды үйрету.*<br>*Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.*<br>*Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Көркем сөз<br>Түс уақыты келгенде,<br>Дастарханға жайғастық.<br>Тамақ ішу әдебін,<br>Ішімізден ойластық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аяғымыз орнында,<br>Сөйлемейміз бәріміз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Жинасамыз тағы біз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.**<br>*Ойынның мақсаты:* Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>*Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.<br>(музыка) | ***"Әдепті өтініш" жаттығуы.***<br>*Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу. Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.*<br>*(қазақ тілі)* | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Техника әлемінде. Балалар заттарды электрлік және механикалыққа, дөңгелегі бар және дөңгелегі жоқтарға жіктей алады. | Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырады күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы таң,<br>Қайырлы күн, балалар!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерге дыбыстық талдау жасау, суреттерді өз дыбыстық сызбасымен сәйкестендіру, сөзге буын жалғап сөз құрауды жалғастыру.<br>2. Сызбадан дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы шапшаң ойлары мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>3.Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем құрай білеміз**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.<br>2.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br>3.Ұқыптылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу<br>**Математика негіздері**<br>Заттар тобын санау және салыстыру<br>**Міндеттері:** көрнекілік | **Математика негіздері**<br>Заттар тобын санау және салыстыру<br>**Міндеттері:** көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыруды, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату туралы, «артық», «кем», «тең» ұғымдарын бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын, заттарды белгілі бір бағытта штрихтауды дамыту. | **Математика негіздері**<br>Фигуралар мен денелер<br>**Міндеттері:** фигуралар мен денелерді: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шар, текше, цилиндрді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру.<br>2. Сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту.<br>3.Өнерлі болуға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Ақ лақ"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ч дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері). Балаларға [ч] дыбысының артикуляциясын, Ч ч әрпін бастырып жазуды көрсету; [ч] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыстап қалатын құстардың түрлерімен және қысқа бейімделуімен танысады.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Шаңғымен жүру (таза ауада)<br>**Міндеттері:**<br>а) Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып, төзімділік пен жаттыққандықты арттыру. Бір аяқпен мейлінше ұзақ сырғи білуді жалғастыру.<br>ә) Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, реакция шапшаңдығын дамыту. Спортпен шұғылдануға қызығушылығын қалыптастыру, қойған мақсатына жете білу мен | арқылы 6, 7, 8, 9 сандарының пайда болуымен таныстыруды жалғастыру, топтарда заттардың тең және тең емес санын білуді бекіту, 10-ға дейін санауды жаттықтыру. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)<br>**Міндеттері:**<br>а) Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау. Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Қолды жоғары, алға белсенді шығара отырып, айналдыра қимылдату арқылы сермеп лақтыруға дағдыландыру. Жалғыз аяқпен секіріп, екінші аяқпен допты теуіп жүргізуді, табанның алдыңғы жағына күш салып серпіліп көтеріле білуді жалғастыру.<br>ә) Қысқа секіртпеден секіру дағдыларын бекіту. Қол білезігінің айналып қозғалуын және аяқты тігінен қозғалтуды дамыту. Түрлі заттардың арасынан кедергілер арқылы өтіп, жүгіруді дамыту. Жүгірудегі адымды талдау, | Дербестікке тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Ақылды егінші" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды Балаларды "Ақылды егінші" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; ертегіде кездесетін сөздердің мағынасын түсіну, ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту; қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту; адам еңбегіне деген құрметпен қарау ұғымын қалыптастыру; балаларды ертегіні қазақ тілінде мұқият тыңдауға, тірек сөздерді дұрыс айтуға үйрету; сондай-ақ жиі қайталанатын сөздерді есте сақтау қабілетін дамыту; балаларды еңбексүйгіштікке, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>"Құстармен бірге жырлайық"<br>Мақсат-міндеттер: қараторғай, сауысқан туралы әндерді қайталап, сипатын ажырата білуге жаттықтыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Мысық,түлкі және әтеш<br>**Міндеттері:**<br>Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Бауырмалдыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.<br>Ғажайып сәт<br>– Балалар, мына сиқырлы | Үлкендерге құрмет етуге, еңбекке баулуға тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Қосішектідомбыра **Міндеттері**: Ұлттық аспаптар туралы білімін кеңейту. Тақырып аясында диалогке қатысуға жетелеу. Халық шығармашылығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Даусынан таны» ойыны**<br>Ойын шарты бойынша педагог балалардың көздерін жұмғызып, бір музыкалық аспапта ойнайды, балалар қай аспап екенін табуы тиіс. Педагог балаларға домбыра, сыбызғы, қобыз туралы сұрақтар қоя отырып, балалардың нені түсінгендігін анықтайды. Музыкалық шығарма тыңдатады.<br>– Балалар, музыканы жақсы көресіңдер ма?<br>– Қандай музыка тыңдағанды ұнатасыңдар (көңілді, көңілсіз, вальс)?<br>– Балалар, мына жерде көп музыкалық аспап бар екен. Осының ішінен өздеріңе таныс аспапты алып көрсетіңдерші.<br>Балалар өздеріне таныс музыкалық аспаптарды (домбыра, дауылпаз, тұяқ, шаңқобыз т.б.) көрсетеді.<br>– Балалар, осы аспаптардың неден жасалғанын білесіңдер ме?<br>Педагог:<br>– Ата-бабамыз бұл аспаптарды өздері қолдан жасаған. Домбыраны ағаштан жасап, ешкінің кептірілген ішегін таққан. Дауылпаздың бетін терімен қаптаған. Тұяқтасты жылқының тұяғынан жасаған. | қабілетін қалыптастыру.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>2. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>3.Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.<br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Жылы жақта мекендейтін жануарлар"<br>Балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады<br>Сурет салу бойынша балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>*Мүсіндеу іс –әрекеті бойынша*дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жапсыруда бірнеше бөліктерден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>б) Өз бетінше қозғалыс белсенділігін дамыту, күнделікті қимыл қозғалыс қажеттілігін, салауатты өмір салтында қимыл- қозғалыстың маңызын саналы түсінуін қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Әлем жануарлары<br>а) Әлем жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту. Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар бойынша топтастыруды үйрету.<br>ә) Жануарлардың климаттық аймақтар бойынша тіршілігін анықтау,ерекшеліктерін, жалпы белгілерін атау.<br>б) Жануарлар әлеміне қызығушылық шақыру, жануарларға қамқор болуға, мейірімді болуға үйрету.<br><br>***Қауіпсіздік сабағы «Жануарлармен қауіпсіздік»***<br>*Мақсаты: • Балаларды үй жануарларын (мысық, ит, қоян т.б.) танып білуге үйрету. • Жануарлармен қатынаста сақ болу керектігін түсіндіру. • Жануарларды жақсы көруге, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. • Сөйлеу, есту және бақылау қабілеттерін дамыту.* ——— *Қажетті құралдар: • Үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары (ит, мысық, қоян). • Қауіпсіз және қауіпті әрекеттердің суреттері (мысалы: баланың итті сипауы – қауіпсіз; итке қолын созуы немесе үркітуі – қауіпті). • Қуыршақ немесе* | дифференциялауды қалыптастыру.<br>б) Ептілік, күштілік, төзімділік, зейінді шоғырландыру дағдыларын дамыту. Патриоттық, қоршаған ортаға деген қамқорлық пен өзін сыйлап қорғауға баулу.<br>**Тіл амыту**<br>Сүйінші<br>**Міндеттері**:<br>Сүйінші дәстүрімен таныстыру. Дәстүрлі сөздерді қолдана білуге баулу.<br>*Қазақтың салт-дәстүріне құрмет сезімін ояту.*<br>Педагог мақал айтады:<br>Атадан бала туар, ата жолын қуар.<br>Бабалар өмірі – ұрпаққа өнеге.<br>– Мақалдардың мағынасын қалай түсінуге болады?<br>Балалар педагогтің көмегімен мақалдардың мағынасын ашады.<br>– Ата-бабамыздың жақсы істерінен үлгі алып, солар сияқты еңбек ету керек.<br>– Келешек ұрпақ ата-анасының үлгі-өнегесін алып өседі, солардың ақылымен ержетеді.<br>Сөздік жұмысы: ұрпақ – бала-шаға, тұқым, нәсіл – Ата-бабамыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Ұрпағы өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған.<br>– Сенің отбасыңда қандай салт-дәстүрді ұстанады? | сандыққа жануарлар мен құстарды сиқыршы сиқырлап тастапты.<br>Жұмбақты дұрыс шешсеңдер, олар сиқырдан құтылады екен.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Бұрап қойған сағаттай,<br>Айғайлайды таң атпай.<br>(Әтеш)<br>Жолбарысқа ұқсайды, Тек тышқанды ұстайды.<br>(Мысық)<br>Өзі айлакер, өзі бір қу,<br>Жүрген жері айғай да шу.<br>(Түлкі)<br>– Мысық, әтеш, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>**– Бүгін біз «Мысық, әтеш және түлкі» деген орыс халық ертегісімен танысамыз.**<br>Ертегіні мәнерлеп, дауыс интонациясымен оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: шап беріп ұстау – бассалып, тез ұстап алу тәкаппар – менменсу, кеудесін көтеру<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Не туралы айтылған? Саған қай кейіпкер ұнады?<br>– Орманда мысықпен бірге не өмір сүрді?<br>– Мысық қайда кетеді? Түлкі әтешті қалай алдады?<br>– Мысық әтешті қалай құтқарды? Түлкінің жасағаны дұрыс па?<br>– Мысық, әтеш, түлкі | Шаңқобызды темірден иіп жасаған. Қобызды ағаштан ойып, шанағын терімен қаптаған, тиегін ешкінің мүйізінен жасаған. Жетігеннің тиегіне асықтарды пайдаланған.<br>Педагог өлең оқиды.<br>Екі ішектің бірін қатты,<br>Бірін сәл-сәл кем бұра.<br>Қазақ нағыз қазақ емес,<br>Нағыз қазақ домбыра. (Қ. Мырза Әли) – Өлең не туралы?<br>– Домбыра неден жасалған? – Домбыраның құрылысын әңгімеле.<br>– Домбыраны кептірілген ағаштан жасайды. Сондықтан оның үні күмбірлеп шығады. Домбыраның басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектері болады (көрсетеді).<br>Домбырамен күй орындайды, әнді сүйемелдейді.<br>Сөздік жұмысы: ағаш өнері, ұлттық аспап, шанақ.<br>«Сарыарқа» күйін тыңдату. Тыңдап болғаннан кейін қандай? сұрағына жауап беретін сөздермен күйді сипаттау.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Қазақтың ұлттық аспаптарын белгіле.<br>Ата. «Сөйлемді толықтыр» ойын-жаттығуы<br>Күйді тартатын адам – ... (күйші)<br>Би билейтін адам – ... (биші)<br>Өлеңге музыка жазатын адам – ... (композитор)<br>Оркестрді басқаратын адам – ... (дирижер)<br>Ән айтатын адам – ... (әнші) | бейнелерді суреттеуге баулу;түстердің тану білімін тексеру<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Автобуста<br>**Міндеттері**:<br>Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту.<br>Үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Көше бойлап аяңдайды,<br>Адам тасып аялдайды.<br>(Автобус) – Балалар, автобусқа мінгенде өзімізді қалай ұстаймыз?<br>– Автобусқа кірген кезде орын таңдап жүру керек пе? – Көлік қозғалған кезде есігін қолмен итеруге бола ма?<br>– Автобустың ішінде қатты сөйлеуге, жылауға бола ма?<br>– Ал автобусқа қарт адам кіргенде не істеу керек?<br>Педагог балаларға автобус, көліктердің суретін слайд арқылы көрсетеді.<br>**– Бүгін ақын Әбді Шынбатыровтың «Автобуста» әңгімесімен танысамыз**<br>(мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: аялдама – автобус тоқтайтын орын кішіпейіл – ізетті, әдепті, үлкенді сыйлайтын<br>Сұрақ-жауап:<br>– Әңгімеде не жайында айтылған?<br>Кім орын берді?<br>Анасы баласына не деді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жұмсақ ойыншық. ———*<br>*Ойын барысы: Тәрбиеші: Балаларға суреттерді немесе ойыншықтарды көрсетіп, сұрақтар қояды: • “Бұл не?” (Мысық) • “Қалай дыбыстайды?” (Мяу-мяу) • “Мысықты қалай ұстауға болады?” Балалар жауап береді, тәрбиеші түсіндіреді: “Жануарды ұрмау керек.” “Қатты дыбыс шығармау керек.” “Жануар ұйықтап жатса, мазаламау керек.”* | Балалардың назарын тақтаға аудару.<br>**Тақтада салт-дәстүрлер бейнеленген көркем суреттер ілінген** (бесікке салу, тұсау кесу, сүйінші сұрау, асар)<br>– Бесікке салу бала үшін өте маңызды. Бала өзінің аяқ-қолының қозғалысынан шошымай, жылы жатуы үшін ата-бабамыз бесікке бөлеген.<br>– Келесі суретте тұсау кесу дәстүрі бейнеленген. Бір апа ұлттық киімдегі кішкентай баланың тұсауын кесіп жатыр. Әже шашу шашып жатыр.<br>– Келесі суретте сүйінші дәстүрі бейнеленген. Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар.<br>*Сүйінші – қуанышты хабар жеткізушіге берілетін сыйлық*. Қуанышты хабар жеткізуші адам сүйіншілеп келеді. Сүйінші көтеріңкі, қуанышты дауыспен айтылады. Мұндайда қуанышты естіген адам оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.<br>**«Жақсы тілек» ойыны**<br>Шарты: шеңбердің ортасында тұрған бала, мысалы: «Сәбиге қандай тілек тілеуге болады?» – деп сұрайды да, допты лақтырады. Екінші бала жауап қайтарып, допты кері лақтырады.<br>– Өмірі ұзақ болсын! | кейіпкерлерін сипатта.<br>Сергіту сәт<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда. Мысықтың, әтеш пен түлкінің дауысын және жүрісін сал.<br>2. Қай жануар жасырынғанын тап. Ата.<br>3. Есіңде сақта.<br>Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол.<br>Ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау. Сиқырлы қоржыннан алынған ертегі кейіпкерлерінің суреттері бойынша рөлге бөлінеді. Қуыршақты қалай киюді көрсетеді.<br>Бос карточка алған балалар көрермен болады. Балалар жеке шығармашылық қабілетін таныта отырып, қуыршақ театры арқылы ертегіні сахналайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Кімнің ойнаған рөлі ұнады? Балаларды мадақтау. | Домбыра жасайтын адам – ... (шебер, ұста)<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Жігіттер сайысы<br>**Міндеттері:**<br>а) Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу. Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Фитболды түрлі заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру қабілеті мен ұсақ бұлшық еттер моторикасын дамыту.<br>ә) Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп қайта қону дағдыларын жалғастыру. Ептілік, күш, төзімділік, көпшілдік қасиеттерін дамыту.<br>б) Өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Қозғалыс тәжірибесін эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауда қолдана білуге баулу<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғаттағы маусымдық құбылыстар<br>а) Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту.<br>ә) Табиғат құбылыстарының сырын білуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>б) Табиғатқа қамқор болу сезімдерін ояту | – Сен автобусқа мінгенде өзіңді қалай ұстайсың?<br>Үлкендерге орын бересің бе?<br>– Автобусты кім жүргізеді? – Автобус сөзіне сөйлем құра.<br>**Дидактикалық ойын: «Қай көлік қайда жүреді»**<br>(баланың зейінін дамыту) Шарты: бұлт, су, жол суреттеріне сәйкес көліктің түрлерін орналастырады.<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Автобуста» әңгімесін мәнерлеп екінші қайтара оқып береді.<br>– Әңгімеден қандай әсер алдың?<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Апаға автобуста кімдер орын берді? Апа балаларға не үшін рақмет айтты?<br>2. Жерде жүретін көлікті белгіле.<br>3. Көлікпен жүрудің қандай ережесін сақтау керек? Ата.<br>4. Жұмбақты шеш.<br>Жасыл түсі жүр дейді,<br>Қызыл түсі тұр дейді. (Бағдаршам)<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін анықтау.<br>– Әңгіме қалай аталады?<br>Автобусты жүргізетін адамды кім дейміз?<br>Балаларды мадақтайды.<br><br>***Асық ойыны** - қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де,түндедеойналады.Күндізгі сі–мергендікке,түнгісі–ептіліккебаулиды.Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнапарнайықорғасынқұйылы пжасалғаны–сақа,жақсылары–* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Дені сау болсын! т.б.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суретте қандай салт-дәстүрлер бейнеленген? Олар туралы не білесің? Әңгімеле. Балаларға арналған тағы қандай дәстүрлер бар? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | | ***Ұлттық ойын «Шертпек»***<br>*Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ* | *оңқайаталады.Асықойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату) жәнет.б.* |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Терезедегі өрнектерді бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.<br>*Көркем сөз.*<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>**Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.<br>**Еңбек:** қардан бекініс жасауды үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** қар атжалына секіріп шығу және одан жерге | **Мұз сүңгісін бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.<br>Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу.<br>Сұрақтар:<br>1) Мұз қандай болады?<br>2) Оның пішіні қандай? Сәбіз сияқты.<br>3) Мұз қалай пайда болады?<br>4) Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма?<br>5) Олар қайдан пайда болады?<br>6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?<br>*Көркем сөз.*<br>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай бізді | **Бұлттарды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Аспан және оның біздің планетамыздың өміріне әсері туралы түсініктерін кеңейту; аспан сферасының әсемдігі мен алуан түрлілігін қабылдауды дамыту.<br>**Зерттеу.** Жылқыға ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бұталар мен ағаштардың түбіне қар күреу, төбешіктегі қарлардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрену, нәтижеден қуаныш алу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін | **Жылқыны бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жануарларды белгілері бойынша салыстыруға үйрету; бақылау дағдыларын дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** балаларға арналған төбешік жасау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, тапсырмаларды өз бетінше үлестіре білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпасын ұстап ал", "Үйшіксіз қоян".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті, зейінді, көзбен мөлшерлеуді дамыту; ойын ережелерін сақтауға үйрету. | **Қарға мен сауысқанды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Құстар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аулада ұйымдасып жұмыс істеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, орындалған жұмыс пен оның нәтижесінен қуаныш алуға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалма". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру,ептілікпен секіру қабілеттерін бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.**(дене тәрбиесі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсуге үйрету.<br>**Жорамал:** қыс аязды болса, жаз ыстық болады.<br>Жұмбақ.<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды.<br>(Мұз)<br>**Еркін ойындар.** Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. **(дене тәрбиесі)** | ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,<br>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев.<br>**Қимылды ойын: «Қоянның үйшігі». (дене тәрбиесі)**<br>Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату.<br>Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.<br>**Еркін ойындар.** Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.**(дене тәрбиесі)** | жетілдіру.<br>**Еркін ойындар.** Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. **(дене тәрбиесі)** | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Сырғанау кезінде жаттығу; сырғанау кезінде еңкеюді үйрету. | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Көркем сөз<br>Түс уақыты келгенде,<br>Дастарханға жайғастық.<br>Тамақ ішу әдебін,<br>Ішімізден ойластық.<br>Аяғымыз орнында,<br>Сөйлемейміз бәріміз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Жинасамыз тағы біз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>Көркем сөз<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **«Құрметтеуді үйренеміз»**<br>*Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.<br>Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.<br>**(адалдық әліппесі)**<br>"Бөлме өсімдіктері"<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* , трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»***<br>***Тапсырмалар:*** *үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>***Материал:***<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br>«Менің мысығым»<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* бояу беттеріндегі суреттерді бояу**.**<br>балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы адамның немесе жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру. | «Аспазшының оюлы алжапқышы»<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*дайын суреттің үстіне ермексазды оюлатып (пластинография) жапсыру дағдыларын дамыту<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* ою-өрнектермен безендіру дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені<br>кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Не артық?"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>«Ақ ұлпа қар»<br><br>"Жылы жақта мекендейтін жануарлар"пысықтау<br>Балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады<br>Сурет салу бойынша балаларды жылы жақ жерінің жабайы жануарларының бірін (піл, керік, арыстан) бірін өз еркімен таңдап, толық қағаз бетіне салуға үйрету.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br>*Мүсіндеу іс –әрекеті бойынша*дененің қарапайым пропорцияларын есепке ала отырып, қозғалыстағы жануардың қарапайым фигурасын мүсіндеу, фигураны тік немесе көлденең орналастыру, фигура бөліктерін өзара қосып, олардың бір-біріне қосылған жерін арнайы кескіш көмегімен тегістеп, жымдастыру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* жапсыруда бірнеше бөліктерден бейнелерді суреттеуге баулу;түстердің тану білімін тексеру | «Ақылды егінші»<br>Мнемокарталарға негізделген ертегі мазмұны бойынша сөздік жұмыс.<br>**(қазақ тілі)**<br><br>**«Адал досқа арналған ашық хат»**<br>*Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды.<br>Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>***«Ауамен тәжірибе»***<br>***(экологиялық мәдениет дағдылар)***<br>*Ауа түссіз, мөлдір.Ауаны әр түрлі тәжірибемен тексеруге болады екен.Сол үшін сиқырлы қалташа бізге тапсырмалар дайындап қойыпты, орындасақ күшті сыйлық беремін дейді. Тәжірибе жасау үшін біз зертхаға баруымыз керек.Зертханаға бару үшін мына бас киімдерді киіп аламыз.*<br>***1-тәжірибе:*** *Адамдарда ауа* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Жедел жәрдем көмектеседі» (қаржылық сауаттылықпен)***<br>*Мақсаты: • Балаларды дәрігер еңбегімен таныстыру; • Ақша еңбектің нәтижесінде табылатынын түсіндіру; • Дәрі-дәрмек пен емдеу құны бар екенін көрсету; • Жинақтау, ақша жұмсаудың маңызын түсіндіру. ———Құралдар: • Жасанды ақша (түсті қағаздан жасалған); • Ойыншық дәрігер сөмкесі (стетоскоп, таңғыш, дәрі құтысы); • Қуыршақ немесе аю (науқас); • Кішкентай «дәріхана» сөресі (дәрілердің суреті немесе ойыншық қорапшалар).*<br>*Рөлдер: дәрігер, медбике, жедел жәрдем жүргізушісі, дәріханашынауқас.*<br>*Ойын әрекеттері: Науқас 103 нөміріне қоңырау шалып, жедел жәрдем шақырады: аты-жөнін айтады, жасын, мекен-жайын, шағымдарын хабарлайды. Жедел жәрдем келеді. Дәрігер мен медбике науқасқа барады. Дәрігер* | *Жапсыруіс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдылаоын қалыптастыру.<br>*Құрастыру бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**"Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.**<br>*Ойынның мақсаты:* Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>*Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді. (музыка)<br>**Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен әртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі бір затты алып, оған сипаттама | білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар.<br>Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты.<br>Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Балаларды дүкенде сатып алу мәдениетімен таныстыру; • *Ақша санауды, төлеуді, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақшаны дұрыс жұмсау, таңдау жасау***Құралдар:** • Шартты ақша (қағаздан); • Ойыншық тағамдар (жеміс-жидек, сүт, нан, шырын және т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: алма – | **Дидактикалық ойын. "Мен кіммін? Мен немін?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс, мамандық иесінің сипаттамасын естіп, оның не немесе кім екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу.<br>Шарты.<br>Алғашында педагог, содан кейін қалауын білдірген балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады. Жұмбақты жасыру мынадай түрде болады, мысалы, "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**"Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.**<br>*Ойынның мақсаты:* Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>*Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді. | *барма? Қалай ойлайсындар? Білу үшін мына тәжірибені өткіземіз. Балалар, стаканның ішінде не бар? Су. Мына таяқшаларды алып үрлейміз. Не болып жатыр? Көпіршік шығып жатыр.*<br>*Бұл көпіршіктер қайдан шықты ? Бізден.*<br>*Қалай? Ауаны жұтып таяқшаға үрледік*<br>*Демек адамдарда ауа бар! Біз ауамен дем аламыз. Ал сендер дұрыс дем алып білесіңдерме? Көрсетейік: Дұрыс дем алу үшін, мыналарды білу керек: Мұрынмен дем алып тұрып иығымызды көтермейміз. , ішіміз жұмыс істеу керек.*<br>***2- тәжірбие:*** *Ауамен сурет салуға да болады екен. Гуашты құйып, ортасына қатты үрлейміз. Бұл суретті тағы толықтырамыз. Парағымыз кепкесін.*<br>*Алақанымызға үйрлейік . Не пайда болды? Жел.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үп-үлкен боп өседі.*<br>***3- тәжірбие:*** *Не жеңіл ? Ауа жеңіл ма әлде ауыр ма қалай ойлайсыңдар ? Тексеріп көрейік. Банканың ішінде ауа барма? Қане тексеріп көрейік! Егер банканы тіп-тіке ұстасақ су кірмейді, ал егер қисайтып ұсатасақ судан көпіршіктер шығады. Не болды? Су ауаны қуып шығып , ауаның орнын тартып алды. Су ауадан ауыр. Ауаны шығарып жібереді.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *науқасты тексереді, шағымдарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды, фонендоскоппен тыңдайды, қан қысымын өлшейді, тамағын қарайды. Медбике температураны өлшейді, дәрігердің нұсқауларын орындайды: дәрі береді, инъекция жасайды, жараны емдейді және таңады және т.б. Егер науқас өзін нашар сезінсе, оны алып, ауруханаға жеткізеді.*<br>*Алдын ала жұмыс: Медициналық кабинетке экскурсия. Дәрігердің жұмысын бақылау (фонендоскоппен тыңдайды, тамағын қарайды, сұрақтар қояды). ДәрігерСізге дәрі керек екен». • Медбике: «Біз дәріханадан дәрі сатып алуымыз керек». . Дәріханадан дәрі алу: • Сатып алушы (балалар): «Маған дәрі беріңізші». • Дәріхана сатушысы: «Бұл дәрі – 2 ақша тұрады». • Бала ақшасын санап береді: «Бір, екі». • Сатушы: «Міне, дәріңіз!» 5. Науқасты емдеу: • Дәрігер дәріні береді: «Жақсы боласыз». • Медбике: «Дәрігер еңбегі үшін де ақы төленеді, өйткені ол адамдарға көмектеседі». 6. Қорытынды: Тәрбиеші сұрайды: • «Дәріні қайдан алдық?» • «Оны алу үшін не қолдандық?» (Ақша) • «Ақшаны қайдан табамыз?» (Еңбек арқылы) • «Ақшаны дұрыс жұмсау не үшін керек?»* | береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Асық қаршу (бестас).***<br>*Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ыңшам* асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде жалғаса береді. | 1 ақша, сүт – 2 ақша, нан – 1 ақша, шырын – 3 ақша); • Үстел – «касса», ойыншық касса (болса жақсы). ——— **Рөлдер:** • Сатушы (1–2 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (сатушының өзі немесе бөлек бала) ——— **Ойын барысы:** 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз бүгін супермаркетке келдік. Мұнда әртүрлі азық-түліктер бар. Бірақ оларды алу үшін біз ақша төлеуіміз керек». ——— 2. Сатып алу: • Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған бір нан беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Сатушы: «Нан – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, 1 ақша». • Сатушы: «Рахмет! Міне, наныңыз». (Егер артық ақша берсе:) • Сатып алушы: «Маған сүт беріңізші. Міне, 3 ақша». • Сатушы: «Сүт – 2 ақша. Сізге 1 ақша қайтарым». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, дүкенде не істедік?» – «Ақшаны қалай санадық?» – «Ақша жетпесе, қалаған затыңды ала аласың ба?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсап қоюға бола ма?»<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** | (музыка)<br><br>**«Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойын Мақсаты:** балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. **Материалдар:** ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауыр болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды.<br>**(қаржылық сауаттылық)** | ***Дидактикалық ойын: «Кімге ақша береміз?» (қызмет түрлері)***<br>*Мақсаты: Қызмет көрсететін адамдарға ақша төленетінін түсіндіру. Көрнекілік: Дәрігер, сатушы, шаштараз, жүргізуші суреттері, фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші суреттерді көрсетеді: – «Нан алдық – кімге ақша береміз?» (сатушы) – «Дәрігер қарады – кімге ақша береміз?» (дәрігер) 2. Балалар тиісті суреттің алдына фишка қояды. Күтілетін нәтиже: – Қызмет – ақша арқылы төленетінін ойын түрінде түсінеді. – Әртүрлі мамандықтарды тануға бастама болады.*<br>**(қаржылық сауаттылық)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Үстел үсті ойыны. "Сандар".**<br>Міндеттері.<br>1-ден 10-ға дейінгі реттік сан есімдерді оқыту; суреттегі нысандардың санымен салыстыруды үйрену; ерікті назар аударуға үйрету, шыдамдылықты тәрбиелеу.<br>Нұсқаулық.<br>Балалар сандардың суреттері бар 2-3 орталық блокты және 1-ден 10-ға дейінгі заттардың суреттері бар 10 фигурадан тұратын картаны алады. Балалар бүкіл шеңберді алу үшін орталық блокты сәйкес фигуралармен байланыстыруы керек.<br>**(таным іс-әрекеті)** | Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>**(музыка)** | **"Құстар" сөздік ойыны.**<br>Дидактикалық міндеті.<br>Балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың сөйлеу тілін белсендіруді жалғастыру.<br>Ойын ережесі.<br>Құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады.<br>Ойын әрекеті.<br>Құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Ұлттық ойын "Бес тас"**<br>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.<br>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.<br>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br>**(таным іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу. | «Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ |
| --- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **02.02-06.02.2026 ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>*ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: Жасампаздық - бәрімізге өнеге»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.<br>Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.<br>«Біздің қысқы демалысымыз» тақырыбында газет шығару.<br>Қауіпсіздік туралы ескертулер:Балалар қауіпсіздігі: химиялық заттар мен дәрілерді қол жетпейтін жерде сақтаңыз!<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Бөлме өсімдіктерін суғару".***<br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту.* | ***"Орындықтарды жуу".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртін; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.* | ***"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Ойыншықтардағы тәртіп".***<br>*Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***(еңбек іс-әрекеті)*** | | |
| | ***Қ.Р.Әнұраны***<br><br>**«Мейірімді адамдар»**<br>***Ойынның мақсаты:***«мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды *(адалдық әліппесі)*<br><br>**"Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.**<br>*Ойынның мақсаты:* Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>*Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)**<br><br>**Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу. «Не істейді?»**<br>Педагог балаларды жұптарға бөледі.<br>Педагог:<br>- Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар үшін қызмет етеді.<br>- Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірің - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар.<br>- Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды.<br>- Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек.<br>- Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.)<br>- Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.)<br>- Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.)<br>Жарайсыңдар!<br>Әрқайсы бетпердені киіп, | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. *(адалдық әліппесі)*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Қауіпсіздік ережелері***<br>*https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=z3cEanVYIC1zAiK1*<br>*Томпи каналы балаларға арналған жолда, көшеде, үйдегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады. Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері*<br>**Жаттығулар**<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Күні бойы, күні бойы,<br>Біздің қыздар секірді,<br>Оң аяқпен секірді,<br>Сол аяқпен секірді,<br>Алға қарай секірді,<br>Артқа қарай секірді,<br>Айналдыра секірді,<br>Айналдыра секіргішті<br>Биікке де секірді.<br>Екі саусақты кезек-кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу.<br>**(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын «Шертпек»*** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)**<br><br>**Диалогтар ойыны. "Мамандықтар туралы жұмбақтар".**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Теңге ілу***<br>*Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі* | ***Қауіпсіздік ережелері***<br>*https://youtu.be/oCPp_7Rbrao?si=z3cEanVYIC1zAiK1*<br>*Томпи каналы балаларға арналған жолда, көшеде, үйдегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады. Балаларға арналған қауіпсіздік ережелері*<br>**"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны.**<br>Барысы.<br>Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.).<br>Педагог: "Қазір мен сендерге бірнеше сөзді оқимын. Алдарыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап алыңдар да, оны бөлек жерге қойыңдар", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар суреттерді таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Құрманғазы «Ақсақ киік» (музыка)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді. **(музыка)** | сәйкес мамандықтың құрал-жабдықтарын алады:<br>- дәрігер - дәрігер (бетпердесі), тонометр, дәрумендер сауыты;<br>- шаштараз - шаштараз (бетпердесі), ойыншық қайшы мен тарақ;<br>- аспаз - аспаз (бетпердесі), ойыншық пышақ, тақтайша, ойыншық көгөністер, мескей.<br>- мұғалім - мұғалім (бетпердесі) - әріп карточкалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | *Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ* | *шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.* | ***Ұлттық ойын «Шертпек»***<br>*Ұлттық ойын мақсаты, ойын шарты.https://youtu.be/C6GL_3jL7UQ* |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)**<br>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау<br>2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде<br>1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 -бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,<br>4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау<br>1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау<br>5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда<br>1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы асқа дайындық**<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>*Кранды жабу ойыны*<br>*Мақсаты: Су ресурстарын үнемдеуге үйрету. Материалдар: Кран макеті немесе сурет. Ойын барысы: Балалар кранды дұрыс жабуды үйренеді. Үйрететін дағды: Жауапкершілік, қоршаған ортаны қорғау.*<br>**Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | *«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?»*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Менің арманымдағы мамандығым.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері**: 1. Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br>2.Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Ц дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: Ц дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Ц ц әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Ц дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:**<br>1. Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>2. Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Фигуралар мен денелер<br>**Міндеттері:** фигуралар мен денелерді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; 1- ден 10-ға дейін санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау, қағаз парағын бағдарлай білу дағдыларын бекіту. Сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | **Математика негіздері**<br>Бүтін және бөлік<br>**Міндеттері:** бөліктерден бүтін құру және оларды қайта бөліктерге бөлу, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату: бүтін бөліктен үлкен; санау, сандарды салыстыру, цифрларды тану және атау дағдыларын бекіту. Қиял, логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.<br><br>Тұрмыстық техникалар<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ақ қағаз бетінде үй іші бейнеленген суреттен орны бос қалып кеткен тұрмыстық техниканың суретін салу<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* дайын суреттің үстіне ермексазды (пластинография) жапсыру дағдыларын дамыту<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* | **Математика негіздері**<br>Заттың бірнеше тең бөліктері<br>**Міндеттері:** заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге; «жарты, ширек, үштен бір бөлігі», деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. Заңдылықтарды орнату, талдау, салыстыру қабілетін бекіту; қарапайым тұжырымдарды құру; зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Денсаулық еліне саяхат<br>**Міндеттері**:<br>Антоним түрлерімен таныстыру.<br>Қарым-қатынаста әдептілік сөздерін қолдануға баулу.<br>Денсаулығын күтуге тәрбиелеу.<br>Педагог өлең оқиды.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз<br>. – Өлең не туралы?<br>– Саған дене шынықтыру жаттығулары ұнай ма? | **Сауат ашу негіздері**<br>Дыбыстық талдау<br>**Міндеттері**: 1. Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.<br>2. Дыбыстық сызба мен оған сәйкес суретті сәйкестендіруге, сөздерді буынға бөлгізуге жаттықтыру арқылы ақыл-ойларын дамыту.<br>Спортпен айналысу адам денсаулығы үшін пайдалы екенін ұғындыру.<br><br>**Музыка**<br>"Комбайншы боламын"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды комбайншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>«Қазақ халқының тұрмыстық заттар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған әлеммен және табиғатпен үйлесімдік туралы ұғындыру, қоршаған ортаға қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту табиғатты аялауға, қамқор болуға баулу. ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Ұлы есімдер<br>Міндеттері:<br>а) Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту. Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып екпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына | Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл і дамыту**<br>Спорт – денсаулық кепілі<br>**Міндеттері**:<br>Спорт туралы білімін жетілдіру.<br>Өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге тарту. Спортқа қызығушылығын арттыру.<br>Педагог:<br>– Балалар, деніміз сау болу үшін не істеуіміз керек?<br>Мақалмен таныстыру. Дені саудың жаны сау. Балаларға мақалдың мағынасын түсіндіру. Адамдар әрқашан қимыл-қозғалыста жүрсе, организміндегі қан айналысы да қозғалыста болып, жұмысы жақсарады. Ауруға қарсы тұру қабілеті артады. Адам денсаулығы үшін тазалық, спорт, таза ауа, күн тәртібі, шынығу қажет.<br>– Шынығу деген не? Ол не үшін қажет?<br>– Шынығудың қандай түрін білесіңдер?<br>– Кім спортшы болғысы келеді?<br>– Спортшы қандай болуы керек? «Қалай аталады?» ойыны<br>– Спортпен айналысатын адамдарды қалай атаймыз? (Спортшы)<br>– Хоккей, бокс, футбол және жүгірумен айналысатын спортшыларды қалай атайды? (Хоккейші, боксшы, футболшы, желаяқ) – Спортшылар жаттығатын жер қалай аталады? (Жаттығу залы) – Спортшыларды кім жаттықтырады? (Жаттықтырушы) | трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Тұрмыстық техникаларды желімдеу<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Мамандықтар жайында диалогтар".<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; "Қызықты мамандықтар" әңгімесінің мазмұнымен таныстыру; өрт сөндіруші, жол полицейі, сатушы сияқты мамандықтар туралы білімдерін толықтыру; мамандықтардағы іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; мамандықтағы сыпайылық ережелері туралы, мамандықтағы мотивацияның мәні туралы түсініктерін дамыту; мамандық түрлерін атауға,ажырата білуге дағдыландыру; мәтіннің мәнін ашатын негізгі тірек сөздерді таңдап, әңгіме мазмұны бойынша блиц-сауалнамаларға қатыстыру; жұптардағы диалогтардағы қарым-қатынасты жаттықтыру; есте сақтау, ойлауды дамыту; әр түрлі мамандық өкілдеріне құрметпен қарауға, достыққа, арттыру.<br>**Музыка**<br>Менің қамқорлығым Мақсат- | Қандай ойындар мен жаттығуларды жасайсың?<br>Педагог балаларға дені сау адам көңілді, бақытты болатынын айтады. Адамның ең алдымен денсаулығы зор болуы керек.<br>Мақалмен таныстыру.<br>Денсаулық – зор байлық.<br>Мақалдың мағынасын балалармен бірге болжамдайды.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте балалар қандай жаттығу жасау үстінде? Әңгімеле.<br>2. Спорт құралдарын иесіне сызып қос. Олар қандай спорт түріне арналған? Қалай аталады?<br>**Дидактикалық ойын: «Қара да қайтала»**<br>Адамдардың түрлі қалыптағы бейнелері сызылған қағаздар (аяқтары бірге, оң қол төмен, сол қол жанына созылған т.с.с.)<br>Педагог ойын мазмұнын түсіндіреді. Әуен ырғағына бәрі билейді. Әуен тоқтаған кезде педагог көрсеткен сызбаға сай әрекеттерді қайталап тұра қалады.<br>**«Сөйлемді антоним сөздермен аяқта» ойын-жаттығуы**<br>Құс ұшады, ал жылан ... . (жорғалайды)<br>Қыста суық, ал жазда ... . (ыстық)<br>Гантель ауыр, ал мамық ... . (жеңіл)<br>Түнде қараңғы, ал күндіз ... . (жарық) | (ер-тұрман, кебеже)<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>Сурет слау:Ою-өрнектермен кебежені, ер-тұрманды (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* көрген заттарын (ер-тұрман) бейнелей отырып, елестету арқылы тұрмыстық заттарды мүсіндеуге үйрету; қолын, саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып мүсіндеуге жаттықтыру.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу<br>*Жапсыруіс-әрекеті бойынша* кебежені ою-өрнектермен безендіру дағдыларын қалыптастыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>Құрастыру: Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>***«Күй күмбірі»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Кеңістікті бағдарлау<br>а) Балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін бекіту. Кеңістікті бағдарлай отырып, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен, ұғымдарын бекіту.<br>ә) Топқа бөлініп, бір-біріне тапсырма орындату арқылы кеңістік қатынастарын дамыту.<br>б) Достық қатынастарды жетілдіру, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу.<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Соқыр теке***<br>*Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады.Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ.Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай* жалғаса береді. | Сергіту сәті<br>**«Сөйлемнің қатесін тап» сөздік ойыны**<br>Педагог сөйлемді бұзып айтады, ал балалар сөйлемнің қатесін тауып айтады.<br>– Командада біздің жарыс жеңді. (Жарыста біздің команда жеңді)<br>– Қоңыз Асанды тауып алды. (Асан қоңыз тауып алды) – Диван мысықта ұйықтап жатыр. (Мысық диванда ұйықтап жатыр)<br>– Қоянның үйінде Айнұр бар. (Айнұрдың үйінде қоян бар)<br>– Елжас араны шағып алды. (Ара Елжасты шағып алды)<br>– Жұмбақ шешейік.<br>Жерге тимей жотасы,<br>Атанған күш атасы<br>Айбаттыны кім дейді,<br>Қайраттыны кім дейді?<br>(Палуан)<br>Сөздік жұмысы: палуан – күрес өнерін меңгерген күш иесі<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суретте қандай спорт түрі бейнеленген? Жаз мезгілінің ойындарын жаз суретімен, қыс мезгілінің ойындарын қыс суретімен сызып қос.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Желаяқтар<br>**Міндеттері:**<br>а) Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту. | міндеттер: Балаларды ақ лақ туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп, айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Қайтпай қалған қарлығаш<br>**Міндеттері:**<br>Шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу.<br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Бүгін ауа райы қандай? Бұлтты ма, ашық па?<br>– Қыс мезгілінде қандай құстарды көресіңдер? (Слайдтан көрсетеді).<br>– Ал қандай құстар жылы жаққа ұшып кетеді?<br>– Егер сенде сиқырлы таяқша болса, құстарға қалай көмектесер едің?<br>Адамдар, аңдар, құстар – барлығы да қысқа дайындалады. Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Соның бірі қарлығаш. Бүгін біз қарлығаш туралы автор **Тайжан Тойбазарұлының «Қайтпай қалған қарлығаш» әңгімесімен танысамыз**.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: дәрменсіз – | Жігіт мықты, ал қыз ... . (нәзік)<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Желаяқтар<br>**Міндеттері:**<br>а) Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарай шұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.<br>ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br>Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу. Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қоректену тізбегі<br>а) Сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктермен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету. Қорек тізбегін құра білуге үйрету.<br>ә) Адам үшін барлық тіршіліктің маңызды екенін ұғындыру; табиғаттағы тепе- | *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Кітап-білім бұлағы<br>**Міндеттері**:<br>Кітап туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын ояту. Кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін құру. Балалар бір-бірімен қолмен, иықпен, тіземен, маңдаймен амандасады. Қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Көп әңгімем, өлеңім,<br>Күнде ақыл беремін.<br>Жақсы көрсе мені кім,<br>Мен де оны жақсы көремін.<br>(Кітап)<br>– Балалар, кітап туралы не білесіңдер?<br>– Кітап – ақылды серігің, досың. Кітап жақсылыққа үйретеді, жамандықтан жирендіреді. Кітаптың әр беті тұнып тұрған ақыл. Кітаптан білмегенді білесің, көрмегенді көресің, күлесің, қуанасың. Кітап – адамзаттың ең асыл қазынасы. Кітапты көп оқыған, күтіп ұстаған баланы барлық адам жақсы көреді.<br>– Бүгін біз ақын **Жеңіс Қашқыновтың «Кітап – білім бұлағы» өлеңімен танысамыз**.<br>Педагог өлеңді оқып береді<br>Сөздік жұмысы: білім бұлағы – кітаптан білім нәрін аламыз Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ә) Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.<br>Өз денесін басқаруды жалғастыру, қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.Ептілік, күштілік пен төзімділікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Тақия тастамақ***<br>*Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуыпжетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады.*<br>*Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.* | әлсіреген, жараланған биікке самғау – биікке көтеріліп ұшу қора – мал қамайтын орын, жай Әңгіме мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Әңгіме не туралы? Әңгіме қалай аталады?<br>– Бала қарлығашқа неге таңданды? Әңгімедегі баланың аты кім?<br>– Қарлығашты көрген Асан атасына не деді?<br>– Асан қарлығашқа қандай қамқорлық жасады? – Қарлығаш балаға ризашылығын қалай білдірді?<br>Сергіту сәті<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Шарлап жүріп даланы,<br>Үйіңе ұя салады.<br>(Қарлығаш)<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? Бала қайда келді? Нені көрді? Қарлығаш қандай құс? 2. Қайсысы артық? Неге? Құстарды ата.<br>3. Қарлығашты үзік сызықтармен ұясына жеткіз. 4. Қарлығаштың суретін аяқтап сал. Боя.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Әңгіме жылдың қай мезгілі туралы?<br>Балаларды мадақтау. | теңдіктің қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейту.<br>б) Табиғат байлығын сақтауға өз үлесін қосуға тәрбиелеу. | Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Кітап арқылы біз нені үйренеміз?<br>Кітапты ашқанда, ішінен нені көреміз?<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Кітап – білім бұлағы» өлеңін екінші қайтара оқып, қайталай отырып жаттатады. Балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Балалар қайда келді?<br>2. Балалар қандай кітаптарды қалай оқып отыр? Ата.<br>3. Суретті аяқтап сал. Кітапты өзің қалаған суретпен безендір. 4. Жұмбақтың шешуі болатын суретті белгіле.<br>Сансыз ойлар бетімде,<br>Сайрап жатыр бар тілде.<br>Керекпін мен әр күнде, Өшпейді бір әрпім де.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? Кітаптан қандай ертегілердің суретін көрдіңдер?<br>– Сенің үйіңде ертегі кітаптар бар ма?<br>Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қарлы боранды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене тәрбиесі) "Ұшақ".** Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. | **Суықторғай мен самырқұсты салыстырмалы бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құстарға деген танымдық қызығушылықты тәрбиелеу; суықторғай мен самырқұсты салыстыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** тайғақ жолдарға құм шашу. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. **Еңбексүйгіштікке, ересек адамдармен бірге орындайтын қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар", "Жемшашарлар".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Әртүрлі бағытта жүгіруге жаттығулар жасау және белгі бойынша әрекет ету іскерліктерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Шаңғымен сырғанау дағдыларын жетілдіру. | **Ауа райын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтай алу іскерліктерін жетілдіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар және жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секіргіштер". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды алға қарай секіруге үйрету. | **Күнді бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің шығуы туралы білімдерін дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолды қардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Құстар мен мысықтар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Ережелерді сақтау арқылы ойнауды үйрету; ептілікті, зейінді дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жоғары лақтыр".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтырып, оны қағып алуға үйрету; зейінді дамыту. | **Қарды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеті туралы балалардың білімдерін толықтыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қарды тазарту.) Мақсат-міндеттер. Жолдарды тазартуға нұсқау беру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары", "Жалауға кім тезірек жүгіреді?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті, жылдамдықты, тапқырлықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Кім жоғары секіреді?"(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Биіктікке секіруге үйрету, күш пен ептілікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұраған алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>**Көркем сөз**<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Мамандықтар"**<br>Балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* тігіншінің қуыршақ Сәулеге тіккен әдемі көйлегін қарапайым пішінді өрнектермен безендіруге үйрету.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* затқа қарап мүсіндеуде қуыршақты мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту; | **"Аспаз боламын"**<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Мүсіндеу бойынша* балаларды кейіпкерлерге тән бөліктерді (құлақ, аяқ,) пропорцияны сақтап, қарапайым тәсілдерді домалату, қырнауыштың көмегімен басу, жалпайту, есу, созу пайдаланып, бөліктерін құрамдастырылған тәсілмен біріктіре отырып аспазшы маманын мүсіндеуге үйрету.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*.<br>бояу беттеріндегі суреттерді бояу**.**<br>балалардың қуанышты | **Дидактикалық ойын.**<br>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтылған сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер | **Вариатиті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br><br>"Қысқы ағаш"<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>Балаларды қағаз бетіне қысқы пейзаж суретін салуға үйрету; ақ гуашь бояуымен қарлы омбыларды, шатырларың бейнелерін қылқаламмен салып, кепкен ағаш жапырағын аққа бояп, қағаз бетіне бастырып, тұтас қыс мезгіліндегі ымырт құбылысын бейнелеуге үйрету<br>(сурет салу) | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Біл және көшеде жүру ережесін орында»***<br>*Мақсаты: Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.*<br>Қолданылатын көрнекіліктер: Қала көшелері сапатталған суреттер.<br>Ойын барысы: Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер іліну тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол суреттерге қарап, кез-келгенін таңдап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жапсыруіс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.Қуыршақтың тақиясын безендіру. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** ***«Күй күмбірі»*** *Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".** Мақсат-міндеттер:Балалардың «сұлулық салоны» қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары туралы түсініктерін кеңейту, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру. Сұлулық салоны қызметкерлерінің атқаратын жұмыстарын ажырата білу; «Қызмет», «ақша», «төлем», «баға» ұғымдарымен таныстыру. Дамытушылық: • Диалог арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту; • Логикалық ойлауын, таңдау жасай білу қабілетін жетілдіру. Тәрбиелік: • Сыпайы қарым-қатынас жасауға, кезек сақтауға үйрету; • Жауапкершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу; • Ақшаны дұрыс пайдалануға | эмоцияларын ояту. *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.аспазшының құралдарын қиып, көлеңкесін тауып жапсыру дағдыларын қалыптастыру. *Құрастыру бойынша* шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br><br>***Қауіпсіздік сабағы "Үйдегі қауіпті заттар"*** *Мақсаты: балалардың үйдегі қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру және күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін бекіту. Тапсырмалар: - балаларды күнделікті өмірде кесетін, шаншитын және жанғыш заттарды пайдалану ережелерімен таныстыру; - балалардың үйдегі әртүрлі заттармен қауіптілігі туралы білімдерін дамыту;зейінді, ойлауды дамыту, өзіндік қорытынды жасау. Алдын ала жұмыс: балалармен "Үйдегі қауіпті және қауіпсіз заттар" тақырыбында әңгімелесу. "Үйдегі қауіпті заттар" дидактикалық ойыны, сюжеттік суреттерге шолу (сіріңке, газ плитасы, пышақ, ине, қайшы, түрлі электр аспаптары) Жұмбақтар жасыру Кигізіп ап ұзын жіпті көзіне,* | салынған суреттер. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".*** *Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші* | Балалардың кейіпкерлерді мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту (мүсіндеу) Балаларды үшбұрыштарды бірнеше қайтара бүктеп, шыршаның қылқан жапырақтарын жасауға, қағаз бетіне шыршаны құрастырып желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; "шашырату" әдісі бойынша ақ түсті гуашьті шыршаның бетіне шашырату іскерліктерін жетілдіру; жасаған жұмыстарын безендіруге ынталандыру; шығармашылық қабілеттерін, қол саусақ моторикаларын дамыту; сөздік қорларын молайту. (жапсыру) Құрстыру бойынша балаларды қағазды түтік тәріздес етіп айналдыру арқылы қысқы ағашты құрастыруды үйрету.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрылысы".** Мақсат-міндеттер.Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін кеңейту, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру. Құрылыс мамандықтарын (құрылысшы, архитектор, жүргізуші, электрик) ажырата білу; «Ақша», «жалақы», «материал», «баға» ұғымдарымен таныстыру. Дамытушылық:Ақшаны санау, салыстыру дағдыларын дамыту; Таңдау жасау, жоспарлау қабілеттерін қалыптастыру. | қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді<br><br>**Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"** Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы".** Мақсат-міндеттер:Балалардың киім тігу шеберханасы туралы түсініктерін бекіту, киім тігуге қатысатын мамандықтар жайлы білімдерін тиянақтау, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру.Киім тігу шеберханасындағы мамандарды ажырата білу: дизайнер, пішуші, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші;«Тапсырыс», |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баулу.<br>*Ойынға қажетті құралдар:*<br>• Ойыншық айна, тарақ, шаш қыстырғыштар<br>• Маникюр-педикюр құралдарының ойыншық нұсқасы • Бет әрлеуге арналған муляждар<br>• Кассалық аппарат (ойыншық)<br>• Ойыншық ақша (қағаз, тиын) • Баға жазылған карточкалар (мысалы: • Шаш қию – 5 тг • Маникюр – 10 тг • Бет әрлеу – 10 тг)<br>*Рөлдер:* • Шаштараз • Маникюр шебері • Педикюр шебері • Бет әрлеуші • Кассир • Клиент<br>Ойын барысы: 1. *Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші балалармен бірге сұлулық салоны туралы әңгімелеседі. – Сұлулық салонында кімдер жұмыс істейді? – Олар не істейді? – Қызмет алу үшін не қажет? (ақша төлеу)<br>*2. Негізгі кезең:* Балалар рөлдерді өздері таңдайды. Клиент салонға келеді, сәлемдеседі, қызмет түрін таңдайды. Маман қызмет көрсетеді. Клиент кассаға барып, ақшасын төлейді. Кассир ақшаны санап, қайтарым береді (қажет жағдайда).<br>*3. Қорытынды кезең:* Тәрбиеші балалармен бірге ойынды талдайды: – Қандай қызмет алдың? – Ол қанша тұрды? – Ақшаң жеткілікті болды ма? – Ақшаны үнемдеп жұмсау не үшін керек?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | *Киім тігіп береді ол өзіңе. (ине)*<br>*Екі басты айдаһар, Бәрін қырып жояды. Екі аяқпен жер тіреп, Қағазды жеп қояды. (қайшы)*<br>*Өткір жүзді келеді, Өте қажет құрал ол. Тұтас затты бөледі, Ұсақтап та тұрар ол. (пышақ)*<br><br>*Қайнайды – бу шығады, Ысқырады да, ыстықтан пышақтайды, Қақпағы дірілдейді, қағады: – Эй! Мені шеш! – деп айқайлайды. (Шәйнек)*<br><br>*Балалар, сендер қандай кереметсіңдер, барлық жұмбақтарды шештіңдер. Балалар, сендер бұл заттардың барлығы қауіпті деп ойлайсыңдар ма?*<br>*Балалар: - Иә.*<br>*Тәрбиеші: - Неліктен бұл қауіпті заттар, бірақ үйде олар бізге өте қажет. Балалар, бұл заттар не үшін қажет екенін айтайық.*<br>*Тәрбиеші:*<br>*Өнімдерді пышақпен кесеміз. Киімді инемен тігеді Қайшымен – қағазды кесеміз. Шәйнек – суды қайнатады. Сіріңке – пешті жағады.*<br>*Тәрбиеші: Бұл заттардың барлығы бізге үй ішінде қажет, олар бізге пайда әкеледі, бірақ олармен тек ересектер ғана айналыса алады және өте сақтықпен мұндай заттарды қауіпті деп атайды.* | *балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек.*<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)** | Тәрбиелік: Жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; Бірлесіп жұмыс істеуге, сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету.<br>*Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Құрылысқа материал сатып алу;<br>• Қызмет пен еңбекке ақы төлеу;<br>• Ақшаны үнемдеп жұмсау;<br>• Жалақы алу ұғымы.<br>*Ойынға қажетті құралдар:*<br>• Конструктор, кубиктер<br>• Ойыншық ақша<br>• Баға жазылған карточкалар (кірпіш – 5 тг, цемент – 10 тг, бояу – 10 тг)<br>Кассалық аппарат (ойыншық) Жүк көлігі<br>Рөлдер: • Тапсырыс беруші • Архитектор • Құрылысшы • Материал сатушы • Кассир • Жүк жүргізуші<br>*Ойын барысы:*<br>*1. Дайындық кезеңі:*<br>Тәрбиеші: – Үй салу үшін не керек? – Материалды қайдан аламыз? – Оны қалай аламыз? (ақшаға сатып аламыз)<br>*2. Негізгі кезең:* • Тапсырыс беруші үй салуға тапсырыс береді. • Архитектор жоспар жасайды. • Құрылысшылар материал таңдайды. • Сатушы материалды сатады, кассир ақшаны санайды. • Жүргізуші материалды жеткізеді. • Құрылысшылар үйді салады.<br>*3. Қорытынды кезең:*<br>Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қандай материал алдыңдар? – Ол қанша тұрды? – Ақша жеткілікті болды ма? – Ақшаны қалай үнемдедік?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,** | «материал», «қызмет», «ақша», «баға» ұғымдарымен таныстыру.Эстетикалық талғамын, ойлау қабілетін дамыту; • Сөйлеу мәдениетін, диалог құру дағдыларын жетілдіру; • Қарапайым есептеу (ақшаны санау) дағдыларын қалыптастыру.<br>Тәрбиелік: • Төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; • Адам еңбегін қадірлеуге баулу; • Жауапкершілікке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. ——— Қаржылық сауаттылық элементтері: • Тапсырыс қабылдау және орындау;<br>• Материалды (мата, жіп) сатып алу; • Қызмет пен еңбекке ақы төлеу;<br>• Ақшаны үнемдеп жұмсау; • Дайын өнімді сату.<br>*Ойынға қажетті құралдар:*<br>• Мата қиындылары, жіптер, түймелер • Ойыншық тігін машинасы • Қайшы (қауіпсіз) • Үтік (ойыншық) • Дайын киім үлгілері (қуыршаққа) • Ойыншық ақша<br>*Баға жазылған карточкалар:*<br>• Мата – 5 тг • Киім тігу – 10 тг • Тоқу – 8 тг • Үтіктеу – 7 тг<br>——— *Рөлдер:* • Тапсырыс беруші (клиент) • Дизайнер • Киім пішуші • Тігінші • Тоқымашы • Үтіктеуші • Кассир<br>——— Ойын барысы:<br>*1. Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші балалармен әңгіме жүргізеді: – Киім қайда тігіледі? – Оны кімдер тігеді? – Киім тігу үшін не қажет? – Қызметті қалай аламыз? (ақша төлеу)<br>*2. Негізгі кезең:* • Клиент киімге тапсырыс береді. • Дизайнер киім үлгісін ұсынады. • Пішуші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Тәрбиеші: - Балалар, неге бұл заттардың қауіпті екенін түсіндірейік. Егер бала қолына пышақ алса, не болуы мүмкін,бір жерінкесіп, жарақан алуы мүмкін. Ине бір жерімізге кіруі мүмкін, ыстық үтік және шәйнекпен өзіңізді қатты күйдіріп алуыңыз мүмкін. Сіріңке өте қауіпті, сіріңке балаларға ойыншық емес. Сіріңкемен ойнасаң өрт шығуы мүмкін.*<br>*Дидактикалық ойын: «Қауіпті заттар»*<br>*Баалар алдындағы карточкалардан қауіпті заттарды бөлек жинауы тиіс.*<br>*Тәрбиеші: Қорытынды: Ыстық шәйнек пен үтікті ұстай аламын ба? Пышақ пен инені алу керек пе? Ал сіріңкемен айналысу керек пе? Балалардың жауаптары ( жоқ )* | | **шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | матаны пішеді. • Тігінші киімді тігеді. • Тоқымашы әшекей қосады. • Үтіктеуші киімді үтіктейді. • Кассир қызмет ақысын алады. 3. Қорытынды кезең: Тәрбиеші сұрақтар қояды: – Қандай қызмет алдың? – Ол қанша тұрды? – Ақша жеткілікті болды ма? – Ақшаны қалай үнемдеуге болады?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Шекербек Садыханов. "Құрылысшы".**<br>Қолда темір қалағы,<br>Саздан сарай қалады.<br>Алматыдан аумайтын,<br>Әсем қала салады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (Мамандық иелеріне қажетті құралдар).**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандық иелерінің қандай құралдарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; мамандық иелеріне деген құрмет сезіміне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Мамандық иелері мен олардың құралдары салынған сурет-карточкалар.<br>Шарты.<br>Балалар әрбір мамандық иесіне қажетті құрал түрін таңдап, логикалық жұптарды | **"Зейінді бол" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **"Сиқырлы ноталар" дидактикалық ойыны.**<br>*Ойынның мақсаты:* Әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруға үйрету.<br>*Ойынның шарты:* Музыка жетекшісі халық әні «Еркемайды» өзі орындап береді, екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйрету жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.<br>(музыка) | **Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз өнерін көрсетіп, айыбын өтейді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құрастыру керек.<br>Жұптар мына сияқты болуы мүмкін: балташы - балға; суретші - палитра және қылқалам; мұғалім - көрсеткіш; капитан - штурвал; бақташы - кетпен; кірпіш қалаушы (құрылысшы) - кірпіш; жүргізші - руль, т.б.. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | | **таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес.<br>«Ұялшақтықты қалай жеңуге болады?» | «Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру» атты кеңес. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары". Қолдың ұсақ моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Психолог кеңесі.<br>"Баланың сөйлеу тілін қалай дамытамыз?" | "Өзге қалаларға саяхат" тақырыбында фотокөрме ұйымдастыру. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.02-13.02.2026 ж.**<br>*«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала - ойлы бала»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, меңгерген дағдылар жайлы ақпарат беру.<br>«Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»<br>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу.<br>Ата-аналарға кеңес.«Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».<br>"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдыларын, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдап, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қ.Р. Әұраны**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Түйілген орамал***<br>*Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.*<br>**Үстел үсті ойын.**<br>**"Жартысын тап".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Зейінін дамыту, байқампаздыққа үйрету.<br>Балалар тұрмыстық техниканың жарты бөлігін табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br>***Үнемділік күнделігі ойыны***<br>*Мақсаты: Үнемділікті күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Материалдар: Суреттер, қарапайым дәптер немесе күнделік. Ойын барысы: Балалар күн сайын суды, жарықты немесе тамақты қалай үнемдегенін суреттеп немесе айтып көрсетеді. Үйрететін дағды:* | **Музыкалық аспаптың даусын анықта» музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсаты:* Әуенді салыстыруға, аспаптар үнің ажырата алуға үйрету.<br>Ойын шарты. Балалар көздерін жұмып тұрады, тәрбиеші музыкалық аспаппен ойнайды, балалар қай аспаппен ойнағандығын табуы керек.<br>**(музыка)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Бес тас***<br>*«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.*<br>*Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*«Көңіл ашар» күйіне келер болсақ, атауының өзі балалар үшін тартымды, себебі көңілді әуенімен тыңдарманын елітіп әкетер күшке ие.*<br>***Ұлттық ойын***<br>***Омпы***<br>*Асық ойынының бір түрін «Омпы» деп атайды. Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада жазық алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты - асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпы» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпыны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың* | **Қауіпсіздік сабағы**<br>**Үйдегі қауіпсіздік**<br>**Мақсаты:** Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен (үйде жалғыз болғанда танымайтын адамға есік ашпау, сіріңкені электр құралдарын қолданбау) таныстыру.<br>***Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі:***<br>*Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?*<br>*101-өрт сөндіру қызметі 102-полиция қызметі 103- жедел жәрдем 104- газ қызметі 112-құтқару қызметі*<br>**"Біздің көмекшілеріміз кім?" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*«Көңіл ашар» күйіне келер болсақ, атауының өзі балалар үшін тартымды, себебі көңілді әуенімен тыңдарманын елітіп әкетер күшке ие.*<br>**Санамақ**<br>Санамақтың сан түрін,<br>Кәне, біздер санайық!<br>Онға дейін санды біз<br>Қолымызға алайық!<br>Бір,екі, үш<br>Таңдайықшы түс.<br>Төрт,бес, алты<br>Тату доспыз жалпы.<br>Жеті, сегіз, тоғыз<br>Мынау - қоңыр қоңыз,<br>Мына саным-он,<br>Қыста кием тон.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Алтыатар ойыны***<br>*Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Жауапкершілік, табиғатты қорғау, бақылау* | *Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.* | *шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпыға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.*<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. | білімдерін бекіту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | *атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.* |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.<br>1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы калыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады).<br>8. Тыныс алу гимнастикасы.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>Көркем сөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын.<br>Үсті -басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен де зейінді". Баланы теріс қаратып, өз киімінің немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*«Көңіл ашар» күйіне келер болсақ, атауының өзі балалар үшін тартымды, себебі көңілді әуенімен тыңдарманын елітіп әкетер күшке ие.* | *Заманауи техникалар туралы әңгіме айту, жаңалықтар ашу.*<br>**(тіл дамыту, қоршаған әлеммен анысtыру , қазақ тілі)** | *Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы және қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.* **Қауіпсіздік сабағы (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру , қазақ тілі)** | *Суретке қарап компьютер құрылғысы туралы, компьютермен қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы балалардың өздігінен әңгімелеулері.*<br>**(тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>**Міндеттері:**1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>2. Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту.<br>Тағамның пайдасы, олардағы ағзасына қажетті дәрумендер туралы түсіндіре отырып, дұрыс тамақтанудың пайдасын ұғындыру.<br>**Қазақ тілі** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру.<br>2. Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.<br>3.Спортпен айналысу қажеттігін түсіндіру арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Заттың бірнеше тең бөліктері. | **Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Тұрмыстық техника мен адам. "Тұрмыстық техника патшаны қалай іздеді?" | **Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, заңдылықтар орнату дағдыларын бекіту. Танымдық қызығушылықты, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа және дербестікке тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Үлкен қонақ | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз не білеміз?<br>**Міндеттері:** 1. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Балаларға тыйым сөдердің мағынасын түсіндіру арқылы әдепті болуға тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу,жапсыру, құрастыру**<br>Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбайдың көне заттары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "[М] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: М дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне М м әрпінің жазылу таңбасын үйрету. М дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын<br>.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:**Батырлар (айналмалы жаттығуларды қолдану)<br>**Міндеттері:**<br>а) Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.<br>ә) Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді | **Міндеттері:** заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге, «жарты, ширек, үштен бір бөлігі» деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. Талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Он екі мүшең сау болсын<br>**Міндеттері**:<br>Сөздердің лексикалық мағынасы мен мәнін түсіндіру. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрауға тарту. Дене мүшелерін күтуге тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан дене құрылысына нелер жататынын сұрайды. Ұлдар мен қыздардың айырмашылығы, киім киісі, қолданатын заттары туралы сұрайды.<br>– Жұмбақ шешейік.<br>Көреді бәрін өзгенің,<br>Көре алмайды өздерін. (Көз)<br>Біреуі сөйлейді,<br>Екеуі тыңдайды,<br>Екеуі қарап тұрады. (Тіл, құлақ, көз)<br>Сезім мүшелері (құлақ, көз, мұрын, тіл, тері)<br>– адамның ең негізгі көмекшілері.<br>Педагог балаларды үш топқа бөледі. Әр топ бір сезім мүшесі туралы айтып береді.<br>– Көздің бізге қандай пайдасы бар?<br>– Мұрын бізге не үшін қажет?<br>– Құлақ бізге не үшін керек?<br>**«Сөйлемді аяқта» ойын-жаттығуы** | өлеңін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: Үтік, теледидар ұғымдары арқылы тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту; тұрмыстық техниканың мақсаты және адамдардың өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; адамға "көмек" ретінде жасалатын іс-әрекеттердің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; үйдегі жайлылық пен жайлылық туралы ұғымды қалыптастыру; техниканы күту ережелері туралы ұғымдарын дамыту; балаларға тұрмыстық техниканың түрлері туралы жұмбақтарды, қазақ тіліндегі өлеңді тыңдауға, техниканың пайдасы туралы ойлауға, өлеңнің жолдарын дәйексөз түрінде айтуға дағдыландыру; сөздердің құрылымын тыңдауға, түбір сөздерді табуға, ойлауды дамытуға үйрету; балаларды ұқыптылыққа, қызығушылыққа, еңбекке деген құрметке тәрбиелеу<br>**Музыка**<br>"Комбайншы"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың комбайыншы туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырып, ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білу қабілетерін дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>"Бір атаның ұрпағы"<br>**Міндеттері:**<br>Әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету. Әңгімені | **Міндеттері:**<br>Қонақжайлылық туралы түсінігін кеңейту. Өзін танып білуге қызығушылығын арттыру. Ұлтының құндылықтарын құрметтеуге баулу.<br>Педагог мақалмен таныстырады. 86 Қонақ аз отырып, көп сынайды. Балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды. – Балалар, келген қонақты қалай күтіп аласыңдар?<br>– Иә, алдымен сәлемдесу керек. Қонақты жылы жүзбен қарсы алып, төрге шығаруымыз керек. Қонақ келген үйге береке мен ырыс кіреді деген түсінік бар.<br>– Қонақжайлылық дегенді қалай түсінесіңдер?<br>– Қонаққа барғанда әдептілік сақтайсыңдар ма?<br>– Ата-аналарыңмен бірге қонаққа барғанда не байқайсыңдар?<br>– Қонаққа барғанда үй иесі қуана күтіп алады.<br>Сөздік жұмысы: қонақ күту.<br>– Бүгін ақын Бекен **Әбдіразақовтың «Үлкен қонақ» өлеңімен танысамыз**.<br>– Өлең не туралы? Ұнады ма? – Айжан ауылға кіммен барды? – Айжанды қалай қарсы алды, оны қалай атады?<br>Сергіту сәті<br>**«Сөз ойла, тез ойла» ойыны**<br>сыпайы – дөрекі<br>мейірімді – қатал<br>жас – кәрі<br>еңбеккер – жалқау<br>көңілді – көңілсіз<br>жылы – салқын<br>күлімдеу – қабақ шыту<br>төр – босаға | Балалалр қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасай алады<br>*Сурет салу:*<br>- балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру;<br>-қазақ оюларының элементтерін суретін тымаққа салу, элементтердің орналасу ретін үйрету;<br>- қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.<br>*Мүсіндеу:*байдың қымыз құятын ыдыс – торсықпен таныстыру, ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру және қазақ оюларының элементтерімен безендіруге үйрету; қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру; ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу<br>Жапсыру:Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (, ши, көрпе, жастық), таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>Құрастыру:табиғи (жіптен) және қалдық материалдардан (сымнан) ою-өрнек салуды, жіп пен сымнан ою-өрнектер жасауды, оны майыстыру, бұрау, түзету арқылы үйрену; қазақ ою-өрнектері, қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдары (киіз үй безендіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалысын жалғастыру.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері<br>а) Қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру.<br>ә) Байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту. б) Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу; маусымға сәйкес киініп жүруге, денсаулығын күтуге үйрету.<br><br>**Үйдегі қауіпсіздік**<br>**Мақсаты:** Үйдегі қауіпсіздік ережелерімен (үйде жалғыз болғанда танымайтын адамға есік ашпау, сіріңкені электр құралдарын қолданбау) таныстыру.<br>***Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі:***<br>*Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар* | – Торт тәтті, ал лимон ... (қышқыл)<br>– Бұрыш ащы, ал қант ... (тәтті)<br>– Шай ыстық, ал мұз ... (суық)<br>**Тіл ұстарту жаттығуы**<br>Щы-щы-щы – лимон дәмі ащы<br>Че-че-че – чемпион бол сен<br>**Дидактикалық ойын: «Денсаулық үшін не қажет?»**<br>Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, денсаулықты сақтауға не қажет екенін естеріне түсіруін сұрайды. Содан кейін допты кезекпен балаларға лақтырады. Қағып алған бала қажетті нәрсені атап, допты кері лақтырады. Шатасқан баланың орнына басқалар жауап береді.<br>Сергіту сәті<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Тамақтың дәмін сезетін сезім мүшесін белгіле.<br>2. Он екі мүшем сау болуы үшін мен не істеймін? Сөйлемді жалғастыр.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Мерген<br>**Міндеттері:**<br>а) Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру. Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстіндежинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге | мазмұндап айтуға дағдыландыру. Табиғат сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.<br>Тақтадан қыс мезгілі, қар, мұз, су суреттері көрсетіледі.<br>– Суреттен не көріп тұрсыңдар? Қар, мұз қай кезде болады?<br>– Қар аппақ, жұмсақ, суық болады. Үлпілдек қар тез ериді, жеңіл, пішіні әртүрлі болады. (Слайдтан көрсету, әңгімелеу). – Ал мұз қатты, жылтыр, тайғанақ, мөлдір әйнек сияқты. – Қар ұлпалары неге ұқсайды? (жұлдыз, гүлге)<br>– Қардың, мұздың түсі қандай? (қар ақ, мұз түссіз)<br>**– Бүгін біз жазушы Нәсіреддин Сералиевтің «Бір атаның ұрпағы» әңгімесімен танысамыз**.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: үлпілдек – жеңіл жұмсақ – нәзік, мамық<br>Сұрақ-жауап: – Әңгіменің авторы кім? Әңгіме қалай аталады? Әңгіме не туралы?<br>– Қар қандай? Қар мен мұздың айырмашылығы қандай?<br>– Қар не деп мақтанды? Мұз қалай мақтанды?<br>Оларға су не айтты?<br>– «Бір атаның ұрпағымыз» деген сөзге қар мен мұз неге таңғалды?<br>**Дидактикалық ойын: «Қайсысы ұнайды?»**<br>(баланың ойлау қабілетін дамыту) | ауыл – қала<br>оң жақ – сол жақ<br>алыс – жақын<br>таза – кір үлкен – кіші конақ болу – қонақ күту<br>**Дидактикалық ойын: «Артығын тап»**<br>Балалардың алдына түрлі тағамның суретін өзге суреттермен араластырып қояды. Керегін алып, артығын табады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретке қара. Қонақтарды бала қалай қарсы алды? Әңгіме құра.<br>2. Ыдыстарды асқа толтыр. Қонақ келгенде анаң қандай тәтті тағам пісіреді?<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы: Аңшылар**<br>а) Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтыңқимылүйлесімдігінда мыту.Тізеніжоғарыкөтеріп,те пе- теңдікті сақтап жүруге жаттығу.<br>ә) Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды,арқаннанұстапсал быраптұруды,ептілік,өзбетім ен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға | тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ) туралы түсініктерін кеңейту; қолдың ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; өздігінен дербес әрекет етуге, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br>"Бағдаршам"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай<br>**Міндеттері:**<br>Алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту.Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.<br>**Ғажайып жағдаят**<br>Педагог қоржын алып келеді. Қоржынның ішінен үнтаспа және Алдаркөсенің суретін алып көрсетеді. Үнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатады.<br>– Әнде не туралы айтылды?<br>– Ертегі тыңдаған ұнай ма? Алдаркөсе туралы не білесің?<br>– Бүгін Алдаркөсе туралы қызықты ертегімен танысамыз. Алдаркөсе – қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.<br>**Педагог «Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді,** мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Алдаркөсенің суретін слайдтан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *– ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің? 101-өрт сөндіру қызметі 102-полиция қызметі 103- жедел жәрдем 104- газ қызметі 112-құтқару қызметі* | жаттығуды жалғастыру.<br>ә) Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу | Шарты: суреттен көрген заттың атын атап, қайсысы ұнайтынын айту.<br>Сергіту сәті<br>Педагог әңгімені қайталап оқиды. Әңгімені сюжет бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастырады. Педагог балалардың әңгімелеуін бағалайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не көріп отырсың? Жылдың қай мезгілі деп ойлайсың?<br>2. Жұмбақты шеш. Жылт-жылт етеді, Жылғадан өтеді. (Су) Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп ағады. (Мұз)<br>3. Қыс мезгілін бейнелейтін суреттерді белгіле.<br>4. Суретке қарап, қардың, мұздың суретін сал.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Қар, мұз жылдың қай мезгілінде болады?<br>Балаларды мадақтау.<br>Шығармашылық орталықта қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қазақстанның өзен-көлдеріндегі жануарлар<br>а) Қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы түсіндіру.<br>ә) Балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру; балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыту. б) Табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Киіз үй***<br>*Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.* | көрсетеді.<br>Сөздік жұмысы: сараң – ешкімге ешнәрсе бермейтін, қолы тар, қытымыр адам қулық – амал, айла<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Шықбермес Шығайбай қандай адам?<br>– Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлады?<br>– Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді?<br>– Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады?<br>– Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады? Алдаркөсе не деп жауап берді?<br>Сергіту сәті<br>Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды. Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктеріне қарай, ым-ишара арқылы балалар ертегіні қайталайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегінің желісін сурет бойынша баянда. Бай немен айналысып отыр? Бәйбіше не істеп отыр? Қызы ненің жүнін жұлып отыр? Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоциясын келтір. Алдаркөсенің көңіл күйі қандай? Көрсет.<br>2. Суретті аяқтап сал. Боя.<br>3. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Берместің асы піспейді, Қазаны оттан түспейді. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ешкімге бермейтін сараң адам туралы екенін түсіндіреді.<br>**«Өз көңіліңмен бөліс» ойын-жаттығуы**<br>– Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз)<br>– Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз)<br>Ертегіні музыкалық театр арқылы сахналау. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді. Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақ қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгінгі ертегіде қандай кейіпкерлер болды? Кімнің ойнаған рөлі ұнады?<br>Балаларды мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі жолдардан қар мен қоқыстарды тазарту.) **(еңбек** | **Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдың қарын тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл - қозғалыс ойындары: "Боран",** | **Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (қардан төбешік жасау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **Қыстайтын құстарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ағаштардың айналасына қар күреу.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Аяз ата", "Қар айналады". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Нысанаға тигіз"**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: дәлдікті дамыту. | **іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру. | **"Секірейік".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету. | **Қимыл - қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады)** Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. **(дене тәрбиесі)** | **"Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; затты лақтырғанда дәлдік пен күшті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>Көркем сөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын.<br>Үсті -басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әттүрлі массаж (уқалау) жасайды.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Қауіпсіздік сабағы**<br>*Тұрмыстық техниканы қолдану жайлы қауіпсіздік ережелері*<br><br>**Музыкалық аспаптың даусын анықта» музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсаты:* Әуенді салыстыруға, аспаптар үнің ажырата алуға үйрету.<br>Ойын шарты. Балалар көздерін жұмып тұрады, тәрбиеші музыкалық аспаппен ойнайды, балалар қай аспаппен ойнағандығын табуы керек.<br>**(музыка)**<br>"Тұрмыстық техника"<br>Тұрмыстық заттардың суретін салу, мүсіндеу, сжеттік композициялау,құрастыру дағдыларын қалыптастыру<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктір".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың (құбылыстардың, жан-жануарлардың, адамдардың, ұғымдардың) ортақ қасиеттерін байқап, біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту.<br>Құралдар.<br>Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар).<br>Педагог өзінің қалауынша, көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді.<br>Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады. | **«Біз өнерлі балдырған»**<br>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. **(сурет салу)**<br>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>(**мүсіндеу)**<br>Трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.(**жапсыру)**<br>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.(**құрастыру)**<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Сыпайы сөздер дүкені»**<br>Мақсаты: белгілі бір жағдайда сыпайы сөздерді қолдана білуді қалыптастыру.<br>Дүкендегі сөрелерге «сыпайы сөздер» орналастырылған: алғыс айту (рахмет, алғыс білдіремін), өтініштер (өтінемін, мархабат), сәлемдесу (сәлеметсіз бе, қайырлы күн, қайырлы таң), кешірім сұрау (кешіріңіз, ғафу етіңіз, өкінішті), жылы сөздер (құрметті ана, әке, анашым, әжетайым). Педагог жағдаяттарды сипаттайды, ал | **Дамытушы жаттығу.**<br>"Қанша затты көрсең, сондай санды көрсет".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әрқалай орналасқан заттарды көзбен көріп, санап ала білу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуде ынталандыру; қабылдау, зейін, қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар.<br>Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Кемемен саяхат".**<br>Мақсат-міндеттер.Балаларға кемемен саяхаттау барысы мен теңіз портының қызметі туралы түсінік беру, кеме қызметкерлері мамандықтары жайлы білімдерін кеңейту, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру.<br>*Білімдік*: • Теңіз портының қызметін түсіндіру; • Кемедегі мамандықтарды ажырата білу: капитан, даяшы, күтуші, есепші, бақылаушы полиция; • Жолаушылардың кемеде ұстанатын тәртіп ережелерін меңгерту.<br>*Дамытушылық:* • Диалог | **Вариативті компонент.**<br>**Жас зерттеуші**<br><br>"Үйдегі тұрмыстық техника"<br>Мақсат-міндеттер: адам көмекшілері туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру.<br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>**«Біз өнерлі балдырған»**<br>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. **(сурет салу)**<br>Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>(**мүсіндеу)**<br>Трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>(**жапсыру)**<br>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.(**құрастыру)**<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Музыкалық аспаптың даусын анықта» музыкалық-дидактикалық ойыны.**<br>*Мақсаты:* Әуенді салыстыруға, аспаптар үнің ажырата алуға | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.<br>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады.<br>Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Сынық телефон".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дамытушы жаттығу.**<br>**"Не жоқ?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* | балалар сөреге кезек-кезек келіп, сатушыдан өзіне қажетті сөздерді «сатып алады» және жағдаяттарды талдай отырып, оларды қолданады.<br>1 Жағдаят. Анаң дүкеннен дәмді алма әкелді. Сен алмалардың дәмін татып көргің келді, бірақ анаң түскі асқа дейін күтуің керек деді. Сен ананқнан оны қалай сұрайсың?<br>2 Жағдаят. Әжең шаршап демалып жатыр. Сен әжеңнің қызықты кітапты оқып бергенін қалайсың. Сен қалай әрекет етесің? Сен әжеңнен кітап оқып беруін қалай сұрайсың?<br>3 Жағдаят. Анаң дүкеннен сенің сүйікті бәлішіңді әкелді. Сен өз үлесіңді жеп қойдың, бірақ әлі де жегің келіп тұр.Сен не істейсің?<br>4 Жағдаят. Таңертең отбасы таңғы асқа жиналды. Сен де тұрып, жуынып, шашыңды тарап, киініп, ас үйге келдің. Сен өзіңді қалай ұстайсың? Не айтасың?<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Жақсы - жаман".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан- | арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту; • Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; • Қарапайым есептеу (ақшаны санау) дағдыларын қалыптастыру.<br>*Тәрбиелік:* • Қоғамдық тәртіп ережелерін сақтауға тәрбиелеу; • Сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу; • Жауапкершілікке, ұйымшылдыққа үйрету.<br>——— *Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Билет сатып алу; • Қызмет үшін төлем жасау; • Ақшаны санау, қайтарым алу; • Қажетті шығын мен артық шығынды ажырату.<br>*Ойынға қажетті құралдар:* • Кеме макеті немесе орындықтардан жасалған «кеме» • Ойыншық бинокль, руль • Кассалық аппарат (ойыншық) • Ойыншық ақша • Билеттер • Баға жазылған карточкалар: • Кеме билеті – 5 тг • Ас мәзірі –8 тг • Қосымша қызмет – 10 тг<br>——— *Рөлдер:* • Кеме капитаны • Даяшы • Күтуші • Есепші (кассир) • Бақылаушы полиция • Жолаушылар ——— *Ойын барысы: 1. Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші әңгіме жүргізеді: – Кememен қайда саяхаттауға болады? – Теңіз порты деген не? – Кемеде кімдер жұмыс істейді? – Саяхатқа шығу үшін не қажет? (билет, ақша)<br>2. *Негізгі кезең:* • Жолаушылар портқа келеді. • Есепші билет сатады, ақшаны санайды. • Бақылаушы полиция | үйрету.<br>Ойын шарты. Балалар көздерін жұмып тұрады, тәрбиеші музыкалық аспаппен ойнайды, балалар қай аспаппен ойнағандығын табуы керек.<br>**(музыка)**<br><br>**«Банк» сюжетті-дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты:** банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету.<br>Материал: ойыншық ақша: моneталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар.<br>Барысы: тәрбиеші балаларға банктегі жағдаятты ойнауды ұсынады. Балалар рөлдерге бөлінеді. Банк қызметкерлері өз орындарына отырады. Қалған балалар-клиенттер болады. Банкте кеңесшілер бар, олар әрбір клиентке карталар дайындайды, валюталар береді немесе оларды ауыстырады. Сондай-ақ банкте банкомат бар. Банкоматтан келушілер жинақ картасы арқылы ақша алады. Картаны арнайы терезеге қойып, пинкодты тереді, белгілі бір функцияларды орындайды (қолма-қол ақшаны алу), содан кейін картаны және терезедегі ақшаны алады.<br>Сондай-ақ, банкте басқарушы бар. Банк басқарушысы қызметкерлерге міндеттерін ескертеді. Жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, олардыжұмыс істеуге ынталандырады. Ойын | Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.<br>Шарты.<br>Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтарды немесе заттарды жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12ге де жеткізуге болады.<br>Балалар көзін жұмып тұрғанда, педагог ойыншықтың бірін алып тастайды.<br>Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жануар салынған суреттер. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | билеттерді тексереді. • Капитан саяхат ережелерін түсіндіреді. • Даяшы мен күтуші жолаушыларға қызмет көрсетеді. • Жолаушылар тәртіп сақтай отырып саяхаттайды. 3. *Қорытынды кезең*: Тәрбиеші сұрақ қояды: – Билет қанша тұрды? – Қандай қызмет алдыңдар? – Ақша жеткілікті болды ма? – Саяхатта қандай тәртіп сақтау керек? **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | барысында әртүрлі жағдяттар ойналады | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.** Дидактикалық міндеті. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі. Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау. **(тіл дамыту)** | **"Жұп суреттер" үстел-үсті ойыны.** Дидактикалық міндеті. Балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі. Бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері. Бірдей суреттерді іздеу. **(тіл дамыту)** | Жұмбақтар шешу; жаңылтпаштар айтқызу. **(көркем әдебиет)** | **"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. **(тіл дамыту)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз".** Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. **(дене тәрбиесі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | «Теледидардан балаларға арналған қандай бағдарламаларды көресіздер?» | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. | Ата-аналар үшін ашық есік күнін ұйымдастыру. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.02-20.02.2026 ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі:«Өнерлі бала өрге жүзер»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.<br>Таңертең балаларды қабылдап, бала ауырған жағдайда балабақшаға ескертуі керектігін ата-аналарға айту.<br>Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.<br>Ата-аналарды үйде еңбек іс-әрекетіне баулуға кеңес беру<br>"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдылар,***<br>***еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br>*Мақсаты.*<br>*Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты карауға тәрбиелеу.*<br>*Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету* | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою.*<br>*Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда* | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".***<br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу.*<br>*Еңбекқорлықты, тәртіпті* | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br>*Мақсат-міндеттер.*<br>*Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *(топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдениет дағдылар,еңбек іс-әрекеті)*** | *тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | *көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | |
| | **Қ.Р Әнұраны** ***Ұлттық ойын «Алтыатар» ойыны*** *Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны ─ 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.* **«Пайдалы және зиянды тағамдар» музыкалық-дидактикалық ойын. (музыка)** *Мақсаты:* Пайдалы және зиянды азық-түліктерді, топтастыра білуге үйрету. *Көрнекіліктер:* азық-түліктер *Шарты:* музыка әуенімен адам денсаулығына пайдалы және зиянды азық-түліктерді топтастыру. | *Күй күмбірі қандайды Барша сәби тыңдайды Саусақтарым бірігіп Домбырада ойнайды Балабақша өз үйі Тәрбиеге жалғайды Ата-баба дәстүрі Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады ***Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме?*** *Балаларға гүлдің тұқымын отырғызуды үйрету.Күнделікті гүлдің өсуін бақылап отыру. Бөлме гүлдерінің негізгі бөліктерімен таныстырып, білімдерін нақтылау.Бөлме гүлдерін салыстыруға,сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға үйрету.. 2.Балаларға бөлме гүлдерін күтіп, суаруға тәрбиелеу.Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөз қорын байыту. 3. Табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық* | "Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** ***Ұлттық ойын Атбақыл*** *Асықпен ойналатын ойындардың бірі — «Атбақыл» немесе «Көтеріспек» деп аталады. Ойынға екі-екі баладан қатысады, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен оны атады.Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарады. Егер асыққа тимей кетсе, келесі ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса* | *Күй күмбірі қандайды Барша сәби тыңдайды Саусақтарым бірігіп Домбырада ойнайды Балабақша өз үйі Тәрбиеге жалғайды Ата-баба дәстүрі Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады ***Ұлттық ойын Хан «алшы»*** *Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі* | **«Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді (төрт түлік малдан алынатын өнімдер және еңбек іс-әрекеттері)** қарастыру, сөздік қорларын жаңа сөздер енгізу. Сөздік қор:мал өсіруге байланысты -қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға **(қазақ тілі)** *Күй күмбірі қандайды Барша сәби тыңдайды Саусақтарым бірігіп Домбырада ойнайды Балабақша өз үйі Тәрбиеге жалғайды Ата-баба дәстүрі Ұмыт болып қалмайды* ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *Балалармен күй тыңдау* Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *танытуға, аялауға тәрбиелеу.*<br>*Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме?*<br>*Қай уақытта гүлдерге су құйып, шаңдарың сүртесіңдер?*<br>***(экологиялық мәдениет дағдысы, еңбек әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)*** | *береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.* | *ойынды жеңіске жеткен*<br>**"Спорт түрлері"** тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (лентамен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 4 - лентаны екі қолдарымен ақырын жоғары көтеріп, саусақтарын қимылдату арқылы лентамен толқынды қимылдар жасайды; 5 - 6 - ленталарды қолымен тік ұстап, бір жанына екі шеңбер жасайды; 7 - 8 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары жанында.<br>1 - оңға бұрылу, сол қолын оң қолына тигізу; 2 - бастапқы калыпқа келу; 3 - 4 - осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 5 - 8 - лента ұстаған қолдарымен саусақ бастарын қимылдата отырып, аяқтың ұшымен өзін айнала адымдау бұру; 9 - 10 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын жанына жіберу.<br>1 - аяқты түзу ұстап, бір жанына қарай бұру, осы қимылмен бірге лента ұстаған қолды төмен түсіріп, айқастырып қою; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - аяғын ауыстырып, жаттығуды қайталау. Жаттығуды жасау кезінде аяқты бүкпей, тік ұстау керек (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - 3 - алға сәл иіліп, еңкею, қолды алдына түзу ұстап, лента ұстаған қолдарының саусақтарын қимылдатып, ленталарды толқындату; 4 - тез тіктеліп, лента ұстаған қолдарын артына жіберу; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығу 8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, лента ұстаған қолдарын артына түзу ұстау.<br>1 - тізені бүге отырып, аяғын алдына қойып, лента ұстаған қолдарын толқындатып, жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып; 3 - 4 - келесі аяғымен жаттығуды қайталау (жаттығуды әр жағына 5-6 реттен қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде. 1- 4 - лента ұстаған қолдарын оңға - жоғары, солға - төмен қимылдата отырып, өзін айналу; лентамен толқынды қимылдар жасау; 5 - 6 - бастапқы қалып (жаттығуды 4-5 рет қайталау).<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, лента ұстаған қолдары төменде.<br>1 - оң қолын жоғары, сол қолын артқа жіберу; 2 - қолдарын алмастырып, жаттығуды қайталау; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 8-10 рет қайталанады).<br>8. Тыныс алу гимнастикасы.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді (төрт түлік малдан алынатын өнімдер және еңбек іс-әрекеттері) қарастыру, сөздік қорларын жаңа сөздер енгізу. Сөздік қор:мал өсіруге байланысты -қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға<br>**(қазақ тілі)** | «Дене мүшелері» балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, оларға зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу.<br>**(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | "Спортты сүйетін отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)** | Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдар қарастыру<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | Музыкалық ойын: «Сұраңыз жауап береміз» Мақсаты: Буындап әндету ерекшеліктеріне үйрету. Шарты: Жетекші әнмен сұрақ қояды.Балалар суретке қарап әндете жауап береді.<br>-Балалар орманға бардық , не көрді ?<br>-Аю,қоян,түлкі,қасқыр .. т.б.<br>-Балалар циркке барды, не көрді?.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет, музыка)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Үйренгендерімізді қайталаймыз<br>**Міндеттері:** 1. Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.<br>2. Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Л] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: Л дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Л л әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Л дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Дыбыстық сызбаны өз суретімен сәйкестендіруге арналған тапсырма арқылы дыбыс туралы білімдерін бекіту.<br>2. Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.<br>3.Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы мұқият жұмыс істеуде тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне | **Математика негіздері**<br>Заттармен әрекет<br>**Міндеттері:** жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру. Талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Тазалық сақтау гигиенасы".<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың салауатты өмір салты жайлы түсініктерін дамыту; жеміс пен көкөністердің адамның | **Математика негіздері**<br>Ұзынырақ – қысқа, биік – аласа<br>**Міндеттері:** шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету. Заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау дағдыларын жетілдіру. Бақылау, талдау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Асар жасаймыз<br>**Міндеттері**:<br>Асар дәстүрінің мәнін түсіндіру. Сөздік қорын молайту.<br>Бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>«**Кішкентай құрылысшылар» ойыны**<br>Балалар санамақ бойынша екі топқа бөлінеді. Әр топ сызық | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік?<br>**Міндеттері:** 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту, буыннан сөз құрауды, сөзді буынға бөлуді жетілдіру.<br>2. Сөйлем құрауға, сөйлемнен бірінші, екінші, үшінші сөздерді таба білуге, сөйлемнің сызбасын сыза білуге жаттықтыру арқылы есте сақтауларын дамыту. Нүктелердің үстімен суретті бастыру жұмысы арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>"Біз шадыман баламыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру**<br>".Жүк көлігі" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, сауатты, әдемі, көркем жазуға үйрету, жаңылтпаш, жұмбақтар шешу арқылы тіл байлықтарын арттыру, тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Қыстаудағы ойындар<br>**Міндеттері:**<br>а) Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырып жақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру.<br>ә) Қатар-қатар 20 см, 30 см, 40 см көтеріліп қойылған сырықтардан бауырымен жорғалап өтуде ең ыңғайлы тәсілдерді тауып қолдануға баулу.<br>Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қонуға ұмтылту.<br>б) Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, | қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру. Талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Дәрумендер<br>**Міндеттері:**<br>Дәрумендердің пайдасы туралы түсінік беру. Сөздік қорын байыту.<br>Асты қадірлеуге тәрбиелеу<br>Педагог өлең оқиды.<br>Дәрумендер дауасы<br>Өрлеу үшін елің,<br>Түлеу үшін жерің,<br>Болу керек мықты<br>Денсаулығың сенің.<br>Болу үшін зерек,<br>Болу үшін ерек,<br>Денсаулықты дәйім<br>Күтіп жүру керек.<br>Ішсең егер дәрі,<br>Зиянды оның бәрі.<br>Бойға қуат берер<br>Тағамдардың нәрі.<br>Дәрумендер тобы<br>Мол қуаттың қоры.<br>Табиғат та емші Біліп жүр сен оны. (Қастек Баянбай)<br>Сөздік жұмысы: өрлеу, түлеу, ерек, зерек, қуат.<br>– Өлең не туралы?<br>– Біз ақылды, зерек, күшті болып өсу үшін не істеуіміз керек?<br>– Иә, денсаулықты күтіп жүруіміз керек. Тек дәріні пайдаланудың зиянды кері әсері бар. Қуаты мол дәрумендерді табиғаттың өзі бізге сыйға тартқан екен.<br>– Сендер қандай тағам | ағзасына пайдасы туралы пысықтау; оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; гигиена ережелері, адам денсаулығындағы маңызы туралы білімдерін кеңейту; әдептілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>"До-Ре-Ми"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу, ән айту кезінде әуеннің мағынасын эмоционалды қабылдай білу, топпен ілесе білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Өс, ұлан!<br>**Міндеттері**:<br>Қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу.<br>Денсаулық туралы ұғымын кеңейту.<br>Денсаулығын сақтауға тәрбиелеу<br>Педагог балалардың назарын тақтадағы суреттерге аударады (слайдтан көрсетеді).<br>Суретте күлкі бейнеленсе – балалар бір-біріне күлімдей қарайды.<br>Күн бейнеленсе – күліп амандасады.<br>Жүрек бейнеленсе – құшақтасады.<br>– Балалар, деніміз сау болу үшін не істеу керек?<br>– Спортпен айналысатын адамды қалай атайды? – Спортшының табысқа жетуіне кімдер көмектеседі? | бойынша құрастырғыштардан әдемі үй құрастырады.<br>Тез құрап бітірген топ «мықты асаршылар» атағын алады.<br>– Асар – қазақтың көне дәстүрінің бірі. Бұл – көпшіліктің көмегін пайдалану. Адамдар көп адамның қол күшін қажет ететін ауыр жұмыстарды атқару үшін бір-бірін көмекке шақырады. Мысалы: үй салу үшін көмекке адамдарды шақыру. Асарға келгендер еңбегі үшін ақы сұрамайды. Өйткені қажет болған кезде оларға да жұрт көмекке барады. Үй иесі жұмысшыларға тамақ әзірлеп, күтеді. Асар халқымыздың бірлігін, қайырымдылығы мен ұйымшылдығын нығайтады.<br>Сөздік жұмысы: асар. – Сендер үлкендерге көмек көрсетесіңдер.<br>Кішкентайларға қамқорлық жасайсыңдар. Міне, осының бәрі ұйымшылдықты, қамқорлықты білдіреді.<br>**Асар туралы жазылған ақын Қастек Баянбайдың өлеңін оқып берейін.**<br>– Өлеңде не жайында жазылған?<br>– Асар дегенді қалай түсіндің?<br>– Қандай жұмыстарды бірігіп атқаруға болады?<br>– Мақал-мәтелмен танысайық.<br>Еңбегің сайлы болса,<br>Ішің майлы болар.<br>Еңбек – адамның көркі,<br>Адам заманның көркі.<br>Педагог балалармен бірге | Балаларды қағаздың толық бетіне жүк көлігін салуға үйрету; жүк көлігінің құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету; қарындаш пен бояуды белгілі жерде пайдалану іскерлігін ұштау; акварель бояуын суға езу, қажетті қоюлыққа дейін жеткізу дағдысын дамыту; (сурет салу)<br>Балаларды құрылыс материалдары: цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды үйрету.(құрастыру)<br>Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінде балаларға өздері армандап жүрген көлікті дөңгелектеу, есу, жалпақтату, стекамен жұмыс сияқты мүсіндеу амалдарын қолданып, жасауды үйрету;<br>Балаларды пароход трафаретін қатырма қағаз бетіне жапсырып, түрлі түсті қағаздарды ұсақтап жырту арқылы жүк көлігін жапсыруды үйрету; қарындашпен қағаз бетіне бұлттарды салып, үстіне ақ түсті майлықтарды жапсыру, қағаз бетінің төменгі жағына ақ түсті майлықтарды жыртып теңіз көбігі деп қабылдауды үйрету; (жапсыру)<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Үш қыз<br>**Міндеттері:**<br>Ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету. Сөздік қорын байыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көпшілдікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға баулу.<br>Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>*Жаяу жүргіншілер ережелері*<br>*а) Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.*<br>*ә) Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу.*<br>*Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру.*<br>*б) Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.* | түрлерін жақсы көресіңдер?<br>– Осы жеген тағамдардың қаншалықты пайдалы немесе зиянды екенін анықтайық.<br>Балықтың бірнеше түрі бар: сазан, шортан, бекіре, ақ қайран, шабақ т.б.<br>Балық еті көздің көру қабілетін арттырады, жүйке жүйесін қалыпқа келтіреді, тері, шаш, тырнақ, сүйек пен тістің жағдайын жақсартады. Сүт өнімдері де пайдалы. Сүт өнімдеріне айран, сүт, сүзбе, құрт, шұбат, қымыз т.б. жатады. Бұл тағамдар А, В, С, Д дәрумендеріне бай. Алма, алмұрт, өрік, жүзім, анар сияқты жемістерді де жиі пайдалану керек.<br>Асқабақ, қызылша, пияз, сарымсақ, қызанақ – көгөністер. Одан кейін нан өнімдері. Нан өнімдерін атаңдаршы.<br>– Бұлардың бәрі табиғи өнімдер. Ал консервіленген балық, ет, газдалған сусындарда әртүрлі қоспа болады. Сондықтан олар адам өміріне зиян.<br>– Неліктен пайдалы тағамдарды тұтынуымыз керек?<br>**Дидактикалық ойын: «Бір және көп»**<br>Педагог бір зат түрін айтады, балалар оның көпше түрін айтады. Алма – алмалар<br>Сәбіз – ...<br>Жеміс – ...<br>Құрт – ...<br>Көгөніс – ...<br>Балық – ...<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Не** | (Слайд көрсету)<br>– Таңертең жаттығу жасап, шынығу керек. Үнемі спортпен шұғылданған адам ауырмайды.<br>– **Бүгін біз ақын Өтебай Тұрманжановтың «Өс, ұлан!» өлеңімен танысамыз**.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: ұлан – жеткіншек, өрен, бала қыран – бүркіт сияқты алғыр, епті болу<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлеңнің авторы кім? Өлең не туралы?<br>– Адам денсаулығына не пайдалы? (Спорт, таза ауа, дұрыс тамақтану, серуендеу)<br>– Таза ауада серуендеген ұнай ма? Жаттығу жасау не үшін қажет?<br>– Спорт несімен пайдалы? Қай спортпен айналысуды ұнатасың?<br>Мақалдың мазмұнын түсініп, есіңде сақта:<br>Дені саудың жаны сау.<br>Педагог мақалдың мазмұнын түсіндіреді.<br>Сергіту сәті<br>Педагог өлеңді екінші рет қайталап айтады.<br>Балалардың біреуі бастап, екіншісі жалғастырады.<br>Педагог балалардың жалғастырып айта білуін бағалайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Әңгімеле. | мақал-мәтелдердің мағынасын талқылайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суретте асаршылар не істеп жатыр? Суреттерді цифр ретімен белгіле.<br>Әңгіме құра.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Желдіқуыпжет!<br>(таза ауада)<br>а)Құбылмалыжағдайларғаба йланыстыәрекететудетүрліта ктикаларды қолданып, қимыл еркіндігінің деңгейін арттыру. Керілгенбаудың<br>ә) Бұлшық еттің үйлесімді жұмысы үшін сәйкес рефлекстерді қалыптастыруға арналған жаттығуларды қолдану біліктілігін бекіту.<br>б) Кеңістікті бағдарлау, төзімділік, ептілік, реакция шапшаңдығын дамыту.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Бөлме өсімдіктері және оларды күту<br>а) Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстырып, олардың айырмашылығы мен ұқсастығымен, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру.<br>ә) Практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру. | Ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>– Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім?<br>Ана сөзін естігенде, ойыңа не келеді?<br>– Анаң сені қандай сөздермен еркелетеді?<br>– Ана – бала үшін ең аяулы жан.<br>Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн.<br>– **Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз**.<br>Ертегіні оқып, мазмұнын ашу (соңындағы қосымшадан қараңыз). Оқыған кезде ертегі бойынша суреттерді көрсетіп отыру керек.<br>Сөздік жұмысы: аяулы жан – өмірдегі ең жақын, ең қымбат адамың қайырымдылық – қиын кезде көмек көрсету<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі не туралы? Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?<br>– Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>– Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?<br>– Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін? Саған қай қыздың әрекеті ұнады?<br>**Дидактикалық ойын: «Не жоқ»**<br>(баланың зейінін дамыту)<br>Шарты: балалар көздерін жұмады, педагог бір ертегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **пайдалы»**<br>Қима суреттер арасынан пайдалы тағамды тауып, себетке салады. Зиянды тағамдарды қапқа салады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс •**<br>Суреттегі пайдалы дәруменге бай тағамдарды көк түспен белгіле. Зиянды тағамдарды қызыл түспен белгіле.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балаларды шығармашылық орталықққы шақырып ,өз қалауларымен қалаған іс-әрекет орталықтарына барып жұмыс істеге шақыруы.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*қағаз бетіне басып шығарылған жемістер мен көкөністердің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* жемістер мен көкөністерді мүсіндеу. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау) дағдыларын дамыту.<br>*Жапсыру іс –әрекеті бойынша*түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) қиылған жемістерді жапсыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* әртүрлі қиылған фетрден жемістер мен көкөністерді құрастыру. .<br>Шығармашылық қиялды | Балалардың көңіл күйі қандай?<br>2. Суретте бейнеленген спорт ойындарын ата.<br>3. Олимпиадада жүлде алған спортшыны қалай атайды? Олимпиада чемпионы болған спортшылармен таныс.<br>4. Жұмбақты шешуімен сызып қос.<br>Суретті бастырып сыз, боя.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды жасайды.<br>Сұрақ қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы айттық?<br>Сендерде қандай спорт құралдары бар?<br>– Қандай спорт түрін жақсы көресің?<br>Балаларды мадақтау. | б) Әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу; өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру. | кейіпкерінің суретін алып қояды. Көздерін ашқанда ертегідегі қай кейіпкердің жоқ екенін табады.<br>Сергіту сәті<br>Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды.<br>– Ертегі қалай басталады?<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда.<br>2. Жұмбақтың жауабын суреттен тауып, сызып қос.<br>Гүлге қонады,<br>Гүлдің қонағы,<br>Үйге кірсе,<br>Бөшкелер балға толады. (Балара)<br>Аяғы бар, басы бар,<br>Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)<br>Тоқыған ауы – шыбынның жауы. (Өрмекші)<br>Ертегіні сахналау. Сиқырлы қоржыннан ертегі кейіпкерлерінің суретін алып, сол кейіпкердің рөлінде ойнайды. Басқа балалар көрермен болады.<br>Сахналау аяқталған соң көрермендерге бас иеді.<br>Көрермендер қол шапалақтайды.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау<br>– Кімнің шығармашылықпен ойнаған рөлі ұнады?<br>Балаларды мадақтау.<br>***Ұлттық ойын***<br>***Тымпи***<br>*Тымпи – ойынға қатынасушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Бір баланы ойынды жүргізуге белгілейді. Ол: «Ал, ойынды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту, елестетуі бойынша құрастыру дағдыларын дамыу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** **Дене тәрбиесі** **Тақырыбы:** Қыстаудағы ойындар **Міндеттері:** а) Баланың қимыл жүйесінің жаттыққандығын қимылын түзете отырып жақсарту, психо-физиологиялық және жеке қасиеттерін жалғастыру. ә) Қатар-қатар 20 см, 30 см, 40 см көтеріліп қойылған сырықтардан бауырымен жорғалап өтуде ең ыңғайлы тәсілдерді тауып қолдануға баулу. Сырықтан жалғыз аяқпен секіріп өткенде табанмен емес, аяқтың ұшымен итеріліп, жұмсақ қонуға ұмтылту. б) Талдап ойлау, қалыптан тыс шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, көпшілдікке, алған білім- біліктерін өмірде қолдануға баулу. Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу. | | | *бастаймыз,бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» - деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Алайда бастаушы ғана сөйлеуге ерікті. Ол адам күлерлік қимыл-қозғалыспен әзіл-қалжың сөздерді айтып, қалай да біреуді күлдірудің амалын іздейді. Қалжың жыр да айтады. Ешқайсы шамданбайды. Өйткені ойынға қатынасушылардың аты қалжың өлеңге қосылмауы керек. Әзілі де, сықағы да өтпесе, бет-аузын тыржыңдатып, әр түрлі құбылтады. Қолайсыз қимылдармен құбылыстар жасап қозғалады. Жаңылыстыру үшін неше алуан сұрақтар қояды. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Өлең айтады, ән салады не би билейді. Сондықтан ойынды жүргізуші тілмәр, әзілкеш, күлдіргі бала болуы керек.* |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Ауа райын бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінде күн туралы түсініктерін тереңдетуді жалғастыру; табиғаттың жансыз объектілеріне қызығушылықты | **Тірі және ойыншық шыршаларды салыстыру. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларға тірі ағаштың негізгі ерекшеліктерін көрсету. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым** | **Суықторғайларды бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы | **Желді бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желдің бағытын анықтау дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым** | **Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (экологиялық мәдениет дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Айналамыздағы өзгерістерді байқауға үйрету. **Ересек адамдармен бірге** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; қайың мен тау гүліне апаратын жолды тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйіңді тап", "Балапандар". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Шеңберге секіруді және бұйрық бойынша секіруді үйрету, өз үйлерін табу.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** секіруге үйрету, тепе-теңдікті дамыту. **(дене тәрбиесі)** | **еңбек тапсырмалары** (қуыршақтарды шанамен сырғанату үшін қарды бір орынға жинау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: "Қоймадағы тышқандар". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** секіруді үйрету, тепе-теңдікті дамыту.**(дене тәрбиесі)** | түсініктерін кеңейту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдарды сыпырғышпен сыпыру.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы", "Қояндар мен қасқырлар".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, моториканың дамуына ықпал ету** (жүгіру, секіру, қарды нысанаға лақтыру).**(дене тәрбиесі)** | **еңбек тапсырмалары** (құрылыс жасау үшін қарды бір жерге жинау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Тапсырманы жақсы орындауға үйрету; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Шанаға отырып, аяқпен итерілу арқылы жалаушаға жылжуды үйрету. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (жолдан ұжым болып қарды тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.<br>**(дене тәрбиесі)** |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>*Көркем сөз*<br>Әдемі ирек жолдармен, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Дұрыс тамақтану пирамидасы» тақырыбында балалар өз қалаулары бойынша қалаған орталықтарына барып іс-әрекет жасайды.<br>(**сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br><br>Азық-түлік пирамидасы<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* үлгіге қарап азақ-түлік пирамидасын бейнелеу және ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар адам денсаулығына пайдалы азық-түліктерді мүсіндеу және бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу дағдыларын дамыту.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи және қалдық | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Үйде қауіпсіздік сақтау тәртібі:***<br>*Егер сен үйде жалғыз қалсаң, қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұмытпа. Мынау – балкон мен терезе. Балконға асылуға, терезеден басыңды сыртқп шығаруға немесе терезе алдына шығып отыруға болмайды. Су қолмен электр құралдарына, розеткаға, тоқ қосқышқа жанасуға болмайды. Мынау – үтік. Оның шнурынан тартпа. Тоққа қосылғанда ол өте ыстық болады. Плитаның үстінде шәйнек, таба, кастрөл тұр. Олар – ыстық. Оларды алу үшін арнаулы қолғап не шүберек керек. Мынау – дәрі салатын қобдиша. Оған тиіспе және үлкендердің рұқсатынсыз ешбір дәріні ішпе! Сен үйде жалғыз қалғанда не істейсің? Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің?*<br>*101-өрт сөндіру қызметі 102-полиция қызметі 103- жедел жәрдем 104- газ қызметі 112-құтқару қызметі*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (Сын есім арқылы сипаттау)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға | *Күй күмбірі қандайды*<br>*Барша сәби тыңдайды*<br>*Саусақтарым бірігіп*<br>*Домбырада ойнайды*<br>*Балабақша өз үйі*<br>*Тәрбиеге жалғайды*<br>*Ата-баба дәстүрі*<br>*Ұмыт болып қалмайды*<br>***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*Балалармен күй тыңдау*<br>Құрманғазы «Балбырауын» күйін халқының жайдары сәттеріне арнаған. Яғни, оны балаларға қазақ даласының табиғаты мен жайлаудағы өмірді суреттейтін шығарма ретінде айтып беруге болады «Қоршаған орта» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды.<br>Балалар алдын ала дайындалған орталықтарда іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған қоршаған ортаға байланысты (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. Өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге үйрету.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br><br>"Дәрілік өсімдіктер"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету.<br>Ұйымдастырылған оқу-іс әрекетті қорытындылау барысында балалар қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*балалар трафаретті пайдалып түймедақ гүлін ақ түске губканы батырып бастыру арқылы салады.Бас бармақтарын сары түсті бояуға батырып гүлдің ортасын басады.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*сопақша пішінге келтіріп,оны жалпақтап,екі ұшын сұқ саусақ,ортаңғы саусақ көмегімен домалатып,күлтелерін жасату дағдыларын дамыту.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* дәстүрден тыс жапсыру бойынша картонға алдын ала бейнеленген түймедақ гүлін күрішпен , безендіреді. Безендіру барысында ПВА желімін пайдалану.<br>*Құрастыру іс-әрекеті* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Жануарлармен қауіпсіздік»***<br>*Мақсаты: • Балаларды үй жануарларын (мысық, ит, қоян т.б.) танып білуге үйрету. • Жануарлармен қатынаста сақ болу керектігін түсіндіру. • Жануарларды жақсы көруге, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. • Сөйлеу, есту және бақылау қабілеттерін дамыту. ——— Қажетті құралдар: • Үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары (ит, мысық, қоян). • Қауіпсіз және қауіпті әрекеттердің суреттері (мысалы: баланың итті сипауы – қауіпсіз; итке қолын созуы немесе үркітуі – қауіпті). • Қуыршақ немесе жұмсақ ойыншық. ——— Ойын барысы: Тәрбиеші: Балаларға суреттерді немесе ойыншықтарды көрсетіп, сұрақтар қояды: • "Бұл не?" (Мысық) • "Қалай дыбыстайды?" (Мяу-мяу) • "Мысықты қалай ұстауға болады?" Балалар жауап береді, тәрбиеші түсіндіреді: "Жануарды ұрмау керек." "Қатты дыбыс шығармау керек." "Жануар ұйықтап жатса, мазаламау керек."* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдардан азақ-түлік салатын себеттерді үлгіге қарап құрастыруға үйрету.<br>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>сұрақтарын қояды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***«Ата-анамның еңбегі – менің бақытым»***<br>*Мақсаты: • Балаларға түрлі мамандықтарды таныстыру;*<br>*• Ақша еңбектің арқасында келетінін түсіндіру;*<br>***• Қаржылық сауаттылыққа алғашқы қадам жасау;***<br>*• Ата-ананың еңбегін құрметтеуді қалыптастыру.*<br>*Ойын барысы:*<br>*1. Дайындық: • Карточкаларға әртүрлі мамандықтарды жазып қойыңыз (дәрігер, мұғалім, құрылысшы, жүргізуші, сатушы, банк* | белгілі жан-жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.<br>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б..<br>Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**«Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка)**<br>*Ойын жүргізушісі:*<br>– Кәне балалар бәріміз дауыстап 4 түлік малды төлін емізуге бәріміз бірдей дауыстап шақырамыз. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып, өткізуге болады.<br>*Мысалы:* Биені құраулап,<br>Түйені көс-көстеп,<br>Сиырды аухаулап,<br>Ешкіні шөрелеп,<br>Шақырып аламыз,<br>Сауамыз, бағамыз. | мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* сюжеттік жапсыру дағдыларын дамыту.<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша*<br>тақырыпқа сай табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Жедел жәрдем көмектеседі» (қаржылық сауаттылықпен)***<br>*Мақсаты: • Балаларды дәрігер еңбегімен таныстыру; • Ақша еңбектің нәтижесінде табылатынын түсіндіру; • Дәрі-дәрмек пен емдеу құны бар екенін көрсету; • Жинақтау, ақша жұмсаудың маңызын түсіндіру. ——— Құралдар: • Жасанды ақша (түсті қағаздан жасалған); • Ойыншық дәрігер сөмкесі (стетоскоп, таңғыш, дәрі құтысы); • Қуыршақ немесе аю (науқас); • Кішкентай «дәріхана» сөресі (дәрілердің суреті немесе ойыншық қорапшалар).* | *бойынша* үлгі бойынша ақ тастардан түймедақ гүлдерінің бейнесін құрастыру дағдыларын дамыту.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Спорт залы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың спорттық жаттығу залы туралы ұғымдарын нығайту, спорт жаттықтырушысының рөлін түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстануға және қаржылық сауаттылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру<br>*Білімдік:* • Спорт залының қызметі туралы түсінік беру; • Жаттықтырушының атқаратын жұмысын анықтау; • «Абонемент», «қызмет», «ақша», «төлем» ұғымдарымен таныстыру.<br>*Дамытушылық:* • Қимыл-қозғалыс дағдыларын, төзімділікті дамыту; • Диалог арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру; • Ақшаны санау, салыстыру дағдыларын дамыту.<br>*Тәрбиелік:* • Тәртіптілікке, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу; • Салауатты өмір салтын ұстануға баулу; • Жауапкершілікке, ұйымшылдыққа үйрету.<br>——— *Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Спорт залына кіру үшін төлем жасау; • Абонемент сатып алу; • Қызмет пен еңбекке ақы | **Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттер. Сандар тізбегі жайындағы балалардың білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емхана қызметі туралы түсініктерін нығайту, жануарларды емдейтін мамандардың рөлін анықтау, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру.<br>*Білімдік:* • Ветеринарлық емханада қызмет атқаратын мамандарды ажырата білу: жануар дәрігері (ветеринар), мейірбике, күтуші; • «Емхана», «ем», «қызмет», «ақша», «төлем» ұғымдарымен таныстыру.<br>*Дамытушылық:* • Сөйлеу мәдениетін, диалог құру дағдыларын дамыту; • Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; • Ақшаны санау дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *қызметкері, т.б.).*<br>• *Балалар өз ата-анасының мамандығын да алдын ала айтып дайындалады.*<br>**2. Бірінші кезең «Кімнің ата-анасы?»**<br>• *Әр бала кезекпен: «Менің анам (немесе әкем) – … болып жұмыс істейді» дейді.*<br>• *Басқалары сұрақ қояды: «Ол не істейді?», «Адамдарға қалай көмектеседі?» • Балалар қысқаша түсіндіреді.* **3. Екінші кезең «Еңбектен – табыс»**<br>• *Жүргізуші сұрайды: «Бұл жұмыста адам еңбегі үшін не алады?»*<br>• *Балалар: «Жалақы» деп жауап береді.*<br>• *Түсіндіру: жалақыны текке емес, еңбегі үшін алады.*<br>**4. Үшінші кезең «Ақшаны қалай жұмсаймыз?»**<br>• *Әр бала ата-анасы тапқан ақшаны отбасы неге жұмсайтынын айтады (үй, киім, тамақ, мектеп, ойыншық, саяхат т.б.).*<br>• *Жүргізуші ақшаны дұрыс пайдалану керектігін айтып толықтырады: үнемдеу, қажет нәрсеге жұмсау, артық шығын жасамау.*<br>*Қорытынды Жүргізуші балаларға сұрақ қояды:*<br>• *Ақша қайдан келеді?*<br>• *Оны қалай дұрыс жұмсау керек?*<br>• *Ата-ананың еңбегін неге құрметтеуіміз керек? Балалар жауап береді. Соңында тәтті сыйлық немесе смайлик-стикер беруге болады.* | Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз | *Рөлдер: дәрігер, медбике, жедел жәрдем жүргізушісі, дәріханашынауқас.*<br>*Ойын әрекеттері: Науқас 103 нөміріне қоңырау шалып, жедел жәрдем шақырады: аты-жөнін айтады, жасын, мекен-жайын, шағымдарын хабарлайды. Жедел жәрдем келеді. Дәрігер мен медбике науқасқа барады. Дәрігер науқасты тексереді, шағымдарын мұқият тыңдайды, сұрақтар қояды, фонендоскоппен тыңдайды, қан қысымын өлшейді, тамағын қарайды. Медбике температураны өлшейді, дәрігердің нұсқауларын орындайды: дәрі береді, инъекция жасайды, жараны емдейді және таңады және т.б. Егер науқас өзін нашар сезінсе, оны алып, ауруханаға жеткізеді.*<br>*Алдын ала жұмыс: Медициналық кабинетке экскурсия. Дәрігердің жұмысын бақылау (фонендоскоппен тыңдайды, тамағын қарайды, сұрақтар қояды).*<br>*ДәрігерСізге дәрі керек екен». • Медбике: «Біз дәріханадан дәрі сатып алуымыз керек».*<br>*. Дәріханадан дәрі алу: • Сатып алушы (балалар): «Маған дәрі беріңізші». • Дәріхана сатушысы: «Бұл дәрі – 2 ақша тұрады». • Бала ақшасын санап береді: «Бір, екі». • Сатушы: «Міне, дәріңіз!» 5. Науқасты емдеу: • Дәрігер дәріні береді: «Жақсы боласыз». • Медбике: «Дәрігер* | төлеу; • Ақшаны үнемдеп жұмсау.<br>*Құралдар:* • Спорт киімдері • Ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері (доп, секіртпе, гантель, гимнастикалық таяқша) • Ойыншық ақша • Кассалық аппарат • Баға жазылған карточкалар: • Бір реттік жаттығу – 5 тг • Абонемент – 10 тг<br>*Рөлдер:* • Спорт жаттықтырушысы • Кассир • Нұсқаушы (көмекші) • Спорт залға келушілер<br>*Ойын барысы: 1. Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші әңгіме жүргізеді: – Спорт залына не үшін барамыз? – Жаттықтырушы не істейді? – Жаттығу үшін не қажет? – Спорт залына кіру үшін не төлейміз? (ақша)<br>*2. Негізгі кезең:* • Балалар спорт залына келеді. • Кассир абонемент немесе билет сатады. • Жаттықтырушы жаттығу ережесін түсіндіреді. • Балалар жаттығулар орындайды. • Қауіпсіздік пен тәртіп сақталады.<br>*3. Қорытынды кезең:* Тәрбиеші сұрақтар қояды: – Қандай жаттығу жасадыңдар? – Абонемент қанша тұрды? – Ақшаны қалай үнемдеуге болады? – Спортпен шұғылдану не үшін керек? **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық)**<br><br>**«Пайдалы және зиянды** | қалыптастыру.<br>*Тәрбиелік:* • Еңбекқорлыққа тәрбиелеу; • Жан-жануарларға деген аяушылық пен қамқорлық сезімін дамыту; • Жауапкершілікке, ұқыптылыққа баулу. ———<br>*Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Ветеринарлық қызмет үшін төлем жасау; • Дәрі-дәрмек «сатып алу»; • Қызмет пен еңбекке ақы төлеу; • Ақшаны үнемдеп жұмсау.<br>*Ойынға қажетті құралдар:* • Жануар ойыншықтары (ит, мысық, қоян т.б.) • Ойыншық медициналық құралдар (стетоскоп, шприц, бинт) • Ақ халат, бас киім • Ойыншық ақша • Кассалық аппарат • Баға жазылған карточкалар: • Қарау – 5 тг • Емдеу – 7 тг • Дәрі – 10 тг<br>*Рөлдер:* • Ветеринар дәрігер • Мейірбике • Күтуші • Кассир • Жануар иесі ——— Ойын барысы:<br>*1. Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші әңгіме жүргізеді: – Жануарлар ауырса не істейміз? – Ветеринар кім? – Ол жануарларға қалай көмектеседі? – Емханадағы қызмет қалай алынады?<br>*2. Негізгі кезең:* • Жануар иесі емханаға келеді. • Ветеринар жануарды қарайды. • Мейірбике емдеуге көмектеседі. • Күтуші жануарды күтіп-баптайды. • Кассир қызмет ақысын алады.<br>*3. Қорытынды кезең:* Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қандай жануарды емдедіңдер? – Қандай көмек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *еңбегі үшін де ақы төленеді, өйткені ол адамдарға көмектеседі». 6. Қорытынды: Тәрбиеші сұрайды: • «Дәріні қайдан алдық?» • «Оны алу үшін не қолдандық?» (Ақша) • «Ақшаны қайдан табамыз?» (Еңбек арқылы) • «Ақшаны дұрыс жұмсау не үшін керек?»* **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **тағамдар» музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>**(музыка)**<br>*Мақсаты:* Пайдалы және зиянды азық-түліктерді, топтастыра білуге үйрету.<br>*Көрнекіліктер:* азық-түліктер<br>*Шарты:* музыка әуенімен адам денсаулығына пайдалы және зиянды азық-түліктерді топтастыру. | көрсеттіңдер? – Қызмет қанша тұрды? – Жануарларға қалай қамқор болу керек? **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Мақал-мәтелдер жаттату.**<br>1. Әлсіз денеге ауру ұялайды.<br>2. Таза ауа – жанға дауа.<br>3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық.<br>4. Денсаулық – зор байлық.<br>5. Тазалық – саулық негізі.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаш айтқызу.**<br>Екі шөжем қанаттана алмады,<br>Қанаттана алмағаны -<br>салақ қарағанымнан, -<br>Дұрыс тамақтана алмады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер"**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді).<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)** | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қақпан", "Қарға мен ұя".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез жауап бере отырып, бүкіл учаске бойынша жүгіруге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Мектепке дейінгі баланың жан-жақты дамуындағы театрлық іс-әрекет. | «Салауатты өмір сүру – салтымыз» отбасылық спорттық сайыстар. | Психолог кеңесі: «Баланың сөйлеу тілін дамыту». | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **23.02-27.02.2026 ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында*<br>ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі:«Жаңашылдық - заман талабы»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналарға "Бала жиі ашуланатын болса ..." тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарға баланың үйдегі тәртібіне көмек көрсету.<br>Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы».<br>Әңгімелесу, кеңес беру. «Тұмаудың алдын алу жолдары»<br>- балалармен бірге телехабарларды қарау және олардың пайдасы, маңыздылығы, алуан түрлілігі туралы әңгімелесу.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(экологиялық мәдениет дағдыларын еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br>*Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.*<br>***экологиялық мәдениет*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттенің еңбектенуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"***<br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниеттенің еңбектенуге тәрбиелеу, ересектерге көмектесу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***дағдыларын (еңбек іс-әрекеті)*** | | | |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**«Түрлі - түсті гүлдер»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.<br>Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Дидактикалық ойын***<br>***«Қауіпті заттар»***<br>***Мақсаты:***<br>*Балалардың өміріміізге, денсаулығымызға қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру, бекіту.*<br>***Ойынның жүрісі:***<br>*Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін сұрайды.* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>**Дариға Дәурен**<br>**«Домбыра күйі»**<br>***Ұлттық қимылды ойын***<br>***Ат жарыс***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетпердесі.*<br><br>**"Қандай ырғақ"**<br>**музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>**(музыка)**<br>Мен сөзін айтамын, ал сендер аспаппен ойнайсыңдар.<br>Данғыраны ұр қатты,<br>Дәл қайтала ырғақты.<br>Тоғайда көп тоқылдақ,<br>Үн естілді тоқылдап.<br>Тоқ тоқ тоқ,<br>тоқ тоқ.<br>Данғыраны ұр Тоқ қатты,<br>Дәл қайтала ырғақты.<br>Күн күркіреп жарқылдап,,<br>Бұршақ жауды сартылдап.<br>Сарт сарт сарт сарт,<br>Сарт сарт сарт сарт сарт.<br>Жарайсыңдар! Рахмет! | ***Ұлттық ойын.***<br>***Теңге ілу***<br>*Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.*<br>**(дене тәрбиесі)**<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»***<br>*Тапсырмалар: үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>**Дариға Дәурен**<br>**«Домбыра күйі»**<br>**«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.<br>Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.<br>Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)** | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Бала қауіпсіздігі-басты назарда»***<br>*Тапсырмалар: үйде орын алуы мүмкін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерді бекіту, күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>*Материал:*<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.*<br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br>"Қарлығаш - біздің досымыз"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Ойын:**<br>***«Егер су жоқ болса не болар еді?»***<br>*Бұл сұрақ баланың ақыл-ой белсенділігін арттырады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, себебі балаға қызық кімде қандай жауап.Сұраққа жауап барысында педагог көмектеседі*<br>**(*экологиялық мәдениет дағдысы,***<br>**қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Материал:*<br>*үйде қауіпті жағдайда тұрған балалардың суреттері.* | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көктем жаршысы - құстар тақырыбында әңгімелесу.<br>Аналар мейрамдары туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, )** | Көктемнің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Көктем туралы тақпақтар жаттау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті,қазақ тілі)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>**Дариға Дәурен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **«Домбыра күйі»** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын- және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру.<br>2. Сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту.<br>Бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Білгіштер әлемінің тапсырмалары".<br>Мақсат-міндеттер: Сауат ашу пәнінен алған білімдерін пысықтау. Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сағат сөзіне дыбыстық талдау жасап, дыбыстарды белгілеу. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру. Топпен бірлесіп жұмыс істеуге, ұғымталдыққа, шапшаңдыққа баулу. Таным қабілеттерін, байланыстыра сөйлеу дағдысын дамыту. Денсаулықты сақтау үшін, денсаулық ережелерін білу. "Денсаулық - зор байлық", "Дені саудың – жаны сау" - деген қағидаларды балалардың бойына сіңіру<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Жайлаудағы ойындар<br>**Міндеттері:** | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынға бөлу<br>**Міндеттері:**1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br>2. Сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Кең – тар, жуан – жіңішке, қалың – жұқа<br>**Міндеттері:** шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету. Заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау, кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Логикалық ойлауды, зейінді, естесақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Бағдаршам<br>**Міндеттері:**<br>Бағдаршам туралы білімін дамыту. Жолда жүру мәдениетін бекіту<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Үш көзінде жалын-от,<br>Ал біракта жаны жоқ.<br>Кезектесіп ашылар,<br>Кезектесіп жабылар.<br>(Бағдаршам)<br>– Бағдаршамда неше көз болады?<br>– Түстері қандай? | **Математика негіздері**<br>Заттарды ұзындығы, ені, жуандығы бойынша салыстыру**Міндеттері:** шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету. Заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, геометриялық фигураларды, карама-қарсы сөздерді атау дағдыларын бекіту. Талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Құстар - көктемнің жаршысы".<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы білімдері мен түсініктерін жетілдіру; 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі жайлы түсініктерін кеңейту; ауызша құттықтау ерекшеліктерімен таныстыру; балаларды көктемгі табиғат құбылыстары тақырыбындағы сөздік жұмыстары, сөйлемдер мен сөздердің үлгілері негізінде қазақ тілінде көктем туралы әңгіме құрауға үйрету; көктемдегі табиғаттың жеке құбылыстарын, жалпы бейнесін байқауға, "көктемгі табиғат құбылыстары" сөз тіркесі арқылы қорытындылауға үйрету; анасы үшін құттықтау жаттауды үйрету; ойлауды, жағымды эмоциялар көрсете білуді дамыту; мұқияттылыққа, сұлулыққа, анаға, туыстарға | **Математика негіздері**<br>Мен не білемін және не істей аламын?<br>**Міндеттері:** санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету, жыл мезгілдерін атау, фигураларды тану туралы білімдерін бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Біз де ойнаймыз<br>**Міндеттері:**<br>Дыбыс туралы алған білімін бекіту. Сұрақтарға толық жауап беруге баулу. Табиғатқақамқорболабілугетәрбиелеу<br>Педагог: – Бүгін қай күн?<br>– Кеше қай күн болды? – Ертең қай күн болады?<br>– Бүгін ауа райы қандай?<br>– Табиғат өзгерістерін атайық.<br>Педагог балалардың есіне көктем мезгілін түсіреді. Көктем келгенде ағаштар ерекше құлпырып өседі. – Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық. Ағаш тамырымен, адам достарымен мықты. Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық, су үстіне салынған көпір және жол бойына егілген ағаш. Қарағайға қарап тал өсер, Қатарына қарап бала | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді аяқта.<br>**Міндеттері:**<br>1.Суретбойыншасөйлемқұрастыруға, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>2.Сұрақтарға жауап беруде өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу.<br>Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Көктем әндері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды көктем туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрасттыру**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?"<br>тақырыбынды балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>Сурет алу:<br>- балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту;<br>-гуашпен сурет сала білу, қылқаламды дұрыс қолдана білу, сурет салудың дәстүрлі емес әдісі<br>– алақанмен сурет салу әдісін таныстыру,<br>-құстың пішіні және оны ретімен орналастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту; сурет арқылы ертегі кейіпкерлерінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | а) 40, 30, 20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.<br>ә) Фитболды түрлі бағыттарды алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей итеріп жүргізу, ұсақ моториканы, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге дағдылануға жаттықтыру.<br>б) Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу.<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Теңге ілу***<br>*Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпайәр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді*<br>**Қоршаған әлеммен** | – Сендер жолда келе жатқанда, бағдаршамның көзіне қарайсыңдар ма?<br>– Қай түс жанғанда жолдан өтесіңдер?<br>Ойын жағдаяты<br>– Балалар, жол тәртібін реттеуші бағдаршам сендерге хат жазып кетіпті. Бәріміз бірге ашып көрейік.<br>Қараңдаршы, хат біреу ғана емес, бірнешеу екен.<br>Ашып оқуға дайынбыз ба?<br>**Дидактикалық ойын: «Қандай белгі екенін тап»**<br>Шарты: жол белгілерін ажырата білуге үйрету.<br>Күнделікті өмірден алған білімін өз бетінше қолдануға тәрбиелеу. Педагог балаларға белгілерді көрсетеді, балалар қандай белгі екенін айтады.<br>Мысалы: тоқта, дайындал, жүруге болады, жаяу жүргіншілерге арналған жолақ. Екінші хатта тапсырма бар екен.<br>– Менің үш көзім қандай дыбыстардан басталып тұр?<br>– Ол дауысты дыбыстар ма, әлде дауыссыз дыбыстар ма?<br>– Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейді? – Бағдаршамның үш түсін қолданып сөйлемдер құра.<br>Мысалы: Айгүл қызыл көйлегін киді. Енді үшінші хатты ашып көрейік.<br>– Бағдаршам туралы әңгімені жалғастыр. Аулада ойнап жүрген кішкентай балалар көшенің келесі бетіне ойнауға барғысы келді. Бірақ жолдан өту олар үшін қиын еді. Жолда көліктер тынымсыз жүріп жатты. Жол жиегінде күтіп | деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Үлкен қоңырауды көтерейік<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айжыратып, топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу, би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білу, музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін шыңдау; музыканы есту қабілетін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Таңғажайып табиғат<br>**Міндеттері:**<br>Табиғатсұлулығытуралы Табиғаттыаялай білугетәрбиелеу.<br>**Бүгін біз «Таңғажайып табиғат» атты интеллектуалды ойын ойнаймыз.**<br>Сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беріп жарысамыз. Оң қанаттағылар «Алғырлар» тобы, сол қанаттағылар «Тапқырлар» тобы болады. Әр топтың дұрыс жауабы бір жұлдызбен бағаланады. **Ойын бес бөлімнен тұрады**. 1. Сәлемдесу. 2. Мен бастаймын, сен аяқта. 3. Ойланып, аяқта.<br>4. Ойлан, тап!<br>5. Кім байқағыш?<br>Екі топ сәлемдесеміз. **Бірінші: «Сәлемдесу»** – екі топ бір-бірімен сәлемдеседі. **Екінші: «Мен бастаймын, сен аяқта»** – балалар суреттерді қимылмен көрсетеді.<br>**Үшінші: «Ойланып, аяқта»** | өсер.<br>– Балалар, әңгіме тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға әңгіме мазмұнына байланысты сурет ілінеді. Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа шыршаның, екінші топқа қайыңның сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынады.<br>**Педагог Мәдіхат Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.**<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалармен бірге диалогпен талқылайды. Сөздік жұмысы: шыбық тимес шыңқ етер – ашуланшақ, сөз көтермеу<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Берілген дыбысқа сөзді ата»**<br>Шарты: ойынды педагог бастап, бір сөзді айтады. Сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, жалғастырушы бала сол дыбыстан басталатын жаңа сөз айтуы тиіс.<br>Ойын осылай жалғасын табады.<br>Педагог: Шырша... арша...<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Қайың жапырақтарының бірін көктем мезгіліне, екіншісін күз мезгіліне сәйкес боя. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтай отырып, ұқыптылыққа, табиғатты сүюге шақырады.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Өзбетімізбен жаттығамыз<br>а) Қозғалыс әрекеттерінің тиімділігін арттыруға жағдай | ерекшеліктерін жеткізе білуге тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу бойынша балаларды "Қарлығаштың құйрығы неге айыр?" ертегі желісін еске түсіре отырып, мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіру арқылы оларды бір-біріне жапсыру және біріктірілген жерін саусақпен тегістеу арқылы қарлығашты мүсіндеуге үйрету.<br>Жапсыру іс-әрекеті бойынша сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу<br>Құрастыру іс-әрекеті бойынша табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білу, кезең-кезеңімен орынды пайдалана білу дағдыларын бекіту; әр түрлі табиғи және қосымша материалдардан құрастыру дағдыларын жетілдіру;танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін бөлшектерді біріктіру дағдыларын бекіту;<br>**Көркем әдебиет**<br>Тышқан, ит және мысық<br>**Міндеттері:**<br>Кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу. Өз ойын жеткізіп айта білуге баулу. Жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Бүгін «Тышқан, ит және мысық» ертегісімен** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру**<br>Жәндіктер әлемі<br>а) Жәндіктер туралы жаңа білім алу қажеттілігін дамыту<br>Жәндіктер туралы алған білімдерін бақылауға, салыстыруға, талдауға, жүйелеуге қолдануды үйрету.<br>ә) Жәндіктерді бақылаған сәтеріндегі зерттеу нәтижелерін көруге талпындыру.<br>б) Жанды табиғатқа, жәндіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | тұрған балалар мезі болып кетті. Марат айтты: Ол жаққа бармай-ақ осында ойнасақ қайтеді, мұнда да қызық қой. Самат айтты: Жоқ, барамыз, мұнда жалығып кеттім. Сол кезде қастарына ұзын бойлы біреу келді. Марат пен Самат таңырқап қарап қалды да:<br>– Сіз кімсіз? – деп сұрады. – Мен – бағдаршаммын ...<br>Әңгімені ары қарай жалғастыр.<br>Сөздік жұмысы: мезі, жиегінде, тынымсыз.<br>Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Қызыл, жасыл, сары»**<br>Музыка әуенімен балалар қызыл түс көрсетілгенде тоқтайды, сары түс көрсетілгенде екі жаққа қисаяды, жасыл түс көрсетілгенде алға қозғалады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Әр суреттегі бағдаршамның қажетті түсін боя.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тақырыбы:** Арқанмен ойнау шыныктырады<br>**Міндеттері:**<br>а) Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) түрткіжайттарын, ұсақ моториканы қалыптастыру.<br>Белгілі бір деңгейге көтерілген арқандардың астынан өту мен арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижелерге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге, арқанмен орындалатын әрекет түрлерін | ойынында сәйкес сурет пен сөзді сызып қосады. **Төртінші: «Ойлан, тап!»** – жұмбақты шешеді. Бесінші: «Кім байқағыш?» – екі суреттің айырмашылығын табады.<br>Сөздік жұмысы: алғыр – зерек, зерделі тапқыр – тез тауып айту<br>1. Екі топтың сәлемдесуі. «Алғырлар» тобы: Табиғат – біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. «Тапқырлар» тобы: *Табиғатты қорғайтын, Біз әдепті баламыз.*<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>2. Мен бастаймын, сен аяқта Әр топқа жануарлардың суреті беріледі. Балалар жануарды қимылмен көрсетеді.<br>3. Ойланып, аяқта<br>Ат шабады, мысық ... . (мияулайды)<br>Қарға ұшады, балық ... . (жүзеді)<br>Қой маңырайды, қасқыр ... . (ұлиды)<br>4. Ойлан, тап!<br>Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды таң атпай. (Әтеш)<br>Тікен-тікен тік пісте, Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Жазда қыдырады, Қыста тынығады. (Аю)<br>Үйіңді қорғайды, Үйге бірақ қонбайды. (Ит)<br>**5. Кім байқағыш?**<br>Екі суреттің арасында қанша айырмашылық бар? Сонша дөңгелек сал.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>– Ал енді жұлдыздарымызды санайық.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Көркем әдебиет** | жасау.<br>Доптысебеткедұрыслақтыруға ,бастапқықалыпқатұруға,аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру.<br>ә) Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту. Қол мен аяқ қимылдарын үйлестіруді жалғастыру, көлбеу тақтаймен жүріп жаттығу, статикалық қалыпты, дене түзулігін ұстап тұру қабілетін жетілдіру.<br>Қозғалужәнеестіпестесақтаудықалыптастырудыжалғастыру. Сенсомоторлық үйлесімділікті дамыту.<br>б)Өзін-өзібасқару,ұстамдылық,төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Қорғаныш рең<br>а) Балалардың реңдер туралы білімдерін кеңейту.<br>Сақтандырғыш рең жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>ә) Балалардың ой-өрістерін, білімдерін кеңейту; қызығушылын, белсенділігін арттыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>б) Табиғатты сүюге, жануарлардыі қорғауға, өзара сыйластыққа, табиғат құбылмалығын сезініп, өз бойларында қалыптастыруға тәрбиелеу.<br>***Ұлттық ойын Жүйріктер жеңеді***<br>*«Жүйріктер жеңеді» — ұлттық ойын. Ойынға қатысушылар көк және сары* | **танысамыз**.<br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: күйбеңдейді – тыным таппайды қол ұшын бер – көмектес<br>Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы?<br>– Тышқан ит пен мысыққа не деді?<br>– Тышқанға не көмектесті? Ит пен тышқан мысыққа не деді?<br>– Мысық неге ашуланды? Мысық тышқанға неге өштесті? – Мысық қандай? Ит қандай? Сипаттап бер.<br>**Дидактикалық ойын: «Қайсысы қалай дыбыстайды?»**<br>(ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: ненің қалай дыбыстайтынын ажырату. Қимылын, дыбысын келтіру.<br>Сергіту сәті<br>Педагог ертегіні екінші рет оқиды. Қайталап оқыған кезде бір бала бастап, әрі қарай екінші бала жалғастырып оқитын тәсілді қолданады. Балалардың әңгімелеуін бағалайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттегілерді ата. Олар қалай дыбыстайды?<br>2. Суретті көлеңкесімен сәйкестендір. Сызып қос<br>. 3. Ертегі кейіпкерлерін жейтін тамағына жеткіз. Үзік сызықпен қос.<br>4. Қайсысы қайда тұрады? Сызып қос. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тез ауыстырып, қиындықсыз бір әрекеттен екінші әрекетке кірісіп кете алуға үйрену.<br>ә) Фитболды түрлі бағыттарда алып жүруге, фитболды саусақ басымен ақырын күштемей серпіп жүргізуге, балаларды жұпта ақылдасып әрекет етуге, айналып тұрған арқанмен бүкіл зейінін қойып жаттығуға дағдыландыру.<br>б) Аналитикалық ойлауын, қимыл дағдыларын қолдана білуін, ептілік пен күштілігін, төзімділігін дамыту.<br>Табиғатқа, қоршаған ортаға деген махаббатымен жылдың кез келген кезінде еңбекті сүюге баулу. | | *топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады. Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды.<br>Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді. Ойын балаларды белгілі бір мақсатта ұжымдық әрекет жасауға, шапшаңдық* | Ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау. Сиқырлы қоржыннан шыққан ертегі кейіпкерлерінің қуыршақтары бойынша рөлге бөлініп, сахналайды.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Мұз сүңгісін бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Отқа жанбайды,<br>Суға батпайды. (мұз)<br>**Бақылау.** Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында | **Қар суын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Жатты да жатты,<br>Жылғаға жаратты. (Қардың еруі)<br>**Бақылау.**<br>Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және | **Маусымдық өзгерістерді бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру; көктемнің келуімен торғайлардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету;<br>құстарды бақылауға қызығушылықты ояту, оларды құрметтеу.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым** | **Итті бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемгі жануарлардың тіршілігі туралы идеяларды жүйелеу; жануарлар тіршілігінің өзгеру себептерін табуға, себеп-салдар байланыстарын орнатуға үйрету; дәлелді сөйлеуді дамыту; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | **Тамшыны бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Судың температураға байланысты өзгеруі туралы білімдерін бекіту; зерттеу қызметін үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жерді қазуға қатысу.<br>Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып жұмыс істеу қабілетін бекіту; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүрме).<br>**Тәжірибе:** мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау.<br>Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.<br>**Қимылды ойын. «Қоймадағы тышқандар».(дене тәрбиесі)**<br>Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау.<br>**Еңбек.** Ауладағы еңбек. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар:** Сүйікті ойыншықтармен ойын.<br>Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу. | қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.<br>**Қимылды ойын. "Горелки" (орыс халқының ойыны). (дене тәрбиесі)**<br>Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру.<br><br>**Өз бетімен ойындар.** Қар бетіне сурет салу. **(шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау. | **еңбек тапсырмалары:** гүлзарды былтырғы шөптен тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; оңай, кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бір орында жоғары секіру. **(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру қабілетін дамыту, күшін жылдамдықпен үйлестіру. | **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** жерді қазуға қатысу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту; еңбекқорлықты қалыптастыру, жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс.<br>**Қимыл - қозғалыс ойындары: "Кілттер". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру (бір аяғымен), шектеулі жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: секіру техникасын жетілдіру. (ұзын арқанмен жаттығулар) | еңбекқорлықты қалыптастыру, жұмысты соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кілттер".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру (бір аяғымен), тар жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту.**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру (ұзын арқанмен жаттығулар). |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>*Көркем сөз*<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар, | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі )** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудырту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Қазақ халқының тұрмыстық заттары»<br>**(қазақ тілі, музыка)**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен музыкалық аспаптары бойынша суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>"Көктем мерекесі"<br>Өз қалауларымен қалаған іс-әрекет орталықтарына барып жұмыс істеге шақырыру.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*қағаз бетіне басып шығарылған көктем мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша*құстар, ағаштар, гүлдер (қалаулары | **«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет** | **Шығармашылық іс-әрекет**<br>«Анама арналған сыйлық» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу бойынша* трафаретпен бастырып бояу әдісн пайдалана отырып аналарына арналған сюжетті суреттер бейнелеу<br>*Мүсіндеу бойынша* ермексаздан аналар мерекесіне гүлдер бейнесін мүсіндеу. Гүлдің таяқшаларын арнайы түтішеден жасау.<br>*Жапсыру бойынша* қиылған түрлі суреттерден қалаулары бойынша аналарына кітапша құрастырып , оларды желімдеу.<br>*Құрастыру бойынша* балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | **Вариативті компонент. Жас зерттеуші**<br><br>"Құстар ұшып келгенде"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>"Құстардың жылы жақтан қайтып келуі"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың көктем мезгілінде қоныс аударатын құстар туралы түсініктерді нақтылау және кеңейту.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында көктем мезгіл тақырыбында іс-әрекет жасауға балаларды шығармашылық орталыққы шақырып ,өз қалауларымен қалаған іс-әрекет орталықтарына барып жұмыс істеуге шақырыру.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*қағаз бетіне басып шығарылған көктем мезгілінің, құстардың (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар | ***«Диалог»***<br>*Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды жұптарға бөледі және оларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады. Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде «үй жануарлары» қалай сезінетінін айтады.*<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>***Экологиялық қабырға газетін ұйымдастыру "Жер шарымызды бірге сақтайық!"***<br>*Қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауға және оны қорғауға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Балаларды экологиялық тәртіп ережелерімен таныстыру.Табиғатқа деген мейірімділікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен және* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша) мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау) дағдыларын дамыту.<br>*Жапсыру, құрастыру іс – әрекеті бойынша*түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) сюжеттік суреттер құрастырып ,желімдеп жапсыру<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Сақина" аз қимылды ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина.<br>Шарты.<br>Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды.<br>Алақанына жасырынып салынған сақинасы бар баланы жүргізуші шақырғанда орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кету керек.<br>Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.<br>**(дене тәрбиесі)** | «Ою-өрнектер» тақырыбында балалар қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды.<br>Балалар алдын ала дайындалғанорталықтарда іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салуға үйрету.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ермексаздан торсықты мүсіндеуге үйрету және ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* тостаған бейнесін қиып, оны оюөрнектермен безендіруге үйрету. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер:Балалардың киім тігу шеберханасы туралы түсініктерін бекіту, киім тігуге қатысатын мамандықтар жайлы білімдерін тиянақтау, қаржылық сауаттылықтың бастапқы ұғымдарын қалыптастыру.Киім | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".**<br>Балалардың дәріхана қызметкерлері — фармацевт, провизор мамандықтары туралы ұғымдарын тиянақтау, қаржылық сауаттылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: *Білімдік:* • Дәріхананың қызметін түсіндіру; • Фармацевт пен провизордың атқаратын рөлін ажырата білу; • «Дәрі», «рецепт», «қызмет», «баға», «ақша» ұғымдарымен таныстыру. *Дамытушылық:* • Диалог арқылы қарым-қатынас мәдениетін дамыту; • Ақшаны санау, салыстыру дағдыларын қалыптастыру; • Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. *Тәрбиелік:* • Жауапкершілікке тәрбиелеу; • Сыпайы сөйлесуге, кезек сақтауға үйрету; • Қоғамдық орында өзін дұрыс ұстауға баулу. ——— *Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Дәрі сатып алу; • Ақшаға қызмет алу; • Қайтарым (қалдық) алу; • Ақшаны үнемдеп жұмсау. ——— *Ойынға қажетті құралдар:* • Дәрі қорапшаларының муляждары • Ақ халат, бас киім • Ойыншық кассалық аппарат • Ойыншық ақша • Рецепт бланкілері • Баға жазылған карточкалар: • Дәрі – 5 тг • Витамин – 8 тг • Май – 10 тг ——— *Рөлдер:* • Фармацевт • Провизор • Кассир • Сатып алушы (клиент) ——— Ойын барысы: *1. Дайындық кезеңі: Тәрбиешімен әңгіме:* – Дәріхана деген не? – Онда кімдер жұмыс | өздері таңдап, бояп шығады.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* алдымен құстардың дене бөліктерін мүсіндеп, мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіру арқылы оларды бір-біріне жапсыру және біріктірілген жерін саусақпен тегістеу арқылы құстарды мүсіндеуге үйрету<br>*Жапсыру, құрастыру іс – әрекеті бойынша*түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) сюжеттік суреттер құрастырып ,желімдеп жапсыру<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың мезгілге тән құбылыстар туралы білімдерін тиянақтайды; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана айтпай, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*қа үйретеді.* | *табиғатпен таныстыру кезінде балалармен жұмыс жасаудағы ең маңызды мақсат - балаларды туған табиғатының сұлулығын көруге және түсінуге, барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.*<br>*Экологиялық тәрбиес - біздің заманымыздың* қажеттілігі: балаларға адамның табиғатпен байланысын, оған тәуелділігін көрсету, табиғи процестердің мәнін, табиғат заңдылықтарын, үйлесімділік пен сұлулықты ашу қажет.<br>Табиғаттың құндылығын жеткізу үшін ұжымдық жұмыс жасау.<br>"Жершарымызды бірге сақтайық!".<br>Бұрын мен ватман қағазының парағына бір жағынан тірі және әдемі, екінші жағынан қираған және сұр түсті табиғаттың символы ретінде ағаш салдым. Сондай-ақ дұрыс және бұрыс экологиялық мінез-құлықты сипаттайтын шағын суреттер және бұл қабырға газетінің негізіне айналды.<br>Содан кейін сабақта балалар мен мен табиғат (планета) үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін, адамдардың қандай әрекеттері табиғатты құртып, қайсысы сақтайтынын еске түсірдік. Осыдан кейін балалар суреттерді жапсырып, үлестірді.<br>**Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тігу шеберханасындағы мамандарды ажырата білу: дизайнер, пішуші, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші;«Тапсырыс», «материал», «қызмет», «ақша», «баға» ұғымдарымен таныстыру.Эстетикалық талғамын, ойлау қабілетін дамыту; • Сөйлеу мәдениетін, диалог құру дағдыларын жетілдіру; • Қарапайым есептеу (ақшаны санау) дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиелік: • Төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; • Адам еңбегін қадірлеуге баулу; • Жауапкершілікке, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. ——— Қаржылық сауаттылық элементтері: • Тапсырыс қабылдау және орындау; • Материалды (мата, жіп) сатып алу; • Қызмет пен еңбекке ақы төлеу;<br>• Ақшаны үнемдеп жұмсау; • Дайын өнімді сату.<br>*Ойынға қажетті құралдар:*<br>• Мата қиындылары, жіптер, түймелер • Ойыншық тігін машинасы • Қайшы (қауіпсіз) • Үтік (ойыншық) • Дайын киім үлгілері (қуыршаққа) • Ойыншық ақша<br>*Баға жазылған карточкалар:*<br>• Мата – 5 тг • Киім тігу – 10 тг • Тоқу – 8 тг • Үтіктеу – 7 тг ———<br>*Рөлдер:* • Тапсырыс беруші (клиент) • Дизайнер • Киім пішуші • Тігінші • Тоқымашы • Үтіктеуші • Кассир ——— Ойын барысы:<br>*1. Дайындық кезеңі:* Тәрбиеші балалармен әңгіме жүргізеді: – Киім қайда тігіледі? – Оны кімдер тігеді? – Киім тігу үшін не қажет? – Қызметті қалай аламыз? (ақша төлеу)<br>*2. Негізгі кезең:* • Клиент киімге тапсырыс береді. • Дизайнер киім | істейді? – Дәріні қалай аламыз? – Ақшаны не үшін төлейміз? 2. *Негізгі кезең:* • Клиент дәріханаға келеді, сәлемдеседі. • Провизор кеңес береді. • Фармацевт дәріні береді. • Кассир ақшаны санап қабылдайды. *3. Қорытынды кезең:* Тәрбиеші сұрақ қояды: – Қандай дәрі алдың? – Ол қанша тұрды? – Ақшаны қалай үнемдеуге болады? – Дәріханада қалай сыпайы сөйлесу керек?<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық)** | | Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Көтермек***<br>*Ортағаекіойыншыбалашығады.Бір-бірінеарқаларынберіптұрады. Белгібойыншакімбірін-бірі арқадакөтеріп алса,солбалажеңіскежетеді. Жеңіскежеткенбалаойындағалабередідебасқабалаларменбірге күшсынасады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үлгісін ұсынады. • Пішуші матаны пішеді. • Тігінші киімді тігеді. • Тоқымашы әшекей қосады. • Үтіктеуші киімді үтіктейді. • Кассир қызмет ақысын алады. 3. Қорытынды кезең: Тәрбиеші сұрақтар қояды: – Қандай қызмет алдың? – Ол қанша тұрды? – Ақша жеткілікті болды ма? – Ақшаны қалай үнемдеуге болады? **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Көктем" тақпағын жаттау.**<br>Көктем қырға төрледі,<br>Төрт түлік мал төлдеді.<br>Бәйшешектер құлпырып,<br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br>Жылы мезгіл жетіпті,<br>Тастадық біз етікті.<br>Қар көктемге жеткізбей,<br>Тауға шығып кетіпті!<br>К.Ыбырайұлы<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.<br>Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.<br>**(тіл дамыту,қазақ тілі)** | **Санамақтар айтқызу.**<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Анамның портреті"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту. | Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп).<br>**(қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балаға ертегі оқудың маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу. | "Ең әдемі гүлдер" жобасын ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Әкем, анам және мен – біз тату отбасымыз» жоба. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **02.03-06.03.2026 ж.**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>*ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Патриотизм - ата-анаңды құрметтей білуің...»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | *«Алғыс айту парызым» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)*<br>Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады" тақырыбында кеңестер беру.<br>Балалардың суреттерінен көрме.<br>«Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»<br>«8-наурыз Аналар мерекесі».<br>*Психолог кеңесі.*<br>*Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»*<br>*«Бала өмірінде дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Орындықтарды жуу".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-* | ***"Бөлме өсімдіктерін суғару".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетеін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және* | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі* | ***"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау* | ***"Ойыншықтардағы тәртіп".***<br>*Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынтамен көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | *өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.*<br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | *туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.*<br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | *қабілетін жетілдіру.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | *ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Армысың, науырыз!"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың Наурыз мейрамының ерекшеліктері мен ұлттық тағамдар жайлы түсініктерін кеңейту; геометриялық пішіндерді ажыратып, дұрыс атауды меңгерту; заттар жиынымен цифрларды сәйкестендіруге машықтандыру.<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Не, қалай естіледі?"**<br>**(табиғат құбылыстары).**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.Құрманғазы «Балбырауын» күйі*<br>**Дене тәрбиесінен ойын-жаттығу**<br>"Затпен жаттығу жасау икемі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсуге үйрету.<br>***Ұлттық ойын***<br>***«Ат жарыс»***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға* аттың кескін бетпердесі. | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Су тасқыны кезінде қауіпсіздік***<br>*Мақсаты: Балаларға көктемде су көбейетінін, су жиналған жерлерге жақындамау керектігін үйрету. Міндеттері: – Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; – Суды бақылау дағдысын дамыту; – Қоршаған ортаға сақ болуға тәрбиелеу. Көрнекілік: Су шалшығының суреті, ағын судың суреті. Сабақ барысы: Тәрбиеші көктемде қар көп еріп, көшеде су көбейетінін айтады. Балаларға: «Терең шалшыққа түсуге бола ма?» – деп сұрайды. Жағымсыз жағдайлардан мысал келтіреді (аяғы су болып қалу, құлау). Ереже: Терең шалшыққа барма. Ағын суға жақындама. Үлкенге айтып бірге жүру. Сұрақтар: – Көктемде су неге көбейеді? – Терең шалшыққа түссең не болады? Бекіту ойыны: “Қайсысы қауіпті?” — суреттерден қауіпті суды таңдату.*<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***Асық қаршу (бестас).***<br>*Екі одан да көп бала* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.Құрманғазы «Балбырауын» күйі*<br>**Қазақ тілінен ойын-жаттығу**<br>"[Ң] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: [И] дыбысы мен әрпімен таныстыру, артикуляциялық жаттығуларды жасауға үйрету, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге баулу.<br>***Ұлттық ойын***<br>***«Ат жарыс»***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға* | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"«Әз Наурызым, армысың!» (өлеңді жаттау)"<br>Мақсат-міндеттер: өлеңді оқып-үйретіп, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Мерекелік көңіл-күйлерін көтеру, Наурыз туралы өз ойларын, көргендерін баяндауға үйрету.<br>***Ұлттық ойын «Шыр» ойыны***<br>*(асықпен ойналады)*<br>*"Шыр" ойыны асықтарды шерту арқылы ойналады. Балалар шертіп отыру арқылы, өздеріне асықтар жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңіске жетеді.*<br>**https://www.instagram.com/reel/DBJUrWKNHYi/?igsh=MWJnZWwxZDJ5YXViMg==** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде жалғаса береді.* | аттың кескін бетпердесі. | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *«Суды үнемді пайдалану» дағдыларын қалыптастыру*<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол".<br>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Дос болайық бәріміз»**<br>*Ойынның мақсаты:* ұжымда бірлікті қалыптастыру.<br>Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:<br>- орындыққа көтерілу және түсу;<br>- үстелдің астынан өту;<br>- «көлді» айналып өту»;<br>- «ну орман» арқылы өту»;<br>- «жабайы жануарлардан» жасырыну.<br>Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.<br>**(адалдық әліппесі, қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>**(адалдық әліппесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | **«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп<br>жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен<br>бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды;<br>ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.<br>**(адалдық әліппесі,** | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Дала гүлге оранады,<br>Түрлі түске боянады,<br>Нұрлы көктем келген кезде<br>Табиғат та оянады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлемді аяқта**<br>1. Дамыту ойындарын ойната отырып игерген білімдерін бекіту.<br>2. Сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорларына мән беру.<br>Ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Р дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: Р дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Р р әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Р дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Жан-жағыңа жылулық сыйла!<br>Мақсат-міндеттер: а) Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлемдегі сөздердің реті**<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлемдегі сөздердің ретін дұрыс қойып, сөйлем құрауға үйрету.<br>2. Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар<br>Мақсат-міндеттер:геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Мұздағы ойын<br>Мақсат-міндеттер: а) Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.<br>Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру. | **Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар және денелер<br>Мақсат-міндеттер: денелерді тануға және атауға үйрету – текше, шар, цилиндр. Денелердің айрықша қасиеттері туралы ұғымдарын бекіту; қоршаған ортадағы осы формалардың объектілерін таба білу; фигуралардың тақырыптық композицияларын өзниеті бойынша құрастыру; санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Бәйшешек" өлеңін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "Бәйшешек" өлеңін мұқият тыңдауға, өлең жолдарын қайталап есте сақтауға үйрету; қардың еруі туралы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>Көктем әні керемет<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың көктем туралы әннің сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білу | **Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар және денелер<br>Мақсат-міндеттер: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету. Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы, сандық және реттік санау білімін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Наурыз –**<br>**көктем мерекесі**<br>Ұлттық салт-дәстүрмен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>Алдын ала педагог дайындаған «бота көз», «қошқармүйіз», «құсқанаты», «қызғалдақ» оюлары сұраққа жауап берген әр балаға беріледі.<br>Іс-әрекет соңында кімде қанша ою бар екені анықталып, сол арқылы ең зерек бала марапатталатынын айтады.<br>Топ бұрышына керме сахна құрылады. Педагог балаларға өнер туралы түсінік береді Қазақ халқында өнер көп. Соның бірі – айтыс өнері. Айтыстың жұмбақ айтыс деген түрі бар. Бүгін Кәмшат атты | **Сауат ашу негіздері**<br>**Буындарды қосып, сөз құра**<br>**Міндеттері:** 1. Берілген суреттің бірінші буындарды қосып ауызша сөз құрау дағдыларын меңгерту.<br>2.Сөздегі дыбыстың орнын анықтауды дамыту.Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.<br><br>**Музыка**<br>"Ауылымды сағындым"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қазақи әуенмен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Қарлығаштың құйрығы неге айыр?"<br>- балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту;<br>Сурет салу бойынша гуашьпен сурет сала білу, қылқаламды дұрыс қолдана білу, сурет салудың дәстүрлі емес әдісі<br>– алақанмен сурет салу әдісін таныстыру,<br>-құстың пішіні және оны ретімен орналастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту; сурет арқылы ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін жеткізе білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету.<br>ә) Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып, қиғаштап қозғалып өрмелеп, алма- кезек адымдап түсуді жалғастыру.<br>б) Ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту. Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Менің елімнің салт- дәстүрі<br>Мақсат-міндеттер: а) Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу.<br>ә) Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.<br>б) Туған халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды ***(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)***<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған әртүрлі (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар үлгіге қарап і | ә) Көзмөлшерін, заттарды имек ағашпен алып жүргенде зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруын, шайбаны соғу дағдыларын дамыту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Балаларды алған білім біліктерін алдыңғы өмірде қолдану мен салауатты өмір салтына баулу.<br>б)Кеңістікті,ресурстардыбөлісіп пайдаланудаөзініңде,өзгенің декөзқарасы мен қажеттіліктерін түсіне білу, құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Менің анам<br>**Міндеттері:**<br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.<br>Анасын аялай білуге тәрбиелеу.<br>Педагог өлең жолдарын мәнерлеп оқып береді.<br>Құшағына кіргенде,<br>Жылынамын бір демде.<br>Не жетеді көзіне,<br>Мейірімді Күннен де.<br>Үн қатасың бал тілмен,<br>Еркелеймін әр күн мен.<br>(Н. Айтов)<br>Сөздік жұмысы: үн қатасың – сөйлейсің<br>– Өлең кім туралы? (Ана туралы)<br>– Ана! Бұл сөз жер бетіндегі барлық халықта бар. Ол – ең жақсы сөз. Барлығымыздың да анамыз бар. Ендеше, өз аналарыңды суреттеп, «Менің анам» тақырыбына әңгіме құраңдар.<br>Педагог көмек ретінде қосымша | қабілеттерін жетілдіру; эстетикалық талғамын дамыту.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Көктемнің сәні<br>**Міндеттері:**<br>Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>***Ғажайып жағдаят***<br>– Балалар, қараңдаршы, бүгін біздің сиқырлы қоржынымыз үлкейіп кетіпті.<br>– Оның ішінде не бар екен?<br>Қоржыннан ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтарын алып, көрсетеді. Оларды атап, қимылын, дауысын, жүрісін салуды ұсынады.<br>– Осы аңдардың ішіндегі ең батылы, үлкені қай аң? *(Арыстан)*<br>– Арыстан бір күні барлық аңдарды жинапты. Не үшін жинағанын біз «Көктемнің сәні» ертегісінен білеміз.<br>Ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*нөсер* – қатты жауатын жаңбыр<br>*жасыл желек* – жасыл өсімдіктер Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>-Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы? | қыз жұмбақ айтысуға келіп отыр.<br>Қуыршақ Кәмшат келеді. Үнтаспадан Кәмшаттың даусы қосылады.<br>– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің атым – Кәмшат. Менің бүгін ұлттық киім киіп келгенім тегін емес. Себебі жақында Наурыз мерекесі болады. Мен жұмбақ жасырамын, жауабын білсеңдер, айтыңдар. Дұрыс жауабы табылған жағдайда, мен келесі жұмбаққа көшемін.<br>Ішіне адам батпайды,<br>Затыңды аман сақтайды.<br>*(Сандық)*<br>Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды,<br>Қонақтарды көңілдене сыйлайды. *(Дастарқан)*<br>Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді.<br>*(Киіз үй)*<br>– Жарайсыңдар!<br>Жұмбақты жақсы шешеді екенсіңдер. Енді мен Наурыз мерекесі туралы айтып берейін. (айтып беру)<br>Педагог қуыршақ Кәмшатты отырғызып, тақтаға Наурыз мерекесіне байланысты суреттер іледі.<br>– Наурыз мейрамы қай мезгілде тойланады?<br>– Бұл тойды қалай өткізесіңдер?<br>– Үйде наурызкөжені кім пісіреді? Оған не қосылады?<br>Педагог балаларға шығармашылық әңгіме құрауды ұсынады.<br>– **Сергіту сәті**<br>Сергіту жаттығуларын | тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу бойынша мүсінделінген пішін бөліктерін біріктіру арқылы оларды бір-біріне жапсыру және біріктірілген жерін саусақпен тегістеу арқылы қарлығашты мүсіндеуге үйрету<br>Жапсыру бойынша сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу<br>Құрастыру табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білу, кезең-кезеңімен орынды пайдалана білу дағдыларын бекіту; әр түрлі табиғи және қосымша материалдардан құрастыру дағдыларын жетілдіру;танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін бөлшектерді біріктіру дағдыларын бекіту;<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Құттықтаймын, анашым!**<br>Мақсат-міндеттер: Сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету. Мерекелік көңіл күйді сезіндіру.<br>Анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүсіндейді<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру дағдыларын дамыту.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* фетра материалынан алдын дайындалған қималардан көктем мезгілінің бейнесін құрастыру.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою* | сұрақтар қояды: – Ананың аты кім?<br>– Ананды сипатта. Ол қандай адам?<br>– Ананды не үшін жақсы көресің?<br>– Анаң сенің қандай істеріңе қатты ренжиді?<br>– Ал қандай істеріңе, керісінше, қатты қуанады?<br>– Сен анаңды жиі қуантасың ба?<br>– Үй шаруасында анаңа қандай көмек бересің?<br>– Анаң кім болып істейді?<br>Мақал-мәтелмен таныстыру.<br>Ананың сүті – бал,<br>Баланың тілі – бал.<br>Педагог балаларға мақал-мәтелді көтеріңкі дауыспен, орташа дауыспен, төмен дауыспен қайталатады. Сергіту сәті<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта**<br>Менің анам (қандай?) ...<br>Анамның көзі ...<br>Анамның сырғасы ...<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Әшекейлерді ата.<br>Қайсысы қайда тағылады?<br>• Қай әшекейді анаңа сыйлар едің? Сол әшекейді боя. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | – Арыстан аңдарды не үшін жинады? Қандай аңдар жиналды?<br>– Арыстан қандай сұрақ қойды? Аңдар не деп жауап берді? Елік дұрыс айтты ма? «Көктемнің сәні – гүл, көбелек, құстар, Күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп» сөздерін педагог жоғары, орта, төмен дауыспен қайталатады.<br>**Сергіту сәті**<br>Бүршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады.<br><br>Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды. Сөйлемнің басын оқып,<br>балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. Балалардың әңгімелеуін бағалайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1.Суретте жиналған жануарларды ата. Арыстан жануарларды не үшін жинады? Жануарлар арыстанның сұрағына қалай жауап берді? Көктемнің сәні не? Ойыңды ортаға сал.<br>2.Қай суреттер көктемнің сәні деген сөзге сәйкес келеді? Белгіле.<br>Ертегіні сахналау. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгінгі ертегіде қандай | үнтаспадағы ұлттық әуенмен («Қара жорға», «Айгөлек») жасатуға болады.<br>***Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата»***<br>Шарты: сұраққа жедел жауап қайтару.<br>Педагог топ сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала сол айтылған көп сөздің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып, допты кері педагогке лақтырады.<br>Мысалы:<br>– Өрік, шие, алмұрт – жеміс.<br>– Түлкі, қоян, қасқыр – ... *(жануарлар)*<br>– Сүт, май, ет – ... *(мал өнімі)*<br>– Бет, мұрын, аяқ – ... *(дене мүшелері)*<br>– Қауын, қарбыз, сәбіз – ... *(көгөніс)*<br>– Үйрек, қаз, тауық – ... *(құстар)*<br>Қуыршақ балалармен қоштасады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Наурызкөже жасауға қажетті азық-түлікті қазанға сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балаларға үйден жеті атасын сұрап, жаттап келу тапсырылады.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | Шаттық шеңберін құру.<br>Бала, бала, бала деп, Түнде шошып оянған. Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған.<br>– Бұл өмірде ең қымбат адам кім? *Ана* сөзін естігенде қандай сезім пайда болады? Көктемнің ең алғашқы мейрамы – аналар мерекесі. Кез келген адамның әдептілігі мен сұлулығы ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады<br>Ананың нәзік үні, жұмсақ, аялы алақанының жылуы ұмытылмайды. Ананы барынша құрметтеп, сыйлау – әр баланың парызы.<br>– Бүгін ақын Несіпбек *Айтовтың «Құттықтаймын, анашым*!» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Ақ сүт берген кім?<br>– Ананды мейрамымен қалай құттықтадың? Сен анаңа қандай сөздер айтар едің?<br>Тіл ұстарту жаттығуы: На-на-на – қандай сұлу ана<br>**Сергіту сәті**<br>Жақсы менің анашым, Еркелеткен баласын. Өзін жақсы көремін, Құшақтап сүйе беремін.<br>Педагог «Құттықтаймын, анашым!» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кейіпкерлер кездесті? Елік арыстанға не айтты? Балаларды мадақтау. | Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балаларды шығармашылық орталықтарына шақыру. Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған наурыз мерекесі туралы бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* Балалар қалаулары бойынша гүлдерді үлгіге қарап мүсіндейді *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру дағдыларын дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* фетра материалынан алдын дайындалған қималардан гүл бейнесін бейнесін құрастыру. ***(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)*** **Дене тәрбиесі** «Спорт түрлері» Мақсат-міндеттер:а) Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру. ә) Кең адымдап жүгіру, бір-біріне допты кеудеден қағып алып, кеудеден лақтырып беру, тепе-теңдікт3 сақтау, гимнастикалық ұзын | Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады. Үлестірмелі материалмен жұмыс 1.Суретте қандай мереке бейнеленген? Анаңды қалай құттықтайсың? 2.Анаңа не сыйлауға болады? Белгіле. 3.Гүл шоғының суретін аяқтап сал. Боя. 4.Есіңде сақта. Ана – дүниедегі ең әдемі сөз. Педагог шырақ жағады. –Қане, бәріміз шыраққа алақанымызды тосайық. Не сезіндіңдер? (Жылуды) –Аналар осы шырақ сияқты, жан-жағына жылулық беріп, сәулесін шашады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. –Сендерді аналарың қандай сөздермен еркелетеді? Балаларды мадақтау. Музыка Менің сүйікті ауылым Балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру; қазақи әуенге деген қызығушылығын арттыру; туған елге сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орындықпен бір аяғын бүгіп барып, екінші аяғын орындықтың қасымен айналдырып әкеліп аттап жүру дағдыларын, 3 метр қашықтықтан қалашықты қағып түсіру қабілетін, ептілікті, төзімділікті, ойлауды, майысқақтықты дамыту.<br>б) Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Жайлау.Киізүйдің құрал-жабдығы<br>Мақсат-міндеттер: а) Балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.Қоршаған ортаны танып- білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту.<br>ә) Киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту.<br>б) Киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға<br>баулу. | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемдегі құбылыстарды бақылау**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Жылт-жылт еткен. | **Талды бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Тал туралы білімдерін бекіту, көктемде тал алғашқылардың бірі болып | **Теректі бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Гүлдерге толы ауламыз,<br>Біз өсеміз, толамыз. | **Бұршақтың жауғанын бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Бұршақ ұғымымен таныстыру; көктем | **Бірінші будақ бұлттарды бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Қанаты жоқ ұшады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жырадан өткен. (су)<br>**Бақылау.** Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Қармақ». (дене тәрбиесі)**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады.<br>**Еңбек.** Аула маңын қоқыстан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар: «Қайық станциясы». (дене тәрбиесі)**<br>Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау. | гүлдейтініне назар аудару.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** кіші топтың балаларына алаңды былтырғы қоқыстардан тазартуға көмектесу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Өз бетінше кіші топтың балаларына көмектесуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар мен торғайлар", "Мұқият бол".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Жан-жаққа шашырап жүгіруді, кеңістікті бағдарлауды дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** заттарды нысанаға лақтыру. **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Қолдың күшін және көзбен мөлшерлеуді дамыту. | Бәріміз де ер жетіп,<br>Үлкен жігіт боламыз.<br>**Бақылау.** Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене тәрбиесі)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бүрқақпен жапырақтарға су себелеу.<br>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**<br>**Өз бетімен ойындар.** Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту. **(дене тәрбиесі)** | мезгіліндегі табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін атай отырып, бұршақ туралы түсінік беру; зейінді, есте сақтауды белсендіру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бұталар мен ағаштардың кесілген бұтақтарын тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп тату-тәтті жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге, еңбек нәтижесіне қуана білуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?", "Әрі қарай және одан жоғары".(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Алда кім бар?" (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Орташа қарқынмен бір-бірден бағанда жүгіруді үйрету. | Аяғы жоқ, жетеді,<br>Ауызы жоқ ұлиды. (Жел)<br>**Бақылау.** Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту.<br>**Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен». (дене тәрбиесі)**<br>Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру.<br>**Еңбек.** Өсімдіктердің топырағын қопсыту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Аулада еңбекпен айналысу. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)**<br>Әткеншек тебу.<br>Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қатынас, өзара көмек. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>М. Жаманбалиев "Екі қол". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)<br>Келе қалды балақан.<br>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)<br>Алақанды алақан.<br>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)<br>«Тап-таза» деп қуанды.<br>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)<br>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу)<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың «Киімдер» дүкені және сатушы мамандығы туралы түсініктерін кеңейту, сатушы мен сатып алушы рөлдерін ойнау арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және қарапайым *қаржылық сауаттылық элементтерін меңгерту*.<br>Ойынға қажетті құралдар: • Ойыншық киімдер немесе суреттер • Бағалар жазылған қағаздар (10 тг, 5 тг т.б.) • Ойыншық ақша • Себет, касса • «Сатушы», «Сатып алушы» белгілері<br>Рөлдер: • Сатушы • Сатып алушы • Кассир • Кеңесші<br>Ойын барысы:<br>1. Ұйымдастыру кезеңі<br>Тәрбиеші балалармен дүкен туралы әңгімелеседі:<br>– Дүкенде не сатылады? | «Ою –өрнектер » тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша ic-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу бойынша* қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.<br>Парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>*Мүсіндеу бойынша* қазақтың ұлттық ыдыстарын ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында | «Ұлттық киімдер» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша ic-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Сурет салу бойынша* қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.<br>Парақтың ортасында бейнеленген ұлттық киімдеріне қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>*Мүсіндеу бойынша* қазақтың ұлттық киімдерін ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың | **Вариативті компонент Жас зерттеуші**<br><br>***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»***<br>*Мақсаты: • Балаларды еңбекпен табыс табу ұғымымен таныстыру;*<br>*• Қызмет көрсету мен ақы төлеу арасындағы байланысты үйрету;*<br>***• Ақшаны дұрыс санауды және төлем жасауды үйрену.***<br>*Қажетті құралдар:*<br>*• Шаш қиюға арналған ойыншық құралдар (қайшы, тарақ, фен, орамал);*<br>*• Айна; • «Ақша» орнына қағаздан жасалған тиындар/қағаздар;*<br>*• «Баға кестесі» (шаш қию – 5 теңге, өрім – 3 теңге, шаш жуу – 2 теңге).*<br>***Ойын барысы:*** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;Күйді тыңдай отырып қимылдар жасау.Құрманғазы «Балбырауын» күйі*<br>***Қауіпсіздік сабағы «МЕН АДАСЫП КЕТКЕНЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»***<br>*Мақсаты:балаларды адасыпкеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.*<br>*Міндеттері: Балалардыадасып*<br><br>*кеткенжағдайдакөмектесеті нбеснегізгі кеңеспен таныстыру.*<br>*Адасып кеткен жағдайда* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Сатушы не істейді?<br>– Ақша не үшін керек?<br>2. Рөлдерді бөлу Балалар өз қалаулары бойынша рөл таңдайды.<br>3. Негізгі ойын әрекеті Сатушы: – Сәлеметсіз бе! Сізге қандай киім керек?<br>– Мына көйлек 10 теңге тұрады.<br>Сатып алушы: – Маған қызыл көйлек керек.<br>– Міне, 10 теңге.<br>Қалған ақшамды беріңізші.<br>Кассир: – Сіз 10 теңге бердіңіз, көйлек 5 теңге. – Қайтарым – 5 теңге. Рақмет!<br>*Тәрбиешінің жетекшілігі:* • Балалардың сөйлеу мәдениетін бақылау. • Кезек сақтауды қадағалау. • Дұрыс есептеуге көмектесу. • Жағымды қарым-қатынасты мадақтау.<br>*Күтілетін нәтиже:* • Балалар дүкендегі қарым-қатынас ережелерін сақтайды. • Сатушы мен сатып алушының рөлін еркін ойнайды. • Қарапайым ақша санауды меңгереді. • Әдептілік сөздерін қолданады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>***Бес табан.***<br>***(асық ойыны)***<br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай)* | әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру бойынша* қазақтың ұлттық ыдыстарын қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>*Құрастыру бойынша* шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу, оларды оюлармен безендіру.<br>***(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)***<br>**«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойын**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету.<br>Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер.<br>Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады.<br>Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарыңдағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді.<br>**(музыка)** | бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру бойынша* қазақтың ұлттық киімдерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>*Құрастыру бойынша* шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу, оларды оюлармен безендіру<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың аурухана және медициналық мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, дәрігер мен науқас рөлдерін меңгерту, сыпайылыққа және салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Балаларға ақшаның қызмет көрсету үшін төленетінін түсіндіру, «төлем», «қызмет ақысы», «касса», «түбіртек» ұғымдарын қарапайым деңгейде меңгерту.<br>*Міндеттері:* • Медициналық қызметтің еңбекақы арқылы бағаланатынын түсіндіру. • Қарапайым есептеу дағдыларын дамыту. • Ақшаны дұрыс беру, қайтарымды санау әрекеттерін үйрету. • «Ақшаны үнемдеу» және «денсаулықты сақтау – шығынды азайтады» ұғымдарын қалыптастыру.<br>*Ойынға қосымша құралдар:* • Ойыншық ақша (теңге) • «Касса» бұрышы • Қызмет бағасы жазылған карточкалар (мысалы: тексеру – 10 тг, тіс қарау – 9 тг) • Түбіртек (чек) қағазы Қосымша рөлдер: • Кассир • Тіркеуші<br>*Ойын барысында қаржылық* | *1. Рөлдерге бөлу*<br>*• Бір бала – шаштаразшы; • Бірнеше бала – клиенттер; • Бір бала – кассир (ақша қабылдайды). 2. Клиент келеді Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен шашымды қидырғым келеді.»*<br>*Шаштаразшы: «Қош келдіңіз! Қай үлгіде қылайық?»*<br>*3. Қызмет көрсету*<br>*• Шаштаразшы ойнаған түрде шаш қияды, тарайды немесе өрім жасайды.*<br>*• Клиент айнаға қарап риза болады.*<br>*4. Төлем жасау*<br>*• Кассир: «Шаш қию – 5 теңге. Төлеңіз.»*<br>*• Клиент ойыншық ақшасын береді. • Кассир ақша санап, қайтарымын қайтарады.*<br>*5. Қорытынды*<br>*Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:*<br>*• Шаштаразшы не істейді? • Ол еңбегі үшін не алады? • Ақшаны қайда жұмсайды? Балалар: «Жалақы алады, оны тамаққа, киімге, үйге жұмсайды.»*<br>***(қаржылық сауаттылық)***<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | *қайжерде қалудың маңыздылығын түсіндіру.Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту.*<br>***Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру:***<br>***1-кеңес. Орнында қал.***<br>*Егер адасып кетсең, ең бастысы – орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі.*<br>*Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.*<br>***2-кеңес.*** *«Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара.*<br>***кеңес.*** *Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт.*<br>*3-**кеңес.*** *Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір.*<br>*Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе. Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару. Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.* | | *әрекет үлгісі:* Тіркеуші: – Дәрігер қабылдауы 10 теңге тұрады. Науқас: – Міне, 10 теңге. Кассир: – Сіз 10 теңге бердіңіз. Қызмет ақысы 10 теңге. – Қайтарымыңыз жоқ Міне, түбіртегіңіз. *Күтілетін нәтиже:* • Балалар «қызмет – ақы төлеу» байланысын түсінеді. • Қарапайым ақша санауды орындайды. • Қайтарым ақшаны есептей алады. • Үнемшілдік туралы бастапқы түсінік қалыптасады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы «МЕН АДАСЫП КЕТКЕНЖАҒДАЙДАҒЫ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»*** *Мақсаты:балаларды адасыпкеткен жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету. Міндеттері: Балалардыадасып кеткенжағдайдакөмектесетінбес негізгі кеңеспен таныстыру. Адасып кеткен жағдайда қайжерде қалудың маңыздылығын түсіндіру.Балалардың өздері туралы маңызды ақпаратты (толық аты-жөні, ата-анасының есімдері, телефон нөмірлері) есте сақтауларын дамыту.* ***Адасып кеткен жағдайдағы бес қарапайым кеңеспен таныстыру:*** ***1-кеңес. Орныңда қал.*** *Егер адасып кетсең, ең бастысы* | | ***4-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе*** *Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орныңда қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт. Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсет* **Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".** Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *– орнында қалу. Бұл ересектердің сені тез табуына көмектеседі. Көмекті күтіп, орнында тұрған баланың иллюстрациясын көрсету.*<br>***2кеңес.*** *«Анашым/Әкем» деп қатты дауыстап, айналаға мұқият қара.*<br>***3кеңес.*** *Егер телефон болса, ата-анаңа қоңырау шалып, тұрған жеріңді айт (немесе айналаңдағы нәрселерді сипатта). Телефон жоқ болса, ересек адамнан қоңырау шалуды өтін. Егер анаңның/әкеңнің телефон нөмірін білмесең, біреуден полицияға қоңырау шалуды өтін. Егер формадағы полицейді көрсең, оған барып, адасып кеткеніңді айт.*<br>***4кеңес.*** *Егер көшеде/саябақта адасып кетсең, қауіпсіз жер тауып, сонда кір.*<br>*Мысалы, жақын жердегі дүкен, бутик немесе кафе.*<br>*Кассирге, сатушыға, әкімшіге, күзетшіге, даяшыға немесе тазалаушыға бару.*<br>*Адасып кеткеніңді айтып, көмек сұра.*<br>***5-кеңес. Бейтаныс адамдарға еріп кетпе***<br>*Ешқашан бейтаныс адамдарға еріп кетпе, тіпті олар көмек сұраса да. Орныңда қалып, сенім артуға болатын адамдардың көмегін күт.*<br>*Бейтаныс адаммен кетпей тұрған баланың иллюстрациясын көрсет* | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен | «Қазақ халқының тұрмыстық заттары»<br>**(қазақ тілі)**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық | **Артикуляциялық жаттығу. «Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?»**<br>Күмбір-күмбір - домбыра,<br>Шертеміз біз қуана.<br>Сыңғыр-сыңғыр - дутарда, | **Жұмбақтарды шешу. (ел аузынан)**<br>Кішкене ғана бойы бар<br>Тоғыз қабат тоны бар. (Жуа)<br><br>Аяғы жоқ жүреді, | **Ұлттық ойын. Сиқырлы таяқ**<br>**(қазақ тілі, тіл дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | заттарымен таныстыру. | Шертеміз біз қуана.<br>Тын -тын -тын - балалайка,<br>Қуаныш сыйлар балақайға.<br>Уілдейді сырнай,<br>Келіп тартшы балақай.<br>Құбылады қобыз<br>Біз ойнамай қоймаймыз.<br>Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады. Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)** | Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)<br><br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(Күн)<br><br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас.<br>(Тасбақа)<br><br>Жабықта жарты нан. (Ай)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Балалардың суреттерінен көрме.<br>«Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»<br>«8-наурыз Аналар мерекесі». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Балаңызбен қандай ойындар ойнайсыз?» сауалнама. | Кеңес.<br>"5-6 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы". | «Бүгін біз нені үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **09.03-14-13.03.2026 ж.**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>*ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік - тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ұлттық мәдениет (ұлттық киімдер)Челлендж<br>Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту».<br><u>Проблемалық сұрақ:</u> Баланың патриоттық сезімін қалай дұрыс дамытуға болады?<br>"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес.<br>- балалармен бірге телехабарларды қарау және олардың пайдасы, маңыздылығы, алуан түрлілігі туралы әңгімелесу.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю.*<br>***(еңбек іс-әрекет)*** | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекет)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекет)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекет)*** |
| | | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**«Заттық фриздер» дидактикалық ойыны**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***"Күй тыңдайық, балақай!" Балалармен күй тыңдау «Ана толғауы»***<br><br>***«Мамандық» дидактикалық ойын***<br>***Мақсаты:*** *балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету.* <u>*Балаларға еңбек пен ақша табудың өзара байланысын түсінуге көмектеседі,*</u> ***с****ондай-ақ еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулиды. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту.*<br>***Материал:*** *әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар.*<br>*Барысы: бала мамандықты сол* | **Интеллектуалды карта негізінде заттарды топтастыруға арналған сөздік жаттығу. «Азық-түліктер».**<br>Мақсат-міндеттер. Негізгі азық-түлік түрлерін ажыратып, атауды үйретуді жалғастыру. Негізгі ерекшеліктері бойынша: сүт өнімдері, ұн тағамдары, ет тағамдары.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын «Шыр» ойыны***<br>*(асықпен ойналады)*<br>*"Шыр" ойыны асықтарды шерту арқылы ойналады. Балалар шертіп отыру арқылы, өздеріне асықтар жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңіске жетеді.*<br>**https:// www.instagram.com/reel/ DBJUrWKNHYi/? igsh=MWJnZWwxZDJ5YX ViMg==** | ***"Күй тыңдайық, балақай!" Балалармен күй тыңдау «Ана толғауы»***<br><br>***Ұлттық ойын. Бес тас***<br>*«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.*<br>*Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.*<br>*Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.*<br>*Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.*<br>***(математика негіздері)***<br>**"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Күшік".<br>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі аңдар, құстар, гүлдердің пішіндерін қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Артық затты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан ажырату іскерліктерін жетілдіру, танымдық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Педагог балаларға заттардың суретін таратады. Артық заттарды алып тастайды. Алып тастаған заттың атауын атайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br>***"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.***<br>*Мақсаты****:*** *балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру****.***<br>*Ойынның шарты:*<br>*Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата-аналары туралы айтады**(қаржылық сауаттылық)*** | | | *Керекті құралдар: асықтар* ***(дене тәрбиесі)*** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тусипжанова-Шагирова А.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **«Адал достар»**<br>*Ойынның мақсаты:* ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.<br>**(адалдық әліппесі,қарым-қатынас іс-әрекет)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | ***Ұлттық ойын.***<br>***Киіз үй***<br>*Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.* | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(адалдық әліппесі, **қарым-қатынас іс-әрекет, қазақ тілі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Буындарға буын қосу**<br>**Міндеттері:** 1.Сурет атауларының бірінші буындарын қосып сөз құрай білулерін дамыту.<br>2. Дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br>Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға | **Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>Мақсат-міндеттер:пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы түсінік беру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа | **Математика негіздері**<br>Тәулік бөліктері. Циферблат<br>Мақсат-міндеттер: циферблат, сағат тілдерімен таныстыру. Циферблат арқылы уақытты анықтауға үйрету. Әртүрлі оқиғалардың реттілігі, тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау**<br>**Міндеттері:** 1. Суретке байланысты белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру<br><br>**Математика негіздері**<br>Геометриялық пішіндегі заттар<br>Мақсат-міндеттер: пішіндердің атауларын тануға және атауға, қоршаған ортадан фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Санды цифрмен сәйкестендіру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау дағдыларын бекіту. Зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Жаттығу – жеңіс кепілі!<br>Айналмалы жаттығулар<br>Мақсат-міндеттер: а) Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу.<br>ә) Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу және бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру. Секіртпемен секіру, қолдың басын айналдырып қозғалту мен аяқты тігінен | тәрбиелеу<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Ң дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер: "Ң" дыбысы мен әрпін таныстыру, оның сөздің басына келмейтінін түсіндіру. "Ң" дыбысының дауыссыз дыбыс екенін білу, "Ң" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, Ң дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге үйрету, қоршаған ортаны қорғау, балаларға суды үнемдеп ұстауға тәрбиелеу. Тәжірибе жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Музыка**<br>"Менің сүйікті ауылым"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу, музыка жетекшісімен ілесе ән айту, музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындау және музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру; қазақи әуенге деген қызығушылығын арттыру; туған елге сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау дағдыларын жетілдіру. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>«Жайлауда»<br>Мақсат-міндеттер:**Ж, ш** дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру. Сөйлеу тілін дамыту.<br>Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу<br>***Суретпен жұмыс***<br>Үй жануарларының суреті ілінеді. Сурет арқылы әңгімемен бастайды.<br>– Қандай үй жануарларын білесіңдер?<br>– Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?<br>– Үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар?<br>– Осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?<br>– Төлдер алғашында немен қоректенеді? *(Енесінің сүтімен)*<br>– Балалар, төлдерді қалай шақыратынын білесіңдер ме?<br>– Қой мен қошақанын «Пұшайт-пұшайт!» – деп шақырады. Ешкі, лақты «Шөре-шөре!» – деп шақырады.<br>Жылқы, құлынды «Құрау-құрау!» – деп шақырады.<br>Сиыр, бұзауды «Аухау-аухау!» – деп шақырады. | Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Көңілді ән салайық<br>Мақсат-міндеттер:Балалардың музыканың сипатын түсіне білу, дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдыларын жетілдіру; оркестрлық ұжымда қарапайым әуенді сүйемелдеуге асппа арқылы дағдыландыру; Наурыз мерекесін, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру**<br>Анама сыйлық<br>Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды<br>Сурет салу:<br>- балалардың 8 наурыз мерекесі туралы білімдері мен түсініктерін нығайту;<br>- анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету<br>- түстерді өз қалауы бойынша таңдай білуге тәрбиелеу.<br>Мүсіндеу: таныс заттарды орамал мүсіндеуге үйрету; кескіштерді қолдану іскерліктерін жетілдіру. Сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу тілін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. Ананы сыйлап, құрметтеуге, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.<br>Жапсыру:<br>- анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету<br>- түстерді өз қалауы бойынша таңдай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қозғалтуға, жіңішке ұзын орындықпен жүруге жаттығу.<br>б) Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, күштілікке, тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Қасқыр мен түлкі<br>Мақсат-міндеттер:Ертегінің мазмұнын әңгімелеуге жетелеу. Сөздік қорын дамыту. Батылдылыққа тәрбиелеу<br>Педагог балалардың назарын жыл мезгілдері суретіне аударады.<br>– Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері қандай?<br>– Сендерге барлық жыл мезгілі ұнай ма?<br>-- Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? Ата.<br>– Қай мезгілдің атауында **з, с** дыбыстары бар?<br>– Қолымызға айна алып, **з-з-з, с-с-с** деп айтайық.<br>***З, с дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:***<br>**з, с** дыбыстарын айтқанда ерін езу тартып күлген кездегідей керіліп, тістер көрінеді, тілдің ұшы төменгі тістерге тиеді. Тілдің ортасы сәл дөңестеніп, екі жағы астыңғы тістерге жанасады. Деміміз тіл ортасынан шығады.<br>***Тіл жаттықтыру***<br>За-за-за – таза Зе-зе-зе – зере<br>***«Дыбыстардың орнын анықтау» ойын-жаттығуы***<br>Сөздердегі **з** дыбысының орнын анықтау:<br>Заман, жүзім, күзім, Ораз<br>Сөздердегі «с» дыбысының орнын анықтау:<br>Сана,сырға,кесе,есік,ас,қас | **Көркем әдебиет**<br>Наурыз<br>Мақсат-міндеттер: Салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту. Ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Наурыз келді, балалар, Көктеді қыр, жағалар. Наурыз тойын тойлайық, Жаңа жылда, балалар!<br>Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілі – көктем де келді. Көктемде Жер ана, табиғат ерекше түрленеді. Көктемде ең тамаша ұлттық мерекелердің бірі<br>– Наурыз мерекесін тойлаймыз. Наурыз – жыл басы. Наурыз сөзі – жаңа күн, жаңа жыл деген мағынаны білдіреді.<br>– Бүгін ақын *Қастек Баянбайдың «Наурыз» өлеңімен танысамыз* (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлеңде не туралы айтылған? Өлең авторы кім?<br>– Ағаштар қай мезгілде бүршік жарады?<br>– Наурыз мерекесі қай уақытта тойланады?<br>– Қай уақытта малдар төлдейді? «Сары уыз» деген не?<br>**Дидактикалық ойын: «Не жоқ»** (ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: балалар көздерін жұмады. Педагог бір ұлттық киімді жасырады. Балалар табады, атын атайды. Мысалы: сәукеле, тақия, қамзол т.б.<br>Сергіту сәті<br>Педагог «Наурыз» өлеңін қайталап оқиды. Өлеңді | Түйе, ботақанды «Көс-көс!» – деп шақырады.<br>– Балалар, «жылқы» сөзі қай дыбыстан басталады?<br>– Ал «шөре-шөре» деген сөз қай дыбыстан басталады?<br>– Кәне, бәріміз бірге **ж, ш** деп айтайық.<br>***Ж, ш дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:***<br>**Ж, ш** дыбыстарын айтқанда ерін дөңгеленіп, алға қарай жиырылады. Үстіңгі, астыңғы тістердің аралығы **с, з** дыбыстарын айтқандай қалыпта. Тіл ұшы жалпақтанып, тістердің түбіне жуықтайды, бірақ тимейді. Тілдің алдыңғы жағы ойықталады да, екі жағы үстіңгі тіске тиеді. Жабық дауыс шымылдығының дірілінен **ж** дыбысы жасалады.<br>***«Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау» ойын-жаттығуы***<br><br>Жайлау, жақсы, ажарлы, ақжар, шара, шырша, ағаш<br>– Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.<br>Жайлау – малға жайлы мекен.<br>***Дидактикалық ойын: «Дауысын сал»***<br>Шарты: бір жануарды таңдап, дауысын салады. Тыйым сөзді жаттату.<br>Малды теппе! Малды басқа ұрма!<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>Суретке қарап, жайлау туралы әңгімеле. | Құрастыру: Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан ашық хат құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Көктем<br>**Міндеттері:**<br>Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.Шаттық шеңберін құру.<br>Бүршік шашып, жапырақ ашып,<br>Даланы гүлдер басады.<br>Сұлу көктем есігін ашып,<br>Шуағын бізге шашады.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Көктемде қандай мерекелер тойланады? Педагог жұмбақ жасырады:<br>Күн күледі, жер түлейді.<br>*(Көктем)*<br>– Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*мөлдір* – тұнық, таза<br>*жаңбыр төгілді* – жаңбыр жауды<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бұлекідыбыстадауыссыздыбыстар.Дауыссыздыбыстардыкөк түспен белгілейміз. **З, с** – айтылуы жағынан бір-біріне ұқсас дыбыстар. **Сергітусәті** **Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді.** Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балаларды шығармашылық орталықтарына шақыру. Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әркеті)** *Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған наурыз мейрамының (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады *Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар үлгіге қарап ертегі кейіпкерлерін мүсіндейді *Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру дағдыларын дамыту. *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* фетра материалынан алдын дайындалған қималардан үлгіге қарап ертегі кейіпкерлерінің бейнесін құрастыру. **«Наурыз » тақырыбында әндер айту, жаттау (музыка)** | эмоциямен 2-3 рет қайталатады. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады. ***Тіл ұстарту жаттығуы:*** Ыз-ыз-ыз – келіп жетті Наурыз. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1.Өлеңді суреттер бойынша қайтала. Педагог мнемокестедегі суреттер арқылы өлеңді оқып береді, балалар қайталайды. Наурыз айында күн мен түннің теңеліп, ұзақтығы бірдей болатыны туралы айтып түсіндіреді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау. – Бүгін біз не туралы әңгімеледік? Наурыз қандай мереке? – Наурыз мейрамын қалай өткізесің? Наурызда қандай киім киесің? Балаларды мадақтау. | Жайлауда сиыр, қой, түйе, жылқы болғандықтан, қымыз, шұбат, айран, сүт мол болады. Олар – нағыз табиғи, пайдалы өнім, дәруменге бай. -Сүттен қандай тағамдар жасалады? Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды **Дене тәрбиесі** Стадион (таза ауада) Мақсат-міндеттер:а) Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу. Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін ұштау. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстанып асылып тұру, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. ә) Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру. Секіртпемен секіру, қолдың басын айналдырып қозғалту мен аяқты тігінен қозғалтуға, жіңішке ұзын орындықпен жүруге, жүріп келе жатып бір аяғын жоғары көтеріп, астынан бір шапалақ ұруға жаттығу. б) Салауатты өмірге, денсаулығын сақтауға, әлсіздерге көмек беруге, | -Өлең авторы кім? Көктемде неге барлығы көңілді болады? – Көктемде қандай жаңбыр жауады? Көктемде аспанның түсі қандай болады? – *Көктем* сөзіне сөйлем құра. **Сергіту сәті** Қоюланып қара бұлт, Жаңбыр жауды себелеп. Жапырақты жамылып, Жата қалды көбелек. Педагог «Көктем» өлеңін екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 балаға өлең жолдарын көңілді және шабытты түрде айтқызады. **Үлестірмелі материалмен жұмыс** 1.Суреттерге қарап, көктем мезгілі туралы әңгіме құра. 2.Суретті аяқтап сал. Боя. 3.Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. *(Құстың ұясы)* 4.Есіңде сақта. Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қарқылдайды. ***Дидактикалық ойын: «Тамаша»*** (баланың зейінін дамыту) Шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Тамаша сөз болса, балалар жауап ретінде жұдырығын түйіп, бас бармағын көтереді. Ал ұнамсыз сөз болса, басбармақты төмен қаратады. Гүлдің иісі қандай? Лай суды ішуге бола ма? Құстардың дауысы қандай? Құстарды таспен атуға бола ма? Жайқалып өскен көк шөп қандай? т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күштілікке, тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>" Ұлттықойындар"<br>Мақсат-міндеттер: а) Балаларды қазақтың ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру.<br>ә) Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға ынталандыру.<br>б) Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге баулу. | Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау.<br>– Бүгін не туралы білдік? Көктемде алғашқы шығатын гүлді қалай атайды? Балаларды мадақтау |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Көгершіндерді бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Құстардың пайда болуы, олардың әдеттері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін кеңейту; құстардың тіршілігі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қар мен қоқыс қалдықтарынан ұжыммен бірге тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тазалық пен тәртіпке дағдыландыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Көгершінді қуып жет",** | **Көктем кезіндегі аспанды бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды аспанның түсіне, бұлттардың өзгеруіне, күннің көкжиектен жоғары орналасуына байланысты көктем белгілерін байқауға үйрету.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балаларға аймақты қардан тазартуға көмектесу).<br>Мақсат-міндеттер. Қамқор болуға, достыққа тәрбиелеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: ойын | **Құрылыс жабдықтарын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі технологияның рөлі туралы, құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту; ересектердің еңбегін құрметтеу сезімін дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ересектерге ағаш отырғызуға көмектесу (ағашты ұстау, отырғызғаннан кейін суару). **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке және табиғатқа құрметпен | **Қоғамдық өмірдегі құбылыстарды бақылау: "Жолдың жүретін бөлігі". (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер. Пантомимикалық дағдыларды дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары".(дене тәрбиесі**<br>Мақсат-міндеттер. Физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **"Жапалақ". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Ептілікті, жылдамдықты жақсарту (артқа қарамай, белгі бойынша жүгіру); жылдамдықты үдету кезінде белгі бойынша қозғалуды, қадамдарды жиілетуге үйрету, қолдың жігерлі қимылдарын үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.** Мақсат-міндеттер. Оңға, солға, айналаға бұрылып секіру жаттығуларын жасау. **(дене тәрбиесі)** | ережелерін бекіту, ептілік жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіруге жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. | қараудың үлгісін көрсету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ормандағы аю", "Лақтырып, ұстап ал". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша жылдам қозғалу қабілетін бекіту; қозғалысты жақсарту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** бөренемен жүру. **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту. | ет, тыныс алу қимылдарын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге  және жарықты үнемдеуге үйрету*<br>*Көркем сөз*<br>Сабынымды аламын,<br>Алақанға саламын.<br>Көпіртемін жақсылап,<br>Қолды жуамын мұқият.<br>Білек, бетті, мойынды,<br>Жуамын да, сүртемін.<br>Тап-таза, көңілді боп,<br>Мен үнемі жүремін.<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**Бата беру**<br>Рахмет дәміңе,<br>Ризалық берсін бәріңе.<br>Аман болсын басыңыз,<br>Жүзге жетсін жасыңыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"<br>Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»***<br>*Балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.*<br>*Міндеттері:*<br>*Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру.*<br>*Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету.*<br>*Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту.*<br>*Материалдар мен ресурстар: әртүрлі адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс).*<br>***"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.***<br>*Мақсаты**:** балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру**.***<br>*Ойынның шарты:*<br>*Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер* | **Шығармашылық іс-әрекет**<br>***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</u>***<br>«Әжемнің орамалы» тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу бойынша* қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейтуді жалғастыру, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Бейнеленген ормалды қазақ ою-өрнегінің элементтерін трафаретті пайдалана отырып салу.<br>*Мүсіндеу бойынша* қазақтың орамалды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру бойынша* орамалды қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру.<br>Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.<br>*Құрастыру бойынша* | **Вариативті компонент**<br>**Жас зерттеуші**<br>Наурыз мерекесіне құрылатын киіз үй құрылысын пысықтау.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әркеті)**<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында балаларды шығармашылық орталықтарына шақыру.<br>Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды<br>***<u>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</u>***<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған киіз үйдің сыртқы жабуын түрлі ою-өрнектермен безендіру қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар үлгіге қарап киіз үй ішіндегі ұлттық ыдыстарды үлгіге қарап мүсіндейді және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережеleriне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?»***<br>*Балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету.*<br>*Міндеттері:*<br>*Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру.*<br>*Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету.*<br>*Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту.*<br>*Материалдар мен ресурстар: әртүрлі адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс).*<br>***«Жас эколог»***<br>*Топқа хат келеді. Хатты Эколог жіберіпті. Балалар біздің планетамызда ауа, сулар ластанып, орман ағаштары өртеніп, кесіліп жатыр. ауа ластануынан балалардың демалысы қиындап көп ауыра береді. Завод, фабрикалар, түрлі өндіріс орындары және машиналар, космос корабльдері көбейді. Бірақ та, бұлар бізді қуантпайды. Біздер бақтардың гүлдегенін, құстардың сайрағаннан, ағаштардың жайқалып өскенін, жәндіктердің жыбырлап жүргенін өзендерден* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *«ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.*<br>*Керекті құралдар: асықтар*<br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>«Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын »<br>**(қазақ тілі)**<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының ұлттық тағамдарымен,наурыз иерекесі туралы әңгімелесу | шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу, оларды оюлармен безендіру.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br>Балаларды дүкенде сатып алу мәдениетімен таныстыру; • *Ақша санауды, төлеуді, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақшаны дұрыс жұмсау, таңдау жасау***Құралдар:** • Шартты ақша (қағаздан); • Ойыншық тағамдар (жеміс-жидек, сүт, нан, шырын және т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: алма – 1 ақша, сүт – 2 ақша, нан – 1 ақша, шырын – 3 ақша); • Үстел – «касса», ойыншық касса (болса жақсы). ——— **Рөлдер:** • Сатушы (1–2 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (сатушының өзі немесе бөлек бала) ——— **Ойын барысы:** 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз бүгін супермаркетке келдік. Мұнда | дағдыларын дамыту.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата".**<br>Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі заттың атауын (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар: доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Театрландырылған қойылым. "Алдар көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі.**<br>Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**«Наурыз » тақырыбында әндер айту, жаттау (музыка)** | *сылдырлап таза су аққанын, көбелектердің қанатын қағып ұшқанын қалаймыз.*<br>*Балалар, сіздер де бізге көмекке келіңіздер.*<br>*Балалар, қоршаған ортаны қорғауға, ластамауға, көркейтуге бізді эколог мамандары шақырып жатыр екен, көмектесеміз бе?*<br>*Біздер де экологтар сияқты табиғатты қорғауға көмектеейік.Балалар Эколог адамның өмірімен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға ондағы құстар, өсімдіктер, жануарлар және адамдар өмірін қорғайтын, ауа мен судың ластанбауына көмектесіп, қорғайды.*<br>*Соңғы кезде табиғат көп өзгеріске ұшырады. Себебі, көп машиналар лас газды ауаға шығарып, заводтар мен фабрикалар қалдықтарын ауа мен суларға төгеді.*<br>*Д/О « Құстарды қорғау»*<br>*Д/О: "Экологиялық белгілер"*<br>*Тиым сөздер*<br>*Құстың ұясын бұзуға болмайды.*<br>*Орманда от жағуға болмайды.*<br>*Суды ластауға болмайды.*<br>*Құстың ұясын бұзуға болмайды.*<br>*Д/О: «Жануарларды қорғау»:*<br>*Қисынын тап (Суреттерді құрастыру)*<br>*Эколог келеді балалар сендер табиғатты қорғауға көп көмектестіңдер, көп біледі екенсіздер. Мен сіздердің топтарыңды осы қоғамның мүшесі етіп қабылдап значок тапсырамын - деп балаларға значокты кеуделеріне тағады.*<br>*"Жасыл әлем" қоғамына қабылдау..* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әртүрлі азық-түліктер бар. Бірақ оларды алу үшін біз ақша төлеуіміз керек». ——— 2. Сатып алу: • Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған бір нан беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Сатушы: «Нан – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, 1 ақша». • Сатушы: «Рахмет! Міне, наныңыз». (Егер артық ақша берсе:) • Сатып алушы: «Маған сүт беріңізші. Міне, 3 ақша». • Сатушы: «Сүт – 2 ақша. Сізге 1 ақша қайтарым». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, дүкенде не істедік?» – «Ақшаны қалай санадық?» – «Ақша жетпесе, қалаған затыңды ала аласың ба?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсап қоюға бола ма?» **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қаржылық сауаттылық, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Жарқырап тұр күніміз<br>Жайқалсын жас гүліміз,<br>Бақта бұлбұл сайрасын.<br><br>Сәнді көктем нұрымен<br>Наурыз тойы - жырымен<br>Көңіл гүлдей жайнасын.<br>(Ә. Табылдиев)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (уақыт). (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** Балаларды айналадағы адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу. Шарты. | **Дидактикалық ойын. "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".** Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту. Құралдар. Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрам кестелері. | **«Әліппе-лотосы».** Мақсат-міндеттер. Өткен дыбыстарды қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру. Сөз, сөйлем құрауға дағдыландыру. Ойынның барысы. Әріп текшесі қапқа салынады. Ойынға қатысушыларға карточкалар үлестіріліп беріледі. Ойын бастаушы қапшықтан текшелерін алады, әріпті ойынға қатысушыларға кезекпен береді. Карточкадағы әріпке сәйкес келсе, үстіне қояды. Карточканы кім бұрын жауып аяқтаса, сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс.<br>- Таңертең - (кешке).<br>- Кеше - (ертең).<br>- Жазда - (қыста).<br>- Түнде - (күндіз).<br>- Күн - (түн).<br>- Биыл - (былтыр).<br>- Шілде - (қаңтар).<br>- Қыркүйек - (наурыз).<br>- Ерте - (кеш).<br>- Жылдам - (баяу).<br>- Күлу - (жылау). | Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.<br>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдары кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | жеңіске жетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. | "Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **16.03-20.03.2026ж**<br>«Адал азамат»<br>Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында<br>*ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың балабақшадағы тамақтану және ұйықтау әдебі, оқу үлгерімі жайлы ақпарат беру.<br>Ата-аналарға кеңес: "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".<br>Серуен кезінде балалармен бірге жолда жүру ережесін сақтауға, автоинспектордың жұмысына назар аударту.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге,* | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп,* | ***"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған* | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз"***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты* | ***"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.* **(еңбек іс-әрекеті)** | *өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | *кезде оны сумен шаю.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | *қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**"Көркем әдебиет шығармаларын оқу.** Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**"Киіз басу" рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларға киізді басу әрекеттеріне машықтандыру; ересектердің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру; ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: киізге ұқсас көрпелер, таяқтар, жіптер.<br>Киіз басып аяқпен,<br>Дөңгелентіп аламыз.<br>Сабалаймыз таяқпен,<br>Білектейміз, жаямыз.<br>Г. Кужагулова.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>« К ө ң і л т о л қ ы н ы »<br><br>**«Игі істер қоржыны»** Түрлі-түсті қағаздан дөңгелектерді немесе жүрекшелерді қиып алуға болады. Әр күннің соңында балаға «қоржынға» бүгін қанша игі істер жасаса, сонша дөңгелек салу ұсынылады. Бала қиналған жағдайда, оған көмектесу керек. Мұндай ойын баланы игі істер жасауға ынталандырады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | **"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Тәрбиеленушілердің қазақ халқының салт-дәстүрлері жайлы білімдерін жинақтау, білетін және үйренген ақпараттарын өзара ұштастырып, сын тұрғысынан ойлауға, талқылауға үйрету, салт-дәстүрлерді құрметтеп, қадірлей білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>« К ө ң і л т о л қ ы н ы » | **"Ағаштан не жасайды?"** Мақсат-міндеттер: ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** «Туған жерімізге ағаш отырғызайық» тақырыбында салынған сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар. Суретті бояңдар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)** | **"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Кілемшені ермексазбен безендіруге үйрету. **(танымдық іс-әрекет, құрастыру, мүсіндеу шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>***Ұлттық ойын. Хан «алшы»***<br>*Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (шығыршықтармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен алдына ұстау.<br>1 - 2 - шығыршықты қолымен аяғына дейін бұрап, айналдыру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - отыру, шығыршықты жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 7-8 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - қолдарын жанына жіберу; 2 - қолдарын жоғары көтеріп, шығыршықты екінші қолына салу; 3 - қолдарын жанына жіберу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды келесі қолымен орындау (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқты табан деңгейінде ұстап, шығыршықты оң қолымен төменде ұстау.<br>1 - сол аяғын бүгіп, көтеру, аяқтың астынан шығыршықты келесі қолға салу; 2 - қолын жіберіп, бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол жаққа қайталау (жаттығу 6 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейінде ұстап, шығыршықты ортасынан екі қолымен төменде ұстау.<br>1 - түзу қолдарын алға ұстау; 2 - еңкейіп, шығыршықты жерге тигізу; 3 - тіктеліп, шығыршықты алдына әкел; 4 - бастапқы қалыпқа келу (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, шығыршықты басына, екі қолды беліне қою.<br>1 - оң аяғын жанына қою; 2 - сол аяғын орнына қою; 3 - сол аяғын жанына қою; 4 - оң аяғын орнына қою; 5-6 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>7. Бастапқы қалып: шығыршық жерде, аяқ<br>бірге, қолды белге қою.<br>Шығыршықты айналып, 1-4-ке дейін оңға және 5-8-ге дейін солға секіру (жаттығу 3-4 рет қайталанады).<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>*Салт-дәстүр. Қонақасы*<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат-міндеттері: | *- Сәлем, саған, ыстық жерім!*<br>*Сәлем, саған, туыс елім!* | ***Дидактикалық ойын «Біздің ел қандай?»*** | **«Мейірімділік туралы ойлайық»** | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(адалдық әліппесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | *Ыстық маған ошақ үйім,*<br>*Домбыраның қоңыр күйі!*<br><br>*Бір-біріне жылулық сыйлап, еліміз туралы, достық туралы, әңгімелесу.*<br>**( тіл дамыту, қазақ тілі)** | *Балаларды өз елдерімен тереңірек таныстыру*<br>*Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды, ал балалар жауап береді.*<br>*Мысалы:*<br>*Біздің Қазақстан қандай?*<br>*Біздің Қазақстанның адамдары қандай?*<br>*Қазақстанның қандай қалаларын білесіңдер?*<br>*т.бсұрақтар қою, суреттер қарау*<br>***(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)*** | Ойынның мақсат-міндеттер: ұжымда тілектестік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге тұрады. Жүргізуші («мейірімділік») таңдалады. Педагог оған бөлмеден шығып, балалардың кез-келгеніне қандай қайырымдылық жасай алатындығы туралы ойлануды ұсынады.<br>Педагогтің белгісі бойынша балалар «мейірімділікті» шақырады. Ол бөлмеге кіріп, балалардың біреуінің қолынан ұстап, оны шеңбердің ортасына апарады да, ол үшін қандай жақсылық жасай алатынын айтады. Содан кейін жүргізуші ауысады, ойын осылай жалғасады.<br>**(адалдық әліппесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | міндеттері: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.<br>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.<br>**(адалдық әліппесі, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау**<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздердің реті мен санын және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"[Н] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мейрамы | **Сауат ашу негіздері**<br>**Буындардың орнын анықта**<br>Мақсат-міндеттер: 1. Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.<br>2. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаңойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу<br><br>**Математика негіздері**<br>Циферблат бойыншауақытты анықтау<br>Мақсат-міндеттер:тәулік | **Математика негіздері**<br>Апта күндері<br>Мақсат-міндеттер: апта күндері, тәулік ауысу реттілігі: кеше, бүгін, ертең, оқиғалардың реті («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»), санды цифрмен сәйкестендіру туралы білімдерін бекіту. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекеті**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* | **Математика негіздері**<br>Уақыт. Апта күндері Мақсат-міндеттер: циферблатта уақытты және оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау, апта күндері, тәулік уақыты туралы білімдерін бекіту. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу<br>**Тіл дамыту**<br>Маңдай тер<br>Мақсат-міндеттер: | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындардың орнын анықта<br>Мақсат-міндеттер:<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру.<br>2. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту.<br>3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, жапсыру**<br>«Ұлттық бұйымдар мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту; наурызкөже және оның құрамындағы тағамдар туралы білімдерін бекіту; ұлттық дәстүрлердің бірі - сүйінші сұрау, ізгі хабар үшін берілетін сүйіншіні таныстыруды жалғастыру; азық-түлік өнімдерінің түрлері (сүт, ет, ұн) туралы білімдерін қорытындылау; «сүт», «ет», «ұн» сөздерінен шыққан түбірлі сөздер арасындағы байланысты көрсетуді жалғастыру; дұрыс тамақтану, дәстүрлерді құрметтеу туралы түсініктерін нақтылау: сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту; мәтіндегі тірек сөздерді табуға, оларды қазақ тілінде дұрыс дыбыстауға жаттықтыру; наурыз көже құрамындағы жеті тағамның атын еске сақтауға, жатқа айтуға машықтандыру; балаларды ұйымдастырушылыққа, асты қадірлеуге, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Бір, екі, үш балалар алды күш!<br>Мақсат-міндеттер:а) Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын спорттық ойындар арқылы дамыту. Биіктігі 15 см модульге орыннан аяқпен итеріліп, қолымен сермеп көмектесе отырып секіріп шығу.<br>ә) Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді; шеңбер бойымен футбол добын бір-біріне екі аяқпен кезек-кезек домалатуды үйрене түсу. Үлкен адымдармен неғұрлым аз аттап, | бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Қазақстан Республикасы халықтарының ойындары (таза ауада)<br>Мақсат-міндеттер:а) Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру.<br>ә) Жағдайдың өзгеруіне қарай бағытты өзгерте алуды жалғастыру. Рөлдік әрекеттерді ұлттық ойын мәнмәтініндегі әрекеттермен орындай алуын бекіту. Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру.<br>б) Ұлттық ойындарға қызығушылығын қалыптастыру, әр ұлт дәстүрлеріне деген құрмет пен толеранттыққа тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Мен ғарышкер боламын<br>Мақсат-міндеттер:<br>**Қ, ғ** дыбыстарын дұрыс дыбыстауға үйрету. Сөздік қорын молайту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеуПедагог балаларға | балалар ең жақын орналасқан объектілердің шынайы сипатын танып, шамасын салыстыра отырып бояту.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* ақ қағаз бетіндегі көлеңкелі объектілердің ең алысын тауып, көлеңкесінің үстіне желімдету.<br>**«Мәдени мұралар»**<br>туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>**(қазақ тілі, мүсіндеу)**<br><br>**Қазақ тілі**<br>""Наурыз құтты болсын! "Наурыз көже" санамағын жаттау."".<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың Наурыз мейрамы туралы түсініктері мен білімдерін дамыту; наурыз көже және оның құрамындағы тағамдар туралы білімдерін бекіту; ұлттық дәстүрлердің бірі-сүйінші берумен, ізгі хабар үшін берілетін сүйіншіні таныстыруды жалғастыру; қазақ өнімдерінің түрлері (сүт, ет, ұн) туралы білімдерін қорытындылау; "сүт", "ет", "ұн" сөздерінен шыққан түбірлі сөздер арасындағы байланысты көрсетуді жалғастыру; дұрыс тамақтану, дәстүрлерді құрметтеу туралы түсініктерін нақтылау: сурет бойынша сөйлем құрастыру дағдыларын дамыту; мәтіндегі тірек | Сөйлемтүрлерібойыншабілімін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>***Ғажайып жағдаят***<br>Бөлмеге сауысқан ұшып кіріп, саңқылдаған дауыспен хабарлайды:<br>– Хат келді! Хат келді!<br>Педагог хатты оқып, бұл хатта әңгіме жазылғанын, ал әңгімеге тақырыпты балалардың ойлап табуы қажеттігін айтады.<br>-Енді мен әңгімені оқиын, сендер мұқият тыңдаңдар.<br>Педагог әңгіме мазмұнына байланысты балаларға сұрақтар қояды:<br>1. Әңгімеде кімдер туралы айтылады?<br>2. Хамит атасынан не туралы сұрады?<br>3. Атасы не істеді?<br>4. Хамит тоғайдан не қазып әкелді?<br>5. Көп жылдар өткен соң не болды?<br>6. Хамит нені түсінді?<br>Педагог балалардан бұл әңгімеге қандай тақырып қоюға болатынын сұрайды. Айтқан тақырыптарына қарап педагог балалардың әңгіме мазмұнын түсінген- түсінбегендігін анықтайды.<br>5-6 балаға әңгіме мазмұнын айтқызады.<br>**Сергіту сәті**<br>***Дидактикалық ойын: «Қандай сөйлем екенін тап»***<br>Шарты: педагог сөйлемдер айтады. Балалар қандай сөйлем екенін табады.<br>– Әже, сіз не істеп жатырсыз? | киімдер»<br>Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды<br>Сурет салу: Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша*<br>ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) безендіру, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде ою-өрнектерді түрлі әдістермен қиып жапсыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан қиюға мүмкіндік беру.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* қағаз конустары мен цилиндрлерден қазақтың ұлттық бас киімі сәукеле жасай білуге, ою-өрнекпен безендіруге үйрету; қағазды жобалау әдістерін қолдана отырып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жерден итеріле отырып, 10 метр жүгіру, шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып тепе-теңдікті сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Арқаннан ұстап тұрып асылу, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу.<br>б) Қауіпсіздік ережелерін сақтау мен сақтану дағдыларын дамыту. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>"Төрт түлік "<br>Мақсат-міндеттер: а) Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды жалғастыру.<br>ә) Әр жануардың өзіне тән белгілерімен таныстыру; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту.<br>б) Төрт түлік малды күте білуге және сүйе білуге тәрбиелеу<br>«Мен өнерпаз балдырған»<br>Балалар қалаған орталықтарында өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды<br>***<u>(шығарашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</u>***<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* қағаз бетіне басып шығарылған киіз үйдің сыртқы жабуын түрлі ою-өрнектермен безендіру қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалар үлгіге қарап киіз үй ішіндегі ұлттық ыдыстарды үлгіге қарап мүсіндейді және қосымша заттармен (моншақ, | жұмбақ жасырады.<br>Аспанда бір ана бар,<br>Маңы толған балалар.*(Ай)*<br><br>Аспан әлемін ғарышкерлер зерттейді. Қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме? (суреттерін көрсету).<br>Ғарышқа Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев, А. Айымбетов атты ғарышкерлер ұшты.<br>– Ғарышқа не үшін ұшады?<br>– Ғарышқа аспан әлемін, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады. Ең бірінші ғарышқа Ю. Гагарин ұшты.<br>– Ғарышкер немен ұшады?<br>– Ғарышкер қандай болады?<br>– Педагог ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br>– Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?<br>– Арманына жету үшін не істеу керек деп ойлайсың?<br>– Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Көп еңбектенген адам арманына қол жеткізеді.<br>Мақалмен таныстыру.<br>Оқу – инемен құдық қазғандай.<br>Педагог балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды.<br>***Қ, ғ дыбыстарының дұрыс артикуляциясы:***<br>ерін ашылып, тілдің ұшы астыңғы тістердің түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен **қ, ғ** дыбысы естіледі. | сөздерді табуға, оларды қазақ тілінде дұрыс дыбыстауды үйрету; наурыз көже құрамындағы жеті тағамның атын есте сақтау, жатқа айтуға машықтандыру; балаларды ұйымдастырушылыққа, асқа деген құрметке, ұлттық тағамдарды, салт-дәстүрлерді құрметтеуге<br>**Музыка**<br>"Домбыраның күмбірі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету; домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Әже<br>**Міндеттері:**<br>Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.Шаттық шеңберін құру.<br>Мені жақсы көреді, Күндей күліп келеді. Көп ертегі біледі, Маған айтып береді.<br><br>– Біз кім туралы тақпақ айттық? *(Әже туралы)*<br>– Әже қандай адам? Әжеңнің есімі кім? Әжең сені қалай еркелетеді? Педагог балалардан жақында қандай мереке келе жатқанын сұрайды. | – Ұстаңдар! Ұстаңдар! Ұста оны!<br>– Күн шығып, дала нұрға бөленді.<br>– Алманы үзген кім?<br>– Тоқта! Қызыл түс жанғанда жүрме!<br>– Бақта жемістер өседі.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>Балалардың сүйікті ісін ата. Өзіңнің қуана атқаратын сүйікті ісің қандай?<br>Педагог қорытындылайды. Балаларды мадақтайды<br>**Дене тәрбиесі**<br>Волейболшының жаттығуы<br>Мақсат-міндеттер:а) Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму түрткіжайттарын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>ә) Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту.<br>б) Жинақылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен** | тегіс материалды көлемді пішіндерге айналдыру, дайын үлгі бойынша жұмыс істеу, қарапайым сызба, контур бойымен кесу және кесу үшін қайшыны қолдану дағдыларын бекіту; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне сүйіспеншілікке тәрбиелеу<br>**Музыка**<br>**"Тұсаукесер"**<br>Балалардың тұсау кесер әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін және бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу<br><br>**Көркем әдебиет**<br>"Көктем"<br>Мақсат-міндеттер: Көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту. Табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. Табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Бүршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады.<br>Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктемде табиғатта қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру дағдыларын дамыту.<br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. | ***«Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау» ойын-жаттығуы***<br>**Қ** дыбысы: қалам, қоян, алқа, бақа, құлақ, құрақ.<br>**Ғ** дыбысы: ғалым, жаға, бұғу, бұғы, таға.<br>**Қ** дыбысын сөз ішінде қайталату:<br>қоян – қала қасық – қалам бақа – тауық сақа – асық<br>**Ғ** дыбысын сөз ішінде қайталату:<br>ғалым – қолғап тоғай – шаңғы сағыз – торғай сағат – қағаз<br>**Қ, ғ** дыбыстарын жаңылтпаш ішінде қайталап бекіту.<br>Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса, қор болар, Бұтаға келіп қорғанар.<br>*Жұмбақ шешу*.<br>Шеңбер жасап өседі,<br>Желмен бірге көшеді.<br>*(Қаңбақ)*<br>Асты тас, үсті тас,<br>Ортасында жанды бас.<br>*(Тасбақа)*<br>**Сергіту сәті**<br>Сергіту жаттығуларын «Жұлдыздар» өлеңімен жасатуға болады.<br>***Дидактикалық ойын: «Мамандықты анықта»***<br>Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>Суреттерді ата. Ғарышкерге арналған заттарды тауып, белгіле. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>Балалар, сендер де | – Көктемнің ең алғашқы мерекесі – аналар, әжелер, қыздар мерекесі.<br>– Бүгін ақын Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең авторы кім? Өлең кімге арналған? Әже баланы қалай оятады?<br>– Әже қандай киім киеді? Бала әжесіне қандай тілек тілейді?<br>– Сен әжеңе қандай сөздер айтар едің?<br>Сөздік жұмысы:<br>кимешек – әйел адамның ұлттық баскиімі жаулық – кимешектің сыртынан тартатын орамал Сергіту сәті<br>Біз балдырған баламыз, (Өздерін көрсетеді)<br>Өсіп-өніп толамыз. (Екі қолын жоғары-төмен қозғайды)<br>Күнге қарай талпынып, (Күнге қарсы қолын маңдайға қояды)<br>Көкке қолды созамыз. (Екі қолды алға созады)<br>Педагог «Әже» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. 3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>1. Әжесі мен немерелері немен айналысып жатыр? Сен әжеңе қалай көмектесер едің?<br>2. Әжеңе не сыйлайсың? Суретін сал. | **таныстыру**<br>"Наурыз мерекесі "<br>Мақсат-міндеттер:а) Балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік беруді жалғастыру.<br>ә) Көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білуге тәрбиелеу. Наурыз қазақ халқының жаңа жылы екенін түсіндіру. б) Ұлттық мерекеге қызығушылықтарын арттыру, дәстүрлерді сақтауға баулу. | өзгерістер болады?<br>– Көктемде қандай мерекелер тойланады? Педагог жұмбақ жасырады:<br>Күн күледі, жер түлейді.<br>*(Көктем)*<br>– Енді, балалар, ақын Төлеген Айбергеновтің «Көктем» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>Өлең авторы кім?<br>Көктемде неге барлығы көңілді болады?<br>– Көктемде қандай жаңбыр жауады? Көктемде аспанның түсі қандай болады?<br>– *Көктем* сөзіне сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br>Қоюланып қара бұлт,<br>Жаңбыр жауды себелеп.<br>Жапырақты жамылып, Жата қалды көбелек.<br>Педагог «Көктем» өлеңін екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 балаға өлең жолдарын көңілді және шабытты түрде айтқызады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттерге қарап, көктем мезгілі туралы әңгіме құра.<br>2. Суретті аяқтап сал. Боя.<br>3. Жұмбақты шеш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | болашақта бір мамандық иесі болуды армандайсыңдар. Ол үшін не істеу керек екен?<br>-Көп оқу керек әрі сол мамандықты шын мәнінде жақсы көріп, қыр-сырын ұғыну керек. Сол кезде ғана жақсы мамандықтың иесі боласыңдар.<br>Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | 3. Есіңде сақта.<br>Асыл әжем, қуанышым, берекем, Өнегенің өрісі де сен екен.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Кім әжесімен бірге тұрады? Әжең саған қандай ақыл айтады? Балаларды мадақтау. | | Тал басында түндіксіз отау. *(Құстың ұясы)*<br>4. Есіңде сақта.<br>Торғай шырылдайды.<br>Тоқылдақ тоқылдатады.<br>Қарға қарқылдайды.<br>***Дидактикалық ойын: «Тамаша»*** (баланың зейінін дамыту)<br>Шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Тамаша сөз болса, балалар жауап ретінде жұдырығынтүйіп,басбармағынкөтереді.Алұнамсызсөзболса,басбармақты төмен қаратады.<br>Гүлдіңиісіқандай?<br>Лайсудыішугеболама?<br>Құстардыңдауысықандай?<br>Құстарды таспен атуға бола ма? Жайқалып өскен көк шөп қандай? т.б.<br>Педагогжекежұмысжүргізеді.Қорытындыжасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетті пысықтау. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Көктемде қайың ағаштарын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: ағаштардың көктемде тіршілік ету ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру; өсімдіктерге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:**<br>"Табиғаттың жас көмекшілері" операциясы. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер: байқау | **Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>Тақпақ.<br>Көк орманда көп ағаш,<br>Өскен жақсы аралас.<br>Ең әдемі меніңше,<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.** Балалармен бүршіктерді бақылау. Балаларға ісініп бүр жарып тұрған бүрден жапырақтар шығып келе жатқанын | **Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау. (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br><br>Көк орманда көп ағаш.<br>Өскен жақсы аралас.<br>Ең әдемі меніңше<br>Құс ұясы бар ағаш.<br>**Бақылау.** Балалардың назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай | **Қоғамдық өмір құбылыстарын бақылау: "Жүретін бөлік". (экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Шығармашылық тапсырмалар: "Кел, ойнайық, балақай!" (шығармашылық іс-әрекет)**<br>Мақсат-міндеттер: пантомимикалық дағдыларды | **Ағаштардың гүлденуін бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Жұмбақтар.<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Бұл не?<br>(Ағаш)<br>Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,<br>Қыста жатсаң – жаның рахат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту, тіршілік иелеріне қолайлы жағдай жасауға ұмтылу, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін сақтау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Айна", "Күн мен түн".**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: қимылдардың көркемдігі мен мәнерлілігін дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Дорба". (дене тәрбиесі)**<br>. | көрсету. Күн жылынғанда ағаштардың бүршіктері ісінеді, содан жапырақтар пайда болатынын түсіндіру<br>**Тәжірибе.** Құмырадағы бұтақ жылы жерде тез бүршік жарады.<br>**Қимылды ойын. «Лақтырып қағып ал». (дене тәрбиесі)**<br>Ептілікті, шапшаңдықты ,тапқырлықты талап ету.<br>**Еңбек.** Балалар үлкендермен бірге көшет отырғызады.<br>**(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өз бетімен ойындар.<br>Жақсы көретін ойыншықтармен ойнау.<br>Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.<br>**(дене тәрбиесі)** | көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Қимылды ойын. «Орман дақтары». (дене тәрбиесі)**<br>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен ұстасып тұрған баланы қозғауға болмайтынын айту. Ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>Еңбек. Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету. (еңбек дағдылары)<br>**Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)**<br>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру. | дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтеруге ықпал ету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: физикалық қасиеттерін, ептілігін, бұлшық ет, тыныс алу қимылдарын дамыту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Қуып жет". **(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту. | табады. (Ағаш)<br>**Бақылау.** Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру.<br>**Қимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма». (дене тәрбиесі)**<br>Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу.<br>**Еңбек.** Алаңдағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)**<br>«Доппен ойнаймыз». |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Кернейді хош иісің,<br>Тамсандырып үй ішін. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>*Салт-дәстүр. Қонақасы*<br>Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан оянғаннан кейін, бірден төсекте жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (2-3 минут төсекте жатып жасалған гимнастика балалардың ұйқыдан ояу күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Кімге есік ашуға болады» ойыны***<br>*Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б.*<br>***«Қауіпсіз қоңырау» ойыны***<br>*Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар неістеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға* есік ашпау керек»).<br><br>**Дидактикалық ойын. "Ұстап ал да, түсін ата".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды допты ұстап алып, аталған түске сай боялған белгілі затты (құбылысты, жануарды, құсты) жылдам атауға жаттықтыру; ой шапшаңдығын, түстерді | **Шығармашылық іс-әрекет "Қоржынды безендірейік"** тақырыбында балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарын барып іс-әрекет жасайды<br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша*<br>қоржынның суретін салу, ою-өрнектерді пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* қоржынды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* қоржынды ою-өрнектермен безендіру. | **Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстыра сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.<br>Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған күрделі қималарды (пазлдарды) *құрастыру дағдыларын дамыту*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, құрастыру<br>, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***«Кімге есік ашуға болады» ойыны***<br>*Тәрбиеші суреттерді көрсетеді* | **Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>«Туған жерімізді гүлдендірейік».<br>тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br>*Сурет салу бойынша* балалар ағаштар, талшыбықтар, гүлдер, шөптер. т.б суреттерін салып, бояйды<br>*Мүсіндеу бойынша* балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту.<br>*Жапсыру бойынша* гүлдерді қиып алып ватманга жапсырады.<br>*Құрастыру бойынша* шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша гүлдер бейнесін құрастыру | **Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап".**<br>Мақсат-міндеттер. Заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі балалардың ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Сыртқы сипатында, құрмынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажырату, зейін қабілетін, дүниетанымын дамыту.<br>Құралдар: доп.<br>Балалар шеңберде немесе қатарда отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе санамақ арқылы таңдалған балалардың бірі жүргізеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Театрлық қойылым.**<br>**"Алдар Көсе мен шық бермес Шығайбай" ертегісі.**<br>Мақсат-міндеттер. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой, қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Бөрік жасырмақ***<br>*Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір- бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек. Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады. Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады. Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге* | *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* балаларды тіктөртбұрышты пішінді қағаздың, "қоржынның", бұрыштарына және ортасына симметриялық "қошқар мүйіз" оюын құрастыра білуге баулу.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киім тігу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Түйілген орамал***<br>*Ойын мақсаты: ойын балаларды шапшандық пен ұйымшылдық қасиетіне баулиды.*<br>*Ойын шарты: Кез-келген орамалды алып, оны түйеміз. Ортаға бірінші ойыншы шығады. Ойын басталғанда басқа балалар орамалды жерге түсірмей бір-біріне лақтырады. Ең бастысы ортадағы* | *немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек. Мысалы: «Әжем есік қағып жатыр», «Формадағы бейтаныс адам», «Анамның құрбысы» және т.б.*<br>***«Қауіпсіз қоңырау» ойыны***<br>*Тәрбиеші біреу есіктен қоңырау шалған жағдайды бейнелейді. Балалар неістеу керек деген сұраққа дұрыс жауап беруі керек (мысалы, «Алдымен ата-анадан сұрау керек», «Бейтаныс адамға* есік ашпау керек»).**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Отбасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардын нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.<br>Шарты.<br>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін бөліседі, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.<br>Педагог алдымен балалармен бірге күн тәртібіндегі қандай оқиғаны ойнау қажет екендігін анықтап алады.<br>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау | **Дидактикалық ойын.**<br>**"Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру; кез келген сөздің дыбыстық құрамының кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру; сөздік қорды байыту.<br>Құралдар.<br>Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері.<br>Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.<br>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>«Ертегілер елінде»<br>**(қазақ тілі)**<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Азық-түлік" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып | ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа нұсқалар.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>**(музыка)**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br>Шығармашылық іс-әрекет ұйымдастыру.<br>«Домбыра»<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* ақ қағаз бетіне бастырылып шығарылған домбыраға ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* домбыраны қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендіру<br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тырысады. Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды. Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек. Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да, ойнаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді.* | *ойыншы орамалды ұстап алмауы тиіс. Кім орамалды алдырып қойса, сол ортадағы ойыншының орның басады.* | сұрақтарын қояды. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. (музыка)**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | **Кеңістікті бағдарлау. (математика негіздері)**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. | **"Қанатынмен самғатшы,өнер,мені" (музыка)**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ілияс Жансүгіров «Домбыра» өлеңін жаттау**<br>Тарт күйіңді, домбыра!<br>Төгіл, төгіл тәтті күй,<br>Тау суындай сылдыра,<br>Желпін, желпін жел соқтыр!<br>Тауда тұман тұрмасын,<br>Көкте бұлт ыдыра!<br>Тыңдамаған қоймасын,<br>Ойды-қырды қыдыра,<br>Құлшына тарт, домбыра!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>**«Наурыз » тақырыбында әндер айту, жаттау (музыка)** | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. (музыка)**<br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Ең әдемі гүлдер" жобасының нәтижесін қорытындылау. | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты | «Айына бір рет отбасы күнін | Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу | . «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тақырыпта ата-аналарға кеңес. | өткізу». | | |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.03-27.03.2026 ж.**<br>*«Адал азамат»*<br>*«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында*<br>*ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ* | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | *Апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»* | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.<br>*Баяндама. «Баланың дамуы мен тәрбиесінде күн тәртібінің маңызы».*<br>*Психолог кеңесі.*<br>*Мысалы:* ***«Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»***<br>*Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру*<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | | | | ***"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға,* | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | | | *оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | *біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | | | | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**«Қамқорлық гүлі»**<br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады<br>**(адалдық әліппесі)**<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>**"Қимылдар тізбегі".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуге жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.<br>Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегін (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**. | ***Күй тыңдайық, балақай!"***<br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>*Күй «Кең жайлау»*<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу**<br>"Өнер алды - қызыл тіл".<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тыңдауға үйрету.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын. Бес тас***<br>*«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.*<br>*Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.*<br>*Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.*<br>***(математика негіздері)*** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | | | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | "Өнерлі өрге жүзер" тақырыбында әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | **Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері. Жыл айлары<br>Мақсат-міндеттер: жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Суреттердегі заттарды атау** Мақсат-міндеттер:<br>1. Балалардың сөздік қорын, фонетика, фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілікпен тез әрекет етуге үйрету.<br>2.Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Музыка**<br>Қанатынмен самғатшы,өнер,мені"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды домбыраның дауысын қабылдай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Күн, Ай және қораз<br>Мақсат-міндеттер: Дыбыс туралы білімін пысықтау.<br>Ертегіні түсінікті мазмұндай білуге жетелеу. Достықты бағалауға тәрбиелеу.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Алтын кетті, күміс келді. *(Күн мен Ай)*<br>Балалар, мен сендерге «Күн, Ай және қораз» ертегісін оқып берейін<br>Педагог ертегі бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br>– Ертегіде нелер туралы айтылған?<br>– Күн жоқта Ай не істейді?<br>– Ренжіген Күн Айға не дейді?<br>– Күн шығып келе жатқанда қораз не істейді?<br>– Түн болып, Ай шыққанда ше?<br>Педагог балалардан ертегінің қай кейіпкері ұнағанын сұрайды. Өзінің қай кейіпкерге ұқсағысы келетінін айтқызады. Ертегіні сахналауды ұсынады. Мақал-мәтелмен таныстыру. Жақсы – Ай мен Күндей, әлемге бірдей. Педагог балалармен бірге мақалдың мазмұнын талқылайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Сергіту жаттығуларын А. Сопыбековтың «Қораз» өлеңімен жасату<br>***Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта»***<br>Шарты: педагог бір дыбысты, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Егер дыбыс сөздің басында тұрса, балалар бір рет қол шапалақтайды. Егер дыбыс сөздің ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады. Ал дыбыс сөздің соңында тұрса, үш рет шапалақ ұруы керек.<br>**Қ** – қала, аққала, сандық.<br>**М** – моншақ, отырмын, өшірдім.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>Суреттегілерді ата. Сызба бойынша сөйлем құра.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. | тырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Мүсіндеу, сурет салу, құрастыру, жапсыру**<br>Киіз үйдің жабдықтары мен жасаулары<br>Киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) жіне жасауларымен таныстыру<br>Сурет салу: Сырмақты әшекейлеу<br>-қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсету, қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін кеңейту;<br>- балалардың сурет салудағы ептіліктері мен икемділік дағдыларын және шығармашылық қабілетін дамыту;<br>Жұмысты ұқыпты, сәнді жасау арқылы көркемдік талғаммен орнықтауға тәрбиелеу<br>Мүсіндеу: Кебеже, керует, үстел<br>Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>Жапсыру:киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>Құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Ойна, ойна, доптан айырылып қалма!<br>Мақсат-міндеттер:а) Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму түрткіжайттарын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>ә) Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолымен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту.<br>б) Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері<br>Мақсат-міндеттер:а) Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту.<br>ә) Табиғаттың адамға пайдасы жайлы мәлімет беру.<br>б) Табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау барысында шығармашылық іс-әрекет ұйымдастыру.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* үлгіге | түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>**Музыка**<br>"Айға ұшамын "<br>Мақсат-міндеттер:Балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту<br>**Көркем әдебиет**<br>Наурызкөже<br>Мақсат-міндеттер: Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту. Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру. Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу<br>Шаттық шеңберін құру.<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Наурызда қандай мерекелер болады?<br>Педагог қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындары туралы слайдтар көрсетеді. Өздеріне таныс тағамдар мен сусындарды атауды ұсынады. Балалар бауырсақ, қымыз, наурызкөжені атайды.<br>– .Наурызкөже туралы не білесіңдер? Наурыз мерекесінде дастарқан жайылады. Жеті түрлі тағамнан наурызкөже пісіріледі. Наурыз мерекесі көңілді өтеді.<br>– Бүгін автор *Серік Нұғыманның «Наурызкөже» әңгімесімен танысамыз*. Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгіме қалай аталады? Нартай әжесінен нені сұрады?<br>– Әжесі Нартайға не деді? Әжесі саусақпен тағамның қандай түрлерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қарап ғарыш әлемінің сурет салуға үйрету.<br>*Жапсыру, құрастыру іс-әрекеті бойынша* ақ қағаз бетіндегі ғарыш әлемінің суретін құрастырып, жапсыру<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* ғарыш кемесін үлгіге қарап мүсіндеу.<br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Әуе таяқ***<br>*Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.* | санады?<br>– Наурызкөжеге қандай дәндерді қосты?<br>***Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»*** (баланың есте сақтау қабілетін дамыту) Шарты: балалар шеңбер болып отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүріп, бір баланың артына тақия тастап кетеді. Бала сезіп қалса, атып тұрып соңынан қуады. Жүргізуші айналып келіп, оның босаған орнына отыра қалады. Жете алмаған бала айыбын өнерімен өтейді.<br>**Сергіту сәті**<br>Балаларға «Арқан тартыс» ойынын ойнату. Педагог әңгімені қайталап оқиды.<br>Соңғы үзіндісін балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте не бейнеленген? Жұбыңмен сурет бойынша рөлдік диалог құр.<br>2. Наурыз күні айтылатын тілекті жаттап ал.<br>Ақ мол болсын!<br>Қайда барсаң, жол болсын!<br>*Ақ мол болсын!* – сүт мол, тоқшылық болсын деген мағынада.<br>*Қайда барсаң, жол болсын!* – жолаушыға айтылатын ақ тілек.<br>Наурызкөжеге қосылмайтын нәрсені қоршап сыз. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгінгі әңгіме ұнады ма? Үйлеріңде наурызкөжені кім дайындайды?<br>Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | | | **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша).**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар,** | **Теректі бақылау.**<br>**(экологиялық мәдени дағдылар, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Қар су болып жөнелді,<br>Қалды дала жалаңаш.<br>Күн нұрына кеңелді,<br>Бүршік атып бар ... (Ағаш)<br>Тақпақ.<br>Алма ағаштың құшағы –<br>Қанат жайған бұтағы.<br>Жапырағы жүрегі,<br>Бұтақтары білегі.<br>**Бақылау.**<br>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Жіпті көтеру». (дене тәрбиесі)**<br>Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту.<br>**Еңбек. (еңбек іс-әрекеті)**<br>Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу.<br>Балаларды жерді қопсытып, суаруға үйрету. Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)**<br>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру. | **дамыту және көркем әдебиет)**<br>Тақпақ.<br>Гүлдерге толы ауламыз,<br>Біз өсеміз, толамыз.<br>Бәріміз де ер жетіп,<br>Үлкен жігіт боламыз.<br>**Бақылау.**<br>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік беру, табиғатқа сүйсінуге тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын. «Түйілген орамал». (дене тәрбиесі)**<br>Шеңберге тұрып, екі қолмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-қатынасты, ойын шартын сақтауға үйрету.<br>**Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. Көшетті суару. Су бұрқақпен жапырақтарға су себелеу.<br>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үйрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадақтау. Еңбек етуге деген оңды қатынасқа тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше таңдап алуы, шығармашылық қаблеттерін, қимыл-әрекеттерін дамыту.<br>**(дене тәрбиесі)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Салт-дәстүр. Жолаяқ.*<br>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айтысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>Қайық жаттығуы (ішпен жату, қолдары иектің астында, жоғары тартылып, еңкею, тербелу).<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>"Зергерлік бұйымдар"<br>Мақсат-міндеттер: ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Туған күн".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Ойын: «Касса»***<br>*Мақсаты: Кассалық әрекетті орындау, төлем жасау. Көрнекілік: Ойыншық касса, ақша, суреттер. Барысы: 1. Балалар кезекпен сатушы және сатып алушы болады. 2. Сатып алушы тиын береді. 3. Сатушы қайтарым береді (егер бар болса). Күтілетін нәтиже: «Ақша беру – тауар алу» логикасын үйренеді.* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***Тайғақ балшықтан сақ болу***<br>*Мақсаты: Жаңбырлы күндері тайғанап құламау ережесін үйрету. Міндеттері: – Қиын жағдайды алдын ала болжау дағдысын дамыту. Көрнекілік: Балшық жолдың суреті. Сабақ барысы: Балшықта жүгіру қауіпті екенін көрсету. Тәрбиеші: «Егер тайсақ, не болады?» – деп балаларға ойлантады.*<br>*Ереже: Балшық жерде жүгірме. Ақырын жүр. Қолыңды бос ұста. Сұрақтар: – Балшық жерде неге жүгірмейміз? – Қалай құлап қалмауға болады? Бекіту ойыны: “Жылдам не ақырын?” — әрекеттерді салыстыру.*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br>**"Тергеушілер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Шарты.<br>Педагог балаларға әртүрлі заттарды кезекпен көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (қаржылық сауаттылық)<br><br>***«Құстарға қамқорлық»***<br>***Экологиялық квест ойын***<br>*1 тапсырма «Ой сергіту».*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады. Балалар дұрыс жауап берсе жол ашылады.*<br>*Жұмбақтар жасыру.*<br>*2 тапсырма «Суреттер сөйлейді»*<br>*Пазл әдісі арқылы суреттерді құрастыру, құрастырылған сурет бойынша табиғатты ластайтын обьектілерді атайды.*<br>*3тапсырама. «Жанды және жансыз табиғат»*<br>*Балалар карточкалардан жанды және жансыз табиғаттарды екіге бөледі*<br>*4 тапсырма «Ғажайып нүктелер» «Ғажайып нүктелер» арқылы құстың суретін салады немес нүктелер үстімен құсты қиып, жапсырады, салынған бейнеге табиғи материалдарды қойып құрастырады.*<br>*Балалар барлық кедергілерден өтіп, сандыққа келеді. Сандықты кілтпен ашып, ішінен жемсалғышты алады. Тәрбиеші балаларға жемсалғышты балабақша ауласындағы ағашқа орналастырайық.* | бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).<br>Шарты.<br>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.<br>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.<br>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді.<br>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | .**"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен | Өнер туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | | | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **30.03-03.04.2026 ж** | | | | |
| | «Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап.» (Абай)* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балаларды тәрбиелеуде қиын мәселелері бар ата-аналарға арналған кеңестер беру.<br><br>Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.<br><br>Ата-аналарға кеңес. "Қыңырлықты шешу жолдары".<br><br>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.<br><br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау; сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br><br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.*<br><br>***экологиялық мәдени дағдылар, (еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"***<br><br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге).*<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрену. Еңбектенуге ниетін тәрбиелеу, ересектерге көмектесу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**Үстел үсті ойыны**<br><br>**«Бір сөзбен ата»** | **"Қандай музыка?" музыкалық-дидактикалық ойын.**<br>*Мақсаты:* музыка тыңдау қабілетін дамыту, балалардың музыканың эмоционалды-бейнелі | **Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Адасқан сандар".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде сандар тізбегі жайындағы білімдерін | ***«Еріншек егіншімен еңбекқор құмырсқа» ертегі***<br><br>[https://ustaz.kz/materials/word/erinsek_eginsimen_engbekqor_qumyrsqa_ertegi-67792.html](https://ustaz.kz/materials/word/erinsek_eginsimen_engbekqor_qumyrsqa_ertegi-67792.html) | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға суреттер беріледі, бір сөзбен ғана атауын атайды.<br><br>Мысалы.<br><br>"Қалам, қағаз, кітап, дәптер" - Мектеп құралдары.<br><br>"Теледидар, радио, компьютер, ұялы телефон" - Техника құралдары.<br><br>***Ұлттық ойын***<br><br>***«Сиқырлы таяқ».***<br><br>*Ойын шарты: Балалар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер құрып тұрады да, тәрбиеші ортаға шығады. Балаларға бір шетінен бастап барлығына рет қатарын білдіретін сандарын атайды. Сонан кейін тәрбиеші қолындағы таяғының бір басын жерге тіреп тік ұстайды да, кез келген бір ойыншының санын атап, таяқты қоя береді. Айталық, тәрбиешінің атаған саны төртінші, бесінші, оныншы не жиырмасыншы бола ма, әйтеуір, рет саны аталған бала ести салысымен жүгіріп*<br><br>*барып таяқты құлатпай ұстауы керек. Егер ол дауысты*<br><br>*аңғармай я болмаса жай басар болып, дереу алмай, таяқты*<br><br>*құлатып алса, онда ол ортада* | мазмұны туралы пікірлерін байыту<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет»**<br><br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру<br><br>**(сурет салу)**<br><br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>***Ұлттық ойын***<br><br>***«Тақия тастамақ»***<br><br>*Ойын мақсаты: балаларды шапшандыққа , ептілікке ойын арқылы баулу.*<br><br>*Ойын шарты:Балалар шеңбер жасап отырады. Ойын жүргізуші шеңберді айнала жүріп, өзі таңдаған бір ойыншының артына тақиясын тастап* | нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>**(таным іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын.***<br><br>***Хан «алшы»***<br><br>*Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.*<br><br>*Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.*<br><br>*Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды* | *Еңбек сүйгіштікке, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еңбекті бағалай білуге тәрбиелеу.*<br><br>***Ұлттық ойын. Үш табан***<br><br>*Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, үштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, я болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып* біткенше созылады. | *Күй «Хафиз»*<br><br>**"Скафандр киеміз" саусақ жаттығуы.** (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды).<br><br>Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары)<br><br>Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу)<br><br>Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (бір қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br><br>Қолды жеңге өткізіп, (екінші қолды бүгулі қалыптан ашып, созу)<br><br>Сыдырманы жүргізіп, (бір қолдың саусақтарын жинақтап, дене ортасы бойымен төменнен жоғарыға жүргізу)<br><br>Киеміз скафандрды. (екі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тұрып, көптің*<br><br>*ұйғаруымен өнер көрсетеді. Ол өнерін көрсетіп*<br><br>*болған соң қайтадан орнына барып тұрады. Егер*<br><br>*таяққа тез жетіп жерге құлатпай ұстап алса,*<br><br>*онда тәрбиешімен ойын жүргізушісі болып орын*<br><br>*ауыстырады.* | *кетеді де, қаша жөнеледі. Арқасына тақия*<br><br>*тасталған ойыншы оны қуалайды. Ойын*<br><br>*жүргізуші шеңберді айнала келіп*<br><br>*өзін қуалаған баланың орнына келіп*<br><br>*отыруы қажет. Егер үлгере алмаса ән*<br><br>*немесе би орын дап береді* | *жеңіске жеткен бала жалғастырады.* | | қолды жоғары көтеріп, бас төбесіне жауып салу, екі бетті екі алақанмен тіреп, баспен шайқау)<br><br>Алақай! Алақай!<br><br>Ғарышкерміз, балақай!<br><br>Алақай! Алақай!<br><br>Ғарышкерміз, балақай!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br><br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br><br>1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді; 3-көкірек тұсына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br><br>1-таяқшаны жоғары көтереді; 2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3-таяқшаны жоғары көтереді; 4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br><br>1-отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br><br>1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br><br>5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br><br>1-2-таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br><br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Таңғы асқа дайындық***<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br><br>*«Тамшыны сақтайық» Мақсаты: судың маңызын түсіндіру. Құралдар: көгілдір қағаздан қиылған «тамшылар». Барысы: • Әр балаға тамшы беріледі. • Тәрбиеші сұрақ қояды: • «Краннан су ағып тұр, жауып қойдым» – тамшыны сақтайды. • «Тіс жуғанда суды ағыза бердім» – тамшыны жоғалтады.*<br><br>**Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Ыстық құймақ пісірдім,<br><br>Тәрелкеме түсірдім.<br><br>Дәмді болды құймағым,<br><br>Құйып жедім қаймағын.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Мейірімді адамдар»**<br><br>*Ойынның мақсаты:*«мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту.<br><br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған | Қол саусақтарына арналған жаттығулар<br><br>**(музыка).**<br>*"Сұр көжек" әні*<br>"Сұр көжек" әніне сай саусақтарымен қоянның құлағын жасайды, құлағын қайшылайды, орындарында тұрып, саусақтарымен сәбіз | **Шона Смаханұлы**<br><br>**«Космосқа ұшамын».**<br><br>«Сәт сапар!» деп, достар берген<br><br>Гүлге толып құшағым,<br><br>Асамын да асқар өрден, | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. | **«Көңіл - күйдің кездесуі»**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттері: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу.<br><br>Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды<br>*(адалдық әліппесі)* | жегендей қимылдар жасайды. "Тағы да қоян болайық, балалар" деген педагогтің сөздеріне балалар қимылмен жауап береді. Бұл қимылдар бірнеше рет қайталанады. | Космосқа ұшамын.<br>Болса-дағы қанша көркем,<br>Көкте қайтіп жай табам?!<br>Ораламын асыл өлкем -<br>Отаныма қайтадан.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.<br>*(адалдық әліппесі)* |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынға буын қос<br>Мақсат-міндеттер:<br>1.Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту.<br>2. Сөз құрамын анықтау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беру дағдыларын дамыту.<br>3. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"У дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)." | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындардан сөз құра<br>Мақсат-міндеттер: 1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. 2.Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>3.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері. Жыл айлары | **Математика негіздері**<br>Жыл мезгілдері. Жыл айлары<br>Мақсат-міндеттер:жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету. Заттарды бір белгі бойынша біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру. Зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылық пен табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары." | **Математика негіздері**<br>Заттар тобы. Заттарды санау Мақсат-міндеттер: заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, себеп- салдарлық байланыстар мен заңдылықты орнату туралы дағдыларын бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, дербестікке тәрбиелеу.<br>**Тіл дамыту**<br>Ас атасы – нан<br>Мақсат-міндеттер: Мағынасы жақын, мағынасы қарама-қарсы | **Сауат ашу негіздері**<br>Буындардан сөз құра<br>Мақсат-міндеттер:<br>1. Буындардан сөз құрай лау дағдыларын жетілдіру.<br>2.Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту.<br>3.Тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу.В дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер:"У" дыбысы мен әрпін таныстыру. У у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып кездесетіндігін түсіндіру, "У" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, У дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге үйрету, балаларды халық мәдениетіне үйрету, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын тереңірек ашу және дамыту, қызығушылығын арттыру арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту, ою-өрнек түрлерімен таныстыру, ою-өрнек салу арқылы қолды жаттықтырып балалардыңшеберлігін ұштау<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Футбол ойнаймыз (таза ауада)<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. | Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету. Заттарды бір белгі бойынша біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру. Зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылық пен табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Волейболалаңында жаттығу<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Балалардың спорттық жаттығулар түріндегі түрлі қимылдар туралы түсінігін кеңейту. Тиімді тыныс алу, волейбол добын қажет бағытта бір қолмен домалату, допты қақпақылдату, тартып керілген жіптен асырып допты лақтыру, қайта қағып алу, допты қолына ұстап, шынтаққа тіреліп жорғалау, 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>ә) 20 см биіктікке жүгіріп келіп секіріп шығуға жаттығуды жалғастыру. Белгілі жерден итеріліп екпін | Мақсат-міндеттер:Балалардың ғарыш туралы түсінігін дамыту, осы сөзбен байланысты сөздермен ("ғарыш айлағы", "ғарышкер", "ғарыш") таныстыру; балалардың алғашқы ғарышкерлер Ю.Гагарин, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев туралы есіне салу; ғарыш, телескоп туралы әңгімемен таныстыру; күн жүйесі планеталарының атауларымен таныстыру; ғарыш туралы түсінік қалыптастыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту; балаларды шыдамдылыққа, ұйымдастырушылыққа, ұқыптылық пен достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>Айға ұшамын<br><br>Мақсат-міндеттер:Балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту. | сөздерді түсіндіру.<br><br>Әдептілік сөздерін қолдануға үйрету. Нанның қадірін білуге тәрбиелеу.<br><br>Педагог жұмбақ жасырады.<br><br>Ұзын мұртты сарылар,<br><br>Қойынында дәні бар. *(Бидай)*<br><br>Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың асылы.<br><br>Қуат берер күші бар. *(Таба нан)*<br><br>-Бидай қайда өседі?<br><br>-Бидайдың басында не болады?<br><br>Педагог ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Дән» өлеңін оқиды.<br><br>**Дән**<br><br>Жарып шыққан қауызын,<br><br>Дән – өмірлік азығың. Жегеніңде ақ нанды<br><br>Нәрге толар ауызың.<br><br>Ерте тұрып ақ таңнан<br><br>Қара жерге нәр құйған, Айналайын диқаннан<br><br>Егін егіп, нан жиған.<br><br>*(Ә. Дүйсенбиев)* | **Музыка**<br><br>Ғарышкерлер жыры<br><br>Мақсат-міндеттер:Балалардың әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билей білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>**Жапсыру, сурет салу, мүсіндеу,құрастыру**<br><br>"Зымырайды зымыран"<br><br>*Жапсыру:*Балаларды дайын тіктөртбұрыш, ұшбұрыш, шеңбер пішінді қағаздар арқылы зымыранның бейнесін құрастырып, жазық қағаз бетіне желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.<br><br>*Сурет салу бойынша* өз қиялдарына, ғарыш кемелері мен денелері, ғарышкерлер туралы түсініктеріне сүйеніп қағаз бетіне жоспарлап, орналастырып, салу дағдыларын жетілдіру.<br><br>*Мүсіндеу іс-әрекеті* шынайы бейнесін көре отырып ғарыш кемесін мүсіндеуге үйрету, 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимыл әрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді жалғастыру.<br><br>ә) Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір- біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру.<br><br>б) Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Тамшының саяхаты<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Табиғат құбылысы – жаңбыр, жаңбырдың түзілуі жайлы мәлімет беру.<br><br>ә) Танымдық зерттеу әрекетіне қызығушылықты, білуге | алуды жалғастыру. Қимыл жаттығуларының тиімділігін арттыра түсу.<br><br>б) Ептілікті, ұсақ моторика мен өзін-өзі басқаруды, төзімділікті, шапшаңдықты дамытып, салауатты өмір салтына бағыт алып, спортқа деген, командалық ойындарға деген қызығушылыққа баулу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>«Түлкі мен қоян»<br><br>Мақсат-міндеттер: Ертегіні мазмұндай білуге жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br><br>Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелеу.<br><br>Педагог жұмбақ жасырады.<br><br>Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын.<br><br>Құйрығымен бұлаңдап,<br><br>Қандай аң ол алдайтын? *(Түлкі)*<br><br>Көзі тостақ, өзі қорқақ. *(Қоян)*<br><br>– Дұрыс айтасыңдар, түлкі – айлакер, ал қоян – | **Көркем әдебиет**<br><br>**Тұсау кесу**<br><br>**Міндеттері:**<br><br>Ауыз әдебиеті шығармаларына сүйіспеншілігін ояту. Ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту.<br><br>Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>Шаттық шеңберін құру.<br><br>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге.<br><br>Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суреттерге аударады.<br><br>– Бұл қандай салт-дәстүр? Тұсау кесу туралы не білесіңдер?<br>– «Тұсау кесу» рәсімі бала аяғын қаз-қаз басқан кезде жасалады.<br>Баланың келешегіне ақ жол тілеп, тез жүріп кетсін деген ниетпен тұсауын кеседі. Ол үшін баланың аяғына ала жіп байлап, беделді адамға кескізеді.<br><br>Педагог ақын Оразақын Асқардың «Тұсау кесу» өлеңін | – Өлеңде не туралы айтылады?<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1.Нанның дастарқанға келу жолын ретімен әңгімеле.<br><br>2.Нанның түрлерін ата. Бидайдан басқа қандай дәнді дақылды білесің? Егер нан ақ болса, ... *(ақ бидайдан пісірілген)*<br><br>Егер нан қара болса, ... *(қара бидайдан пісірілген)*<br><br>Тағы қандай нан болады?<br><br>-Балалар, нан жасау үшін қандай мамандық иелері еңбек етеді? Далада өсетін дәнді дақылдармен тақтадағы суретке қарап таныстыру. Арпа, бидай, сұлы, жүгері – дәнді дақылдарға жатады.<br><br>Егістік далада өсетіндіктен дәруменге бай, организмге пайдалы. Дәнді дақылдардың барлығынан ұн жасалады.<br><br>Ұннан әртүрлі нан жасайды, оларды «нан өнімдері» дейді.<br><br>– Ұннан жасалатын өнімдерді не дейміз?<br>– Олар несімен пайдалы?<br>– Қандай нан түрлерін білесің?<br>**Сергіту сәті**<br><br>Мақалдармен таныстыру. | ерекшеліктерін қалыптастыру; ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; балардың ой-қиялын, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту. Батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>*Құрастыру бойынша* қағаз конустары мен цилиндрлерден зымыран жасай білуге үйрету; қағазды жобалау әдістерін қолдана отырып, тегіс материалды көлемді пішіндерге айналдыру, дайын үлгі бойынша жұмыс істеу, қарапайым сызба, контур бойымен кесу және кесу үшін қайшыны қолдану дағдыларын бекіту; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;<br><br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Төлдердің айтысы**<br>**Міндеттері:**<br><br>Төлдер туралы түсінігін кеңейту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құштарлықты, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>б) Табиғат құбылыстарының барлығын жақсы жағынан көруге баулу.<br><br>Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау барысында өздерінің қалаған шығармашылық орталықтарына барып іс-әрекет жасайды.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)**<br><br>**Музыкалық аспаптарында ойнау.**<br><br>**(музыка)**<br><br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. | қорқақ аң.<br>– Бүгін біз «Қоян мен түлкі» орыс халқының ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні мәнерлеп оқиды.<br><br>**Түлкі мен қоян**<br><br>**(ертегі)**<br><br>Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмай, үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. Ал қасқыр түлкінің артынан еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетеді.<br><br>Сөйтіп, түлкі орманда қайғырып келе жатса, ағаш түбінде отырған қоянды<br><br>көреді. Ол кезде қояндардың құйрығы ұзын, жүгіруіне кедергі келтіреді екен. Түлкі шап беріп, қоянды ұстап алыпты. Қоян қорыққанынан құйрығын қалдырып, қашып кетеді. Міне, содан бері түлкінің құйрығы ұзын әдемі де, ал қоянның құйрығы қысқа екен.<br><br>Сөздік жұмысы: құйрық, ін. Педагог сұрақтар қояды:<br><br>–Балалар, ертегі ұнады ма?<br>–Ертегіде нелер туралы | мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br><br>– Өлең не туралы? Өлеңнің қай сөзі есіңде қалды?<br>**Сергіту сәті**<br><br>Жүгіре қойшы, құлыным, Желбіресін тұлымың.<br><br>Елгезек бол, ерінбе, Ілгері бас, шегінбе!<br><br>Педагог «Тұсау кесу» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталатады, бірге жаттатады.<br><br>Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады.<br><br>3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызады.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Тұсау кесу туралы не білесің? Баланың тұсауын не үшін кеседі?<br>2. Тұсау кесуге керек заттарды белгіле.<br>3. Тұсау кесу рәсімінде балақайға қандай заттарды сыйлар едің? Суретін сал. Педагог жеке жұмыс | Ас атасы – нан. Арпа-бидай ас екен,<br><br>Алтын-күміс тас екен.<br><br>Педагог балалармен бірге мақалдардың мағынасын талқылайды.<br><br>***«Сөйлемді жалғастыр» ойыны***<br><br>Бидайды егіп, күтіп-баптайтын адам – ... . *(диқан)* Піскен бидайды жинайтын техника – ... . *(комбайн)* Бидайдан ұн тартатын жер – ... . *(диірмен)*<br><br>Ұннан нан пісірілетін жер – ... . *(наубайхана)*<br><br>Жарып шыққан қауызын» дегенді қалай түсінесің?<br><br>Бидай – қауызды жарып шығады. Жинаған кезде оны қауызынан тазартады. Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды.<br><br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Менің достарымның ойыны<br><br>Мақсат-міндеттер: а) | Бейнелеуде мәнерлілік құралдарын қолдануға үйрету. Төлдерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>Шаттық шеңберін құру.<br><br>Күннің нұрын сүйеміз, Ән саламыз күнде біз. Балдай тәтті достармыз, Әрқашанда біргеміз.<br><br>-Балалар, төрт түлік малға нелер жатады? (Слайдтан көрсетеді)<br><br>-Олардың төлдері қалай аталады? *(Бұзау, қозы, лақ, ботақан, құлыншақ)*<br><br>-Бүгін «Төлдердің айтысы» ертегісімен танысамыз.<br><br>Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>***Сұрақ-жауап:***<br><br>– Ертегі не туралы? Төлдер не үшін айтысты? Лақ қалай мақтанды?<br>– Бұзау, құлын не деп жауап айтты? Қозы мен ботақан не деді?<br>– Иесі төлдерге не деп басу айтты? Әңгіме қалай аяқталды? Балалармен бірге қайталап оқу. «Төлдерім, сендер босқа таласпаңдар, әрқайсысыңның өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айтылған?<br>–Түлкінің құйрығы қандай болыпты?<br>–Түлкі қасқырдан қалай құтылыпты?<br>–Қоянның құйрығы қандай болыпты?<br>–Қоян түлкіден қалай құтылады?<br>Педагог балалардан ертегінің мазмұнын сұрайды.<br>Сергіту сәті<br>**Сергіту жаттығуын**<br>**Т. Бердияровтың «Сұр қоян»** өлеңімен жасатуға болады.<br>Ұзын құлақ, сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің.<br>*Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр»*<br>Шарты: педагог жануарлар атауының бірінші буынын айтады, балалар соңғы буынын толықтырады.<br>Мысалы: түл – ..., қо – ..., қас | жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Баланың тұсауын кім кеседі? Тұсауы кесілген балаға қандай тілек айтылады? Балаларды мадақтау. | Тізбектелген түрлі жаттығуларды орындау дағдыларын дамыту. Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу.<br>ә) Ұшып келе жатқан доптан түрлі тактикалар қолданып қашуды бекіту. Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Өз әрекетін командадағы өзге ойыншылардың қимылымен үйлестіруін қалыптастыру.<br>б) Бір-біріне деген сыйластығын, келісімділігі мен толеранттыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Алғашқы телефон<br>Мақсат-міндеттер: а) Байланыс құралдарымен таныстыруды жалғастыру. Балаларды телефонның шығу тарихымен таныстыру.<br>ә) Ойын арқылы телефонның жұмыс істеу тәсілін түсіндіру. б) Балалардың ойын, қиялын дамыту.<br>"Жер - ортақ үйіміз!"<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)**<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* | орындарың бар, адам үшін бәрің де керексіңдер!» – деді иесі. Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталатады.<br>***Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту)<br>Шарты: педагог енесін атайды, балалар төлін табады немесе керісінше, төлі айтылады, енесін табу керек.<br>**Сергіту сәті**<br>Қошақаны қойдың, Қайда қалып қойдың? Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың?<br>Педагог ертегіні қайталап оқиды. Ертегінің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастыратыны туралы тапсырма беріледі. 2-3 бала мазмұнын айтады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суреттегі төлдерді ата. Төлдер өзі туралы не айтты?<br>2. Енесіне төлін табуға көмектес. Сызып қос.<br>3. Ұйқасын тап. Жағасында бұлақ, Жайылып жүр *(лақ)*<br>Балалар педагогтің жетелеуімен үй жануарлары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – ... – ...<br><br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br><br>• *Суреттегілерді ата*. Жануарлар атауын буынға бөл. Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br><br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.<br><br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша* шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.<br><br>*Құрастыру іс-әрекеті бойынша* үлгіге қарап табиғи (мақта, жүн, қағаз, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. | мен төлдері адамға не үшін керек екенін түсіндіреді.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Ертегі несімен ұнады? Үй жануарларының төлдерін ата. Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | | |
| **Серуен** | **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Тақпақ. | **Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Жұмбақтар. | **Құстардың ұяларын бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Жұмбақ.<br><br>"Шым тостаған". | **Ұяны бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Жұмбақ.<br><br>Ши түбінде шым кесе. | **Өсімдіктердің бірінші көктеуін бақылау (Ақселеу).**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>Тақпақ.<br><br>Үлбіреген бақбақ, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұшып, қонып жүр торғай,<br><br>Жем іздейді.<br><br>Серігіне табасын жегізбейді,<br><br>Құттай дәнді қиядан көзі шалып,<br><br>Байғұс сірә көрмейді өгіздерді.<br><br>Бақылау. Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.<br><br>**Қимылды ойын. «Көптерді қуып жет». (дене тәрбиесі)**<br><br>Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбексүйгіштікке баулу.<br><br>**Еңбек.** *"Құстарды тамақтандыр".* ***(еңбек іс-әрекеті)***<br><br>*Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу.*<br><br>**Өз бетімен ойындар.** Әр балаға өзіне ұнайтын ойынды ойнауға мүмкіншілік беру.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | Ұзақ тектес құс,<br><br>Шіркей жеп.<br><br>Ауыл маңынан<br><br>Ұзап кетпес құс. (Қараторғай)<br><br>Талдың басында,<br><br>Жемі бар қасында.<br><br>Там тұр саялы,<br><br>Достарға аялы. (Құс ұясы)<br><br>**Бақылау.**<br><br>Көктемнің келуімен жәндіктердің жандануына байланысты, құстар көбейеді. Қар ерігенде ұзақтар құрт-құмырсқаны іздеп жерді шұқылайды. Олардың қимылдарына көңіл бөлу керек. Құстарға қамқор болуға баулу.<br><br>**Қимылды ойын. «Құлыншақ» (ұлттық ойын). (дене тәрбиесі)**<br><br>Тізесін жоғары көтеріп, шеңберді айнала отырып, алға секіре білуге үйрету. Арқашықтықты сақтай білу, белгі бойынша кері жүруге үйрету, балалардың ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.<br><br>**Еңбек.***Ауладағы жұмыс. Көшеттерді отырғызу.* | Далаға кім тастаған?<br><br>(Құстың ұясы)<br><br>**Бақылау.** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын. «Өрт сөндірушілер».**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту.<br><br>**Еңбек.** *Жер қазу жұмысы (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау).*<br><br>*Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалықты сақтауға және еңбек етуге тәрбиелеу.***(еңбек іс-әрекеті)** | (Ұя)<br><br>Тақпақ.<br><br>Құстар ұя салады,<br><br>Жасауға жұмсақ ұяны.<br><br>Жабағы жүнді жияды,<br><br>Жайлы қып жасап ұяны<br><br>Жұмыртқасын салады.<br><br>**Бақылау.** Шатыр астындағы ұяны бақылау, ағаштағы құстардың ұяларының ерекшелігін белгілеу. Құстар ұяны жасайды. Өздері ағаш бұтақтарынан, жүннен, шөптен құрайды. Балапандарын ұрғашы құс басады, ал еркегі тамақ тауып, ұяның жаныңда ән айтып отырады.<br><br>**Қимылды ойын. «Кім шақырды?»**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Белгі арқылы шеңберге тұруға дағдыландыру. Жолдасының дауысын тануға үйрету, ойын шартын орындату. Жануардың дауысын салу, бұйрықсыз бұрылмау. Есте сақтау мен төзімділік қабілетін арттыру.<br><br>**Еңбек.** *Жер қазу жұмысы. Гүлзарлар қазу.* ***(еңбек іс-әрекеті)***<br><br>*Гүлзар жұмысында тәрбиешіге* | Үлпілдеген аппақ.<br><br>"Уф!"-десем бақбақ,<br><br>Ұшасың ғой қаптап.<br><br>**Бақылау.** Назар аударыңыздар: жердің жылуымен жаңа өсімдіктер пайда бола бастайды. Өсімдіктер алдымен күннің жылы қызуымен өседі. Бір-екі өсімдіктерді айыра білу. Өсімдіктерді аялауға тәрбиелеу.<br><br>**Қимылды ойын. «Күшік пен мысықай».**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Гимнастикалық қабырғада 4 аяқтап өрмелеу қабілетін арттыру. Ептілік пен төзімділікке тәрбиелеу.<br><br>**Еңбек.***Гүлзарға гүл тұқымын себу.* ***(еңбек іс-әрекеті)***<br><br>*Өз еркімен таяқшамен қуыс жасауды және суаруды үйрету. Өз еңбегіне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.*<br><br>**Өз бетімен ойындар.** Құммен ойын.<br><br>Алдын ала келісім арқылы өзара жұмыстарды бөлісу, бір-бірінің жұмысын үйлестіру және біріккен жігермен нәтижеге жетуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Балаларды бақта жұмыс істеуге баулу, гүлзар қазу, суару. Еңбекке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)*<br><br>**Өз бетімен ойындар.** «Үй».<br><br>Балаларды 2-3 рөлге бөлу, ойын барысында бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | **Өз бетімен ойындар. «Гараж».**<br><br>Балалардың құралдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету. Ойын барысында «жол» салуға басшылық жасау. Танымал ойындарды өз қатарларымен ұйымдастыру қабілетін арттыру. | *көмектесу, еңбек ету тапсырмаларын орындату. Ересектерге көмектесу, бастамасын мадақтау.*<br><br>**Өз бетімен ойындар. «Ғарышкер». (шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Балалар құрылыс ойынында зымыран құруға үйрету, жағдай жасау, керек заттар мен ыңғайлы орын дайындау. Ойында татулық қарым-қатынасын тәрбиелеу. | үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Ыстық құймақ пісірдім,<br><br>Тәрелкеме түсірдім.<br><br>Дәмді болды құймағым,<br><br>Құйып жедім каймағын.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***«Күй күмбірі»***<br><br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br><br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br><br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.***<br><br>*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысқан жағдайда дұрыс әрекет етіп, өздерін қорғап, көмекшақыруға үйрету.*<br><br>*Міндеттері:*<br><br>*Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.*<br><br>*Балаларға бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан бас тартудың маңыздылығын түсіндіру* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***«Орманда, табиғатта серуен»***<br><br>*Мақсаты: Ормандағы, табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлыққа үйрету.*<br><br>*Әрекет: «Тікен бар – абайла!», «Білмейтін саңырауқұлақты алма!» , «Жүгірме», «Ересектермен бірге жүр», «Ағашқа шықпа»*<br><br>*Көрнекілік: қауіпсіздік суреттері.*<br><br>"Үй жануарларының өрістегі жолдарын салыстырайық"<br><br>Ұйымдастырылыған іс-әрекет барысында үй жануарларына арнайы жол салып, жолдарын тез әрі оңай салыстыруға көмектесу**.** **(құрастыру)**<br><br>Егер балалар құрастыру іс-әрекетін жасағысы келмесе | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күй «Хафиз»*<br><br>"Зымыран ұшар ғарышқа"<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)**<br><br>Мүсіндеу бойынша балаларды есу, созу, тегістеу әдістерін қолдана отырып зымыранды мүсіндеуге үйрету.<br><br>*Сурет салу бойынша* ақ қағаз бетіне бастырылып шығарылған ғарыш кемесі суреттерін қылқаламмен бояу. суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.***<br><br>*Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысқан жағдайда дұрыс әрекет етіп, өздерін қорғап, көмекшақыруға үйрету.*<br><br>*Міндеттері:*<br><br>*Балаларды бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*«Бала қауіпсіздігі басты назарда»*<br><br>*«КӨШЕДЕГІ БЕЙТАНЫС АДАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУГЕ БОЛАДЫ?»*<br><br>*тақырыбында әңгімелесу*<br><br>***«Кімнің еңбегі?» ойыны***<br><br>*Суреттер көрсетіледі:*<br><br>• *Тәрбиеші – балаларға сабақ өтеді;*<br><br>• *Аспаз – дәмді тамақ пісіреді;*<br><br>• *Тазалықшы – бөлмені таза ұстайды;*<br><br>• *Дәрігер – балаларды* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *(балмұздақ, кәмпит, сағыз, ойыншық және т.б.).*<br><br>*Балаларды күмәнді жағдайларды тануға және мұндай жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету.*<br><br>*Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар бейнеленген*<br><br>*иллюстрациялар немесе суреттер, қабылдануы тиіс әрекеттер* бейнеленген карточкалар.<br><br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br><br>Ойын шарты.<br><br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br><br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің | мүсіндеу орталығына шақыру және сүйіті жануарларын мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу)**<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекет)**<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Жаман - жақсы".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Кememен саяхат".**<br><br>Мақсаты: Балаларға кеме арқылы саяхаттау, теңіз портының қызметі туралы түсінік беру; түрлі мамандықтармен таныстыру; қаржылық сауаттылықты қалыптастыру; мәдениеттілік пен тәртіпке тәрбиелеу. | қиғашынан жүргізу.<br><br>*Жапсыру бойынша* шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br><br>*Құрастыру бойынша* табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br><br>**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | *Балаларға бейтаныс адамдардың ұсыныстарынан бас тартудың маңыздылығын түсіндіру (балмұздақ, кәмпит, сағыз, ойыншық және т.б.).*<br><br>*Балаларды күмәнді жағдайларды тануға және мұндай жағдайларда дұрыс әрекет етуге үйрету.*<br><br>*Материалдар мен ресурстар: әртүрлі жағдайлар бейнеленген*<br><br>*иллюстрациялар немесе суреттер, қабылдануы тиіс әрекеттер* бейнеленген карточкалар.<br><br>**«Кім жылдам?»**<br><br>**(қазақ тілі)**<br><br>Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.<br><br>**Ұлттық ойын.** | *тексереді.*<br><br>*Сұрақ: – Бұл адамдар не істейді?*<br><br>*– Олар еңбегі үшін не алады?*<br><br>*Балалар: «Жалақы!»*<br><br>*3. <u>«Жалақы қайда жұмсалады?»</u>*<br><br>*Тәрбиеші: – Аспаз апай алған ақшасына не сатып алады?*<br><br>*Балалар: «Тамақ, киім». – Ал дәрігер апай ше?*<br><br>*Балалар: «Үйіне керек зат».*<br><br>*Қорытынды: Әр адам еңбегі үшін ақша табады. Ақша – еңбектің жемісі.*<br><br>*4. Қимылды ойын «Ақша дұрыс жұмсалсын»*<br><br>*• Балаларға ойыншық тиын таратылады.*<br><br>*• «Дүкен» ойынында дұрыс тауарды таңдайды (нан, сүт, дәптер) және артықты алмайды (алтын тәж, 10 ойыншық т.б.).*<br><br>*5. Қорытынды – Балалар, балабақшада әр қызметкердің еңбегі бар. Олар біз үшін жұмыс істейді. Сондықтан олардың еңбегін сыйлау керек.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: құбылыстар арасындағы себептік байланысты түсінуге үйрету; сөздерді дұрыс таңдауға жаттығу жасау.<br><br>Міндеттері: балаларға сөйлем құрауға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, келісілген сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Дидактикалық ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>Ойын барысы. Тәрбиеші сөйлемді бастайды: «Мен жылы тон кидім, өйткені…», «Балалар бастарына панама киді, өйткені…», «Далада жаңбыр жауып тұр, өйткені…»<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Міндеттері: • Кемемен саяхат қалай өтетінін түсіндіру • Теңіз портының қызметін таныстыру<br><br>• Мамандар туралы түсінік беру: капитан, даяшы, күтуші, есепші, бақылаушы (полиция) • Жолаушылардың тәртібі туралы білімдерін бекіту • Рөлдік ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту • Ақша, билет, төлем туралы бастапқы түсінік беру (қаржылық сауаттылық)<br><br>*Қажетті құралдар:* • Кеме макеті немесе орындықтардан «кеме» жасау • Билеттер (қағаздан) • Жасанды ақша<br><br>• Капитан бас киімі • Даяшыға алжапқыш • Кассирге есеп дәптері • Сөмкелер, ойыншықтар<br><br>*Рөлдер:* • Капитан • Кассир (есепші) • Бақылаушы (полиция) • Даяшы • Күтуші • Жолаушылар *Ойын барысы:*<br><br>*1. Ұйымдастыру кезеңі*<br><br>Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз кемемен саяхатқа шығамыз! Кеме қайдан жүреді? (порттан) Балаларға теңіз порты туралы қысқаша түсіндіріледі.<br><br>*2. Билет сатып алу (қаржылық сауаттылық)* • Балалар кассаға барып билет сатып алады | | **Асықты тігіп ойнау**<br><br>**(дене тәрбиесі)** | *(қаржылық сауаттылық)*<br><br>**Дамытушы ойын.**<br><br>**"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".**<br><br>**(қазақ тілі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br><br>Шарты.<br><br>1-нұсқа.<br><br>Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды немесе құбылысты көрсетеді.<br><br>2-нұсқа.<br><br>Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен қимылдарды көрсетеді.<br><br>3-нұсқа.<br><br>Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | • Ақшамен төлем жасайды<br><br>• Кассир билет береді<br><br>*Балалар үйренеді:* • Ақша төлеу • Қайтарым алу • Билет сақтау<br><br>*3. Кемеге отыру* • Бақылаушы билеттерді тексереді • Жолаушылар тәртіппен кіреді<br><br>*4. Саяхат кезеңі* • Капитан бағыт береді: «Біз теңізде жүзіп келеміз!» • Даяшы тамақ ұсынады • Күтуші тазалық сақтайды<br><br>*5. Қиын жағдай (ойынды жандандыру)*<br><br>Тәрбиеші: – Балалар, толқын көтерілді! Не істейміз?<br><br>Балалар: • Тыныш отыру • Қауіпсіздік сақтау<br><br>*6. Саяхаттың аяқталуы* • Кеме портқа келеді • Балалар түседі *Қаржылық сауаттылық элементтері:* • Ақшаның не үшін керек екенін түсіну • Билет сатып алу • Қызмет үшін төлеу<br><br>• Ақшаны үнемдеу<br><br>*Қорытынды:* • Қайда бардық? • Кім қандай рөл атқарды? • Билет не үшін керек? • Кемеде қалай тәртіп сақтау керек?<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-** | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **әрекеті,қаржылық сауаттылық)** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Дамытушы ойын: «Төрт түлік мал»<br><br>**(математика негіздері)**<br><br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br><br>Барысы.<br><br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдері белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br><br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)** | **Өлең жаттау.**<br><br>Бала тілін дамыту.<br><br>Көкке ұшамын -<br><br>Ұшқыш болар баламын.<br><br>Соңына ерем<br><br>Ер ғарышкер ағаның.<br><br>(Тұманбай Молдағалиев)<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **Сергіту сәті.**<br><br>"Ғарышқа самғап ұшайық."<br><br>- Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы!Ол үшін «Қоңыраулар сыңғыры» әнін таспадан қойып , тыңдау арқылы қимылдар жасау<br><br>Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп, қолдарын жоғары-төмен қозғау),<br><br>Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).<br><br>Қанаттарды кең жайып (қолдарды жан-жаққа тік жаю),<br><br>Ұшақ болып ұшайық (жайылған қолдармен ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу")<br><br>- Зуууу! Зуууу!<br><br>Балалар педагогке еліктеп әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.<br><br>**(музыка)** | **"Мен ғарышкер боламын" өлеңін жаттау.**<br><br>Аспан, аспан, арайлым,<br><br>Саған жиі қараймын.<br><br>Сені көзбен шоламын...<br><br>Мен ғарышкер боламын.<br><br>Ж.Смақов<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Баланы ойлануға қалай үйретуге болады?» атты тақырыпта ата-аналарға кеңес. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Баланың демалысын дұрыс ұйымдастыру». | «Отбасындағы бала тәрбиесінің маңызы» тақырыбында ата-аналарға кеңес. | Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу** | **06.04-10.04.2026 ж.** | | | | |
| **кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | «Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.»(Леонардо да Винчи)* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.<br>«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог)<br><br>"Balaңызға ертегі оқисыз ба?" тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнама.<br><br>*Өнеглі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Бөлме өсімдіктерін суғару".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.*<br><br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Орындықтарды жуу".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Ойыншықтардағы тәртіп".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау; жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күйдің сазымен қимылдар* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***«Бала қауіпсіздігі басты назарда»***<br><br>***Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қалай әрекет ету*** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күйдің сазымен қимылдар* | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***«Бала қауіпсіздігі басты назарда»***<br><br>***Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, қалай әрекет*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды тез ойлануға тәрбиелеу.<br><br>Барысы:<br><br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық.<br><br>Балалар суреттерді жылдам қойып шығады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>**"Боямақты бояйық".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілін бояу.<br><br>**(сурет салу)**<br><br>***Бес табан.***<br><br>***(асық ойыны)***<br><br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген* | *жасау.*<br><br>***Күй «Қылқобыз»***<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br><br>"Глобус"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды ермексазды домалақтау әдісін қолдана отырып "глобусты" мүсіндеуге, ермексазды жағу арқылы құрлықты бейнелеуге үйрету.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Қимылды ойын: «Қоқыстан тазалау» (балалар 2топқа бөлініп үстел үстінде)**<br><br>Шарты: Ғаламшарды қоқыстан тазарту керек, ол үшін мына геометриялық денелерді пішініне қарай топтастыруымыз керек.<br><br>**(дене тәрбиесі, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Асық ату (хан ату).***<br><br>*Ойынға бірнеше адам* | ***керектігін түсіндіру.***<br><br>*«Бейтаныспен кездесу» графикалық бейнероligін қарап, негізгі қауіпсіздік ережелерін талқылау:*<br><br>***1-ереже. Ешқашан бейтаныс адамдарға ерме***<br><br>*Балаларға бейтаныс адамдарға еріп кетуге болмайтынын (тіпті оларқызықты немесе тәтті нәрселер ұсынса да) түсіндіру.*<br><br>*Балаға біrдеңе ұсынған бейтаныс адам бейнеленген иллюстрацияларды*<br><br>*көрсету.*<br><br>***2-ереже. Сенімді ересектерге жақын бол***<br><br>*Балаларды әрқашан ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жанындаболуға үйрету.*<br><br>*Ересек адамның қолынан ұстап тұрған баланың суретін көрсету.*<br><br>***3-ереже. Дауыс шығарып, көмекке шақыр***<br><br>*Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, балалар «Көмектесіңдер!»* | *жасау.*<br><br>***Күй «Қылқобыз»***<br><br>***Ойын "Мен не істеп жатқанымды тап?"***<br><br>*Мақсаты: Балалардың еңбек әрекеттері туралы түсініктерін кеңейту. Зейінді дамыту.*<br><br>*Ойын барысы: Мұғалім мен балалар қол ұстасып, шеңберге тұрады. Бала шеңбердің ортасына шығады. Барлығы шеңбер бойымен жүріп, сөздерді айтады:*<br><br>*Біз сіздермен бірге жұмыс істейміз,*<br><br>*Тапсырманы ұмытпайық.*<br><br>*Ескірмеңіз, орындаңыз*<br><br>*Менен кейін қайталаңыз!*<br><br>*Мұғалім еңбек әрекеттерін тек қимылдармен ғана емес, сонымен қатар (мүмкін болса) дыбыстармен беру арқылы имитациялайды. Мысалы, еденді шаңсорғышпен тазалайды, шеге қағады, аралайды, көлік жүргізеді, кір жуады, бір шелек су тасиды, айнаны сүртеді,* | ***ету керектігін түсіндіру.***<br><br>*«Бейтаныспен кездесу» графикалық бейнероligін қарап, негізгі қауіпсіздік ережелерін талқылау:*<br><br>***1-ереже. Ешқашан бейтаныс адамдарға ерме***<br><br>*Балаларға бейтаныс адамдарға еріп кетуге болмайтынын (тіпті оларқызықты немесе тәтті нәрселер ұсынса да) түсіндіру.*<br><br>*Балаға біrдеңе ұсынған бейтаныс адам бейнеленген иллюстрацияларды*<br><br>*көрсету.*<br><br>***2-ереже. Сенімді ересектерге жақын бол***<br><br>*Балаларды әрқашан ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жанындаболуға үйрету.*<br><br>*Ересек адамның қолынан ұстап тұрған баланың суретін көрсету.*<br><br>***3-ереже. Дауыс шығарып, көмекке шақыр***<br><br>*Бейтаныс адам оларды алып кетуге тырысса, балалар «Көмектесіңдер!» немесе*<br><br>*«Мен бұл адамды танымаймын!» деп қатты айқайлау керектігін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады.* | *қатысады. Әрбір ойыншылар кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпан (сақамен) қалған асықтарды шертеп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана атады. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық, ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді…* | *немесе*<br><br>*«Мен бұл адамды танымаймын!» деп қатты айқайлау керектігін түсіндіру.*<br><br>*Дауыс шығарып тұрған баланың суретін көрсету.*<br><br>***4-ереже. Қауіпсіз орынға қарай жүгір***<br><br>*Балаларды қауіпсіз орынға жүгіріп баруға мысалы, ата-анасына, педагогке, полиция қызметкеріне немесе сенуге болатын басқа ересек адамға үйрету.*<br><br>*Қауіпсіз орындардың (дүкен, мектеп, полиция бөлімі) суреттерін көрсету.*<br><br>***5-ереже. Болғанжағдайды ересек адамға айт***<br><br>*Балаларды кез келген күмәнді жағдай немесе бейтаныс адамның оларды алып кетуге тырысқаны туралы ересек адамға міндетті түрде* айтуға үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу**<br><br>"Түйе"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды түйенің пішінін | *ағаш кеседі, үккіштен өткізеді, ет тартқышта бірдеңені айналдырады. Балалар қимылды қайталайды және оны болжайды.*<br><br>***«Үнемді тұтыну»***<br><br>***«Жарық керек пе?»***<br><br>*Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен).*<br><br>*Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.*<br><br>*• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.* | *түсіндіру.*<br><br>*Дауыс шығарып тұрған баланың суретін көрсету.*<br><br>***4-ереже. Қауіпсіз орынға қарай жүгір***<br><br>*Балаларды қауіпсіз орынға жүгіріп баруға мысалы, ата-анасына, педагогке, полиция қызметкеріне немесе сенуге болатын басқа ересек адамға үйрету.*<br><br>*Қауіпсіз орындардың (дүкен, мектеп, полиция бөлімі) суреттерін көрсету.*<br><br>***5-ереже. Болғанжағдайды ересек адамға айт***<br><br>*Балаларды кез келген күмәнді жағдай немесе бейтаныс адамның оларды алып кетуге тырысқаны туралы ересек адамға міндетті түрде* айтуға үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».**<br><br>Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану.<br><br>Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салуға үйрету; трафаретті бастырып жалпы сұлбасын, түйе арқасының үстіне алтыбұрышты пішінді бастыру техникасын игерту.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>Түйені зерттеу<br><br>Мақсат-міндеттер. Түйенің тіршілігін, қорегін, сипатын сипаттау.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"**<br><br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br><br>1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)<br><br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br><br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br><br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br><br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br><br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br><br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br><br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**(дене тәрбиесі)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тағы міне, таң атты,<br><br>Дайын дәмді тағамдар.<br><br>Үлпілдеген тиінге,<br><br>Жарып берем жаңғақты.<br><br>Қою сүтті беремін,<br><br>Мысық пенен күшікке.<br><br>Түлкіге қою айран,<br><br>Тышқанға дәндер салам.<br><br>Ақ қоянға тәтті нан,<br><br>Тосап беремін араға.<br><br>Таңғы ботқа береміз,<br><br>Бақшадағы балаға.<br><br>**Салт-дәстүр. Асату.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Жарқырап күн де ашылды,<br><br>Айналаға нұр шашылды.<br><br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br><br>Қайырлы күн! Біз сүйікімді баламыз!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Жүректен жүрекке<br><br>Балалар шеңберге тұрып төмендегі өлең жолдарын қайталайды:<br><br>Күніміз ашық болсын!<br><br>Түніміз тыныш болсын!<br><br>Ауамыз таза болсын!<br><br>Суымыз мөлдір болсын!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br><br>**(музыка)**<br><br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br><br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br><br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br><br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.<br><br>**(адалдық әліппесі)** | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттер: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.<br><br>Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br><br>**(адалдық әліппесі, қазақ тілі)** | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br><br>Арайлап таң атты,<br><br>Алтын сәуле таратты.<br><br>Жарқырады күніміз.<br><br>Жарқырайды даламыз.<br><br>Қайырлы таң,<br><br>Қайырлы күн, балалар!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Сөздегі дыбыстың орны<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Буынның орнын анықтау<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтылу | **Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау Мақсат-міндеттер: заттарды санау және заттар тобын | **Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау Мақсат-міндеттер: заттарды санау, заттар тобын салыстыру, | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Сөздерді дыбыс пен буын<br><br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекет** | бекіту.2.Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс, буын туралы алған білімдерін пысықтау.<br><br>3.Дербес жұмыс істеу алуға еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"И дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br><br>Мақсат-міндеттер: "И" дыбысы мен әрпімен таныстыру. И дыбысын сөздің басында, ортасында кездесетінін ұғындыру, "И" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, И дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге үйрету, балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген | барысында ажыратуды жетілдіру.<br><br>2.Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.<br><br>3.Дұрыс отырмаудың денсаулыққа зиян екенін түсіндіріп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау<br><br>Мақсат-міндеттер: заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау дағдыларын жетілдіру. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Менің достарымның ойыны<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға қос аяқтап секіру; кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден оң және сол аяқты алмастыра отырып жүруге үйрету. | салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"Отан деген не? А.Пушкинннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісін әңгімелеу".<br><br>Мақсат-міндеттер: Балалардың Отан, оның байлығы, елді-мекендері туралы түсініктерін кеңейту; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" туралы ертегісінің негізгі мазмұнымен таныстыру; адамның өз қалауын, еңбектің мағынасы туралы түсініктерін қалыптастыру; "Отан оттан да ыстық" мақалымен таныстыру; суреттерге сүйене отырып, диалогтарда қарапайым сөйлемдер құру арқылы Отан туралы ойды білдіруге үйрету; А.С. Пушкиннің "Балықшы мен балық" ертегісінің негізгі мазмұнын мұқият тыңдауға, оқиғалардың реттілігін есте сақтауға үйрету; жазба мен сөздік жұмыстар, тыңдалым дағдысын, қиялды дамыту; туған | жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Атамның ауылында<br><br>Мақсат-міндеттер:Үй жануарлары туралы түсінігін кеңейту. Сөздік қорын дамыту.<br><br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.Педагог тақтаға төрт түліктің суреттерін іліп қояды.<br><br>Балалар, төрт түлік малды қайда өсіреді? Ендеше, ауылдың тыныс-тіршілігімен танысайық<br><br>**Сөздік жұмысы:**<br><br>*төрт түлік* – төрт түлік малға жылқы, түйе, сиыр, қой-ешкі жатады Төрт түліктің адамға пайдасы мол. Еті, сүті, жүні | 1.Дауысты,дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br><br>3.Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.<br><br>4.Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br><br>**Музыка**<br><br>Атамекен, ақ мекен<br><br>Мақсат-міндеттер: Балалардың әннің сөзі мағынасын түсіне білу, музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу, музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білу, ; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айта білу қабілеттерін жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға дағдыландыру; музыканы есту қабілетін дамыту.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br><br>«Мақтақыз бен мысық» ертегі желісі бойынша |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Өз ойларын толық жеткізіп, әңгімелеу дағдыларын пысықтау.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Қазақхалқыныңұлттықойындары(тазааауада)Мақсат-міндеттер: а) Заттарды көлденең нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді, «малдас құрып отырып» ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, қағып алуды үйрету.<br><br>ә) Тепе-теңдікті сақтауды, негізгі қимыл түзету жаттығуларын жасауды, асықты гимнастикалық ұзын орындықтың үстімен келе жатып, алдына, артына жинауды, ұсақ заттарды (асықтарды) малдас құрып отырып атуды, қағып алуды бекіту. Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру.<br><br>б) Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен | **Тіл дамыту**<br><br>«Алғыс айтамыз»<br><br>Мақсат-міндеттер: Шығармашылықпен әңгімелеуін жетілдіру. Ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру. Ізеттілікке тәрбиелеу.<br><br>–Балалар, жарты шеңбер болып тұрып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.<br>–Көңіл күйлерің қалай?<br>–Ондай болса, көтеріңкі көңіл күймен іс-әрекетімізді бастайық. Біз алғыс айтып үйренейік.<br>**Сөздік жұмысы:**<br><br>*алғыс* – ықылас, ризашылық, жақсы тілек<br><br>*ризашылық* – риза болу, жақсылықты бағалау<br><br>– Сендерге кім алғыс, жақсы тілектер айтады?<br>– Ана – ең жақын мейірімді жан. Аналарыңның бойындағы жақсы қасиеттерді айтыңдаршы.<br>– Сендер автобуста үлкендерге орын бергенде, ол кісі не айтады?<br>– «Рақмет» сөзі саған деген алғысын білдіреді.<br>Педагог алдын ала дайындаған суреттерді тақтаға іледі.<br><br>– Суреттегі балаларға ат | жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке, адамның еңбегіне, деген құрмет сезіміне тәрбиелеу."<br><br>**Музыка**<br><br>"Атамекен"<br><br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Тазалық пен ұқыптылық<br><br>Мақсат-міндеттер: Тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту. Сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу.<br><br>Өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу<br><br>Шаттық шеңберін құру.<br><br>Сылдырлайды сылдыр су, | күнделікті тұрмыста пайдаланылады.<br><br>– Ауылда ата-әжелеріңе, туыстарыңа қонаққа барасыңдар ма?<br>– Үй жануарлары қайда мекендейді?<br>– Жылқыға мініп көрдіңдер ме?<br>– Сиыр адамға не береді?<br>– Қой не береді?<br>– Түйе қандай жануар?<br>– Ешкі сүтінің емдік қасиеті бар екенін білесіңдер ме?<br>– Үй жануарлары *ұсақ мал, ірі мал, ірі қара* деп бөлінеді. Қой, ешкі ұсақ мал, жылқы, түйе ірі мал, ал сиыр ірі қараға жатады.<br><br>– Осы төрт түліктің төлдерін айтып беріңдерші. *(Құлын, бұзау, бота, қозы, лақ)*<br>– Жылқыны кім бағады? *(Жылқышы)*<br>– Сиырды кім бағады? *(Сиыршы, бақташы)*<br>– Түйені кім бағады? *(Түйекеш)*<br>– Қой бағатын кісіні кім дейміз? *(Қойшы, шопан)*<br>– Жылқының пірі – Қамбар ата, түйенің пірі – Ойсылқара, қойдың пірі – Шопан ата, сиырдың пірі – Зеңгі баба, ешкінің пірі – Шекшек ата деп аталады.<br>– Малшы ауылдағы күнделікті жұмыс – малды күтіп-бағу. Құрт, айран, ірімшік, шұбат, қымыз жасайды.<br>Мына ауыл суретіне қарап әңгіме өрбітіңдер. Төрт түлік туралы мақал-мәтелмен | балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды.<br><br>Балаларды ертегі желісімен таныстыру.<br><br>Сурет салу:<br><br>- ертегі кейіпкерлері және олардың қарым-қатынастары туралы білімдерін нақтылау; - қарындашпен және қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын бекіту; - ертегі желісі бойынша кейіпкерлер бейнесін бере білу дағдысын қалыптастыру, -балалрды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу<br><br>Мүсіндеу:<br><br>бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, кейіпкердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, ертегі мазмұны бойынша сюжеттік композиция құру, ертегі үзіндісінен қарапайым сахналық қойылым ойнауға үйрету, тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br><br>Жапсыру:Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толеранттылыққа баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Біз – табиғаттың досымыз Мақсат-міндеттер:а) Жануарлар әлемі (аңдар, құстар, жабайы және үй жануарлары т.б.) туралы білімдерін қорытындылау.<br><br>ә) Жануарларды топқа бөле алуды білу. Зейіндері мен бақылағыштықтарын дамыту.<br><br>б) Қоршаған ортаға, онда тіршілік ететін жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br><br>. | қойыңдар. «Алғыс» туралы әңгіме құраймыз. Мен бастап беремін, сендер жалғастырасыңдар.<br>– Қасым мен Хасен анасымен бірге автобусқа мінді. Автобуста адам көп еді. Бос орын табыла қоймады. Сығылыса келе Қасым мен Хасен бір әжейдің жанына отырды. Анасы тұрып қалды. Анасының тұрғанын көріп олар:<br><br>– Анашым, мұнда отырыңыз, біз түрегеп тұрамыз, – деді. Анасы жай ғана езу тартып күліп:<br>– Отыра беріңдер, құлындарым, – деді. Әжей:<br>– Қандай тәрбиелі балалар, – деп ризашылығын білдірді. Автобустан түскесін анасы Қасым мен Хасенге алғыс айтты... Әңгімені жалғастырыңдар.<br>– Сендер қандай жағдайда алғыс айтып жүресіңдер?<br>– Адам өз ісіне қанағаттанып, сүйсінген кезде ризашылық сезімге бөленеді. Адам өзінің өмірге келгеніне риза болады. Қолыңдағыға қанағат тұтудың өзі ризашылық. «Алғыспен ер көгерер» деген мақал бар. Ол үлкендердің, халықтың батасын алған адамның ойлағаны орындалады, бақытты болады деген мағынада. Рахмет айтуға лайықты кісілерді атайықшы.<br><br>Анаға – бізге өмір сыйлағаны | Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым,<br><br>Аппақ бетің, маңдайың.<br><br>Педагог: Балалар, денсаулықтарың мықты болу үшін суық сумен шынығудың пайдасы зор, өйткені ол сергітеді. Шынығудың ең жеңіл түрі – суға түсу. Таңертең ұйқыдан тұрғанда жуыну. Интербелсенді тақтаға назар аударайық. Қандай заттарды көріп тұрсыңдар. Ол заттар не үшін керек?<br><br>– Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының тазалық туралы «Тазалық пен ұқыптылық» өлеңін тыңдайық (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br><br>**Сөздік жұмысы:**<br><br>*ұқыптылық* – жауапкершілік, жинақылық<br><br>*тазалық* – жеке гигиена<br><br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br><br>– Өлең авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br><br>– Тазалық үшін қандай заттармен дос болу керек?<br><br>– Жуынудың пайдасы қандай? *Тазалық* сөзіне сөйлем құра. | таныстыру.<br><br>Түйе ботасымен жарасты, Тамақ батасымен жарасты.<br><br>Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер. Ешкі бастаған қой егінге түседі.<br><br>Нар жолында жүк қалмас. Ат тұяғын тай басар.<br><br>Құлын тайға жеткізер, Тай құнанға жеткізер, Құнан атқа жеткізер, Ат мұратқа жеткізер.<br><br>Педагог балалармен бірге мақалдардың мағынасын талқылайды.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>***Дидактикалық ойын: «Төлдерді табыстыр»***<br><br>Ойыншықтар таратылады. Балалар үй жануарларын төлімен табыстырады. Ірі және ұсақ малдарды ажыратады.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Сурет бойынша әңгімеле. Жылқышы нені бағады? Бақташы нені бағады? Айналасында қандай жануарлар жүр? Оларды бір сөзбен қалай атаймыз?<br><br>2. Суреттерді ата. Қайсысы не береді? Сызып қос. Педагог қорытынды жасайды, | арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу<br><br>Құрастыру: табиғи (жүннен) және қалдық материалдардан дизайн жасауға үйрету; жүнмен, оның қасиеттерімен және тағайындалуымен таныстыру; материалды орынды пайдалана білу; пішін сезімін, қолдың ұсақ моторикасын, шығармашылық қиялын, сөздік қорын дамыту; жануарларды құрметтеуге, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу<br><br>***«Күй күмбірі»***<br><br>*Іс-әрекет басталар алдында қазақ күйін қойып, балалардың назарын шоғырландырып, жұмысқа ынталы көңіл-күй қалыптастыру*<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Мен ғарышкер боламын<br><br>Мақсат-міндеттер: Ғарыш туралы түсінігін кеңейту.<br><br>Өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу. Өзін бағалай білуге тәрбиелеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үшін. Әкеге – бізге қорған болғаны үшін.<br><br>Досымызға – қамқорлығы мен адалдығы үшін.<br><br>Әжеге – ыстық алақаны мен мейірімі үшін алғыс айтып, ризашылық білдірудің өзі бір бақыт.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>***«Сақинасалу»ойыны***<br><br>Балалар жарты шеңбер болып отырады. Ойын бастаушы қусырған алақанын балалардыңқолынатигізіпжүріп ,біреуінежүзіктісалыпкетеді.Жүзіктіалғанбала алақанын ашпай, ешкімге сездірмей отыра береді. Ойын бастаушы бірнеше қадам жерге барып, «Сақинам, ұш!» – дегенде, қолында жүзік бар бала атып тұрып, оның қасына жүгіріп барады. Екі жағындағы балалар оны ұстап қалуға тырысады.<br><br>Ойынбастаушығажетеалмағанбалаайыбынөнеріменөтейді.<br><br>*Үлестірмеліматериалменжұмыс*<br><br>Суреткеқара.Анаңақалайкөмектесесің?Әңгімеле. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br><br>Егер сендерге бүгінгі | ***Дидактикалық ойын: «Қандай сурет жоғалған?»*** (баланың зейінін дамыту) Шарты: тазалық заттарының суреттері берілген. Бала түсіп қалған суреттерді тауып, орнына қою керек.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Педагог «Тазалық пен ұқыптылық» өлеңін екінші қайтара оқиды. Балалармен қайталап, бірге жаттайды.<br><br>2-3 балаға өлеңді жатқа айтқызу.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Суретке қара. Қыз балаға сабын, сүлгі не үшін қажет? Бала не істеп жүр?<br>2. Тазалыққа қажетті заттарды ата.<br>3. Тазалыққа қажетті заттарды белгіле.<br>4. Есіңде сақта.<br>Тазалық – денсаулық кепілі.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>–Тазалықтың пайдасы қандай? Таза болу үшін қандай заттар керек? Балаларды мадақтау. | балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Ойын ойнап өсеміз<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Допты қатарда тұрып, алысқа лақтыруды үйрету; лақтыру күштілігін арттыру; жүгірудің түрлерін техникалық дұрыс орындауға үйретуді жалғастыру; тепе-теңдік сақтау, ұзын орындықпен текшелерден аттап, денесінің бір жақ қырымен жүруге,50смарақашықтықтақойылғанқамшылардан екіаяқтап секіріп өтуге жаттығу.<br><br>ә) Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру.<br><br>б) Ойынға деген қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен** | ***Ойын жағдаяты***<br><br>Педагог жұмыс жасау үшін жағымды ахуал туғызады.<br><br>Көздерін жұмып, ғажайып аспан әлеміне саяхаттап қайтуға шақырады.<br><br>– Балалар, көзімізді жұмып, қолымызды жайып, көз алдымызға ғарыш әлемін елестетеміз. Ғарышкемемен аспан әлемінде, ғарышта ұшып жүрсің. Жарқыраған сан алуан жұлдыздар... Сенің үстіңде скафандр, қалықтап, ұшып жүрсің.<br>(Балалар ғарышкеме мен аспан әлемі туралы ойлайды, көздерін ашады).<br><br>– Ғарышкер не істейді? *(Ғарышкер зымыранмен ғарышқа ұшады. Олар аспан әлемін, жұлдыздарды зерттейді)*<br>– Кімнің ғарышкер болғысы келеді? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? *(Қазақ елінен ғарышқа Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов ұшты)* Педагог слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, таныстырады.<br>– Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>Сөздік жұмысы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды,алегертапсырмаларды орындаудақиналсаңдаржәнеқызықсызболса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | **таныстыру**<br><br>Қазақстан ғарышкерлері<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Балаларға Қазақстан ғарышкерлері туралы мәлімет беруді жалғастыру.<br><br>ә) Ғарышкер киімі жайлы білімдерін жетілдіру. Күн жүйесі, ғаламшарлар туралы жалпы мәлімет беру.<br><br>б) Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін құрметтеу, туған еліне деген мақтаныш, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу. | ғарыш – аспан әлемі<br><br>ғарышкер – аспан әлемін зерттеуші<br><br>ғарышкеме – Жер мен ғарыш арасында ұшатын көлік Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br><br>– Өлеңде не туралы айтылған? Авторы кім? Бала нені армандайды?<br><br>– Ғарышкер қандай болуы керек? (Денсаулығы мықты, ақылды, білімді, батыл)<br><br>– Ғарышкер сөзіне сөйлем құра.<br><br>Тіл ұстарту жаттығуы: Ер-ер-ер – Тоқтар аға ғарышкер.<br><br>Сергіту сәті<br><br>***Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»*** (баланың зейінін дамыту)<br><br>Шарты: аспан денелері мен жерде болатын заттардың арасынан тек аспан денелерін табу.<br><br>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды. Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады.<br><br>3-4 балаға өлеңді жатқа айтқызу.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1. Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойыңды ортаға сал. Сенің ғарышкер болғың келе ме? Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>2. Суретті бастырып сыз. Боя. Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады.<br><br>3. Жұмбақты шеш.<br><br>Аспанда бір алып құс,<br>Ызғып ұшып барады. Қарап тұрсаң, ғажайып,<br><br>Соңында із қалады.<br>(Зымыран)<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br><br>– Суреттегі ғарышкерлерді ата. Ғарышкерге қандай тілек білдіресің? Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Тастарды бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Тастардың алуан түрімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br><br>**Зерттеу**. Балабақша аймағындағы тастарды табу: сұр, дөңгелек, үлкен және кішкентай.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Зейінді белгілі бір заттарға шоғырландыру, күш пен жылдамдықты біріктіру қабілетін шоғырландыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер: тізені жоғары көтеріп, педагог белгілеген межеге дейін аяқтың ұшымен жүгіру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын** | **Бұлттарды бақылау.**<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, *экологиялық мәдени дағдылар*, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Табиғаттың жансыз құбылыстары туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақшадағы жұмыстар, қоқыс жинау, сыпыру жолдары. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылыстарын қалыптастыру.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Таңертең орманда", "Құстар".(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Педагогтің нұсқауларын тыңдау және оларды дұрыс орындау, берілген кеңістікте шашыраңқы жүру қабілеттерін бекіту; құстардың атауын, бір аяғымен секіру қабілетін бекіту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** математикалық жаттығу. **(дене тәрбиесі)** | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, *экологиялық мәдени дағдылар*, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жел туралы ойларын нақтылау.<br><br>**Зерттеу.** Құбылнаманың көмегімен желдің бағытын анықтау; желбағарды пайдаланып желдің күшін анықтау.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау, бірлескен күш-жігермен тапсырмаларды орындау қабілеттерін бекіту.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** допты бір-біріне төменнен лақтыру. **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді дамыту. | **Су қоймасын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мұздың қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br><br>Зерттеу. Мұздың қалыңдығын мұз өлшегішпен өлшеу (келесі серуендерде су қоймасындағы мұздың еруін бақылау).<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстан тазалау. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жылдам?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру кезінде жаттығу, жылдамдықты дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** ұзындыққа секіру. **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіруді үйрету. | **Топырақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру.<br><br>**Зерттеу.** Құрғақ және сулы шымтезек кесектерін салыстыру; ұлғайтқыш арқылы шымтезек неден тұратынын бақылау; топырақ қайда тез кебеді және неге?<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** бақша жүйекшелеріне және ағаштардың түбіне шымтезек тасу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Шымтезектің пайдалы қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ақ пен қара". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қашып бара жатқан балаларды белгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Құрсауды еркін бағытта домалату дағдыларын жетілдіру. | Мақсат-міндеттер. Жұп және тақ сандардың есебін бекіту. | | | бойынша қуып жету.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** арқанмен жаттығулар жасау. **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Арқанды алға және артқа айналдырып, секіру қабілетін бекіту. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тағы міне, таң атты,<br><br>Дайын дәмді тағамдар.<br><br>Үлпілдеген тиінге,<br><br>Жарып берем жаңғақты.<br><br>Қою сүтті беремін,<br><br>Мысық пенен күшікке.<br><br>Түлкіге қою айран,<br><br>Тышқанға дәндер салам. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ қоянға тәтті нан,<br><br>Тосап беремін араға.<br><br>Таңғы ботқа береміз,<br><br>Бақшадағы балаға.<br><br>**Салт-дәстүр. Асату.**<br><br>Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br><br>***«Күй күмбірі»***<br><br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Арқаға арналған "Ауа райы" жаттығуы; балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына әтүрлі массаж (уқалау) жасайды.<br><br>Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br><br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Үнемді тұтыну»***<br><br>***«Жарық керек пе?»***<br><br>*Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен).*<br><br>*Барысы: • Тәрбиеші суретті* | "Ағаштар неге ашуланды?" ертегісін оқып беру;<br><br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке сурет салу мен жапсыру іс-әрекеттерін кіріктіру.<br><br>Балалар ағаш бейнесін үлгіге қарап салып, олардың жапырақтарын түрлі түсті жапырақтан қиып желіммен | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***Бейтаныс жануарлардан сақтану***<br><br>*Мақсаты: Қауіпсіздік ережесін үйрету Міндеттері: • Көшедегі жануарларға жақындамау • Үлкендерге айту әдетін қалыптастыру Түсіндіру: – Көшедегі ит пен мысыққа жақындамаймыз. – Қорықсақ,* | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Ассоциациялар" (көктем мезгілі).**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күйдің сазымен қимылдар жасау.*<br><br>***Күй «Қылқобыз»*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *көрсетеді.*<br><br>*• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады.*<br><br>***Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида».***<br><br>*Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.*<br><br>*Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар.*<br><br>*Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді.*<br><br>*Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға.*<br><br>*Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.*<br><br>*Үшінші беті – күн, жер, шөп,* | жапсыру.Егер балалар жапырақтарды боялған дәннен құрастырып жапсыруды қаласа таңдауларына мүскіндік беру.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Элеватор», «эскалатор», «экскаватор» сөздеріне дыбыстық талдау жасау жаттығуы.**<br><br>**(қазақ тілі)**<br>Педагог балаларға «элеватор», «экскалатор», «экскаватор» сөздеріне дыбыстық талдау жасату алдында осы сөздерді білдіретін суреттерді ұсынады. Балаларға өз қалауымен суреттердің бірін алып, өз орындарында талдау жасайды.<br>Тапсырманы тез орындаған балалар тақтаға шығып, өз сөздерінің сызбасын текшелер арқылы салады.<br>Балалар осы сөздер бөлек болса да, буындар саны бірдей, [э] дауысты үнемі бірінші болып тұрғанын байқайды.<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.** | *үлкенге айтамыз. Жаттығу: «Көрдік – тоқтадық – айттық»*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Не жасырынғанын айт".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>Шарты.<br><br>Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады.<br><br>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br><br>Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы,"Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның | жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.<br><br>Құралдар.<br><br>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемокарточкалар.<br><br>Шарты.<br><br>Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.<br><br>Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады.<br><br>Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады.<br><br>Балалар-ау, балалар!<br><br>Шақырады далалар.<br><br>Көктем келді гүл алып, | ***"Мамандықтар" лотосы***<br><br>*Мақсаты: Балалардың мамандықтарды заттармен байланыстыра білуін және заттарды мақсатына қарай топтастыра білуін қалыптастыру; мамандықтардың атауын бекіту.Маман иелерінің еңбектері туралы әңгімелесу.*<br><br>*Ойын материалы: Суреттері бар лото карталары:- дәрігер, шприц;- аспаз, қазан;- ағаш ұстасы, ара;- кір жуатын орын, үтік;*<br><br>*- сыпырушы, сыпырғыш;- сатушы, касса.*<br><br>**Дидактикалық ойын.**<br><br>**"Мен кіммін? Ол не?"**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс немесе мамандық иесі туралы сипаттаманы естіп, оның кім немесе не екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар, құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу.<br><br>Шарты.<br><br>Алғашында педагог, содан соң қалаған балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *орман, қоян, қасқыр, түлкілер.*<br>*Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі.*<br>*Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар еке*нін айтады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>"Ағаштың қасиеттері"<br>*Құрастыру, мүсіндеу, жапсыру іс-әрекеттерін* кіріктіріп ұйымдастыру.<br>Қағазға бейнеленген көктем бейнесіндегі ағаштардың жапырақтарын ермексаздан мүсіндеп жапсыру, ал бүршік жарған гүлдерін қағаздардан қиып үлгіге қарап құрастырып желіммен жапсыру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br>**Қимылды ойын: «Етек - етек»**<br>Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | **"Жанармай бекеті".**<br>Мақсат-міндет: Балалардың жанармай бекеті туралы түсініктерін нақтылай отырып, жанармай құюшы, есепші және дүкен сатушысы сияқты мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; ойын барысында қарапайым қаржылық сауаттылықты (ақша төлеу, қызмет алу) қалыптастыру; рөлдік әрекеттер арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамытып, сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке және еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>*Қажетті құралдар:*<br>• Ойыншық машиналар<br>• Жанармай колонкасы (макет) • Жасанды ақша • Чек (қағаз) • Кассир үстелі<br>• Дүкенге арналған ойыншық заттар (су, май, тәттілер)<br>• Қызметкерге жилет/бас киім<br>*Рөлдер*: • Жанармай құюшы<br>• Кассир (есепші) • Дүкен сатушысы • Жүргізушілер (жолаушылар)<br>Ойын барысы:<br>*1. Ұйымдастыру кезеңі* | демалуына жағымды ықпалы бар".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>***Сюжеттік-рөлдік ойын.***<br>***"Табиғи қорық".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br>***Ұлттық ойын***<br>***Сақина жасыру***<br>*Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінігң үстіне* | Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br>Қыр басына шығайық,<br>Көктем тілін ұғайық.<br>Қызғалдақты терейік,<br>Теріп үйге келейік.<br>Көбелектей киінген,<br>Гүлді көріп сүйінген,<br>Алақайлап жүгірген,<br>Қып-қызыл бет – бүлдірген,<br>Қарындасқа қаршадай,<br>Жас балапан аршадай,<br>Гүлдің шоғын берейік,<br>Қуанғанын көрейік.<br>Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоцияцияларды айтуды ұсына алады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті,** | Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады.<br>Жұмбақты жасыру мысалы: "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды".<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)**<br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Киімдер" дүкені.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды киім сатушы мен сатып алушы рөлдерін ойнап, дүкенде дұрыс әрекет жасауға, ақшаны санауға, бағаларды түсінуге үйрету арқылы қарым-қатынас мәдениетін, қоғамдық тәртіпті және қарапайым қаржылық сауаттылықты дамыту.<br>*Қажетті құралдар:*<br>• Пластикалық немесе қағаздан жасалған ақша (монета, купюра) • Киімдердің миниатюралары немесе суреттері • Кесілген бағалар жазылған карточкалар • Көлемді сөрелер немесе үстел (дүкен сөресі ретінде) • Қапшық, себет (сатып алушы үшін) *Рөлдер:* 1. Сатушы – киімді сатады, бағаларды көрсетеді, ақша алады. 2. Сатып алушы – киімді таңдайды, ақшасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады.<br><br>Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді.<br><br>Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды.<br><br>Ол бала ойыннан шығарылады.<br><br>Ал, ұстаңдар етектен,<br><br>Айырылмаңдар жетектен,<br><br>Біз шөжелер боламыз,<br><br>Алдымызда анамыз.<br><br>Кім айырылса етектен,<br><br>Шығып қалса жетектен,<br><br>Соны ұстайды каракұс,<br><br>Сол болады құсқа жем,<br><br>Ұрынады қатерге,<br><br>Ана сөзін екі еткен.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз жанармай бекетінде жұмыс істейміз. Машиналар не үшін жанармай құяды? Балалар жауап береді.<br><br>*2. Машиналардың келуі*<br><br>• Жүргізушілер машиналарымен келеді • Кезекке тұрады Тәрбиеші: – Кезек сақтау керек пе? (Иә)<br><br>*3. Жанармай құю* • Жанармай құюшы: – «Сізге қанша жанармай керек?»<br><br>• Жүргізуші: – «Толық құйыңыз» (немесе «аздап») Балалар әрекет арқылы үйренеді<br><br>*4. Төлем жасау (қаржылық сауаттылық)* • Жүргізуші кассаға барады • Ақша береді • Кассир чек береді<br><br>*Үйренеді*: • Ақша төлеу • Қызмет үшін ақы беру • Чек алу<br><br>*5. Дүкен бөлімі* • Балалар дүкеннен су, тәтті сатып алады • Сатушымен сөйлеседі Мысалы: – «Маған су беріңізші» – «Міне, алыңыз» *6. Ойынның жалғасуы*<br><br>• Рөлдер ауыстырылады<br><br>• Барлық бала әр рөлде ойнап | *алақандарын жаяды. Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.* | **таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Дидактикалық ойын: «Мен еңбектенемін – табыс табамын»***<br><br>*Мақсаты: Еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету. Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, тақпақ айту, жұмбақ шешу), ойыншық ақша. Ойын барысы: • Әр бала тапсырма орындаған сайын «ақша» алады. • Соңында сол ақшасына зат сатып алады. Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын түсінеді.*<br><br>*(қаржылық сауаттылық)* | төлейді. 3. Кассир (қосымша рөл, қажет болса) – ақшаны есептейді, айырбас береді. 4. Клиенттер / көрермендер – кейде қосымша рөлдерде.<br><br>*Ойын барысы:* 1. Балаларға дүкен мен оның жұмысын таныстыру: • «Киімдер дүкенінде не болады?» • «Сатушы не істейді?» • «Сатып алушы дүкенге келгенде не істейді?»<br><br>*2. Рөлдерді бөліп, балаларға реквизитті тарату:* • Сатушы сөрелерді және киімдерді орналастырады. • Сатып алушы «сатып алу» үшін дүкенге келеді. *3. Ойын ережелері:* • Сатып алушы киімді таңдайды, бағасын сұрайды. • Сатушы дұрыс бағаны көрсетеді, ақшаны алады. • Сатып алушы ақшасын береді, сатушы айырбас береді. • Қызмет көрсету әдебі: «рахмет», «өтінемін», «сәлеметсіз бе».<br><br>***4. Қаржылық сауаттылық элементтері:*** • Ақшаны санау және беру: «Менде 5 монета бар, көйлек 3 монета тұрады. Мен қанша монета қалады?» • Бағаны салыстыру: «Қай көйлек арзан?» *5. Қорытынды:* • Балалар өз рөлдерін ауыстырады, бәрі сатушы мен сатып алушы болуды үйренеді. • Тәрбиеші ойын барысында балалардың сыпайы қарым-қатынасын, тәртіпке бағынуын қадағалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көреді<br><br>***Қаржылық сауаттылық элементтері:*** • Ақшаның қызмет үшін төленетінін түсіну • Таңдау жасау (не сатып алу керек) • Чек алу<br><br>• Ақшаны үнемдеу *Қорытынды:* Тәрбиеші сұрайды: • Қайда болдық? • Жанармай не үшін керек? • Ақшаны не үшін төледік? • Қай рөл ұнады? | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.**<br><br>**(музыка)**<br><br>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу | **"Ненің құйрығы?" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді. Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, | **Жапсырудан ойын-жаттығу**<br><br>«Көктем»<br><br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. | **«Мейірімділік ағашы»**<br><br>Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды.<br><br>Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. | **"Дидактикалық ойын ""Ұшады, жүзеді, секіреді""."**<br><br>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.<br><br>Мысалы:<br><br>Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді.<br><br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, қазақ тілі)"<br><br>**"Боямақты бояйық".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Көктем мезгілін бояу.<br><br>**(сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұзын)." және т.б.. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дақдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Біздің отбасы серуенде». | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуыны отбасының ықпалы». | «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу. | «Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз». |




**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **13.04-17.04.2026 ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.<br>Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы».<br>Кеңес: «Неліктен бала тыңдамайды?»<br>«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br><br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.*<br><br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"***<br><br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*<br><br>*Мақсат-міндеттер. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**Жапсырудан ойын-жаттығу**<br><br>"Гүлденген ағаштар"<br><br>Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)** | *Күй күмбірі қандайды*<br><br>*Барша сәби тыңдайды*<br><br>*Саусақтарым бірігіп*<br><br>*Домбырада ойнайды*<br><br>*Балабақша өз үйі*<br><br>*Тәрбиеге жалғайды*<br><br>*Ата-баба дәстүрі*<br><br>*Ұмыт болып қалмайды*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** | *Күй күмбірі қандайды*<br><br>*Барша сәби тыңдайды*<br><br>*Саусақтарым бірігіп*<br><br>*Домбырада ойнайды*<br><br>*Балабақша өз үйі*<br><br>*Тәрбиеге жалғайды*<br><br>*Ата-баба дәстүрі*<br><br>*Ұмыт болып қалмайды*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** | ***«Бала қауіпсіздігі басты назарда»***<br><br>***Бейтаныс адамдар кімдер?***<br><br>*Тәрбиеші бейтаныс адамдар деп бала танымайтын немесе бірінші рет көріп тұрған адамдар екенін түсіндіреді.*<br><br>***Бейтаныс адамдармен кездескендегі тәртіп (мінез-құлық) ережелері***<br><br>*Ешқашан бейтаныс адамдардан кәмпиттерді, ойыншықтарды немесе* | *Күй күмбірі қандайды*<br><br>*Барша сәби тыңдайды*<br><br>*Саусақтарым бірігіп*<br><br>*Домбырада ойнайды*<br><br>*Балабақша өз үйі*<br><br>*Тәрбиеге жалғайды*<br><br>*Ата-баба дәстүрі*<br><br>*Ұмыт болып қалмайды*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Түрлі-түсті гүл шоғы».**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br><br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?<br><br>Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..<br><br>Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.<br><br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br><br>***Асық ойыны***<br><br>Ойын мақсаты: *ұлттық ойынды жаңғырту, балалардың саусақ бұлшық еттері арқылы дамыту.*<br><br>Ойын шарты: *Бұл ойынға онға жуық бала қатыса алады. Көп мөлшерде асықтар қажет. Солардың ішінде ең үлкенің* | ***Балалармен күй тыңдау***<br><br>***Күй «Самғау»***<br><br>**Ұлттық ойын**<br><br>**Күш сынаспақ**<br><br>*Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.*<br><br>**"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?"**<br><br>**дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету.<br><br>Шарты. Педагог дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы | ***Балалармен күй тыңдау***<br><br>***Күй «Самғау»***<br><br>**"Көктем" өлеңін жаттау.**<br><br>Көктем қырға төрледі,<br><br>Төрт түлік мал төлдеді.<br><br>Бәйшешектер құлпырып,<br><br>Деп тұрғандай: «Көр мені!»<br><br>Жылы мезгіл жетіпті,<br><br>Тастадық біз етікті.<br><br>Қар көктемге жеткізбей,<br><br>Тауға шығып кетіпті!<br><br>К.Ыбырайұлы<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>***Рөлдік ойын: «Кім болам?»*** *Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайда келтіретіндіктерін және олардың еңбектері туралы әңгімелету.*<br><br>***Жұмбақтар жасыру***<br><br>*Аяқ киімді... жөндейді. (етікші) Ұшақты... жүргізеді. (ұшқыш) Өлеңді... жазады.* | *тәттілерді қабылдамаңыз.*<br><br>*Ешқашан бейтаныс адамның артынан ермеңіз, тіпті ол ата-анаңды танимын*<br><br>*десе де бармаңыздар.*<br><br>*Егер бейтаныс адам бірдеңе ұсынса немесе бір жерге баруды өтінсе, дереу*<br><br>*«жоқ» деп кетіп қалу керек.*<br><br>*Бейтаныс адам бір нәрсе ұсынбақ болса немесе сізді бір жерге шақырғысы келсе ата-анаңызға айтыңыз.*<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу**<br><br>"Көктем көркі"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету.<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**Ән айту «Көңілді көктем»**<br><br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші | ***Балалармен күй тыңдау***<br><br>***Күй «Самғау»***<br><br>**Ұлттық ойын**<br><br>***Асық ойыны***<br><br>Ойын мақсаты: *ұлттық ойынды жаңғырту, балалардың саусақ бұлшық еттері арқылы дамыту.*<br><br>Ойын шарты: *Бұл ойынға онға жуық бала қатыса алады. Көп мөлшерде асықтар қажет. Солардың ішінде ең үлкенің таңдап алып, қызыл түспен бояу қажет. Бұл асық «хан» болады. Алдымен ойын жүргізушіні таңдап*<br><br>*алу қажет. Ол барлық асықтарды уысына*<br><br>*жиып алып, шеңбер құрып отырған ,*<br><br>*ойыншылардың алдына тастайды.*<br><br>*Егер «хан» асық «бүк», «шік» немесе «тайқы»*<br><br>*болып түссе, жүргізуші жақын тұрған*<br><br>*асықты атып алу қажет. Мұнда барлық*<br><br>*ойыншылар «хан» асықты* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *таңдап алып, қызыл түспен бояу қажет. Бұл асық «хан» болады. Алдымен ойын жүргізушіні таңдап*<br><br>*алу қажет. Ол барлық асықтарды уысына*<br><br>*жиып алып, шеңбер құрып отырған ,*<br><br>*ойыншылардың алдына тастайды.*<br><br>*Егер «хан» асық «бүк», «шік» немесе «тайқы»*<br><br>*болып түссе, жүргізуші жақын тұрған*<br><br>*асықты атып алу қажет. Мұнда барлық*<br><br>*ойыншылар «хан» асықты атып өзіне **алуға***<br><br>***тырысады.*** | кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>**«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту.<br><br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *(ақын) Тамақты... дайындалады. (аспазшы)*<br><br>*Ауруды... емдейді.(Дәрігер) Өртті... сөндіреді.( өрт сөндіргіш)*<br><br>*Балаларды... оқытады. ( Мұғалім) Ал осының бәрін бір сөзбен қалай айтамыз? (мамандықтар) Маман иелерінің еңбектері туралы әңгімелесу*<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>***"Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны.***<br><br>*Мақсаты: қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.*<br><br>*Балалрды өрт қауіпсіздігі ережелерімен танытыру* | октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.**(музыка)** | *атып өзіне **алуға***<br><br>***тырысады.***<br><br>**Пазл "Теңіздегі балықтар".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын атап білімдерін бекіту.<br><br>Ойын шарты.Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**“Не артық” ойыны**<br><br>Мақсат-міндеттер: Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету.<br><br>Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"**<br><br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. | | | | |

| | |
|---|---|
| | 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)<br><br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br><br>1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br><br>3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br><br>1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу;<br><br>3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br><br>1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.<br><br>1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде.<br><br>1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br><br>**(дене тәрбиесі)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br><br>Қойға қарай жүгірсек,<br><br>Қой ішінде көк ісек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақсы бала малсақ,<br><br>Жаман бала үй күшік.<br><br>Нәйім-нәйім бауырсақ,<br><br>Бауырсақты қуырсақ.<br><br>Жақсы бала малсақ,<br><br>Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Сөздегі дыбыстардың реті мен саны<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.<br><br>2.Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>3.Дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br><br>Мақсаты:"Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. Й дыбысы сөздэң ортасында және соңында кездесетінін ұғындыру, "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, Й дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Буын мен сөз<br><br>Мақсат-міндеттер:1. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br><br>2.«Буын сызбасын дәл тап» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту.<br><br>3.Білімпаз болуға тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау<br><br>Мақсат-міндеттер: заттарды санау, заттар тобын салыстыру, артық, кем, бірдей (тең) екенін, санның «көршілерін» атау, фигураларды белгілеріне қарай таңдау (пішін, түс) дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Өрмелеп үйренеміз<br><br>Мақсат-міндеттер:а) Гимнастикалық қабырғаға әртүрлі өрмелей білуін | **Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау<br><br>Мақсат-міндеттер: заттар тобын санына қарай салыстыруға, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) біріктіруге дағдыларын бекіту. Талдауды, бақылауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.<br><br>.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?"<br><br>Мақсат-міндеттер: Балаларда "достық" ұғымын қалыптастыру; достық ұғымын құрайтын жақсы іс-әрекеттер туралы идеяларды нақтылау; "достық" жайлы ертегі негізінде "бірге қорқынышты емес" көркем мәтінімен таныстыру; Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамытуды жалғастыру; "Достық" ертегісіндегі оқиғаны мұқият | **Математика негіздері**<br><br>Заттар тобы. Заттарды санау<br><br>Мақсат-міндеттер: теңсіздіктен теңдік (теңдіктен теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару, заттар тобын бір жиынға біріктіру, жиынды көрсетілген санға дейін толықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту. Талдауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Менің балабақшам<br><br>Мақсат-міндеттер: Еңбекке қатынасты білдіретін үстеулермен таныстыру.<br><br>Сұраққа толық жауап беру танымын арттыру. Ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу<br><br>Педагог ақын Абдрахман *Асылбектің «Бақшамызға барамыз» өлеңін мәнерлеп оқып береді.* | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыс пен буынның сөздегі орны<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Балаларды дыбыстың, буынның сөздегі орнын таба білуге үйрету.<br><br>2.Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.<br><br>3.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>"Бақытты балалық шақ"<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру,құрастыру**<br><br>"Көгершін"<br><br>Сурет салу іс-әрекеті бойынша балалардың көгершін туралы түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге үйрету, көктем мезгіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Футбол ойнап шыныға түс<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Балаларды алған білімі мен білігін қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстануға баулу.<br><br>Жұппен футбол ойыны элементтерін орындауға үйретуді жалғастыру. Допты біркелкі қайталап ақырын теуіп, табанымен тоқтату, нысанаға дәл бағыттау дағдыларын жалғастыру.<br><br>ә) Ойын ережелеріне сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру. Тік ось бойымен құрсауды айналдыруды, саусақ бұлшық еттерін дамыту.<br><br>б) Кеңістікті бағдарлай білу, төзімділігін, реакция шапшаңдығын дамыту. Бір-біріне деген сыйластығын, келісімділігі мен | жалғастыру; қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыта түсу. Қолдарын екі жаққа созып, арқасын алдыға қаратып, иректеліп қойылған баумен жүру және динамикалық тепе-теңдікті сақтауын дамыту.<br><br>ә) Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру.<br><br>б) Ойындарға қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне, отбасымен салауатты өмір салтына<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Киіз үй<br><br>Мақсат-міндеттер: Киіз үйдің құрылымымен таныстыру. Сөздік қорын толықтыру.<br><br>Туған жерін қастерлеуге тәрбиелеу.<br><br>**Педагог ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңін оқиды.**<br><br>Атам менің айбынды,<br><br>Атам менің сүйікті.<br><br>Бір қойнауға шалғынды | тыңдауға үйрету; сюжетті есте сақтауға, кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету; жақсы әрекеттерді жаманнан ажыратуға үйрету; достық туралы өлеңнен сөз тіркестерін айтуға үйрету; есте сақтау, ойлау, қарым-қатынас дағдыларын дамыту;мейірімділікке, жауаптылыққа, достыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>Біз бақытты баламыз<br><br>Мақсат-міндеттер: Балаларды еліміз туралы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру | **Бақшамызға барамыз**<br><br>Оянамыз таң нұрымен,<br>Аттанамыз бақшаға.<br><br>Қарсы алады ән-жырымен<br>Бақшамызда жақсы ана.<br><br>Қызғалдақтай гүл жайнаған<br>Бақшамызға қараңыз.<br><br>Бірге жүріп, бірге ойнаған,<br>Тату-тәтті баламыз.<br><br>*(А. Асылбек)*<br><br>-Өлең не туралы?<br><br>-Бақшамызда жақсы ана дегені кім?<br><br>**Сөздік жұмысы:** тату-тәтті<br><br>Педагог балалардың назарын балабақша туралы суретке аударады.<br><br>– Балалар, бұл қандай сурет? *(Балабақша туралы)*<br>– Біздің балабақша қалай аталады?<br>– Біз қазір балабақша ішіне серуенге аттанамыз.<br>Өз топтарының, педагогтің топта балалармен жұмыс істеп жатқан суреттерін көрсету.<br><br>– Балалар, біз қайда келдік? Біздің топтың аты қалай аталады? Балалар топтың атын атайды.<br>– Жарайсыңдар! Ал топта кім жұмыс істейді? | кеңейту,<br><br>-көгершінді поролонмен салу дағдысын бекіту,<br><br>- бейбітшілік құсын дәріптеу;<br>- көгершінге деген сүйіспешілік пен құрметке тәрбиелеу.<br><br>Мүсінде бойынша түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, құстарды мүсіндей білу іскерлігін жетілдіру; балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын, ұсақ қол қимылдарын дамыту; құстарға қамқор болуға адамгершілікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br><br>балаларды ермексаз.<br><br>Жапсыру бойынша үлгіге қарап көгершін бейнесін қайшымен қиюды, жапсырмалауды үйрету. Желіммен тиянақты, таза жұмыс жасауды, үлгі бойынша ақ қағаз бетіне дұрыс орналастырып, желімдеуді игерту. Қиылған дайын пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге, түстерді, көлемді ажырата білуге үйрету<br><br>Құратыру бойыншатабиғи материалдарды мақсатты пайдалана білу, кезең- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | толеранттылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Барлық мамандық қажет әрі маңызды<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру. Әртүрлі мамандық иелерінің еңбегінің маңызын және олардың қажеттігін ұғындыру.<br><br>ә) Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру.<br><br>б) Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | Киіз үйін тігіпті.<br><br>Әрі жарық, әрі кең,<br><br>Ақ сарайдай бұл бөлме. Жасауымен, сәнімен<br><br>Қызықтырар кіргенде.<br><br>– Өлең не туралы?<br>– Киіз үй қандай екен? *(Киіз үй дөңгелек болады)*<br>– Киіз үйді көбінесе қай кезде тігеді? *(Жайлауда, мерекелерде)*<br>Педагог балардың назарын суретке аударады.<br><br>-Суретте не бейнеленген?<br><br>-Киіз үйдің ішіне кіріп көрдіңдер ме?<br><br>-Киіз үйді неден жасайды?<br><br>-Киіз үйдің жабдықтарын ата.<br><br>-Ендеше, балалар, сендерге қазақ халқының киіз үйі туралы айтып берейін. Киіз үйдің сегіз қанатты, алты қанатты, он екі қанатты түрі болады.<br><br>Киіз үй көшіп-қонуға өте ыңғайлы. Түрлі ауа райының жағдайында да өте қолайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға шайқалмайды.<br><br>Киіз үйдің негізгі бөлшектері – *кереге, шаңырақ, уық,* | **Көркем әдебиет**<br><br>«Киіз үй»<br><br>Мақсат-міндеттер: Киіз үй туралы түсінігін кеңейту. Көркем сөзге қызығушылығын арттыру.<br><br>Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>Шаттық шеңберін құру.<br><br>Кең даланың ежелгі Қазақ дейтін халқымыз. Өзге ұлттай біздің де<br><br>Бар дәстүр мен салтымыз.<br><br>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін слайдтан көрсету.<br><br>– Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Киіз үйді неден жасайды?<br>Киіз үй – қазақ халқының ежелгі баспанасы, ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Ол тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, киіз үй деп атаған.<br><br>– Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» | – Біздің топта педагог ... апай, педагогтің көмекшісі ... апай бар.<br>***«Күн тәртібін ретімен орналастыр» ойыны***<br><br>Педагог күн тәртібі кезеңдері бейнеленген әртүрлі фотосуреттерді үстелге қояды. Бір бала тақтаға шығып, суреттерді балаларға көрсетеді, балалардың ұсынысы<br><br>бойынша балалар ұйықтап жатқан, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларын орындап жатқан, бесін ас ішіп отырған, серуенде жүрген, кешкі ас ішіп отырған,<br><br>ата-анасымен үйге қайтып бара жатқан суреттерді ретімен орналастырады.<br><br>– Қандай күн тәртібі кезеңдері бейнеленген?<br>– Сендердің жандарыңда күні бойы кім жүреді?<br>– Қандай мамандық түрімен таныстық?<br>Балалар педагог мамандығымен танысқанын айтып, педагог күні бойы балалар үшін еңбектенетінін, сыйлы да құрметті мамандық екенін айтады.<br><br>*Педагог балаларға жұмбақ оқиды.*<br><br>Тәп-тәтті тамағы, | кезеңімен орынды пайдалана білу дағдыларын бекіту; әр түрлі табиғи және қосымша материалдардан құрастыру дағдыларын жетілдіру;танымдық қызығушылықтарын дамыту үшін бөлшектерді біріктіру дағдыларын бекіту;<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Аққожектің достары**<br><br>Мақсат-міндеттер:Кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу. Кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Достарын құрметтей білуге тәрбиелеу.<br><br>-Достық туралы жылы лебізімізді білдірейік.<br><br>-Досымызға адал болайық. Досым, сен сондай жақсысың! т.б.<br><br>**Педагог жұмбақ жасырады.**<br><br>Көлеңкесінен қорқып, безектейді,<br><br>Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? *(Қоян)*<br><br>– Балалар, көжек деген не? *(Қоянның төлі)*<br>– Көжек қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *сықырлауық.*<br><br>Кереге киіз үйдің негізгі қаңқасы болып есептеледі. Ол талдан, жіңішке қайыңнан жасалады.<br><br>-Өздерің қандай ұлттық ою түрлерін білесіңдер?<br><br>*(«Балта», «Қызғалдақ», «Қошқармүйіз», «Тарақ» оюлары)*<br><br>Кебеже, текемет, сырмақ т.б. суреттерін көрсетіп, оларды не үшін пайдаланатынын түсіндіреді.<br><br>Киіз үйдің ішін ою-өрнектермен безендіреді. Төбеге басқұр, бау ілінеді. Ағаш төсек, жүкаяқ, сандықтың үстіне көрпе-төсек жинайды.<br><br>Жерге кілем, алаша, сырмақ, құрақ көрпе төселеді.<br><br>Керегеге тұскиіз, қоржын, аяққап іліп қояды. Кебежеде азық-түлік сақталады.<br><br>Сөздік жұмысы: кебеже, қоржын.<br><br>– Балалар, қалай ойлайсыңдар, киіз үйдің жабдықтары неден жасалған?<br><br>Көшіп-қонуға ыңғайлы болуы үшін киіз үй жабдықтары | өлеңімен танысамыз. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді (соңындағы қосымшадан қараңыз). **Сөздік жұмысы:**<br><br>*айбынды* – мықты, батыл<br><br>*шалғынды* – шөбі мол жер<br><br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br><br>– Өлеңнің авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай? Неге ұқсайды?<br>***Дидактикалық ойын: «Сандық»*** (баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: сандық ішінде түрлі түске боялған асықтар бар.<br><br>Жасыл асық алған бала жұмбақ жасырады, шешуін тапқызады.<br><br>Сары асық алған бала мақал-мәтел айтады. Балалармен бірге қайталайды. Қызыл асық алған бала тақпақ айтады. Көк асық алған бала өлең айтады.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>Үлкен шеңбер құрамыз, дөңгелене тұрамыз, Керегені кереміз, уықтарды тігеміз.<br><br>Айналамыз, ойнаймыз, киіз үйді құрамыз.<br><br>Педагог «Киіз үй» өлеңін екінші рет қайталап оқып, | Түрлі астың маманы. *(Аспаз)*<br><br>Әртүрлі тағам түрлері, асханада жұмыс жасап жатқан кезеңдер бейнеленген аспаздың суреті көрсетіледі.<br><br>– Балалар, біздің аспаздың аты кім? Аспаз не істейді? Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>-- Біздің балабақша асханасында аспаз жұмыс істейді. Аспаз мамандығы құрметті, қызықты. Балалардың қарны тоқ, дендері сау болып өсуі үшін, аспаз апай таңертең ерте тұрып, балабақшаға келеді. Сурет бойынша әңгімелеуді балалардың өздері жалғастыруын өтінеді.<br><br>-Пешті іске қосады.<br><br>-Картоп аршиды, турайды.<br><br>-Нан илейді.<br><br>-Ет турайды.<br><br>-Балық тазалайды.<br><br>-Сүт пісіреді.<br><br>-Көгөністерді турайды.<br><br>-Неше түрлі тәтті тағам дайындайды.<br><br>-Аспаздың еңбегі оңай ма екен?<br><br>-Ал біз аспаз апайдың еңбегін бағалау үшін не істеуіміз керек? | болады? *(Көжектің жүні жұмсақ, сүйкімді болады)*<br>– Бүгін Ботан Қошымовтың **«Аққөжектің достары» ертегісімен танысамыз**. Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>– **Сөздік жұмысы:**<br>*көжек* – қоянның төлі<br>*бөлтірік* – қасқырдың төлі<br>*құралай* – еліктің лағы<br><br>Ертегінің мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br><br>– Ертегі қалай аталады? Авторы кім? Ертегі не туралы?<br>– Аққөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді?<br>– Аққөжектің көңіл күйі қандай болды? Достар не істеді?<br>– Жайлаудан Аққөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді?<br>**Сергіту сәті**<br><br>Досым, досым, жан досым, Неге сонша шаршадың?<br><br>Секір, ұстап қолымнан, Бірге сергіп алайық!<br><br>Педагог ертегіні екінші рет қайталап оқиды.<br><br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | теріден, ағаштан жасалған. Қазақ халқының үй тұрмысында қолданылатын жабдықтары қазіргі заманға дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Мысалы: ағаштан жасалған тостаған, астау, ожау, сандық т.б.<br>**Сергіту сәті**<br>***«Қай топ көп сөз айтады» ойын-жаттығуы***<br>Балалар санамақ арқылы екі топқа бөлінеді.<br>1-топ киіз үй жабдықтарын, 2-топ киіз үй бөлшектерін атайды. Әр айтылған сөзге асық-ұпай беріледі.<br>Қай топтың асығы көп, сол топ жеңімпаз атанады.<br>*Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»*<br>Бірнеше бөліктен тұратын қима суреттердің екінші жартысын тауып құрастыру. Сандықтың, шаңырақтың, уықтың, керегенің суреттерінің бір бөлігін тауып көрсетеді.<br>*Үлестірмелі материалмен жұмыс*<br>Сурет бойынша әңгімеле. Киіз үй жабдықтарын ата. Педагог қорытынды жасайды. | бірге жаттайды. Педагог өлеңнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 балаға өлең жолдарын көңілді әрі шабытты түрде айтқызады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр? Жайлауда қандай жануарлар жайылып жүр? Ата.<br>2. Не артық? Белгіле.<br>3. Киіз үйдің суретін сал.<br>4. Жұмбақты шеш.<br>Ұқсайтын шеңберге,<br>Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді.<br>*(Киіз үй)*<br>Педагог балалармен бірге тапсырманың орындалуын талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? Киіз үй қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Балаларды мадақтау. | -Деніміз сау, көңіліміз сергек болып жүруі үшін, күнделікті асты тауысып ішу қажет.<br>Мейірбикенің суреті көрсетіледі.<br>Іш ауырса, тіс ауырса, Бізге дәрі береді.<br>Барлық ана, барлық бала Оны жақсы көреді.<br>– Балалар, бұл кім? Оның мамандығы қалай аталады?<br>– Мейірбике не істейді? Мейірбике балалардың күнделікті ас мәзірін тағайындайды, денсаулығын, тазалығын тексереді, балалардың өсу, салмақ қосу кезеңдерін қадағалайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Балабақшадағы барлық маман балалар үшін қызмет жасайды. Таңертеңнен кешке дейін балалар үшін еңбектенеді, сондықтан сендер ол адамдарды құрметтеуге тиіссіңдер.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>Суреттерді қара. Кім не істейді? Сызба бойынша сөйлем құра. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді | Балалардың әңгімелеуін бағалайды. **Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретке қарап, әңгімеле. Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай? Аққөжекті қандай төлдер құттықтады?<br>2. Ұйқасын тап.<br>Дамыл таппай бір мезет,<br>Жортумен жүр ақ ... .<br>*(көжек)*<br>3. Досыңның туған күніне не сыйлағың келеді? Суретін сал.<br>4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт. Қалай айтқан дұрыс? Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Ертегі саған ұнады ма? Балаларды мадақтау.<br>– |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларды мадақтайды.<br><br>құлшынуға баулу | | смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Көшбасшы бол<br><br>Мақсат-міндеттер:а) Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.<br><br>ә) Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып, өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>б) Өзін-өзі басқару, ұстаным мен еркін қимылдау сеніміне тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>"Жәндіктер әлемі"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қаңқыз) туралы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>Балалар арнайы ыдыстағы құмға саусақтары арқылы сурет салып  немесе арнайы қалыптар арқылы мүсіндеу қалаулары бойынша іс-әрекеттер жасайды<br><br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекет)** | | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Серуен** | **Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскедегі қоқыстарды жинау)<br><br>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа деген оң көзқарасты тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазына аралы"**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. | **Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?)<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. | **Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Жұмыс істейік, балақай!" **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалармен жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары:** | **Көктем мезгіліндегі қайыңды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қайың ағашы, оның көктем мезгіліндегі ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауладағы қоқысты тазалау) **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі".(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. | **Қайың бүршіктерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Көктем мезгіліндегі қайың ағашының бүршіктерін бақылау, ағаштардың өзгерістері туралы білімдерін жетілдіру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (балабақша ауласын тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Көшет отырғызуға деген ұмтылысты ояту.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгір және секір", "Жолмен кім** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту,** зейінді, қимылдарды үйлестіруді дамыту. | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап".(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | **"Күн мен түн"**<br><br>**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.<br><br>Балалар асфальтқа қалаулары бойынша бормен суреттер салады.<br><br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекет)** | Моториканы, ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Кегльді соқ".**(дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту. | **жылдам жүгіреді?" (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Секіру кезінде епті болуға тәрбиелеу, кеңістіктік бағдарлауды дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды нысанаға лақтыру. (дене тәрбиесі)**Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға бір қолмен лақтыру дағдыларын бекіту.<br><br>Балалар асфальтқа қалаулары бойынша бормен суреттер салады.<br><br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекет)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Ас атасы ақ нанды, | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Қадірлейміз шашпаймыз.<br><br>Тамақтану үстінде,<br><br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br><br>Сүлгімен де орынды,<br><br>Пайдалана аламыз.<br><br>Шанышқы мен қасықты,<br><br>Қалай ұстайм қараңыз.<br><br>Тамақтану тәртібін,<br><br>Ұстанатын баламыз.<br><br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br><br>«Күй күмбірі»<br><br>Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br><br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br><br>(дене тәрбиесі)</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Бағбаншының бағы<br><br>Балаларға гүлдің тұқымын отырғызуды үйрету.Күнделікті гүлдің өсуін бақылап отыру. Бөлме</td><td>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Менің болашақ мамандығым – банк қызметкері»<br>Мақсаты: • Балаларды қаржыға байланысты</td><td>«Дос болайық бәріміз»<br><br>Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.<br><br>Балалар бір-бірінің артына</td><td>Вариативті компонент - Жас зерттеуші<br><br>Тірі және өлі табиғат</td><td>Қауіпсіздік сабағы<br><br>«Бола ма, болмайма?» ойыны<br><br>Тәрбиеші суреттерді көрсетіп, әртүрлі жағдаяттарды</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *гүлдерінің негізгі бөліктерімен таныстырып, білімдерін нақтылау.Бөлме гүлдерін салыстыруға,сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға үйрету..*<br><br>*2.Балаларға бөлме гүлдерін күтіп, суаруға тәрбиелеу.Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөз қорын байыту.*<br><br>*3. Табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық танытуға, аялауға тәрбиелеу.*<br><br>*Табиғат бұрышында гүлдерді күтіп еңбектенесіңдер ме?*<br><br>*Қай уақытта гүлдерге су құйып, шаңдарың сүртесіңдер?*<br><br>**(экологиялық мәдениет дағдысы, еңбек әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)**<br><br>"Ағаштар, табиғат және адам"<br><br>тақырыбы бойынша балалар қалаулары бойынша шығармашылық орталықтарында іс-әрекеттер жасайды.<br><br>**(шығармашылық іс—әрекет, бейнелеу іс-әрекет)** | *мамандықтармен (банк қызметкері, кассир, бухгалтер) таныстыру. • Ақшаны сақтау, санау, айырбастау сияқты ұғымдарды ойын арқылы үйрету. • Өз мамандығы туралы армандауға баулу. ——— Қажетті құралдар: • Қағаз ақша, тиындар. • Үстел – «банк кассасы». • Қорап – «ақша жәшігі». • Қарапайым «түбіртек» қағаздар. ——— Рөлдер: • Банк қызметкері (кассир) • Клиенттер (балалар) • Қосымша: «Бас бухгалтер» немесе «Қор сақтаушы» ——— Ойын барысы: 1. Кіріспе әңгіме Тәрбиеші: – «Балалар, өскенде әркімнің өз мамандығы болады. Мысалы, біреу – дәрігер, біреу – мұғалім. Ал енді қаржыға байланысты мамандықтар да бар: банк қызметкері, кассир, бухгалтер. Олар ақшаны санайды, сақтайды, дұрыс жұмсайды». 2. Рөлдерге бөлу • Бір бала – банк қызметкері. • Қалғандары – клиенттер. 3. Банк ойыны • Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен ақшамды банкке салғым келеді». • Банк қызметкері ақшаны алып, түбіртек береді. • Басқа клиент: «Мен ақша алғым келеді». • Қызметкер түбіртекті алып, ақшасын қайта береді. • Бір клиент* | *тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br><br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br><br>*- үстелдің астынан өту;*<br><br>*- «көлді» айналып өту»;*<br><br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br><br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br><br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.*<br><br>***(адалдық әліппесі)***<br><br>**«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.<br><br>Шарты. Педагог қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына шығады.<br><br>Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне қысқа таяқшалар ілінген.<br><br>Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шетінен, екі баладан ұстап күнмен бірге | ***Дидактикалық ойын:***<br><br>***«Дұрыс таңдау жаса»***<br><br>*<u>(қаржылық сауаттылық)</u>*<br><br>*Мақсаты: қажеттілік пен қалауды ажырата білу. Құралдар: суреттер (азық-түлік, киім, тәтті, ойыншық, телефон).*<br><br>*Ойын барысы:*<br><br>*• Балаларға белгілі бір сома беріледі*<br><br>*• Олар ақшаға не сатып алатынын таңдайды.*<br><br>*• Тәрбиеші «алдымен не алу дұрыс?» деп сұрайды. Нәтиже: Балалар басымдық қоюды үйренеді.*<br><br>***Ұлттық ойын.***<br><br>***Ақсүйек***<br><br>*Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жүлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса,* | *әңгімелейді, ал балалар бұл ұсынылған әрекеттерді істеуге бола ма немесе болмай ма деп айту керек. Мысалдар:* ***«Бейтаныс адам кәмпит ұсынып жатыр», «Көрші алма ұсынып жатыр»,***<br><br>***«Бейтаныс адам жол сұрап жатыр».***<br><br>**"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу.<br><br>Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)**<br><br>**"Бір шаңырақ астында" өлеңін жаттау.**<br><br>Тату-тәтті тұрамыз.<br><br>Бірге ішеміз асты да,<br><br>Бірге сайран құрамыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Рөлдік ойын: "Қонақ күту".**<br><br>Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю).<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Сөйлеу тілін дамыту.<br><br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *ақша айырбастайды: «Маған бір қағаз ақшаны ұсақтап беріңізші». 4. Қорытынды әңгіме • Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: – «Банк қызметкері не істейді?» – «Ақшаны қалай сақтайды?» – «Өскенде сендер кім болғыларың келеді?»*<br><br>***Ұлттық ойын.***<br><br>***Арқан тартыс***<br><br>*Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп,ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай* | айналады.<br><br>Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды. Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады.<br><br>Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | *сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді.*<br><br>***(дене тәрбиесі)*** | Ортақ болып ісіміз,<br><br>Еңбек десе тынбаймыз.<br><br>Үлкен сыйлап кішіміз,<br><br>Аға ақылын тыңдаймыз.<br><br>Достықты үлгі санаған,<br><br>Бір үйде біз тұрамыз,<br><br>Қалған ата-бабадан,<br><br>Бірлік асыл мұрамыз!<br><br>Н.Айтов<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *құлату үшін тартады.* ***(дене тәрбиесі)*** | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Саусақ жаттығуы. "Достық".** Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз ( екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)** | **«Есіңде сақта» ойыны.** Суреттер бойынша балалар азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) жатқа айтуға баулу, сөздік қорларын кеңейту. **(қазақ тілі)** | **Өлең жаттау.** Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі. Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз. Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауаьын тапқан баланың өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары». | «Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру. | Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог). |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **27.04-30.04.2026ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.<br>Әңгімелесу "Баланы еңбекке тәрбиелеу". | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Психолог кеңесі.<br><br>Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»<br><br>«Бала өмірінде дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.<br><br>*Өнегелі 15 минут* | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп"***<br><br>***(тәрбиешінің көмекшісімен бірге).***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br><br>*Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы ұғымдарын бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.*<br><br>***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".***<br><br>*Мақсат-міндеттер.*<br><br>*Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбектенуге, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу.*<br><br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**Тыңдалым арқылы қабылдау негізінде өз ойларын айтуға арналған**<br><br>**«Мен гүлдерді жақсы көремін» жаттығуы.**<br><br>**(қазақ тілі)**<br>Педагог:<br>- Балалар, қандай гүлдерді | ***Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күй «Кең жайлау»*<br><br>*«Ұлттар достығы»* | **"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын.**<br><br>Дидактикалық міндеті.<br><br>Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтеуге тәрбиелеу, өмірі туралы білуге ынталандыру. | ***Күй тыңдайық, балақай!"***<br><br>*балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br><br>*Күй «Кең жайлау»* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білесіңдер?<br>- Гүлдердің адамдарға қандай пайдасы бар?<br>- Гүлдерге қалай күтіп жасаймыз?<br>- Гүлдерді тағы қандай мақсатта қолданамыз?<br>- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?<br>- Онда не жайлы айтылған?<br>- Ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен? | *тақырыбында фотосуреттер қарастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу*.<br>**(тіл дамыту, қазақ тілі)**<br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>*«ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»*<br>*Сюжетті суреттер қарау, әңгімелеу.* | Ойын ережесі.<br>Суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршаққа ұлттық киімді киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және жылдам киіндірсе, сол жеңеді.<br>Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе өлең орындау.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**<br>***Ұлттық ойын.***<br>***Ақсерек - көксерек***<br>*Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.*<br>*1-ші топ.*<br>*Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,*<br>*Бізден сізге кім керек.*<br>*2-ші топ.*<br>*Ақсерек-ау, ақ серек,*<br>*Сізден бізге ... (бала аты) керек.*<br>*Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан* | ***Шеңберден шығару.***<br>***Асық ату ойыны***<br>*Ойын шарты бойынша диаметрі 1,5-2 метрлік, кейде одан да үлкен шеңбер сызылады. Қатысушы балалар шеңбердің дәл ортасына (5-6 бала болса, бір-бірден, 2-3 бала болса, екі асықтан) бір-бірден асық тізеді. Тағы да сақаларын бір қолға жинап, шиыра шашады. Шарт бірінші ойындағыдай. Ату кезегі сақаларының алшы/тәйкі тұруына қарай анықталады. Сосын шеңберден ортасында тізілген асықтан есептеп, екі жаққа қарай адыммен 4-5 қадам жасап, белгі сызады да, сол сызықтан тұрып кезегімен шеңбердің ортасында тізілген асықтарды атады*.<br>«Бәріне ортақ мереке» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.*<br><br>***(дене тәрбиесі)*** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен)**<br><br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br><br>1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br><br>1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.<br><br>1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.<br><br>1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br><br>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру.<br><br>Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br><br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br><br>1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br><br>***(дене тәрбиесі)*** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тиін жаңғақ жарады,<br><br>Ешкі шөп жеп барады.<br><br>Құстар дәнді шоқиды,<br><br>Ұлу отыр қоқиып.<br><br>Сүйекті жеп күшігім,<br><br>Ара балды сорады.<br><br>Жемге тойған бұзауым,<br><br>Қамаулы тұр қорада.<br><br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br><br>Қазір жасап беремін.<br><br>Сүт ботқасын көп жесең,<br><br>Жылдам өсіп кетесің.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бірлік, бейбітшілік, туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | "Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында әңгімелесу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>**Дыбыстардың нақты комбинацияларын айту арқылы еске сақтауды белсендіруге арналған «Бақа, бақа, балпақ»** | Жеңіс күнін тойлаймыз.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br><br>Ойынның мақсаты: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br><br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ауызша жаттығу.**<br><br>**(қазақ тілі)** | | анықтауды ұсынады.<br><br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br><br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.<br><br>*(адалдық әліппесі)* | |
| **Білім беру ұйымының кестесі**<br><br>**бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Дыбыс пен буын<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.<br><br>2.Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту.<br><br>3.Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"Ю дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу | **Сауат ашу негіздері**<br><br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br><br>Мақсат-міндеттер: 1. Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.<br><br>2. Сөздегі жетіспейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құрауға жаттықтыру.<br><br>3.Дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері** | **Математика негіздері**<br><br>Бүтін және бөлік<br><br>Мақсат-міндеттер: қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, бөлшектерден пішіндер жинау және құрастыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>"Әскери қызмет. Халық аузындағы "Үш батыр" ертегісі". | **Математика негіздері**<br><br>Бүтін және бөлік<br><br>Мақсат-міндеттер: бүтін мен бөлікті салыстыру, бөліктерді атау, тең және тең емес бөліктерді анықтау, бөліктерден фигуралар жасау дағдыларын бекіту. Қиялды, бақылауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Ханталапай<br><br>Мақсат-міндеттер:Монолог құра | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негіздері)".<br><br>Мақсат-міндеттер: Ю дыбысы мен әрпін таныту; оның қосарланған дыбыс екенін ұғындыру; "Ю" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту, Ю дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге үйрету, "достық", "ынтымақ" сөздерінің маңызын түсіну, өлең шумағын жаттай білуге үйрету, өлең сөздерін эмоциялы түрде жатқа айтуға дағдыландыру. Бірлікке татулыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Өрмелеп үйренеміз<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Гимнастикалық қабырғаға әртүрлі өрмелей білуін жалғастыру; қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыта түсу. Қолдарын екі жаққа созып, | Бүтін және бөлік<br><br>Мақсат-міндеттер: бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру, пішіндерді жинап, құрастыру, бөліктерді атау, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту. Талдауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Шабандоздар<br><br>Мақсат-міндеттер:а) Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.<br><br>ә) Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Фитболды «жыланша» irектеліп жүріп, заттардың арасымен алып жүруді бекіту.<br><br>Ұсақ моториканы, хоп-фитболмен текшелерді айнала | Мақсат-міндеттер:Балалардың әскери қызмет туралы, "Отан қорғаушылар күні" мерекесі туралы жалпы түсініктерін дамыту; "Отан", "Туған жер" түсініктерін дамыту; осы сөздер мен "қорғау" және "қадірлеу", "әскери" және ""қызмет ету", "ақылды" және "тапқыр" сөздерінің мағынасын ашу; халық аузындағы "Үш батыр" ертегісінің мазмұнымен таныстыру; әскери шеруге қатысты "алға", "артқа", "оңға", "солға", ұғымдарын нақтылау; Отанды қорғау қажеттілігі туралы ұғым қалыптастыру; шеруде қозғалу қабілетін дамыту, ырғақты саптық әнді айту; ертегідегі оқиғалар тізбегін есте сақтауға үйрету; балалардың бойында ойлау, коммуникативтік қасиеттерін дамыту; балаларды Отан сүйгіштікке, ұйымдастырушылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br><br>Бақытты балалық шақ<br><br>Мақсат-міндеттер: Балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты | білуге үйрету.<br><br>Сюжеттік суретті сипаттау дағдысын дамыту. Ұлттық ойындарға қызығушылығын тәрбиелеу<br><br>Ханталапай ойыны қойдың асықтарымен ойналады. Асықтың ішінде қызыл түске боялған асықты хан қояды. Егер асықты шашқанда ханасық алшы түссе, «ханталапай» деп барлық асықты таласа бөліп алады.<br><br>Асықтың қалай түссе де өз атауы бар: тәйке, алшы, бүк, шік, омпа.<br><br>**Сөздік жұмысы:** ханасық, алшы. Балалар шеңбер бойымен отырады.<br><br>Педагог ойын барысын түсіндіреді. Шеңбер ортасына асықтарды шашып жібереді.<br><br>Балақай, алақай, ханталапай! Балалар таласа жинап алады, қызыл асықты алған бала жеңімпаз атанады.<br><br>Жеңімпаз бала басқа балаларға тапсырма береді.<br><br>– Сүйікті ойыншығыңды ата, сипатта.<br>– Өзін отбасың туралы әңгімеле.<br>– Мемлекеттің рәміздерін ата.<br>– Қандай көлік түрлерін білесің? Ата.<br>– Жатқа тақпақ айт.<br>– Жаңылтпашты жылдам айт.<br>– Мақал-мәтелдер айт. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арқасын алдыға қаратып, иректеліп қойылған баумен жүру және динамикалық тепе-теңдікті сақтауын дамыту.<br><br>ә) Көзмөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру.<br><br>б) Ойындарға қызығушылығын арттырып, шапшаңдық пен қимыл үйлесімділігіне, отбасымен салауатты өмір салтына құлшынуға баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Ынтымақ пен бірлік мерекесі<br><br>Мақсат-міндеттер: а) Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдерінің тұратыны жайлы мәлімет беру. Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салт- дәстүрлері бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру.<br><br>ә) Қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру.<br><br>б) Ұлтаралық достық туралы әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын толықтыру. | арқаны тік ұстап, еденнен шұғыл екпінмен итеріліп, аяқ басына жұмсақ түсетіндей етіп секіруді дамыту.<br><br>б) Ептілікті, күштілікті, көпшілдік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім, білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жалпақтабан мен арқа омыртқа ауруларының алдын алу.<br><br>**Тіл дамыту**<br><br>Жолда абайла<br><br>Мақсат-міндеттер: Жол белгілерінің маңызын түсіндіру.<br><br>Өз тәжірибесі негізінде әңгімелеуге баулу. Жолда жүру ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу.<br><br>*Педагог жұмбақ жасырады.*<br><br>Ұзын-ұзын, ұзын жіп,<br><br>Ұшы қайдан табылар? *(Жол)*<br><br>Бір жолда екеуі жарысады,<br><br>Бір-бірінен оза алмай алысады. *(Теміржол)*<br><br>Жұмбақ бойынша педагог бүгінгі | суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>Достық мерекесі<br><br>Мақсат-міндеттер: Ынтымақтастық сөзінің мағынасын түсіндіру. Өлеңді есте сақтау қабілетін дамыту.<br><br>Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Шаттық шеңберін құру.**Балалар музыка әуенімен айтады.<br><br>Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр сәніміз. Тыныштықты сақтайық, Ашық болсын күніміз!<br><br>– 1 Мамыр – халықтар достығы мен ынтымағының мерекесі.<br>– Бұл мереке несімен ерекше? (Слайд арқылы таныстыру.)<br>– Достық – барлық халықтың берекесі, татулығы. Ынтымақ – еліміздің бірлігі.<br>– Біз бүгін ақын Серікбай Оспановтың «Достық мерекесі» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады (соңындағы қосымшаны қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br><br>*тыныштық* – соғыс болмасын деген мағынада *ынтымақ* – ұйымшылдық, татулық, бірлік | **Сергіту сәті**<br><br>***«Асық ату» қимылды ойыны***<br><br>Кішкене шеңбер сызып, ішіне асықтарды тізіп қояды. Балалар кезекпен шығып, дәлдеп атады.<br><br>Асыққа тигізіп, шеңберден шығарса, сол асықты өзіне алады.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>• Асықтардың түрлерін ата. Алшы түскен асықты боя. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br><br>Спортпен шұғылданамыз<br><br>Мақсат-міндеттер:а) Оң қол және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету, қолдарын алдымен төмен қарай айналдырып, сосын артқа толық жазылғанша сермеп лақтыруға дағдыландыру. Аяқты өкшеден бастап, аяқ басына қарай басып, жылдамдықты сақтап, баяу жүгіруге жаттығуды жалғастыру.<br><br>ә) Заттардың арасымен еңбектеп жүруді бекіту, қозғалыс кезінде | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | іс-әрекетте не туралы сөз болатынын болжауды ұсынады. Талқылау қорытындысында әңгіме жол туралы болады деген пікірге келеді.<br><br>-Балалар, қандай жол түрлерін білесіңдер?<br><br>***«Сөйлемді аяқта» ойыны*** Жол адамдарға ... үшін қажет. Жолдар әртүрлі болады: ... .<br><br>– Көшенің арғы бетіне өтерде өте сақ болған жөн. Көшеде жүру тәртібін сақтамаудың зардабы ауыр болуы мүмкін. Сен өзіңді қауіпке душар етіп қана қоймай, басқаларға да кедергі келтіресің. Көшеде жүру тәртібін бұзасың.<br><br>Педагог балаларға олардың жолды қауіпсіз кесіп өтуіне көмектесетін бағдаршаммен таныс екенін ескертеді.<br><br>– Жұмбақ шешейік.<br>Үйрен таппай тыным бір,<br>Белгілердің тілін біл.<br><br>Егер оны білмесең,<br><br>Тартар жолың бұлыңғыр.<br>*(Жол белгілері)*<br><br>-Көшеге шыққанда алдымен неге мән беру керек?<br><br>– Жол белгілеріне мән беру керек.<br>– Қандай жол белгілерін білесіңдер? | *бейбіт* – тыныштық, жайлы өмір<br><br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br><br>-Өлең не туралы? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br><br>– Бірінші мамыр қандай мереке? «Бейбіт күн» дегенді қалай түсінесің?<br>– Мерекеге барғанда балалар қолына не ұстайды? *Достық* сөзіне сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br><br>«**Тілегіміз бейбіт күн» өлеңін** екінші рет қайталап оқиды.<br><br>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. Педагог 3-4 балаға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады.<br><br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br><br>1.Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br><br>Суреттегі қай ұлттың балалары? Қалай ажыраттың? Олардың көңіл күйі қандай? Балаларға ат қойып, достық туралы әңгімеле.<br><br>2.Суретті аяқтап сал. Боя.<br><br>3.Жаттап ал.<br><br>Бақытты елде туғанбыз, Бақытты өмір сүреміз. | дұрыс қалып пен бұлшық еттердің сәйкес рефлекстерінің қалыптасуына ықпал ету. Тереңдікке секіруге, аяқты бүгіп секіріп түсуге, тепе-теңдікті сақтауға жаттығу.<br><br>б) Ептілік, төзімділік, күштілік, өзбетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>Балаларды әскери мамандар<br><br>Мақсат-міндеттер:а) Балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>ә) Әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру.<br><br>б) Отансүйгіштік сезімдерін, айбынды армиямыз үшін мақтаныш сезімдерін ояту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балалар білгендерінше айтады, педагог толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпежол белгісі, жерасты жолы белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі.<br><br>**Сөздік жұмысы:** жаяу өтпежол.<br><br>– Жол белгілерінің айырмашылығын атаңдар.<br>– Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген.<br>– Мына суретте не көріп тұрсыңдар?<br>– Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр.<br>– Жолда доп ойнау неліктен қауіпті?<br>– Доп жолға домалап кетуі мүмкін.<br>– Саған жолдан өту керек болды. Жақын маңда бағдаршам жоқ. Сен қай жерден өтесің?<br>– «Жаяу жүргінші өтпежолы» белгісін тауып, сол жерден өту керек.<br>– Балалар, бағдаршам жоқ болған жағдайда, жаяу жүргіншілер өтетін жерді іздеп тауып, тек сол жерден өту керек! Ол үшін ешқашан ерінбеңдер!<br>– Бағдаршамда неше түс бар?<br>– Әр түс нені білдіреді?<br>**Сергіту сәті**<br><br>**Үлестірмелі материалмен** | Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді.<br><br>-Сендер тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, тыныштық. Сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар. Бақытты өмір сүру деген – осы.<br><br>Педагог қорытынды жасайды. *Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.*<br><br>Достық мерекесі саған ұнай ма? Мерекені ата-анаңмен қалай қарсы алдың? Балаларды мадақтау**.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **жұмыс**<br>1. Жол түрлерін есіңде сақта. Сен қандай жолдармен жүресің? Суреттегі әрбір жолдың неге арналғанын айтып бер.<br>2.Суретке қарап, жол белгілерін ата.<br>***Дидактикалық ойын: «Байқа, балақай»***<br>Шарты: педагог жол белгілерін көрсетеді, балалар қандай белгі екенін айтып, қимылмен көрсетеді.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жәндіктер ұғымының мазмұнын нақтылау; оларды жалпыға ортақ негіздер | **Бақбақты бақылау.**<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімді нақтылау; табиғатты | **Жолжелкенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Дәрілік өсімдіктер туралы түсінік | **Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктемнің аяғында жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша салыстыруға үйрету.<br><br>**Зерттеу.** Қанқызды тауып, оның атауын анықтау; құмырсқалардың ізін табу.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыс пен қардан тазарту.**(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аралардың ұшуы". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Бүкіл аула бойынша жүгіруді, қабырғаға қарсы тұрмауға үйрету; бір-біріне көне отырып, бос кеңістікке көтерілу; секірмей аяғына дейін жету; ептілікті, зейінділікті дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру. | белсенді түрде қорғауға ұмтылысты қалыптастыру; дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.<br><br>**Зерттеу.**<br><br>Қай дәрілік өсімдік тұқымын бақбақ сияқты алып жүретінін анықтау.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы қоқыстар мен құрғақ бұтақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Өз жұмысының нәтижесін көруге үйрету.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Гүлшанақты тап".". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Гүлдерді ажырата білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету; жүгіру кезінде жаттығу; бақылауды дамыту.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.**<br><br>Мақсат-міндеттер. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан секіру жаттығулары. | қалыптастыру барысында танымдық белсенділікті дамытуды жалғастыру.<br><br>**Зерттеу.** Жолжелкен жапырақтарын үлкейткіш әйнек арқылы қарастырып, олардың ерекше белгілерін атап өту.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Атын анықтап ата". ". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Дәрілік шөптерді тану және дұрыс атау қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту.**". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары; қимылдарды үйлестіруді дамыту. | жалпылама түсініктер қалыптастыруды жалғастыру.<br><br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауланы көктемгі қоқыстардан тазарту.<br><br>Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу, кішіге көмектесуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**<br><br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тамшылар". ". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Екі қатар құруға, кең шеңбер құруға, ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігіне, реакциялардың жылдамдығына және тапқырлыққа үйрету.<br><br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** қозғалыстарды дамыту.**". (дене тәрбиесі)**<br><br>Мақсат-міндеттер. Допты берілген бағытта оң және сол қолмен лақтыруға жаттығу; қимылдарды үйлестіруді дамыту; ұжымдық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. | | | | |

| | |
|---|---|
| | Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br><br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br><br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br><br>*Көркем сөз*<br><br>Тиін жаңғақ жарады,<br><br>Ешкі шөп жеп барады.<br><br>Құстар дәнді шоқиды,<br><br>Ұлу отыр қоқиып.<br><br>Сүйекті жеп күшігім,<br><br>Ара балды сорады.<br><br>Жемге тойған бұзауым,<br><br>Қамаулы тұр қорада.<br><br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br><br>Қазір жасап беремін.<br><br>Сүт ботқасын көп жесең,<br><br>Жылдам өсіп кетесің.<br><br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br><br>***«Күй күмбірі»***<br><br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | **Ұйқыашар жаттығулары.**<br><br>Керует жанындағы жаттығулар<br><br>"Құстар"<br><br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br><br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br><br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br><br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***"Мамандықтар" лотосы***<br><br>*Мақсаты: Балалардың мамандықтарды заттармен байланыстыра білуін және заттарды мақсатына қарай топтастыра білуін қалыптастыру; мамандықтардың атауын бекіту.Маман иелерінің еңбектері туралы әңгімелесу.*<br><br>*Ойын материалы: Суреттері бар лото карталары:- дәрігер, шприц;- аспаз, қазан;- ағаш ұстасы, ара;- кір жуатын орын, үтік;*<br><br>*- сыпырушы, сыпырғыш;- сатушы, касса.*<br><br>***Дидактикалық ойын: «Мен еңбектенемін – табыс*** | ***Қауіпсіздік сабағы***<br><br>*«Суға-қауіпті!»*<br><br>*Мақсаты: Су маңында абай болуға үйрету. Балаларды судың қауіпті екенін түсіндіру;*<br><br>*Негізгі ережелер*<br><br>*1. Ересек қадағалауымен ойнау • Балалар тек ересек қасында судың жанында ойнайды.*<br><br>*2. Суға тікелей түспеу • Шелек немесе бассейнде тек бақылау, суға түспеу.*<br><br>*3. Қолмен қорғау • Су шашылғанда немесе желдеткішпен жасанды жел шыққанда, басын немесе көзін қолмен қорғау.* | ***Сюжеттік ойын:***<br><br>***«Мен банкке ақша саламын»***<br><br>*Мақсаты: • Ақшаны үнемдеу және қауіпсіз сақтау туралы алғашқы түсінік беру; • «Жинақтау» ұғымын таныстыру; • Қарым-қатынас, рөлдік ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту. ——— Қатысушылардың рөлдері: • Банк қызметкері • Клиенттер (балалар) ——— Құралдар: • Үлкен қорапша немесе дорба («банк»); • Шағын қорапшалар («жинақ қорабы»); • Жасанды ақша (түсті қағаздан да жасауға болады). ——— Ойын барысы:*<br><br>***1. Тәрбиеші кіріспе жасайды****:* *«Балалар, адамдар ақшасын* | **Вариативті компонент**<br><br>**Жас зерттеуші**<br><br>***Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз»***<br><br>*Мақсаты: • Балаларды еңбекпен табыс табу ұғымымен таныстыру;*<br><br>*• Қызмет көрсету мен ақы төлеу арасындағы байланысты үйрету;*<br><br>***• Ақшаны дұрыс санауды және төлем жасауды үйрену.***<br><br>*Қажетті құралдар:*<br><br>*• Шаш қиюға арналған ойыншық құралдар (қайшы, тарақ, фен,* | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***табамын»***<br><br>*Мақсаты: Еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету. Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, тақпақ айту, жұмбақ шешу), ойыншық ақша. Ойын барысы: • Әр бала тапсырма орындаған сайын «ақша» алады. • Соңында сол ақшасына зат сатып алады. Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын түсінеді.*<br><br>*(қаржылық сауаттылық)*<br><br>**Ұлттық ойын**<br><br>**Асық қаршу (бестас).**<br><br>*Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден өткізу» түріне ауысады. Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай* | *4. Қозғалыс пен қашу дағдылары • Су төгілсе немесе аяқ астынан сырғанағы болса, қауіпсіз жерге жылдам ауысу*<br><br>**"Таңғажайып гүлдер"**<br><br>Тақырып бойынша балалар өз бетінше шығармашылық орталықтарында іс-әрекеттер жасайды<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>Балаларды бөртегүл бұтағына қарап, суретін, мақта таяқшасын, борларды, бояуды қолданып, қағаз бетіне салу техникасына үйрету; ақ пен көк-сия түстерін араластыру нәтижесінде ақшыл күлгін түсті жасап, суретте пайдалану білігін қалыптастыру;<br><br>(сурет салу)<br><br>Балаларға ермексаздан түймедақ гүлін мүсіндеу кезінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту; жіңішке таяқшаға ермексазды жағып, гүлдің сабағы деп қабылдауды үйрету; (мүсіндеу)<br><br>Балаларды түрлі-түсті қағазды бүгіп жапсыру арқылы гүл жасап, тіктөртбұрышты қайшының көмегімен сопақша етіп кесіп алып, қалдық материал: бірретік қағаздан жасалған табақшаның үстіне жапсыруға | *банкке салады. Банк ақшаны қауіпсіз сақтайды. Егер бізге керек болса, қайта алып шығамыз».*<br><br>***2. Рөлдер бөлу:*** *Бір бала – банк қызметкері, қалғандары – клиент.*<br><br>***3. Ойын әрекеті:*** *• Балалар қолындағы ақшасын жинақ қорапшаға немесе банкке салады. • Банк қызметкері ақшаны қабылдап: «Сіздің ақшаңыз қауіпсіз жерде сақталады» деп айтады. • Кейін балалар банкке келіп, ақшасын қайта алады. • Балалар алған ақшасына ойыншық немесе суреттегі затты «сатып алады».*<br><br>***4. Қорытынды әңгіме:*** *«Ақшаны банкке не үшін салдық?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсауға бола ма?» – «Жинақтаудың қандай пайдасы бар?»*<br><br>*Нәтиже: 4 жасар балалар: • Ақшаны сақтау керек екенін; • Банк – ақшаны сақтайтын жер екенін; • Жинақтаудың пайдалы екенін түсінеді.*<br><br>"Әскери ұшақ"<br><br>Балалар қалаған орталықтарына барып, жұмыс жасайды | *орамал);*<br><br>*• Айна; • «Ақша» орнына қағаздан жасалған тиындар/қағаздар;*<br><br>*• «Баға кестесі» (шаш қию – 5 теңге, өрім – 3 теңге, шаш жуу – 2 теңге).*<br><br>***Ойын барысы:***<br><br>*1. Рөлдерге бөлу*<br><br>*• Бір бала – шаштаразшы; • Бірнеше бала – клиенттер;*<br><br>*• Бір бала – кассир (ақша қабылдайды). 2. Клиент келеді Клиент: «Сәлеметсіз бе! Мен шашымды қидырғым келеді.»*<br><br>*Шаштаразшы: «Қош келдіңіз! Қай үлгіде қылайық?»*<br><br>*3. Қызмет көрсету*<br><br>*• Шаштаразшы ойнаған түрде шаш қияды, тарайды немесе өрім жасайды.*<br><br>*• Клиент айнаға қарап риза болады.*<br><br>*4. Төлем жасау*<br><br>*• Кассир: «Шаш қию*<br><br>*– 5 теңге. Төлеңіз.»*<br><br>*• Клиент ойыншық ақшасын береді. • Кассир ақша санап, қайтарымын қайтарады.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *күрделенген түрде жалғаса береді*<br><br>"Атқа мінген шабандоз"<br><br>Балалар қалаған орталықтарына барып, жұмыс жасайды<br><br>Балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; мүсіндеуге, сюжетті сурет құрастырып жжапсыруға үйрету.Баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту.<br><br>**шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | үйрету; (жапсыру)<br><br>Балаларды гофрленген қағаздан шеңбер, сопақша пішіндерін қиып, қағаз бетіне жапсырып шегіргүл (фиалка) өсімдігін құрастыруды үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша гүлдің аузын жасауға, бөлме өсімдіктерінің басқа өсімдіктерден айырмашылықтарын табуға үйрету; (құрастыру)<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br><br>**"Спорттық жаттығу залы".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | Сюжетті сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br><br>Мүсіндеу бойынша балаларды ермексаздан бөліктерді бір-біріне біріктіру арқылы әскери ұшақты мүсіндеуге үйрету.<br><br>Жапсыру бойынша сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру.<br><br>Балаларға құрылыс материалдарынан танк құрастыруды үйрету;<br><br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br><br>"Жаңбырдың түрлері"<br><br>Мақсат-міндеттер: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. | *5. Қорытынды*<br><br>*Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:*<br><br>*• Шаштаразшы не істейді?*<br><br>*• Ол еңбегі үшін не алады? • Ақшаны қайда жұмсайды?*<br><br>*Балалар: «Жалақы алады, оны тамаққа, киімге, үйге жұмсайды.»*<br><br>***Дидактикалық ойын: «Ақшаны қораптарға бөлеміз»*** *(мини-бюджет) Мақсаты: Ақшаны бөлу (тағайындау) туралы алғашқы түсінік беру. Көрнекілік: 3 кішкентай қорап: – «Тамақ», – «Ойыншық», – «Жинақ» деп жазу (суретімен). Фишкалар – 5–6 дана. Ойын барысы: 1. Әр балаға 5 фишка береді. 2. Тәрбиеші: – «Бір ақша – тамаққа (нан, сүт)» – «Бір ақша – ойыншыққа» – «Бір ақша – жинаққа» – деп көрсетеді. 3. Балалар фишкаларын өз қалауы бойынша қораптарға салады. 4. Соңында: «Қай қорапта көп? Қайсында аз?» – деп салыстырады. Күтілетін нәтиже: – Ақшаны бөліп жұмсауға болатынын көреді. – Таңдау жасау дағдысы дамиды.* | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Музыкалық-ырғақтық** | **Өлең жаттау.** | **"Қайсар рухты баламын"** | **Дамытушы жаттығу.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қимылдар.**<br><br>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу | Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн".<br><br>Алаулап гүл тұрады,<br><br>Туған жер құлпырады,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>Түрленіп бақша, бағы,<br><br>Тірлік те жақсарады,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>Балалар, болады аман,<br><br>Аналар болады аман,<br><br>Бейбітшілік болса!<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)** | **өлеңін жаттау.**<br><br>Алатау, Алтай арасы –<br>Қазақтың кең даласы.<br><br>Мен боламын сол елдің<br><br>Қайсар рухты баласы.<br><br>Өсіп, өніп, ержетіп,<br><br>Ақылымды өрлетіп.<br><br>Елімнің атын шығарам<br><br>Мықты елдермен тең етіп.<br><br>Д.Сүлейменов<br><br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".**<br><br>Мақсат-міндеттер. Балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.<br><br>Шарты.<br><br>Тік тұрып, екі қолды екі жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.<br><br>Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.<br><br>**(дене тәрбиесі)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br><br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Жаднама.<br><br>«Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?». | «Майдангер аталар» тақырыбында суреттер көрмесін ұйымдастыру. | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | Кеңес беру.<br><br>«Бала мен ата-ананың демалысының түрлері». | |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **04.05-08.05.2026ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі:* «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Медбикеден кеңес: «Тазалық – денсаулық кепілі».<br>"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.<br>*Балаңыздың және өзіңіздің денсаулығыңызға қамқорлық жасаңыз, онымен бірге өз ағзаңыз туралы, денсаулықты сақтау және нығайту жолдары туралы негізгі білімді игеріңіз, бірге спортпен шұғылданыңыз.*<br>*Өнегелі 15минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Біз орындықтарды орнына қоямыз".***<br>*Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Кітап бұрышындағы еңбек".***<br>*(кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты ұстауға, еңбектенуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".***<br>*Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға, еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, балаларға өсімдіктің шаңын кетіру әдісін таңдауды үйрету.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ***(еңбек іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>**Фотосуреттер қарастыру**<br>**«Ұлы Отан Соғысының ардагерлері».**<br>Фотосуретте бейнеленген Ұлы Отан Соғысының ардагерлері туралы әңгімелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Біл және көшеде жүру ережесін орында»***<br>*Мақсаты: Балалармен көшеде жүру ережелерін бекіту; бағдаршамның мағынасын қайталау.*<br>*Қолданылатын көрнекіліктер:*<br>*Қала көшелері сапатталған суреттер.*<br>*Ойын барысы: Тақтада адамдар әр түрлі жағдайда тұрған суреттер ілініп тұрады. Тәрбиеші балаларға оларды қарауға ұсынады. Балалар сол суреттерге қарап, кез-келгенін тандап алып, жол жүру ережесін естеріне түсіріп, не істеуге болатынын, қалай жағдайдан шығуға болатынын айтып береді* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Күй : «Әлқиса»**<br>**"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойын.**<br>Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы. Жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." сөздерін айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атауы керек. Бала айтып үлгермесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Ойын барлық ойыншылар ойыннан шыққанға дейін жалғасады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"***<br>балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Күй : «Әлқиса»**<br>**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту, сөйлеу, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог балабақшадағы балалардың өмірін бейнелейтін суреттерді салады: таңертеңгілік жаттығулар, таңғы ас, ұйымдастырылған іс-әрекет және т.б.. Балалар кез келген суретті өздері таңдайды, тексереді. "Таң" деген сөзге барлық балалар таңмен байланысты суретті көтеріп, өз таңдауын түсіндіреді. Содан кейін тәуліктің басқа бөліктері бейнеленген суреттерді көрсетеді.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | ***«Үнемді тұтыну»***<br>***«Жарық керек пе?»***<br>*Мақсаты: жарықты дұрыс пайдалануды үйрету. Құралдар: суреттер (күндіз терезеден күн түсіп тұр, қараңғы бөлме, теледидарды өшірмей кеткен). Барысы: • Тәрбиеші суретті көрсетеді.*<br>*• Балалар «жарықты қосу керек пе, өшіру керек пе?» деп айтады*<br><br>**"Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.**<br>Ойынның шарты:<br>1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.<br>2. Әр баланың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлді алып шығады. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.***«Үнемді тұтыну»***<br>*Суды және энергияны үнемді тұтыну дағдыларын қалыптастыру, түсінік беру*<br>*Көркем сөз*<br>Тамақтану әдебін,<br>Жатқа біздер білеміз.<br>Дастарханға отырып,<br>Жеңімізді түреміз.<br>Ас атасы ақ нанды,<br>Қадірлейміз шашпаймыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тамақтану үстінде,<br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br>Сүлгімен де орынды,<br>Пайдалана аламыз.<br>Шанышқы мен қасықты,<br>Қалай ұстайм қараңыз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Ұстанатын баламыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | ***«Дос болайық бәріміз»***<br>*Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру.*<br>*Балалар бір-бірінің артына тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br>*- үстелдің астынан өту;*<br>*- «көлді» айналып өту»;*<br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.*<br>***(адалдық әліппесі)*** | Табиғаттың әдемі көрінісі жайлы әңгімелесу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | **Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Суреттерді салыстырамыз".**<br>Балаларға бір-біріне ұқсас, бірақ бірқатар өзгешеліктері бар суреттерден айырмашылықтарын табуды ұсыныңыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | **«Менің көңіл-күйім»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .<br>Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | көрсететінін түсіндіру керек. **(адалдық әліппесі)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені білдік?<br>Мақсат-міндеттер: 1. Сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту.<br>2. Дыбыстарды дұрыс тыңдап оларды ретімен қосуға жаттығулар жасату.<br>3.Дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу.<br>**Қазақ тілі**<br>"Я дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері)".<br>Мақсат-міндеттер:Я дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, сауат ашу және жазу дәптеріне Я я әрпінің жазылу таңбасын үйрету. Я дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын қалыптастыру, көру және есту қабілетін дамыту, ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту, ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өз сөйлеу тілін қадағалай білуге тәрбиелеу, Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлармен, олардың ерлігімен таныстыру. Олардың ерен ерліктеріне еліктеушілік сезімдерін туғызу. Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Секіртпе – супертренажер<br>Мақсат-міндеттер: а) Қозғалыс ортасын байыту арқылы балалардың | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемдегі сөздердіңсанын, ретін анықта<br>**Міндеттері:** 1. Сөздегі дыбыс санын анықтай алуға үйрету, дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру.<br>2. Сөздібуынғабөлеалудағдылар ын бекіту.<br>3.Дербесжұмысістеуалуғажәнеәрқа шанақжаркынжүруге тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Өлшеймін және салыстырамын<br>Мақсат-міндеттер: шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды салыстыру, беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану қабілетін дамыту. Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Табандылыққа тәрбиелеу.балалардың<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Аңшы боламыз<br>Мақсат-міндеттер:а) Түрлі жағдайларда баланың жинаған білімі мен білігін саналы түрде, өз бетімен қолдана білуіне жәрдемдесу. Биіктікке секіргендегі қол мен аяқтың қимылын түзету, дамыту.<br>ә) Тізені жоғары көтеріп жүруге жаттықтыру. Динамикалық тепе-теңдікті сақтауын қалыптастыру. Заттардың арасымен жүгіруді жалғастыру. Арқан биіктігі мен арқаннан өту тәсіліне қарай қол аяқты жинап жұмырлану. | **Математика негіздері**<br>Өлшеймін және салыстырамын<br>Мақсат-міндеттер: шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, 1-ден 10-ға дейін санау, санды цифрмен сәйкестендіру, реттік санау дағдыларын бекіту.Танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Г.Х.Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісі. Гүлдерді аялайық."<br>Мақсат-міндеттер:Балалардың көктемде гүлдейтін гүл түрлері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы ерекшеліктер туралы түсініктерін нығайту; Г.Х. Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісінің мазмұнымен таныстыру;<br>жылдың төрт мезгіліндегі жануарлардың, құстардың және жәндіктердің тіршілігі туралы білімдерін нақтылау; гүлдерге күтім жасау, табиғаттағы өсімдік түрлерін сақтау ережелері туралы түсінік беру; балаларды мұқият тыңдауға және түсінуге үйрету, Г. Х. Андерсеннің "Түймеқыз" ертегісінің сюжетімен таныстыру; белгілі бір кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептерін түсіну қабілетін дамыту; кейіпкерді оның іс-әрекеттері арқылы | | **Сауат ашу негіздері**<br>Мағыналы буындар<br>**Міндеттері:** 1. Буынға буын қосып сөз құрауларын пысықтау.<br>2.Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасату.<br>Өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау, сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қалыптастыру.<br><br>**Музыка**<br>Жеңіс күні<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | даму, сауығуына жағдай жасау, жұмыс тәртібін ұстану мен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттерінің қалыптасуына көмектесу (топпен жұмыс, жұппен жұмыс).<br>ә) 50 см, 40см, 30 см көтеріліп керілген секіртпенің астымен өтуде жақсы нәтижеге жету үшін ең тиімді тәсілдерді таңдай білу. Секіртпені айналып бір аяқпен секіргенде аяқтарын түсірмеуге, жерге аяқ басымен қонуға жаттығу. Секіртпелердің арасымен жүріп өткенде, секіртпеден аттап өткенде арқаны тік ұстау дағдыларын бекіту.<br>б) Талдау, ойлау, қалыптан тыс шешімдер таба білу, қимыл қозғалыс тапқырлығы, көзмөлшері коммуникативті құзырлылық қабілеттерін дамыту. Командамен жұмыста, басқа да жағдайларда жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>***Ұлттық ойын***<br>***Ат жарыс***<br>*Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады.*<br>*Ойын шарты: Балалар тәрбиешінің «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.*<br>*К\Құралдар: Екі командаға аттың кескін бетперде*<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ұлы Отан соғысы ардагерлері<br>Мақсат-міндеттер: а) Балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыруды жалғастыру. Ұлы Отан соғысы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарын кеңейту.<br>ә) Қазақстандық батырлардың ерліктері туралы білу, оларды | б) Ептілік, төзімділік, күштілік, өз бетімен әрекет етуін дамыту. Өз денсаулығын да, өзгенің денсаулығын да сақтай білуге, әрекет етудегі тапқырлыққа тәрбиелеу. Дәстүрлерді сақтай білуге, топта әрекет ете білуге баулу.<br>**Тіл дамыту**<br>Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш<br>Мақсат-міндеттер: Диалогпен сөйлей білуге жетелеу. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.Педагог балалармен әңгімелеседі.<br>– Еңбек дегеніміз не?<br>– Еңбек ету адамға не үшін қажет?<br>– Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз? Педагог жұмбақ жасырады.<br>Тоқыған ауы<br>Шыбынның жауы. *(Өрмекші)*<br><br>Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер.<br>*(Құмырсқа)*<br>Тым ерте ұшып келеді, Үйіңе сенің кіреді, Қасиетті құс деп айтады, Балшықтан ұя жасайды.<br>*(Қарлығаш)*<br>– Балалар, бүгін Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесімен танысамыз.<br>Ы. Алтынсарин – ағартушы, ақын, жазушы. Ең алғаш қазақ балаларына арналған мектеп ашқан, ұстаздық еткен, оқулық жазған.<br>Педагог әңгімені оқып береді.<br>**Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш**<br>– Балалар, әңгіме не туралы?<br>– Балалар, сендер буынға бөле | бағалау қабілетін дамыту; түстер туралы жұмбақтарды шешуге үйрету; есте сақтау, қиял, ойлау, эстетикалық талғамды дамыту; қоршаған әлемді қорғауға, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>Гүл көбелек<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Қараторғайдың ұясы**<br>Мақсат-міндеттер: Сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету.<br>Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Шаттық шеңберін құру.**<br>Құс ұясын жасадым, Талға апарып байладым. Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады.<br>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Көктемде қандай құстар ұшып келеді? Құстар қайда мекендейді?<br>– Көктемнің жаршысы қандай құс?<br>– Құстардың келуіне адамдар қалай дайындалады? | | Жеңіс күні<br>Мақсат-міндеттер: Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру.<br>Өлеңді жатқа айтуға ынталандыру. Елін, жерін сүюге, қорғауға тәрбиелеу<br>**Шаттық шеңберін құру.**<br>Отанды біз атамекен деп аялап атаймыз, Өйткені оны мекен еткен бабамыз бен атамыз.<br>– 9 Мамыр – Жеңіс күні! (Слайд көрсету, әңгімелеу).<br>– Ұлы Отан соғысында біздің батыр аталарымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды.<br>*Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерін көрсету.*<br>– Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атайықшы. (Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев т.б.)<br>– Жеңіс күні мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, соғыс ардагерлеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметтеу.<br>б) Балаларды аға ұрпақтың өсиетін тыңдап, адал болып өсуге, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Батырларды аты-жөндерімен атап және олардың ерліктерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. | аласыңдар. Әңгімедегі *өрмекші, құмырсқа, қарлығаш* сөздерін буынға бөліңдерші.<br>– Неше буыннан тұрады?<br>– Сөз буыннан тұрады. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды: а – та.<br>*Ата, бала, құмырсқа, өрмекші, қарлығаш* дегеннің бәрі – сөз.<br>Педагог балалардан әңгіме мазмұнын диалогпен айтып беруді сұрайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Сергіту жаттығуларын ақын Нұрхан Жанаевтың «Еңбек» өлеңімен жасатуға болады.<br>Гүл өсірсең терлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты – еңбек.<br>Сабағыңа жөндеп<br>Әзірленсең – еңбек.<br>Қиындықтың бәрін<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Мақал-мәтелдермен таныстыру.<br>Еңбек – адамның екінші анасы.<br>Еріншек түске дейін ұйықтайды.<br>Жалқаулық – жаман ауру.<br>Педагог балалармен бірге мақал-мәтелдің мағынасын талқылайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Өрмекшінің торына сары, қарлығаштың ұясына қызыл, құмырсқаның илеуіне жасыл түстермен жол сал.<br>Педагог қорытынды жасайды.<br>Балаларды мадақтайды.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында шығармашылық іс-әрекет ұйымдастыру.<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>Балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне | Көктемде құстар туған жеріне топ-тобымен ұшып келіп жатады. Бірінші болып ұшып келетін жыл құсы қараторғай. Қараторғай келсе, күн жылынады.<br>Құстар балшықтан, шөптен ұя жасайды. Қарлығаш ұясын үйдің шатырына орналастырады. Ал балалар келген құстарға тақтайдан ұя немесе жемшашар жасап, қамқорлық көрсетеді.<br>-Бүгін Айсұлу Еламанованың **«Қараторғайдың ұясы» әңгімесімен танысамыз**.<br>Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*тақтай* – ағаштан жұқа етіп жасалатын құрылыс материалы<br>*ұя* – құстың баспанасы<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Берік кіммен амандасты? Ержан ағай не деді?<br>– Берік не деп жауап берді? Берік ұяны неше күн жасады?<br>***Дидактикалық ойын: «Құстар қалай дыбыстайды»***<br>Қарға қарқылдайды,<br>Торғай шырылдайды.<br>Көгершін гуілдейді,<br>Қарлығаш шықылықтайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Қарлығаш болып ұшайық,<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан болып секіріп,<br>Құс боп қанат жазайық.<br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>Ғай-ғай – мына отырған торғай.<br>Қарға қарға қарғалар, қар үстінде жорғалар.<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды. | | құрмет көрсетіледі. Мәңгілік алауға ата-аналарыңмен барып көрдіңдер ме?<br>– Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен танысамыз.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды (соңындағы қосымшаны қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>Ұлы Отан соғысы – 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейінгі аралықта Кеңес Одағы Германия мен оның одақтастарына қарсы жүргізген соғыс<br>жеңіс – жауды, қарсыласты жеңу<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақ-жауап:<br>– Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Жеңіс мерекесі қай күні, қалай атап өтіледі?<br>**Сергіту сәті**<br>Үлкенге де – сіз,<br>Кішіге де – сіз.<br>Бар адамды құрметтеп, Бас иеміз біз!<br>Педагог «Жеңіс күні» өлеңін екінші рет қайталап оқып, бірге жаттатады. Педагог 3-4 балаға өлең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | Балалардың біреуі бастап, екіншісі жалғастыратын әдісті пайдаланады. Балалардың жалғастырып айта білуін бағалайды.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1.Сурет бойынша әңгімеле. Бала не жасап жатыр? Ұяны не үшін жасады?<br>2.Екі суреттің айырмашылығын тауып айт.<br>3. Құстарды ата. Қайсысы көп? Белгіле.<br>4.Құстарды ата. Қараторғайды сипатта.<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Біз көктемде құстарды қалай қарсы алуымыз керек?<br>Балаларды мадақтау. | | жолдарын жатқа айтқызу.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1.Суретке қарап, тақырыбын болжа. Суреттен кімдерді көріп тұрсың? Ортада жанып тұрған от туралы не білесің? Балалардың қолында не бар?<br>2.Соғыс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя.<br>3.Мақалдың мағынасын түсініп ал. Отан үшін отқа түс, күймейсің.<br>Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді.<br>Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік?<br>– Жеңіс күнін сен отбасыңда қалай атап өтесің?<br>Балаларды мадақтайды.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу,жапсыру, құрастыру**<br>"Таңғажайып көбелектер мен гүлдер"<br>Балалар қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды<br>Балалардың сурет салу қызығушылығын арттыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | - көбелектің бейнесін қағазға монотипия әдісімен сурет салуды үйрету;<br>- балаларды табиғатты аялауға, қорғауға және сүйіспеншілікке тәрбиелеу (сурет салу)<br>Гүл күлтелерін қиып, қағаз бетіне жапсыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.(жапсыру)<br>*Мүсіндеу бойынша*түймедақ гүлін мүсіндей білуге үйрету, көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту, гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерін бекіту; қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.<br>*Құрастыру бойынша*балаларға қалдық материалдардан гүлге арналған құмыра жасай білуге үйрету, дайын пішінді және ұсақ бөлшектер үшін әртүрлі материалдарды шебер қолдануды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жалғастыру, жұмыс істеу кезінде өз іс-әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; еңбексүйгіштікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру. | **Желді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Желді ауа райында ағаштардың басына қарау, байқауды, зейінді дамыту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы бұтақтардан және тастардан тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық қабілетін және ұжымдық жұмысқа белсенді қатысуын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аюлар мен аралар", "Жапалақ". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды тепе-теңдікті сақтауға баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту**, алға қарай екі аяқпен секіру. **(дене тәрбиесі)** | **Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік".**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды | | **Кемпірқосақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті,экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Кемпірқосақтың пайда болу құбылысын түсіндіру, түстері туралы айту; кемпірқосақ жайлы білімдерін толықтыру. **Тапсырма.** Асфальтқа түрлі-түсті бормен кемпірқосақ салу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** ауладағы қоқыстарды жинау. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Сыпырушыға көмектесу. **Қимыл-қозғалыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жоғарыдан төмен қарай секіруге | | **ойындары:** "Біз көңілді балалармыз". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту, тапсырмалардың дұрыстығын бақылау. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері**: қозғалыстарды дамыту. **(дене тәрбиесі)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Тамақтану әдебін,<br>Жатқа біздер білеміз.<br>Дастарханға отырып,<br>Жеңімізді түреміз.<br>Ас атасы ақ нанды,<br>Қадірлейміз шашпаймыз.<br>Тамақтану үстінде,<br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br>Сүлгімен де орынды,<br>Пайдалана аламыз.<br>Шанышқы мен қасықты,<br>Қалай ұстайм қараңыз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Ұстанатын баламыз.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Түскі ұйқы алдында балаларға тыныш қоңыр күй қойылып, жайлы орта қалыптастыру* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.**<br>Ойынның шарты:<br>1. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйіне сай гүлді алып шығады. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманың атын және де сазгерін атайды.<br>2. Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды да балалар әуеннің көңіл-күйін ажыратып әуенге сай гүлді алып шығады.<br>**Үстел үсті ойыны. "Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Армандаған затқа ақша жинаймыз»***<br>*Мақсаты: • Баланы ақша жинауға үйрету; • Қажетті затқа жету үшін шыдамды болуды түсіндіру; • Ақшаны санаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру. ——— Құралдар: • Шартты ақша (түсті қағаздан жасалған дөңгелек не төртбұрыштар); • «Жинақ қорапшасы» (қорап немесе баночка); •* | ***Қауіпсіздік сабағы «ОЙЫН-САУЫҚОРЫНДАРЫНДА ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»***<br>*Балаларға саябақтар, кинотеатрлар, ойын алаңдары сияқты қоғамдық орындарда және қоғамдық көлікті пайдалану кезіндегі негізгі қауіпсіздік ережелерін үйрету.*<br>***Міндеттері:***<br>▪ *Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзіұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру.*<br>▪ *Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*<br>▪ *Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.*<br>***Саябақтар мен ойын алаңдарында:***<br>*Ешқашаната-ана мен үлкендерден алыс кетпеңіз.*<br>*Егер адасып қалсаңыз, тұрған жерде қалып, көмекке шақырыңыз. Сынған әткеншектерде немесе басқа қауіпті жерлерде ойнамаңыз.*<br>***Кинотеатрлармен сауда орталықтарында:***<br>*Әрқашан үлкен адамның қолынан ұстаңыз. Бейтанысадамдармен сөйлеспеңіз.*<br>*Егер сізді біреу шақырса, дереуүлкендерге айтыңыз.*<br>***Ұлттық ойын: Тымпи***<br>*Ойынға қатысушылар шеңбер* | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Астра гүлінің орнын ауыстыру"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың астра гүлін егіп, өндеп, өсіру амалдарымен таныстыру; гүлдің орнын ауыстырып, гүлзарға өз қолдарымен отырғызу әрекеттеріне үйрету.<br>**Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Көңілді көктем әндері"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>***Өсімдіктер мен жануарларды қорғау.***<br>Мақсаты. *Адамның қоршаған ортамен толық байланысы, адамның табиғат жағдайына жауапкершілігі туралы түсінік беру.* Балаларға Жер – біздің үйіміз, үйді – денсаулығымызды қорғаймыздегентүсінік қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту; логикалық ойлау қабілетін дамыту; қоршаған ортамен бірлік сезімін, экологиялық мәдениетті, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>*(экологиялық мәдени дағдыларды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)*<br>**Ұлттық ойын** | | **Сюжетті-рөлдік ойын "Супермаркет".**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте түрлі тауарлар сатылатыны туралы мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу• Балаларды дүкенде сатып алу мәдениетімен таныстыру; • *Ақша санауды, төлеуді, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақшаны дұрыс жұмсау, таңдау жасау***Құралдар:** • Шартты ақша (қағаздан); • Ойыншық тағамдар (жеміс-жидек, сүт, нан, шырын және т.б.); • Бағасы жазылған карточкалар (мысалы: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Армандаған заттың суреті (мысалы: доп – 3 «ақша», қуыршақ – 4 «ақша»).* ———*Ойын барысы:1. Тәрбиеші кіріспе жасайды: – «Балалар, біз ойыншық алғымыз келеді. Бірақ оны бірден ала алмаймыз. Ол үшін ақшаны жинаймыз. Ақша қорапшаға салынады». 2. Арманды таңдау: • Әр бала өзі қалаған затты таңдайды (доп, қуыршақ, машина). • Тәрбиеші: «Доп алу үшін 3 ақша керек, қуыршақ үшін 4 ақша керек» – деп көрсетеді. 3. Жинақтау: • Тәрбиеші балаларға тапсырма береді (қол шапалақтау, тақпақ айту, секіру). • Әр тапсырмадан кейін балаға 1 «ақша» беріледі. • Бала ақшаны қорапшаға салады. 4. Арманға жету: • Қажетті ақша жиналғанда, бала санайды: «Бір, екі, үш!» • Дүкенші: «Жарайсың! Сен жинадың. Міне, сенің допың (қуыршағың)». 5. Қорытынды: – «Балалар, біз ақшаны бірден жұмсадық па?» – «Ақша жинасақ, армандаған затты ала аламыз ба?»* | *жасап, дөңгелене отырады. Ойынды жүргізуші: «Ал ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Мұнда жүргізуші ғана сөйлеуге ерікті. Жүргізуші әзілкеш, күлдіргі болуы керек. Ол әзіл-қалжың сөздерді айтып немесе күлкілі іс-қимылмен қалай да біреуді күлдірудің амалын жасайды. Қалжың жыр да айтады. Бұл жерде тек қалжың өлеңге қатысушылардың атын қосып, шамдандырмау керек. Жаңылыстыру үшін неше түрлі сұрақтар қойып, көздеріне төнеді. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Айыпты өлең айтады, ән салады не би билейді.* | ***Теңге ілу.***<br>*Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді.*<br>*Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.*<br>*Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.*<br>*Ұпай  әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.* | | алма – 1 ақша, сүт – 2 ақша, нан – 1 ақша, шырын – 3 ақша); • Үстел – «касса», ойыншық касса (болса жақсы). ——— **Рөлдер:** • Сатушы (1–2 бала) • Сатып алушылар (қалғандары) • Кассир (сатушының өзі немесе бөлек бала) ——— **Ойын барысы:** 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз бүгін супермаркетке келдік. Мұнда әртүрлі азық-түліктер бар. Бірақ оларды алу үшін біз ақша төлеуіміз керек». ——— 2. Сатып алу: • Сатып алушы: «Сәлеметсіз бе! Маған бір нан беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Сатушы: «Нан – 1 ақша». • Сатып алушы: «Міне, 1 ақша». • Сатушы: «Рахмет! Міне, наныңыз». (Егер артық ақша берсе:) • Сатып алушы: «Маған сүт беріңізші. Міне, 3 ақша». • Сатушы: «Сүт – 2 ақша. Сізге 1 ақша қайтарым». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, дүкенде не істедік?» – «Ақшаны қалай санадық?» – «Ақша жетпесе, қалаған затыңды ала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аласың ба?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсап қоюға бола ма?» **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Бес табан.***<br>***(асық ойыны)***<br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады*<br><br>*Адамның қоршаған ортаның тазалығын сақтаудағы жауапкершілігі.* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу**<br>"А.Бақтыгерееваның «Гүл ектік» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" | **Саусақ жаттығуы.**<br>Гүлдер .<br>Көктемде жайнар алқаптар -<br>(Ортаңғы және сұқ саусақтармен | **Дидактикалық ойын.**<br>**"От, су, аспан, жер".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері | | **Үстел үсті ойыны.**<br>**"Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. | "жүру").<br>Айналаға гүл қаптар.<br>(Алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету.)<br>Шашағы аппақ түймедақ,<br>(Алақанды, саусақтарды ашып, қозғау. )<br>Көктікен мен қызғалдақ<br>Жердің көркін ашады.<br>(Көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесеше жинау).<br>(О.И. Крупенчук; Е.Елубаев)<br>**(тіл дамыту)** | жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)** | | қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.<br>Ойынның мақсат-міндеттері.<br>Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | "Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу. | «Серуен кезінде көрген құстар» тақырыбына көрме ұйымдастыру. | Суреттер көрмесін ұйымдастыру | | Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..." |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **11.05-15.05.2026 ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»* | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Балалардың жануарлар мен құстарға қызығушылығын дамыту" тақырыбында ата-аналарға кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. *Отбасындағы ынтымақтастық тақырыбыды ата-аналармен әңгіме жүргізу Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*** *Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; өсімдіктердің жапырақтарына ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(еңбек іс-әрекеті, экологиялық*** | ***"Асхана бойынша кезекшілік".*** *Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығындағы тәртіпсіздікті байқау. Ортақ игілік үшін шынайы ниетімен еңбектенуге тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*** *Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.* ***(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***"Кір сүлгілерді ауыстыру".*** *Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Еңбек етуге ниеттерін тәрбиелеу, ересектерге көмектесуге ынталандыру.* ***(еңбек іс-әрекеті,*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***мәдени дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | | | ***қарым-қатынас іс-әрекеті)*** |
| | | **Қ.Р.Әнұраны**<br><br>*"Күй тыңдайық, балақай!"* балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>Күй: «Кеңдала»<br><br>**«Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка)**<br>**«Әдемі кілемшелер».**<br>Ойынның мақсат-міндеттер. Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br>**Ұлттық ойын**<br>**Асық қаршу (бестас).**<br>*Екі одан да көп бала ойнайды. Қаршуға ықшам асықтар таңдап алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы көп алшы түссе сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгереді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден, соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек. Келесі кезекте «көпірден* | ***Қауіпсіздік сабағы Қоғамдыққөліктегітәртіпережелері: Автобустар,трамвайларжәнеметрода:***<br>*Көлік жүргізукезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеденеңкеймеңіз.*<br><br>*Салондажүгірмеңіз. Текересекадамменбіргекіріп-шығыңыз.*<br><br>***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Күй: «Кеңдала»**<br>***Шеңберден шығару.***<br>***Асық ату ойыны***<br>*Ойын шарты бойынша диаметрі 1,5-2 метрлік, кейде одан да үлкен шеңбер сызылады. Қатысушы балалар шеңбердің дәл ортасына (5-6 бала болса, бір-бірден, 2-3 бала болса, екі асықтан) бір-бірден асық тізеді. Тағы да сақаларын бір қолға жинап, шиыра шашады. Шарт бірінші ойындағыдай. Ату кезегі сақаларының алшы/тәйкі тұруына қарай анықталады. Сосын шеңберден ортасында тізілген асықтан есептеп, екі жаққа қарай адыммен 4-5 қадам жасап, белгі сызады да, сол сызықтан тұрып кезегімен шеңбердің ортасында тізілген асықтарды атады.* | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;<br>**Күй: «Кеңдала»**<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.**<br>"Баптағанға - жер жомарт"<br>Мақсат-міндеттер: көктемгі егістіктіктердің маңыздылығын айтып, баптағанға – жер жомарт екенін түсіндіру.<br>**(шығармашылық іс-әрекет)**<br><br>**«Малды төлін емізуге шақыру» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка)** | **Үстел үсті ойыны. "Дойбы".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы Қоғамдыққөліктегі тәртіпережелері: Автобустар,трамвайларжәнеметрода:***<br>*Көлік жүргізукезінде тұтқалардан ұстаңыз. Терезеденеңкеймеңіз.*<br><br>*Салондажүгірмеңіз. Текересекадамменбіргекіріп-шығыңыз.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *өткізу» түріне ауысады.<br>Соңында асықтарды қолдың сыртымен қағып, қол сыртына түскен асықтарды қаршиды. Осылай күрделенген түрде жалғаса береді* | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)**<br>1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау.<br>1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау.<br>1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу.<br>1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою.<br>1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.<br>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.<br>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:*<br>*- қажетсіз суды босқа ағызбау;*<br>*- кранды үнеме жауып жүру*<br>*(Эколгиялық мәдениет дағдысы)*<br>*Көркем сөз*<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-** | | **«Көңіл - күйдің  кездесуі»** | **Шаттық шеңбері** | **«Менің көңіл-күйім»** | **Шаттық шеңбері** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекетке дайындық** | | Ойынның мақсаты: мейірімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. *(адалдық әліппесі)* | Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Кел, балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекет)** | Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады. Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады. Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек. *(адалдық әліппесі)* | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!» - деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Сауат ашу негіздері**<br>Буынғабуын қосу **Міндеттері:**<br>1.Буын саны мен ретін анықтау буындарды қосып сөз құрауларын пысықтау.<br>2. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.<br>Сөздердің көпше түрін меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту<br><br>**Математика негіздері**<br>Өлшеймін және салыстырамын<br>Мақсат-міндеттер: шартты өлшемнің көмегімен заттарды салыстыру (түсі, пішіні, өлшемі), санды цифрмен сәйкестендіру, | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер:оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» ретімен атауды, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту. Қарапайым тұжырымдарды жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Танымдық іс- әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Дыбыстар мен әріптер еліне саяхат". | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>көлемінде санай білу, сандардың «көршілерін» атау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Тұрмыстық техника әлемі<br>Мақсат-міндеттер: Тұрмыстық | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету.<br>2. Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. Ойын арқылы көшбасшы болуға тәрбиелеу<br><br>**Музыка** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұзын, қысқа ұғымдары, геометриялық фигуралар туралы дағдыларын бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Көтеріңкі көңіл-күй<br>Мақсат-міндеттер: а) Допты жоғары лақтырып, жерге түсіп қайта ұшқан кезде екі қолмен қағып алуға, допты алақанын жазып, саусақтарының басымен қағып алуға үйретуді жалғастыру.<br>ә) Допты басымен итеріп жүргізіп, алдыға қарай еңбектеуді жалғастыру. Аяқ-қолын жинап, жұмырланып отырып алға, артқа домалауды бекіту.<br>б) Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке баулу. Көз ауруларының алдын алу. Өз денсаулығын сақтауға үйрету.балаларды көлденең бөрене бойымен жүру және жүгіруге үйрету.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Киім дүкенінде<br>Мақсат-міндеттер: Сатушымен дұрыс сөйлесе білуге жетелеу. Әңгімені мазмұндау дағдысын кеңейту.<br>Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Қолы бар, Саусағы жоқ. Мойны бар,<br>Басы жоқ. *(көйлек)*<br>Ерте тұрдым,<br>Екі айыр жолға түстім. *(шалбар)*<br>– Жауаптарын бір сөзбен қалай атаймыз? *(киім)* | Мақсат-міндеттер:<br>.Өтілген әріптерді, дыбыстарды қайталау. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, тіл байлығын дамыту, логикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру. Сауат ашу пәнінен алған білімдерін пысықтау. Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау. Сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру. Ұқыптылыққа, әдептілікке, ұжымшылдыққа, адамгершілікке баулу. Балалардың сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа баулу, таза, сауатты жазуға тәрбиелеу. Балаларды қоршаған ортамен таныстырып, көктем мезгілінің ерекшелігін ажырата білуге дағдыландыру. Жәндіктердің, құстардың, көктем мезгіліндегі тіршілігімен таныстыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет бойына шығармашылық орталықтарда бейнелеу дағдылрын қалыптастыру. (жәндіктердің, құстардың, көктем мезгіліндегі табиғат)<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Музыка**<br>Біз Отанның сарбазы<br>Мақсат-міндеттер:Балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата | техника туралы білімін жетілдіру. Сөздік қорын молайту.<br>Қауіпсіздік ережесін сақтауға тәрбиелеу<br>**Педагог жұмбақтар жасырады.**<br>Біздің үйде бір зат бар,<br>Сақтайды онда тамақты.<br>Болсын мейлі күз бен жаз,<br>Іші оның қатты аяз.<br>*(тоңазытқыш)*<br>Шаң-тозаңды сүймейді,<br>Тазалап оны жүр дейді.<br>*(шаңсорғыш)*<br>– Балалар, үйлеріңде үйге өте қажетті осындай заттар, яғни тұрмыстық техника бар ма? Асүйден бастайық. Асүйде қандай заттар бар?<br>– Газплита, тоңазытқыш.<br>– Қонақ бөлмеде қандай заттар бар?<br>– Диван, кресло, теледидар.<br>– Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік?<br>Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады: тұрмыстық техника.<br>**Сөздік жұмысы:** тұрмыстық техника<br>а) Ағаш жиһаздар: сөрелер, үстел, орындық, диван, кресло.<br>ә) Электр құралдары мен тұрмыстық техника: тоңазытқыш, газплита, шаңсорғыш.<br>-Тұрмыстық техникаға не жатады?<br>-Тоңазытқыш, кіржуатын мәшине, газплита, компьютер, үтік, теледидар, қысқатолқынды пеш.<br>-Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? | Көңілді көктем әндері<br>Мақсат-міндеттер:Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсі"не білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білу іскерліктерін жетілдіру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру; оқу қызметін пысықтау. музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Менің атам егінші".<br>Балаларды егінде жүрген трактор пішінін салуға баулу; тарақты немесе пластиктен жасалған шанышқыны бояуға малып, егін жолдарын салу техникасымен таныстыру.<br>(сурет салу)<br>Игерген әдістерін қолдана отырып трактордың бейнесін жапсыруға, құрпастыруға, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *«Ойымды аңғар» ойыны*<br>Педагог әр жыл мезгіліне арналған киімдердің атын айтады, балалар қай жыл мезгіліне арналған киімдер топтамасы екенін айтып, қималарды тақтаға жапсырып көрсетеді.<br>– Кімге қандай киім ұнайтынын айтады. Киімнің түсі, ұзын-қысқалығы қандай болғанын атайды.<br>– Қонаққа барғанда киетін киімді өздерің таңдайсыңдар ма?<br>*Ойын жағдаяты*<br>Топқа екі қуыршақ келеді. Балалардан киім дүкеніне барып, киім таңдауға көмектесулерін өтінеді.<br>*Суретпен жұмыс*<br>Суреттерге қарап, өздеріне ұнайтын киімдерді таңдап алуға ұл мен қыз қуыршақтарға көмектесу керек.<br>Балалар өздеріне ұнаған топтама бойынша екі топқа бөлінеді. Суреттегі ұл мен қызды киіндіреді. Киімді атайды, сипаттайды.<br>Балалар қуыршақтарға Кәусар мен Ұлан деп ат қойып, киімдерді қайда киетіні туралы әңгіме құрап айтып береді. Балаларды сұраққа жауап беруге, әңгімеге тартады.<br>– Сен Кәусарға не кигізесің? *(Көйлек кигізем, себебі қуыршағымыз қыз бала)*<br>– Ұланға не кигізесің? *(Шалбар кигізем, себебі ұл бала)*<br>Сөздік жұмысы: киім, көйлек.<br>– Кәусарға арнап жаңылтпаш айтайық.<br>Ақ көйлек, көк көйлек, көп көйлек. Балалар ақырын, орташа, | білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды топпен бірге айта білуге дағдыландыру; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдау қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге жаттықтыру; оқу қызметін<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Алтын бала»<br>Мақсат-міндеттер: Әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу. Әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Адамгершілікке тәрбиелеу<br>*Шаттық шеңберін құру.*<br>Өзім жақсы баламын, Анамның тілін аламын. Мейлі қайда жұмсасын, Бәріне де барамын.<br>– Жақсы іс-әрекет жасаған немесе көмек көрсеткен баланы қандай бала деп айтамыз?<br>– Жақсы бала болу үшін адам бойында қандай қасиет болу керек?<br>– Бүгін біз тілалғыш, үлкенге көмектескіш бала туралы Серікбай Тұрдалиевтің «Алтын бала» әңгімесімен танысамыз.<br>Әңгімені мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді (соңындағы қосымшаны қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*қарт кісі* – үлкен кісі, ата<br>*алтын бала* – тілалғыш, қолы шебер бала<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгіме қалай аталады? Авторы кім?<br>– Анасы Зәукенді қайда жұмсады? Зәукен атайдың қандай затын жөндеп берді? | *(Қол еңбегін жеңілдету үшін)*<br>– Газплита не үшін қажет?<br>– Ол болмаған жағдайда адамдар тамақты қалай пісіреді?<br>– Қазан астына от жағып пісіреді.<br>– Газплита немен жанады?<br>– Газбен, электр тогымен.<br>– Қазанды немен қайнатады?<br>– Отынмен.<br>– Қайсысында тамақ пісірген жеңіл әрі тез?<br>– Газплитасында.<br>– Балалар, көріп отырсыңдар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты.<br>– Тұрмыстық техника қалай жұмыс істейді? (Электр тогымен)<br>Суретпен жұмыс<br>– Бұл не?<br>– Иә, бұл үтік, онымен киім үтіктейді. Оны балалар қолдануға болмайды.<br>Сол сияқты тұрмыстық үйге қажетті техникалардың барлығына жеке-жеке тоқталу.<br>*«Шаңсорғыш» ойыны*<br>Балалардың біреуі шаңсорғыш, қалғандары шаң болып, жан-жаққа тарап, жерге отырады. Шаңсорғыш оларды жинайды. Оның қолы тиген бала орнынан тұрады. *Сергіту сәті*<br>Шаршасаңдар, балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Саусақтармен ойнаңдар,<br>Қолдарыңды сермеңдер.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саналарың тынықсын.<br>*Үлестірмелі материалмен* | мүсіндеуге үйрету.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>***Бес табан.***<br>***(асық ойыны)***<br>*Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығуы керек. Кім көп асықты атып шеңберден шығарса сол ұтады*<br>**Көркем әдебиет**<br>Ноутбук<br>Мақсат-міндеттер:Ноутбук туралы түсінігін тиянақтау. Өлеңді мәнерлеп айтуға дағдыландыру. Техникалық құралдарды пайдалану ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br>Шаттық шеңберін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатты қайталап айтады.<br>*Тіл ұстарту жаттығуы*<br>Аң-аң-аң,<br>Үстің болады шаң. Атып қапты таң.<br>Жайқалып тұр айналаң.<br>**Сергіту сәті**<br>Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған. Сабақтары салалы, Желмен бірге жайқалған.<br>*Дидактикалық ойын: «Қонаққа баратын қуыршақты киіндір»*<br>Қонаққа баратын қуыршаққа ең ұзын бантик керек.<br>Ұзын бантикті табу үшін балалар жолақтарды үстіне қою арқылы көмектеседі.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс<br>• Киімдерді ата. Ұл баланың киімін көк түспен, қыздың киімін қызыл түспен белгіле. | – Анасы қайда келді? Әжей Зәукен туралы не айтты?<br>– Анасы баласы туралы көршілерінен қандай жақсы сөз естіді?<br>– Сендер ата-аналарыңа қалай көмектесесіңдер?<br>**Сергіту сәті**<br>Үлкен кісі жұмсаса, Қайда болса барамын. Төсекті өзім жинаймын, Үлкендерді сыйлаймын.<br>Педагог әңгімені екінші рет қайталап оқиды.<br>– Әңгіме қалай басталды?<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда.<br>2. Суреттерді ата. Өзіңе ұнаған түспен боя.<br>3. Есіңде сақта.<br>Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Әңгімеде кім туралы айтылған? Тәртіпті баланың жақсы қылығын ата.<br>– Балалар, үлкендердің тапсырмасын жауапкершілікпен орындап, тілалғыш болайық. Балаларды мадақтау.<br><br>***Шеңберден шығару.***<br>***Асық ату ойыны***<br>*Ойын шарты бойынша диаметрі 1,5-2 метрлік, кейде одан да үлкен шеңбер сызылады. Қатысушы балалар шеңбердің дәл ортасына (5-6 бала болса, бір-бірден, 2-3 бала болса, екі асықтан) бір-бірден асық тізеді. Тағы да сақаларын бір қолға жинап,* | *жұмыс*<br>• Суреттерді ата. Тұрмыстық техникалық заттарды белгіле. Заттардың пайдасы туралы айтып бер.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Өз денемізді өзіміз басқарамыз!<br>Мақсат-міндеттер: а) Мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу.<br>Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру. Допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, екі қолын екі жаққа жазып, артпен жүру, тепе-теңдікті сақтау дағдыларын арттыру.<br>ә) Аяқ қолын жинап жұмырланып отырып алдыға-артқа домалауды бекіту. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге, ептілікке, төзімділікке.<br>б) Педагогтің айтқанын бұлжытпай орындауға баулу, өз-өзін басқару мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Өз денсаулығын | құру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетінде жұмыс жасау үшін педагог жағымды ахуал туғызады. Балалар бір-бірімен қолмен, иықпен, тіземен, маңдаймен амандасады. Қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Өзі темір, жаны жоқ,<br>Ақпаратты сақтап, таратқан,<br>Жұртты өзіне қаратқан.<br>*(Ноутбук)*<br>– Балалар, ноутбук деген не? Ол туралы не білесіңдер?<br>– Ноутбук – ықшам, жинақы, кез келген жерге алып жүретін компьютер түрі. Ноутбуктің монитор экранынан түрлі мультфильм, кино көріп, ойын ойнауға болады.<br>– Бүгін біз ақын Серікбай *Оспановтың «Ноутбук» өлеңімен танысамыз.*<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *шиыра шашады. Шарт бірінші ойындағыдай. Ату кезегі сақаларының алшы/тәйкі тұруына қарай анықталады. Сосын шеңберден ортасында тізілген асықтан есептеп, екі жаққа қарай адыммен 4-5 қадам жасап, белгі сызады да, сол сызықтан тұрып кезегімен шеңбердің ортасында тізілген асықтарды атады***.** | сақтауға, салауатты өмір салтына үйрету.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Ержүрек мамандық иелері<br>Мақсат-міндеттер:а) Балаларды мамандықтармен таныстыруды жалғастыру. Ержүрек мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың арнайы көліктері, құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру.<br>ә) Мамандық иелерінің қызметі туралы білімдерін дамыту. Мамандықтың бәрі жақсы деген түсініктерін кеңейту.<br>б) Еңбексүйгіштікке баулу. Мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. | суреттейді. Педагог «Ноутбук» өлеңін оқып береді.<br>**Ноутбук**<br>Кіп-кішкене жәшікті,<br>Айқара апам ашыпты.<br>Сыры неткен көп еді,<br>Ол жанады, сөнеді.<br>Апам әкем екеуі,<br>Содан кино көреді.<br>Тисе адамның саусағы,<br>Ән де салып береді,<br>Күй де тартып береді.<br>Жазып, әріп тереді,<br>Осы маған керегі.<br>*(С. Оспанов)*<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*компьютер* – техникалық электрондық құрылғы<br>*ноутбук* – компьютердің ықшам түрі<br>*монитор* – компьютердің экраны<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең қалай аталады? Авторы кім?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Ноутбукті неге теңейді?<br>– Ноутбук не істейді? Апасы мен әкесі одан не көреді?<br>– Саусақ тисе, ноутбук не істейді?<br>– *Ноутбук* сөзіне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br>Басыңды оңға, солға қимылдат, Қолыңды жоғары соз.<br>Көзіңді ашып, жұм, Көздің қарашығын айналдыр.<br>Педагог «Ноутбук» өлеңін екінші қайтара оқып, қайталай отырып жаттатады.<br>Ноутбуктің мониторындағы суреттер бойынша тақпақты жаттаймыз.<br>Педагог балаларға өлең жолдарын көңілді, шабытты түрде айтқызады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Суретке қара. Балалар не істеп отыр?<br>Балаға ат қойып, қандай мультфильм көріп отырғанын айт.<br>Қыз балаға ат қойып, әнді неден тыңдап, көріп отырғанын айт.<br>2. Ноутбук қай пішінге ұқсайды? Белгіле.<br>3. Ноутбукті қажетті құралдарымен сызып қос.<br>4. Жасырынған ноутбукті тауып, боя.<br>Педагог қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Бүгін не туралы әңгімеледік? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | | **Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?) **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап".** Мақсат-міндеттер. Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.**(дене тәрбиесі)** | **Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. **Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секірейік".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту. | **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | **Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау. **Өзіндік еркін ойын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | "Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | "Өз қалауы бойынша".<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, | ***Дидактикалық ойын: «Мен еңбектенемін – табыс табамын»***<br>*Мақсаты:Еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету.*<br>*Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, тақпақ айту, жұмбақ шешу), ойыншық ақша. Ойын барысы: • Әр бала тапсырма орындаған сайын «ақша» алады. • Соңында* | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы | **Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>***Сюжеттік-дидактикалық ойын: «Армандаған затқа ақша жинаймыз»***<br>*Мақсаты: • <u>Баланы ақша жинауға үйрету;</u>*<br>*• Қажетті затқа жету үшін шыдамды болуды түсіндіру; • Ақшаны санаудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.*<br>*———Құралдар:*<br>*• Шартты ақша (түсті қағаздан жасалған дөңгелек не төртбұрыштар);*<br>*• «Жинақ қорапшасы» (қорап немесе баночка);*<br>*• Армандаған заттың суреті (мысалы: доп – 3 «ақша», қуыршақ – 4 «ақша»). ———*<br>*Ойын барысы:*<br>*1. Тәрбиеші кіріспе жасайды: – «Балалар, біз ойыншық алғымыз келеді. Бірақ оны бірден ала алмаймыз. Ол үшін ақшаны жинаймыз. Ақша қорапшаға салынады».*<br>***2. Арманды таңдау**: • Әр бала өзі қалаған затты таңдайды (доп, қуыршақ, машина). • Тәрбиеші: «Доп алу үшін 3 ақша керек, қуыршақ үшін 4 ақша керек» – деп көрсетеді. 3. Жинақтау: • Тәрбиеші балаларға тапсырма береді (қол шапалақтау, тақпақ айту, секіру). • Әр тапсырмадан кейін балаға 1 «ақша» беріледі. • Бала ақшаны қорапшаға салады. 4. Арманға жету: • Қажетті ақша жиналғанда, бала санайды: «Бір, екі, үш!» • Дүкенші: «Жарайсың!* | *сол ақшасына зат сатып алады. Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын түсінеді.*<br><br>**"Қағаздан бүктеу" жұмысы.**<br>Тақырыбы: "Бақа".<br>Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру. (құрастыру)<br>Бақа бейнесін салуға, дәстүрдден тыс техникамен жапсыруға.мүсіндеуге баулу. Балалар қалаулары бойынша іс-әрекеттер жасайды<br>**(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**<br><br>**Дамытушы ойын.**<br>"Жылы сөздер қобдишасы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>***Ойын: «Дұрыс баға»** Мақсаты: Заттың «бағасы» бар екенін түсіну. Көрнекілік: 1 фишка – алма, 2 фишка – доп, 3 фишка – машина. Ойын барысы: – Тәрбиеші: «Алма – 1 ақша». – «Доп – 2 ақша». – Бала сатып алу үшін сәйкес ақшаны береді. Нәтиже: Сәйкестендіру және санау дағдысы дамиды.*<br>**(қаржылық сауаттылық)** | тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың". | зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)**<br>*Адамның қоршаған ортаның тазалығын сақтаудағы жауапкершілігі.*<br>***Өсімдіктер мен жануарларды қорғау.***<br>Мақсаты. *Адамның қоршаған ортамен толық байланысы, адамның табиғат жағдайына жауапкершілігі туралы түсінік беру*. Балаларға Жер – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Сен жинадың. Міне, сенің допың (қуыршағың)».*<br>*5. Қорытынды: – «Балалар, біз ақшаны бірден жұмсадық па?» – «Ақша жинасақ, армандаған затты ала аламыз ба?»* | | | біздің үйіміз, үйді – денсаулығымызды қорғаймыздегентүсінік қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту; логикалық ойлау қабілетін дамыту; қоршаған ортамен бірлік сезімін, экологиялық мәдениетті, табиғатты аялауға тәрбиелеу. *(экологиялық мәдени дағдыларды қалыптастыру, сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)* |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Бала тілін дамыту.**<br>**"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)**<br>Сен де құдың көбелек,<br>Мен де құдым көбелек,<br>Жүйрік екен керемет,<br>Ұстатпады, не керек?!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **"Үш гүл" әуеннің көңіл-күйін ажыратып білу қабілетін дамытуға арналған дидактикалық ойын.** | **"Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта".**<br>Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.<br>**(танымдық іс-әрекет)** | **"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру.**<br>Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар,танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | | Баланың эмоциялық жағдайы. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | Әңгіме жүргізу.<br>"Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі*<br>*ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **18.05-22.05.2026ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | Апта дәйексөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.» | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | "Үйде балаларға қандай кітаптарды оқуға болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.<br>Әңгіме жүргізу.<br>"Бала танымын дамытудың маңыздылығы".<br>Отбасы мен балабақша арасындағы *ынтымақтастықты* күшейтіп, ата-аналармен бағытты жұмыс жүргізу шаралары<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".***<br>*Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті)*** | ***"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".***<br>*Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.*<br>***(еңбек іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар)*** | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br>*Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше* | ***"Асхана бойынша кезекшілік".***<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту,* | ***"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".***<br>*(тәрбиешінің көмекшісімен бірге)*<br>*Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | *үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** | *дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.* ***(еңбек іс-әрекеті)*** |
| | **Қ.Р. Әнұраны**<br><br>**Үстел үсті ойыны. "Дойбы".** Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. **(танымдық іс-әрекет)**<br><br>***Ұлттық ойын. Хан «алшы»*** *Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.* *Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала* | **Қауіпсіздік сабағы "Қауіпті өсімдіктер"** Мақсат-міндеттер: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**<br><br>**Бояу қағазының суреттерін бояу.** Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. **(шығармашылық іс-әрекет)** | ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Бозшолақ»**<br><br>***Ұлттық ойын Теңге ілу.*** *Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінелі. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі саыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйыңғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға тжетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды.* | **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Жазғы демалыс" Мақсат-міндеттер: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету. **(шығармашылық іс-әрекеті)** ***Ұлттық ойын Әуе таяқ*** *Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.* *Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып* | **Құрастырудан ойын-жаттығу** "Шегіргүл - бөлме өсімдігі" Мақсат-міндеттер: балаларды гофрленген қағаздың түрінен шегіргүл гүлін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. **(шығармашылық іс-әрекеті)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы Егер адасып қалсам*** *Мақсаты: Адасып қалған жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету.* *Міндеттері: – Қорқынышты азайту – Көмек сұрауға баулу Түсіндіру: Бір орында тұру керек. Көмек сұрайтын адамдар: Полицей, күзетші, сатушы. Рөлдік ойын: «Көмек сұраймын»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жалғастырады.* | | *Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.* | *түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.* | *Қорытынды: Көмек сұраудан қорықпаймыз.* |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Әңгімелесу: "Демалыс күндерін қалай өткіздік".**<br>Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу | ***«Дос болайық бәріміз»***<br>*Ойынның мақсаты: ұжымда бірлікті қалыптастыру. Балалар бір-бірінің артына* | **Шаттық шеңбері**<br>Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, | **Шаттық шеңбері**<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне | ***«Құпия заттар»***<br>*Ойынның мақсаты: қарым-қатынас* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілеттерін дамыту. | *тұрады да, алдында тұрған баланың иығынан ұстайды. Осы қалыпта олар әртүрлі кедергілерді еңсереді:*<br>*- орындыққа көтерілу және түсу;*<br>*- үстелдің астынан өту;*<br>*- «көлді» айналып өту»;*<br>*- «ну орман» арқылы өту»;*<br>*- «жабайы жануарлардан» жасырыну.*<br>*Ойын барысында балалар өз серіктесінен қалып қоймауы керек.*<br>***(адалдық әліппесі)*** | мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Қуанамын мен де<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым!<br>Арайлап атқан күнге!<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Біз балдырған баламыз,<br>Дос құшағын кең ашқан.<br>Тілегіміз бейбіт күн.<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Күнге шаттана қараймыз.<br>Қуана қолымызды соғамыз,<br>Осылай күнге жылу шашамыз.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | *дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.*<br>***(адалдық әліппесі)*** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем мен сөз<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлемдегі | **Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем құрау<br>**Міндеттері:** 1. Сөздерді | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер:жиынды | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер: теңсіздіктен | **Сауат ашу негіздері**<br>Ойнай отырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | сөздердің ретін, санын анықтау<br>2. Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Көктемгі егістік. "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың көктемгі егіс, нан өсіру және жинау процесі туралы түсініктерін кеңейту; "Құмырсқа" ертегісінің мазмұнымен таныстыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Жұптағы спорттық ойындар<br>Мақсат-міндеттер:а) Қозғалыс кезінде бұлшық еттің қимылын түзету үшін сәйкес рефлекстерді қалыптастыруды, желбіршекті алдына лақтырып, ракеткамен ұшу траекториясын алдыға қарай жоғары жаққа бағыттап ұруға үйретуді жалғастыру. «Қалашық» ойнау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, ұратын таяқты жер бауырлатып айналдырып лақтыруды бекіту.<br>ә) Берілген қашықтыққа орташа жылдамдықта, қолдарын еркін ұстап жүгіруді, жүріп келе жатып сап құру, қайта сап құруды жалғастыру.<br>б) Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, көшбасшылыққа ұмтылу, ұстамдылық, тәртіпке баулу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** | қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту.<br>2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер: геометриялық фигуралар мен денелер туралы, ұқсас заттарды табу, 10 көлемінде санай білу, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Қазақстан халықтарының ойындары (таза ауада)<br>Мақсат-міндеттер: а) Қазақстан халықтарының ойындарын ойнай отырып, балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін толықтыру. Заттарды қозғалыстағы нысанаға лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру.<br>ә) Бір аяқпен секіргенде аяқ басымен жеңіл секіріп, өкшесін баспай тепе-теңдікті сақтауды, негізгі қимыл түзету | бөліктерге бөлу және біріктіру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау, 10 көлемінде санай білу, санды цифрмен сәйкестендіру, геометриялық фигуралар мен денелер туралы дағдыларын бекіту. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Қызықты әріптер".<br>Мақсат-міндеттер:Өтілген әріптерді, дыбыстарды қайталау. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, тіл байлығын дамыту, логикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру. Сауат ашу пәнінен алған білімдерін пысықтау. Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау. Сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру. Балалардың сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту; еңбексүйгіштікке | теңдік (теңдіктен теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару, заттар тобын бір жиынға біріктіру, жиынды көрсетілген санға дейін толықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Әсем қала Астана<br>Елордамыз туралы білімін кеңейту. Өлең сөзге сүйіспеншілігін дамыту. Отансүйгіштікке тәрбиелеу*Педагог өлең оқиды.*<br>Отан деген – атамекен,<br>Отан деген – туған жер. Отан – ана,<br>Отан – үлкен,<br>Қазақстан – туған ел!<br>*(Е. Өтетілеуұлы)*<br>– Өлең не туралы?<br>**Сөздік жұмысы:** атамекен<br>Педагог «атамекен» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Балалармен бірге талқылайды.<br>– Отанын сүйе білмеген адам бақытты бола алмайды. Өйткені атақ та, даңқ та, бақыт та, бақ та Отанды сүюден басталады.<br>– Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>– Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. | оқимыз<br>**Міндеттері:** 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру.<br>2. Буын санын анықтай білулерін пысықтау. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br><br>**Музыка**<br>Жау, жау, жаңбыр<br>Мақсат-міндеттер: Музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Судағы ғажап балық"<br>Балалар қалаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жас экологтер<br>Мақсат-міндеттер: а) Балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру. ә) Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық тәрбие негізін қалыптастыру.<br>б) Табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу.<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>*Сурет салу іс-әрекеті бойынша* сия тамшысы техникасына бейімдеу; сия тамшыларын қағаз бетіне түсіріп, пайда болған тамшыларды түтікшемен гүлдерге айналдырып, гүлденген дала пейзажын салу амалдарына үйрету; көктем даласындағы өсімдіктер мен жәндіктер туралы білімдерін пысықтау; түстер мен пішіндерді қабылдау, елестету қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, әсемдікті сүю сезімдеріне тәрбиелеу.<br>*Мүсіндеу іс-әрекеті бойынша* көбелектің дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету;<br>*Жапсыру іс-әрекеті бойынша*мақта табақшаларын тілік етіп гүлшанағын, сары түсті шеңберді мақта табақшаларының ортасына гүлдің аузы етіп жапсыруға, жасыл түсті қағаздан алдын-ала дайындалған гүл сабақтары мен жапырақ қимаүлгілерін қағаз бетіне | жаттығуларын жасауды, көз мөлшерлеуін арттырып, ептілікке, ыңғайсыз (шулы) ортада зейінін шоғырландыра білуге жаттықтыру.<br>б) Ұлттық ойындарға қызығушылығын арттырып, азаматтық пен толеранттыққа баулу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Әдептілік – әдемілік<br>Байланыстыра сөйлеуін жетілдіру. Әдептілік ережелерін еске түсіру. Жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>*Шаттық шеңберіне тұрғызу*.<br>– Балалар, «Сәлем – сөздің атасы» деп халқымыз сәлемдесуге үлкен мән берген. Жасы кішілер үлкендерге бірінші болып сәлемдесуі керек.<br>Әдептілік сәлемдесуден басталады. Сендер үлкен аталармен қалай амандасасыңдар?<br>*(Ассалаумағалейкүм!)*<br>Әдептілік адамдардың өзара қарым-қатынасы, жүріс-тұрысы. Әрбір адам өз отбасында, қоғамда өзін әдепті, тәрбиелі ұстай білуі тиіс.<br>Отбасындағы әдептілік дастарқан басында дұрыс, шуламай отыру.<br>Тамаққа үлкендерден бұрын қол созбау. Тамақты шашып-төкпей, мұқият ішу. Үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу да әдептілік.<br>Көшеде айғайламай, арнайы адамдарға арналған жолмен жүру де әдептілік белгісі.<br>*Әдептілік туралы Абдрахман* | тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>"Ақ жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың ақ жауын туралы әнді топпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды топпен бірге ырғақты ойнай білу дағдысын жетілдіру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>«Ақылды Мұрат»<br>Мақсат-міндеттер:Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға дағдыландыру. Сюжет желісін сақтап айтуға үйрету. Сыпайылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.<br>***«Көңілді күн» ойыны***<br>Қане, шеңбер құрайық, Қуанып, шаттанайық. Сәлем, досым, сәлем, Күн, Жақсы өтеді күн бүгін!<br>-Ақылды деп қандай баланы айтуға болады? *(Ақылды деп тілалғыш, өз отбасын, досын, өзі тұратын жерін жақсы көретін, сыйлайтын баланы айтамыз. Ақылды бала ұқыпты, адал, қайырымды, еңбекқор болады).*<br>-Бүгін Анар *Қожабекованың «Ақылды Мұрат» әңгімесімен танысамыз.* | Қазақстан аталу себебі – жергілікті халық – қазақ ұлтының атынан шыққан. «Қазақ» және «стан» сөздері «*Қазақ елі*» деген мағына береді.<br>– Отанымыздың бас қаласы қалай аталады?<br>– Сен Астана қаласында болдың ба?<br>– Астанада саған не ұнады? Әсеріңмен бөліс.<br>Астана қаласының көрікті жерлерінің суреттерін көрсету.<br>Астана – Есіл өзенінің жағасында орналасқан әдемі, көрікті қала. Қала құрылысы әлі де жүргізіліп жатыр. Астанада Ақорда, Хан Шатыр, Бәйтерек, Пирамида, Конгрес холл, Астана мешіті т.б. үлкен ғимараттар көз тартады.<br>Әрбір қаланың өз эмблемасы, символы болады.<br>Астана қаласының символы – «Астана-Бәйтерек» монументі.<br>– Бәйтерек туралы не білесіңдер? Астанада болдыңдар ма? Отан туралы мақал-мәтелдермен таныстыру.<br>Отансыз адам –<br>Ормансыз бұлбұл.<br><br>Отан үшін күрес –<br>Ерге тиген үлес.<br><br>Педагог балалармен бірге мақал-мәтелдердің мағынасын талқылайды.<br>**Сергіту сәті**<br>***Дидактикалық ойын: «Астананың көрікті жерлері»***<br>Педагог балаларға Астананың қима суреттерін береді. | бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>Балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br>***«Күй күмбірі»***<br>*Бейнелеу іс-әрекеті кезінде балаларға жағымды және шығармашылық орта қалыптастыру мақсатында үшін қазақ күйін қою*<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Мектеп керек адамға Мақсат-міндеттер: Өлең мазмұнын есте сақтауға дағдыландыру. Өз ойын айта білуге үйрету. Елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.<br>*Шаттық шеңберін құру.*<br>Шеңберге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орналастырып, желімнің көмегімен жапсыруға үйрету; *Құрастыру іс-әрекеті бойынша* табиғи материалдан құрылыс салуға үйрету, туған жердің құстары туралы білімдерін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. | *Асылбектің «Әдепті бала» өлеңімен танысамыз.*<br>**Сөздік жұмысы:** қылық, әдет, тілазар.<br>– Баланы не деп мақтайды?<br>– Жалқаулық туралы не айтылған?<br>Дана халқымыз әдептілік жайында көптеген мақал-мәтел шығарған.<br>Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Аға әдепті болса – іні әдепті,<br>Әпке әдепті болса – сіңілі әдепті.<br>Сіз деген әдеп, Біз деген көмек.<br>Педагог балалармен бірге мақалдардың мазмұнын талқылайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Желкілдеген желменен, Жел егінді тербеген.<br>Өсірді оны диқандар<br>Тамшылаған терменен<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суреттерді қара. Қай баланы әдепті деп айтуға болады? Әңгімеле. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. | Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне салу. Әңгіменің ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа әңгімелейді. Әңгімені мәнерлеп оқып беру (соңындағы қосымшаны қараңыз). **Сөздік жұмысы:** *ақылды* – зерделі, сана-сезімі жоғары<br>*қоқыс* – керексіз зат<br>*ластанып* – кірлеп<br>***Сұрақ-жауап:***<br>– Әңгіме не туралы? Авторы кім?<br>– Мұрат пен Мақсат далада не істеді?<br>– Балалар атаймен қалай сәлемдесті?<br>– Атай балаларға не ұсынды? Балалар атайға не айтты?<br>– Мақсат кәмпиттің қағазын не істеді?<br>– Мұрат Мақсатқа не айтты? Атай балаларға не деді?<br>– Мақсаттың жасаған әрекеті дұрыс па?<br>– Әңгіме қалай аяқталды? «Көшемізді, айналамызды таза ұстасақ, қаламыз таза болады». Балаларға түрлі екпінде мәнерлеп қайталату.<br>**Сергіту сәті**<br>Мынау – менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау – менің оң қолым, Мынау – менің сол қолым, Барлық істі атқарған.<br>Педагог әңгімені қайталап оқиды. Әңгіменің мазмұны бойынша бір бала бастап, екінші бала жалғастыратыны | Балалар қима суреттерден Астананың көрікті жерлерін құрастырады.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>• Суретте не бейнеленген? Боя.<br>• Бәйтерек туралы не білесің? Әңгімеле.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)**<br>балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу*, *мүсіндеу*, *жапсыру*, *құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Жұптағы спорттық ойындар<br>а) Қозғалыс кезінде бұлшық еттің қимылын түзету үшін сәйкес рефлекстерді қалыптастыруды, желбіршекті алдына лақтырып, ракеткамен ұшу траекториясын алдыға қарай жоғары жаққа бағыттап ұруға үйретуді жалғастыру. «Қалашық» ойнау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру, | тұрғанда бір-бірімізді көріп, қуанышқа бөленеміз.<br>Сондықтан бір-бірімізге көтеріңкі көңіл күй мен жылылық сыйлайық.<br>Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық, достарым, Арайлап атқан Күнге.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br><br>Білімнен мол сый-асы, Балғындардың ұясы. *(Мектеп)*<br>Тақтаға мектеп туралы суреттер ілінеді. Слайдтан көрсетіледі.<br>Мектеп – білім ордасы. Осында білім алып, жарқын келешегіміздің іргетасын қалаймыз. Күздің алғашқы күні – Білім күні. Бұл күні оқушылар мектепке асығады. Мектеп – алтын ұямыз, екінші үйіміз. Мектепке барғаннан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | туралы тапсырма беріледі. 2-3 балаға әңгіменің мазмұнын айтқызу.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баянда. Мұрат Мақсатқа не айтты?<br>2. Кімнің әрекеті дұрыс? Белгіле.<br>3. Қаланы таза ұстау үшін не қажет? Белгіле.<br>4. Мақалдың мағынасын түсініп ал.<br>Еңбегіне қарай – құрмет,<br>Жасына қарай – ізет.<br><br>Балалар педагогтің жетелеуімен еңбекшіл, ақылды бала әрқашан сүйкімді екенін түсінеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Әңгіме несімен ұнады? Ақылды деп қандай баланы айтамыз?<br>Сен Мақсаттың орнында болсаң, не істер едің? | ұратын таяқты жер бауырлатып айналдырып лақтыруды бекіту.<br>ә) Берілген қашықтыққа орташа жылдамдықта, қолдарын еркін ұстап жүгіруді, жүріп келе жатып сап құру, қайта сап құруды жалғастыру.<br>б) Күштілікті, ептілікті, төзімділікті дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтына, көшбасшылыққа ұмтылу, ұстамдылық, тәртіпке баулу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Адам – табиғаттың бір бөлігі<br>Өткен тақырыптарды пысықтау.<br>а) Адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>ә) Адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып-білудегі рөлі туралы түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, сөйлеу тілдерін жетілдіру, қиялдарын байыту.<br>б) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсау-лығын сақтауға деген ниеттерін арттыру.<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)**<br>балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу*, *мүсіндеу*, *жапсыру*, *құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау. | көп уақыттарың, қызықты сәттерің мектепте өтеді.<br><br>– Бүгін ақын Қымбат Әбілдақызының «Мектеп керек адамға» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі.<br>Педагог өлеңді оқиды (соңындағы қосымшадан қараңыз).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*ғаламды* – бүкіл әлемді<br>*шыңға шығады* – биікке көтеріледі<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлең қалай аталады? Авторы кім? Өлең не туралы?<br>– Өмірде барлық нәрсені тану үшін адамға не керек?<br>– Мектепке не үшін барамыз?<br>– Мектепке бару үшін не керек?<br>– Өлең білім, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мектеп туралы. Мектепте біз ұстаздан білім аламыз. Ақын да, ғалым да, президент те – бәрі де мектептен білім алады. Сендер де мектепке барып, білім алып, көп нәрсені үйренесіңдер.<br>***Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын»*** (баланың зейінін дамыту) Шарты: ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинап, аттарын атайды.<br>– *Мектеп* сөзіне сөйлем құра.<br>**Сергіту сәті**<br>Біз мектепке барамыз,<br>Қолға қалам аламыз. Кітапты да оқимыз,<br>Суретті де саламыз.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1. Суретті қара. Балалар қайда бара жатыр? Мектеп ауласы қандай? Мектеп ауласында кімдер бар?<br>2. Бұл заттар не үшін қажет? Ата.<br>3. Мектепке қажетті құралдарды белгіле.<br>4. Сөздің мағынасын түсініп ал. Өнер, білім – бәрі де оқуменен табылған. Педагог балалармен бірге мақалдың мазмұнын талдайды. Мектепте біз білім аламыз. Мектеп бала үшін ыстық, сондықтан оны «алтын бесік» деп айтады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Сендер мектепте оқығыларың келе ме? Мектепте жақсы оқитын, тәртіпті, озат оқушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | боласыңдар деп сенемін. Балаларды мадақтау. ***"Күй тыңдайық, балақай!"*** балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; **Күй: «Бозшолақ»** |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Гүл бағын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Гүл бағы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны гүл көшеттерін отырғызуға дайындау тілегін тәрбиелеу. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимыл - қозғалыс ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет".(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Құстар".**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта | **Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар".(дене тәрбиесі)**Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Келесі кім?" ойын жаттығуы.**(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Балаларға допты қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру. | **Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, *экологиялық мәдени дағдылар*танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскені қоқыстан тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін жұмсап жетуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды** | **Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (*экологиялық мәдени дағдылар*қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жылан". (дене тәрбиесі) | **Құмырсқаларды бақылау. (*экологиялық мәдени дағдылар*қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. **Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қозғалу. | | **дамыту:** "Секірейік".**(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту. | Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту. | **қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Секірейік". **(дене тәрбиесі)**<br>Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>***Бата беру***<br>Сұрасаң бата берейін<br>Үстем болсын мерейің<br>Ықыласпен қол жайсаң<br>Көп тілекті төгейін<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғың жоқ болсын<br>Сұрағаның алдыңнан<br>Іздемейақ көп болсын<br>Әумин | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Ауыр тастарды көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп, қайта түсіру.<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***«Үнемді тұтыну»***<br>*Қолдарын жуу барысында суды үнемдеуге үйрету*<br>***«Судың тамшылары»***<br>*Мақсаты: суды бағалауды үйрету.*<br>*Барысы: балалар қолдарын біріктіріп, тамшы пішінін жасайды.*<br>*Тәрбиеші: • «Кранды жапсақ – тамшы сақталады», • «Ашық қалдырсақ – тамшы жоғалады».*<br>**"Сылдырмақ пен даңғара" музыкалық-дидактикалық ойын**<br>**Ойынның мақсаты: балалардың аспаптардың дыбысын тыңдау және ажырату қабілетін дамыту. (музыка)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ***<br>*https://youtu.be/VDTxhl7wPJE?si=OVOZt-Hvpj_B6owC*<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында | Өткен тақырыптарды пысықтау.<br>"Өз қалауы бойынша".<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)**<br>балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br>**«Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны**<br>**(**музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)<br>Ойын материалы: төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді **(музыка)**<br>***Сюжеттік ойын:***<br>***«Мен банкке ақша саламын»***<br>*Мақсаты: • Ақшаны үнемдеу және қауіпсіз сақтау туралы* | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын. Түйілген орамал***<br>*Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа* | **Вариативті компонент - Жас зерттеуші**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы Эскалаторда не істеуге болмайды?***<br>*Мақсаты: Эскалатормен таныстыру. Тыйым салынған әрекеттерді түсіндіру. Міндеттері: – Қауіпті әрекеттерді ажырату – Ережені есте сақтау Болмайды: Жүгіру Отыру Артқа қарау Ойнау Ойын: «Болады – болмайды» Қорытынды: Ережені бұзбаймыз.*<br>*Математика негіздерінен ойын-жаттығу*<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<u>*Ақшаға билет*</u> | ***«Құпия заттар»***<br>*Ойынның мақсаты: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.*<br>***(адалдық әліппесі)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>*• Ақша төлеуді, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты дамыту: ақша үнемдеу, таңдау жасау.*<br>Құралдар: • Шартты ақша (қағаздан жасалған); • Ойыншық тарақ, айна, шаш қию құралдары, лак (қауіпсіз жасанды нұсқалары); • Бағасы жазылған карточкалар: шаш қию – 2 ақша, шаш тарау – 1 ақша, сәндеу – 3 ақша. • Үстел мен орындық – «салон». ——— Рөлдер: • Шаштараз / шебер (1–2 бала) • Клиенттер (қалғандары) • Кассир (шаштараздың өзі немесе бөлек бала)<br>Ойын барысы: 1. Кіріспе (тәрбиеші): – «Балалар, біз сұлулық салонына келдік. Мұнда шашымызды қидырып, сәндеп, әдемі бола аламыз. Бірақ ол үшін ақша төлеуіміз керек». ——— 2. Қызмет алу: • Клиент: «Сәлеметсіз бе! Маған шашымды тарап беріңізші. Ол қанша тұрады?» • Шебер: «Шаш тарау – 1 ақша». • Клиент: «Міне, 1 ақша». • Шебер: «Рахмет! Міне, шашыңыз дайын». (Егер артық ақша берсе:) • Клиент: «Маған шаш қию керек. Міне, 3 ақша». • Шебер: «Шаш қию – 2 ақша. Сіз 3 ақша бердіңіз. Міне, 1 ақша қайтарымыңыз». ——— 3. Қорытынды (тәрбиеші): – «Балалар, сұлулық салонында біз не істедік?» – «Қызметке қалай төледік?» – «Ақша жетпесе, не істеу керек?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсап қою дұрыс па?» | *алғашқы түсінік беру; • «Жинақтау» ұғымын таныстыру; • Қарым-қатынас, рөлдік ойын арқылы сөйлеу тілін дамыту. ——— Қатысушылардың рөлдері: • Банк қызметкері • Клиенттер (балалар) ——— Құралдар: • Үлкен қорапша немесе дорба («банк»); • Шағын қорапшалар («жинақ қорабы»); • Жасанды ақша (түсті қағаздан да жасауға болады). ——— Ойын барысы:*<br>***1. Тәрбиеші кіріспе жасайды**: «Балалар, адамдар ақшасын банкке салады. Банк ақшаны қауіпсіз сақтайды. Егер бізге керек болса, қайта алып шығамыз».*<br>***2. Рөлдер бөлу:** Бір бала – банк қызметкері, қалғандары – клиент.*<br>***3. Ойын әрекеті**: • Балалар қолындағы ақшасын жинақ қорапшаға немесе банкке салады. • Банк қызметкері ақшаны қабылдап: «Сіздің ақшаңыз қауіпсіз жерде сақталады» деп айтады. • Кейін балалар банкке келіп, ақшасын қайта алады. • Балалар алған ақшасына ойыншық немесе суреттегі затты «сатып алады».*<br>***4. Қорытынды әңгіме:** «Ақшаны банкке не үшін салдық?» – «Барлық ақшаны бірден жұмсауға бола ма?» – «Жинақтаудың қандай пайдасы бар?»*<br>*Нәтиже: 4 жасар балалар: • Ақшаны сақтау керек екенін; • Банк – ақшаны сақтайтын жер екенін; • Жинақтаудың пайдалы екенін түсінеді.* | *біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.*<br>***(дене тәрбиесі)***<br><br>***ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ***<br>*https://youtu.be/VDTxhl7wPJE?si=OVOZt-Hvpj_B6owC* | *сатып алуды, қайтарым алуды үйрету; • Қаржылық сауаттылықты: ақшаны үнемдеп жұмсау, таңдау жасау дағдыларын қалыптастыру.*<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті**<br><br><br>**«Көңілді – мұңды» дидактикалық ойыны (**музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)<br>Ойын материалы: төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян. Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді<br>**(музыка)** | **Ритмикалық жаттығу**<br>Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды)<br>Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді)<br>Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды)<br>Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды)<br>Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды)<br>Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды)<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)**<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>**"Туған күн".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ***Ұлттық ойын*** ***Әуе таяқ*** *Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да, бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылган қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таягын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.* | | | ***Дидактикалық ойын: «Сыйлыққа ақша жұмсаймыз»*** *Мақсаты: Ақшаны тек өзіне емес, басқаларға да жұмсауға болатынын ұғындыру. Көрнекілік: Сыйлық суреттері (гүл, шар, кішкентай ойыншық), фишкалар. Ойын барысы: 1. Тәрбиеші: «Бүгін досымызға сыйлық алайық» – дейді. 2. Балалар сыйлық суретінің бірін таңдайды. 3. Әр бала 1 фишка беріп, «сыйлықты» алады. 4. Бір-біріне бергендей етіп ойнайды. Күтілетін нәтиже: – Бала ақшаның көмегімен жақын адамдарға қуаныш сыйлауға болатынын түсінеді. – Ынтымақтастық, мейірімділік дағдысы дамиды.* **(қаржылық сауаттылық)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.** Тақырыбы: "Піл". Мақсат-міндеттер. Жануарлардың пішіндерін қағаздан бүктеп жасауды үйрету. **(жапсыру)** | **Бала тілін дамыту. "Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)** Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. | **"Қағаздан бүктеу" жұмысы.** Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. **(жапсыру)** | **Бала тілін дамыту. "Жаз" (Ілияс Жансүгіров)** Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. | "Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. **(қарым-қатынас іс-** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүр, балалар, тұрмалық,<br>Гүл терелік, қыр барып.<br>Өкінбейік, даланың<br>Қызығынан құр қалып.<br>**(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)** | | Күнің мынау,<br>Елжіреген енеңдей.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | **әрекеті)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | «Мектепке дайынсыз ба?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбына ата-аналармен әңгімелесу. | Жобаны қорытындылау. | Балабақшамен қоштасу. |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | *Кентау қаласының білім бөлімі ЖШС «Дин-Асыл-2» бөбекжай-бақшасы* | | | | |
| **Топ/сынып** | **Мектепалды топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | «Күншуақ» | | | | |
| **Балалардың жасы** | **5 жастағы балалар** | | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | Акимбекова Г | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **25.05-29.05.2026 ж.**<br>«Адал азамат»<br>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында<br>БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | *Апта дәйексөзі:* «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп.» | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **( тіл дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баласының балабақшадағы тәртібі, білімі, денсаулығы жайлы сұрақтарға жауап беру; ата-аналармен ақпарат алмасу.<br>Ата-аналарға "Балалардың жануарлар мен құстарға деген қызығушылығын дамытамыз" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.<br>Отбасы мен балабақша арасындағы *ынтымақтастықты* күшейтіп, ата-аналармен бағытты жұмыс жүргізу шаралары "Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.<br>*Өнегелі 15 минут* | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ***"Өсімдіктерді құнарландыру".***<br>*Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету.* ***(еңбек іс-әрекеті, экологиялық*** | ***"Біз топ бөлмесі мен жатын бөлмедегі терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз".***<br>*Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, кірлегенде сумен шаю.* ***(еңбек іс-әрекеті,*** | | *"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".*<br>*Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балалардың сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауды үйрету.* | ***"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".***<br>*Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтарға ылғал* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***мәдени дағдылар,қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | ***қарым-қатынас іс-әрекеті)*** | | ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)*** | *қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.* ***(экологиялық мәдени дағдылар, еңбек дағдылары)*** |
| | **Қ.Р Әнұраны**<br><br>**Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**<br><br>***Ұлттық ойын***<br>***«Хан талапай».***<br>*Ойынды үлкендердің басшылығымен жас балалар ойнайды. Ойынға қатынасушы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хан талапай» деп ортаға қарай шашып жібереді.* | ***Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>***Күй: «Балалалық шақ»***<br><br>**Үстел үсті ойыны "Лото".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін топтастырып, кімнің киімі екендігін айтады және әр киімнің атауларын атап шығады.<br>**(танымдық іс-әрекет)**<br><br>***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»***<br>***Міндеттері:*** | | ***Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>***Күй: «Балалалық шақ»***<br><br>*«Ырыс алды-ынтымақ» ертегісі*<br>*https://youtu.be/A7dhkYaI_EA*<br><br>*Мақал-мәтелдер*<br>*Ырыс алды — ынтымақ.*<br>*Бірлік болмай — тірлік болмас*<br>Мақал-мәтелдердің мағынасын ашу, жаттау.<br><br>**Математикалық ойын: «Кел ойнайық!»**<br>***(математика негіздері)***<br>Мақсат-міндеттер: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты | ***Күй тыңдайық, балақай!"*** *балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру;*<br>***Күй: «Балалалық шақ»***<br>**«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу.<br>Шарты. Педагог қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына шығады. Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі. Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, нерв жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.* | ▪ *Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзіұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру.*<br>▪ *Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*<br>*Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.* | | ***Қауіпсіздік сабағы «ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ КӨЛІКТЕ ӨЗІН-ӨЗІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ»***<br>***Міндеттері:***<br>▪ *Балаларды қоғамдық орындарында өзін-өзіұстаудың негізгі ережелерімен таныстыру.*<br>▪ *Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.*<br>▪ *Балаларды қауіпті жағдайларды тануға және оларға дұрыс әрекет етуді үйрету.* | қысқа таяқшалар ілінген. Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шетінен, екі баладан ұстап күнмен бірге айналады. *Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды.* Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады. Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады. |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)**<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.<br>1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).<br>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.<br>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.<br>Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін төмендегідей ережелерді сақтауымыз керек:*<br>*- қажетсіз суды босқа ағызбау;*<br>*- кранды үнеме жауып жүру*<br>*(Эколгиялық мәдениет дағдысы)*<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Тек жақсы қасиеттерді ата»**<br>Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сараңдық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады.<br>*(адалдық әліппесі)* | **«Эмоцияларды жаттықтырамыз»**<br>Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші балалардан:<br>- күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны;<br>- күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы;<br>- балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп<br>жіберген адамды;<br>- орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен<br>қорыққан мысықты;<br>- жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен<br>бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны;<br>- көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; | | Жаз мезгіліндегі қызықтар туралы әңгімелесу<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Біз бақыты баламыз!**<br>***(тіл дамыту)***<br>Мақсат-міндеттер. Шеңбер аясында балалар бір-бірлеріне мерекелік жылы лебіздерін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды. **(адалдық әліппесі)** | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені білеміз?<br>**Міндеттері: 1** Сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту.<br>2.Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасат. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>**Қазақ тілі**<br>"Сиқырлы дыбыстар мен әріптер"<br>Мақсат-міндеттер: Өтілген әріптерді, дыбыстарды қайталау. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшіліктерін еске түсіру, әріптер туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, тіл байлығын дамыту, логикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру. Дыбыс, әріп, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау. Сиқырлы әріптер туралы өлеңді тыңдату. Сөзді буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру. Ұқыптылыққа, әдептілікке, ұжымшылдыққа, адамгершілікке баулу. Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Сызба бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдылындыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Тату бола білеміз!<br>Мақсат-міндеттер: а) Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргіштерге | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>2. 3.Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру.<br>4.Қайырымды болуға тәрбиелеу.<br><br>**Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер: уақытты циферблат арқылы анықтау, жиынды бөліктерге бөлу және біріктіру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау, теңсіздіктен теңдік (теңдіктен теңсіздік) шығару, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару, заттар тобын бір жиынға біріктіру, 10 көлемінде санай білу, заңдылықты орнату дағдыларын бекіту. Логикалық ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>Тату бола білеміз!<br>Мақсат-міндеттер: а) Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргіштерге бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу. | | **Математика негіздері**<br>Не білеміз? Не істей аламыз?<br>Мақсат-міндеттер: жиындарды біріктіру, 10 көлемінде санай білу, кеңістікте бағдарлау, санды цифрмен сәйкестендіру, заттарды бір белгі бойынша біріктіру дағдыларын бекіту. Логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Жаздың кезі көңілді**Міндеттері:**<br>**Н, ң** дыбыстарының ерекшелігімен таныстыру. Шығармашылық әңгіме құрауға жетелеу. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға Ж. Смақовтың «Қоңырау» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br><br>Дың-дың – қоңыраумын,<br>Дың-дың – соғыламын. Дың-дың – қағыламын, Мектептен табыламын.<br><br>– Өлең не туралы?<br>– Сөздің екі немесе одан да көп мағынасы болады. Оны *сөздің көп мағыналылығы* дейміз. Мысалы: Қоңырау – музыкалық аспап, қоңырау – гүл Тарақтың тісі – адамның тісі | **Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеттері:** 1. Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>2.Қайырымдылық,қамқорлық сөздерінің мағынасын түсіндіру арқылы ақыл-ойларын дамыту.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>"Судағы ғажап балық"<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. Шығармашылық іс-әрекеттер барысында барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау<br><br>**Музыка**<br>"Біз мектепке барамыз!"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды көтеріңкі де көңілді әуенді тыңдау кезінде әннің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бейімделуін арттыру. Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түсу.<br>ә) Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астынан түрлі тәсілдермен өткенде қол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйрете түсу.<br>б) Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғатқа қауіп- қатер төнуде<br>а) Еліміздің орман, тоғай, өзен-көл сияқты байлықтары туралы түсініктерін кеңейту.<br>ә) Табиғатта өзін дұрыс ұстау туралы ережені бекіту. Ойлауларын, сөйлеу тілдерін, шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру.<br>б) Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту<br>а) Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру.<br>ә) Жануарлар туралы түсініктерін кеңейту.<br>б) Үйде өсіруге болатын жануарлар тіршілігіндегі ерекшеліктерді атай білу, табиғат бұрышын мекендейтін жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру.<br><br>"Өз қалауы бойынша". | ә) Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астынан түрлі тәсілдермен өткенде қол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйрете түсу.<br>б) Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Толеранттылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу. Өз ойын айтып жеткізе білу, қателескен жағдайда ескертуді дұрыс қабылдай білу қасиеттерін қалыптастыру.<br><br>**Тіл дамыту**<br>Ыдыс-аяқ<br>Мақсат-міндеттер: Ыдыс-аяқ туралы түсінігін кеңейту. Сөздерді дұрыс қолдана білуін дамыту.<br>Тұрмыстық заттарға қамқорлықпен қарауын тәрбиелеу.<br>*Педагог балаларға жұмбақ жасырады.*<br>От басады табаны,<br>Тек қана су тамағы.<br>*(Шәугім)*<br>Кішкене ұлым бар,<br>Кірген-шыққан сүйеді. *(Кесе)*<br>Тұтас затты бөледі,<br>Ұсақтап турап береді. *(Пышақ)*<br>Сабы бар, басы шатыр, Табысын өлшеп әкеп<br>Аузына салып жатыр. *(Қасық)*<br>– Жұмбақ жауаптарын бір сөзбен қалай айтамыз?<br>*(Ыдыс-аяқ)*<br>– Бұл заттар күнделікті | | ***«Жалғастыр» ойын-жаттығуы***<br>Көйлектің жағасы, ...*көлдің жағасы*<br>Адамның беті, ...*судың беті, жердің беті*<br>Сағаттың тілі, ...*қазақ тілі*<br>Адамның басы, ....*таудың басы*<br>Адамның аяғы, ...*үстелдің аяғы*<br>Домбыраның құлағы, ...*адамның құлағы*<br>***Н, ң дыбыстарымен таныстыру:***<br>**н** дыбысын айтқанда дем мұрын арқылы еркін шығады, тіл үстіңгі тістің түбіне тиеді.<br>**ң** дыбысы да **н** дыбысы сияқты мұрын жолды, **н** дыбысынан айырмасы – тілдің арт жағы таңдайға тиеді. Мысалы: тоң.<br>– Балалар, бір қатарға **н,** екінші қатарға **ң** дыбысы бар сөздерді тауып қояйық. Қоян, нар, таң, қайың, ботақан, нота, аң, тоң, нұр, жаңғақ, алаң, өлең, нан, жең<br>***– Дыбыстық жаттығу***<br>Ян-ян-ян – жүгіріп жүр қоян<br>Ың-ың-ың – әп-әдемі қайың<br>**Ң** дыбысына байланысты жаңылтпашпен таныстыру.<br>Шапшаң шапсаң,<br>Бұрқырайды ақ шаң.<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>*(Жазда)*<br>***Суретпен жұмыс***<br>Педагог балаларды жазғы | сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне жаттықтыру; айтылатын әнді музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; музыкалық-ырғақтық жаттығуларды әуенге сай үйлесімді орындай білуге жаттықтыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Бала – біздің болашақ<br>Мақсат-міндеттер: Сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту. Сұрақтарға жауап беруге үйрету. Елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу.<br>*Шаттық шеңберін құру.*<br>Бала, бала, баламыз,<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа<br>Батамыз да қаламыз.<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>– Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – Балаларды қорғау күні. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды. **(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)** балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау. | өмірімізде өте қажет. Ыдыс-аяқтың түрлері көп. Тамақ жасауға арналған ыдыс, тамақтануға арналған ыдыс болып бөлінеді.<br>– Қалай ойлайсыңдар, тамақ жасауға қандай ыдыстар жатады?<br>*(Қазан, кастрөл, таба)*<br>– Қазанға қандай тамақ жасауға болады?<br>– Табаға ше?<br>– Кастрөлге ше?<br>– Ал тамақтануға арналған ыдыстарға не жатады?<br>*(Тәрелке, кесе, қасық, шанышқы, табақ т.б.)*<br>– Тәрелкелер не үшін керек?<br>– Кесе не үшін керек?<br>– Қасық не үшін керек?<br>– Табақ не үшін керек?<br>– Балалар, ыдыс-аяқ қандай заттардан жасалады?<br>*(Шыны, темір, құм, фарфор, металл, пластмасса, ағаштан т.б.)*<br>– Шыныдан жасалған ыдыс қалай аталады?<br>– Темірден жасалған ыдыс қалай аталады?<br>– Фарфордан жасалған ыдыс қалай аталады? Педагог шыныаяқ пен кесенің суреттерін көрсетеді.<br>– Шыныаяқ пен кесенің айырмашылығы қандай?<br>– Тұтқаны не үшін жасаған деп ойлайсыңдар?<br>– Осы аталған ыдыстарды бір сөзбен қалай айтуға болады?<br>*(Шай ішуге арналған ыдыстар)*<br>***«Біреу – көп» ойын-жаттығуы*** | | саяхатқа шығуға шақырады. Балаларға «Жаз келді» суретін көрсету.<br>– Балалар, суретте не бейнеленген?<br>– Бұл жылдың қай мезгілі?<br>*(Бұл жаз мезгілі)*<br>– Жазда қандай өзгерістер болады?<br>*(Жазда айнала гүлденіп, жап-жасыл күйге енеді. Күн өте ыстық болады)*<br>– Бұл жыл мезгілі сендерге несімен ұнайды?<br>– Жазда балалар қайда шомылады?<br>– Жазғы демалыста қайда барасыңдар?<br>Жаз мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>Педагогтің жетелеуімен балалар әңгіме құрайды.<br>**Сергіту сәті**<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Сурет бойынша үш сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>2. Жаз сөзіне дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Біз оқушы боламыз!<br>Мақсат-міндеттер:<br>а)Балалардыңқозғалыстәжіри | – Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.<br>– Бүгін біз ақын Қасым Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі жеткізеді.<br>Педагог соңындағы қосымшадан өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.<br>**Сөздік жұмысы:**<br>*болашақ* – алдағы уақыт<br>*сүйсінеміз* – қызығамыз<br>Өлең мазмұны бойынша ***сұрақ-жауап:***<br>– Өлеңнің авторы кім? Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Болашақта сен қандай болғың келеді?<br>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар?<br>**Сергіту сәті**<br>Таңертең тұрғанда нені көресіңдер?<br>*(Күнді)*<br>Күнді көргенде қалай қуанасыңдар?<br>*(Алақай!)* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Касық – қасықтар Кесе – кеселер Шәйнек – шәйнектер Табақ – табақтар<br>Ыдыстарды ұқыпты ұстау керек, өткені олар тез сынады.<br>***Тіл ұстарту жаттығуы***<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Болсын мол ырыс.<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Ыдыстарды жуыс.<br>**Сергіту сәті**<br>Педагог тақтаға тақырыпқа байланысты көркем суреттер іледі.<br>***«Сурет бойынша сөйлем құра» ойыны***<br>Анам шәйнекке шәй қайнатты. Ұлан майсалғышқа май салды.<br>– Балалар, шәйнек, шәй – түбірлес сөздер.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Ыдыстарды ата. Ыдыстар қандай материалдан жасалғанын айт.<br>2. Суреттерді ата. Атауындағы **қ** дыбысының орнын анықта. Тиісті шаршыны боя.<br>Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды.<br>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл әрі қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар | | бесінспорттықойынэлементтері арқылы молайтуды жалғастыру; қозғалысқа дұрыстығының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуін бекіту; допты себетке лақтыруды, сол сәтте аяғын жазуды үйрете түсу. ә) Баскетбол ойнау дағдыларын, допты алып жүру дағдыларын, допты ұрғанда күшін дұрыс мөлшерлеуді, допты аяғының қасына соғуды қалыптастыруды жалғастыру. Бір орыннан ұзындыққа секіруді, еденнен екпінмен итерілуді, қолын сермеп көмектесуді жалғастыру. Білімі мен білігін қолдана білу, арқанның астынан әртүрлі тәсілмен өтіп кету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>б) Ептілікті, күштілікті, төзімді дамыту. Жеке және топта жаттығудыжалғастыру.Залкеңістігінбағдарлайбілу.Спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, ұйымдасушылыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілер.<br>Оларды күту<br>а) Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру.<br>ә) Жануарлар туралы түсініктерін кеңейту.<br>б) Үйде өсіруге болатын жануарлар тіршілігіндегі ерекшеліктерді атай білу, табиғат бұрышын мекендейтін | Күн бізге не шашады?<br>*(Жылуын шашады)*<br>Қане, алақанымызды жылытайық, қолымызды Күнге созайық!<br>Педагог «Бала – біздің болашақ» өлеңін екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды.<br>3-4 балаға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызу.<br>**Үлестірмелі материалмен жұмыс**<br>1. Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Балалар қандай ойын ойнап жүр? Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>*(Жаз)*<br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>Қорытынды жасайды.<br>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.<br>– Сен мерекені қалай, кіммен өткізесің? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру. | Балаларды мадақтау.<br><br>**Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру**<br>**"Өз қалауы бойынша".**<br>Балалар қалаулары бойынша қалаған орталықтарында іс-әрекет жасайды.<br>**(шығармашылық іс-әрекет,бейнелеу іс-әрекеті)**<br>балаларды өз қалаулары бойынша *сурет салу*, *мүсіндеу*, *жапсыру*, *құрастыру* әрекетіне машықтандыру; барлық игерген техникаларын естеріңе түсіріп, белгілі композицияны, бейнелерді салу амалдарын пысықтау.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Астана – бас қала<br>а) Астана қаласының тарихи-мәдени орындарымен таныстыруды жалғастыру. Қазақстан Республикасының Президенті, елордасы – Астана қаласы және оның көрікті жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>ә) Балалардың сөздік қорын, есте сақтауын, зейінін белсендіру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және кеңейту, сөйлеуін дамыту.<br>б) Өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту.<br>Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды». (дене тәрбиесі)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер, бақалар». (дене тәрбиесі)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі | | **Жәндіктерді бақылау (көбелек, қоңыз, сары маса, шегіртке). (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады.<br>Мұны да ойлап көрейік,<br>Шешуін кім табады? (Қоңыз)<br>**Бақылау.**<br>Жәндіктердің атаулары туралы білімдерін бекіту.<br>Сары маса, көбелектер атауларын ажырату тағы басқа негізгі түрі, пішіндері жайлы мағлұмат беру. Гүлдің бетіне отырғанда жапырағына көбелектің үлкен қанаты ұқсайды, сол кезде ол көрінбей кетеді. Шегіртке көк түсті, ол судың ішінде көрінбейді, олар өз орнынан қозғалған жағдайда. Олардың қауіпті және қауіпті емес жақтарын айтып өту.<br>**Қимылды ойын. «Ұшады не ұшпайды» (дене тәрбиесі)**<br>Құстар, жануарлар, жәндіктер туралы білімдерін бекіту. | **Гүлдерді бақылау (петунья, космея). (қарым-қатынас іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>Жұмбақ.<br>Өзіне шап-шақ,<br>Киген қалпағы аппақ,<br>Аулада тұр қаптап. (Бақбақ)<br>**Бақылау.**<br>Балаларды гүлдердердің 3-4 түрін танып білуге үйретуді жалғастыру, гүлдерді түсіне және жапырағының түріне қарай айыра білу, атауларын есте сақтау. Өсу үшін су, жылу және т.б.. түсінІктерді кеңейту. Гүлдерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**Қимылды ойын. «Көбелектер,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>**Айналмамен ойнау. (дене тәрбиесі)**<br>Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. | | Оларды аттары бойынша ажырату, дабыл берілгеннен бастап балалардың білгірліктерін анықтау. Ойынның шартын сақтау арқылы балаларды ойынға тарту, ойынды өз беттерінше үлкендердің көмегісіз ойнау.<br>**Еңбек.** Гербарий жасау. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>**Өз бетімен ойындар. (дене тәрбиесі)**<br>Ойын түрін таңдауындағы дербестік әрекетін жетілдіру. | **бақалар». (дене тәрбиесі)**<br>Балалалардың ойын ережелерін сақтауын, жауапты рөлдерді орындай білу дағдыларын дамыту.<br>**Еңбек.** Гүлзардағы жұмыс, гүлдерді суару. **(еңбек іс-әрекеті)**<br>Өсімдіктерді өз бетімен суаруды қаншалықты білетіні жөніНдегі түсінігін бекіту (суару ережелерін ұсыну). Өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Үлкендерге көмек көрсетуге ынталандыру.<br>**Өз бетімен ойындар. Айналмамен ойнау. (дене тәрбиесі)**<br>Балаларды айналмамен ойнату дағдыларын арттыру. Жылдамдыққа, алғырлыққа баулу, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, қауіпсіздік ережесін сақтау. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.<br>*Көркем сөз*<br>Су-өмір жүрегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>*Салт-дәстүр. Ауыз тию*<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. | | | | |
| **Біртe-бiртe тұрғызу, сауықтыру шаралары** | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(дене тәрбиесі)** | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Қауіпсіздік сабағы***<br>***«Құм мен тас» тәжірибесі***<br>*Мақсаты: ұсақ және қатты заттардың айырмашылығын сезіну арқылы қауіпсіздік дағдыларын дамыту. Құралдар: құм, тас, ыдыс, қасық. Барысы: • Балалар құммен ойнайды. • Тастарды байқап ұстайды – ауыр және қатты екенін сезеді. • Тәрбиеші: «Тасты лақтырма, жарақат алуың мүмкін». Қорытынды: табиғи материалдармен де абай болу керек.*<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | ***Дидактикалық ойын: «Мен еңбектенемін – табыс табамын»***<br>*Мақсаты:Еңбек пен табыс арасындағы байланысты көрсету.*<br>*Құралдар: тапсырмалар (сурет салу, тақпақ айту, жұмбақ шешу), ойыншық ақша. Ойын барысы: • Әр бала тапсырма орындаған сайын «ақша» алады. • Соңында сол ақшасына зат сатып алады. Нәтиже: Балалар еңбек еткенде ғана ақша табылатынын түсінеді*<br>**Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.<br>**(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** | | **Сюжеттік-рөлді ойын: «Кішкентай сатушы».**<br>*Мақсаты: балаларды сатушы ойынымен таныстыра отырып, қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың сапасын, көлемін қарау, көзбен көріп ойлауды) қалыптастыру.* | ***Дидактикалық ойын: «Жинақ қорапшасы»***<br>*Мақсаты:Ақшаны үнемдеу, жинақтаудың маңызын түсіндіру.*<br>*Құралдар: қорапша немесе ойыншық «банк», жасанды ақша. Ойын барысы: • Балаларға әр тапсырма орындағаны үшін «ақша» беріледі. • Ақшаны бірден жұмсауға немесе жинақ қорапшасына салуға болады. • Ойын соңында кімнің жинағы көп екенін көреді. Нәтиже: Ақшаны бірден жұмсамай, жинақтаудың пайдасын түсінеді*<br>**"Күнді ата" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге). Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. **(тіл дамыту, математматика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер».** Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады. Нүктелерді қосып қар ұлпасының суретін шығарады. **(шығармашылық іс-әрекет)** | **"Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. **(шығармашылық іс-әрекет)** | | *"Табиғатқа пайдалы және зиянды заттар" дидактикалық ойыны. Барысы. Педгог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды* | **"Бірлік" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын бірлік, достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. **( тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)** |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Серуен** | Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, экологиялық мәдени дағдылар, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | |

Әдіскер Қалдыбек Ж

Саз жетекші Баратова Г

Тәрбиеші Акимбекова Г